

*"Д. Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп" ҚММ*

*«ДІНМУХАМЕД ҚОНАЕВ —  
ҒАСЫР САҢЛАҒЫ»*

*І республикалық ғылыми-практикалық  
конференция материалдарының  
ЖИНАҒЫ*

*Ақтөбе - 2023*

УДК 323/324 (574)  
ББК 66.3 (5 Қаз)  
Д91

## ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР И ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Директор КГУ «Общеобразовательная средняя школа имени Д.Конаева» г.Актобе  
Тажимишев А.А.

## РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Шамгунова Б.С. – заместитель директора 1-категории по учебной работе, учитель казахского языка и литературы, педагог-исследователь  
Садыкова Б.Х. – заместитель директора 1-категории по учебной работе, учитель русского языка и литературы, педагог-исследователь  
Давлетова Н.К. – заместитель директора по учебной работе, учитель русского языка и литературы, педагог-исследователь  
Мураталиева И.С. – заместитель директора 1-категории по воспитательной работе, учитель начальных классов, педагог-исследователь, магистр педагогических наук  
Қаймолдин Т.М. – заместитель директора по учебной работе, учитель физической культуры, педагог-исследователь  
Черниязова Ж.Б. – заместитель директора 1-категории по учебной работе, учитель информатики, педагог-исследователь, магистр технических наук  
Ербозымова М.Н. – заместитель директора 1-категории по учебной работе, учитель казахского языка и литературы, педагог-исследователь  
Калдыбаева М.С. – заместитель директора 3-категории по учебной работе, учитель начальных классов, педагог-исследователь  
Мұқамбетәзиев А.М. – заместитель директора по воспитательной работе, учитель истории, педагог-исследователь  
Ермухамбетова А.Ж. – заместитель директора по учебной работе, педагог-психолог, педагог-модератор

### Д91 Тажимишев А.А.

Материалы I Республиканской научно-практической конференции на тему «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – ғасыр саңлағы». Ақтөбе: «Хабар-Сервис», 2022 ж. – 388 бет.

ISBN 978-601-7650-57-5

Жинаққа «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – ғасыр саңлағы» тақырыбында өткен I Республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілді.

В сборник включены материалы I Республиканской научно-практической конференции на тему «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – ғасыр саңлағы»


P.S За достоверность фактов, цитат, экономико-статистических данных, имен и прочих сведений ответственность несут авторы. Редакционная коллегия оставляет за собой право корректуры.

Печатается по решению педагогического совета КГУ «Общеобразовательная средняя школа имени Д.Конаева», протокол №4 от 15.11.2022 года

УДК 323/324 (574)  
ББК 66.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-7650-57-5

© Тажимишев А.А., 2022  
© «Хабар-Сервис» ЖШС, 2022



## ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ

**Тажимишев Абзал Амантаевич**

*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ директоры*

**Қ**азақ елі Дінмұхамед Қонаевты – еліміздің біртуар азаматы, шынайы ел көсемі мен жанашыры ретінде біледі және құрметтейді. 2022 жылдың қаңтар айына дейін Дінмұхамед Қонаевтың есімін ұлықтауға, оны дәріптеуге және оның халыққа жасаған еңбектерін кең халыққа тарату мүмкіндіктері аз болды. Бұның себептері бәрімізге мәлім.

Біздің №60 жалпы білім беретін орта мектепке елеулі мемлекет және қоғам қайраткері есімін беру қажеттілігі 2-3 жылдан бері ойымызда жүрген болатын. 2018-2019 жылдары Ақтөбе қаласында «атау өзгерту науқаны» барысында Ақтөбе қаласының мектептері атаулар алып жатырған кезде, біз бұл көштен кеш қалған едік.

Көптен ойлап, көздеп жүрген мәселені 2022 жылдың қаңтар оқиғасынан кейін, Д.А.Қонаевтың есімін біздің мектепке алу туралы пікірімді 2022 жылдың 7 ақпан күні №10 өндірістік кеңесте ұжымға «Елімізде болып жатырған жағдайларға байланысты мектеп атауына Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев есімін беру туралы» тақырыбымен ұсынған едім. Аталған мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мұқамбетәзиев Аркен Мұқамбетәзіұлы ұлы тұлға туралы баяндама жасады. Кеңес барысында ұжымның беделді мүшелері сөз алып, өз пікірлерін айтты. Бұл ұсынысты ұжым бірауыздан қуана қабылдап, қаулы шығардық. 2022 жылдың 11 ақпан күні мектептің қамқоршылық кеңес отырысына: «№60 жалпы білім беретін орта мектеп» КММ-не мемлекетке танымал тұлға есімін беру туралы ұсыныс» тақырыбында сөз сөйлеген болатынмын. Қамқоршылық кеңес мүшелері біздің ұсынысымызды толық бірауыздан қолдап шешім шығарды. Міне, біздің мектепке Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев есімін берудің алғашқы қадамдары осылай бастау алды.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2022 жылдың 16 наурыздағы «ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН: ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫ» Жолдауында «Қапшағай қаласы халқымыздың біртуар перзенті – Дінмұхамед Қонаевтың есімімен тығыз байланысты. Егер жұртшылық Қапшағайға Қонаевтың есімін беру керек деп ұсыныс айтса, мен бұл пікірге қосыламын. Мен мұның бәрін азаматтардың ұсыныс, пікірлеріне сүйеніп айтып отырмын. Жергілікті тұрғындар жаппай қолдаса, осы бастамаларды таяу арада жүзеге асыруға болады деп санаймын» - деген пікірін ұжыммен бірге бірауыздан қолдаған болатынбыз.

Дінмұхамед Ахметұлының есімі Қапшағай қаласына берілсе, сонымен бірге біздің мектебімізге де Ақтөбе облысындағы ең үлкен мектеп ретінде ел перзентінің есімімен аталса деп, 2022 жылдың 31 наурыз күні «Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі» ММ-не ашық хат жолдадық. Біз үшін бұл тарихи хат ЗТ-2022-01490823 номерімен тіркелді.

Жазылған хаттың жауаптары Ақтөбе облысының Тілдер басқармасы мен Ақтөбе облысының Білім басқармасы мекемелерінен келді. Хатта біздің ұсыныстарымыз қабылданғандығы көрсетілген. Жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде Қазақстан Республикасының Үкіметінің 2022 жылғы 24 та-



мыздағы №600 қаулысы шығып, мектеп "Ақтөбе қаласының білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Дінмұхамед Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі болып өзгертілді.

Ұлтымыздың мақтанышына айналған тұлғаның есімі білім ордасына берілгеніне шын жүректен қуандық. Біз үшін жаңа оқу жылы басында қуанышты жаңалық болды. Жоспарларымызды ыңғайлап, Дінмұхамед Ахметұлының Қонаевтың есімін ұлықтауға арналған шаралар легі енгізілді. Сондай шаралардың бірі, әрі ең көлемдісі – бүгінгі республикалық деңгейдегі ғылыми-практикалық конференция. Республикалық деңгейде өткізіліп жатқан ғылыми-практикалық конференцияның мақсаты – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімін оқушылар мен жастар арасында ұлықтау және оның өмір жолы мен еңбек жолына дұрыс тарихи баға беру.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмірі мен еңбек жолын жастарға таныстыра отырып, халыққа, елге шынайы қызмет ету үлгісі ретінде ұлықтай отырып, жас ұрпақты өз елі мен жерін сүйетін, патриот азаматтар етіп тәрбиелеуді көздеу керекпіз деп түсінемін. Ол үшін, осындай ғылыми-практикалық конференцияларға оқушылар мен жастарымыз қатысып, Дінмұхамед Ахметұлының еңбектерін жақсы біліп-тануы керек.

Шын мәнінде, Дінмұхамед Ахметұлының халық арасындағы беделділігін феномені неде деген сұрақ туындайды!?

Д.А.Қонаевтың мемлекет және қоғам қайраткері, бүкіл мол білімі мен тәжірибесін, тамаша ұйымдастырушылық қабілетін өз республикасының игілігіне жұмсаған әлемге әйгілі ғалым ретіндегі жан-жақты қызметі халыққа қызмет етудің тамаша үлгісі болып табылады. Ол өзінің барлық мемлекеттік қызметін, әрбір іс-әрекетін Отанының, халқының мүдделерімен өлшеп, өмірлік кредосы бойынша: «Біз Қазақстан мен оның халқының игілігі үшін жақсы жұмыс істеуіміз керек» - деген ұранмен өмір сүрген [1, 49].

Өз өмірбаянында Д.А.Қонаев көрнекті мемлекет қайраткері ретінде өзінің туған республикасының ғана емес, бұрынғы Кеңес Одағының, жалпы планетамыздың жарты ғасырдан астам тағдырын бейнеледі. Ол Сталин, Хрущев, Брежнев, Андропов, Черненко, Горбачев сияқты Кеңес мемлекетінің басшыларымен үнемі байланыста болды. Ол көптеген шет мемлекеттердің және саяси партиялардың көрнекті жетекшілерімен: Мао Цзэ Дунмен, Нерумен, Иран шахы Реза Пахвелимен, Американың, Францияның президенттерімен және басқа ондаған әлемдік деңгейдегі көрнекті қайраткерлермен кездесті [4, 87].

Сондай-ақ, ұзақ жылдар бойы Д.А.Қонаев КОКП ОК Саяси бюросының ең беделді мүшелерінің бірі ретінде көптеген шет елдерге (Ұлыбритания, Италия, Үндістан, Моңғолия, Солтүстік Корея, Уругвай, т.б.) партиялық-үкіметтік делегацияларды басқарды.

Оның көптеген замандастарының айтуынша, Д.А.Қонаев – өте мықты, тәжірибелі, іскер пікірлестердің беделді корпусы болды. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде жұмыс істеген жылдары кез келген маңызды жұмысты атқаруға қабілетті ірі басшыларды жоғарылатуға байланысты көптеген күрделі мәселелерді шеше білді. «Саяси шыңдаудың жақсы мектебінен өткен көптеген талантты жас ұйымдастырушылар алға шықты. Мыңдаған коммунистер партия, кеңес, ғылыми-шаруашылық жұмыстарға жіберілді». Сонымен қатар, тәжірибелі және жас жұмысшыларды біріктірудің айнымас ұстанымына сәйкес жастар облыстық, қалалық комитеттердің, райкомдардың хатшылығына, халық депутаттары Кеңестерінің төрағалығына ұсынылып, олардың орындалуын қамтамасыз етуге қабілетті ірі шаруашылық жұмыстарға жіберілді. Д.А.Қонаев өзінің мақсатына жетуде дұрыс міндеттерді қоя отырып, жақсы нәтижелерге қол жеткізді, шығармашылық орта қалыптастырды. Толық өзара түсіністікпен біз бір команда болып жұмыс істедік. Оның үстіне ұлтара-





лық қарым-қатынасқа байланысты проблемалар ешқашан болған емес, өйткені интернационализм рухына әрқашан басымдық берілген және ешбір ұлттың басқаларға қарағанда қосымша артықшылығы болмаған» [6, 279-280].

Қазақстан Компартиясы Целиноград облыстық комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Николай Морозов: «Бәріміз де Қонаевтік едік» деп есіне алады. Ол бізге жеке үлгі бойынша сабақ берді. Димаш Ахмедұлы алға қойған мақсатқа жетудегі табандылығымен және жоғары тиімділігімен ерекшеленді. Оның барлық ой-пікірлері халық үшін, республиканың гүлденуі үшін бұдан да көп нәрсе істеу ниеті мен тілегіне бағынды» [7, 337 б.].

Жас кезінен бастап Д.А.Қонаев өзінің «Өмір – ұлы тәлімгер» деген өмірлік ұстанымын басшылыққа ала отырып, бойында мынадай мінез-құлықтарды дамытқан: «Бастаған істі аяғына дейін жеткізу. Құзыреттілік. Ең бастысы, тыңдай білу. Сөйлем, бірақ тыңда. Әрине, өз ісіңізге сену, егер сіз жұмысты жасамасаңыз, ешқандай мейірімді аға сізге көмектеспейді. Жұмысыңызға сіз және сіз ғана жауаптысыз. Мен бұл ережелерді жасаған жоқпын. Аға жолдастарымнан, ең дана тәлімгер – өмірден үйрендім» [8, 111].

«Өзінің талапшыл ұстанымын қорғай білу және басталған істі аяғына дейін жеткізу – қазіргі зерттеушілердің пікірінше, бұл шын мәнінде азиялық және еуропалық дәстүрлердің үйлесімі болып табылатын көшбасшылықтың ең жоғарғы көрінісі» деп атап өткен жөн. [9, 41].

Д.А.Қонаев мемлекет қайраткері ретінде күнделікті жұмыста ұйымшылдық пен тәртіпті маңызды деп санады. Сонымен қатар, Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі Төрағасының орынбасары қызметін атқарған жұмысын еске ала отырып, Димаш Ахметұлы былай деп жазды: «Орталық Комитет Бюросының басшылығымен атқарылған жұмыс мені өмірді неғұрлым өткір және көлемді көруге, ой-өрісімді кеңейтіп, тапсырылған жұмысқа жауапкершілікті арттырды. Халық Комиссарлар Кеңесі мен Министрлер Кеңесінің мәжілістерінде, Президиумда кейде даулар туындады. Бұл олардың дұрыс шешім қабылдаудың ең оңтайлы жолдары мен құралдарын іздеуін түсіндіреді. Осының бәрі ұйымшылдыққа, тәртіпке дағдыланған әрбір басшы үшін жақсы мектеп болды» [6, 78].

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бойындағы саяси орындылық – мемлекеттік аппарат қызметкері қандай қызмет атқарса да, қоғаммен тұрақты диалогта болу қажеттігін көрсетеді. Ол мұны өте маңызды деп санады және адамдармен ашық сөйлесуге тырысты. Қонаев халық арасында бола жүріп, барлығымен, соның ішінде қарапайым азаматтармен ынтымақтастық тілінде сөйлесті. «Кәсібі, қызметі, жасы әртүрлі адамдармен кездесу тәжірибелік қызметімде маған көп нәрсе берді, – деп жазады Димаш Ахметұлы: – Әңгімелесуде олқылықтарымыз, кемшіліктерім, қателіктерім ашық айтылды. Сұхбаттастарым жемісті жұмыс үшін көптеген жақсы және құнды ұсыныстар айтты. Осы кездесулерден мен үлкен оң заряд, іс-әрекеттің дұрыстығына сенім алдым» [6, 286 б.]. Оның көптеген мысалдарынан биліктің қай жағдайда да халық мүддесінен бөлінбеу керектігін, қоғамның барлық саласын, шенеуніктердің халықтың өтінішін тыңдап, олардың іс жүзінде шешілуімен айналысуға міндетті екенін көреміз.

Бұл ретте Ұлттық академияның академигі Нәдір Нәдіровтің айтуынша: «Димаш Ахмедұлы кең мағынада терең мәдениетке ие болды және күнделікті өмірдегі қарым-қатынастан бастап, мемлекеттік стратегияға дейін осы сирек қасиетке ие болды. Ол тіпті ең үлкен бизнестің күйреуі кішкентайдан басталатынын түсінді. Кейде өте кішкентай, сондықтан оны көру әрдайым мүмкін емес. Сондықтан ол өмірді оның барлық көріністерінен өте мұқият бақылап, өзі басқарған жылдардағы халықтың өмір сүрген барлық нәрселеріне терең үңілді» [10, 83 б.].

Д.А.Қонаевтың есімі таңғажайып есте сақтау қабілетімен де замандастарының есінде қалды. Ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің барлық қызметкерлерін аты-жөнімен, әкесінің аты-



мен атайтын еді. Сонымен қатар, ол қаншалықты ренжісе де, ол ешқашан дауысын көтермейтін, тіпті дөрекілікке де жол бермеді, бірақ олармен сөйлескендердің бәрі жұмсақ сөздерді естиді және екі рет қайталаудың қажеті жоқ: ол шексіз құрметке ие болды, сондықтан барлық нұсқаулар найзағай жылдамдығымен орындалды [11].

«Орасан зор күшке ие болған Димаш Ахметұлы ешқашан талапшылдықты дөрекілікпен алмастырған емес», - дейді бұрынғы Бюро мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Александр Рыбников. – Бізді осы рухта тәрбиеледі. Ол дөрекі, адамдық қадір-қасиетін қорлаған басшыларға қатал қарады. Оларды бірден жұмыстан алып тастады» [2, 44 б.].

Ол кадрларды өте ұқыпты өсірді, бағалады, әрқашан әділ болды, өктемдікке, үстірттікке, асығыстық пен формализмге жол бермейтін. Әдептілікті, еңбекқорлықты, адалдықты өте жоғары бағалаған [2, 47 б.].

Қазақстан Компартиясы Қарағанды облыстық комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Александр Коркин: «Димаш Ахметұлы әрқашан өз қызметкерлеріне өте мұқият, тіпті қарсыластарына да мейірімділікпен қарайтын» деп еске алады [12, 41 б.].

Николай Морозов: «Димаш Ахмедович ешқашан өз билігін қысымға алған емес, ол диктатор емес, бұйрық бермеген, қатаң түрде сөйлемейтін, керісінше, көндірді, кеңес берді», - деп атап өтті Николай Морозов. – Ол қарым-қатынаста қарапайымдылығымен, сабырмен жауап беруімен, байсалдылығымен және төзімділігімен ерекшеленді. Ешқашан асығыс, ойланбай шешім қабылдамады» [7, 337].


Александр Рыбниковтың айтуынша, ол Димаш Ахметұлынан асқан тиянақты, епті, еңбекқор, жалпы алғанда, дарынды адамды кездестірмеген. Ол барлығына стандарт болды. Оның жетекшілігімен көптеген адамдар: қазақтар, орыстар, украиндар және басқа ұлт өкілдері үшін ең ауыр жұмыс ауыртпалық емес, қуаныш болды және үнемі айтысатын болды. Ол қол астындағыларды жеке қамқорлықпен шектемеді, бастамашылдық пен шығармашылыққа кең мүмкіндік берді. Бұл ретте Д.А.Қонаев көтермелеуге сараң болған жоқ, тек ойлайтын, іскер, ісіне ұқыпты, мінсіз адамдар ғана лайықты еді.

Бұл ретте Д.А. Қонаев «кез келген мәселеге жан-жақты қарайтын, оны қалай жасау керектігін кеңес беретін немесе не істеу керек екенін жай ғана мақұлдайтын» [12, 40].

Дінмұхамед Ахметұлының тағы бір ерекшелігін атап өткен жөн. Қонаев қамқор, әділ, дана, талапшыл мемлекет қайраткері ретінде – «ол өзін кәсіби, тәжірибелі кадрлармен, талантты адамдармен қоршап, сонымен бірге, болашағы зор жас мамандарды дайындады. Үнемі оларға қамқорлық жасап, өмірлік тәжірибесін берді. Оның даналығы мен білімділігі Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бұрынғы хатшысы Закаш Камалиденовтің барлық іс-әрекетінен, жеке істерінен сезіліп тұратын. Ол бізге ұстаз, халқының лайықты да даңқты перзенті болды» [13, 167].

Бұл ретте Д.А.Қонаев жұмысшылармен, ғалымдармен, өнер қайраткерлерімен және әртүрлі деңгейдегі партия, кеңес, комсомол және кәсіподақ қызметкерлерімен барынша тығыз байланыста болып, олардың практикалық кеңестері мен ұсыныстарын ешқашан назардан тыс қалдырған емес.

1990 жылдардың басындағы дағдарыс жағдайында «экономикада бақылаусыздық пен хаос үстемдік еткен» кезде де Д.А.Қонаев Қазақстанның тұрақты саяси дамуын толық қамтамасыз ететін, жұмысқа қабілетті, тиімді, әлеуметтік әділетті жаңа экономикалық жүйені қалыптастыру мәселесін көтерді. Оның пікірінше, мемлекетті жан-жақты нығайтпай, уақыттың жаңа сын-қатерлеріне жауап беру мүмкін емес. Күшті демократиялық мемлекет, «бүкіл әлемдік қауымдастық арасындағы тең мемлекет» қана Отанының гүлденуіне жағдай жасай алады, жеке адамның бостандығын, кәсіпкерлік бостандығын, азаматтық қоғам институттарын дамыту еркіндігін қорғай алады. Бірақ сонымен



бірге, оның ойынша, «біз өткеннен ештеңені жасыра алмаймыз. Ал өткенді үстірт білу ғана бәрімізге ертеңгі тарихи жолымызда «тағдырлы» қателіктерден аулақ болуға көмектеседі» [6, 349 б.].

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Д.А. Қонаев өз сөзінде Қазақстанның болашағына «зор сеніммен және үмітпен қарады. Мұның кепілі – Қазақстанның өсіп келе жатқан беделі, оның бітімгершілік күш-жігері, ұлтаралық қатынастардың берік тұрақтылығы, мұны бәріміз де ерекше қорғауымыз қажет, бұл кез келген табыстың бірінші шарты» [6, 348 б.].

Ал қазір бүкіл әлем Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың сөздерінің дұрыстығын айқын көріп отыр: Қазақстан Республикасы, көптеген көрнекті шетелдік сарапшылардың пікірінше, ең табысты посткеңестік мемлекеттіліктің ең жарқын үлгісіне, тиімді аймақтық көшбасшыға, толыққанды халықаралық қоғамдастық мойындаған, ішкі тұрақтылығы жоғары және қазақстандықтардың лайықты өмір сүру деңгейі бар бәсекеге қабілетті мемлекет [8, 179-180 б.].

Біз, өз мектебімізге Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімін ала отырып және оның өмірі мен еңбек жолына арналған ғылыми-практикалық конференцияны ұйымдастыруда басты ұстанымымыз - Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімін оқушылар мен жастар арасында ұлықтау, осы ұлы тұлғаның өмірі мен еңбек жолы бізге және біздің болашағымыз – жастарға үлгі болуы керек. Нәтижесінде жас ұрпақты өз елі мен жерін сүйетін патриот азаматтар етіп тәрбиелеуді жүзеге асыру керекпіз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Рыбников Александр. Д.А. Кунаев – гордость и совесть казахского народа // *Личность. Воспоминания о Д.А.Кунаеве* /Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.41-57.
2. Кунаев Д.А. Советский Казахстан. – М.: Политиздат, 1978. – 150 с.
3. Непубликованное интервью Д.А. Кунаева // *Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве* /Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.87-91.
4. Малахова Ольга. Его имя хранит история // *Казахстанская правда*. – 2012. – 13 января.
5. Кунаев Д. От Сталина до Горбачева (В аспекте истории Казахстана). – Алматы: «Санат», 1994. – 352 с.
6. Морозов Николай. Великий сын своего народа // *Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве* / Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.336-340.
7. Толмачев Г. 50 встреч с Д.А. Кунаевым. – Алматы, 1996. – 159 с.
8. Бисембаев А.А., Койшыбаев Г.Т. Основные элементы политического проектирования в Республике Казахстан: Методология казахстанских реформ. – Астана: «Издательско- полиграфический центр», 2010. – 188 с.
9. Надиров Надир. Служение народу (мои встречи с Д.А. Кунаевым) // *Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве* /Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.63-86.
10. Жиенбаев Султан. Он служил стране и народу // *Казахстанская правда*. – 2012. – 12 января.
11. Коркин Александр. Вспоминая Димеке ... // *Личность. Воспоминания о Д.А.Кунаеве* /Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.37-41.
12. Камалиденов Закаш. Мы все учились у Д.А. Кунаева // *Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве* /Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.273-282.





## I БӨЛІМ

# ДИНМУХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ





# ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

**Қаймолдин Талғат Маратұлы**

*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,  
дене шынықтыру мұғалімі*

*«Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау»*

*Д.А.Қонаев*

**Қ**азақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ғылым саласында орасан зор қызмет етті артына мол мұра қалдырды. 100-ден аса ғылыми еңбектермен зерттеулер жазды. Біз өскелең ұрпақ әрі мұрагерлері ретінде өз заманында Қазақстанымыздың дамуы мен халқының кемелденуіне өлшеусіз еңбек сіңірген дарабоз тұлғаны қалай мақтасақ та, оны қалай дәріптеп, өмір жолы мен қалдырған ғылыми еңбектері туралы қаншалықты жеткізсек те жарасымды. Себебі, профессор С.Әубәкіровтің айтуынша, ол «көзі тірісінде қандай абырой мен атаққа, бақ пен даңққа ие болса, дүниеден өткен соң да сондай құрметін жоғалтпаған, тарихта сирек кездесетін ұлы тұлғалардың бірі».

Дара тұлғаның өнегелі өмірін аз ғана зерттеу жұмысымен айтып тауысу мүмкін емес. Қонаев туралы естелік жазбаған ақын – жазушылар, журналистер замандас, қызметтес болған адамдар жоқтың қасы шығар. Д.А.Қонаевты «Аңыз адам» деуге боларлықтай. 2012 жылы Д.А.Қонаевтың 108 жылдығы кең көлемде аталып өтілді. Бұл ғылыми жұмыс сол мерекелі тойдың бір іс-шарасы деп танимыз. Елімізде Димаш ағамызға көрсетіліп жатқан құрметте баршылық. 1978 жылы Алматыда Д.А. Қонаевқа ескерткіш қойылды. (авторы Төлеген Досмағанбетов) Қазақстан ҒА-ның Тау - кен және түсті металлургия институтына, еліміздің бір қатар мектептері, көшелеріне Қонаевтың есімі берілді. Алматыда Қонаев атындағы университет бар. 1992 жылы 13 қарашада Алматыда «Халықаралық Қонаев қоры» құрылды. (президенті Серік Әбдірайымұлы) 2002 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында Қонаевтың мұражай үйі ашылды және кеше ғана Ақтөбе қаласының ең үлкен мектебі ретінде танылған мектепке Д.А.Қонаевтың есімі берілді. Міне, бұл да Д.А.Қонаев есімі халықтың есінде мәңгі қалатынына дәлел. Димаш Ахметұлының есімін жаңғыртып, ісін халыққа танытып жүрген ізбасар інілері: Ораз Қауғабаев, Серік Әбдірайымұлы, Кенжебек Омарбаев, Өмірзақ Сәрсенов, Амантай Біртанов, Мырза Ақуев.

Д.А.Қонаев өзі айналысқан әрі зерттеп айналысқан біраз ғылыми жұмыстарын шаруашылық пен өндірістік тәжірибеден өткізді. Өз еңбектерінің халық шаруашылығына тигізер пайдасының зор екендігін іс жүзінде дәлелдеген еді. Өндіріс тиімділігін арттырумен қатар, ол жас ғалымдарды қолдап, білім жүйесіне ерекше көңіл бөлді.



Қазақ өнерін жоғары бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Өнер ордалары салынып, мәдениет үйлері өз қызметін бастады. Қазақ жерінің барлық аймақтарында дерлік білім және мәдени ошақтар ашылып, тұрғын үйлер тұрғызылып, әлеуметтік нысандар салынды.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бастамасы бойынша қазақ жерінің сол кездегі астанасы Алматы қаласында Үкімет үйі, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің ғимараты, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының ғимараты тұрғызылды. Қала көшелерінің саны артып, жаңа тұрғын үйлер салынып, 12 ықшам аудан ашылды. Мектеп пен бала-бақша ғимараттарының құрылысы басталып, Оқушылар сарайы жас өнерпаздарға есігін айқара ашты. Республика Сарайы, Спорт және Мәдениет Сарайы, «Медеу» спорт кешені, Ұлттық Кітапхана, цирк сынды мәдениет, білім және спорт нысандары бой көтерді. Авто, аэро және темір жол вокзалдары, әуежай, «Алматы», «Отырар», «Жетісу», «Алатау», «Достық», «Қазақстан» қонақ үйлері салынып, қала көркін ашты.

1936 жылы Мәскеудегі М.И. Калинин атындағы түсті металдар және алтын институтын қызыл дипломмен бітіріп, өзінің алғашқы еңбек жолын Балқаш мыс қорыту комбинатында бұрғылау станогында бастаған. Д.Қонаев өз сөзінде 1906 жылы Петербург теміржол инженерлері институтын бітірген қазақтың көрнекті инженері Мұхамеджан Тынышпаевтың бейнесі үлгі болғанын айтады. Өте сауатты және өз ісінің шебер маманы Д.А. Қонаев Орталық Қазақстанда мыс өнеркәсібінің, одан кейін Рудный Алтайда қорғасын-мырыш өнеркәсібінің қалыптасуына өз үлесін қосқан. Дінмұхамед Ахметұлының тұлғалық қалыптасуы осындай ауқымды өнеркәсіп орындарынан бастау алады. Мұнда ол жұмысты ұйымдастыруды меңгерді, техника саласындағы соңғы жаңалықтармен танысты, инженерлік тәжірибесін арттыра түсті.

1947 жылы ҚазКСР ҒА тау-кен институтының аспирантурасына сырттай түседі, онда профессор, техника ғылымдарының докторы А.Ф. Сухановтың басшылығымен өзінің кен саласындағы зерттеу жұмыстарын тереңдетіп, оны кең салада зерттеуін жалғастырады. Ал 1948 жылы Д.А. Қонаев техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Қоңырат кеніші жағдайында бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізудің неғұрлым тиімді әдістерін анықтау» тақырыбында диссертация қорғайды. 1952 жылдың сәуір айында Д.А.Қонаев тау-кен мамандығы негізінде Қазақ КСР Ғылым академиясының толық мүшесі, яғни академигі атағын алады. Ал оның ғылым саласындағы ең жарқын қызметі осы жылы Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып сайланғанынан бастау алады. Осы кезеңдегі талантты ұйымдастырушылық қызметімен қатар, кен ісі саласындағы зерттеушілік еңбегі үлкен маңызға ие. Д.Қонаевтың есімі институттардың ғылыми жұмысының жақсаруы, ғылымның өндіріспен тығыз қарым-қатынасы, аса маңызды ғылыми бағыттардағы кадр санының артуы сынды жұмыстармен байланысты.

Жалпы, Д.А. Қонаевтың ғылыми еңбектері кен орындарын ашық әдіспен қазу теориясы мен практикасының маңызды мәселелеріне бағытталған. Димаш Ахметұлы өзінің «Қоңырат руднигіндегі бұрғылау-жару жұмыстары» атты монографиясында Қоңырат кен орнына геологиялық сипаттама берген, жұмыстарды әзірлеу және механикаландыру схемасына тоқталған, кен орнында қолданылатын бұрғылау-жару жұмыстарының әдістеріне талдау жасаған. Сондай-ақ, жарылыстың сапасына әсер ететін факторлар мен зарядты есептеу формулаларын анықтаған. Бұрғылау-жару жұмыстарын жүргізудің ұсынылып отырған әдісі жұмыстар ашық тәсілмен жүргізілетін басқа да пайдаланылатын және жобаланатын кен орындарында табысты қолданылуы мүмкін екендігі және кен өндірісін айтарлықтай арттыратындығы дәлелденген.





Дінмұхамед Қонаевтың жалпы 100-ден аса ғылыми еңбектері мен зерттеу жұмыстары жарық көрген. Атап айтар болсақ, «Қоңырат мыс кенін қазу», «Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты карьерлерінде кен қазу жұмыстарының технологиясын жетілдіру», «Зырян кені жағдайында жұмыстың ашық әдісін қолдану мүмкіндіктерін зерттеу», «Мырғалымсай қорғасын-мырыш кенінде жер асты жұмыстарынан кенді ашық қазуға көшу мүмкіндіктерін зерттеу», «Қазақ КСР-нің басты-басты металлургия кендерінде ашық жұмыстарды қолдану тәжірибесін қорыту», «Бозшакөл кені жағдайында ашық кен жұмыстарын қолдану мүмкіндіктерін зерттеу».

«Қазақстанда ашық тау-кен жұмыстарын дамыту» атты күрделі еңбегінде ол кеніштерді пайдаланудағы көпжылдық тәжірибені қамтып, республика аумағында жаңадан барланған пайдалы қазбаларды игеру кезінде ашық игеруді одан әрі кеңейтудің орындылығын негіздеген. Аталған еңбек Қазақстан ғылымының тарихы музейінің экспозициясында көпшілік назарына ұсынылған. Сондай-ақ, 1978 жылы жарыққа шыққан «Таңдамалы сөздер мен мақалалар» еңбегі, Алматы қалалық Мәдениет басқармасының тікелей қолдаумен шығарылған «Дінмұхамед Қонаев және Алматы» кітабы, куәліктерінің көшірмесі, жеке фотосуреттері, көзілдірігі мен дүрбісі де музей қорында сақтаулы.

Д.А. Қонаевтың Қазақстанда тау-кен ғылымының қалыптасуы мен дамуына қосқан зор үлесін және ҚазССР ҒА тау-кен ісі институтымен тығыз ғылыми байланысын ескере отырып, 1994 жылғы 24 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің «Д.А. Қонаевты мәңгі есте қалдыру туралы» қаулысымен институтқа Д.А. Қонаевтың есімі берілген еді. Елінің есінде көреген басшы, білікті маман, еңбекқор ғалым ретінде қалған Дінмұхамед Қонаев тұлғасы бүгінгі күнде өскелең ұрпаққа үлкен өнеге. Ғалымның кең ғылыми зерттеулері, бай тәжірибесі мен білімі, еңбекқорлығы және үлкен ұйымдастырушылық қабілеттері Қазақстанның ғылыми дамуына, өндіріс пен ғылымның тығыз байланыста қызмет етуіне мүмкіндік берді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Д.А. Қонаев «Өтті дәурен осылай», «Ақиқаттан аттауға болмайды» «Санат» Алматы, 1994 жыл
2. С.Әбдірайымұлы «Елу жыл ел ағасы» «Санат», Алматы, 2002 жыл
3. «Қазақстан тарихы» энциклопедиялық анықтама, «Арнау», Алматы, 2006 ж
4. Кунаев Д.А. Развитие открытых горных работ в Казахстане. –А-Ата, 1964.
5. Дінмұхамед Қонаев және Алматы. – А., 2008.



# ТҰЛҒА ТАРИХЫН ҰЛЫҚТАУ

**Мұқамбетәзиев Аркен Мұқамбетәзиұлы**  
*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,  
тарих мұғалімі*

Әр ғасырдың, әр дәуірдің өз бояуы бар. Жарық-сәулелі, қоңырқай көлеңкелі тұсы да аз емес. Өткенің мен бүгінің, ертеңің – бәрі мидай араласып жатыр. Алайда, тарихтың кестелі шежіресіне кез келген пенде өз өрнегін қалауымен ойып сала алмайды. Тарихта аты қалатындар – топтан озған тұлғалар. Біреулері бүкіл империяны шеңгеліне ұстап, қаталдығымен есте қалса, екіншілері ұлы қырғын соғыс ашып аты шығады. Ал, өркениет атаулыны өрлетіп, жер бетіне игілік әкелген ұлылар қаншама? Міне, сондай ұлы тұлғаларымыздың бірегейі, халқымыздың аяулы перзенті, аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Д. Қонаев өмірінің 45 жылға жуығын ел басқару ісіне арнады, ширек ғасырға жуық Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарды. Ол жауапты басшылық қызмет атқара жүріп, республикадағы таукен ісін дамытуға қомақты үлес қосты. Республиканы басқарған жылдары Қазақстанда жаңа өнеркәсіпті аудандар қалыптасып, елде жаңа қалалар мен ірі елді мекендер пайда болды. Павлодар-Екібастұз отын-қуат кешені, Қарағандыдағы ГРЭС-2, Шығыс Қазақстандағы Бұқтырма су электр станциясы, Павлодар трактор зауыты, т.б кәсіпорындар осы кезеңде іске қосылды. Маңғыстаудың мұнай кен орындары игерілді, теміржол құрылысы, көлік түрлері дамыды Республика титан, магний, синтетик, каучук өндіре бастады. Жезқазған, Маңғыстау және Торғай облыстары шаңырақ көтерді. Д.Қонаев Алматы облысы, Кербұлақ алқабын игеруге, Қапшағай су қоймасын, үлкен Алматы каналын салуға ерекше көңіл бөлді. Алайда, Қазақстан экономикасы, жалпы алғанда, Одақ үшін шикізат базасы бағытында дамыды, мұнда көп жағдайда өнім шығарушыға қол жетпеді. Бүкіл Кеңес Одағына тән экономиканың милитарлануы Қазақстанда да орын алды. Алматы, Өскемен, Петропавл, Орал, Степногорск, т.б қалаларда үлкен заводтар әскери өнім шығарумен айналысты.

1986 ж. 16 желтоқсанда өткен Қазақстан Компартиясы ОК-ң пленумы КОКП ОК-ң өкілі Г.Разумовскийдің ұсынысымен Д. Қонаевтың орнына ҚКП ОК-ңі хатшысы етіп Г.В Колбинді сайлады. [2]

Д.Ахметұлы көзі тірісінде кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кенті мен 42 қала тұрғызып, өз кезегінде елорда қызметін адал атқара білген. Алматының гүлденуіне, әсіресе, орталықтың үкімінсіз бірде-бір көпір салынбайтын жағдайда халқына перзенттік әрі басшылық борышы ретінде Лениннің 100 жылдығын алға тартып, сыйлы қонақтар құрметіне деп зәулім ғимарат Республика сарайын көтеріп, көсем даңғылын көркейтеміз деген желеумен 25 қабатты «Қазақстан» қонақ үйін, М.Әуезов атындағы академиялық драма театрын, Қазақ циркін, жастар Неке сарайын, Ұлттық кітапхана, т.б. бүгінгі таңда да халық игілігінің ажырамас айнасы болған нысандардың салынуына басты себепші болғанын біреу білсе, біреу білмейді.



Бұл күні ата-бабамыздан мұра болып, сарқыттай сақталып жеткен туған мекеніміздің әрбір тауы мен тасы үшін өскелең ұрпақтың қай-қайсысы болсын мақтанады, марқаяды. [1]

Д.Қонаев қайтыс болғаннан кейін Қазақстан ҒА-ның Тау кен және түсті металлургия институтына еліміздің бірқатар мектептері мен көшелеріне Қонаев есімі берілді. Қайраткердің көзі тірісінде-ақ оның бедел-бейнесінің даулы тұстары көп еді. Халықтың ризашылығына бөленген қоғам қайраткері. Болашаққа ерекше үлгі болатын қайталанбас тұлға. Ол кісінің Республиканың Ғылым академиясын басқарған жылдардағы ерен еңбегін айтпауға болмас.

Осы орайда, Димаш атамыздың атағын бас қаламыздың жанындағы Қапшағай қаласына беруінің өзі тарихи құбылыс. Осындай ұлт мақтанышының біздің мектептің атауымен аталуы да мектеп тіпті тұрып жатқан аудан үшін де үлкен мақтаныш.

2022 жылдың 24-ші тамыздағы № 600 қаулысына орай, мектеп атауы Қазақстанның көрнекті мемлекеттік және саяси қайраткері, ғалым, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атағын беру туралы қаулысы қабылданды. Қабылданған қаулы негізінде мектептің атауы оқу жылының басында өзгертіліп, мектеп ұжымының, оқушыларының ғасыр адамына деген құрметі ерен, Дінмұхамед атамыздың ел басқару ісіндегі көрегенділік, өжеттілік, қарапайымдылық сынды қасиеттерін дәріптеу мақсатында мектеп іс шаралардың бағдарламаларында жоспарланды. «Д.А.Қонаев - ғасыр перзенті» тақырыбында Қ. Жұбанов атындағы АӨМУ тарих кафедрасының доценті Аман Әлібекпен дөңгелек үстел барысында 9-10 класс оқушыларымен ашық әңгіме ұйымдастырылды. Шара барысында тұлғаны жан-жақты қырынан танытып, оқушыларға тың мәліметтер таныстырылды. Тұлғаны таныу мақсатында мектепте «Ұлты ұлықтаған ұлы тұлға тақырыбында» әртүрлі спорттық бокс біріншілігі, «Тұғыры биік тұлға», «Д. Қонаев еліміздің ұлы тұлғасы», «Ғасырдың дара перзенті» тақырыптарында тәрбие сағаттары өткізілді. «Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кісіліктен де туады» тақырыбындағы тұлға музейіне саяхат сабақтары таныстырылып, Есет батыр мөлтек ауданы тұрғындарынан Д. Қонаев туралы сұхбат алынды. Халықтың дара тұлға туралы білері мол болды. «Анаға тағзым» рухани тәрбие беру орталығында «Бүгінгі күн кешегі күннің шәкірті» тақырыбында Дінмұхамед Қонаевтың ел басқару жолындағы өмірінен шағын қойылымды 7 класс оқушылары тарту етті. «Ұшқыр ой мен шешен тіл» тақырыбындағы интеллектуалды ойын барысында Дінмұхамед Ахметұлының балалық шағы жан-жақты таныстырылды.

Қорытындылай келе, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың «орынды сын ойлантпай қоймайды» деген өмірге қоғамдық құбылысқа бір түспен-тек қара бояумен қарау жараспайды. Әділдік іздесек, ақиқаттан аттауға болмайды деген қанатты сөздері халық санасында сан ғасырлық сырымен сақталмақ.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Асқаров А. Өнегелі өмір/ ред. басқ. Ғ.М.Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2017;
2. Дінмұхамед Қонаев. – Алматы: «Аруна», 2014;
3. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық/ Құраст.: Ә. Көпіш. - Алматы: «Өнер», 2016. 2 – кітап;
4. Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды. (естелік-эссе) Ауд. С. Әбдірайымұлы – Екінші басылым. – Алматы: «Үш қиян», 2021.



# ҒАЛЫМ ҚОНАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ

**Отаралина Айнұр Елеуқызы**

*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы*

*жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*

*бастауыш класс мұғалімі*

**Д**інмұхамед Қонаев-мемлекет және қоғам қайраткері. Ол Алматы қаласында, қызметкерлердің отбасында дүниеге келген. Ол орта мектепті бітірген соң Қазақстан Өлкелік комитеті Мәскеудегі металл алтын институтына жібереді. Дінмұхамед Қонаев институтты жақсы бітіріп шығады. Тау кен инженері мамандығына ие болған Қонаев Балқаштағы мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмысқа тұрады. Ол жерде бұрғылау станогының машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженерінің директоры болып жұмыс жасайды. Қонаев екінші дүниежүзілік соғысының қиын кезеңінде тылдағы жұмыстарды басқаруда еңбекқорлығымен бірден көзге түседі. Қорғасын мырыш өнеркәсібінің ең үлкен кәсіпорны Лениногор кен басқармасының директорлық қызметін атқарады. Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары болып еңбек етеді. Қазақстан ғалымдары оған үлкен сенім артып, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, әрі президенті қылып сайлайды. Тау кен ісі саласының ірі ғалымы Қонаев республикамыздың дамуында үлкен еңбек атқарады. Ғылыми ұйымдық жұмыстарды ілгерілету, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларын білікті кадрлармен нығайту шаралары оның басқаруымен жүзеге асып отырады. Дінмұхамед Қонаев Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, Қазақстан коммунистік партиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысы болды. Дінмұхамед Қонаев еліміздің мәдениеті мен экономикасын өсіру жолына өзінің бар білімін, ұйымдастырушылық қасиетін аянбай жұмсады. Ол өзінің заманында саясаткер болды. Билік басында болған қиыншылықты жеңіп, еліміздің экономикасын, ғылымын, дамытуда ерінбей еңбек етті. Еліміздің жағдайын, болашағын ойлаған ол бір мезгілге болса да есінен шығармады. Дінмұхамед Қонаев Республика партия ұйымын басқарған уақытта өзінің ілтипаттығымен, иманжүзділігімен танылып, тағылымы терең, халқымыздың дәстүрін жақсы білетін, ой - өрісі кең жан екенін көрсетті. Дінмұхамед Қонаев Алматы облысының Кербұлақ алқабын игеруге, Қапшағай су қоймасын, Үлкен Алматы арнасын салуға ерекше көңіл болды. Қоғам қайраткері Қонаев өнер мен әдебиеттегі, мәдениет пен ғылымдағы жағдайды үнемі бақылауда ұстады. Ол елімізге басшы болған уақытта Қазақстанның 5 томдық академиялық тарихы қазақ және орыс тілдерінде басылып шықты. Қонаев билік басында болған кезеңде қаншама күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, еліміздің әлеуметтік саласын, экономикасын, ғылымын, мәдениетін дамытуда еңбегі өте зор. Ол түрлі қызмет атқара жүріп, елдің жағдайын, болашағын мүлдем естен шығарған емес. Алматыны қазіргі заманғы қалаға айналдыруда зор күш жұмсады. Республика сарайы, ҚазМУ қалашығы, Арасан сауықтыру орталығы, Медеу спорт кешені сынды ірі-ірі ғимараттар бой көтерді. Ол тірі кезінде өзінің осындай ерен еңбегімен халықтың көсеміне айналып үлгерді. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев отыз жылдан



аса уақыт елді басқарды. Ол ел басқарған кезеңде кең байтақ қазақтың жерінде 68 жұмысшылар кенті, 43 қала бой көтерді. Оның ішінде Рудный, Екібастұз, Шевченко, Никольский, Степногорск, Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалалары салынды. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Дінмұхамед Қонаев өзінің еңбектерінің халық шаруашылығына тигізер пайдасының зор екендігін іс жүзінде көрсеткен еді. Өндірістің тиімділігін жандандырумен қатар, жас ғалымдарды үнемі қолдап, білімге де ерекше көңіл бөлді. Қиын уақытта Дінмұхамед Қонаев еліміздің ғалым-инженерлерінің біркелкі қалыптасуына ерекше көңіл бөлді. Қазақстанның қуатты аграрлы-индустриальды мемлекет ретінде қалыптасуында Қонаевтың атқарған еңбегі зор. Ахметұлы Қонаевтың қайраткерлік уақытында Өскемендегі қорғасын-цинк және титан-магний, Соколов-Сарыбай, Лисаков, Балқаш, Жезқазған тау кен+металлургия комбинаттары құрылды және дамыды. Оның көмегімен химия, металлургия институттары бой көтерді. Дінмұхамед Қонаев ғылым академиясын басқарған уақытта да, ел тізгінін ұстаған кезінде де елімізде ғылымның дамуына зор үлесін қосты. Еліміздің өсуіне, өркендеуіне игі істерінің арасында әсіресе ғылым академиясының дамуына сіңірген еңбегі ұшан-теңіз. Қонаев мәдениетке, ғылымға ерекше мән берді. Қонаевтың кезінде жазушыларды, ғалымдарды, әншілерді қатты дәріптеді. Іс жүзінде Қонаевтың Қазақстан Республикасы үшін сіңірген еңбегі зор. Елімізде 82 қаланың бой көтеруі, халықтың сауаттануы, қазақ жастарының барлығының жоғары білім ала бастауы, қазақтардың басшылық қызметтерге келуі Дінмұхамедтің есімімен байланысты. Қонаев Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, мол тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін халқының пайдасына жұмсады. Дінмұхамед Қонаев өзінің заманында саясаткері бола білді. Ол билік басында болған қаншама күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді. «Астана-елдің көркі, сырттан келгендер соған қарап еліңді таниды», - дейтін Дінмұхамед Ахметұлы. Осы идеяның бүгінде жалғасын тапқанына халық куә болды. Жаңа елордамыз-Астана қаласы әлемнің ең әдемі, көрікті қаласы ретінде күннен күнге көркейіп, дамыды. Заманымыздың ұлы тұлғасы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың халқы үшін, елі үшін жасаған еңбектері өз уақытында жоғары бағаланды. Дінмұхамед Қонаев қазақ халқының өнерін, мәдениетін өте жоғары бағалады және үнемі қолдап отырды. 1952 жылы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа Мұхтар Омарханұлы Әуезовті «идеологиялық себептер» бойынша академиктер қатарынан алып тастауды ұсынды. Партияның бұйрығын еш қалтқысыз орындайтын Қонаев бұл жолы Орталық Комитетке бағынудан бас тартады. Бірден Мәскеуге барып, Мұхтар Әуезовті қуғын-сүргіннен аман алып қалудың жолдарын қарастырады. Қонаев қазақ елінің талантты өкілдерін қамқорлығына алып, шығармашылық жағынан өсуіне жағдай жасап отырды. Олжас Сүлейменовтың «АЗ и Я» тақырыбындағы зерттеуінің философиялық мәнін түсінді, оны «орталықтың» жаласынан арашалады. Дінмұхамед Қонаев-өз заманының ірі тұлғасы, аса көрнекті қайраткері. Қонаев жоғары қызметке келген уақыттың аса күрделі, қиыншылығы көп кезең болды. Ол осындай қиындықтарға қарамастан еліміздің дамуы үшін барлығын жасады. Республикада өнеркәсіп, құрылыс, ауыл шаруашылығы салаларының дамуы алға қарай ілгерілей түсті. Елсіз жерлерде елді мекендер мен жаңадан қалалар пайда болды. Сонымен бірге өнердің, ғылым мен мәдениеттің қанат жаюына зор еңбек сіңірді. Дінмұхамед Қонаев өзінің туған қаласы Алматы үшін де көптеген жақсылықтар жасады. Осы тұрғыдан алғанда, Дінмұхамед Қонаев- ардақтауға лайықты көрнекті қоғам қайраткері. Дінмұхамед Қонаевтың уақытында Қазақстан шетел мемлекеттерімен мәдени тұрғыда араласа бастады. Іс жүзінде Дінмұхамед



Қонаевтың Қазақстан Республикасы үшін сіңірген еңбегі орасан зор. Қазақ елінде 82 қаланың бой көтеруі, халықтың жаппай сауаттануы, қазақ жастарының көптеп жоғары білім алуы Дінмұхамед Қонаевтың есімімен байланысты. Қорытындылай келе XX ғасырдың ерекше тұлғасы ретінде Дінмұхамед атамыздың аты әр қазақтың жүрегінде мәңгі сақталады!- дегім келеді.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – мемлекет және қоғам <https://azretsultan.kz> › dinm-h.
2. Бүгін қазақ халқының ардақты перзенті, аса көрнекті ...<https://vk.com> › wall-4551748
3. Академик Д.А.Қонаевтың Қазақ Ғылымының дамуына ... <https://kzref.org>› akademik-d.





# Д.А.ҚОНАЕВ - БІЛІКТІ МАМАН, ЕҢБЕКҚОР ҒАЛЫМ

**Ажибаева Гүлзия Усенхановна**

*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы*

*жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*

*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Д**інмұхамед Ахметұлы Қонаев ХХ ғасырдың аса көрнекті тұлғасы, өз халқының адал ұлы. Д. Қонаев өз заманының ұлы саясаткері бола білді. Ол билік басында болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетінің дамуына айтулы еңбек сіңірді.

1947 жылы Қаз КСР Ға тау-кен институтының аспирантурасына сырттай түсіп, онда профессор, техника ғылымдарының докторы А.Ф Сухановтың басшылығымен өзінің кен саласындағы зерттеу жұмыстарын бастайды. Ал 1948 жылы Д.А.Қонаев техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін «Қоңырат кеніші жағдайында бұрғылау- жару жұмыстарын жүргізудің неғұрлым тиімді әдістерін анықтау» тақырыбында диссертациясын қорғайды.

1952 жылы сәуір айында Д.А Қонаев Қазақстан Ғылым академиясының толық мүшесі академик және осы Ғылым академиясының президенті болып сайланды. Осы кезеңдегі талантты ұйымдастырушылық қызметімен қатар, кен ісі саласындағы зерттеушілік еңбегі үлкен маңызға ие болды. Тау кен ісі саласындағы ірі ғалым, талантты және қайратты ұйымдастырушы ретінде ол республика Ғылым академиясын дамытуда көп іс атқарды. Оның басшылығымен институттардың ғылыми қызметін жақсарту, оларды кадрлармен нығайту, ғылымның өндіріспен байланысын күшейту, Қазақстанның өндірістік күш қуатын дамытудың кешенді проблемаларын жасауға барлық ғылыми күш пен материалдық қорды шоғырландыру бағытында ірі шаралар жүзеге асырылды.

Д.А. Қонаев партиялық, мемлекеттік және ғылыми жұмысты публицистикалық қызметпен белсенді ұштастыра білді. Оның қаламынан көптеген мақалалар мен публицистикалық туындылар жарық көрді. 100-ден аса ғылыми еңбектің авторы. Ол «Менің уақытым туралы», «Сталиннен Горбачевқа дейін», «Қоңырат мыс кенін қазу», «Соколов-Сарыбай кен-байытукомбинаты карьерлерінде кен қазу жұмыстарының технологиясын жетілдіру», «Мырғалымсай қорғасын-мырыш кенінде жер асты жұмыстарынан кенді ашық қазуға мүмкіндіктерін зерттеу», «Қазақ КСР-нің басты-басты металлургия кендерінде ашық жұмыстарды қолдану тәжірибесін қорыту», «Бозшакөл кені жағдайында ашық кен жұмыстарын қолдану мүмкіндіктерін зерттеу сынды еңбектері бар.

Жалпы, Д.А. Қонаевтың ғылыми еңбектері кен орындарын ашық әдіспен қазу теориясы мен практикасының маңызды мәселелеріне арналған. Мәселен, Қоңырат кен орнына геологиялық сипаттама беріп, жұмыстарды әзірлеу мен механикаландыру схемасына тоқталып, кен орында қолданылатын бұрғылау -жару жұмыстарының әдістерін талдау жасаған «Қоңырат руднигіндегі бұрғылау -жару





жұмыстары» атты монографиясы бар. Сонымен қатар осы еңбегінде жарылыстың сапасына әсер ететін факторлар, зарядты есептеу формулаларын анықтап жазған.

Кеніштерді пайдаланудағы көпжылдық еңбек тәжірибесін негізге алып, республика аумағында жаңадан барланған пайдалы қазбаларды игеру кезінде ашық игеруді одан кейін кеңейтудің орындылығына «Қазақстанда ашық тау-кен жұмыстарын дамыту» атты күрделі еңбегін арнаған.

Қазақстанның көпсалалы экономикасын, мәдениет пен ғылымын дамытуда сіңірген зор еңбегі үшін Д.А Қонаев үш мәрте Социалистік Еңбек Ері жоғары атағы берілді.

Д.А Қонаевтың республикамыздың ғалым-инженерлерінің тұрақты қалыптасуына ерекше көңіл бөліп, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақ елінің тағылымды тарихында заман жүгін арқаулаған талай толағай тұлғалар болған. Аса көрнекіті мемлекет және қоғам қайраткері Д.А Қонаев сондай біртуар болмыс иесі» деп өз бағасын берген болатын. Ғалымның еңбектері бүгінгі өскелең ұрпаққа үлкен өнеге.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Асқаров А Қ Өнегелі өмір\ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов -Алматы: Қазақ университеті,2017ж
2. Дінмұхамед Қонаев-Алматы: «Аруана», 2014ж
3. «Ақиқаттан аттауға болмайды» Дінмұхамед Қонаев (естелік- эссе)Ауд. С Әбдірайымұлы -Екінші басылым -Алматы «Үш қиян» 2021ж
4. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев (Өмір және еңбек шежіресі)



# Д.ҚОНАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫН ДАМУДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ

**Сырбаева Сағадат Маликовна**

*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Т**арихымызға үңілсек, алдымен ауызымызға қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек, ел тұтастығын көздің қарашығындай сақтап қалуға бар күш-жігерлерін жұмсаған Абылай мен Әбілқайыр хандар ілінеді. Ал, жетпіс жылдан астам уақытқа созылған кеңес дәуіріне келсек, сол кезде Қазақстанды 19 адам басқарған екен. Солардың ішінде республика тізгінен ең ұзақ ұстап, ел алдында сіңірген еңбегі үшін халқының ерекше сүйіспеншілігіне ие болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев еді. Бұл кісінің қысқаша өмірбаянына көз жүгірткеннің өзінде, оның Қазақстан тарихында ойып алатын орны бар тұлға екендігіне көз жеткізу қиын емес.

Терең ақыл мен аса білімдарлық, көреген зерделілік секілді асыл қасиеттерді сіңірген биік парасатты тұлға өз естелігінде тебірене: “Қазір сексеннің сеңгіріне шыққан мен үш формацияда өмір сүрдім. Ғасырдың басында феодализм- капитализм заманында шыр етіп, дүниеге келіппін. Социализм заманында бойымдағы барлық қажыр-қайратымды, білімімді, тәжірибемді жұмсап, туған елімнің, халқымның бақыты жолында барынша адал еңбек етуге күш салдым. Қазақстан аз ғана уақыт ішінде күшті дамыған ел қатарына қосылды. Өмірімнің соңында республикамыз өз тәуелсіздігін алды. Бұл – халқымыздың ұлы бақыты. Осындай шат-шадыман бақытты көру маңдайыма жазылыпты” деген еді. Димаш ағамыздың бұл сөзінен ел игілігі жолында аямай жұмсаған қажыр-қайратқа толы мәнді де мағыналы өмір жолдарын аңғару қиын емес еді.

Еңбек жолын 1936 жылы Балқаш мыс қорыту комбинатында бұрғылау станогының машинисі болып бастаған Димаш Ахметұлы Қазақстанды ширек ғасыр бойы басқарған қазақ халқының көрнекті мемлекет қайраткері болды. Оның ғылымға деген талпынысы мен талабы техника ғылымдарының кандидаты болуға жеткізді. Сонау елуінші жылдардың басында оған Қазақстан ғалымдары зор сенім көрсетіп, оны республика Ғылым Академиясының академигі әрі оның президенті етіп сайлады. Ол кісі Академия президенті болып қызмет істеген жылдары Қазақстан ғылымының дамуына зор еңбек сіңіріп, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларын кадрлармен нығайту жөніндегі аса күрделі шараларды үлкен біліктілікпен, зор ыждағаттылықпен жүзеге асыра білді.

Олжас Сүлейменов “Қонаев – біздің бақытымыз үшін туған адам” деген еді. Расымен де, солай-ақ. Сол кезеңде әлеуметтік-экономикалық даму деңгейі жоғары болды. Қазақстан одаққа көп мөлшерде болат, шойын, мырыш, алтын, тағы басқа қазба байлықтарын өндіріп, беріп тұрды. Елімізде алғаш фосфорлық қышқыл цехтары мен натрий триполифосфаты цехтары ашылды. Мал шаруашылығымен айналысып келген еліміз 69% мыс қорыту, 70% қорғасын, 90% марганец, 87% жай фосфор өндірді. Ал, көмір қазу 220 миллионға, электр қуаты 78 миллиард киловатт сағатқа



өсті. Ал, ауыл шаруашылығындағы қой саны 35 миллионға, жылқы 1 миллион 100 мыңға, ірі қара саны 7 миллионға жетті. Тізе берсек, көп-ақ... Бұның барлығы да қазақтың данасы, жасы үлкен ағасы Димаш атаның еңбегі еді.

Қатардағы қарапайым отбасында дүниеге келіп, ел қатарлы оқып, өндіріс, құрылыста шама-шарқынша “ұятқа қалмауға” тырысып еңбектеніп, пісіп-жетілудің арқасында кезекті қызмет басшымен біртіндеп көтеріліп, үлкен абырой-атаққа, лауазым – дәрежеге өз жөнімен қол жеткізген азаматтың өмір жолының әрбір кезеңі кімге болса да, әсіресе жас буын – келер ұрпаққа ұлағатты өнеге болары сөзсіз. Осы тұста біз оның қазақ ғылымына қосқан үлесі туралы айтсақ та жетіп жатыр.

Техника ғылымының докторы Д.А.Қонаевтың ғылыми еңбектерін кен орындарын ашық әдіспен қазу теориясы мен практикасының маңызды мәселелеріне арнады. Тіпті, 450-ден астам ғылыми жұмыстар жазды. Кемел тұлғаның зерттеулері Қазақстанның кен қазу өнеркәсібінде өндіріс тиімділігін елеулі түрде арттыруға жәрдемдесті. Бірнеше ғылыми еңбегі баспадан шықты. Олардың қатарында, “Қоңырат мыс кенін қазу”, “Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинаты карьерлерінде кен қазу жұмыстарының технологиясын жетілдіру” т.б. бар. Ал, жарияланбаған жұмыстары Қазақ ССР Ғылым академиясының Кен ісі институтының қорларында сақтаулы жатыр.

Оның араласуымен елімізде Қаратау геологтар “Күмісті” алтын-күміс кеніші ашылған, “Шалқия” кенінің зерттеу жұмыстары аяқталып, қор көлемі ұлғайған. “Ачполиметалл” комбинатында кеннің салмағы 2000 мың тоннаға жеткен. Кентау фабрикасында кен байыту мүмкіншілігі 2,5 миллион тоннадан 4,0 миллион тоннаға көтерілген. Тіпті, кеніштерде жер астында өзі жүретін машиналар пайда болған.

Ол республика ғылымын дамыту ісінде көптеген кедергілерге тап болған. Себебі, ол кезде ғылым салалары саясаттың қолшоқпарына айналған еді. Десекте, кемел тұлға жан-жақты, әртекті мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызмет бабында жүрсе де, ғылымға ерекше көңіл бөлген. Тіпті, Қазақстан Компартиясының ОК бірінші хатшысы болған кезде де Ғылым академиясын назардан тыс қалдырмаған. Үнемі ғылымға қажетті қаржы бөліп, жаңа ғылыми-зерттеу орталықтары мен институттарын ұйымдастырған. Ол КСР Ғылым академиясының президенті болып тұрған тұста география, сейсмология, көмірқышқыл химия ғылыми-зерттеу институттары ұйымдастырылып, Қарағандыда академияның Орталық Қазақстан бөлімшесі құрылған. Ғалымдардың аса құнды еңбектері жариялана бастаған.

Ал, 1980 жылы Республиканың Ғылым академиясынан 204 ғылым докторы мен 1486 ғылым кандидаты шыққан. 7 ғалымға Социалистік Еңбек Ері атағы беріліп, 60-тан астам ғалым КСРО және Қазақ КСР мемлекеттік сыйлықтарымен марапатталған.

Халқының алғысына бөленіп, батасын алып өткен сүйегі асыл жан өмірінде өзіне тұрмыстық жағдай жасаған жоқ. Керісінше, өмірде шыншыл, мейірімді, жоқтарға қамқоршы болды. Ширек ғасыр Қазақстанды ши шығармай басқарып, үш жүз түгілі мұнда тұратын жүзге жуық ұлт өкілін тең көрді. “Жақсыдан шарапат” демекші, тұтас бір ұлттық саяси көсем ғана емес, рухани ұстаз болған дана адамның жақсылығын көрген жандар күні бүгінге дейін оған деген ризашылықтарын білдіріп, сағынышпен еске алады. Сондықтан оның есімі халықтың көңілінде беделі биік саясатшы, телегей-теңіз терең ақылдың кені, аса білімдар ретінде халық жадында мәңгілік сақталып қалды.



**Әдебиеттер тізімі:**

1. Кемеңгер: / Р. Ниязбек, - Алматы: Жалын, 2011 . - 496 б
2. Қонаевпен сырласу, Шаханов Мұхтар,-Алматы: Жалын,2011.–160 б.
3. Дінмұхамед Қонаев және Әулиеата өңірі/-Тараз: Сенім, 2016.–312 б.
4. Дінмұхамед Қонаев және Алматы , У истока большого мегаполиса / - Алматы: Өнер, 2008 . – 224 б.
5. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев:фотоальбом,=Динмухамед Ахмедович Кунаев, = Dinmukhamed Akhmedovich Kunayev / - Астана : Алматыкітап, 2011. - 256 б.
6. Қабышұлы, Ғ. Қонаев кімнен кем, кімнен артық еді? [Мәтін]: «Жас Алаштың» оқырмандарына он ауыз сөз / Ғ. Қабышұлы // Жас Алаш. - 2022.



# ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫ

**Саликова Асем Ертаевна**

*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
ағылшын тілі мұғалімі*

**Д.** Қонаевтың тағдыры, бір жағынан, жалпы оптимизммен және халықтың социализм идеалдарына, торий, этникалық мәдениеті мен тұтас халықтардың дәстүрлеріне деген мызғымас сенімімен сипатталатын қоғамдық-саяси процестердің әсерінен дамыды. , бұл Қазақстанның болашақ көшбасшысына әсер етпей қоймады.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Мәскеу түсті металдар және алтын институтын бітірген (1936). Оның 100-ден астам ғылыми еңбектері бар. Құрамы: Коунрад мыс кен орнын игеру; В.И.Ленин және ұлт-азаттық қозғалыс, жинақта: Ұлт-азаттық қозғалыс мәселелері. В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуына арналған халықаралық симпозиум материалдары; Лениндік ұлт саясаты іс-әрекетте, жинақта: Қазақстан Компартиясы тарихының мәселелері т.б.

Қонаев Д.А.-ның негізгі ғылыми еңбектері:

1. Коунрад мыс кен орнын игеру;
2. Мірғалымсай қорғасын-мырыш кен орнында жерасты өндіруден ашық әдіске көшу мүмкіндігін зерттеу.
3. Қазақстанда ашық әдіспен тау-кен өндірісінің дамуы.
4. Қазақ КСР: қысқаша тарихи-экономикалық очерк.
5. Шахталардағы тау-кен машиналарын электрлендірудің ғылыми-техникалық негіздері.

Кітаптардың авторы: «Менің уақытым туралы» (1992), «Сталиннен Горбачевқа дейін» (1994).

Институтты бітіргеннен кейін оны Прибалхашстройға жібереді. Ұлы Отан соғысы жылдарында «Алтайполиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, техникалық бөлім бастығы, сондай-ақ Лениногор кен басқармасы Риддер кенішінің директоры қызметтерін атқарған. КОКП ХІХ-ХХVІІ съездерінің делегаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің ІІІ-ХІ шақырылымдарының депутаты болды.

Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, 8 Ленин орденімен, КСРО-ның, шет мемлекеттердің басқа да ордендерімен және медальдарымен марапатталған.

Күштеп ұжымдастыру мен қазақтарды отырықшы өмір салтына көшіру жолындағы ойланбаған ерікті шаралар миллиондаған отандастардың өмірін қиған жаппай ашаршылыққа әкеп соққанда, Д.Қонаев студент кезінде-ақ республиканың қиын жағдайына көзі жетті. және қазақ халқының геноцидіне айналды.

Қазақстан үшін қиын кезеңді еске алған Д.Қонаев республика басшысы ретінде оның дамуына зор үлес қосты. Кейін оның басшылығымен Қазақстан елеулі табыстарға қол жеткізді. Республиканың даму бағдарламасы өнеркәсіп өндірісін, ауыл шаруашылығын, қарқынды құрылысты жолға



қоюға бағытталды. Қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар халықтың табысты демографиялық дамуына әкелді. Республиканың стратегиялық дамуының табысты болуына тау-кен инженерінен Қазақстан Ғылым академиясының президенттігіне дейін жеткен оның басшысының кәсіби бағдары әсер етті. Одан кейін Д.А.Қонаев партия жұмысын басқара отырып, халық шаруашылығының дәл осы салаларын дамытты.

Жас инженер Д.Қонаевтың кәсіби жолы 1936 жылы Мәскеу түсті металдар және алтын институтының тау-кен факультетін бітіріп, Қоңрад-Балқаш құрылыс алаңына жолдама алған соң басталды. Жобалау бөлімінің аға инженері қызметінен бас тартқан Д.А. Қонаев өндірісті тікелей сұрап, айналмалы соқпалы бұрғылау станогының машинисі болып жұмысқа кіріседі. Қарапайым машинисттен шахтаның бас инженеріне дейінгі еңбек жолын өткен Д. Қонаев артта қалған аймақтарды алдыңғы қатарға шығарған жоғары кәсіби өндіріс көшбасшысы болды. Оның жеке белсенді қатысуының арқасында шахта жетіспейтін тау-кен техникасын, әлеуметтік-мәдени өмірге қомақты қаржыны алды, нәтижесінде өндіріс айтарлықтай қарқын алды.

1938 жылы қарашада алғашқы Балқаш мысы алынды. Осы еңбек ерлігі үшін КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы жұмысшылар мен инженер-техник қызметкерлердің үлкен тобын ордендермен және медальдармен марапаттады. ИӘ. Қонаев алғаш рет мемлекеттік награда – «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Шахтада жұмыс істеп жүріп коммунистік партия қатарына өткен.

Шұғыл континенттік климат, қиын өмір сүру және еңбек жағдайлары, қатал репрессия кезеңі Қазақстанның болашақ көшбасшысының мінезін жұмсартты. Күнделікті жұмыстың аса шиеленіс қарқыны, инженер Қонаевтың жоғары кәсіпқойлығы оның мансаптық өсуіне қолайлы әсер етті.

1939 жылдың қыркүйек айының соңында Д.А. Қонаев Балқаш қаласынан Қазақстан Компартиясы (б) Орталық Комитетінің қарамағына шақырылып, кейіннен Риддер кен басқармасының директоры болып тағайындалды. 18 қазан күні Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев пен Зухра Шәріпқызы Ялымованың тойы өтті. Алайда, отбасылық ерлі-зайыптылар Риддерге жұмысқа кеткен.

КСРО шекарасындағы соғысқа дейінгі жағдай стратегиялық сала – металлургия өнеркәсібіне қойылатын талаптарды күшейтті. Аз ғана уақыттың ішінде кеніштің жаңа директоры оны артта қалғандардан алдыңғы қатарға шығарып, өндіріс көлемін еселеп арттырды. 1941 жылы Риддер қаласы Лениногорск болып өзгертілді. Айта кетерлігі, соғыс жылдарында жауға атылған 10 оқтың 9-ы Лениногор қорғасынынан балқытылған.

1942 жылдың сәуірінде Қонаев Орталық Комитеттің қарауына шақырылып, 20 сәуірде республика Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 1942 жылы 6 маусымда Д.А.Қонаев Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесінде қызметке кірісіп, кейіннен белгілі болғандай, балалық шағы өткен қалаға мәңгілікке оралады. Техникалық тапсырма түсті металлургия, көмір және мұнай өнеркәсібі, электр станциялары, темір жол, көлік, қорғаныс зауыттарының жұмысын үйлестіру болып анықталды. 30 жасында Д.А. Қонаевқа мемлекеттік басқарудың ең жауапты бөлімі, бүгінгі өлшем бойынша – Премьер-Министрдің орынбасары қызметі сеніп тапсырылды. Ол кезде Қазақстан Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағасы болып жұмыс істеген Н.Д. Ундасынов, ҚКП ОК екінші хатшысы – Ж.А. Шаяхметов.

1949 жылдың ақпан айының аяғында Қазақстан коммунистерінің IV съезінде Д.А. Қонаев алғаш рет Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Алайда олар Н.А. Ундасынов бұл съезде қатыса алмады, себебі олар апатты жою үшін Қызылорда облысында болды. Көктемгі тасқын бөгетті жарып өтіп, Орталық пен Орталық Азия арасындағы теміржол қатынасын үзіп, Қызылорданы су басып кету қаупін тудырды. Апатты жоюға үлкен күш, көптеген техника, әскери және теміржол қызметкерлері жұмылдырылды. Бірақ, соған қарамастан, серпінді сайтты жабу мүмкін болмады. Бірде Д.А.



Қонаевқа терең қария келіп, «қарабураны» пайдалану керек екенін айтты. Ол түсіндірді: лассонды жерге созып, оларға қамыс, сабан, топырақ салып, таспаны тығыз орамға айналдыру керек. Содан кейін осы орамдармен серпінді блоктаңыз. Темір бөгет салуда, өзендерді бөгеуде қолданған бұл әдісті қолдану нәтижесінде күндізгі серпіліс жабылды. Дана қарттың ақыл-кеңесі ғана әскери батальондар мен ондаған ірі мамандарды қуатты техникасымен алмастырғаны белгілі болды. Осыдан кейін Д.А. Қонаев ақсақалға ғылым үшін бір емес, бірнеше рет ойша алғыс айтып, замандастарының халық тәжірибесіне немқұрайлы қарайтынына налыды.

1951 жылы желтоқсанда Қонаевты Шаяхметов шақырып, Қазақстан тарихын идеологиялық көрсетудегі жағдайды түзету қажеттігіне байланысты Ғылым академиясын басқаруға ұсыныс жасап, одан бас тартылды. 2 айдан кейін Орталық Комитетке қайта шақырылды. Шаяхметов бұл жолы Қонаевтың ғылым басқармасына ауысуына келісімін алды.

1952 жылы 16-17 сәуірде республика Ғылым академиясының жалпы жиналысының сессиясы болды. Орталық Комитеттің идеология жөніндегі хатшысының қысымымен бірінші күні-ақ олар академик М.П. Русаков пен А.К. Жұбанов, корреспондент-мүше – Қ.Д. Жұмалиев. Кейіннен оларға қатысты әділеттілік орнады. 17 сәуірде қазақтың ірі ғалымы Қ.И. Сәтбаев жасырын дауыс беру арқылы Ғылым академиясының президенті және президиумының мүшесі қызметінен босатылды.

Ғұмыр кешпей қара бастың қамы үшін,

Қорғадыңыз ел мен жердің намысын.

Тарих өзі таразылар, танытар,

Ұлық қазақ Қонаевтың сан ісін -,

деп халық оның есімін ұлықтап жүр. Ұлт тарихын зерделей отырып, ұлт перзенттерін ұлықтай отырып, ата-бабаларымыз бен оны жасаған тұлғалардың, олардың мұралары мен болашақ туралы ой-пікірлерін зерделеп, кейінгі ұрпаққа жеткізу – абыройлы парыз. Қазақ зиялыларының өкілдері біздің қоғамда бір шоқ жұлдыздай ұйыған нұрды құрайды. Үнемі озық дамуға ұмтылған, өзінің парасаттылығымен, нақты тұжырымдарымен, бағыт-бағдарына ықпал ете алатын қоғамның тынысына әсер ететін басты күш – зиялылар қауымы. Сондықтан да зиялылар тарихын зерделеу, ғылымдағы, қоғамдағы орнын саралап, оған қосқан үлесін саралап, тәрбиелік қырларын анықтап, баға беру – маңызды міндеттердің бірі.

Дінмұхамед Қонаев 1986 жылы желтоқсанда Алматыдағы атақты Желтоқсан оқиғасы найзағайға ұласып, зейнеткерлікке шыққаннан кейін тез арада халықтың көңілінен шығып, ұмытыла бастады. Үш жылдан кейін Нұрсұлтан Назарбаев Геннадий Колбиннің орнына Қазақстан Коммунистік партиясының бірінші хатшысы болып тағайындалды. Біраз уақыттан кейін ол тәуелсіз Қазақстанның президенті болды, содан бері ол 20 жылдан астам билік жүргізді. Ал Қонаев көлеңкеде қалды. Дегенмен, көреген мемлекет және қоғам қайраткері Қонаев атамызды ешқашан ұмытпаймыз.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Адамбаев Б. Алтын сандық. Әдеби мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1989 ж. - 200 б.
2. Бердібаев Р. Қазақ тарихи романы. – Алматы: Наука, 1979 ж. – 240 б.
3. Д.Қонаевқв арнау Алаш газеті 1998 жыл 12 бет.





# ТАРИХҚА ТӨРЕЛІК АЙТУ ҚИЫН

**Бокаева Н.С.**

*Ақтөбе қаласы «№36 қазақ орта мектебі» КММ  
мектеп директорының әдістеме ісі жөніндегі орынбасары*

**Тайман Ж.Т.**

*Ақтөбе қаласы «№36 қазақ орта мектебі» КММ  
тарих мұғалімі*

Әр ғасырдың, әр дәуірдің өз бояуы бар. Жарық - сәулелі, қоңырқай-көлеңкелі тұсыда аз емес. Өткенің мен бүгінің, ертеңің бәрі мидай араласып жатыр. Алайда, тарихтың кестелі шежіресіне кез келген пенде өз өрнегін қалауымен сала алмайды. Тарихта аты қалатындар - топтан озған тұлғалар. Біреулері бүкіл империяны шеңгеліне ұстап, қаталдығымен есте қалса, екіншілері ұлы қырғын соғыс ашып аты шығады. Ал, өркениет атаулыны өрлетіп, жер бетіне игілік әкелген ұлылар қаншама? Міне осындай тұлғаларымыздың бірегейі, халқымыздың аяулы перзенті, аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері-Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.[1,76]. Халқының қалтқысыз құрметі мен шексіз сүйіспеншілігіне бөленген Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қарапайым кісілік, кемеңгерлік, тектілік, көрегендік қасиеттері мен ел жұртына адал тілекшілігі адамды таң қалдырмасы сөзсіз. [2, 186]

Ғалымның жазған хаты, жақсының жасаған жақсылығы ешқашанда өшпейтінін ескерсек, тірі кезінде пайғамбар атанбаса да халқының махаббатына шынайы бөленген, кісілік кішілігімен, азаматтық болмыс-бітімімен қара орман қазақ жұртының жүрегінен орын алған Алаш ардақтыларының бірі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев уақыт деген ұлы көшке ілесіп, жүз деген жастың шыңына шығып, өзі болмаса да рухы артында қалған ел жұрты айтулы мерекеде азаматтың азаматтығын айтып, түрлі естеліктерден бөлісу, елім деп еңіреп кеткен ұлы тұлғаға құрмет болумен қатар, өткенді, ұлылықты дәріптеудің, тарихты қастерлеудің үлгісі болары анық.[3,586]

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында өмірге келген. 1930 жылы Алматыдағы орта мектепті бітіріп, 1931-1936 жылдар аралығында Мәскеу қаласының М.И.Калинин атындағы түсті металдар және алтын институты кен факультетінде оқып білім алады. 1939 жылы КОКП мүшелігіне өтіп, өмірінің соңына дейін мемлекеттегі республикалық және саяси биліктің шыңында түрлі қызметтер атқарады.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың Мәскеудегі алғашқы оқу жылдары Кеңес Одағының және Қазақстанның адам айтқысыз қиын қыстау кезеңіне дәлме дәл келеді. Бұл кезең аты шулы ұжымдастыру, күштеп отырықшыландыру кезеңі болатын. Нәтижесінде қазақ халқы аштыққа ұшырап, қырылған кезеңдері Мәскеудегі студенттердің жиналыстарында жиі талқыланып, білім іздеген жастардың ахуалдары болмай елге қайтуға мәжбүр болды. Дегенмен Дінмұхамед аса шыдамдылық пен



оқуын ойдағыдай аяқтап 1936 жылы Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмыс істеуге жолдама алды. Мұнда бұрғылау станогының машинисінен бастап рудник директорына дейін қызмет атқарды. Ол басшылық жасаудың сан алуан қыры мен сырын үйреніп, шындалды, атап айтқанда келешекті ойлап абай болу, нақтылы жағдайда бағалау, жүктелген жауапкершілікті толық сезіну секілді қасиеттерді игерді. Бұл қасиеттер Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қызмет бабындағы баспалдақпен жоғары көтерілуіне жол ашты.[4, 128б]

Дінмұхамед Ахметұлының ғылымға деген талпынысы мен құштарлығы техника ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесіне диссертация қорғауына әкелді. Кандидаттық диссертацияның негізінде оның бірнеше ғылыми еңбектері жарық көрді. Олардың қатарында: “Қоңырат руднигіндегі бұрғылау-жару жұмыстары” (1949 ж), “Қоңырат мыс кенін қазу” (1949 ж) және тағы да басқа еңбектері бар.[5.89б]

“Қоңырат руднигіндегі бұрғылау-жару жұмыстары” еңбегінде жер қыртысы, құрылысы мен құрамы, геофизикалық өрістері мен пайдалы қазбалар және олардың кен орындары, кен орындар жаралуының табиғи жағдайлары мен генетикалық типтері, кен орындарының өнеркәсіптік типтері: металл, бейметалл, жанғыш және техногендік пайдалы қазбалар туралы қарастырылған. Сондай-ақ, кен орындарды ұтымды және қауіпсіз пайдаланудың жағдайлары туралы сипаттама береді.[6, 32б]

“Қоңырат мыс кенін қазу” атты ғылыми еңбегінде “Қоңырат” мыс кентасының ірі кен орынында металды игеруде Қазақстан әлем елдерінің алдыңғы үштігіне кіргендігін, сонымен қатар мыс кенін өндіруде технологияға аса мән берген жөн деп өз пікірін білдіреді. Мыс кендерін байыту технологиясында елеу және майдалауға аса мән бергені жөн, себебі мұндай технология мыс өндіруде кеннің сапасын жоғалтпай сақтап тұратындығын айтқан болатын.[7, 78-80б.]

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев жан-жақты, әртектегі мемлекеттік және қоғамдық саяси қызмет бабын жемісті ғылыми зерттеу және ғылымды ұйымдастырып басқаруды асқан шеберлікпен ұштастыра білді. 1952 жылы КСР Ғылым академиясының академигі болып сайланып, 1952-1955 жылдар аралығында президенті қызметін атқарды. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Министрлер кеңесінің төрағасы, Қазақстан Компартиясының ОК бірінші хатшысы болған кезінде Ғылым академиясын назардан тыс қалдырған емес, үнемі материалдық және қаржы бөліп, жаңа ғылыми зерттеу орталықтары мен институттарын ұйымдастырып, география, сейсмология, молекулярлық биология, биохимия, органикалық синтез және көмірқышқыл химия ғылыми зерттеу институттарын ұйымдастырып ғылымның дамуына өзіндік үлесін қосты. [8,312б]

Қонаев – ғасыр адамы. Бұл кісі ғылымға, мәдениетке ерекше көңіл бөлді. Илияс Есенберлин «Көшпенділерін» жазғанында, Олжас Сүлейменовтың «Аз и я» кітабын және Мұрат Әуезовтың «Жас Тұлпар» ұйымын Мәскеу жаппай қаралай бастағанда, Қонаевтың оған сабырмен ара түскенін айта кету керек. М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, сынды ақын, жазушылармен тікелей араласып, тіпті, Шәкен Аймановтың «Қыз Жібек» фильмінің шығуына үлкен әсер еткен.[9, 122б]

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өзінің артынан өшпес мұра қалдырып кетті. Оның 450-ден астам ғылыми және публицистикалық еңбектері жарық көрді. Мысалға: «Советтік Қазақстан» (М.,1978, Алматы.,1980ж), «Таңдамалы сөздері мен мақалалары» (М., 1978, Алматы 1978ж), «Лениндік ұлт саясаты қолданыста» (Алматы 1981 ж) еңбектері ХХ ғасырдағы республика өмірінің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени, сондай-ақ ұлтаралық қатынас мәселелеріне арналған еді. [10, 4-5б.]

Ғылымды бір жақты қарамай мәдениетке, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге де ат салысқан алып тұлға. Нұрғиса Тілендиевтің “Отырар сазының” да шығуына өзіндік үлесін қосты.[11,159б.б] Қонаевтың ықпалымен кезінде қазақ даласының тағы бір ұлы тұлғасы, екінші Ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фарабиді туған жеріне қайта таныстыру мақсатында 1975 жылы Мәскеуде және Алматы-



да Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерекесіне арналған халықаралық конференциялар өтті. 1970 жылы Д.А.Қонаев атақты археолог Кемел Ақышевты қабылдап, оңтүстік Қазақстандық кешенді археологиялық экспедициясының құрылуына және жыл сайын аталған мақсатқа қомақты қаржы бөлінуіне ықпал ете отырып төл тарихымыздың зерттелуіне жағдай жасады. Кейін Қазақстанның ең таңдаулы археологиялық табылымы Есік обасынан табылған “Алтын адамды”, сондай-ақ сақ дәуірінің керемет жәдігерлерін Египетте өтетін халықаралық көрмеге апарып шетелдіктерге таныстыруға жағдай жасаған еді.[12, 274б]

Зейнеткерлікке шыққанан кейін «Өтті дәурен осылай» атты естелік кітабында КСРО және Қазақстанның XX ғасырдағы саяси өмірінің көптеген қырлары мен сырлары баяндалды. [13, 64б]


Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев мемлекет және халық алдында сіңірген зор еңбегі үшін 3 мәрте (1972,1976,1982ж) Социалистік еңбек ері, Қызыл ту ордендерімен және Октябрь революциясы орденімен марапатталып, 1999 жылы Халықаралық Абылай хан қоры, Қазақтың тарих және мәдени ескерткіштерін қорғау қоғамы мен “Алтын адам” қоры құрған қоғамдық кеңестің шешімімен Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев “Ғасыр саңлағы” деп жарияланды

“Көрнекті адамдар өз елінің бағына, не сорына туады” деген ескі мақал бар. Илияс Есенберлин: Дінмұхамед Ахметұлы болса туған елінің бағына туған және біздің әрқайсымыз үшін айрықша ыстық. Әсіресе ол өмірі қауіп қатерде жүрген адамдарға тіптен ала бөтен жақын сияқты. Оның басты қасиеттері адам сүйіспеншілігінде, әділеттілігінде, биік адамгершілігінде, нақтылығында, істі терең білуінде. Оны өзгелерден ерекшелендіріп тұратын қасиет ғажайып даналығы болса керек. Ол өз ісі арқылы халқының шынайы сүйіспеншілігіне ие болды.[14, 189б]

Қорытындылай келе, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев халықтың көңілінде беделі биік саясатшы, табанды қайраткер, талантты біртуар басшы, телегей теңіз терең ақылдың кені, аса білімдар, ешкімге қиянат жасамаған көсем мінезді, салиқалы салмақты, сөзі дуалы, пәк, асқақ мұраты мен парызын адал орындаған, ұлан ғайыр жұмыс атқарған еңбекқор, заңғар тұлға ретінде халық жадында мәңгі сақталып қалады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. О.Қауғабай. Таңғажайып Қонаев. Алматы-Қазығұрт 2008 ж
2. А.Жақиянова. Алып тұлға және айдынды қала. Алматы 2012 ж
3. Дара дана тұлға. Алматы 2012ж
4. Орталық ғылыми кітапхана. Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы.Алматы 2011 ж
5. Р.Ниязбек. Кемеңгер. Алматы, Жалын баспасы 2011 ж
6. Д.Қонаев.“Қоңырат руднигіндегі бұрғылау-жару жұмыстары”. Москва.1949 ж
7. Д.Қонаев. “Қоңырат мыс кенін қазу” Москва 1949 ж
8. Тараз газеті// Дінмұхамед Қонаев және Әулиеата өңірі. 2016 ж
9. Ақиқаттан аттауға болмайды. Алматы 1994 ж
- 10.Қазақ әдебиеті//Қонаев дәуірі және Біз. 06.01.2012 ж
- 11.Р.Ниязбек. Көсем. Алматы 2021 ж
- 12.Егемен Қазақстан//Қонаев және ұлттық құндылықтар. 03.02.2022 ж
- 13.Д.Қонаев. Өтті дәурен осылай. Алматы 1992 ж



# Д.ҚОНАЕВ АТАМЫЗДЫҢ ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БИІК БЕЛЕСТЕР МЕН АЛАР АСУЛАРЫНЫҢ БАҒЫНДЫРУЫНА СІҢІРГЕН САРА ЕҢБЕГІ

**Мұратбекқызы Дильназ**

*Ақтөбе қаласы «№8 орта мектебі» КММ*

*10 класс оқушысы*

*Жетекшісі Бишенова А.А.*

**М**ақалада қазақтың дара да дана перзенті, біртуар ұлы, қоғам қайраткері, өз заманының нар тұлғасы, еңселі ері Қонаев Дінмұхамед Ахметұлының қазақ ғылымына қалдырған зор, ерен еңбегімен оның дамуы және бүгінгі жастар қоғамындағы өзектілігі мәселесі қозғалады.

Бүгінгі күні Отанымыз Қазақстан Республикасы тәуелсіз, еңсесі биік, өзге дамыған мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең, егеменді ел болып қалыптасты! Қазақстанның тәуелсіз, күннен күнге шарықтап дамып, өсіп келуі ел болашағы үшін тырысып, көркейткен кемеңгер жандардың еңбегі. Мемлекетіміздің осынау ғасыр бойына езгіге түсіп, ел басына күн туған сәтте, алғаш еліміздің ертеңі үшін 40 жылдай ел басқарып, 47 қала тұрғызып, халықтың әл-ауқатын көтеріп, «елім» деп адал қызмет, қажырлы еңбек сіңіріп, артынынан баға жетпес мұра қалдырған ұлы тұлғаның бірегейі-Дінмұхамед Қонаев атамыз! Әкесінің ғана емес, халқының баласы бола білген, өз отбасы үшін емес, қазақтың ұрпағы үшін барын салды. Димаш атаның басқарушылық жылдарында мәдениет, ғылым, білім дамып, халық рухани азық жинап, білім нәрімен сусындап, Димаш Ахметұлының арқасында әлем бізді таныды! Алып қайраткердің білімінің тереңдігі, дүниетанымының кеңдігі-қазіргі қазақ қоғамындағы «болашағымыз» деп үміт артып отырған жастардың әлем елдерінде сынды білім, ғылымменен дамуы қандай тұлғаға зәру болып отырғанын айқын бейнелейді.

Ұлы тұлғаның дара жолын халық жадында сақтап, өскелең ұрпаққа жеткізу, Д.Қонаев армандаған білімді қоғам құру, «білімдінің күні жарық» ұранымен алға ұмтылу, оның тек қана қайраткерлік және саяси бейнесін ғана емес, қазақ ғылымына қосқан үлесін дәріптеу, ұлықтау-біздің абыройлы парыз әрі басты мәселе болмақ. «Бүгінгі өскелең ұрпақ арасында Қонаевтың еңбектері өзекті ме?» деген сұрақ төңірегінде мәселе көтерілуі керек. Расында да, даналыққа толы, өнімді еңбектер өз өзектілігін бүгінгі күнге дейін жоймады. Себебі, туындыларда тарих, Сталин мен Горбачев саясаты, Ғылым Академиясын ашудағы халықты сауатты етуге бағытталған бірқатар маңызды міндеттер,




ақыл-өсиеттері, ғылыми жұмыс пен ғылымның өндіріспен байланысы, республиканың өндіргіш күштерін дамытудың өзекті де түйінді мәселелерін шешу, ресурстарды тиімді пайдалануға бас назар аударылып, осы еңбектер арқылы Ғылым Академиясының жұмысы жандандырыла түскен болатын. Қазіргі таңда да өзектілігін жоймаған, тарихтағы ең елеулі оқиғалар арқылы бізге ағынан жарылып, жаңа ғасыр болашағын дамытуға, қазақ ғылымы арқылы білім алып, Димаш атамыз өзі сынды елі үшін туып, қызмет етер жастардың көбейіп, оның еңбектерін танып, «елдің өркендеуіне үлес қосуымыз керек» деген оймен саналы да сапалы ұрпақ шығара, сол замандағыдай қоғамнан аулақ болып, Б.А.Төлепбаевтың пайымдауына жүгіне отыра «Д.А.Қонаев ірі ғалым, әрі ғылымды білікті ұйымдастырушы ретінде Қазақстанның Ғылым Академиясының гүлденуіне көп еңбек етті. Оның басшылығымен Ғылыми күштер мен материалдық ресурстар шоғырланған республика, өндірістік күштерінің дамуының, кешенді мәселелерін шешуде сонымен қатар ұлт мәдениетінің көтерілуінде «Ғылыми мекемелердің жұмысы жандана түсті» дей, Дінмұхамед Ахметұлы атамыздың ғылымға сіңірген еңбегі жеткізе, туындыларында жастарға «тура жолды» насихаттайды.

Келешек Қазақстан үшін де маңызды міндеттер, пайдалы зерттеулер жүргізген де Димаш Ахметұлы! 20 ғасыр, 40-50-ші жылдарында патшалықтың саясатының басты максаты әдебиет пен өнер, ғылыми еңбектер, тіл құралдарға қатаң ереже қолдана, тыйым сала, қалыптастырып қойған ережеден аспай, қазақты жоя, ана сүтімен дарыған қазақтың құндылықтарын сызып тастауға, тілін ұмыттыруға, сана-сезімін улап, тұншықтырып, алыстату болды. Олардың шарасыз күйге түсіріп, шыбын жанын шүберекке түйіп, шырылдағандарды жойып жібергенінде, қазақтың ертеңгі тағдыры қалай боларын да елестету қиын. Дінмұхамед сол замандағы да қиындыққа төтеп беріп, 10-ға жуық ғылыми түрде еңбектерін шығарды. Мұны келер ұрпақ түсініп, оның қаншалықты үлкен жауапкершілік пен еңбек, халқына деген құрмет екенін түсінуі абзал. Расында да, бұл оқиғадан кейін де Отанына деген шынайы сүйіспеншілігіне көзіміз жетеді.

Шынында да, елінің игілігі үшін атқарылған игі істерді кемел жан - Д.Қонаевтың қазақ ғылымына деген өлшеусіз қамқорлығы ғана емес, қазақ ғылымының биік белестер мен алар асуларының бағындыруына сіңірген сара еңбегі деп мақтан етеміз. Сондықтан да олардың тарихта, ғылымда алар орнын, қоғамға қосқан үлесін саралай отырып зерделеу, бағалау, тану, түсіне біліп, жеткізу маңызды міндеттердің бірі. Сол үшін де қоғамы мен Отан алдындағы өз перзенттік парызын айқын да анық түсінген жан, қандай жағдай болмасын оны адал орындағандар, әрқашан дәйім жұртының нағыз азаматы, бетке ұстары, шамшырақтары болып қала бермек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.Ә. «Елі барда ер елеусіз қалмайды» // Егемен Қазақстан – 2010 ж
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1994 жылдың 24 ақпанындағы «Д.А.Қонаевтың атын мәңгі есте қалдыру туралы» қаулысы Кеңестік Қазақстан ғылымы (1920-1980). Алматы. Ғылым, 1981 ж
3. Қонаев Д.А «Өтті дәурен осылай» (Естелік эссе)– Алматы. 1992 ж
4. Қонаев Д.А. «Ақиқаттан аттауға болмайды»– Алматы – 1997 ж
5. Қазақстан 40 жыл Статикалық жинақ – Алматы, 1960 ж



# НАҒЫЗ ҰЛТЫ ҮШІН ТУҒАН ПЕРЗЕНТ

**Адаева Жанар Алимжановна**  
*Ақтөбе қаласы «І.Есенберлин атындағы  
№15 орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**О** таршыл Кеңес үкіметі тұсында ел ағалардың басты мақсаты ұлт тұтастығын сақтап қалу болды. Олар күрес жолында тынбай еңбек етті, тәуелсіздікке ұмтылыста жан алысып, жан берісті. Солардың бірі де бірегейі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Бұл есім әрбір қазақ үшін қастерлі де қасиетті. Тарихымызда ойып тұрып орын алған ірі тұлға. Халқы үшін аянып қалмаған ардақты азамат. Халқы да қайраткер ұлын ұлықтап, «Димаш» деп еркелеткен жұрт төбесіне көтерді. Олардың ел перзентіне арнаған ыстық ілтипат пен сенімі Димаштың қанатын кеңге жаюына себеп болды. Бұл турасында Дінмұхамедтің өзі «Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім» деп ағынан жарылды.

Елу жыл ел ағасы болып Қазақстанды басқарған тұсында республикамыздың өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығы, мәдениеті мен руханияты қарышты қадаммен дамып, еліміз аграрлы елден аграрлық-индустриялық елге, мәдениеті мен өнері, білімі мен ғылымы шарықтап өскен алдыңғы қатарлы мемлекет болды. Мәселен, 1955 - 1986 жылдар аралығында өнеркәсіп көлемі 9 есе, ауыл шаруашылығы 6 есе, құрылыс 8 есеге жуық өсіпті. Экономикалық қуатымызбен қатар демографиямыз да артты. 1959 жылы Қазақстанда 2 млн 787 мың қазақ болса, бұл көрсеткіш 1987 жылы 7 млн-ға жетті. Ал бұл жетістік елдің әл-ауқатынының жақсарғанының нәтижесі емес пе?! 1976 – 1986 жылдары 68 жұмысшы ауылы, 43 қала бой көтеріпті. Кеңес құрсауында болған ел үшін бұл он жыл ауыз толтырып айтуға тұрарлық «бастамалар» еді. Мұның бәрі халықтың рухани сілкінісінен, тұрмыстық талпынысынан туындағанын жоққа шығару - қателік. Тұтас қауымның еңбегін бағалап, саясат пен экономиканың хал-ахуалын дұрыс жолға қоя білу ақылды басшы мен көреген саясаткердің ғана қолынан келер іс. Осы айтылғанның бәрі Дінмұхамед Қонаевтың сыр-сипаты, кемеңгерліктің айғағы. Ел жадында сақталған ер есімінің 100 жылдық мерейтойында сөз сөйлеген тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаев «Дінмұхамед Ахметұлы – айрықша ардақтауға лайықты қарымды қайраткер. Сондықтан біз оны Тәуелсіздікке дейінгі тарихымыздың тегеурінді тұлғасы деп бағалауымыз керек» деп атап өтті.

Өздеріңізге мәлім, Д.А.Қонаев партиялық және мемлекеттік қызметпен қатар ғылыми жұмысты таразыда тең ұстаған жан. Ол ұлттық ғылымның дамуына орасан зор қызмет еткен академик. Кен ісі саласындағы алғашқы ғылыми ізденістерінен бастау алған ғалым өз жолында 200-ден астам ғылыми және публицистикалық еңбектер жазып шықты. Бірқатар ғылыми жұмыстары шаруашылық пен өндірістік-сынақ тәжірибесінен өткізілген. Ол жобалардың халық шаруашылығына тигізер пайдасы мол екендігі іс жүзінде дәлелденген. Қонаев өндіріс тиімділігін арттырумен қатар, жас ғалымдарды





қолдау және білім сапасын арттыру мәселелеріне де ұдайы көңіл бөліп отырған. Қазақ өнерін жоғары бағалаған Д.Қонаев өнерде жүрген жандарды жан жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті.

Осы уақытқа дейін Дінмұхамед Қонаев еңбегі мен қызметі жөнінде бірқатар мақалалар жазып, бұл дүниелер ғылыми әрі әдеби шығармаларға арқау болған. Сол уақытта өмір сүрген, әдебиет пен руханияттың басы-қасында болған жандардан сыр суыртпақтасаң, көпшілігі Д. Қонаевтан көрген көмегін, оның ірілі істерін, іргелі сөздерін айтады. Бұл да тау тұлғаның адамгершілігі мен парасатаның биік белгісі деп санаймыз. Себебі, оның «несиесіз көмек» көрсеткендігі үлкен өре мен мінезден туындайды. Бүгінгідей сенім мен уәдеге салғырт қарайтын күнде Дінмұхамед Қонаевтың осындай үлкен батылдыққа баруы – үлкен іс. Ол да кез келген адамға ондай көмекті көрсетпеген. Ол халықтың мәртебесін көтеріп, аты мен даңқын әлемге танытып жүрген жандарға қолдау көрсету, сенім білдіру мақсатында осындай ірілі істерге барған. Сондықтан, бүгінгі күнге дейін түрлі жандардың тау тұлғалы Дінмұхамед Қонаев туралы оң көзқарастарын білдіруі орынды деп санаймыз.

Адамның азаматтығы оның сөздерімен қатар істерінен де байқалады. Сын сағатта сынға түскенде адамның шынайы бейнесі мен мінезі көрінеді. Дінмұхамед Қонаев сын сағатта өзінің тұлғалық болмысын берік ұстаған қайраткер. Соның бір дәлелі – Түркістан облысында орналасқан «Арыстан баб» кесенесін қайта жөндеу еді. Сан жылдардан бері ешбір жөндеусіз тұрған киелі орын үкімет тарапынан мүлдем қолдаусыз, қаражатсыз қалады. Тарихта аты машһүр Арыстан баб жерленген кесенеге әр беріп, оны қайта жөндеуден, реконструкциядан өткізуге үкімет те, билік те құлықсыз болатын. Осы жағдайды толықтай түсінген Дінмұхамед Қонаев, Өзбекәлі Жәнібеков секілді қазақтың маңдайына біткен қасқалары аталмыш мәселені өз қолдарына алады. Мәскеуге Түркістандағы су құбырларын жөндейміз деп жолданған хатта Дінмұхамед Қонаев өзінше сыр жасырады. Яғни, оның негізгі мақсаты – су құбырларымен қатар «Арыстан баб» кесенесін қайта жөндеу еді. Қайраткер Өзбекәлі Жәнібековтің де табандылығының арқасында Мәскеуге жолданған хат өзінің шешімін табады. Тау тұлғалы қайраткерлердің арқасында жүзеге асқан бұл жұмыс өзінің жемісін береді. Көптен бері бір қайнауы ішінде болған қазақ тарих ғылымы да осы кезде қозғалады. Қаншама жылдардан бері Арыстан баб, Әл-Фараби секілді тұлғалардың зерттелмей, ғылыми жұмыстар жазылмай келді. Алайда, аталмыш жағдайдан кейін қазақ ғылымы қозғала бастады. Тарихи тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы, олардың атқарған істері жөнінде тарих ғылым өзіндік қорытындылар шығарды. Бұл Дінмұхамед Қонаевтың азаматтық тұлғасының бір қыры еді.

Димаш аяулы халқының, талай теперішті бастан өткерген елінің қамқоршысы еді, жоқтаушысы еді. Сол үшін оны барша қауым ел өз баласындай жақсы көретін, өз ағасындай ардақтайтын. Жарлыға үй берген, жаяуға көлік мінгізген Дінмұхамед Қонаев өз заманында біраз жанға өз көмегін көрсетіп, ыстық ықыласқа бөленген. Қоғам қайраткерінің бұл арда болмысын Асанбай Асқаровқа айтқан сөзінен байқасақ керек. «Орысты ренжітсең Мәскеуге шабады, қазақты ренжітсең қайда шабады? Өзіңнің алдына айналып келеді, Асанбай. Орыстың артында тұрған Мәскеуі бар. Қазақтың артында Мәскеуі жоқ, қазақтың Мәскеуі – біздерміз Асанбай, қолыңнан келгенше қазақты жылатпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін иісалмас, ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой, біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек» деген екен Дінмұхамед Қонаев. Міне, нағыз ұлты үшін туған перзенттің елінің еңсесін көтеру үшін айтқан ақиқаты.

1931 жылы Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің жолдамасымен Мәскеу түсті металдар институтына оқуға түскен Д. Қонаев 1936 жылдың шілде айында қызыл дипломын қолына алды. Өзінің





кәсіптік қызметін Қоңырат кен байыту орнында бастап, Балқаш пен Қоңырат секілді ірі кен өндіру комбинаттарының құрылысына да тікелей араласады. Академик өз кітабында «Мен Орталық Қазақстанда еліміздің аса қуатты мыс өнеркәсібінің, кейін кенді Алтайда қорғасын-мырыш өндіріс ошағының бой көтеріп, қанат жаюына үлес қосқан алғашқылардың бірі болғанымды мақтаныш етемін» деп қалдырған.

Кеңес уақытындағы әдебиеттану ғылымы жан-жағы құрсауланған, алды тұман, арты күмән еді. Тарих беттеріндегі ақтаңдақтарды ашу үшін, олардың халықтық мәнін көпшілік оқырманға ұсыну мақсатында әдебиеттанушылар барын салды. Алайда, олардың шығармаларына салынған цензура қаламдарына тұсау салды. Міне, осындай қиын кезеңде Дінмұхамед Қонаев тағы да қазақ ғылымы үшін жанын берді, барын салды. Әдебиеттанушы ғалымдар үшін барлық жағдайды жасап, цензураның тігісін жатқызды. Мәселен, Дінмұхамед Қонаевтың қолдауымен сол уақытта бірқатар ғылыми шығармалар жазылды. З.Қабдлов, Е.Ысмайылов, Т.Кәкішев, З.Ахметов, С.Қирабаев секілді әдебиеттанушы ғалымдардың еңбегі осы тұста жарық көрді. Д.Қонаевтың мұрындық болуымен шыққан осы бір ғылыми шығармалардың маңызы да бөлек, мәні де ерек болды.

Ол аңызға бергісіз тұлға. Оның әрбір айтқан сөзі ел арасында ауыздан ауызға тарап, «халықтық нақылға» айналды десек болады. Мұндай алыптар жүз жылда, бәлкім, мың жылда бір туар. Бұл уақыттың еншісіндегі мәселе. Ал біздің міндет – Дінмұхамед Қонаевтың қазақы қасиеті мен өнегелі өсиетін бойға сіңіру, сол арқылы ел мүддесі жолында өз «миссиямызды» адал орындау. Бұл жолда әсте жаңылдырмасын.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. С. Әбдірайымұлы. Өтті дәурен осылай. Алматы. 1992 ж
2. Қонаев Д.А. От Сталина до Горбачева. Алматы. 1994 ж
3. Р. Ниязбек. Кемеңгер. Алматы. 2011 ж
4. А. Карентаев. Д. Қонаев және Әулиеата өңірі. Тараз. 2016 ж
5. К. Аухадиев. Өмір жолы – тар соқпақ. Алматы. 1998 ж



# ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН

**Құрақбаева А.**

*Қ.Жұбанов атындағы*

*Ақтөбе өңірлік университетінің*

*4 курс студенті*

**Д.** Қонаевтың тағдыры, бір жағынан, жалпыға ортақ оптимизм мен халықтың социализм идеалдарына деген мызғымас сенімі, екінші жағынан қуғын-сүргін, тұтас халықтардың тарихын, этникалық мәдениетін және дәстүрін «күйдіретін» жүйенің қатаң ерікті шешімдері тән әлеуметтік-саяси процестердің ықпалымен қалыптасып, Қазақстанның болашақ басшысына ықпал ете алмады.

Д.А.Қонаевтың негізгі ғылыми жұмыстары:

- Қоңырат мыс кені кен орнын игеру;
- Мырғалымсай қорғасын-мырыш кен орнында жер асты жұмыстарынан ашық тау-кен жұмыстарына көшу мүмкіндігін зерттеу;
- Қазақстанда ашық тау-кен жұмыстарын дамыту;
- Қазақ КСР: қысқаша тарихи-экономикалық очерк;
- Кеніштердегі тау-кен машиналарын электрлендірудің ғылыми-техникалық негіздері;
- «Менің уақытым туралы» (1992), «Сталиннен Горбачевке дейін» (1994) кітаптарының авторы.

Д.Қонаев институтты бітіргеннен кейін «Прибалхашстройға» жіберілді. Ұлы Отан соғысы кезінде «Алтайполиметалл» комбинатында бас инженердің орынбасары және техникалық бөлімнің бастығы, сондай-ақ Лениногор кен басқармасының Риддер кенішінің директоры болып жұмыс істеді.

Студент кезінде-ақ Д.Қонаев күштеп ұжымдастыру және қазақтарды отырықшы өмір салтына көшіру жөніндегі ойланбаған еріктілік іс-шаралары миллиондаған отандастарының өмірін қиған және қазақ халқының геноцидіне айналған жаппай ашаршылыққа алып келген республиканың қиын-қыстау жағдайына көз жеткізді.

Жас инженер Д.Қонаевтың кәсіби жолы 1936 жылы Мәскеу Түсті металдар және алтын институтының тау-кен факультетін бітіргеннен кейін, Қоңырат-Балқаш құрылысына жолдама алғаннан кейін басталды. Жобалау бөлімінің аға инженері қызметінен бас тарта отырып, Д.А.Қонаев тікелей өндіріске өтініш жасайды және еңбек жолын соқпалы-айналмалы бұрғылау станогының машинисі болып бастайды. Қатардағы машинистен бастап кеніштің бас инженеріне дейінгі еңбек жолынан өткен Д.А.Қонаев артта қалған учаскелерді алдыңғы қатарға шығарып, жоғары кәсіби басшы-өнеркәсіпші болды. Оның жеке белсенді қатысуының арқасында кеніш жетіспейтін тау-кен техникасын, әлеуметтік мәдени шығындарға қомақты қаражат алды, нәтижесінде өндіріс айтарлықтай қарқынды болды.

1938 жылдың қараша айында алғашқы балқаштық мыс алынды. КСРО Жоғарғы Кеңесінің Президиумы осы еңбек ерлігі үшін жұмысшылар мен инженерлердің үлкен тобын ордендермен және



медальдармен марапаттады. Д.А. Қонаев алғаш рет мемлекеттік награда — «Ерен еңбегі үшін» медаліне ие болды. Ол кеніште жұмыс істей отырып, коммунистік партияға қосылды.

Шұғыл континенттік климат, ауыр тұрмыстық және өндірістік жағдайлар, қуғын-сүргіннің қатал кезеңі Қазақстанның болашақ көшбасшысының мінезін шыңдады. Инженер Қонаевтың күнделікті еңбек қарқынының жоғарылығы, жоғары кәсібилігі оның қызметтік өсуіне оң әсерін тигізді.

1954 жылы ақпанда ҚКП ОК Пленумында ауылды қанағаттанарлықсыз басқарғаны үшін бірінші хатшы Ж.А. Шаяхметов қызметінен босатылды. Көп ұзамай Қазақстан КП VII съезінде П.К.Пономаренко бірінші хатшы, Л.И.Брежнев екінші хатшы болып сайланды. Алғашқы жұмыс күнінен бастап Ғылым Академиясының Президенті мен жаңа партия басшылығы арасында академиялық институттардың материалдық-техникалық базасын нығайтуда елеулі рөл атқарған іскерлік, мейірімді қатынастар қалыптасты.

1954 жылғы 30 қарашада Республикалық Ғылым академиясының жалпы жиналысының сессиясы өтті, онда 13 академик және 17 корреспондент мүше сайланды, ал Сәтбаев геологиялық ғылымдар институтының директоры болып бекітілді.

1955 жылы 31 наурызда Алматыда республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясы ашылды. Сессияда Л.И. Брежнев болған жоқ, ол Барвихада демалды. Алдымен партиялық топта, содан кейін Жоғарғы Кеңестің сессиясында Пономаренко Орталық Комитет пен ақсақалдар кеңесінің атынан Д.А.Қонаевты республика Министрлер Кеңесінің төрағасы етіп тағайындау туралы ұсыныс енгізеді. Жоғарғы Кеңестің сессиясы Қонаевты бірауыздан ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы етіп тағайындады. Ол Қазақ республикасы құрылған күннен бастап Министрлер Кеңесінің сегізінші төрағасы болды. Жаңа қызметте ол 1955 жылдың бірінші сәуірінен бастап жұмыс істей бастады. Осы сессияда Жоғарғы Кеңес Президиумының Төрағасы болып Ақтөбе облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болып жұмыс істеген Ж.А.Ташенев сайланды.

Д.Қонаев білікті басшы, саяси қайраткерлікпен қатар, қазақ ғылымына еңбегі сіңген ғалым ретінде ұрпақ танытын болды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.А. Эпицентр мира. – Алматы: Елорда, 2001. – 294 с.
2. Кунаев Д.А. В. И. Ленин и национально-освободительное движение, в сборнике: Проблемы национально-освободительного движения. Материалы международного симпозиума, посвященного 100-летию со дня рождения В. И. Ленина.- А.-А.,1969, М., 1970;
3. Об основных направлениях внутренней и внешней политики на 2003 год. Послание Президента народу Казахстана Астана, апрель 2002 г.// Казахстанская правда. - 2002. - 2 мая.



# ӘМБЕБАП ТҰЛҒА Д.А.ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ

**Мусина Гүлмира Нысановна**  
*Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы*  
*«№4 Қандыағаш қалалық жалпы*  
*білім беретін орта мектеп» КММ директоры*

**Қ**азақ халқының тарихында Отанына деген сүйіспеншілігімен Қазақстанның өркендеп-дамуына өлшеусіз үлес қосқан белгілі тұлғалар қатары аз болмаған. Осындай тұлғалардың қатарында қазақ халқы тарихында 25 жыл бойы Қазақ КСР-ін басқарған Д.А.Қонаев есімін ерекше атауға болады. Ол адалдық, әділдік, патриотизм секілді әдемі адами қасиеттерді өте жоғары бағалайтын адамдардың қатарына жатты. Бұл турасында «біздің көз алдымызда қазақ мемлекеттілігінің даму мақсатын қалыптастырған белгілі тарихи тұлғалардың, бір сөзбен айтқанда мемлекетшілдердің тұтас толқыны болды. Олар бізге ұлттық көзқарастарға қызмет етудің үлгісін айқын көрсетіп берді»-деп кейіннен еліміздің тұңғыш Президенті өзіне үлгі көрсеткен аға ұрпақ жөніндегі ізгі лебізін көрсетті [1, с. 22].

XX ғасырдың II жартысында әлсіреген экономика мен әлеуметтік жағдайдан кейінгі қиын кезеңде ел тізгінін қолына алып Қазақ КСР-і секілді үлкен республиканы басқару және сол басқарған жылдары халықтың тұрмысы мен жағдайын көтеруді жеке азаматтық борышы санап, дүниенің байлығы, жеке бас мүддесін көздемеуімен ел жадында қалған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев тұлғасын зерттеу бір жағынан оңай болып көрінгенімен, оның жан-жақтылығы, іскерлігін жазып шығу үлкен жауапкершілікті де талап ететіндей.

Бүгінгі күнде Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 100 жылдық мерейтойын салтанатты түрде атап өте отырып, еліміз өткен XX ғасырдың 50–70-жылдарындағы қазақстандық тұтас ұрпақтың еңбегіне лайықты бағасын беруде. Олардың еңбектегі табыстары мен экономиканың негізін қалауға қосқан үлестері тәуелсіз Қазақстанның келешек дамуының іргетасына айналды. Жаңа тәуелсіз елді құрушы қазақстандықтар аға ұрпақ пен сол кезеңдегі басшылардың еңбегін бағалайды.

Қазіргідей еліміз тәуелсіздік алған шақта елдің бұрынғы тарихына, ел басқарған тұлғаларына, мемлекет және қоғам қайраткерлеріне байланысты түрлі көзқарастар мен ой-пікірлер айтылып жүр. Осы тұста Кеңестер Одағының Коммунистік партиясының беделді қайраткер, Қазақ КСР-ін ширек ғасырға жуық басқарған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмірі мен қызметі көптеген зерттеушілердің қызығушылығын туғызды және аталған зерттеушілердің көзқарастарын қайтадан сараптап, тұлға бейнесіне тарихи баға беру өте маңызды. Жалпы осы тұрғыдан алып қарасақ өзінің ерекше басқару-



шылық қабілеті, білімі мен еңбекқорлық қасиеттері арқылы Д.А.Қонаев сол кезең талаптарымен партияның қойған тапсырмаларын барынша сапалы түрде жүзеге асырды және осы арқылы халқының алдында биік абырой шыңына жетті. Ол аталған кезеңдегі Мәскеу тарапынан жасалынған зорлық-зомбылықтар мен қиянат саясатқа қарамастан, қазақ халқының мүддесін қорғау жолында тер төгіп, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына, мәдениетінің өрлеуіне ерен еңбек сіңірді. Ол қандай қызмет атқарса да туған жеріне деген сүйіспеншіліктің, отансүйгіштің көріністерін іс-әрекеті арқылы анық байқатты.

Д.А.Қонаев өзінің сан-салалы өмір жолындағы ерекше қабілетін Республика ғылымын басқарған жылдары да анық көрсете алды.

Дінмұхамед Ахметұлының ғылымдағы ерліктері туралы Қарағандылық ғалымдар тобы төмендегідей мәліметтер келтіреді: «Атақты математик Әлімхан Ермеков Д.А.Қонаевтың ресми қабылдауында екі рет болған және Дінмұхамед Ахметұлы ғалымның тұрмыстық өтініштерін көбінесе оң шешіп беруді өзінің міндеті деп санаған. Бұдан басқа екі тұлғаның арасында ресми емес те кездесу болған екен. Бұл туралы Ә.Ермеков былай деп жазады: «Мені 1932 жылы алғаш рет жұмыста тұтқындағанда Алматыға Шымкент арқылы жүргіншілер поезымен алып жүрді. Көршілес купеде үш студент қазақ жігіттері отырды. Күзетшінің ұйықтаған сәтін пайдаланып мен сол студенттердің біріне өзімнің тұтқындалғандығым туралы әйеліме жазылған хатты ұстатып үлгердім. Содан толық ақталғаннан кейін (шамамен 1960 жылдар) мен бірінші хатшы Д.Қонаевтың қабылдауында болдым. Ол мені жақсы қарсы алып, көмекшісіне маған Алматыдан пәтер беру туралы өтінішімді қанағаттандыруға тапсырма берді.

«Халық жауы» түсінігінің әсері ол кезеңде адамдардың санасында әлі тұрғандығын ескерсек, Д.Қонаевтың бұл көмегі ерлікке тең болатын. Сонымен қоса, Димекең аяқ астынан 1932 жылы тұтқындағы ағаның хатын «жеңгей» деп өзінің апарып бергендігін де айтып қалды» деп жазды [2, с. 112].

Д.А.Қонаев түрлі қызмет атқара жүріп ғылымнан бір сәтке де қол үзген емес. Ол 1948 жылы техника ғылымдарының кандидаты, ал 1963 жылы ғылым докторы ғылыми дәрежесін алу жолындағы диссертацияларды сәтті қорғады. Кандидаттық диссертацияның негізінде оның бірнеше ғылыми еңбектер: «Қоңырат руднигіндегі бұрғылау-жару жұмыстары» (1949), «Соколов-Сарыбай кен байыту комбинаты карьерлерінде кен қазу жұмыстарының технологиясын жетілдіру» (1966), «Қазақстанда кен қазу жұмыстарының ашық әдістерін дамыту» (1950) және т.б. тақырыптарда аса құнды еңбектер жазды. Оның ғылыми еңбектері кезінде жоғары бағаланып, 1942 жылы «Қазақ КСР-і Жезқазған ауданының кен орындары» атты ғылыми еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлықпен, ал 1958 жылы Орталық Қазақстанның металлогендік және болжау картасын жасағаны үшін Лениндік сыйлықпен марапатталды. Ұзақ жылғы ізденістердің нәтижесінде 1952 ж. Академияның толық мүшелігіне (академик) сайланады. Сондай-ақ ғалымның ұзақ жылғы ізденістерінің нәтижесі болып табылатын оның артында қалған 200-ден аса ірі-ірі ғылыми еңбектері бүгінгі күні де сұранысқа ие. Сондай ғылым жолындағы табанды ізденісі мен ғылымның қиыншылығымен қатар қызықты да кезеңдері туралы өзі: «...ғылым жолының инемен құдық қазғандай қиындығына да, шексіз мүмкіндігіне де қайран қаламын. Тереңірек үңіліп, сарсыла ізденген сайын, оның тылсым сырларына қаныққан сайын «ыңдының кеуіп», шөліккей түсесің, арбалғандай алаңсыз «құныға» түсесің. Ғылым деген құдірет осы. Оның түн ұйқыңды төрт бөлгізген ой кемерінен, сол ойдың ел игілігіне айналған жемісін көру қандай бақыт! Мен өзімді сол бақыттың дәмін татқан ғалымдардың бірі болғанымға шүкір деймін», – деп еске алады.

Д.А.Қонаевтың республика ғылымын дамытуға қосқан үлесі туралы академик Б.А. Төлепбаев былай дейді: «Д.А. Қонаев ірі ғалым, әрі ғылымды білікті ұйымдастырушы ретінде Қазақстанның Ғылым Академиясының гүлденуіне көп еңбек етті. Оның басшылығымен ғылыми күштер мен материалдық ресурстар шоғырланған республика өндірістік күштерінің дамуының кешенді мәселелерін



шешуде, сонымен қатар ұлт мәдениетінің көтерілуінде ғылыми мекемелердің жұмысы жандана түсті» [3, 12-б].

Мемлекеттік қызметтен шығып, құрметті еңбек демалысына шыққан Д.А.Қонаев өз өмірінің аяғына дейін халқының ыстық ықыласына бөленді. Қайраткер тұлға өмірінің соңында да өз халқына қызмет жасау мұраттарынан бас тартпай, ғылыммен айналысып, мемуарлық еңбектер жазып қалдырды. Тарихта «Қонаев кезеңі» деген атау алған ХХ ғасырдың 60 жылдарының басы мен 80 жылдарының ортасындағы республика экономикасының өрлеуі Дінмұхамед Ахметұлының сол елді өркендету жолындағы тәжірибесі баяндалған сол мемуарлық «Өтті дәурен осылай», «Ақиқаттан аттауға болмайды» кітаптары ерен тұлғаның өмір жолы арқылы ұлтына, халқына қалай қызмет жасау қажеттігін келер ұрпаққа үйретуде өзінің маңызын жоймақ емес.

Бұдан басқа, Д.А.Қонаевтың тағылымы мен ұстанған мұрасы ол дүниеден өткеннен кейін де оның шәкірттерінің тарапынан жалғасын тауып, халыққа керемет тағылымды жолы үлгі ретінде жеткізіліп отырды. Мәселен 1992 жылы 13 қарашада Алматыда қазақ халқының әлеуметтік-экономикалық өмірі мен елдегі реформаларға қолдау көрсету, Қазақстан Республикасының егемендігін нығайту, елдің мәдени, тарихи және рухани мұраларын қолдау көрсетуді мақсат еткен «Халықаралық Қонаев қоры» құрылды. Аталған қор Д.Ахметұлының өмір бойы халқы үшін жасаған қызметінің жалғасы ретінде жұмыс жүргізуді мақсат етіп отыр.


Кеңестік жүйеде еңбек етіп, Қазақ КСР-ін Одақтың ең мықты дамыған үш республикасының қатарына енгізген тұлғаны ардақтау мақсатында ол дүниеден өткеннен кейін, 1994 жылы Н.Ә.Назарбаев арнайы жарлық шығарды. Соған сәйкес, Қазақстан Ғылым Академиясының Тау-кен және түсті металлургия институтына, еліміздің бірқатар мектептері мен көшелеріне Дінмұхамед Ахметұлының есімі берілді. 2002 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында Қонаевтың мұражай үйі ашылды. Қонаев өмірінің соңғы сәтін өткізген Алматы облысы, Алакөл ауданы, Ақши ауылында (Жетісу қақпасы) 2003 жылы 15 тамызда арнайы құлпытас орнатылды.

Бұдан басқа, үстіміздегі оқу жылында Ақтөбе қаласындағы ірі білім ордасы №60 орта мектепке Д.А.Қонаевтың есімінің берілуі де елдің экономикалық өмірімен бірге, біз қозғап отырған ғылым-білім саласында да айрықша орны бар ұлы тұлға алдындағы ұрпақтар парызының орындала бастағандығы деп ұғынуымыз қажет. Аталған есімді иеленген мектеп ұжымының ұстаздар қауымы мен одан білім нәрін алушылар ХХ ғасырдың ІІ жартысындағы Қазақ елі тарихында айрықша ізін қалдырған ерен тұлғаның есіміндегі оқу ордасында білім берумен бірге, ғылыми бағыттағы жұмыстарын да жандандыруға бағыт алғандығы Д.А.Қонаевтың ғылыми бағыттағы қайраткерлік ізін жалғастырудағы символикалық белгісі бар іс екендігі айқын байқалады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н.А. В потоке истории. – Алматы: Атамұра, 1999.- 296 с.
2. Шотбакова Л.К., Өскембаева К.С., Смагулова Г.М. Общественно-политическая жизнь Казахстана в эпоху Д.А.Кунаева: страницы истории // Қарағанды университетінің хабаршысы. 2012ж. №3. 110-115 бб.
3. Жаулин К.М. Халқының даңқты қайраткері // Маңғыстау газеті. №4-5 (10081). 13 қаңтар, 2022ж.





# Д.ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Жұбаназаров С.А., Талғат Ә.Т.**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
информатика мұғалімдері*

**Ц**ифрлық технологияларды кеңінен қолдану мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның ішінде цифрлық білім берудің пайда болуына оң өзгерістер әкелуде. Көптеген отандық және шетелдік дереккөздерде оны сипаттау кезінде цифрлық технологияларға және өмірдің барлық салаларындағы өзгерістерге баса назар аударылады [1].

Д.Қонаев басқарған жылдары республикамыздың әлеуметтік-экономикалық әлеуеті 7 есе артты. Өзінің жоғары лауазымын Қазақстан экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің қарқынды дамуына барынша пайдаланды. Ол республиканы табысты басқарған ширек ғасырға жуық уақытта өзін жоғары мәдениетті, адамгершілігі мол, парасатты, дана, халық дәстүрінен хабардар, терең білімді, рухани-адамгершілік ой-өрісі бар көрнекті тұлға ретінде көрсетті. Қызметін тоқтатқаннан кейін ол білікті, көреген тұлға ретінде елімізде жүзеге асырылып жатқан реформаларды қолдай отырып, қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыру қажеттігін түсінді [2]. Осыған орай, еліміздегі білім беру тәртібі білім алушы бойына қажетті дағдылардың басымдықтарын өзгерту арқылы таңдалған оқу бағытына қарамастан жаңа цифрлық құзыреттіліктерді қалыптастыру маңызды міндеттердің біріне айналды.

Цифрлық технологиялардың қарқынды дамуының жаңа субъектісі – өзіндік әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктері бар цифрлық ұрпақ өкілінің пайда болуына әкелді [3]. Бұл оқу материалын беру формаларын өзгертуді, оқытудың дәстүрлі түрлерін динамикалық, ал оқыту әдістерін белсенді және интерактивтіге ауыстыруды қажет етеді. Сондықтан цифрлық қоғамдағы мамандарға қойылатын жаңа талаптар мен цифрлық ұрпақ өкілдерінің әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктеріне негізделген информатиканы оқытудың цифрлық білім беру ортасын құру мәселесі өзекті болып табылады.

Бүгінгі таңда кәсіби (HardSkills) және жеке (SoftSkills) дағдыларды қоспағанда, қызметтің барлық салаларын цифрландыруға байланысты үшінші топ цифрлық дағдылар (DigitalSkills) пайда болды.

Қазіргі қоғамда талап етілетін құзыреттерді талдау білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттырудың негізгі бағыттарын анықтады. Олар:





информатика пәнін оқытуды жетілдіру арқылы цифрлық дағдылар мен білімді қалыптастыру;

ақпаратты іздеу, өңдеу және талдау дағдыларын, медиа сауаттылығын қалыптастыру;  
- жоғары коммуникативті дағдыларды дамыту.

Ғылыми-педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді зерттеу қазіргі оқушының негізгі қасиеттерін анықтауға мүмкіндік берді [4]:

- көрнекі қабылдау деңгейін арттыру;
- зейінді аудару;
- сыни ойлау;
- бірлескен әрекеттердің ынтымақтастығы.

Дәстүрлі білім беру жүйесі көбінесе оқытудың сызықтық тәсіліне негізделеді және сызықтық білім беру технологияларын қолданады. Пәндік саланың мазмұны тақырыптар мен тараулар бойынша ретімен құрылады. Қолданыстағы әлемдік білім беру жүйелерінің негізгі басымдықтарының бірі электрондық оқыту технологияларын қолдану болып табылады [5]. Сондықтан мамандарға қойылатын жаңа талаптарды, қазіргі білім алушылардың әлеуметтік-психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, функционалдық сауаттылығын арттыруға және оларды қазіргі өмір сүру ортасына бейімдеуге, бәсекеге қабілетті болашақ мамандарды даярлауға мүмкіндік беретін цифрлық білім беру ортасын құруды көздейді.


Осыған орай, келесідей міндеттер айқындалады:

информатика пәні мазмұнының модульдік құрылымын жасау;

қажетті сызықтық емес технологиялар мен оқытудың интерактивті әдістерін анықтау;

цифрлық білім беру тұрғысынан оқу ақпаратының жинақы түрде ұсынылу формаларын талдау.

Бұл білім алушылардың жеке білім беру траекториясын құру және оған озық білім беру арқылы оның тәрбиесі мен дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар мен мүмкіндіктер кешенін жасау болып табылады. Яғни, жұмыстың маңыздылығы алынған нәтижелерді информатикадан басқа да пәндерді оқытуда пайдалануға болатындығында. Информатика пәнін оқыту бағдарламасына сәйкес төрт негізгі төрт бағытты қамтиды (1-сурет).



1-сурет. Информатика пәнін оқыту бағдарламасының негізгі бағыттары

Теориялық материалды оқып-үйрену жоба әдісі негізінде мәселені шешу болып табылады. Осылайша информатиканы оқытудың негізгі міндеті – білім алушыларға виртуализация ұғымдарын игеру, бұлтты есептеулер саласындағы қызметтерді ұсынудың әртүрлі үлгілерімен танысу, сонымен қатар әртүрлі модельдер аясында жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталады.



Оқу процесін ұйымдастырудың негізгі формалары оқытудың интеграциясын жүзеге асыру үшін білім алушыларға жоба тақырыптары ретінде әртүрлі пәндерден тақырыптар ұсынылады. Мұндай жобаны жүзеге асыру олардан математикалық материалдарды қайталауды, оны ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен жобалауды, ақпаратты қабылдау мен ұсынудың ерекшеліктеріне сәйкес абстрактілі ұғымдарды елестетуді талап етеді.

Сондай-ақ, қазіргі және жақын болашақта білім алушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруға бағытталған цифрлық білім беру ортасында информатиканы оқыту әдістемесін жетілдіру маңызды. Яғни, информатиканы оқытудың ұсынылған әдістемесінің тиімділігін көрсетеді және білім беру ресурстарына қашықтықтан қол жеткізуді қамтамасыз ететін, ақпараттық коммуникациялық технологияларды білім беруде пайдалануға мүмкіндік береді.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Г.И. Абдрахманова. Что такое цифровая экономика? М.: Изд. дом ВШЭ, 2019. 82 с.
2. М.Утеубаев. Қонаев: во имя Казахстана. Информационно-аналитический Центр. 2018. – URL: <https://ia-centr.ru/experts/uteubaev-marat/kunaev-vo-imya-kazakhstan/?ysclid=lai4ds4guy6203143>
3. О.А. Максимова. Цифровое поколение: стиль жизни и конструирование идентичности в виртуальном пространстве. Вестник Челяб. гос. университета. 2013. №22. с. 6-10.
4. D. Langan. Analysing the perceptions of the digital. Technology, Pedagogy and Education. 2016.
5. W.A. Cidra. E-learning success determinants. Computers & Education. 2018.



# ДИНМУХАМЕД ҚОНАЕВ - ЗНАЧИМАЯ ЛИЧНОСТЬ В СТАНОВЛЕНИИ КАЗАХСКОЙ НАУКИ И КУЛЬТУРНО - ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЙ ЖИЗНИ КАЗАХСТАНА

**Токсанбаева Алия Муханбетжановна**  
*ГККП «Городская станция юных туристов»  
педагог дополнительного образования  
город Актобе*

**А**ктуальность темы научно-исследовательской статьи заключается в признании заслуг Динмухамеда Конаева в становлении казахской науки.

Новизна научной статьи заключается в изучении фактов и событий в написании книг казахстанского лидера Д. Конаева. В научной работе рассмотрено роль первого секретаря ЦК Компартии Казахстана Д. Конаева во время советской власти, изучены его произведения, посвященные развитию и становлению науки и культурно-просветительской жизни Казахстана.

Методологической основой исследования послужили диалектические, логические, исторические и сравнительные методы исследования.

Динмухамед Ахметович Конаев родился 12 января 1912 года в г. Верный ныне город Алматы. В 1936 году окончил Московский институт цветных металлов и золото, получив квалификацию горного инженера. В июле 1936 года начал трудовую деятельность на Прибалхашстрое. Работал заместителем Председателя Совета Народных Комиссаров Казахской ССР (1942-1952 гг.). Президентом Академии наук Казахской ССР (1952-1955 гг.). Председателем Совета – Министров Казахской ССР (1955-1960 гг., 1962-1964 гг.). Первым секретарем ЦК Компартии Казахстана (1960-1962 гг.) а также (1964-1986 гг.). [1, с 117]

Конаев Д.А. трижды Герой Социалистического Труда, награжден 8 орденами Ленина.

Общее количество, изданных публикации Д.А. Конаева по различным сферам экономики и политики, культуры и цивилизации, образования, науки и другим сферам составляет около 800 трудов.

В 1992 году выходит свет книга о его воспоминаний «О моём времени», которая переиздаётся в 1994 году под названием «От Сталина до Горбачёва». Для меня этот труд интересен тем, что с точки зрения Д.А. Конаева можно взглянуть на исторические события того времени. Прочитав книгу, узнаешь чело-



века который не только творил современную историю, но и оставил письменное описание исторических событий. В начале книги автор с большой любовью описывает не только красоты родного города, но и его историю: «В 1854 году на месте разрушенного войсками и набегами древнего казахского посёлка Алматы, разместившегося на северном склоне Заилийского Алатау, было заложено укрепление «Заилийское», переименованное позже в Верное. В 1867 году Верный приобрёл статус города и стал центром Семиреченской губернии».

После революции в 1924 году город Верный стал центром Семиречья. Когда построили Турксиб (Туркестано-сибирская магистраль), столицу Казахстана перевели из Кызыл-Орды в Алма-Ату. В своих книгах Д.А. Конаев рассказывает о своем детстве, семье, годах учебы и начале трудовой деятельности.

Опубликовано около 200 научных работ Д. Конаева. В их числе – «Разработка Коунрадского месторождения медных руд» (1949 г), «Советский Казахстан» (1978-1980 гг.). В книге рассказывается о месте и роли Советского Казахстана в содружестве социалистических республик, факты, цифры, живые примеры, приведенные в монографии, свидетельствуют об определенном периоде развития Советского



Казахстана. [2, с 89]

Также в книге излагаются исторические факторы, современником которых являлся сам Д.А. Конаева. Годы индустриализации пришлись на период становления личности Динмухамед Ахметович о начале его трудовой деятельности. В частности читатель узнаёт об индустриализации в Казахстане из книги: «Еще в глубокой древности люди добывали медь в Центральном Казахстане. Первую официальную заявку на Коунрадское месторождение сделал купец А.Деров в 1901 году. 2 августа 1929 года Совет Труда и Оборона СССР принял Постановление «О перспективах развития цветной металлопромышленности». В Коунраде впервые три года на разведку было затрачено около двух с половиной миллионов рублей. Идя на такие по тем временам громадные затраты, руководители отрасли надеялись на то, что они с лихвой окупятся». Книга Д. Конаева «Разработка Коунрадского месторождения медных руд» (1949 г), является значимым и полезным пособием для научных работников, инженеров, техников горной промышленности и для студентов технических ВУЗов.

Наряду с этим хочется отметить труды казахстанского писателя и политолога В.В.Владимирова «Нет повестей печальнее. Из прошлого близкого и далекого» (Алматы, 2010 г.) которые включают главу «Полус Конаева», в которой автор дает анализ политической и общественной деятельности. Особенно известны заслуги Д.А. Конаева в становлении Казахстана как мощного аграрно-индустриального государства. В период деятельности Д. Конаева были созданы и получили развитие Усть-Каменогорский свинцово-цинковый и титаномагниеый, Соколовско-Сарбайский, Лисаковский, Балхашский, Жезказганский горно-металлургический комбинаты. С его помощью были созданы институты химии, метал-



лургии, Бураевский институт в Акмоле. Начались интенсивные работы в области ядерной физики, были созданы Среднеазиатский военный округ и военно-инженерная база. Обо всех исторических событиях Казахстана данного периода автор излагает в своих воспоминаниях.

Так же в книге есть информация о культурном строительстве Казахстана в советский период. Возведенные по инициативе Д.Конаева Дворец Республики, жилые здания на проспекте Достык, спортивный комплекс «Медеу», Дворец спорта имени Б.Шолака, площадь Республики, гостиницы «Казахстан», «Жетысу», «Алматы», «Алатау», цирк, аэровокзал, аэропорт и многие другие стали своеобразной визитной карточкой столицы Республики Казахстан. Конаев Д.А. очень ценил и поддерживал развитие культуры республики. Он приветствовал талант Е.Серкебаева, Б.Тулегеновой, оценил философскую значимость исследования О.Сулейменова «Аз и Я». Д.А.Конаев умело защищал подлинное искусство от идеологии тоталитаризма. Как отметил Олжас Сулейменов: «В двадцатом веке нам посчастливилось встречаться с людьми, которым в пору определение – Великие». В журнале «Аңыз Ана» первый номер публикации посвящен Д.А. Конаеву.

Подводя итоги деятельности Динмухамеда Ахмедовича Конаева, можно сказать, что ему пришлось работать разные периоды становления страны. Он приложил огромное количество сил в создание сильной экономически развитой, образованной и культурно богатой страны.

За заслуги перед Родиной Д.А.Конаев неоднократно награждался высшими наградами СССР. Динмухамеда Конаева называют «отцом Алма-аты» (сейчас Алмата). Его именем в 1994 году назван Институт горного дела, Евразийская Юридическая Академия, имя Д.А.Конаева получил Большой Алматинский водный канал.

В Алмате установлены бронзовый бюст и мемориальная доска, посвященная Д. А. Конаева.

Во многих городах Казахстана названы улицы, библиотеки. В 1993 году создан Международный фонд Д.А.Конаева. Президент фонда –его внук Конаев Эльдар Аскарлович ныне Консул Республики Казахстан в городе Бресте (с 2018 г).

В 2002 году был открыт Дом- музей Д.А.Конаева в Алмате. В 2003 году установлена мемориальная доска на доме в селе Акши Алакольского района Алматинской области. В 2019 году был открыт официальный сайт [kunayev.kz](http://kunayev.kz) размещены биография, документы, доклады и архивные фото Динмухамеда Конаева.

3 мая 2022 года город Капчагай был переименован в Конаев в память о Динмухамеде Конаева первом секретаре ЦК Компартии Казахстана.

Если сказать о нашем городе Актобе у нас есть улица названа в честь Д. Конаева. Постановлением Правительства №600 Республики Казахстан от 24 августа 2022 года КГУ «Общеобразовательная средняя школа №60» присвоено имя Динмухамеда Конаева.

### **Литература:**

1. М. Исиналиева книга «Штрихи к портретам» (Алматы, 1999 г).
2. В. Владимирова «Нет повестей печальнее. Из прошлого близкого и далекого» (Алматы, 2010 г). [3, с 45]
3. Книги Р. Ниязбекова «Қыдыр ғұмыр» (Жалын, 2002 ж.) и О. Қауғабай «Таңғажайып Қонаев» (Алматы, 2008 ж). [1, с 117]
4. В сборниках «Елу жыл ел ағасы» (Алматы, 2002 ж и «Личность» (Алматы, 2007). [2, с 89]
- 5.Первый номер журнала «Аңыз адам» (Алматы, 2011 г, )
- 6 . Официальный сайт: <http://kunayev.kz/ru/materials/Vystupleniya%252C%20publikacii%252C-knigi>





# ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ ТҰЛҒАСЫН ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ КОНТЕКСІНДЕ ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

**Төлеубаева Балдану Мұратқызы**  
*Ақтөбе қаласы «№8 орта мектебі» КММ  
тарих мұғалімі*

**Т**арих көшіндегі дара тұлғалардың даналықтары замананың өлшеусіз байлығы, қымбат қазынасы деуімізге болады. Ол – көнермейді һәм ұмтылмайды. Асқар тау алыстаған сайын биіктеп, адамдарға жарқын болашақты көрсетіп, жөн сілтеп отырары хақ. Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы тану мүмкіндігі – тәуелсіздік жемістерінің бірі.

Біз тұрақтылықты бағалай білгеніміздің арқасында бүгінгі табыстарға жеттік. Біздің кейінгі ұрпаққа аманаттар ең басты байлығымыз – Ел бірлігі болуы керек. Осынау жалпыұлттық құндылықты біз әрбір жастың бойына сіңіре білуге тиіспіз [1].

Келешек ұрпақ елі үшін жанын қиған, еліміздің негізін қалауға өз үлестерін қосқан дара тұлғаларды мәңгілік жадында сақтап, оларға лайықты құрмет көрсетуі тиіс.

Тарихта аты қалғандар – топтан озған тұлғалар. Біреулері бүкіл империяны шеңгелінде ұстап, қаталдығымен есте қалса, екіншілері ұлы қырғын соғыс ашып аты шығады.

Ал, өркениет атаулыны өрлетіп, жер бетіне игілік әкелген ұлылар қаншама?

Қазақ халқының саяси өмірінде елін, жерін қорғаған хандарымыз бен батырларымыздың халқының бірлігін, тұтастығын ойлаған ұлт перзенттері болғанын ұрпақ біледі. Қиындықта жол тапқан адамның аты әрқашанда ел есінде, тарих бетінде мәңгі қалады.

2022 жылы дәуір адамы Дінмұхамед Қонаевтың 110 жылдығын атап өтудеміз. Мақсатымыз тарих сахнасындағы ұлы тұлғаларды мәңгілікке жадымыздан шығармау, оларды өз деңгейінде насихаттау, ұлықтау.

Әр дәуір өз тұлғасын тудырады.

Заманына, заманның саясатына қызмет еткен дараның бірі – күні кеше арамыздан кеткен, бірақ халық жадында сақталған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Ел тарихында қазақ жұртының тізгінін ұстап, мемлекетімізді басқарғандар көп болғанымен, олардың ішінде халық жүрегінен мәңгілік орын алғандар саны саусақпен санарлық қана екен. Соның бірі елу жыл ел ағасы болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев тәрізді ірі тұлға жөнінде айтылар сөз де, естелік те әрқашан жетіп-артылады.

Ел басқарған жылдарында перзенттік парызын пендешіліктен биік қойған ұлы тұлғаны ешуақытта естен шығаруға болмайды. Ел-жұртының өнегесін биіктетуді мақсат еткен Дінмұхамед Ахме-



тұлы халқының шын мәнінде қалқаны болғаны рас. Қазақ кемеңгер мен данышпанға, ел басқарған мемлекет қайраткерлеріне, тарихи тұлғаларға кенде халық емес. Солардың бірі, бірі ғана емес бірегейі – Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев.

Адамзат тарихындағы ұлы тұлғалардың даналықтары заманның ортақ байлығы, таусылмас қа-зынасы деуге болады. Ол – ескірмейді және ұмтылмайды. Менің ойымша, ол бүкіл саналы ғұмы-рын Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік жағынан нығаюына, ғылымның өркендеуіне, мәдени өмірінің гүлденуіне сарп еткен. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ғалым, үш мәрте Со-циалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Д.А.Қонаев халыққа қалтқысыз қызмет етудің үлгісін көрсеткен дара тұлға.

КОКП Орталық Комитеті саяси бюросының мүшесі, КСРО және Қазақ КСР Жоғары Кеңестерінің депутаты болып бірнеше рет сайланған, КСРО, шетел мемлекеттерінің ордендері мен медальдары-ның иегері Д.А.Қонаевтың тұсында Қазақстанның экономикалық-әлеуметтік және мәдени-тұрмыс-тық деңгейінің қарыштап дамығаны даусыз. Бұған республикамыздың аумағындағы қайталанбас сұлулығымен ерекшеленетін сан алуан сәулетті-құрылыс объектілері куә [2].

Бірлікті ту етіп ұстап өткен қазақ халқының біртуар ардақты ұлы, кемеңгер-ғалым, 40 жылдан аса уақыт елімізді басқарған «XX ғасыр адамы» деп танылған Дінмұхамед Ахметұлы өз кезегінде: «Қай халықты алмаңыз, өз салты, өз дәстүрі бар. Ал, бір емес, ондаған ұлт пен ұлыс енші бөліспеген ағайынды адамдардай бір жеңнен қол, бір жағадан бас шығарып, тату-тәтті ғұмыр кешіп жатқан жерде, әр халық өзінің ұлттық тіліне, діліне, дініне қамқор бола түскен сайын мереке көп болмақ. Және оған шүбәсіз сенемін. Соның бәрі: мейлі ол саяси, не мемлекеттік, иә халықтық, иә болмаса діни мерекелер – адамзаттың бірлігіне, келешек ұрпақтың бақытына, ізгілікті тәрбиесіне қызмет етуі керек», - деген болатын.

Қазақ халқының тарихында өмірі өзіндік бір кезең болған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өте бір күрделі шақта еңсесі түскен елін айбынды да, айдынды да, ауқатты жасау үшін барлық күш-жігерін салды және осы мақсатты тоталитарлық билік – қызыл империя күшейіп тұрғанда қолынан келгенінше жүзеге асырды.

Коммунистік партия мен Совет мемлекеті алдында сіңірген зор еңбектері үшін Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа Социалистік Еңбек Ері деген жоғары атақ екі рет берілді – 1972 жылғы 11 январьда және 1976 жылғы 6 октябрьде. Ол алты рет Ленин орденімен, Еңбек Қызыл Ту орденімен, Совет Одағының көптеген медальдарымен наградталған, шетелдердің бірқатар сыйлықтарын алған [5].

Кез келген халықтың ұлылығы сол халық санының көптігімен өлшенбейді, біртуар тұлғалары-ның көптігімен ерекшеленеді. Олай болса, әр қазақты дара тұлға деңгейіне өсіруге ұмтылуымыз керек. Сонда ғана біз ең озық елу мемлекеттің ғана емес, ең ұлы жеті елдің қатарына қосыламыз.

Елдің татулығын, мызғымас бірлігін өз ғұмырына арқау еткен Д.А.Қонаевтың игі істерінің нә-тижесі бүгінде өз жалғасын табуда.

Асанбай Асқаров:»Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – XX ғасырдың аса көрнекті тұлғасы, өз хал-қымыздың адал ұлы. Тарих талай тұлғаларды біледі. Тек біздің республикамызға ғана емес, дүние-жүзіне белгілі саясаткер, аса көрнекті саяси және мемлекет қайраткері терең ақылымен, жоғары мәдениетімен, турашыл-әділдігімен, адамгершілігімен ерекше көзге түсті. Ол ұлтымыздың рухани тәлімгері болды. Әр халықтың мақтанышына айналған адамдар болады, қазақтар үшін Д.А.Қонаев сондай кісі еді» деген еді [6].





Өз кезегінде Д.Неру: «Мейірім-шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан арман жоқ. Сол халық – қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты. Сол перзент – Д.А.Қонаев», - деп жоғары бағалаған болатын.

Белгілі тұлғалардың өмірі мен қызметі, халық қамы үшін жасаған еңбегі ұрпақ алдында мақтаныш сезімін ұялатып, қоғамға адал қызмет етуге түрткі болатыны шындық.

Қонаевтың өмір жолы, тәжірибесы жастарға бүгін де қажет, ертең де қажет бола береді. Бұл мәселемен ҚР ұлттық академиясы, ғылыми зерттеу институттары, ғалымдар, жазушылар, тарихшылар айналысса құба-құп болар еді. [2].

Еңбекті бағалайтын қазақтың ақылды ұл-қыздары тұрғанда қазақтың ғасырларда бір туатын дана, қайраткер, данышпан ұлдарының бірі – Д.А.Қонаевтың есімі мәңгі тірі. Біз, бүкіл қазақ халқы Дінмұхамед Ахметұлының бастаған ұлы да мәңгілікті істерін алға қарай дамыта беруге міндеттіміз. Біздің Дінмұхамед Ахметұлына деген мәңгілік ескерткішіміз осы болуы керек, еліне, халқына адал перзенттің есімі ешқашан өшпейді.

Д.А.Қонаевтың қаншалықты әлемге таныс, дүниежүзіне белгілі саясаткер, ірі мемлекет және қоғам қайраткері, ғұлама ғалым, академик, десек те, Димекеңнің ғылыми еңбектерін, адамгершілік қасиетін, өмірі мен қызметін терең зерттеп жеке кітап етіп шығарып, халықтың, жас ұрпақтың игілігіне айналдыру қажет.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Кемеңгер Қонаев, Алматы: Халықаралық «Дала» журналының кітапханасы, 2013. 27 б.
- 2.Жақсы адам - елдің ырысы: [Қоғ. қайраткері Д.А.Қонаев туралы], Қазақстан сарбазы, 2020, 3 қыркүйек (N 65), 8 б.
- 3.Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.
- 4.Черныш П. Ұлы да ұмытылмас тұлға: [Д.А.Қонаевтың туғанына 100 жыл толуына орай], Қостанай таңы, 2012, 11 қаңтар, 2 б.
- 5.Қазақ ССР ғылым академиясының академигі Д.А.Қонаевтың ғылыми және қоғамдық қызметіне қысқаша шолу жасалық, Аңыз адам, 2011, №1.
- 6.Асқаров А. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев, Қазақ батырлары, 2006, қазан (№10), 3 б.



# ДІНМҰХАМЕД-ҰЛЫ ТҰЛҒА АРДАҚТЫ

**Темирбаева Куралай Хабибуллақызы**  
*Батыс Қазақстан облысы*  
*Орал қаласындағы «Д.А.Қонаев атындағы*  
*№44 мектеп-гимназиясы»*  
*директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,*  
*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Е**л жадында ерекше сақталатын есімдер болады. Олар өзгелерден ерекшеленіп, артында өшпес із қалдырады, елге қызмет етеді, жасампаздықтың үлгілі өнегесін көрсетіп, ірі тұлға ретінде тарих бетінен айрықша орын алады. Ұлы Абай айтқандай ақыл, қайрат пен жылы жүрек үшеуін бірдей ұстаған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев-құрметті азамат, көрнекті қайраткер, ұлы адам, ірі тұлға.

Басшылық қызмет атқарып жүрген кезде Дінмұхамед Ахметұлы өнеркәсіп, құрылыс, сауда және ауыл шаруашылығының дамуына ат салысты. Әлеуметтік және экономикалық салаларымен қатар, ғылым, денсаулық, спорт және мәдениет аяларын назардан тыс қалдырмай, оларды дамыту мақсатында зор еңбек сіңірді. Дінмұхамед Ахметұлы ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кенті мен 43 қала пайда болды. Оның ішінде, өнеркәсіп орталығы болып саналған Рудный, Екібастұз, Шевченко (қазіргі Ақтау), Никольский, Степногорск, Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалалары салынды.

Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, тың және тыңайған жерлер игерілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар салынды. Мал саны көбейіп, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артып отырды. Дінмұхамед Ахметұлы арқасында Қазақстанның өнеркәсіп, оның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды. Бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70%-ынан астамы, мырыштың 40%-ынан астамы қазақ жерінде өндірілді. Өскемен қорғасын-цинк және титан-магний комбинаттары, Соколов-Сарыбай мен Лисаков кен-байыту комбинаттары, Жезқазған мен Балқаш таукен-металлургия комбинаттары, Ермаков пен Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары іске қосылып, Ақтөбе қаласындағы шығарылған хром кенінің көлемі артты.

Кемеңгер тұлға металл өңдеу және көлік жасау салаларында өндіріс тиімділігін арттырып, Өскемен, Орал, Қарағанды, Петропавл, Шымкент, Алматы қалаларында көлік жасау зауыттары құрылды. Алматы ауыр машина жасау зауыты шығарған өнім әлемнің 40-тан астам мемлекетіне таралды. Қазақ жерінің аумағында көмір мен мұнай кен орындары ашылып, Қазақстан отын-энергетика өнеркәсібінің ірі орталығына айналды. Жамбыл мен Шымкент қалаларында орналасқан комбинаттар сары фосфор өндіру бойынша әлемде бірінші орында болды.



Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ғылым саласында орасан зор қызмет етті. 100-ден аса ғылыми еңбектер мен зерттеулер жазды. Біраз ғылыми жұмыстарын шаруашылық пен өндірістік тәжірибеден өткізді. Өз еңбектерінің халық шаруашылығына тигізер пайдасының зор екендігін іс жүзінде дәлелдеген еді. Өндіріс тиімділігін арттырумен қатар, ол жас ғалымдарды қолдап, білім жүйесіне ерекше көңіл бөлді.

Қазақ өнерін жоғары бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Өнер ордалары салынып, мәдениет үйлері өз қызметін бастады. Қазақ жерінің барлық аймақтарында дерлік білім және мәдени ошақтар ашылып, тұрғын үйлер тұрғызылып, әлеуметтік нысандар салынды.

Дінмұхамед Ахметұлы ғылым саласына қолдау көрсетіп қана қоймай, сол ғылымның дамуына өзіндік үлесін де қоса білді. Кен орнын қазудың тиімді әдіс-тәсілдерін ойлап тауып, Қазақстан экономикасының, металлургиясының дамуына айтарлықтай үлесін қоса білді.

Мектебімізде былтырғы оқу жылында ұлы тұлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 110 жылдық мерейтойына байланысты “Д.А.Қонаев - ғасырдың дара перзенті” атты мектепішілік айлық жоспары құрылып, іс-шаралары өткізілді.

17 қаңтар күні айлық жұмысының ашылу салтанатында, алдағы іс-шаралармен таныстырылды.

Осы жоспарға сәйкес 1-11 сынып жетекшілері “Елін танытқан ер Д.А.Қонаев” атты тәрбие сағаттарын оқушыларға өткізіп, атамыздың өмір жолы мен еңбек жолы туралы түсінік жұмыстарын жүргізді. Мектеп-гимназиямыздың оқушылары тәрбие сағаттарына аса қызығушылық танытып, белсене қатысты.

Айлық жоспар аясында 8-сыныптар арасындағы “Д.А.Қонаев - ғасырдың дара перзенті” атты бейнеролик байқауы онлайн форматта өткізіліп, 8-сынып оқушылары ұлтымыздың ұлы перзенті, дара тұлға Дінмұхамед Қонаевтың өмірбаяны мен еңбек жолы туралы түрлі бағытта бейнебаяндарын жолдаған болатын. Жолдаған бейнебаяндары жоғары бағаланып, барлық қатысушыларға “Алғыс хат” табысталды.

Ал 10-сынып оқушылары мен сынып жетекшілерінің ұйымдастыруымен “Д.А.Қонаевтың нақыл сөздері” тақырыбында пікір алмасу отырысы да өтті. Шараның басты мақсаты: Д.Қонаев нақыл сөздерін талдау, ой бөлісу, пікір алмасу.

Дінмұхамед- ұлы тұлға ардақты,  
Дінмұхамед- бар асылдан салмақты.  
Дінмұхамед- күллі әлемге танылған,  
Кісіліктің шамшырағы жан-жақты.  
Дінмұхамед- заманадан биік тұр,  
Даналығы мәңгілікке сыйып тұр.  
Қасиетті ұл, қабырғалы еліне,

Шыққан күнмен шапағаты құйып тұр - демекші, осыдан шамамен екі жыл бұрын, 2020 жылдың 8 ақпанында мектебімізге ғасырда емес, ғасырларда бір туатын ұлы тұлғаның есімі берілген болатын. Бұл да біз үшін үлкен мақтаныш.

Шара барысында оқушылар атамыздың тамаша айтылған әр нақыл сөзіне тоқталып, талдап, бір-бірімен ой бөлісіп, тың ақпараттарға қанық болды. Тәрбиеге толы осындай шаралар өз жалғасын табатыны айқын, кеш Ескендір Хасанғалиевтің әніне жазылған «Атамекен» әнімен қорытындыланды.



Болашақта да халқының ұлы перзенті атанған Д.А.Қонаевқа арналған шараларымыз өз жалғасын табады. Өйткені мектебіміз ұлы тұлғаның есімімен аталғасын, осы білім шаңырағында оқитын әр оқушы, Димаш ағамыз туралы терең білім оның еңбектері түсініп, нақыл сөздеріне ой түйіп, болашағына бағдар алуға тиіс деген оймен ұлы есімді ұлықтау жұмысын жалғастыру.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Асқаров А Қ Өнегелі өмір\ред. басқ. Ғ.М. Мұтанов -Алматы: Қазақ университеті,2017ж
2. Дінмұхамед Қонаев-Алматы: «Аруана», 2014ж
3. «Ақиқаттан аттауға болмайды» Дінмұхамед Қонаев (естелік- эссе)Ауд. С Әбдірайымұлы -Екінші басылым -Алматы «Үш қиян» 2021ж
4. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев (Өмір және еңбек шежіресі)



## ВО ИМЯ КАЗАХСТАНА

**Балмуханбетова Жания Хабидуллиновна,  
Тулешова Шолпан Дияшовна**  
*Актюбинский областной специальный комплекс  
«Школа-интернат-колледж  
для детей с нарушениями слуха и зрения»*

**Д**инмухамед Ахметович Конаев-доктор технических наук, академик, крупный общественный и государственный деятель Казахстана, трижды Герой Социалистического труда. Он опубликовал двести научных трудов. Профессиональный путь молодой инженер начал после окончания Московского института цветных металлов и золота в 1936 году. Получил направление на Балхашскую стройку. Прошел трудовой путь от рядового машиниста до главного инженера рудника, он стал профессионалом руководителем промышленником. В 1938 году, в ноябре месяце была получена первая Балхашская медь. Конаев был награждён первой государственной наградой – медалью «За трудовое отличие».

Д. Конаев, как первый руководитель внес огромный вклад в социально-экономическое развитие Республики Казахстан. Программа развития Казахстана при Конаеве была направлена на становление сельского хозяйства, промышленности, строительство. Благоприятные социальные и экономические условия послужили успешному развитию и наращивания потенциала нашей республики. В Казахстане были образованы новые три области, появились тысячи населённых пунктов. Из них 43 города, среди них промышленные города Балхаш, Рудный, Темиртау, Экибастуз. Д.Конаев большое внимание уделял развитию топливно-энергетического Экибастузского комплекса. Он понимал, какое большое значение будет иметь угольный Экибастуз для страны. При активном и деятельном участии Первого секретаря ЦК Компартии Казахстана Экибастуз стал крупнейшим центром топливно-энергетического комплекса республики и СССР. Во время целинной эпопеи, в 1955 году началось освоение целинных земель и массовая миграция людей из других республик. На экономическое развитие Казахстана целина оказала эпохальное влияние, она изменила структуру экономики и общую социально-демографическую картину республики. Несмотря на сложные природно-климатические условия, именно при Конаеве республика добивалась ежегодного и постоянного прироста знаменитого казахстанского «миллиарда пудов» хлеба. В то время Казахстан являлся частью советской метрополии и представлял собой яркий пример дружбы народов. В прессе СССР Казахстан называли «планетой ста языков».

Динмухамед Ахметович укреплял и созидал республику, он мог строить красиво, быстро, эффективно, а самое главное качественно. Он сделал тысячи благих дел для республики и народа Казахстана. Своим участием он мог не заставлять, а заинтересовать любого человека на благое дело –созидание народа. Конаев был награжден восемью орденами Ленина, трижды Герой Социалистического Труда, член Политбюро ЦК КПСС, Первый Секретарь Компартии Казахстана, депутат Верховного Совета СССР. Он оправдал все свои награды и звания, учёные степени, доверие народа своим тита-



ническим трудом. Д.Конаев был крупным политическим, государственным деятелем того времени, он вложил много труда в развитие экономики и социальной сферы, науки и национальной культуры, и искусства.

В завершении своего доклада необходимо отметить, что весь жизненный путь Д.А.Конаева, его разносторонняя деятельность, как государственного и общественного деятеля, ученого с мировым именем, отдавшего все свои богатейшие знания и опыт, выдающиеся организаторские способности на благо своей республики, является прекрасным образцом служения народу. Всю свою государственную деятельность, каждый свой поступок он соизмерял с интересами Родины, народа, согласно своему жизненному кредо: «Надо хорошо работать на благо Казахстана и его народа» [2, с.49]. Все наши помыслы и дела были, есть и всегда будут неотделимы от вдохновенного созидательного труда народа, и в этом каждый из нас должен видеть, как отмечал сам Д.А.Конаев, главный смысл своего труда, смысл своей жизни [3, с.150].

#### **Литература:**

1. Рыбников Александр. Д.А. Кунаев – гордость и совесть казахского народа // *Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве* / Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007.
2. Толмачев Г. 50 встреч с Д.А. Кунаевым: воспоминания. - Алматы, 1997.
3. Рыбников А.П. К 90-летию со дня рождения Д.А.Кунаева. Бывший член Бюро, секретарь Компартии Казахстана А.П.Рыбников // *Простор*, 2002, №1.
4. Абылхожин Ж. Очерки социально-экономической истории Казахстана. - Алматы, 1997. С. 112



# ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ – ҒАСЫР АДАМЫ

**Каймакбаева Гулзауре Бектилеуовна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.А.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
ағылшын тілі мұғалімі*

Әр ғасырдың өзінің біртуар перзенттері болады. Солардың бірі — Дінмұхамед Қонаев. Президент Н.Ә.Назарбаевтың ел тәуелсіздігін алған алғашқы жылдары, яғни 1994 жылдың 24 ақпанында, «Д.А.Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы» Жарлығын жариялады. Бүгінгі күнде Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі Алматы және Астана қалаларының көшелеріне, университет пен колледжге берілді. 1992 жылы Д.А.Қонаев атындағы Халықаралық қор құрылды. Оның мақсаты — Қазақстан Республикасының мемлекеттігін нығайту, елімізде жүргізіліп жатқан саяси және экономикалық реформаларға қолдау көрсету, қазақ халқының тарихи, мәдени және рухани мұрасын игеріп, оның өркендеуіне септігін тигізу еді. Қазақ халқы Ұлы тұлғасының есімін ешқашан есінен шығармайды.

«Дінмұхамед Ахметұлы — өз заманының перзенті болған, ірі тұлға, көрнекті қайраткер. Қонаев жоғары қызметке келген уақыттың аса күрделі, қайшылығы көп кезең болғанын білесіздер. Алайда, осындай қиындықтарға қарамастан, Қонаев елдің дамуы үшін қолынан келгенін жасады. Республикада құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы салаларының дамуы ілгерілей түсті. Елсіз жерлерде жаңа қалалар мен елді мекендер пайда болды. Сонымен қатар Димекең ғылымның, өнер мен мәдениеттің қарыштап қанат жаюына өлшеусіз еңбек сіңірді. Алды кең, жаны жомарт парасатты жанның өнер адамдарына қолдау көрсеткеніне талай рет куә болдым. Димекең туған қаласы Алматы үшін де көп жақсылықтар жасады. Бұл тұрғыдан алғанда, Дінмұхамед Ахметұлы — айрықша ардақтауға лайықты қарымды қайраткер. Сондықтан, біз оны Тәуелсіздікке дейінгі тарихымыздың тегеурінді тұлғасы деп бағалауымыз керек», — деп Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Д.А.Қонаевтың Қазақстан мен қазақ халқы тарихындағы рөлі мен мәнін жоғары бағалады.

Дінмұхамед Ахметұлы отыз жылдан астам уақыт ел басқарды. Ол 24 жыл Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, алты жылдан астам уақыт ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болды.

Басшылық қызмет атқарып жүрген кезде Дінмұхамед Ахметұлы өнеркәсіп, құрылыс, сауда және ауыл шаруашылығының дамуына ат салысты. Әлеуметтік және экономикалық салаларымен қатар, ғылым, денсаулық, спорт және мәдениет аяларын назардан тыс қалдырмай, оларды дамыту мақсатында зор еңбек сіңірді.

Ғылым-білім саласындағы жетістігі.

Өзі терең білімді, ғұлама ғалым болған соң осы салаға өте көп көңіл бөледі. Ол кісінің Республиканың Ғылым академиясын басқарған жылдардағы ерен еңбегін айтпауға болмас. Академияның материалдық-базасын нығайтуға, ғылыми зерттеу институттарының жаңа ғимараттары мен ғалымдарға арнап тұрғын үй салуға барлық күшін жұмсады.





Ал білім жүйесін жетілдіруде сіңірген еңбегі тіпті ерекше. Димекеңнің кезінде жоғары оқу орындарының саны 26-дан, 55-ке дейін, студенттер саны 70 мыңнан 275 мыңға дейін, институт мұғалімдерінің саны 9 мыңнан 22 мыңға дейін өсті. Барлық облыстарда мектепке мұғалімдер дайындайтын педагогикалық институттар ашылды. Өскеменде жол құрылысы, Рудныйда индустриалды - өндірістік, Целиноградта инженерлік-құрылыс, Қостанайда ауыл шаруашылығы, Алматыда энергетика, архитектура және құрылыс, темір жолдары, автомобиль жолдары институттары ашылды. Қарағандыда еліміздегі екінші мемлекеттік университет бой көтерді. Алматыдағы бірінші университетіміз-қара шаңырақ ҚазМУ-дің жаңа студенттер қалашығы пайда болды.

Сонымен Қазақстанның тарихы-Д.А.Қонаевтың өмірі, Д.А.Қонаевтың өмірі-Қазақстанның тарихы. Бірінен-бірін бөліп қарауға болмайтын дүние.

“Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол, ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас бір дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған”, – деп тұлғалардың тарихтан алар орнын ашып көрсетеді.

Қорыта келе айтарымыз бір ғасырда сирек туатын тұлғалардың бірі Д.А. Қонаевтың үлгі тұтарлық өмірі мен қызметі өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мақсатында томдық кітаптардан артық тәрбие береді. Біз, Д.А.Қонаевты Қазақстаннан немесе керісінше Қазақстанның тарихын Д.А.Қонаевтан бөліп қарастыра алмаймыз. Қазақстан мемлекетінің қалыптасуында өзіндік рөлі жоғары Д.А.Қонаевты қазіргі және болашақ ұрпақта сан ғасырлар өтсе де мәңгі жадында сақтайтын болады. Қазақстан үшін адал қызмет еткен Қ.А.Қонаев тарихқа өз атын алтын әріппен жазып қалдырды.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Д.А. Қонаев «Өтті дәурен осылай», «Ақиқаттан аттауға болмайды» «Санат» Алматы, 1994 жыл
  2. С.Әбдірайымұлы «Елу жыл ел ағасы» «Санат», Алматы, 2002 жыл
  3. «Қазақстан тарихы» энциклопедиялық анықтама, «Арнау», Алматы, 2006 жыл (521- 522 беттер)
- Журнал:
1. С.Әбдірайымұлы «Димекең пенделіктен жоғары тұрушы еді», «Жұлдыздар отбасы» №20 2008 жыл (40-43 беттер)
- Газеттер:
1. К.Әбілқызы «Үлкен кісінің мұражайы да үлкен кісіге лайық болу керек». «Жас Алаш» газеті № 4 15.І.2008 жыл
  2. Естеліктер бір топ авторлар «Қазақ ауыр істен емес, ауыр сөзден қорқады» «Жас Алаш» газеті № 5.12.І.2002 жыл
  3. Х.Ерғалиев «Тұғыры биік тұлға» «Егемен Қазақстан» 12.І.2002 жыл
  4. Ғ.Мәулетов «Бекзат болмыс» «Егемен Қазақстан» 25.ІІ.2009 жыл
  5. Б.Қасенов «Ел қастерлеген есім» «Егемен Қазқатан» 12.І.2000 жыл
  6. Көпжасар Нәрібаев «Қонаевтану ілімін қалыптастыруымыз керек» «Жас Алаш» 21.08.2008 жыл
  7. Мамытбек Қалдыбай «Қонаев 43 қала салдырды» «Жас Алаш» 3.07.2008 жылы



# ИСТИННЫЙ СЫН НАРОДА

**Дуйсенбина Гульдана Шамильевна**  
*учитель русского языка и литературы*  
*КГУ «Общеобразовательная средняя школа*  
*имени Д. Конаева» г.Актобе*

*"Кунаев воплотил в себе лучшие черты нашего народа".*  
*Нурсултан Назарбаев.*

12 января 1912 года в городе Верном (ныне Алматы) родился мальчик Димаш. Его родители, наверное, и не думали, о том, что их сын сделает много полезного для родной страны. Родители занимались традиционным казахским ремеслом- скотоводством. Жили на берегах рек Курты и в районе Куйгана. Динмухамед учился в школе №19 имени Чернышевского. Динмухамед Ахмедович написал о своих школьных годах в своей книге «От Сталина до Горбачёва». Годы учебы в школе запоминаются надолго, он не забывает чутких и мудрых учителей. Именно в школьные годы Димаш решил стать горным инженером.

В 1931 году Д.А.Кунаев по путевке крайкома комсомола Казахстана приехал в Москву для поступления в Московский институт цветных металлов и золота, горный факультет которого закончил в 1936 году, защитив дипломную работу.

Молодой горный инженер Д.А.Кунаев получил направление на Коунрад-Балхашскую стройку. Его работа была связана с Коунрадским рудником Балхашского медеплавильного комбината. Там началась его трудовая биография: работал машинистом бурового станка, мастером, сменным инженером, начальником цеха, главным инженером, директором рудника. Здесь он стал высокопрофессиональным руководителем – промышленником. Благодаря его личному участию рудник быстро развивался и занял лидирующие позиции в отрасли. В ноябре 1938 года была выплавлена первая балхашская медь и Д.А.Кунаев получил свою первую государственную награду- медаль «За трудовое отличие», которую в Москве ему вручил М.Калинин. Кунаев Динмухамед Ахметович - видный общественный и государственный деятель, ученый, академик АН Казахстана (1952), доктор технических наук (1969), трижды Герой Социалистического Труда (1972, 1976, 1982).

В 1936—1942 гг. занимал руководящие должности в Алтайском, Риддерском, Лениногорском рудниках.

В 1942—1952 гг. заместитель председателя СНК КазССР, Совета министров КазССР. В апреле 1952 г. избран Президентом АН Казахстана. В 1955—1960 гг, 1962—1964 гг. Председатель Совета министров КазССР. В 1960—1962 гг, 1964—1986 гг. 1-й секретарь ЦК КП Казахстана.

Кунаев вспоминает: в конце ноября 1964 года всех членов бюро ПК Компартии Казахстана и зампредов Совмина КазССР вызвали в Москву. Нас принял Брежнев. Он рассказал об отставке Юсупова и задачах, стоящих перед партийной организацией Казахстана. В конце своего выступления поставил вопрос: "Кого будем рекомендовать первым секретарем ЦК КПК?"



Юсупов предложил первым секретарем направить кого-либо из членов Президиума ЦК КПСС. Но Брежнев не согласился с этим, сказал, что первым секретарем должен стать кто-нибудь из местных товарищей. Члены бюро и зампреды единодушно назвали мою кандидатуру. Брежнев сказал, что ЦК КПСС не возражает против такого предложения. Его внутреннюю культуру и благородство признают его последователи и бывшие оппоненты из большой политики. Ему пришлось работать в условиях тоталитарной системы с разными руководителями крупной мировой державы -Сталиным, Хрущевым, Брежневым, Андроповым, Черненко, Горбачевым. Отличительные особенности характера, ума, интеллекта, глубокой образованности, высокой порядочности и скромности выделяют Д.А.Кунаева в ряду политических руководителей двадцатого века.

Выполняя поручения ЦК КПСС и Президиума Верховного Совета СССР, Д.А.Кунаев выезжал в ряд зарубежных стран, возглавлял партийные и парламентские делегации в США, Англию, Индию, Италию, Китай, Монголию, Египет, Алжир, Уругвай, Японию, Корею, Чехословакию и другие страны.

За 45 лет, которые Д.А. Кунаев провел на высших руководящих должностях, из них почти 25 лет был первым руководителем республики. Он внес значительный вклад в социально-экономическое и культурное развитие Казахстана. Высокого уровня достигло горно-рудное производство республики, сформировались новые производственные регионы Казахстана, строились новые города и крупные населенные пункты. В годы его руководства республикой начали работать Павлодарско-Екибастузский топливно-энергетический комплекс, Карагандинская ГРЭС-2, Буктырминская ГЭС в Восточном Казахстане, Павлодарский тракторный завод, многие другие промышленные предприятия, были освоены Мангыстауские нефтяные месторождения, получило развитие железно-дорожное строительство, началась добыча и производство титана, магния, синтетического каучука, быстрыми темпами развивались различные отрасли электротехники, машиностроения, химии.

Госкомиссия во главе с Л. Брежневым в составе с Д. Кунаевым принимает селезащитную плотину на Медео в июле 1973 года. Вместе с тем промышленность республики по-прежнему оставалась сырьевой базой Советского Союза. Крупные заводы в Алматы, Усть-Каменогорске, Петропавловске, Уральске, Степногорске специализировались на производстве военной продукции. Военные полигоны и предприятия нанесли значительный вред экологии республики. За годы его руководства столица республики г. Алматы (тогда Алма-Ата) превратилась в высокоразвитый промышленный культурный и научный центр, были построены Дворец республики, КазГУград, оздоровительный центр Арасан, спорткомплекс Медеу и многие здания. В начале шестидесятых Никита Хрущев задумал перенести столицу КазССР в Акмолинск и переименовать его в Целиноград, однако Кунаев встал стеной и отстоял статус Алма-Аты. С 1985 М.С. Горбачев начал реформирование советской политической и экономической системы.

16 декабря 1986 на внеочередном пленуме ЦК КП Казахстана представитель ЦК КПСС Г.Разумовский сообщил о решении Политбюро освободить Кунаева от занимаемой должности и назначить 1 секретарем ЦК КП Казахстана Г.В. Колбина. Назначение Г.В. Колбина вызвало волну народного недовольства, вылившуюся в Декабрьские события 1986 года. Центральное руководство обвинило Кунаева в организации этого митинга. 26 июня 1987 г. Кунаев исключен из состава ЦК КПСС, затем из ЦК КПК. За всю историю казахстанской партийной организации Кунаев был третьим казахом, который являлся ее 1-м секретарем партии. Кунаев-был человеком “системы”, верил в “социалистический выбор” и “коммунистическую идею”. Кунаев автор многих научных трудов, посвященных проблемам социалистического и коммунистического строительства, вопросам теории и практики разработки месторождений открытым способом (около 200 научных трудов). Поскольку Кунаева



называют отцом Алма-Аты, его имя присвоено Институту горного дела, ряду школ и практически в каждом городе и райцентре есть улица имени Кунаева. За тридцать лет было построено много уникальных объектов социального и бытового назначения, немало реконструировано проспектов и улиц. Монументальным сооружением стал на новой площади (ныне площадь Республики) Дом правительства (1958 г.), в 1980 г. было построено новое здание ЦК Компартии Казахстана, к уникальным сооружениям относятся здания Академии наук, Дома дружбы, Дворца Республики на три тысячи человек. С ростом населения в городе появились современные новые кинотеатры “Арман”, “Целинный”, “Байконур”, казахский и русский драматические театры, Центральный концертный зал, цирк, построенный в национальном стиле, Дома культуры Алматинского хлопчатобумажного и домостроительного комбинатов.

Из спортивных сооружений особое место заняли городской Центральный стадион, Дворец спорта, плавательный бассейн общества “Динамо”, высокогорный каток “Медео”. Кстати, “Медео” стал первым в Союзе универсальным ледовым стадионом, предназначенным для проведения всесоюзных и международных соревнований по скоростному бегу на коньках и другим видам зимнего спорта, и тогда был признан лучшим в мире.

Прощай, Великий Человек! Д.Кунаев писал: “Я прожил долгую жизнь, в ней было много хорошего, было и плохое. Но это моя жизнь. И цель, которую я ставил еще будучи “юношей, обдумывающим житье”, в меру своих сил и способностей выполнил. Я всегда преданно служил своему Народу и буду служить ему до последнего дня. В 1993 году здоровье Динмухамеда Ахмедовича ухудшилось. Сказывались возраст и нервные потрясения, связанные с потерей самых близких людей - верной спутницы жизни Зухры Шариповны и брата Аскара Ахмедовича. За всю жизнь он любил только одну женщину - свою жену Зухру Шариповну. С ней он прожил 50 лет, 6 месяцев и 2 дня. 22 августа 1993 года, в 19 часов 22 минуты великого человека не стало. Д.А.Кунаев был любимым сыном казахского народа. Человек, который может родиться в 1000 – летие 1 раз. Он построил 32 города, в том числе Алматы. Жизнь и деятельность Динмухамеда Кунаева может и должна служить примером для подрастающего поколения, Кунаев был не только знающим руководителем, но и также обладателем 5-ти лучших качеств человека, которые воспевал великий Абай. Имя Динмухамеда Ахмедовича золотыми буквами вписано в историю нашей страны. Человек, много лет стоявший у власти, отличался особой скромностью и добрым, душевным отношением к людям. Таким он навсегда останется в памяти народа.

### **Литература:**

1. Летопись жизни и деятельности. Д.А.Кунаев.
2. Д.Кунаев «О моем времени». 1992 год. «Дауир»
3. Д.Кунаев . «От Сталина до Горбачёва». 1994 год. «Санат»



# ВЕЛИКИЙ СЫН КАЗАХСКОГО НАРОДА – ДИНМУХАМЕД АХМЕТОВИЧ КУНАЕВ

**Исикенова Г.А., Койшибанова А.А.**

*Актюбинский областной специальный комплекс*

*«Школа-интернат-колледж*

*для детей с нарушениями слуха и зрения»*

**Д**инмухамед Кунаев вошел в историю Казахстана, как великий сын казахского народа, выдающийся государственный деятель нашей страны. Вся его жизнь и деятельность стала символом великой эпохи созидания Казахстана. О том, какой личностью был Кунаев, говорят факты из его трудовой биографии. Он родился 12 января 1912 года в городе Алма-Ате. Окончив Московский институт цветных металлов и золота в 1936 году, получил специальность горного инженера и начал трудовую деятельность в тресте «Прибалхашстрой». Свою трудовую деятельность начал с простого машиниста станка ударно-вращательного бурения. Кунаев прошёл путь от рядового машиниста станка до главного инженера рудника, он стал высоко профессиональным руководителем-промышленником, выводил отстающие участки в передовые. Динмухамед Кунаев был лидером-промышленником, руководил крупнейшими промышленными объектами в стране. Динмухамед Ахметович возглавлял Коунрадского и Риддерского рудника, внёс значительный вклад в экономику, социальное и культурное развитие республики. Высокого уровня добилось горно-рудное производство республики, строились новые населённые пункты и крупные города. За время его руководства начали функционировать Буктырминская ГЭС, тракторный завод в городе Павлодар, Павлодарско-Экибастузский топливно - энергетический комплекс, Карагандинская ГРЭС -2, многие другие промышленные объекты. Быстрыми темпами шло освоение Мангыстауских нефтяных месторождений, полным ходом развивалось железно-дорожное строительство, добыча многих полезных ископаемых. Образовались Мангыстауская, Торгайская, Жесказганская области. Как руководитель республики, он уделял большое внимание строительству Капшагайского водохранилища, Большого Алматинского канала. Он внес большой вклад по сохранению территории республики и ее границ, её целостности, вернул в состав республики хлопководческие районы на Юге страны, которые когда – то были отданы Узбекистану, выступал против создания немецкой автономии в составе Казахстана и передаче Мангыстау Туркменистану. За годы своего руководства он создал из столицы Алма-Аты высокоразвитый, промышленный, научный и культурный центр. Были возведены спорткомплекс «Медеу», оздоровительный центр «Арасан», Дворец Республики, КАЗГУград и много других сооружений. За годы деятельности Кунаева, по статистическим данным производительный потенциал республики возрос до 700%, это примерно было создано семь новых Казахстанов. Выросли объемы промышленности в 9 раз, сельского хозяйства в 8 раз, капитального строительства -8 раз. Он сделал огромный вклад



использую свои широчайшие знания, богатый опыт в развитие науки и культуры Казахстана. Кунаев был не просто первым лидером республики, но и духовным наставником народа и молодёжи. Он пользовался высоким доверием и уважением, абсолютной поддержкой народа. Во время освоения целины, в 1955 году началось не только освоение целинных земель, но и массовая миграция людей из других республик. На экономическое развитие Казахстана целина оказала эпохальное влияние, она изменила структуру экономики и общую социально-демографическую картину республики. Благодаря ударному труду сельских тружеников, которые постоянно чувствовали поддержку и заботу Д.Кунаева, Казахстан превратился в крупнейшую зерновую и животноводческую базу Советского Союза. За годы освоения целинных земель республика продала стране более миллиарда пудов хлеба. На душу населения производилось от 1500 до 2000 тысяч килограммов зерна. Росли объемы производства и заготовки мяса, молока, яиц, шерсти. Выросли масштабы и объемы строительства на селе, в которое было вложено в 7 раз больше средств чем во все народное хозяйство республики во все годы, предшествующие подъёму целины.

Обобщая вышеизложенное, необходимо отметить, что Д.А Кунаев в будущее Казахстана смотрел с «обоснованной уверенностью и надеждой». В настоящее время весь мир наглядно видит его правоту, Республика Казахстан, по мнению видных деятелей стала наиболее ярким примером успешной постсоветской государственности, эффективным региональным лидером всецело признанным международным сообществом, конкурентно способным государством.

#### **Литература:**

1. Морозов Н. Великий сын своего народа// Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве/Авторы-составители: С.Абдраимулы, А. Горайнов-Алматы. «Санат», 2007.-336-340
2. Малахова О. Его имя хранит история// Казахстанская правда.-2012-13 января.
3. Григорьева В.К. и Кусаинова А.К.-Акмола, 1999.-128 с
4. Куколка Ю. Проблемы теории международных отношений.-М,1980.
5. Кунаев Д.А. О моем времени: Воспоминания -Алма-Ата, Дәуір, МП «Ынтымак», 1992.-312 с.







## II БӨЛІМ

# ...ХАЛҚЫ ҮШІН БӘРІНЕ ДАЯР ШЫН ҰЛТ ПЕРЗЕНТІ






# ҚОНАЕВ – ҰЛТТЫҢ АРЫ МЕН НАМЫСЫ! ҚОНАЕВ – ҰЛТТЫҢ РУХЫ МЕН ИМАНЫ!

**Шамгунова Ботагоз Сайлаубековна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

*«Өткен кеткен бұл фәниден сан алып, Тарих үшін емес ол да жаңалық.  
Дінмұхамед Қонаевтың жай аты, Шын аты оның Мейірім мен Даналық»  
Н.Қашағанұлы.*

**Ғ**асырда емес, ғасырларда бір туатын, ел құрметіне бөленген адамдар болады. Дінмұхамет Ахметұлы Қонаев сондай адам. Халқына сыйлы, заманының дара туылған перзенті. Д.Қонаев сұңғақ бойлы, ақсары өңді, жылы жүзді, нар тұлғалы кісі болатын. Дінмұхамед атамызды ел көзі тірісінде-ақ құрмет тұтып, Димаш атап кеткен. «Көрнекті адам өз елінің не бағына, не сорына туады» деген ескі мақал бар Димаш болса туған елінің бағына туған адам және біздің әрқайсымыз үшін айрықша ыстық. « Жаратушы о бастан-ақ біздің әулетіміздің бар бақытын, бар байлығын, бар білім-парасатын, бар билік-мансабын, тіпті сұлу да тіптік, бойды да жинап-теріп Димекенге берген. Соған шүкір дейміз» деп Асқар Қонаев еске алады.

1912 жылы қаңтардың 12-і күні Алланың нұры жауған Алатау аясындағы Алматы шаһарында Дінмұхаммед атты сәби дүниеге келді. Балаға Дінмұхаммед деген есімді азан шақырып, қажылықтан жаңа оралған атасы Қонайұлы Жұмабай қажы Мекке-Мәдина сапарына байланысты ырымдап қояды. Өйткені, Жұмекең жадиттік мектептік дін ұстазы, әрі Жетісуға белгілі ғұлама молда еді. Бала қырқынан шыққанда сәби немересін алдына алып, шекесі торсықтай, жанары нұрлы бөбекке және келіні Зәуреге атасы Алла тағаладан тілек тілеп, отбасына батасын береді. Көп өтпей өзі дүние салды. Жұмабай қажының зайыбы Хадиша әже де әулеттегі асыл текті, иман жүректі ана еді. Дінмұхаммедті Димаш деп еркелететін діндар әже немересін өте жақсы көрді. Ал, әкесі Меңліахмет Димашты Ораза айт, Құбан айт кездерінде жанынан тастамай, молда, сопылардың әнгімесін тындасын деп, өзімен бірге алып жүретін. Ол кезде Алматыда (бұрынғы Верный) 6 мұсылман мешіті бар еді. Сол мешіттердің бірінде бала Дінмұхаммед молдадан діни сауатын ашып, «Әлтиекті» тауысты. Өзіне нағашы болып келетін белгілі Бөйіт сопыдан діни уағыздарымен хикаяларды көп естіген. Димаш



14-15 жасқа келгенде Құдайды жоққа шығарып, Құран шариғат жолын құбыжыққа айналдырған Кеңес саясаты күшейіп, дүние бөлінді. Жұмабай қажының әулетіне де зобалаң туды. Бозбала Димаш заман өзгеруіне байланысты жаңа Кеңес мектептерінде оқып, комсомолға өтті. Бірақ о бастан рух-санасына сіңген имандылық тәрбие мен өнеге оны теріс жолға түсірмеді. Дінмұхаммед өте тәрбиелі жас атанып, Мәскеудің өзінде білім алды. Дімекеңнің бойында Әл-Фараби атамыз айтатын биліктегі кемеңгер адамға тән барлық қасиет тоғысады.

Қоңырат руднигіне жұмысқа орналасып, онда бұрғылау станогінің машинесі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және оның директоры болады. Он бес одақтастас республиканы Мәскеу басқарып тұрған қиын да күрделі заманда, Қонаев атамыз Қазақстанды жиырма жеті жыл бойы басқарған. Әділетті, турашыл, қарапайым басшы болды. Ол кісінің алдына елдің бәрі кіріп, жұмысын айтып шыға алатын. Қонаев басқарып тұрған кезде Қазақстан он бес одақтас республиканың ішінде екінші орында тұрды. Бірінші, Ресей, екінші, Украина мен Қазақстан қатар тұрды. Бұл Қонаевтың қаншалықты еңбек сіңіргенін көрсетеді. Ел, алдымен Димаш атамыздың кішіпейілдігі, мәдениеттілігі жайлы тамсана әңгімелейді. Оған дәлел өзінің нақыл сөздері «Биікке шықтым, бірақ халқымнан аласа екенімді ұмытпадым».

Д. Қонаев өмірінде өте ұстамды, салмақты, ақылы мен парасаты ерекше, көпшілікті іске жұмылдыра білетін, қабілеті мол кемеңгер басшы болды. Оның кішіпейіл басшы болуы күзет қызметінің саны көбейтіліп, кім көрінген жанына күзет қаптатып жатқан уақытта мемлекеттің бірінші адамы жұмысқа жаяу және күзетсіз барады дегенге сену өте қиын. «Халықтың бағы қыдыр қонған перзентіне беріледі. Елу жылдай сол бақ Димекенде болды. Обалы не керек, барын елге төкті. Көсегеміз көгеріп, көрпеміз ұлғайды. Оның қайырымын ұрпақ бойына сіңірсе, Димекенде ықыласымыз сол» Атырау облысының ардагері, Шафик Избасарұлы еске алады. Абзал азаматтың өмірінің соңына дейін жеке үйі, саяжайы, тіпті кейде желпінін мінерге жекеменшік автомашинасы да болмапты. Неткен қарапайымдылық!

Атамыз Академик болған. Министрлер кеңесінің төрағасы болғанда Қонаев академик атағы үшін өзіне төленетін 340 сом шамасындағы ақыдан бас тартып, сол ақшаны Қонаев ай сайын балалар үйіне және жас ғалымдарға көмектесу мақсатында жұмсауға бұйырған болатын. "Дінмұхамед Қонаев кішіпейіл басшы есебінде танылды. Ол ертеменен Коммунистік даңғыл мен Киров көшесінің (бүгінгі Абылайхан даңғылы мен Бөгенбай батыр көшесінің) қиылысындағы үш қабатты үйден шығып, ылдидағы Үкімет үйіне қарай жайбарақат жұмысқа бара жататын. Қонаев сол үйде көп жылдар бойы тұрды, тіпті, Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшысы болған кезінде де, қаланың орталығында үш бөлмелі пәтері бола тұра әлгі үйде тұрды. Ал басқа үйге көшкенде Қонаев пәтерін өзінің кадрлық саясатын қатты сынап жүрген жазушы Әлжаппар Әбішевке сыйға тартып кетіпті. «Мен де сол кезде Алматының орталығында тұрдым, менің де жұмысқа баратын жолым Коммунистік даңғылдың бойы еді. Анда-санда алдымнан жалғыз келе жатқан ұзын бойлы Қонаевтың сымбатты тұлғасын сыртынан көретінмін. Осыны айтсам, адамдар сенбейді. «Қалайша ол күзетсіз жүр?» деп. Расында, күзет қызметінің саны көбейтіліп, кім көрінген жанына күзет қаптатып жатқан уақытта мемлекеттің бірінші адамы жұмысқа жаяу және күзетсіз барады дегенге сену өте қиын. Министрлер кеңесінің төрағасы болғанда Қонаев академик атағы үшін өзіне төленетін 340 сом шамасындағы ақыдан бас тартқанын білеміз. Бұл ақшаны ол балалар мен жас ғалымдарға көмектесу мақсатында жұмсауға бұйырды. Осындай кішіпейілділік оның туа бітті қасиеті екені көзге көрініп тұрды және жұрттың оған деген сенімін күшейтті. Оның жеке басының байлық-дәулетке қызығушылығы байқалмады. Оның айналасындағы адамдардың арасында оны ұлықтаудан жарыс болған жоқ, есесіне олар оның көшбасшылық беделін қызғыштай қоритын, оның жетістіктеріне қылау түсірмеуге тырысатын", - деп



жазды журналист Мадат Аққозин Азаттық сайтында. Бұл іс-әрекетінен біздер атамыз қаншалықты жанашыр азамат болғанын көре аламыз.

*Бұл атамыздың бір Ұлылығының белгісі.  
Ғұмыр кешпей қара бастың қамы үшін,  
Қорғадыңыз ел мен жердің намысын.  
Тарих өзі таразылар, танытар,  
Ұлық қазақ Қонаевтың сан ісін, - деп халық оның есімін ұлықтап жүр.  
«Қонаев – ұлттың Ары мен Намысы!  
Қонаев – ұлттың рухы мен Иманы!  
Қонаев – қазақтың Қанағат мектебі,*

Адалдықтың өлшемі» деген екен Темірше Сарыбайұлы, ақын Д.А. Қонаев – Ұлы Отан соғысынан әбден күйзеліп артта қалған Қазақстанды толассыз көркейтіп дамытқан, оны алдыңғы қатарлы индустриалды аграрлық республика дәрежесіне жеткізген, XX ғасырдағы қазақ мемлекетінің ұлы қайраткері. Ғалымдар жұмыр жерді жайлаған бүкіл елдің басшыларының еңбегін сараптап таразылағанда, Қонаев жетінші орынды иеленіп, әлемдегі «Жеті ұлының» бірі атанған.

Бұл кісі ел басқарып тұрған кезде Қазақстанда қырықтан аса қала салынды. Ол қалалардың бәрінде атамыздың айрықша еңбегі болды. Осы істердің бәрі Қонаев атамыздың «Ұлы тұлға» екеніне жеткілікті дәлел бола алады. Өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті бола білген абзал азамат. «Д.А.Қонаев Қазақстан тарихында ірі тұлға болып қалары даусыз». Н. Назарбаев. «Д.А.Қонаев өз халқының көрнекті, адал перзенті бола білген адам... Ондай адамдар тарихта көп болғанымен, әрқайсысы қайталанбас жеке тұлға». А. Асқаров.

Өзінің қалдырған қанатты нақыл сөздері «Адамның жақсы атынан гөрі, жаман атына қаңқу сөз үйір келеді».

Өмірінің сөңғы жылдары текті данадан бата алу үшін немесе қонаққа шақыру үшін жұрт кезекке тұратын. «...Мен бірде-бір адамның, мейлі ол кім болмасын, қай ұлттан болсын, меселін қайтарып көрген емеспін. Үміттің аяқасты болуынан артық қорлық жоқ. Жердің үстімен келіп, астымен қайтқаннан асқан азап болмайды. Жақсылығыңды адамға жаса, сол үшін жаса, сол үшін елдің сенген тізгінін ұстап отырсың. Құнде жұмысқа келе жатқанда осы ой жетелеп кеп табалдырықты аттаттырады» - деп жазған екен заманының дүлдүлі, ширек ғасырға жуық еліміздің тізгінін ұстаған білгір азамат Д.А. Қонаев.

Кемеңгер Димекең тек ғұлама ғалым, мемлекет қайраткері, академик, Еңбек Ері ғана емес, Кеңес өкіметінде тыйым салынған дін ілімінде де білгір, Құдай құдіретіне мойынсұнған, Алла тағала жолын ақыл-ойы мен жүрегінде ұстаған дана екенін халық енді-енді біліп жатыр. Қонаевтың естелік кітабын оқысақ шығармалар «Құдай тағала», «Алла тағала», «Пері», «Әулие, Тәңір» деген сөздерді жиі кездестіреміз.

Бұрын қазақта Бауыржан деген есім көп қойылушы еді. Қазір Димаш, Дінмұхаммед деген есім жиі естіледі. Діннің оралуына байланысты халық енді «Дінмұхаммед» деген оның пайғамбар аттас атын қасиет санап, ұлықтауда.

Димекеңнің есте сақтау қабілеті де жоғары деңгейде болған екен. Бір кездескен адамның тек бет әлпеті мен түрін ғана емес, оның аты мен тегіне дейін есінде ұстайтын ерекшілігіне көпшілік тәнті болатын.



Әттең, өмір – шолақ, дүние – керуен. Бүгінде Алатаудай заңғар тұлға, ұлы қайраткер, кемеңгер ғалым Алаш тарихынан алатын орны ерекше. Елдің сый-құрметіне бөленіп, ұлттық тұлғаға айналған қазақ перзенті Дінмұхамед Қонаевтың есімі мәңгілік халықтың жүрегінде.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. «Ақиқат журналы», «Дәуір» баспасы Алматы қаласы, 2011 ж.
2. «Жұлдыздар отбасы» журналы, Алматы қаласы, 2012 ж.
3. «Алаш» газеті, Алматы қаласы 2009 ж.
4. «Жұлдыз» №2, Алматы қаласы, 2012 ж.
5. Д.А. Қонаев «Өмір және еңбек шежіресі» Алматы қаласы, 2022ж.





# Д.А.ҚОНАЕВ – ҒАСЫРДЫҢ ДАРА ПЕРЗЕНТІ

**Ербозымова Мирамгул Нурлановна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары,  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

*Мұғалім – зор тұлға, ол – күннің құдіретті сәулесі іспетті.  
Константин Ушинский*

**Д**інмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылдың қаңтардың он екінші жұлдызында Алматы қаласында, өнегелі қызметкерлер отбасында дүниеге келді [1, 198].

Д.Қонаев өмір және еңбек шежіресі ұрпаққа үлгі. Ол ел тарихының дамуына зор үлес қосты. Отбасы үлгі тұтарлық жанұя болған. Димекеңнің атасы Жұмабай қажы Құнанбайдай діндар, қажы болған[2, 32].

Қазақта «жеті атасын білмеген – жетесіз» деген зілді сөз бар. Адам баласы үшін жеті атасын білуі, өз шежіресін, тарихын сақтауы өте маңызды саналған. Д.Қонаев (Сталин Горбачевқа дейін, Алматы) атты естелігінде, өзінің шежіресі, шығу тегі, ата-бабалары туралы көп дүниені білген. Бұл туралы әкесі Менлиахмед егжей-тегжейлі айтып берген. Димекең өз шежіресіне көңіл бөліп, жеті атасын жетік білген тұлға ретінде ел есінде ерек орын иесі.

«Өнер, білім алып қал босқа өткізбей,

Қартайған соң, таппассың оның бірін» деген тәмсілді ұстанған ел ағасының әр ісінен аларлық өнеге көп еді. Жасынан білімге құштар, заман қиындығын асып өтіп, қиыншылықты еңсеріп, бар күшін еліне жұмсаған адал азамат. Жасынан меңгерген өнер, білім, парасатының нәтижесінде қартайған шағында тұлғаның ел үшін өшпес ізі қалды [3, 14].

Қонаевтың әкесі де, өзі де діни сауатты адам болған. Үй жанында өзбек мешіті болған. Әкесі екеуі құлшылыққа да мұқият болған. 1976 жылы тоқсан жасқа қараған шағында әкесі өмірден өткен. Димашқа отбасы мүшелері жауапкершілікті, парасаттылықты, ұстазға деген құрмет пен адамгершілікті сіңірген [3. 22].

К.Ушинский: «Мұғалім ісі сырттай қарапайым болғанмен тарихтағы ең ұлы істің бірі» дегендей, осы ұстаз қадірін түсінер азаматтан анығында, жақсы дүние күтуге болады. Ұстаз еңбегін бағалап, оған құрмет жасаған шәкірт әлбетте, жаман болмайды. «Ұстазы жақсының, ұстамы жақсы» демекші, Димаштың қазіргі таңда еліне еткен еңбегі де осы ұстаздан дарыған болар.

Д.Қонаев орыс тілінен алғаш сауатын ашып, сауатты білім қалыптастыра білген Анна Паловна есімді ұстазын ұмытпайтынын айтады. Ұстазына көп жылдан соң, кезігіп қалып, білімін жетілдірумен шектелмей, кезінде отбасына көмек бергенін есіне алып, алғысын айтады. «№14 мектептегі ма-



тематикадан сабақ беретін ұстаздарымды ешқашан ұмытпаймын, олар білімді нық орнатты» деген сөздерінен, Димаштың білім нәрімен сусындатқан ұстазға деген құрметін айқын аңғаруға болады [3, 25].

1987 жылы жарық көрген «Сымбат» естеліктер жинағында би өнерімен танымал болған, Димекеңмен №19 мектепте бірге оқыған Шара Жиенқұлова: «Димаш орыс тілінде жақсы оқыды. Біз сыныптағы оқушылар болып, жиналып, оған тапсырмаларымызды қаратып, тексертуші едік. Қыздар оған құрт сыйлайтын. Оны кез келген жер жұмысқа алатынына сенімді едік. Кейін оқуын ойдағыдай бітіріп, Мәскеуге оқуға кеткенін естідім» деген екен. Бұл естелік жазба Д.Қонаевтың мектеп кезінен-ақ, зерек, алғыр, өз сауаттылығымен ерекшеленіп тұрғанын көрсетеді. Оқушы Димаш қатарының алды болып, білімді азамат, еліне қызмет етерлік, жауапкершілігі жоғары тұлға болып қалыптасты [3. 44].

Д.Қонаевтың қарындасы Роза Қонаеваның сұхбат барысындағы естелігінде:

«Үйде он бір бала болған. Екеуі жасынан шетінеген, Едігеге көз тиіп шетінеген, Күләш әпкем он бас жасында қайтыс болды. Мен үйдің кенжесі, Димаш ағам менен жиырма екі жас үлкен» депті [4. 11].

Димаш бауырлары мақтанарлық жан болған. Оның бауыры, академик, Асқар Қонаев бауыры туралы айтқан сөзінде: "Жаратушы о бастан-ақ біздің әулетіміздің бар байлығын, бар бақытын, бар билік - мансабын, бар білім-парасатын, тіпті сұлу да тіп-тік, бойды да жинап-теріп Димекеңе берген. Соған шүкір дейміз!" деген екен.

Қарындасының баяндауынша, Димаш 1912 жылы дүниеге келгенінде, атасы Жұмабай қажы қайтыс болған. Бірақ атасы немересін көріп кеткен. Сондықтан, анасы «бұл атасының батасын алған бала» деп отыратын. Тіпті балаларына «Ағаларыңның атына жаман сөз келтірмеңдер» деп үлкен тәрбиені өз ойын жеткізетін. Қарындастарына ағаны сыйлау керектігін, ер-азаматты құрметтеу керектігін ана көңілі жеткізіп отырған. Балалығынан осындай дана ананың перзенті болып, жанұядан жылы қарым-қатынас көріп, сыйластықтың құнын түсінген Д.Қонаев қазіргі таңда сыйлауға лайық жан.

Димаш Балқашта жұмыс жасап жүріп, кезекті еңбек демалысында Алматыға келеді. Оның Махмуд Бақаев деген курстасының әйелі Димаш арқылы ағасының үйінде тұратын Зухра Шәріпқызына хат жібереді. Хатты апаруға барған Димаш есікті ашқан әп-әдемі қызды бірден ұнатып қалған. Зухра Шәріпқызымен уақыт өте келе, тілдесіп, келесі жылы Алматыға қайта келгенінде қызға ұсыныс жасап, 1939 жылы үйленді. Димаштың әкесі келінінің пысықтығын байқап, риза болған. Маңғыстау облысындағы Ләззат Сүйінова есімді оқырман: Дінмұхамед Қонаев атамыздың "Ақиқаттан аттауға болмайды" деп аталатын кітабын оқып, өзінің көз жеткізген дүниесін айтқан екен. Ол кісі кітабында адал махабаттың, шынайы сезімнің символы., Төлеген мен Жібекке, Қозы менен Баянға не тағы толассыз айтылатын аңыздарға ауыз аша бергенше, пәктікті, тазалықты, нәзіктікті, іңкәрлікті осы айналамыздағы адамдардың бойынан іздесек табылатынын айқын аңғартады. Жары Зухра апамызға деген мөлдір, аңғал, кіршіксіз таза махаббаты, елу жыл алты ай екі күнге жалғасқан әдемі сыйластық кімге де болса өнеге. Демек, Дінмұхамед атамыздың рухы жан дүниесінің кіршіксіз қалпымен де биік, жаны таза жанашыр жылы жүрек иесінің адамзат үшін артына қалдырған өнегесі өлмес.

Д.Қонаевтың балалығынан алған тәрбиенің нәтижесінде, ол жақсы азамат болып қалыптасты. Уақыт өте, өзі қалаған білімді игерді, жақсы, адал жар жолықты, адами құндылықпен өмір сүрді. Айналасындағы жандарға әркез көмек қолын созып, жомарттық танытуды да ұмытпады. Ол өзінің өмірінде азаматтығын көрсетті.



Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Республикамыздың партия ұйымын басқарған кезеңде өзінің ерекше мәдениеттілігімен, имани ізеттілігімен көрініп, халықтың салт-дәстүрін, өз шежіресін, ата-баба салтын, тарихын жетік меңгерген, санасы биік азамат екенін көрсетті. Ол ел басқару ісінде өзінің сауаттылығымен бірге, ұстазға, елге деген құрметі арқылы, тәлім-тәрбиесін көрсетті. Халқын сыйлаған жанашыр азаматты, халқы да сыйлайтыны ақиқат.

Дінмұхамед Қонаев 1993 жылы тамыз айының жиырма екісі, сексен екі жасқа таяған шағында кенеттен бақилық болды.

Димекеңнің қолындағы билік шектеулі болса да, қолынан келгенін барынша халықтың жағдайын ойлап, ұлттық құндылықты қорғады. Халқы азаматтың адал еңбегін білді де, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы ретінде ғана емес, ұлтының көсемі, ел басқаруға лайық жан ретінде таныды. Еліміздің рухани тұрғыда кемелденуіне, халықтың еңсесін көтеріп, ел болуына ұйытқы болған Дінмұхамед Қонаевтың жасаған адал қызметі өлшеусіз. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев еліміздің ел болып қаланған іргетасының берік сәулетшісі, егемендігімізді қадірлеуге шақырған, халқы үшін аянбай еңбек еткен, қайталанбас тұлға.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев «Өмір мен қызметінің шежіресі». Алматы, 2022. 304 бет.
2. О.Қауғабай «Таңғажайып Қонаев». Алматы, «Қазығұрт».
3. Д.Кунаев «От Сталина до Горбачева». Алматы, «Санат», 1994 г.
4. Р.М.Кунаева «Размышление о пройденном пути». Алматы, 2016 г.



# ДИНМУХАМЕД ҚОНАЕВ – ВЕЛИКИЙ И ЗЕМНОЙ

**Давлетова Нурсулу Курмановна**  
*заместитель директора по учебной работе КГУ*  
*«Общеобразовательная средняя школа*  
*имени Д.Конаева», г.Актобе,*  
*учитель русского языка и литературы*

**З**а все блага цивилизации человечество расплачивается состоянием природы. Экологическая проблема для нас самая острая — речь идет о выживании. Экологические проблемы Казахстана и пути их решения находятся в общем ряду с этой глобальной задачей. Воздух, вода, земля — наше естественное окружение. Сегодня их состояние оценивается как катастрофическое, планета переживает экологический кризис. Одна из основных проблем — это обмеление Аральского моря.

Главная, но не единственная проблема Аральского моря — это потеря воды. Обмеление моря — дело рук человека. В 1960 году его площадь составляла 67 тысяч квадратных километров. Из-за безудержной мелиорации она уменьшилась до 10 000 километров, а объем воды сократился в 14 раз. До 1970-х годов в Аральском море обитало 34 вида рыб, теперь немного рыбы добывают только в малом Арале, а в большом ее вовсе нет.

Аральск был оживленным городом, портовым. Сюда причаливали для разгрузки корабли, туристы отдыхали на пляжах, наслаждаясь морем и солнцем, а у местного населения была работа и достаток. Проблема уменьшения уровня воды начала проявлять себя в начале 1960-х годов. Около 3 миллионов гектара земли, где произрастали рис, хлопок и другие культуры поливались водами, которые забирали из рек, питающих море. Кроме того, воду скапливали в Арнасайскую и Сарыкамышскую впадины. Появление Каракумского канала означало, что еще меньшее количество воды будет доходить до Арала. В результате в засушливые периоды воды рек вообще не доходили до моря. Наблюдалось резкое снижение уровня моря.

Динмухамед Ахметович Конаев, несмотря на занятость государственными делами, находил время выезжать в области огромной по своей территории республики. Во время поездок он обязательно интересовался жизнью регионов, часто встречался с простыми тружениками и беседах с ними узнавал обо всем, вплоть до бытовых проблем отдельных людей.

Жители Аральска встречались с этим незаурядным человеком дважды. До сих пор многие люди с гордостью вспоминают эти незабываемые встречи с ним. В первый раз Динмухамед Ахметович приезжал в город Аральск в далекие 50-ые г. в качестве кандидата в депутаты Верховного Совета СССР. Во второй раз он уже побывал в районах области Казалинском, Шиелийском и Жанакорганском. Во время встреч с руководителями города, со специалистами различных отраслей экономики, встреч с горожанами нетрудно было понять, насколько он придавал серьезное значение надвигаю-



щимся проблемам аральского региона. Об искренней заботе и внимании его к данному региону, о предстоящей нелегкой судьбе населения Арала ярко свидетельствует и тот факт как он поднимал проблемы края выступая на трибуне съездов коммунистической партии Советского Союза. В книге С. Абдраимулы и А.Горайнова «Личность: Воспоминания о Д.А.Кунаеве» собраны воспоминания видных политиков и простых людей. Из воспоминаний бывшего министра Рыбной промышленности Казахской ССР Кудайбергенова Саржанова «...Назвав главные причины столь стремительно-го высыхания Аральского моря он осмелился критиковать неверную линию партии допустившую бесконтрольного растранирование вод хлопкоробами и рисоводами, строительство соседними республиками ряда водохранилищ в верхнем течении рек Амударьи и Сырдарьи веками питавших море. Сегодня можно позавидовать прозорливости этого мудрого человека. Ведь именно тогда с высокой трибуны съезда. Кунаев во всеуслышание говорил о предстоящей экологической трагедии о том, что если не принять срочных мер, то трагедия данного региона по своему значению может стать глобальной. В связи с этим он обращал внимание руководства страны на необходимость поворота вод сибирских рек в Аральское море через Тургайскую степь. Димекен встретил меня приветливо, с присущей ему простотой и доброжелательностью, встал из-за стола, пошел ко мне навстречу и протянул руку для приветствия. Широким жестом пригласил сесть рядом и сосредоточенным видом сказал: «Слушаю вас». Видимо на меня успокаивающе подействовали скромность, простота и искренность этого мудрого человека. Волнение как рукой сняло, и я начал обстоятельно рассказывать о трагедии Арала...» Такие воспоминания раскрывают подробности некоторых исторических событий, ещё и позволяют узнать, каким был Динмухамед Конаев в неофициальной обстановке. Многие помнят его человеком простым, порядочным, надёжным, обаятельным.

Вернёмся к проблеме Арала. В далекие 50-ые годы Советское правительство приняло проект «Переброска части стока сибирских рек в Казахстан и Среднюю Азию», который является одним из самых грандиозных, но неосуществлённых инженерных и строительных проектов XX века.

Одна из целей проекта – экспорт за рубеж риса и хлопка. Для достижения поставленных задач планировалось значительное увеличение площадей поливных земель. При этом без внимания не оставались и объемы поступления воды в Аральское море. Ещё предусматривался ряд мер по обеспечению работой жителей Аральска, по сохранению рыбных богатств региона. Мелиоративные работы, расширение площадей под посевы риса и хлопка были осуществлены, а вторая часть проекта была забыта. Надежды рыбаков были обмануты.

Динмухамед Ахметович не раз оказывал помощь Аральскому региону. В 1976 г выходит постановление Правительства «О неотложных мерах по оказанию практической помощи населению, аральским рыбакам». По указанию Конаева была создана представительная комиссия, которая на месте ознакомилась с истинным положением дел в регионе. В результате были приняты оперативные меры по решению острых социальных проблем населения: обеспечение населения Аральского региона питьевой водой, электроэнергией, ремонтирование дорог. Очень важную роль в этом сыграло своевременное вмешательство Динмухамеда Ахметовича Кунаева. Аральцы начали получать материальную компенсацию в виде финансовой помощи. Сейчас убеждаемся в прозорливости, мудрости Конаева, который стоял у истоков движения по спасению Арала. Люди помнят и будут еще долго с благодарностью вспоминать этого незаурядного человека.



**Литература:**

1. Кошелев А. П. О первом проекте переброски сибирских вод в Арало-Каспийский бассейн. Вопросы истории естествознания и техники, 1985, № 3.
2. Саржанов К. Любовь людская к нему безгранична // Личность: Воспоминания о Д.А.Кунаеве / Сост.: С.Абдраимулы, А.Горайнов. – Алматы: Санат, 2007.С.139-148.
3. Толмачев Г. 50 встреч с Д.А.Кунаевым. –Алматы: РПО «Кітап»,1997-160 с.





# ҰЛТ ПЕРЗЕНТІН ҰЛЫҚТАУ – АБЫРОЙЛЫ ПАРЫЗ

**Ермухамбетова Аругуль Жанаевна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,  
педагог-психолог*

Әр адам тұлға болып қалыптасуында қандай да бір тарихи тұлғаның өмірінен, яки өмірге деген көзқарасының мардымды тұстарын өзіне қажетінше бағдарлап алатыны бар. Бір таңғалатыны-аталмыш үрдістің тек қарапайым адамның ғана емес, дүйім ұлттың кәдесіне жарап тұрғаны көзге еріксіз ілінеді.

Отанымыз Қазақстан Республикасы - тәуелсіз, еңсесі биік, өзге дамыған мемлекеттермен терезесі тең, керегесі кең, егеменді ел. Республика партия ұйымын басқарған, ширек ғасырға жуық уақыт ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағылымы терең, ой-өресі биік жан екенін, «елім» деп адал қызмет, қажырлы еңбек сіңіріп, артыннан баға жетпес мұра қалдырған ұлы тұлғаның бірегейі - Дінмұхамед Қонаев! Бір отбасының ғана емес, тұтастай бір ұлттың баласы болып, өз отбасы үшін емес, қазақтың болашағы үшін барын салды. Ол билік басында болған уақыт күрделі болғанымен, елмен бірге қызмет жасауға елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне арнаған біртуар азамат. Қызмет жолында жас ғалымдарды қолдау және білім сапасын арттыру мәселелеріне де ұдайы көңіл бөліп отырған. Оның әрбір айтқан сөзі ел арасында ауыздан ауызға тарап, қанатты сөздері боямасыз, бүкпесіз келешектің санасына ұялаған мотивациялық ұстанымдарға айналды.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1936 жылы Мәскеу қаласындағы түсті металдар институтын бітірген. Институтты ойдағыдай бітірген соң, тау-кен инженері мамандығын алған. 1937-1939 жылдары Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмысқа орналасып, онда бұрғылау станогінің машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және оның директоры болып жұмыс істеді. КОКП ХІХ-ХХVІІ съездерінің делегаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің ІІІ-ХІ шақырылымдарының депутаты болды. Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Ленин орденімен 8 рет, КСРО-ның, шет мемлекеттердің басқа да ордендері мен медальдарымен марапатталған. Академик Д.Қонаев өз кітабында: «Мен Орталық Қазақстанда еліміздің аса қуатты мыс өнеркәсібінің, кейін кенді Алтайда қорғасын-мырыш өндіріс ошағының бой көтеріп, қанат жаюына үлес қосқан алғашқылардың бірі болғанымды мақтан етемін» деп қалдырған.

Дінмұхамед атаның басқарушылық жылдарында халықтың тұрмысы мен жағдайын көтеруді, жеке бас мүддесін көздемеуімен ел жадында қалған болмысын зерттеу-бір жағынан оңай болып көрінгенімен, ғасырда бір туар адамның жан-жақтылығы, іскерлігін, қарапайымдылығын жазып шығу үлкен жауапкершілік.



Қонаев – ғасыр адамы. Илияс Есенберлин «Көшпенділерін» жазғанында, Олжас Сүлейменовтың «Аз и я» кітабын және Мұрат Әуезовтың «Жас Тұлпар» ұйымын Мәскеу жаппай қаралай бастағанда, Қонаевтың оған сабырмен ара түскенін айта кету керек. М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов сынды ақын-жазушылармен тікелей араласып, тіпті, Шәкен Аймановтың «Қыз Жібек» фильмінің шығуына үлкен әсер еткен.[2, 122 бет]. Ғылымды бір жақты қарамай, мәдениетке, ұлттық құндылықтарды дәріптеуге де атсалысқан алып тұлға. Дінмұхамед Ахметұлының ғылымдағы ерліктері туралы қарағандылық ғалымдар тобы төмендегідей мәліметтер келтіреді: «Атақты математик Әлімхан Ермеков Д.А.Қонаевтың ресми қабылдауында екі рет болған және Дінмұхамед Ахметұлы ғалымның тұрмыстық өтініштерін көбінесе оң шешіп беруді өзінің міндеті деп санаған. Бұдан басқа екі тұлғаның арасында ресми емес те кездесу болған екен. Бұл туралы Ә.Ермеков былай деп жазады: «Мені 1932 жылы алғаш рет жұмыста тұтқындағанда Алматыға Шымкент арқылы жүргіншілер пойызымен алып жүрді. Көршілес купеде үш студент қазақ жігіттері отырды. Күзетшінің ұйықтаған сәтін пайдаланып мен сол студенттердің біріне өзімнің тұтқындалғандығым туралы әйеліме жазылған хатты ұстатып үлгердім. Содан толық ақталғаннан кейін (шамамен 1960 жылдар) мен бірінші хатшы Д.Қонаевтың қабылдауында болдым. Ол мені жақсы қарсы алып, көмекшісіне маған Алматыдан пәтер беру туралы өтінішімді қанағаттандыруға тапсырма берді.

Қонаевтың ықпалымен кезінде қазақ даласының тағы бір ұлы тұлғасы, екінші Ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фарабиді туған жеріне қайта таныстыру мақсатында 1975 жылы Мәскеуде және Алматыда Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерекесіне арналған халықаралық конференциялар өтті. 1970 жылы Д.А.Қонаев атақты археолог Кемел Ақышевты қабылдап, оңтүстік Қазақстандық кешенді археологиялық экспедициясының құрылуына және жыл сайын аталған мақсатқа қомақты қаржы бөлінуіне ықпал ете отырып, төл тарихымыздың зерттелуіне жағдай жасады. Кейін Қазақстанның ең таңдаулы Есік обасынан табылған “Алтын адамды”, сондай-ақ сақ дәуірінің жәдігерлерін Египетте өтетін халықаралық көрмеге апарып шетелдіктерге таныстыруға жағдай жасаған еді.[3, 274 бет]

Тарихта «Қонаев кезеңі» деген атау алған ХХ ғасырдың 1960-1980 жылдары республика экономикасының өрлеуі Дінмұхамед Ахметұлының сол елді өркендету жолындағы тәжірибесі баяндалған сол мемуарлық «Өтті дәурен осылай», «Ақиқаттан аттауға болмайды» кітаптары ерен тұлғаның өмір жолы арқылы ұлтына, халқына қалай қызмет жасау қажеттігін келер ұрпаққа үйретуде өзінің маңызын жоймақ емес.

Алып қайраткердің білімінің тереңдігі, дүниетанымының кеңдігі, парасат-пайымының биіктігі, қазіргі қазақ қоғамындағы «болашағымыз» деп үміт артып отырған жастардың елі үшін көзсіз ерліктер жасай алуында айтарлықтай жәрдемші болары сөзсіз. «Орысты ренжітсең, Мәскеуге шабады. Қазақты ренжітсең кімге шабады? Орыстың артында тұрған Мәскеуі бар. Қазақтың артында Мәскеуі жоқ. Оның артында тұрған – біздерміз. Қорлыққа көнген халық, зорлыққа да көнеді. Енді исі қазақтың намысын, рухын сақтауымыз керек» - деп келетін естеліктен шын Қонаевтың биік арман, мақсат мүддесін көруге болады. Қайраткерлік пен қаламгерлікті қоса арқалап, басшылық саясаттан адамдық ожданға жоғары қойған тұлғаның тарихтағы орны қашанда мәртебелі. Ұрпақтан ұрпаққа сабақтаса жалғасып келетін төл тарихтағы Дінмұхамед Қонаев есімі алтын әріппен қашалуға тиіс.

#### **Әдебиеттір тізімі:**

1. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Дінмұхамед\\_Ахметұлы\\_Қонаев#Игі\\_істері\\_мен\\_жетістіктері](https://kk.wikipedia.org/wiki/Дінмұхамед_Ахметұлы_Қонаев#Игі_істері_мен_жетістіктері)
2. Ақиқаттан аттауға болмайды. Алматы, 1994 ж
3. Дара дана тұлға. Алматы., 2012ж



# ЕЛІМІЗДІҢ ТАРИХЫНА АЛТЫН ӘРІППЕН ЖАЗЫЛҒАН ТҰЛҒА

**Жаркенова Замзамгуль Тыныштыкбаевна**

*Ақтөбе қаласы «Д.А.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
дене шынықтыру мұғалімі*

**Д**имаш Ахметұлы Қонаев туралы мақаланы жазу барысында, қазақ халқының «Мұхиттың жағасынан құдық қазбайды» деген дана сөзін еске түсіріп отырмын. Қонаев біз үшін мұхит болды және мәңгі мұхит боп қалады. Адам өмірде өзін неғұрлым қарапайым ұстаса, соғұрлым ол дана, тартымдырақ болады, Димаш Ахметұлы осының ең үлкен үлгісі. Оның бойында бәрі болды: кемел ақыл, білім, мәдениет, Отанға, халқына деген адалдық. Құм түйіршіктері де, таулар да оның уақытында бірден назар аударуды қажет ететін бірдей маңызды нысандар болды. Ол ешқашан креслодағы жұмысшы болған емес, әрдайым ғалым, зерттеуші, шығармашылық идеялардың генераторы болып қала берді. «Әрқашан бір жерге баруға асығатынымын, бәрін өз көзіммен көргім келді, түсінгім келді, мүмкіндігінше көп адамға көмектескім келді.» деген оның сөздерінен біз оның жауапкершілігін көре аламыз.

Күштеп ұжымдастыру мен қазақтарды отырықшы өмір салтына көшіру жөніндегі ойланбаған ерікті шаралар миллиондаған отандастардың өмірін қиған жаппай ашаршылыққа әкеліп соқтырған республиканың ауыр жағдайына Д.Қонаев студент кезінде-ақ көзі жетті. Қазақстан үшін қиын кезеңді еске алған Д.Қонаев республика басшысы ретінде оның дамуына зор үлес қосты. Кейін оның басшылығымен Қазақстан елеулі табыстарға қол жеткізді. Республиканың даму бағдарламасы өнеркәсіп өндірісін, ауыл шаруашылығын, қарқынды құрылысты жолға қоюға бағытталды. Қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар халықтың табысты демографиялық дамуына әкелді. Республиканың стратегиялық дамуының табысты болуына тау-кен инженерінен Қазақстан Ғылым академиясының президенттігіне дейін жеткен оның басшысының кәсіби бағдары әсер етті. Одан кейін Д.А.Қонаев партия жұмысын басқара отырып, халық шаруашылығының дәл осы салаларын дамытты.

Жас инженер Д.Қонаев кәсіби жолында 1936 жылы Мәскеу түсті металдар және алтын институтының тау-кен факультетін тәмамдады. Қоңырат-Балқаш құрылыс алаңына жұмысқа жіберілгеннен кейін еңбек жолы басталды. Жобалау бөлімінің аға инженері қызметінен босатылған Д.А.Қонаев тікелей өндірісті сұрап, еңбек жолын айналмалы соқпалы бұрғылау станогының машинисі болып бастады. Қарапайым машинисттен шахтаның бас инженеріне дейінгі еңбек жолын өткен Д. Қонаев артта қалған аудандарды алдыңғы қатарға шығарған жоғары кәсіби өнеркәсіп көшбасшысы болды. Оның жеке белсенді қатысуының арқасында шахта жетіспейтін тау-кен техникасын, әлеуметтік-мәдени өмірге қомақты қаржыны алды, нәтижесінде өндіріс айтарлықтай қарқын алды.



Шұғыл континенттік климат, қиын өмір сүру және еңбек жағдайлары, қатал репрессия кезеңі Қазақстанның болашақ көшбасшысының мінезін жұмсартты. Күнделікті қарқынды жұмыс, инженер Қонаевтың жоғары кәсібилігі оның мансаптық өсуіне оң әсер етті. 1939 жылдың қыркүйек айының аяғында Д.А.Қонаев Балқаш қаласынан Қазақстан Компартиясы (б) Орталық Комитетінің қарамағына шақырылып, кейіннен Риддер кен басқармасының директоры болып тағайындалды. 18 қазан күні Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев пен Зухра Шәріпқызы Ялымованың тойы өтті. Қонаевтардың отбасылық ерлі-зайыптылары Риддерге жұмысқа кеткен.

1986 жылы 11 желтоқсанда Д.А.Қонаевтың қатысуынсыз Саяси бюроның отырысы өтіп, оның отставкаға кетуі туралы шешім қабылданды. 16 желтоқсан күні таңертең Д.А.Қонаевты зейнеткерлікке шығарып, ҚКП Орталық Комитетінің Пленумы болып, оның орнына Г.В.Колбин тағайындалды.

17 желтоқсан күні кешкісін және 18 желтоқсан күні күні бойы жаңа бағытты ауызша жариялаған тоталитарлық режимнің ар-намысына нұқсан келтіргенін сезініп, басын көтеруге батылы барған жастарды аяусыз ұрып-соғу болды. Жастар өзгерістердің ақиқатына шын жүректен сеніп, сенімсіздіктері үшін қатаң жазаға тартылды.

Горбачев пен Колбин Д.А.Қонаев Желтоқсан оқиғасының негізгі ұйымдастырушыларының бірі деп санады. Бұрынғы көшбасшыны зұлымдықпен қудалаудың ұзақ мерзімді науқаны басталды. Колбин Мәскеуге қайтарылғанға дейін Д.А.Қонаев іс жүзінде ұйқамақта болған. Кейбіреулерге оны көруге рұқсат етілмеді, кейбіреулердің өзі «масқара» басшымен араласудан аулақ болды. Мүмкін бұл Д.А.Қонаев өміріндегі ең қиын кезең болды.

Өлерінен бір күн бұрын Димаш Ахметұлы жолда қолын жайып дұға етіп тұрған әйелді көреді. Көлік тоқтады. Әйел Қонаевтан үйіне кіруін өтінді. Едені саз балшықпен жабылған шағын үйшік. Ал үйдің ішінде қардай аппақ сегіз жастық жинаулы тұр екен. Сегіз баланың анасы, яғни әлгі әйел Қонаевтан баласынң жастығын аяқпен басуын өтінді. Ежелгі әдет бойынша балалардың жастығын хан тұқымдас кісілер басса, баланың өмірі бақытқа кенеледі екен. Қонаев ернін тістеп, еденнен жастық алып сүйді. -Рахмет, айналайын, бірақ мен баланың жастығын баса алмаймын, бұл жастыққа кезектесіп ұйықтай берсін. Өмірлері жарқын болсын., - деп жастықты қайтарып берген екен.

Дінмұхамед Қонаев кішіпейіл басшы есебінде танылды. Ол ертеменен Коммунистік даңғыл мен Киров көшесінің (бүгінгі Абылайхан даңғылы мен Бөгенбай батыр көшесінің) қиылысындағы үш қабатты үйден шығып, ылдидағы Үкімет үйіне қарай жайбарақат жұмысқа барады екен. Қонаев сол үйде көп жылдар бойы тұрып, тіпті, Қазақстан КП ОК-нің бірінші хатшысы болған кезінде де, қаланың орталығында үш бөлмелі пәтері бола тұра әлгі үйде тұрды. Ал басқа үйге көшкенде Қонаев пәтерін өзінің кадрлық саясатын қатты сынап жүрген жазушы Әлжаппар Әбішевке сыйға тартып кетті. Министрлер кеңесінің төрағасы болғанда Қонаев академик атағы үшін өзіне төленетін 340 сом шамасындағы ақйдан бас тартқанын білеміз. Бұл ақшаны ол балалар мен жас ғалымдарға көмектесу мақсатында жұмсауға бұйырды. Осындай кішіпейілділік оның туа бітті қасиеті екені көзге көрініп тұрды және жұрттың оған деген сенімін күшейтті. Оның жеке басының байлық-дәулетке қызығушылығы байқалмады. Оның айналасындағы адамдардың арасында оны ұлықтаудан жарыс болған жоқ, есесіне олар оның көшбасшылық беделін қызғыштай қоритын, оның жетістіктеріне қылау түсірмеуге тырысатын.

1993 жылдың 25 тамызы Қазақстан тарихында жарияланбаған ұлттық аза тұту күні ретінде қалады. Олар Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты жерледі. Опера және балет театрының қаралы залынан он мыңдаған алматылықтар өтті. Тағы мыңдаған адам Д.А.Қонаевпен қоштаса алмады. Бұйрық ал-




ған полициялар адам ағынын тоқтатуға мәжбір болды. Бұрын-соңды театрдан зиратқа дейінгі жатқан миллиондаған гүлдерді ешкім көрген емес.

Д.А.Қонаев қазақ халқының сүйікті ұлы болды. Мың жылда бір туылатын адам. Дінмұхамед Қонаевтың өмірі мен қызметі өскелең ұрпаққа үлгі. Қонаев білімді басшы ғана емес, ұлы Абай жырлаған адамның ең жақсы 5 қасиетінің иесі болған. Дінмұхамед Ахметұлының есімі еліміздің тарихына алтын әріптермен жазылды. Ұзақ жылдар билікте болған азамат өзінің ерекше қарапайымдылығымен, адамдарға деген ақкөңіл, шынайы көзқарасымен ерекшеленді. Сондықтан ол халықтың жадында мәңгі сақталады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қонаев Д. Өтті дәурен осылай. – Алматы, 1992.
2. Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды. – Алматы, 1994.
3. Адырбекұлы К. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев // Адырбекұлы К. XX ғасыр: соңғы репрессия. – Алматы: Алаш, 2006.
4. Акуев М. Димекең аңға рұқсат етілген айларда ғана шығатын [Қоғам қайраткері Д.Қонаев және отставкадағы полковник М. Акуевпен әңгіме] / Әңгімелескен Ә.Нұрпейісұлы // Заң, 2006. – 12 мамыр.



# КІШІЛІК ПЕН КІСІЛІКТІ БОЙЫНДА ТЕҢ ҰСТАҒАН ТҰЛҒА

**Ералина Райса Төлепбергенқызы**  
*Ақтөбе қаласы «Д.А.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
бастауыш класс мұғалімі*

*Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге болса да үлкен сын.  
Адамгершілік деген асыл қасиетті аласартып алмасақ екен*

**А**дамдарға тән ізгі қасиеттердің бірі – кішіпейілділік. «Ұлық болсаң – кішік бол» деген қазақта жақсы мақал бар. Ол дегеніміз жеке адамның жұрт мойындаған тәртіпке өз еркімен бағынуы, өзінің жеке бастық керек-жарағын сол қоғамдағы халықтың материалдық жағдайына сәйкес шектеуі, барлық адамға құрметпен қарап, өзінің ғана мүдделеріне қатысы бар жекелеген адамдардың ұсақ-түйек кемшіліктеріне төзімділік көрсетуі, сонымен қатар өзінің және басқалардың жетістіктері мен кемшіліктеріне сын көзбен қарауы.

«Кішілік пен кісілік – ұлылықтың белгісі»[3]-деп, түркі ғалымы Махмұт Қашқари айтқандай халықтың ризашылығына бөленген қоғам қайраткері, болашаққа ерекше үлгі болатын қайталанбас тұлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың кішілігі мен кісілігі туралы естеліктерді оқи отырып, қайраткердің бойындағы қасиеттерге тәнті болдым.

Дінмұхамед Ахметұлы туралы естеліктердің барлығында дерлік ол кісінің қарапайым, сабырлы да кең пейіл жан болғаны жазылады. Үйде де, түзде де ашу шақырып, дауыс көтеру деген секілді әдеті болмаған. Үкімет қызметінде жүрген кезде жұмысқа ешбір оққағарсыз, жаяу баруды жөн көрген. Бұл кезде коммунистік партия басшылары керісінше қос-қостан күзет ұстайтын болған.

17 жыл жанында жүріп Қонаевтың жеке күзетшілерінің басшысы болған Анатолий Горяинов оның, расымен де, оққағарлармен жүргенді ұнатпағанын еске алады[1].

А.Горяиновтың айтуынша: «Шындығын айтқанда, Дінмұхамед Ахметұлы қауіпсіздік шаралары дегенді жақтырмайтын. Сол себепті біз қызметімізді жасырын жүріп атқаратынбыз. Күзетті көргенде «Мені жыртқыш құс құсатып жетектеп жүргендеріңді қаламаймын» – деп ренжитін дейді ол[1].

Бәйкен Әшімовтың «Ел сенімі – ең қымбатың» атты естелік кітабында Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың жұртпен әңгімелескен кезде басқалардың сөзін көңіл қойып тыңдайтыны, өз пікірін үзілді-кесілді айта салмай, ақылдасу түрінде айтатындығы баяндалады. «Ол сөзін «Былай істеуге болмас па еді» деген сияқты өзгеге ой сала сөйлейтін, жергілікті жерлерден айтылған өтініштерге де аяқ асты уәде бере салмайтын» деп жазады автор[2].

«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық сериямен шыққан «Мұхиттан өткен қайық» атты кітапта Назым Ниязи Жалаңтөстегі атты автордың естелігіне сүйенсек, Өзбекстанға бір барған сапа-





рында И.Каримов Дінмұхамед Ахмедұлына су жаңа волга көлігін сыйға тартады. Димекең орнынан тұрып, ұсынған кілтін алады да рахметін айтып жетім балалар үйінің директорының қолына сол волгоның кілтін табыстайды [1]. Не деген мәрттік! Тағы да осы кітапта Зақаш Камалиденов атты қайраткердің естелігінде Дінмұхамед Ахметұлының ерекше қасиеттерінің бірі деп оның ата-анасына, жарына, туған-туысқандарына деген қамқорлығы мен сүйіспеншілігі туралы айтылады. Өзі алпыстан асқан ел ағасы бола тұра 85 жастағы әкесінің алдында үлкен кішіпейілдікпен, бала тұрғысынан сөйлеп, ізеттілік сақтап, ілтипат көрсетіп отырғанын автор таң қала суреттейді [1].

Кие тұтатын асыл қасиет болып табылады. Сол үшін де халық: «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік», - деп оның мәнін өте дұрыс айтып жеткізген [5].

Әңгімені кішіпейілділік мәселесінен бастағандағы айтпағым, саналы адамға тән қасиеттердің бірі де бірегейі, кішіпейілділік қасиетті өскелең ұрпақтың бойына сіңіре білсек жас буын тәрбиесіне қосқан үлкен үлес болары сөзсіз. Жаңа кезеңдегі білім берудің өзекті мәселесі де жас ұрпаққа адамгершілік-рухани тәрбие беру. Құнды қасиеттерге ие болу, рухани бай адамды қалыптастыру оның туған кезінен басталуы керек. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған көшет кезінде көмектесуге болады, ал үлкен ағаш болғанда оны түзете алмайсың» деп бекер айтылмаған [3]. Сондықтан баланың бойына жастайынан ізгілік, мейірімділік, қайырымдылық, яғни адамгершілік құнды қасиеттерді осындай ұлы тұлғалардың өмірі мен жеке басының көркем қасиеттері арқылы тәрбиелеу жаңалық емес.

Әрбір қазақ үшін Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі қастерлі, қымбат екені сөзсіз. Рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық тәрбие беруді қамтамасыз ететін «Еңбек – елдің мұраты», «Қоғамға қызмет» жобалары аясында [4] жыл сайын тұрақты түрде тәрбие сағаттары мен сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастыру арқылы жас ұрпақтың санасында Дінмұхамед Ахметұлының жарқын бейнесін сақтап қаларымыз анық.

Д.Қонаев қазақ үшін тынбай еңбек етіп, әрдайым ізгілікті ісімен, мәрт мінезімен таныла білген ардақты азамат ретінде еліміздің жарқын болашағының негізі – жастарға, әрдайым адалдық мен адамдықтың үлгісі болып қала беретініне сенімдіміз!

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Мұхиттан өткен қайық». Алматы: ОҒҚ, 2011 [«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия]
2. Б.Әшімов. «Ел сенімі – ең қымбатың» Алматы: Ана тілі, 1997.
3. О.К.Трубецкая. Балалардың рухани- адамгершілік құндылықтарын қалай жетілдіруге болады // Сынып жетекшінің анықтамалығы №12(48) 2012
- 4.«2022-2023 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат, 39-бет



# ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

**Қоныратбаева Алия Жеткергеновна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
тарих мұғалімі*

**Х**алқымыздың аяулы перзенті мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың тарихи тұлға ретінде қоғамда алар орны ерекше. Атамыздың өмірімен, еңбек жолымен, игі істерін және адамгершілік асыл қасиеттерін үлгі тұтуға болады. Еліміздің қарыштап дамып, өркениеттің жолына шығуына өлшеусіз еңбек сіңірген аса ірі қайраткер, халқымыздың ұлы перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыз 1912 жылы 12 қаңтарда, Алматы қаласында қызметкердің жанұясында дүниеге келді. Әкесі Меңліахмет, анасының аты Зәуре. Ата-бабасы қазіргі Алматы облысының Балхаш пен Күрт аудандарын мекендеген, ол өзінің жастық шағын бұрынғы Верный, қазіргі Алматы қаласында өткізеді. Сонда оқу бітіріп 1931 жылы Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің жолдамасымен Мәскеу түсті металлургия институтына түсіп, 1936 жылы, бұл институтты қызыл дипломмен тәмәмдап, Қоңырат-Балқаш құрылысына жолдама алып, еңбек жолын қарапайым жұмысшыдан бастайды.

1939 жылы Д.А.Қонаев КОКП мүшелігіне қабылданды. Қазақстан К(б)П ОК ұйғарымымен Д.А.Қонаев 1939 жылдың қыркүйек айында Балқаштан орталыққа шақырылды және Риддер кен басқармасының директоры болып тағайындалды.

1942 жылдың сәуір айында Д.А.Қонаев отыз жасында республика Халық комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Жаңа қызметте түсті металлургия, көмір және мұнай өнеркәсібі, электрстансалар, темір жолдар, автокөлік және қорғаныс зауыттары, кәсіпорындары жұмысына басшылық жасады, ғылыми талдаулар жасау ісіне белсене қатысты. Ол көп жылдар бойы карьерлерде кен қопарудың тиімді әдістерін зерттеумен және тәжірибеге енгізумен шығұлданды. Бұл зерттеулер Қазақстанның кен өндіру өнеркәсібінде өндірістің тиімділігін елеулі түрде арттыруға үлкен септігін тигізді.

1952 жылдың сәуір айында Д.А.Қонаев Қазақстан Ғылым академиясының толық мүшесі-академик және осы Ғылым академиясының президенті болып сайланды. Тау-кен ісі саласындағы ірі ғалым, талантты және қайратты ұйымдастырушы ретінде ол республика Ғылым академиясын дамытуда көп іс атқарды. Оның басшылығымен институттардың ғылыми қызметін жақсарту, оларды кадрлармен нығайту, ғылымның өндіріспен байланысын күшейту, Қазақстанның өндірістік күш-қуатын дамытудың кешенді проблемаларын жасауға барлық ғылыми күш пен материалдық қорды шоғырландыру бағытында ірі шаралар жүзеге асырды. 1955 жылы 31 наурызда Д.А.Қонаев республика Жоғары Кеңесінің сессиясында Қазақстан Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметіне тағайындалды, ал 1960 жылы қаңтарда бірауыздан Қазақстан Компартиясы ОК Бірінші хатшысы болып сайланды.

Бірақ 1962 жылдың желтоқсанында КОКП ОК басшысы Н.С.Хрушевпен Қазақстан жерінің бір бөлігін көрші Өзбекстанға беру жөніндегі елеулі келіспеушілікке байланысты Д.А.Қонаев Қазақ-



стан Компартиясы ОК-нің бірінші басшылығынан босатылып, қайтадан Қазақ ССР Министрлер Кеңесін басқаруға жіберілді.

Н.С.Хрушев партиялық қызметтен босатылып, Л.И.Брежнев КОКП ОК Бас секторы болып сайланғаннан кейін, 1964 жылдың желтоқсанында Д.А.Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші секретарлығына қайта сайланды.

Д.А.Қонаев Қазақстанның дамуына аса зор үлес қосты. 1955 жылдан 1985 жылға дейін республика өнеркәсіп өндірісінің көлемі 8,9 есе, ауыл шаруашылығы 6,2 есе, құрылыс 8 есе өсті. Республиканың ежелден игерілмей жатқан байтақ жерінде мыңдаған елді мекендер, 43 жаңа қала пайда болды. Қазақстанның ғылыми күш-қуатының қалыптасуына ерекше көңіл бөлінді. Халық шаруашылығында жұмыс істеу үшін адамдар саны 3 есе, сонымен бірге ғылыми қызметкерлер саны 3 есе, сонымен бірге ғылыми қызметкерлер саны 8 есе өсті. Қазақстанда қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың орнауы демографиялық дамуға да игі әсерән тигізді. Республика халқының саны 1955 жылы екі есе артты, 1987 жылы 16 миллион 244 мыңға жетті.

1986 жылы 16 желтоқсанда ҚКП ОК пленумында Д.А.Қонаевты зейнетке шығаруға байланысты ҚКП ОК-нің Бірінші секретары қызметінен босату туралы шешім қабылданды.

17-18 желтоқсанда ҚКП ОК Бірінші секретары етіп Г.В.Колбинді тағайындау туралы пленумының шешіміне, бұл «Мәскеудің халыққа жасап отырған қорлауы» деп, қазақ жастары қарсы шықты. Алайда бейбіт шеру әскери бөлімдердің және милициялардың көмегімен қатыгездікпен жаншылды, ал шеруге қатысушы жастар көптеген қуғындаушылыққа ұшырады. Ақырында әділетсіз әкімшілік шаралар алынып тасталынды, желтоқсан оқиғасына қатысушылар құқығы қалпына келтірілді.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ірі саяси қайраткер ретінде әлемге әйгілі қайраткер. ҚКП 4-съезінен 16-ншы съезіне дейін Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті құрамына енді. КОКП ХІХ съезіне және партияның барлық келесі съездеріне, КОКП XXVII съезін қоса алғанда, делегаты болып сайланды. XXIII съезде КОКП ОК саяси Бюросының мүшесі болып сайланды. Бұл КСРО басқару құрамының жоғары буыны болды. Жалпы алғанда КОКП ОК Саяси бюросы құрамында Д.А.Қонаев 21 жыл болды. КСРО Жоғарғы кеңесінің 3-ден 11-шақырылуы бойына КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды, ол 25 жыл бойына КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының мүшесі болды.

Д.А.Қонаев КОКП ОК мен КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының тапсырмасын орындаумен бірқатар шетелдерде болды және АҚШ-қа, Үндістанға, Италияға, Қытайға, Монғолияға, Египетке, Уругвайға, Жапонияға, Кореяға, Чехословакияға және басқа елдерге партиялық-парламенттік делегацияларды басқарып барды.

Д.А.Қонаев партиялық, мемлекеттік және ғылыми жұмысты публицистикалық қызметпен белсенді ұштастыра білді. Оның қаламымен көптеген мақалалар мен публикациялар туындады. Ол – «Менің уақытым туралы» (1992), «Сталиннен Горбачевқа дейін» (1994) деп аталатын естелік кітаптардың авторы.

Қазақстанда және бүкіл елімізде экономиканы, ғылым мен мәдениетті мықтап дамыту жөнінде атқарылған қыруар істер деп атап көрсетеді. Д.А.Қонаев, Л.И.Брежнев жолдастың есімімен байланысты. Д.А.Қонаев КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғары Советі Президиумының Председателі Л.И.Брежнев жолдастың ғылыми коммунизмнің теориясы мен практикасын дамытуға, Коммунистік партия мен Совет мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатын талдап жасап, жүзеге асыруға қосқан үздік үлесін жоғары бағалайды.

Д.А.Қонаев партия және партия-үкімет делегацияларын бастап көптеген шетелдерге барды. Оның туысқан партиялардың съездерінде сөйлеген сөздері КПСС-тің социалистік достық одақ ел-



дерінің бірлігін, дүние жүзілік коммунистік және жұмысшы қозғалысының топтасқандығын күшейтуді, халықтардың ұлт-азаттық қозғалысын барынша қолдауды, бейбітшілік, қауіпсіздік және халықаралық ынтымақтастық саясатын дәйекті түрде жүргізуді көздейтін сыртқы саяси бағытын ашып көрсетеді.

Димаш ағаның «Ақиқаттан аттауға болмайды» ғұмырнамалық кітабын оқығанда, ғибраты мол ғұмырдан ұрпақ түйер ұлағат аз емес. Онда Қазақстанның тарихы, ел экономикасы, әлеуметтік дамуы, мәдени өсіп-өркендеуі, қаншама өнегелі іс, өміршең тірлік жатыр. Ойы қандай салмақты, сөзі қандай өрнекті. Даналық деген осы. Ақылды ағадан қалған сөз ұрпаққа жұғысты болғай.

Көрнекті “адамдар өз елінің не бағына сорына туады” деген мақал бар. Димаш Ахметұлы болса туған елінің бағына туған адам және біздің әрқайсымыз үшін айрықша ыстық. Әсіресе ол өмірі қауіп пен қатерде жүрген адамдарға тіптен алабөтен жақын сияқты. Оның басты қасиеттері адамсүйгіштігінде, әділеттілігінде, биік адамгершілігінде, нақтылығында, істі терең білуінде. Оны өзгелерден ерекшелендіріп тұратын қасиет ғажайып даналығы болса керек. Ол өз ісі арқылы халқының шынайы сүйіспеншілігіне ие болды, оның аты өзін шексіз құрметтейтін ұрпақтарының жадында мәңгі қалды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев «Өмір және еңбек шежіресі». Алматы: «Service Press», 2022 ж.
2. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев «Өмір мен қызметінің шежіресі». Алматы, 2022 жыл
3. Д.Қонаев «Ақиқаттан аттауға болмайды». ЕСТЕЛІК-ЭССЕ. 1992ж
4. Динмухамед Кунаев: «О моем времени. От Сталина до Горбачева»



# ҚАРА СӨЗДІҢ ҚАЙМАҒЫН ҚАЛҚЫҒАН КЕМЕҢГЕР БАСШЫ

**Кадырова Гүлназ Қоштаевна**  
*Ақтөбе қаласы, «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
ағылшын тілі мұғалімі*

**Ғ**асырда емес, ғасырларда бір туатын, халық құрметіне бөленетін тұлғалар болады. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев сондай адам, ел арасында сыйлы, заманының дара туылған перзенті. Димаш атамыз кемеңгер басшы, кішіпейіл азамат, білікті саясаткер ғана болмай, ортада қазақи асыл сөздің маржанын теріп айтатын көреген, тілмәш болған. Д.Қонаевтың қанатты сөздері мектеп оқушысынан бастап салмақты ересектердің де ұстанымына айналғандай.

XX ғасыр ғажайып ғасыр, тарих үшін қызықты, ал замандас үшін қасірет ғасыры [1].

1936 жылы институтты ойдағыдай бітіріп, тау кен инженері мамандығын алған Д.А.Қонаев Балхаш мыс қорыту комбинатынан еңбек жолын бастап ел басшысы дәрежесіне дейін жетті. Оннан астам одақтас республиканы Мәскеу басқарып тұрған күрделі де қиын заманда Қонаев атамыз Қазақстанды жиырма жеті жыл бойы басқараған. Кемеңгер басшының даналығы мен кішіпейілділігі қасиетімен қатар қара сөздің шешені бірге болған. Сөз саптауы ерекше, әйгімесін мақал-мәтел, дана сөздермен көркемдейтін қасиеті тағы бар. Бүгін де Димаш атамыздың айтқан нақыл сөздері ертеңгі зиялы азамат ретінде елінің шын патриоты болып өсуімізге ықпалы зор, сондықтан әр жастағы адам өзінше оқиды, өзіне керегін алып, өмірлік тәжірибеде қолданады. Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау[2].

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев (1912—1993) аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докторы, КСРО шетел ордендері мен медальдарының иегері.

Көшбасшының ең маңызды қасиеті – сұхбаттасушыны өзіне тарта білу. Бұл қасиет Д.А.Қонаевқа толық ие болды. Д.Қонаев мінезінің айрықша белгісі – өзіне жеке мәселесін айтқан адамның орнына өзін қоя білуі болды. Ол республиканың бірінші басшысы ғана емес, сонымен бірге халықтың, жастардың рухани тәлімгері болды. Жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу, жұмыс істеу үшін берілген [3].

1965 жылы Д.Қонаев Ресейде оқитын қазақ студенттері құрған «Жас тұлпарға» қорған болыпты. Қазақтың тілі мен басқа да рухани мәселелерді көтере бастаған жас тұлпарлықтар – «буржуазиялық ұлтшылдар» болып қудалауға түскен екен. Ұйымның басшысы Мұрат Әуезовтің жазбаларына жүгінсек: «біз, «жас тұлпарлықтар» осы айыптаулардың басты нысанасына айнала жаздадық. Бұл жолы да бізді құтқарып қалған Димаш атамыз болды. Оның біз туралы: «Бұл еліміздегі ең үздік жоғары орындарының студенттері, еліміздің ертеңгі бетке ұстар зиялылары, біздің оларды аялап, қорғай білуіміз керек» деген сөздері «шолақ белсенділердің» аузына құм құйғанды»[4].



Бозбала кезінде Мұхаметжан Тынышбаевты үлгі тұтқан, Мағжан Жұмабаевтың өлеңдерін жатқа білген[6]. Д.Қонаев қаламгерлерге, өнер адамдарына, жалпы халыққа жақын болды. Рухымызды биіктеткен, санамызды өсірген, ұлттық тарихымыздың жабулы ұмыт болған беттерімен қайта қауыштырған қаламгерлерге қорған, қолдаушы бола білген. Олардың ішінде М.Әуезов, І.Есенберлин, О.Сүлейменов болғанын белгілі. Атақты ғалым, жазушы Құлбек Ергөбек Димекеңнің қазақ әдебиетінің тарихын тереңдеткен профессор Бейсенбай Кенжебаевпен де хабар алысып отыратынын, қала ортасынан үй бергізгенін, көлік ұсынғанын, жалпы айтқанда қарайласып тұрғанын айтады. Тізе берсек, қазақ зиялылары ішінде Димаш атамиздың шапағатын көргендер аз болмаған. І.Есенберлиннің сөзімен айтсақ, «Әсіресе ол кім жиі тұңғыыққа тірелген болса немесе кімнің өмірі бір тал шашқа ілініп тұрған болса, соларға қымбат еді». Димаш атамиз Ілияс Есенберлинге, басқа да зиялы қауым өкілдеріне жасаған жақсылығын жазушының інісі, ғарышқа самғаған «Боранның» ыстыққа шыдамды сыртқы қабатындағы құпия материалын жасаған ғалым Раунақ Есенберлин былай сипаттайды: «Ол оған көмегін тура да, жанай да аяған жоқ. Әсіресе екі оқиға Ілияс үшін өте мәнді еді.

Кемеңгер басшының өмір жолы, өсиеті, сөздерінің келер ұрпаққа берер өнегесі мол екені сөзсіз. Димаш атамиздың сөздері қазақ халқы үшін қанатты сөз, асыл мұра. Қазақ деген ұлт барда Дінмұхамед Қонаевтың есімі ешуақытта ұмытылмақ емес. "Панам да — ел, данам да — ел. Соған арқа сүйедім. Содан үйрендім" деп өзі де жүрекжарды ықыласын білдірген.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қонаев Д.А. bilim all:[электрондық ресурс] URL: <https://yaaspirant.ru/spisok-literatury/kak-v-spiske-literatury-oformlyat-internet>
2. Қонаев Д.А. bilim all:[электрондық ресурс] URL: <https://yaaspirant.ru/spisok-literatury/kak-v-spiske-literatury-oformlyat-internet>
3. Қонаев Д.А. bilim all:[электрондық ресурс] URL: <https://yaaspirant.ru/spisok-literatury/kak-v-spiske-literatury-oformlyat-internet>
4. Әуезов Мұрат. Жаратылысы ерекше жан // Кемеңгер Қонаев. Алматы, 2003. 123-124 бб.).
5. Қонаев Д. О моем времени. Алматы, 1992. С.15
6. Әуезов Мұрат. Жаратылысы ерекше жан // Кемеңгер Қонаев. Алматы, 2003.





# ДАРХАН ДАЛАНЫҢ ДАРАСЫ – ДІНМҰХАМЕД

**Сыдыкова Жанар Айдаровна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
ағылшын тілі мұғалімі*

**О**сы уақытқа дейін қазақ даласында қаншама адам еңбек етті. Елінің қалыптасуына орасан зор үлес қосты. Солардың ішінде Дінмұхамед атамyzдың еңбегін ерекше атап өтпеу мүмкін емес. Ол кісінің халық үшін жасаған, игі істері келер ұрпаққа үлгі болары сөзсіз.

Ұлт санасында ерекше есте қалған. Тарихта есімі алтын әріппен жазылған халқымыздың нар тұлғасы. Дінмұхамед Қонаев жайында айтылар сөз, жырлайтын өлең де еш уақытта таусылмаған Дінмұхамед атамyzдың есімін естігенде ойланбастан ойымызға алмалы қала Алматы түседі. Неге десеніз, Алматы қаласы табиғи апаттың алдында тұрғанда, Қонаев атамyzдың құрылыс жайында жоспары Алматыны апаттан аман алып қалды. Мүмкін дәл сол жоспар болмағанда қазіргі Қазақстанның басты әрі, ең ірі мегаполиске айналған қаланың болуы екі талай еді. Қазақ елінің дамуына үлес қосқан азаматтардың бірі Д.Қонаев екені сөзсіз.

«Мен әрқашан да халқыма адал қызмет еттім және соңғы күніме дейін қызмет етемін» - деп Қонаев атамyzдың айтып кеткен бұл сөздерінің нәтижесі де, жемісі де бүгінгі тәуелсіз Қазақстан. Көріп отқанымыздай, Д.Қонаев атамyz Қазақстанның дамуына зор үлес қосқан тұғырлы тұлғалардың бірі. Осы тұста, Д.Қонаев атамyzдың өмірбаянына кішігірім шолу жасап кетейін. Жалпы Д.Қонаев кеңес дәуіріндегі Қазақстанның партия және мемлекет қайраткері. Ол 1912 жылы 12 қаңтарда Верныйда, үлкен Станицада кедей шаруа отбасында дүниеге келген. Кедей шаруа отбасынан шықса да, осыншама жетістіктерге жетіп, 1942 жылдан бастап Қонаев атамyzдың қызметі саяси сипат ала бастайды. Өзі бір сөзінде айтып кеткендей, «жиырмамыншы ғасыр таңғажайып ғасыр, тарих үшін қызықты, ал замандас үшін қасірет ғасыры»-дегендей сонау қасірет ғасырында, Қазақстан экономикасын 7 есеге көтеру екінің бірінің қолынан келе бермесі бәрімізге мәлім. Сол себепті де, халқымыз оны күні бүгінге дейін сағынышпен еске алып, зор махаббатпен жақсы көреді. Жұрт оның ең алдымен өзін емес, халқын ойлайтындығын, басшы ретінде Қазақстан үшін идеал екендігін танытып келеді.

Д.Қонаев туралы өз пікірлерін көптеген ғұламалар, қоғам қайреткерлері қалдырып кеткен. Соның бірі, Олжас Сүлейменов. Оның пайымдауынша, Д.Қонаев басқарған кезде республиканың жолы болды. Бұл туралы Димаш атамен дос болған жазушы Ілияс Есенберлин де үнемі айтып жүретін. Есенберлин ел басшысы не халықтың бақыты үшін, не бақытсыздығы үшін туатынын атап өтеді. Ал Дінмұхамед Қонаев болса, дәл осы Қазақстанның бақыты үшін дүниеге келген адам дейді өз сөзінде Ілияс Есенберлин. Серікболсын Әбділдин да қапы қалпай, өз пікірін білдіріп кеткен болатын. Оның айтуынша: "Тәуелсіз мемлекет құрып жатқан біздер Ататүрікке, Рузвельтке немесе басқа да



ел билеген қолбасшыларға ұқсағымыз келеді. Бірақ бізде өзіміздің отандық бір түйірі бар. Оның аты Қонаев" деген екен.

Дінмұхамед Қонаев бойындағы қарапайымдылық қасиетімен ерекшеленетін тұлға. Оған дәлел халық арасында кең тараған оқиға. Қызметтік іс сапарда жүргенде Дінмұхамед Қонаев ағамызға бір әйелдің ашумен қарсы оған қарай бас салады. Кейін ол әйелдің денсаулығында, ақыл, есінде кінәрат бар екені анықталады. Дінмұхамед Қонаев сонда ол әйелге арыз да жазбаған қайта денсаулығын жақсартуға және еміне көмек көрсеткен. Осындай беделді адам бойынан қарапайымдылық қасиетін де көре білдік. Атақ пен қарапайымдылықты қатар алып жүрген ерекше тұлға. Елі үшін жасаған еңбектерін атап өтер болсақ. Ол кісі ел басқарған уақытта жаңа кәсіпорындар ашылып, жаңа зәулім ғимараттар мен тұрғындарға үйлер тұрғызды. Онымен қоса жаңа өндіріс орындарын әр аймаққа сай ашты. Атап айтатын болсақ, осы Ақтөбе қаласындағы хром өндіру зауыты және т.б өндіріс орындарынан бөлек мектеп пен балабақшалардың бой көтеруіне себепші болды. Ол еңбегімен ерекше тұлға.

Бірақ осыншама жүрекке жылы мақтау сөздерді естігенімізбен қатар, Д.Қонаев ағамыздың біршама жаулары да болған. Олар өз кезегінде Д.Қонаевтың шығу тегі қазақ дегенге күмән келтіріп, оның сырт келбеті қазақтарға тән емес, татарларға ұқсайды деп жала жапқан. Әрине, егерде бұл ақпарат шындыққа жанасса, онда тұрған еш зардап жоқ. Себебі, татарлар мен қазақтар туысқан халық және сол заман ағында, татарлар мен қазақтар арасындағы некелер сирек кездеспеген. Бірақ та Д.Қонаев татар ұлтынан шықпаған, оның бірде-бір себебі әкесі Ахмет және анасы Зәуре құжат бойынша қазақ болып табылады. Қаншама кері пікірлер болса да, Д.Қонаев десе қазақ жұртының жүрегі қатты соғады. Ол кісінің қарапайымдылығы осы күнге дейін елді баурады десем де болады. Ел басқарған тұсында, жұмысқа жаяу барып, күзетшісіз жүруі, аса танымал тілшілермен сұхбаттаспауы және де Брежнев айтқандай, небәрі екі жүз шаршы метр үйде тұруы. Яғни жаны қарапайымдылықты сүйген аса көрнекті тарихи тұлғамыз осы Қонаев ағамыз.

Келер болашақ ұрпақтың алаңсыз өмір сүруіне септігін тигізді. Өз заманының кемеңгері атанған тұлғаны ұлықтауды қазіргі өскелең ұрпақ үлгі тұтып келеді. Халықтың алғысына бөленген дара тұлға және мемлекет пен қоғамды берік етіп қалыптастырды. Өзінің өмір жолын елге арнап, туған жердің адал перзенті атанды. Осындай дара тұлғаны біз мақтан тұтамыз. Елі үшін жасаған еңбегін есте сақтаймыз. Осылайша ойымды Елбасымыздың сөзімен қорытатын болсам, «Қонаев халқымыздың ең жақсы қасиеттерін бойына сіңірген тұлға». Ал, осындай дәрежедегі тұлғаның есімін мектебіміздің алуы үлкен мәртебе деп білемін. Сол себепті де, Қонаев ағамыздың жалпы білім беретін орта мектептің мұғалімі немесе оқушысы атану да үлкен бір мәртебе деп санаймын.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. <https://stud.kz/referat/show/69494> Қазақ халқының дара тұлға перзенті – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. 2008ж.
2. Сағат, Ерғали. Жаны жарық Димекен: Эссе/. - Алматы, 2011.



# ВЫДАЮЩИЙСЯ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ

**Габитова В.С., Маханова Б.А.**

*Актюбинский областной специальный  
комплекс «Школа-интернат-колледж  
для детей с нарушениями слуха и зрения»*

**12** января 2023 года, исполняется 111 лет со дня рождения знаменитого политического деятеля Казахстана Динмухамеда Кунаева. Он родился 12 января 1912 года в Алма-Ате (Алматы). Кунаев вошел в историю, как крупный государственный и общественный деятель, первый секретарь Центрального комитета Коммунистической партии Казахской ССР, трижды Герой Социалистического Труда, президент Академии наук Казахстана. Профессиональный путь молодой инженер Д. Кунаев начал после окончания в 1936 г. горного факультета Московского института цветных металлов и золота. Он получил направление на Коунрад-Балхашскую стройку, отказался от должности инженера проектного отдела и попросился на производство. Свою трудовую деятельность начал с машиниста станка ударно-вращательного бурения. Кунаев прошёл путь от рядового машиниста станка до главного инженера рудника, он стал высоко профессиональным руководителем-промышленником, выводил отстающие участки в передовые. Благодаря ему рудник получил недостающую горно-добывающую технику, средства на развитие социально-культурного быта, благодаря этому возросло производство на руднике. Находясь более 30 лет на посту, он много сделал для процветания Казахстана, для развития его производительности и повышения благосостояния народа. Важно отметить, что производительный объём промышленности в 1985 году возрос по сравнению с 1955 годом в 8.9 раза, сельское хозяйство в 6.2 раза, строительство в 8 раз. За этот период в республике по экономическому потенциалу образовалось 7 новых Казахстанов. Многие показатели превышали темпы развития по СССР и были одними из высоких. В республике появилось много новых населённых пунктов 68 районов и 43 города. Появились крупные промышленные и административные города Шевченко, Аркалык, Экибастуз, Кентау, Жанатас и другие. Развивались ускоренно наука, образование, культура, здравоохранение и искусство. Повысился уровень жизни, повысились денежные накопления у народа.

Казахстанцы чувствовали перемены в жизни к лучшему. Кунаев уделял большое внимание развитию и подъему сельского хозяйства, интересовался техническим перевооружением агропромышленного комплекса, ведением племенного дела и семеноводства, внедрением новейших технологий в производство, переустройством села бытом тружеников. Благодаря ударному труду сельских тружеников, которые постоянно чувствовали поддержку и заботу Д.Кунаева, Казахстан превратился в крупнейшую зерновую и животноводческую базу Советского Союза. За годы освоения целинных земель республика продала стране более миллиарда пудов хлеба. На душу населения производилось от 1500 до 2000 тысяч килограммов зерна. Росли объемы производства и заготовки мяса, молока,



яиц, шерсти. Выросли масштабы и объемы строительства на селе, в которое было вложено в 7 раз больше средств чем во все народное хозяйство республики во все годы, предшествующие подъёму целины. В 1940-х годах было 194 совхозов, а в 1985 их стало более 2-х тысяч. Затраты на освоение целины окупались полностью. За достижения высот в освоение целинных земель, промышленности и сельского хозяйства сотни тысяч тружеников были награждены орденами и медалями СССР. Д. Кунаев имел свой «кунаевский» стиль работы, обладал даром «схватывать» только главное в сложном механизме республики, ориентировался в обстановке, предвидел во что может вылиться то или иное решение. Нелегким трудом ему удавалось убеждать центр в Москве, в возведении объектов не только в экономическом плане, но и культурном и спортивном. Эти сооружения стали достопримечательностью современного Казахстана. В столице были сооружены такие объекты как «Медео», телебашня «Коктобе», здание Национальной библиотеки, Дом дружбы и многие другие.

Вклад Д.А.Кунаева в экономику и культуру Казахстана огромен. Своим упорным трудом и деяниями он прославил нашу Родину, обессмертил своё имя на веки вечные вошёл в историю страны, имя которой Казахстан.

#### **Литература:**

1. Абылхожин Ж. Очерки социально-экономической истории Казахстана. - Алматы, 1997.
2. Рыбников А.П. К 90-летию со дня рождения Д.А.Кунаева. Бывший член Бюро, секретарь Компартии Казахстана А.П.Рыбников // Простор, 2002, №1.
3. Толмачев Г. 50 встреч с Д.А. Кунаевым: воспоминания. - Алматы, 1997.
4. Белоусов Я. Неизданное интервью. // Алматы: Континент, 2002, №1.



# ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ – ТАРИХ ПЕН АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

**Бердигалиева А.М., Байтохина А.Т.**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
тарих мұғалімдері*

**Қ**азақ елінің, қазақ даласының маңдайына жарық жұлдыз болып, бағына туылған Дінмұхаммед Қонаевтың да өмір жолы бүгінгі таңда тарих пен аңызға айналып барады. Елі үшін, Отаны үшін тайсалмай, тынбай қызмет етіп, маңдайының терін төге еткен еңбектерін қалайша ұмытамыз?! Көзінің тірісінде-ақ айналасындағы жандар, тіпті бүкіл иісі қазақ «Димекен», «Димаш аға» деп есімінің өзін толық атамай, құрмет білдіргенінен-ақ, ол кісіге деген ұлы сыйластық пен ерекше ықыласты сезінуге болады. Қаншама деректер мен ол кісі жайлы мақалаларды ашып оқып, зерттеген сайын Дінмұхаммед мырзаның қаншалықты адал, өз ісіне өте жауапкершілікті және терең білімді кісі болғанына көз жеткізіп келеміз. Сонымен қатар, басындағы абыройы мен, астындағы тағына қарамастан Димекен сондай қарапайым жан болған. Кісіліктігі сонша, ешкімнің ала жібін аттамауға, керісінше өзінің қолынан келген көмегін соңына дейін сарқып беруге дайын адал жан болған. Ол кісінің суреттегі жанарынан-ақ жаратылысынан сұлу, жүзінен нұр төгіліп тұратын шуақты жан екенін аңғаруға болады. Бойы да ұзын, сымбатты және үнемі бойын тіктеп, тік жүретін ерекше бөлек тұлға болған. Әлі күнге дейін халық арасында аңыздай таралып келе жатқан ерекше қасиеті Димекеннің зеректігі. Біреудің айтқалы тұрған ойын, өзгелерден бұрын түсініп, қорытып, оған өзінше бағасын да қойып үлгеретін. Бірақ, сөзін бөлместен соңына дейін мұқият тыңдап, ақылмен мәселесін шешуге тырысатын.

Тағы бір қасиеті есте сақтау қабілеті өте жоғары деңгейде болған. Өзінің қатысуымен болған кез келген оқиғаның жылын, айын, күні мен минутына дейін жадында ұзақ сақтайтын болған. Кішігірім жер-су аттарына дейін, тіпті шопан немесе механизаторлардың есіміне дейін ұмытпай жадында сақтап, жаңылмастай айтып отырды. Тіпті, өз кезегінде экономика мен өндіріске байланысты кез келген цифрларды жаңылмай айтып бергеніне сол мамандықтың иелері және ғалымдардың өзі қайран қалған күндер болған. Басында қаншама шаруамен арпалысып жүрген жан осыншама деректерді жадында қалайша жаңылыспай сақтап жүруі мүмкін?! Осының өзінен-ақ Дінмұхаммед Ахметұлының ерекше жаратылыс иесі екенін аңғаруға болады!

Димекеннің өнерге, білімге, мәдениетке, жалпы ғылымға деген құштарлығы орасан зор болды. Үнемі кітап оқып, газеттен бас алмай, ізденісте жүріп, жаңалықпен жанын жарыстыра жүруге ұмтылатын. Ғылым мен өнерді терең түсінетін өзі де ғалым Қонаев болжам жобалары нақты іске асқан көрегенді инженер-ғалым болған адам. Көптеген жобалар мен ғылыми зерттеулерден жоғары нә-



тиже көрсетіп жүретін Дінмұхаммед Қонаевтың үлкен еңбектерінің бірі Қапшағай теңізінің өмірге келуі. Бұл оның ғылымды зерттей отырып, жеткен жетістіктерін пайдалану арқылы ғылыми болжамдар мен жоба зерттеулерін сәйкестендіре алуының жемісі еді.

Қонаев мырза қандай отырыста отырса да өзінің көргенін немесе естіген оқиғаларын қасындағыларға майын тамыза жеткізіп беруде алдына жан салмайтын еді. Көп оқып, көп ізденісте жүргендігінің нәтижесінде шешендігі мен көсемдігі қатар жүретін. Әңгімені көркем тілде, барынша беріліп отырып, бейнелей жеткізетін. Жас күнінде өлең жазып, ақындық қырынан да танылған күндері болған екен.

Сонымен қатар, Димекеңнің аңыздай болған өмір салтынан алатын тағы бір үлгіміз ол кісі денсаулығына аса қатты көңіл бөлген жан. Арақ-шарап аузына татып алмайтын, той-томалақ пен ушуды ұнатпайтын жан болған. Үнемі таулы таза жерде серуен құрып, аңшылықпен, мергендікпен айналысуды жаны сүйіп, өмірінің соңына дейін осы кәсіптерді хоббиіне айналдырған екен. Өте қанағатшыл жан Димекең барлық нәрсені өз кемерімен, өз мөлшерімен ғана тұтынуды жаны сүйген. Осындай елден ерек қасиеттерінің арқасында жұрт оны әулиеге балаған екен.

Бәлкім, осы жұмысты оқып отырған адам артыққа мақтап отыр дер ме екен, бірақ, жалпы адамзаттың бойына тән қандай асыл қасиет бар болса, соның бәрін осы Дінмұхаммед Қонаев Ахметұлының бойынан табуға болатынына көз жеткіздік. Қай деректі ашып қарамасақ та, ол кісінің тек жақсылығы жазылған. Халық арасында Димаш атамызға қарсы тіпті бір ауыз қаңқу сөз айтылмаған екен. Өте үлкен билік басында жүрген немесе көпшіліктің ортасында жүрген адамдарға әдетте сөз ілескіш қой. Бірақ, дәл осы жағдайда өзгеше екен. Димекеңнің әулиелігіне, адалдығына, адамгершілігіне тіптен сөз таппай отырмыз. Расында ғасыр саңлағы деп атауға әбден лайық жан екен. Әттең, осындай асылдан бір сынық қалмағаны, бір тұяқ ілеспегені өзекті өртейді-ақ. Бірақ, ол Қонаевтың өзінің тікелей шешімі болған екен. Жан-жары өзіне ешқандай ем қонбайтындығына көзі жеткен соң, күйеуіне тоқал алуына ұсыныс жасағанында, Димекең түбегейлі бас тартқан екен. Өмір бойы өзінен бір тұяқ жалғаспаса да, туыстарының жақындарының балаларын бауырларына басып, екеуі бақытты күндер кешкен.

Ең бір ерекше атап айтатын қасиеті, атағын әлемге танытып жіберген адалдығы осы әділеттікке жаны құмарлығы. Димаш атамыз өзінің ар-намысына кір шалдырмаған, кісілігі мен адамгершілігін жоғалтпаған ұлық кісі. Ол жас күнінде де, қартайған зейнеттік жасында да абыройына нұқсан келтірмей, адал намыспен өзін ешқашан төмендетпеген жан. Ол арам, пайдақұмар, өсек құмар, мансапқұмар адамдарды жек көрді. Қаншама қызметтерінен айырылып қалып, партиядан шығып қалған бастықтардың Дінмұхаммед Қонаевтың қабылдауында болғаннан соң, оның әділетті шешіміне басын иіп, көрегендігі мен даналығына көздері жетіп, таңдана тебірене айтып жүрген екен. Әділетсіздіктің иісі шыққан жерде ол өзінің туған бауыры болса да, жазалау шешімін жеңілдеткен емес.

Әділдігімен қатар батылдығы, ержүректігін де айта кету керек. Ол кісіге барлық адам бірдей еді. Қызметі жоғары президент те, қойма алдындағы күзетші де ол кісі үшін бір деңгейде. Және өзін де дәл солай қарапайым күйде ұстайтын. Біреудің мансабынан қорқып, өз ойын ешқашан жасырып қалған емес. КСРО-ның кезінде, орыстың қылышынан қаны тамып тұрған кездің өзінде біздің елімізде «крематорий салу» яғни өлікті өртеу туралы бұйрығы келіп түскенінде, бар күшін салып жүріп, Дінмұхаммед Қонаев қарсылық танытып, осы бұйрықты жүзеге асыруына мүмкіндік бермеген етін. Осының өзі батылдық емей немене?! Осының өзі көрегенділік, данышпандық пен имандылық емей немене?!

«Жұрттың ішіне пышақ айналмайды, Қонаевтың ішінде ерттеулі ат айналып жүре береді» деп Ыбырай Жақаев өз кітабында жазып кеткенінен асыл тұлғамыздың қандай жомарт, кең пейілді жан





болғандығын аңғаруымызға болады. Мұқтажға қолын созуға дайын тұратын, ел басына күн тумасы үшін барын салатын осындай асыл азаматтың келмеске кеткені қандай өкініш, қандай қасірет... Әрбір атқарған ісі, тіпті жүріс-тұрысының өзі келер ұрпаққа үлгі-өнеге болған Дінмұхаммед Қонаевтай қайталанбас тұлғаны біз ешқашан ұмытпаймыз! Есімі ел есінде мәңгілік сақталады!

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Асқаров.А. «Ұлттың ұлы ұстазы»
2. Ахметбеков Д. «Есімі елінің жадында»
3. Ахметбеков Д. «Жиырманшы ғасыр адамы»
4. Әбіров Д. «Д.Қонаев – қоғам қайраткері»
5. Әбішева Г. «Алатаудай ұлы қайраткер, заңғар тұлға, кемеңгер ғалым»
6. Бекбосын А. «Елінің Алатаудай айбыны»



# ҰЛТ БОЛАШАҒЫН ОЙЛАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

**Сыдықова Алтынгүл Сыражовна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
тарих мұғалімі*

**Д**інмұхамед Ахметұлы Қонаев – өз халқының жарқын болашағы үшін орасан зор еңбек сіңірген адал азамат. Өз ғұмырының елу жылға жуық уақытында республикамыздың басшылық қызметтерінде болып, Қазақстанның өркен жаю, жаңару жылдарында елі үшін зор еңбек сіңірген тұлға.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты тұлға етіп қалыптасу жолының бастапқы кезеңдері ел ішінде болған дүрбелең оқиғалармен тұспа-тұс келген еді. Ол өзінің «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты еңбегінде «Менің Мәскеуде оқуым республиканың, елдің өміріндегі аса ауыр кезеңге зорлап коллективтендіру науқанымен тұспа-тұс келді. Ел құлағы – елу. Ауылдан адам төзгісіз ауыр жағдай естіген сайын аза бойымыз қаза тұратын» деп еске алады. [24]

Мәскеуде түсті металдар институтында оқып жүргенде-ақ ел ішіндегі жағдайға алаңдап, ел қамын ойлаған қазақ жастарының белсенді тобының ортасында жүрді. Дінмұхамед Ахметұлы өз естелігінде «Елің қырылып жатқанда арқа басты кеңге салатын күн қайда. Мәскеуде оқып жүрген қазақ жастары не ұйқы, не күлкі жоқ. Шарқ ұрып, мына тығырықтан шығар шара іздейміз. Сол кезде қазақ жастары арасында ауылдастар ұйымы бар еді, соның мұрындық болуымен Чистый прудтағы «Коллизей» театрына жиналып, жоғары үкімет орындарынан республикадағы жағдайдың анық-қанығын айтуды, нендей көмек көрсетіліп жатқанынан хабардар студі талап еттік.» [25]

Елдің қамын ойлап, репрессияға ұшырап кеткен қазақ зиялыларымен де жақын таныс болуы Дінмұхамед Ахметұлын тұлға етіп қалыптастырды деп айтуға болады. Әсіресе, сол бір қиын-қыстау кезеңде Мәскеуде оқып жатқан қазақ жастарының елде болып жатқан аштықтың, күштеп коллективтендірудің ауыр зардаптарының себептерін үкімет органдарынан түсіндіруді талап еткен толқуына қатысқан қазақ зиялысы Оразәлі Жандосовтың ел үшін шырқыраған өткір де ойлы сөзі, өжет мінезі оған қатты әсер еткен еді. Сонда ел болашағы үшін күрессең осылай күрес деп өз-өзіне серт берген еді.

Елдің басыннан өткен 30-40 жылдардағы аса ауыр кезеңдер Дінмұхамед Ахметұлын қатайтты, тез ержетіп еңбек қазанына ерте түсірді. 1936 жылы Мәскеу түсті металдар институтын үздік бітіріп, қызыл дипломмен Қоңырат-Балқаш құрылысына жұмысқа жолдама алды. Осылай өміріндегі маңызды қадамды Қазақстанның түсті металлургиясының дамуымен ажырамастай етіп байланыстырды. Ол Орталық Қазақстандағы аса қуатты мыс өнеркәсібінің, кейін кенді Алтайда қорғасын-мырыш өндіріс ошағының бой көтеріп, қанат жаюына үлес қосқан алғашқылардың бірі болды. «Мен білетін Қоңырат құрылысы оңайға түскен жоқ, мыңдаған жұмысшы, техник, инженер бел шешпей,



тізе бүкпей жұмыс жасады. Түнде ұйқы көрмейтінбіз. Қиындық бастан асатын, бірақ соған қарамастан Балқаш сынды алып бой көтерді. Газет, радио үгітші «Еліміз күн өткен сайын нығайып келеді!» деп шабыттандырды. Жарғақ құлағы жастыққа тимей рухымызды көтерді. Соған имандай сендік! Аңғалдық емес, ақиқаты осы!» деп «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты еңбегінде еңбек адамының шынайы келбетін көрсете жазады. [33]

Басшылық қызметтерде болған кезеңде әр миллионды Мәскеуден сұрап алудың аса қиындығына қарамастан бар ерік-жігерін Алматыны және басқа да қалаларды көркейтуге, көріктендіруге жұмсады. Алматы қаласында салынған көрнекті саулетті құрылыс нысандары күні бүгінге дейін ел игіліне айналып отыр. Оның дәлелі- Республика сарайы, «Қазақстан» және «Алатау» қонақүйлері, «Арасан» сауықтыру орны, «Мәскеу» және «Қазақстан» сауда үйлері, Балуан Шолақ атындағы Мәдениет және спорт сарайы, «Медеу» спорт кешені, Көктөбедегі биік мұнара – шетелден келген қонақтар тамсана ла таңғала қарайтын ғимараттар. Қаншама мәдениет үйлері де бой көтерді. Алматымен қоса республикамызда Әуезов атындағы драма театры, Ұлттық кітапхана, Орталық Мемлекеттік мұражай, Алматы мақта-мата комбинаты, Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы.

«Ақ басты Алатау, оның мәңгі шыршалары, көкпен таласқан қарағайлы сілемдері, ақ қайыңды беткейлері қандай! Көркіне көз тоймайды, тау іші толы- жеміс-жидек, аң-құс. Жазы-жайма-шуақ, қысы-әрі қысқа әрі жайлы» деп тамсана жазады ол өз естелігінде. [47] Өзі ерекше сүйген әсем де көрікті Алматы қаласы әрдайым тілсіз жаудың «тырнағына» ілініп тұрды. 7 миллион текше метр су құлдилап ағатын. Дінмұхамед Ахметұлы Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарған кезде аса маңызды проблемамен айналысуына тура келді. Бөгет құрылысының бірнеше жобасы жасалынды. Асқар тауды қопару арқылы асау арнаны бекітуге бел байладық. Жоба бекітілді. 1975 жылы басталып 1980 жылдары аяқталған Үлкен Алматы өзенінен бөгет орнату арқылы қаланың батыс бөлігін сел тасқыны қауіп-қатерінен құтқарды.

Д.А.Қонаев басқарған 1964-1984 жылдардағы Қазақстанның 20 жылдық кезеңі ел экономикасындағы күрделі өзгеріске толы табысты мерзім болды. Атап айтқанда Ертіс жағалауындағы Павлодар жылу - энергетикалық, Қарағанды – Теміртау, Павлодар - Екібастұз, Шымкент - Кентау көмір-металлургия, Жамбыл-Қаратау фосфор өндірісі кешендері қалыптасты. Аса бағалы металдар - титан, магний, болат, шойын, мыс, қорғасын, мырыш, алтын тағы басқа қазба байлықтары кен өндірілді. Электротехникалық машина жасау кәсіпорындары іске қосылып, химия өнеркәсібі дамыды. Көріктілігімен алыстан көз тартатын қаншама ауылдар көркейіп, халықтың әл-ауқаты жақсарды. Республиканың барлық аудан орталықтары шалғай елдімекендері автокөлік жолдарымен жалғастырылды. Радио, теледидар, телефон байланысын орнату жүзеге асырылды. Барлық қала, ауылдарда тұрғын үйлер көптеп салынды. Мемлекетке жылына 8 млн тоннадан бастап 30 миллион тоннаға дейін астық тапсырылды. Сол кезеңде сапалы білім беретін 6 жоғары оқу орны, 38 техникум, көптеген кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындары, мектептер мен балабақшалар құрылысы көптеп салынды. [55]

Кеңес Одағының тоқырау жылдарында қазақ жерінде Неміс автономиясын құру, Маңғыстау облысы жерлерін қайта бөлу кезінде Түркіменстанға беру туралы мәселелер көтерілді. Дінмұхамед Ахметұлы осы өзгерістердің басы-қасында жүріп, ұлтаралық қақтығыстар мен кикілжіңдер болдырмау шараларын қарастырды және сонымен қатар қазақ жерінің тұтастығын сақтап қалды. Шовинизм асқақтап тұрған кезеңде ақын, ғалым О.Сүйлейменовты «Азия» кітабы үшін қудалау басталған болатын. Ресей ғалымдары ақ-қарасын айырмастан ұлтшылдық сарында жазылған шығарма деп тапты. Дінмұхамед Ахметұлы қарапайым қасиетімен ақын жазушы Олжасқа араша сұрап, Мәскеуге



Л.Брежневтың өзіне барады, сөйтіп Олжас Сүлейменовты тотитарлық жүйе құрбандығынан сақтап қалады.

Д.А.Қонаев – көреген саясатшы ғана емес дана ғалым болды. 1952 жылы Қазақстан Ғылым академиясының толық мүшесі, академик, Ғылым академиясының президенті боп қызмет жасады. Тау-кен ісі саласындағы ірі ғылым ретінде Қазақстанның Ғылым академиясын дамытуда көп іс атқарды. Оның басшылығымен институттардың ғылыми қызметін жақсарту, кадрлармен қамтамасыз ету, ғылымның өндіріспен байланысын күшейту, өндірістік күш-қуатын дамытудың кешенді проблемаларын жасауға барлық ғылыми күш пен материалдық қорды шоғырландыру бағытында ірі шаралар жүзеге асырылды.

Қылышынан қан тамып тұрған Кеңес Одағының қызыл саясаты кезінде қорықпастан өз басын қатерге тігіп, ұлт мүддесін жан-тәнімен қорғаған тұлға 1991 жылы тәуелсіздікті қуана қарсы алды. Өкінішке орай тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында өмірден өтті. «Мен Тәңірі сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Еңкейіп отырмын деп еңсемді түсірмеймін. Ат жалын тартып мінген азамат алдыма қойған бар арман, бар мақсат-өзіңмен еншілес болу еді, халқым. Ол ниет орындалды. Қалтқысыз қызмет етуге, аманатыңа адал болуға, ала жіптен аттамауға тырыстым. Соңғы демім таусылғанша, алақаны аялы, жаны саялы елім, саған, алтын бесігім – жерім, саған қызмет етуден танбаймын. Менің жан баласына өкпем жоқ. Ал, менде кеткен өкпе, реніш, наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын.» [41] Бұл ұлы тұлғаның өмірінің соңғы кездерінде айтқан жүрекжарды сөздері болатын.

Ол саясаткер ретінде шешім қабылдап қана қоймай, оларды жүзеге асыруда тамаша ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында бұқара халықты жұмылдыра білді. Одақты Республикалардың ішінде оның шоқтығы биік тұрды және халықаралық қатынас, саяси мәдениет мәселелерінде теоретик ретінде мойындалды. Ол қазақстандық инженер-техник мамандардың, халық интеллигенциясының, майдангерлер мен қарапайым еңбеккерлердің арасында өз адамы болатын. Дінмұхамед атамның шоқтығы биік тұлғасы бүгінгі ұрпақ санасында мәңгі жаңғыра бермек. Бүгінгі ұрпақ оның есімімен мақтанады және болашақта да мақтан бола бермек.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Қонаев Д. «От Сталина до Горбачева» ( В аспекте истории Казахстана). – Алматы, «Санат», 1994.-352 стр.
2. Дінмұхамед Қонаев. – Алматы: «Аруна» баспасы.- 24 бет.- Сер.: «Даңқты адамдар»
3. Д.А. Қонаев. Өмір және еңбек шежіресі, - Алматы: «Service Press», 2022. - 304 бет
4. Г.М. Мутанова. «Өнегелі өмір» - Алматы: Қазақ университеті, 2019. Вып. 185.- 274.
5. Қонаев Д.А. «Айналайын ақпейіл жұртым» – Алматы: Қазақ университеті, 2021.- 246 б.
6. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Фотоальбом. – Алматы: Алматы кітап баспасы, 2022. - 256 бет
7. Қонаев Д.А. «Ақиқаттан аттауға болмайды». Естелік-эссе -Екінші басылым. – Алматы: «Үш қиян» баспасы, 2021 ж. 480 бет.
8. Қонаев Д.А. Таңдамалы сөздер мен мақалалар. – Алматы. -1978, -540 б.
9. Есенберлин І. «Мұхиттан өткен қайық» -Алматы: «Книжный клуб баспасы» ЖШС, 2021 ж. - 368 б.



# ЭКСПОНАТЫ С ОЗВУЧЕННОЙ ИСТОРИЕЙ

**Кобланова Айгуль Аубекеровна**  
*КГУ «Общеобразовательная средняя школа  
имени Д.Конаева» г.Актобе  
учитель английского языка*

**Д**инмухамед Ахмедович Кунаев в моих глазах является героем моего детства, и не спроста. Меня всегда интересовали люди пользующиеся подлинной народной любовью, искренним уважением и заслуженным авторитетом у соотечественников, и он именно таким человеком и был, ведь именно под его руководством наша республика достигла небывалого расцвета в социально-экономической, научной и культурной сферах жизни. Если заглядывать в его детство, то он вырос в самой обычной казахской семье и его родители даже не имели никакого образования. Но уже с детства он имел мечту быть крупным инженером у себя на родине, на казахской земле. При этом он был очень набожным человеком и чтит казахские традиции и культуру. Повзрослев он не оставил свою мечту не исполненной и пройдя очень длинный и сложный путь занимает пост первого секретаря ЦК Коммунистической партии Казахстана. Проведя во главе республики без малого четверть века Динмухамед Кунаев добился того, что объем промышленного производства Казахстана вырос в 8,9 раза, сельского хозяйства — в 6,2 раза, строительства — в 68 раз, численность казахов — в 2,5 раза, населения в целом — в 2 раза. В 1967 под руководством Кунаева была возведена плотина, которая впоследствии (1973г) спасёт от затопления селевым потоком всю восточную часть Алматы.

Хочу добавить ещё одно важное высказывание политического и государственного деятеля Динмухамеда Кунаева: «По-моему, все космонавты, наши и зарубежные, не вправе быть в каких-либо претензиях к Казахстану и казахстанцам. Акция запуска на орбиту казахских космонавтов была в свое время проработана нами и активно поддержана...» Исходя из этого могу уверенно сказать, что Казахстан является ключевым звеном в развитии космонавтики. В 1991г в первый космический путь отправился наш соотечественник, заслуженный лётчик-испытатель СССР и Герой Советского Союза Тохтар Аубакиров. В дальнейшем учёными Казахстана была создана первая космическая программа, куда были приглашены лучшие умы нашей республики. Осуществление космических программ и запуски с Байконура приносят и будут приносить, несомненно, огромную пользу в деле научных исследований, развитии космонавтики и в вопросах, связанных со многими сферами народного хозяйства республики.

Не каждый из нас знает, как огромная территория Казахстана, равная по площади вместе взятым Великобританией, Францией, ФРГ, Испании, Австрии, Голландия и Дании, за тридцать лет была превращена в край высокоразвитой промышленности, сельского хозяйства и культуры. А ведь за период 1964-1986 годов говорил даже всем нам известный выдающийся политический и государственный деятель Динмухамед Кунаев. Он рассказывал о том, как на каждом из съездов подводились основ-



ные итоги развития народного хозяйства в очередной пятилетке. Отмечали успехи республики, указывали на допущенные ошибки и что нужно делать, что бы подобного больше не повторялось. И именно в этот период в промышленности, в науке и культуре, в образовании, в здравоохранении, в торговле все достижения были очень объемны и значительны.

Из экономической истории Казахстана за период 1956- 1965 годов мне очень хорошо известно, что он значительно вырос в экономическом плане. Началось первое производство новой продукции тяжелой, легкой и пищевой промышленности. Возросла добыча металлической руды, угля, нефти, фосфоритной руды. Увеличилось и производство цветного металла, чугуна, стали, минеральных удобрений. Такой скачок в развитии повлиял и на экономическую карту республики. Появились десятки новых городов, совхозы, железнодорожные пути, линии электропередач, строились элеваторы, заводы и фабрики.

**Литература:**

1. Кошелев А. П. О первом проекте переброски сибирских вод в Арало-Каспийский бассейн. Вопросы истории естествознания и техники, 1985, № 3.
2. Саржанов К. Любовь людская к нему безгранична // Личность: Воспоминания о Д.А.Кунаеве / Сост.: С.Абдраимулы, А.Горайнов. – Алматы: Санат, 2007.С.139-148.
3. Толмачев Г. 50 встреч с Д.А.Кунаевым. –Алматы: РПО «Кітап»,1997-160 с.





## ДӘУІР ДАРАБОЗЫ

**Альжанова Мая Тыныштықбаевна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Қ**азақстанның экономикасын дамытуда және ауыл шаруашылығын өркендетуде Дінмұхамед Қонаевтың еңбегі зор. Халықтың жүрегінен орын тапқан тау тұлға әр жылы егін алдында барлық облыстарды аралап, елдің хал-жағдайымен танысуды дәстүрлі әдетке айналдырған екен. Леонид Положаев бір естелігінде былай дейді: «70 жылдары халықаралық қатынастарда жылылық орын алып, Германиямен ара қатынасымыз жақсара бастағанда КОКП ОК неміс автономиялық облысын Солтүстік Қазақстан аймағында қалпына келтіру жөнінде қаулы алсын да, бұған жергілікті тұрғындар қарсылық білдіріп шыға келсін». Бұл келеңсіз оқиғаның арты бәсеңсіп барып басылды ғой әйтеуір... Осының өзінен-ақ, Қонаев иығына қаншама зіл батпан жүк болып артылды десеңізші... Соны да көтерді ғой нар тұлға”. Бұл көріністен де біз заңғар тұлғаның халыққа жақын болғандығын тағы бір мәрте аңғарамыз.

Дінмұхамед Ахметұлы басшылық қызметте болған кезде Қазақстанның Кеңес Одағындағы рөлін нығайтты. Павлодар қаласын Хрущевград деп өзгертуден, Маңғыстау облысын Түркіменстанға беруден сақтап қалды. Ақын О.Сүлейменовпен «диссидент» жасауға тырысқан «сұр кардинал» М.Сусловтың әрекетіне тосқауыл қоя білді. Қазақстан картасындағы Торғай, Жезқазған, Маңғыстау, Талдықорған сияқты жаңа облыстардың ашылуы осы кісінің еңбегімен тікелей байланысты. Оның тұсында қазақтың тұңғыш екі сериялы фильмі, 12 томдық энциклопедиясы жарыққа шығып, Алматыда ғажайып архитектуралық ансамбльдер бой көтерді.

Қонаев Республиканы басқарған жылдары Қазақстанда жаңа өнеркәсіптік аудандар қалыптасып, елде жаңа қалалар мен елді мекендер пайда болған. Павлодар-Екібастұз отын-қуат кешені, Қарағандыдағы ГРЭС-2, Шығыс Қазақстандағы Бұқтырма су электр стансасы, Павлодар трактор зауыты, т.б. кәсіпорындар осы кезеңде іске қосылды. Маңғыстаудағы мұнай кен орындары игерілді, теміржол құрылысы, көлік түрлері дамыды. Торғай, Жезқазған, Маңғышлақ облыстары шаңырақ көтерді. Қонаев Алматы облысынан Кербұлақ алқабын игеруге, Қапшағай су қоймасын, Үлкен Алматыны қазіргі заманғы көрікті қалаға айналдыруға көп күш жұмсады. Мұнда Республика сарайы, ҚазМу қалашығы, «Арасан» сауықтыру орталығы, Медеу спорт кешені, «Қазақстан» қонақ үйі, т.б. ірі ғимараттар бой көтерді. Алматыны тасқыннан қорғау үшін Медеу сайында үлкен бөгет жасалды.

Дінмұхамед Қонаевтың тұсында Қазақстанның ғылымы, әдебиеті мен мәдениеті әлемдік деңгейге көтеріліп, қазақ әдебиетінің озық үлгілерін әлем халықтары оқыған. Ән-күйлерін жер шарының әр түкпіріндегі халықтар тыңдап, тамсана қол соққанын да ұмыта қоймаспыз.

Шиырып айтсақ, күрделі, тұсаулы қиын уақытта басшы болған бұл адамның қай істе де Қазақ елінің алдында сіңірген еңбегі талассыз. Оның қызметінің нәтижелері отандастарымыздың келесі ұрпағы үшін де жемісті болатыны анық.



**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қонаевпен сырласу: "Желтоқсан эпопеясы" атты деректі кітаптан алынған бөлім / М. Шаханов. - Алматы : Жалын, 2011. - 157, [3] б.
2. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев : жинақ / ҚазССР ҒА; [бас. ред. Б. А. Төлепбаев]. - Алма-Ата : Наука, 1978. - 104, [4] б.
3. Дінмұхамед Қонаев: жинақ / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ; [бас. ред. Ғ. М. Мұтанов ; ред. ж. т.: К. Аухадиев, К. Нәрібаев, Е. Қонаев және т.б. ; ред.: А. Ермаханова, З. Рахымбаева]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2017. - 403, [2] б.



# ДАНА ДА, ДАРА БАСШЫ

**Ержанов Бауыржан Смагулович**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Қ**өзінің тірісінде әркім айбынды, әркім көпке белгілі болғанымен, шын мағынасында елге аты ту болу әркімнің маңдайына бақыт боп бітпесе керек. Ондай жандар ерлігімен, даналығымен, ісімен, дарынымен елін жақын-алысына танытады, артына аталы сөз, ұмытылмас іс қалдырады. Сондай жанның бірі қазақтың біртуар ұлы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Әлемге қазақтың қасиетін танытқан халқымыздың қастерлі азаматы, дүниежүзіне белгілі саясаткер, ғұлама ғалым, академик.

Бойына талант пен дарынды, терең ойды ұштастыра білген Дінмұхамед Ахметұлы бүкіл саналы ғұмырын халқына арнады. Академик Келдыштың сөзімен айтсақ, Димаш атамыз “саясат әлемінің озық ойлы қайраткері, тарихи тұлға, ойшыл ғалым...” еді. Қазақ даласын түлетуге, түрлендіруге, оның халқын мәдени және әлеуметтік тұрғыдан нығайтуға Д.Қонаевтың қосқан үлесі зор. Себебі, ол басшылық еткен жылдары Республикамыздың даңқы артып, Халықаралық аренада беделі асқақтады. Ғылым мен техника, өнер мен мәдениет салаларының сан жағынан да, сапа жағынан да барынша өсіп жетілгені де ол басшылық еткен жылдарда орнады. Тіпті, саяси бюро мүшесі болған тұста 17 шет мемлекеттерде аса маңызды саяси мәселелерді шешуге ат салысты.

Әрдайым күш-жігерін сарқа жұмсап, табандылықпен күресе білген заңғар тұлғаның шарапатын бүгінде көзін көрген ел азаматтары біледі. Оның Өзбекстанға беріліп кеткен Мақтарал, Жетісай, Киров облыстарын қайтарып алғандығын мақтанышпен сөз етеді. Онымен үзеңгілес, дәм-дастархандас болған жас-кәрінің айтып тауыса алмас естеліктерінен біз Димаш атаның азаматтық болмысын, асқақ бейнесін көреміз.

А.Асқаров өз естелігінде “Әрбір халықтың өздері сүйетін ардақтылары бар, қазақтар үшін мұндай жан – Д.А.Қонаев” десе, мемлекет қайраткері В.А.Ливенцов: “Д.Қонаев терең зерделі, ойлы, энциклопедиялық білімі бар, қоғамдық дамуды стратегиялық тұрғадын болжай білетін ұлы да, естен шықпас ерекше дара тұлғалы адам” деп бағалаған.

Тек қоғам қайраткері ғана емес, адамгершілік пен ар өлшемі болған Дінмұхамед Ахметұлы Ұлы Отан соғысы кезінде Қазақстандағы ірі өндіріс пен қару-жарақ зауыттарының жұмысына жауап беріп, Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарған. Аталмыш қызметте жүріп, өте жауапты істі өз мойнына алған.

Сол жылдары Сталинмен тура сөйлесетін төрт қана адамның телефоны болған деседі. Олар – Шаяхметов, Оңдасынов, Қонаев және Киров атындағы зауыттың директоры екен.

Сондай-ақ, Алматы қаласының әсем де сәулеті асқан қалаға айналуына, гүлденуіне атсалысқан. Өзі басшылық еткен тұста Алматы облысының басшылары мен қала басшыларын жи-



нап алып ауылдан келген жастарды құрылысқа, өндірістік орындарға орналастыруға жете мән берілмеді деген мәселе көтеріп, жекіген. Онда: “Қазақ балаларын күрделі өндіріс орындарына келтірудің жолын, жобасын ойластыру керек. Көпіріп айту оңай, істің көзін ойластыру керек. Тұрғын үй басқармасын кім басқарып отыр? Неге пара бергендер қалаға тұрғын болып шыға келеді? Ал, ауылдан келген жастар неге есіктен есікке, тесіктен тесікке қаңғып жүреді?” – деп қатал талап қойған. Осыдан кейін ғана фабрикаға, үй салуға көп қаражат бөлінген. Бұл Димаш атамның жастарға жаны ашып жасаған игі ісінің бір көрінісі болса керек. Қазақ жастарының оны Ата тұтатыны да сол себептен. Оның жастарға жасаған жақсылығы мұнымен шектелмейді. Жоғары оқу орындарында ауылдық жердің жасөспірім жастарын тарту мәселесінде де Дінмұхамед Қонаев ерекше қамқорлыққа алып, оларды оқуға жеңілдікпен қабылдау туралы шешім қабылдануы да тікелей араласқан. Осының барлығы қазақ халқының келешегінің қамы емей немене? Қазіргі қиын-қыстау заманда ауылдық жердегі қазақ балаларының оқудан қалып жүргені аз емес, тіпті көбейіп барады. Әсіресе, малшылардың балалары интернаттан орын таба алмай, қиналып жүр.

Егер, халқымыздың ұзақ келешегін ойлайтын болсақ, ең алдымен осындай елеулі мәселеге, ұрпаққа қамқорлық мәселесіне ерекше көңіл бөлмесек, заманымыздың талабына сай ел иесі өрби қоймасы белгілі ғой. Ал, біз бұл көріністен Димаш атаның сондай абзал жан болғандығын аңғарамыз. Оның атын ел қамының тірегі, елдің келешегін ойлаушы деп қарастырамыз.

Елім деп елжіреп, жұртым дегенде жүгіне еңбек еткен тау тұлға туралы естеліктерді оқи келе, биік тұлғасынан тиянақтылық пен байсалдылықты, сабырлық пен салиқалы мінезді байқадым. Кездескен адамына кеуде көтермей, сонымен бірге өз дәрежесінде сөйлесе алатын азамат екендігін ұқтым.

Айта кету керек, Димаш Ахметұлы – тарих адамы. Себебі, Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, жаңа Конституция қабылдаған және демократиялық қоғам құрылысын бастаған кезеңде де Дінмұхамед Қонаев бұл істен тысқары қалмаған. Мемлекеттің егемендігін нығайтып, өтпелі кезеңдегі экономикалық қиындықтарын жеңуге қолдан келгенше үлес қосқан. Ел аралап, ауылшаруашылығы, өнеркәсіп еңбеккерлерімен, ғылыми және мәдениет қайраткерлерімен, шетелдік қонақтармен кездескен.


Қоғам қайраткері, Сұлтан Сүлейменұлы Жиенбаев өзінің естелігінде Димаш атаның ел көркеюіне қосқан үлесін былайша суреттейді: “О кісі әулие адам еді. Жұмысқа қатты талап қоятын. Қызмет барысында әртүрлі жағдайдар болып тұрады. Сондай сәттерде, келесі күні телефон шалып, көңілімізді аулайтын. Сауда министрі кезімде көптеген сауда орындарының ашылуына үлкен жанашырлық танытты. Қазіргі “Балалар әлемі”, “Океан” сауда үйлерінің ғимараттары сол жылдары салынған еді. Елді-мекендердің барлығына дерлік кішігірім болса да дүкендер, балабақша, мектептердің салынуын қадағалап отырды”. Ал, біз бұл көріністен нені ұғамыз? Оның өмір бойы қоғам өмірін, адамның тыныштығы мен бақыты үшін еңбек еткенін ұғамыз. Ұғамыз да, атқарған істеріне риза боламыз.

Қорыта айтқанда, Дінмұхамед Қонаев – үлкен билік иесі болу үшін туылған адам. Ширек ғасыр ел басқарған Димаш Ахметұлы Қазақстан Коммунистік партиясының ғана емес, көп ұлтты республика халқының да көшбасшысына айналды. Оны бәрі құрмет тұтты, жақсы көрді. Әсіресе, оның қарапайым халық арасында беделі өте жоғары болды. Ол сегіз қырлы, бір сырлы билік пен жауапкершіліктің ауыр жүгін арқалап өтті. Қазақстан Кеңестер Одағындағы өнеркәсіптік және ауылшаруашылық саласы дамыған аса ірі аймақ дәрежесіне көтерілді, әрине бұның барлығы Дінмұхамед Қонаевтың арқасында еді.



**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қонаевтың Алакөлге соңғы сапары : естеліктер, күнделіктер, толғамдар / Ж. Жұманов; сый Ғ. М. Мұтановтан. - Алматы: Баянжүрек, 2011. - 222, [2] б.
2. Кемеңгер Қонаев: естеліктер, эссе, өлеңдер / құраст. Б. Әжібеков ; ред. алқасын басқ. Д. Мыңбай; жауапты ред. А. Қылышбайұлы. - Алматы: Халықаралық "Дала" журн. кітапханасы, 2003. - 392 б.
3. Қонаевпен сырласу: "Желтоқсан эпопеясы" атты деректі кітаптан алынған бөлім / М. Шаханов. - Алматы: Жалын, 2011. - 157, [3] б.
4. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев: жинақ / ҚазССР ҒА; [бас. ред. Б. А. Төлепбаев]. - Алма-Ата : Наука, 1978. - 104, [4] б.
5. Дінмұхамед Қонаев [Мәтін]: [жинақ] / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ; [бас. ред. Ғ. М.Мұтанов; ред. ж. т.: К. Аухадиев, К. Нәрібаев, Е. Қонаев және т.б. ; ред.: А. Ермаханова, З. Рахымбаева]. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2017. - 403, [2] б.



# Д.А.ҚОНАЕВ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ

**Садуакасова Гүлсая Абдуллаевна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
математика мұғалімі*

**Х**алқымыз ежелден ел басқару ісіне де ерекше маңыз беріп, ел тізгінін ұстаған адамның даналығы мен ұйымдастырушылық қабілеті елдің болашағына да ықпал ететінін айтқан. Сондықтан «Батыр қол бастар, Шешен сөз бастар, Көсем жол бастар», «Жүзден біреу шешен, Мыңнан біреу көсем», «Ақылды басшы алдырмас», «Жақсыдан басшы қойсаң елді түзетер, Жаманнан басшы қойсаң елді жүдетер» деген сияқты нақыл сөздер текке айтылмаса керек. Елдің тарихында өшпес іздері қалған дарынды азаматтардың үлгі-өнегеге толы өмір жолын кейінгі ұрпаққа танытып, жастарға жол көрсету істеріне мектептегі тәрбие жұмыстарында ерекше маңыз беріледі. Қазақ халқының XX ғасырдағы тарихында ел басқарған ерекше қабілетті тұлғаларының арасында ерекше ауызға алатын адамы - Дінмұхамед (Димаш) Ахметұлы Қонаев. Өз кезінде елге еңбегі сіңген аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақстанның басшысы, үш мәрте Социалистік еңбек ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы болған. Ол 1912 жылғы 12 қаңтарда Алматы қаласында, қызметкердің отбасында дүниеге келген [1.10]. Ал оның ата-анасына келсек, әкесі Меңліахмет Жұмабайұлы ауылшаруашылық, сауда мекемелерінде жұмыскер болып істеген, сауатты адам болған. Анасы, Зәуре Баирқызы қазіргі Алматы облысында туған, үй шаруасында бала тәрбиесімен айналысқан. Дінмұхамед Ахметұлы 1930 жылы Алматыдағы №14 орта мектепті бітіріп, одан кейін 1931-1936 жылдары Мәскеудің Түсті металл институтында оқып, тау-кен инженері мамандығын алған.

Дара тұлға өз еңбек жолын 1937-1939 жылдары Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмысшы болып бастап, одан кейін бұрғылау станогінің машинисі, цех бастығы, рудниктің бас инженері және оның директоры болған еді. Болашақ қоғам, мемлекет қайраткері болатын дарынды саясаткер тұлға Д.А.Қонаев 1955-1960 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, 1960-1986 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшысы қызметін атқарады[1.25]. Бірнеше мәрте КСРО Жоғары Кеңесінің депутаты болып сайланып, КОКП-ның XIX съезінен бастап, кейінгі съездерінің бәріне делегат және елдің әртүрлі делегациясын басқарып, әлденеше рет шетелдерде де болған.

Дінмұхамед Ахметұлының ұйымдастыра білуінің арқасында Қазақстанның өнеркәсібі, оның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамып, Жезқазған мен Балқаш тау-кен-металлургия комбинаттары, Ермаков пен Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары іске қосылып, Ақтөбе қаласындағы шығарылған хром кенінің көлемі артқан. Дінмұхамед Ахметұлының өмір жолы туралы әдеби шығармалар да жазылған. Солардың бірі «Қонаевтың зиялы заманында», «Желтоқсанның ыз-





ғарлы қабағында», «Қонаевтан кейін немесе жайын ауыз нарықтың аранында» деген көлемді үш бөлімнен тұратын ақын Ниязбек Рафаэль жазған «Қыдыр ғұмыр» поэзиялық шығармасы болып табылады [2].

Қазақ халқының тарихында мемлекеттік деңгейде ел басқарған ерекше тұлға Дінмұхамед (Димаш) Ахметұлы Қонаев өз көрген-білгені мен көкірегіне түйген ойларын қысқа да нұсқа етіп, кейінгі ұрпаққа өсиет еткендей ақылды сөздер де қалдырған. Оның естеліктерінен алынған осындай бірнеше нақыл сөздерге назар аударамыз: «Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті», «Тәуелсіздіктің жүгі ауыр, «Адамға жазаның ең үлкені – жұмыссыз қалдыру», «Ақиқаттан атап кету – арға сын», «Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын», «Сенім – құдіретті күш: тауды да қозғайды», «Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кісіліктен де туады», «Өмір деген осы, бүгін бар, ертең жоқсың. Сен кетті екен деп өмір-өзен ағысын өзгертпейді», «Орынды сын ойлантпай қоймайды», «Дүние түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз болып кетуі әп-сәтте», «Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім», «Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау», «Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттама», т.б.

Дінмұхамед Ахметұлы ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кенті, 43 қала пайда болды деген дерек бар. Оның ішінде, өнеркәсіп орталығы болып саналған Рудный, Екібастұз, Ақтау, Никольский, Степногорск, Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық сияқты жаңа қалалары салынған екен [3].

Қазақ өнерін жоғары бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Қазақ жерінің барлық аймақтарында дерлік білім және мәдени ошақтар ашылып, тұрғын үйлер тұрғызылып, әлеуметтік нысандар салынды. Бір Алматы қаласының өзінде Д.Қонаевтың бастамасымен Үкімет үйі, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің ғимараты, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының ғимараты, 25 қабатты «Қазақстан» қонақ үйі, М.Әуезов атындағы академиялық драма театры, М.Лермонтов атындағы орыс драма театры, қазақ циркі, жастардың Неке сарайы, Ұлттық кітапхана, «Арасан» моншасы, жабық Көкбазар кешені, тоғыз қабатты «Баспасөз» үйі, Алматы теміржол вокзалдары, әуежай ғимараты, республикалық оқушылар сарайы, «Медеу» мұз айдыны спорт кешені, ҚазМҰУ қалашығы, «Алматы», «Отырар», «Жетісу», «Алатау», «Достық», «Қазақстан» қонақүйлері, т.б. белгілі нысандар салынып, қала көркін ашты [1.30].

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Республика партия ұйымын басқарған ширек ғасырға жуық ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен, танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағылымы терең, ой-Өресі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де ол білімдар білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру қажет екенін терең түсініп, қолдай білді.

Халқымыздың біртуар перзенті, есімі дүние жүзіне мәшһүр болған аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Д.А. Қонаевтың өмірі ұрпаққа үлгі. Д.А.Қонаевтың кісілік, кемеңгерлік қасиеттері мен ел басқаруы туралы жазылған еңбектер, мақалалар, басқа да көлемді естелік кітаптар көп шыққан. О. Қауғабайдың «Таңғажайып Қонаев» роман – эссе кітабында халқының қалтқысыз құрметі мен шексіз сүйіспеншілігіне бөленген Д.А.Қонаевтың қарапайым тектілік қасиеттері мен ел – жұртына адал тілекшілігі, дос – жарандары жөнінде нанымды жазылған. Өз дәуірінің көрнекті тұлғасының өмірі мен қызметіне арналған «Өнегелі өмір» сериясындағы «Дінмұхамед Қонаев» кітабы оқырмандардың қызығушылығын тудырады. Мемлекеттік істерге араласқан 1940 жылдардан бастап советтік Қазақстан билігіне араласып, 1986 жылға дейін ширек ғасыр Қазақстан компартиясы орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарған Дінмұхамед Қонаевқа арналған музей



үйде өзі тұтынған заттармен қатар, «Өтті дәурен осылай», «Ақиқаттан аттауға болмайды» дейтін естелік кітаптар тұр [4.21]. Дінмұхамед Қонаев кішіпейіл басшы есебінде танылды. Ол ертеменен қазіргі Абылайхан даңғылы мен Бөгенбай батыр көшесінің қиылысындағы үш қабатты үйден шығып, ылдидағы Үкімет үйіне қарай жайбарақат жалғыз өзі, ешқандай күзетшісіз, жаяу жұмысқа бара жататын.

Қорыта айтқанда, өзінің өмір жолында халқының игілігі жолында қажымай еңбек сіңірген, тау-кен ісі саласының ірі ғалымы Д. Қонаев республика ғылымының дамуы жолында зор еңбек сіңірді. Ол елу жыл ел ағасы ретінде билік басында болған уақыт қайшылықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірген өз заманының ұлы саясаткері бола білді.

Елдің басшысы болуды елдің мұрат-мақсатын орындау ісімен ұштастырған, ел үшін туған дарынды ғалым, шебер ұйымдастырушы басшы ретінде Д. Қонаев қазақ елінің тарихында өзінің жақсы істерімен құрметке бөленді. Ұлтының ұлы мұратын ұлықтаған ұлы тұлға Дінмұхамед Қонаевтың өмір жолы мен атқарған игілікті істерін бүгінгі ұрпақ ұмытпайды.

#### **Әдебиеттер тізімі**

1. Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы // Библиографиялық көрсеткіш/ Құраст.: Ш. Ұларбек. Бас.ред.: К. Нұрпейіс, т.б. - Алматы: Орталық ғылыми кітапхана, 2011.- 296 б.
2. Ниязбек Р. Қыдыр ғұмыр. Поэзия. - Алматы: Жалын, 2002. - 312 б.
3. Сағат Е.Жаны жарық Димекең.Эссе/Сағат,Ерғали. Алматы, 2011.- 192б.
4. Қонаев Д.А. Өтті дәурен осылай: Естелік-эссе. 1992.- 445 б.



# РОЖДЕННЫЙ ДЛЯ НАРОДА

**Бахитова Динара Колганатовна**  
*учитель математики*  
КГУ «Общеобразовательная средняя школа  
имени Д. Қонаева» г. Ақтобе

*Герой рождается для народа и умирает за народ, гласит казахская по-  
ловица.*

**В** настоящее время Республика Казахстан состоялась как сильное и эффективное государство с социально ориентированной рыночной экономикой и демократическими ценностями, лежащими в основе его развития. Вместе с тем в жизни каждого общества наступает определенный исторический момент, когда необходимо осмыслить пройденный этап и определить, куда двигаться дальше, наступает «этап самоидентификации или самосознания, определяющий, что представляет собой сегодня казахстанское общество и каким оно будет завтра». Такая самоидентификация, несомненно, потребует от исследователей и системного и глубокого осмысления роли прошлых и настоящих казахстанских руководителей, и, в первую очередь, личности Д.А. Кунаева, как выдающегося политического деятеля, внесшего неизмеримый вклад в государственное строительство Казахстана. В этом году исполнилось 29 лет как из жизни ушел крупный государственный и общественный деятель Казахстана, трижды Герой Социалистического Труда, академик Динмухамед Ахмедович Кунаев (1912 – 1993 гг.).

Прежде всего, необходимо отметить, что весь жизненный путь Д.А. Кунаева, его разносторонняя деятельность, как государственного и общественного деятеля, ученого с мировым именем, отдавшего все свои богатейшие знания и опыт, выдающиеся организаторские способности на благо своей республики, является прекрасным образцом служения народу.

В истории Казахстана великим сыном казахского народа является крупный государственный деятель нашей Родины – Динмухамед Кунаев. Его жизнь и многогранная деятельность стала символом великой эпохи созидания Казахстана. Чтобы лучше понять глубину и масштаб личности Д.А. Кунаева остановимся на некоторых фактах его трудовой биографии.

Динмухамед Ахмедович Кунаев родился 12 января 1912 года в г. Алма-Ате. В 1936 году окончил Московский институт цветных металлов и золота. Получив специальность горного инженера, начал трудовую деятельность в тресте «Прибалхашстрой». Руководил крупнейшими в стране промышленными предприятиями. Был директором Коунрадского и Риддерского рудника.

Д.А. Кунаев – Президент Академии наук Казахстана в 1952-1955 годах, которая под его руководством проводила научные исследования с целью развития и совершенствования промышленности и сельского хозяйства, более эффективного использования природных ресурсов Казахстана.

Доктор технических наук, академик. Опубликовал около 200 научных трудов. Председатель Совета Министров республики в 1955-1960 годах.



Д.А.Кунаев – Первый секретарь Центрального Комитета Коммунистической партии Казахстана в 1960-1962 и 1964-1986 годы.

Д.А.Кунаев являлся на протяжении многих лет членом Политбюро ЦК КПСС, 25 лет был депутатом Верховного Совета СССР и республики.

Становление Динмухамеда Кунаева проходило в суровых условиях сталинской эпохи, в рамках централизованной административно-командной системы. Его жизнь складывалась под влиянием социально-экономических процессов, для которых были характерны, с одной стороны, всеобщий оптимизм, энтузиазм и несгибаемая вера народа в идеалы социализма, а с другой – перегибы, репрессии, волевые командные решения тоталитарной системы, трагически ломающие судьбу человека.

Д. Кунаев как первый руководитель республики внес значительный вклад в социально-экономическое развитие Казахстана. Программа развития республики при нем была направлена на становление промышленного производства, сельского хозяйства, интенсивное строительство. Благоприятные социально-экономические условия обусловили успешное развитие и наращивание потенциала республики. С целью повышения качества руководства республикой были организованы новые три области, возникли тысячи населенных пунктов, из них – 43 города, в том числе, такие как промышленный Балхаш, Темиртау, Рудный, Кентау и Экибастуз.

В сентябре 1939 года Д.А. Кунаев был назначен директором Риддерского рудника. За короткий период новый директор рудника вывел его из отстающих в передовые, многократно увеличив объемы производства.

В апреле 1942 г. в условиях военного времени Д. Кунаев был назначен заместителем Председателя Правительства республики. В 1949 г. на IV съезде коммунистов Казахстана он был выбран членом ЦК партии.

В 1948 г. Д.А.Кунаев защищает диссертацию на соискание ученой степени кандидата технических наук.

В 1952 г. Динмухамед Ахметович Кунаев был избран учеными Президентом Академии наук Казахстана.

В марте 1955 г. Д.А. Кунаев был утвержден Председателем Совета Министров республики.

19 января 1960 г. на Пленуме ЦК КПК Д.А. Кунаев единогласно был избран Первым секретарем ЦК Компартии Казахстана.

В декабре 1962 г. Д. Кунаева вновь назначили Председателем Совета Министров республики, что было вызвано острым конфликтом с Первым секретарем ЦК КПСС Н.С.Хрущевым. Свидетельством этого является то, что он не следовал покорно и бездумно в русле господствующей политики центра, ему удалось вернуть Казахстану часть исконных казахских земель, насильно переданных Н.С.Хрущевым Узбекистану в начале 60-х годов. И самое главное: если на карту ставилась судьба Казахстана – Кунаев боролся в открытую, не признавая авторитетов. В этом заключалась его миссия как крупного государственника и патриота Казахстана.

В 1986 г. состоялся XVI съезд Компартии Казахстана - последний под руководством главы республики Д.А. Кунаева. Осенью 1986 г. Д. Кунаев вручил советскому лидеру М.Горбачеву заявление с просьбой рассмотрения вопроса о выходе на пенсию. Генсек ЦК КПСС М.С.Горбачев безоговорочно поддержал его просьбу. Фактически, он санкционировал кампанию дискредитации Кунаева, имевшую место после декабрьских событий 1986 г.

16 декабря 1986 году состоялся Пленум ЦК КПК, проводивший Кунаева на пенсию.

Всю свою государственную деятельность, каждый свой поступок он соизмерял с интересами Родины, народа, согласно своему жизненному кредо: «Надо хорошо работать на благо Казахстана»



и его народа». Все наши помыслы и дела были, есть и всегда будут неотделимы от вдохновенного созидательного труда народа, и в этом каждый из нас должен видеть, как отмечал сам Д.А.Кунаев, главный смысл своего труда, смысл своей жизни.

Он любил свой народ, постоянно трудился для процветания Казахстана, народ видел и чувствовал это и отвечал ему взаимностью.

Народная любовь – главный показатель оценки руководителя страны, в особенности после его ухода из власти. И отношение простых людей, уважительно называвших Кунаева Димеке, до сих пор проявляется повсеместно. Даже спустя годы после своего ухода с руководящих постов, Димаш Ахмедович, как и раньше, очень часто выезжал в регионы по приглашению трудящихся, встречался с ними, был рядом со своим народом.

Государственный деятель, находившийся в высших эшелонах власти более 44 лет, 24 года из которых на посту первого руководителя республики, входивший в состав высшего руководства СССР и являвшийся трижды Героем Социалистического Труда, после своей смерти из имущества оставил только одну квартиру, где сам жил последние 24 года и где сейчас создан Дом-музей Кунаева.

Тот печальный день, 25 августа 1993 года, войдет в историю Казахстана как день необъявленного национального траура. Хоронили Динмухамеда Ахмедовича Кунаева. Он стал образцом для целых поколений. Пример жизни Димаша Ахмедовича Кунаева – достояние казахского народа.

#### **Литература:**

1. Д.А.Кунаев у себя на квартире, 1993 год
2. Кунаев Д. От Сталина до Горбачева (В аспекте истории Казахстана). – Алматы: «Санат», 1994. – 352 с.
3. Морозов Николай. Великий сын своего народа // Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве / Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.336-340.
4. Джиенбаев Султан. Он служил стране и народу // Казахстанская правда. – 2012. – 12 января
5. <http://kunayev.kz/ru/memory/Vospominaniya/Kenes-AUHADIEV--gosudarstvennyu-i-obschestvennyu-deyateli%252C-pervyyu-sekretary-Alma-Atinskogo-obkoma-partii-%25281978-1985%2529>
6. Коркин Александр. Вспоминая Димеке ... // Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве / Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.37-41.



# МУДРЫЙ ЧЕЛОВЕК-СОЗИДАТЕЛЬ

**Есенгазина Салтанат Ивановна**  
учитель начальных классов  
КГУ «Общеобразовательная средняя школа  
имени Д.Конаева» г.Актобе

*«Нет счастья выше, чем быть сыном великодушного, доброжелательного казахского народа. Счастлив тот народ, у которого есть сын, помнящий прошлое страны, и самоотверженно работающий для будущего своего народа. Этот человек – Динмухаммед Кунаев»  
Джавахарлал Неру. Видный политический деятель 20 века,  
премьер-министр Индии*

**12** января 1912 года в городе Верном (ныне Алматы) в семье Кунаева Ахмета рождается мальчик с красивыми голубыми глазами, которому дали имя Димаш. Его родители и не подозревали, что их сын когда-нибудь в будущем станет истинным сыном своего народа и сделает много полезного для своей Родины.

Динмухамед учился в школе № 19 имени Чернышевского на начальной ступени. После окончания четвертого класса учился в 14 школе г.Верный. Успешным учеником Димаш не был, но сложные предметы постигал с удовольствием. Вот тогда в школьные годы у мальчика появилась мечта выбрать профессию горного инженера.

После занятий в школе Конаев работал статистом в районе Госплана республики, а вечерами посещал курсы по подготовке в институт.

Закончив школу молодой Димаш едет в Москву для поступления в Московский институт цветных металлов и золота им. М.И. Калинина с путевкой крайкома комсомола Казахстана. Будучи студентом, Конаев понимал, что республика находится в бедственном положении.

7 ноября 1964 года члены ЦК КПК избрали Д.А.Конаева Первым секретарем ЦК КПК. Помня об этом времени, он как руководитель республики внес огромный и значительный вклад в ее развитие и процветание. Программа развития была нацелена на становление промышленного производства, сельское хозяйство и интенсивное строительство. Благоприятные социально-экономические условия обусловили успешное демографическое развитие населения. С целью повышения качества руководства были организованы новые три области, возникли тысячи населенных пунктов, из них – 43 города. Особо уделялось внимание развитию научного потенциала республики. За семь лет экономический потенциал Казахстана удвоился, а промышленность стала давать продукции вдвое больше, чем за годы существования и образования Казахстана. За досрочное выполнение плана были награждены орденами Ленина: Балхашский и Джезказганский горно-металлургический комбинаты, орденами Трудового Красного знамени: Соколовско-Сарбайский горно-обогатительный комбинат, Актюбинский химический комбинат, Карагандинский завод синтетического каучука, Иртышуголь,





Карагандинский мясокомбинат. Благодаря Конаеву, Казахстан обрел свою государственную независимость в тех границах, в рамках которых он существует. Ему удалось отстоять то, что Туркмении не был передан полуостров Мангышлак, на чем так упорно настаивал первый секретарь ЦК КПСС Никита Хрущев.

Руководя республикой в качестве первого секретаря ЦК Компартии Казахстана в 1960-1962 и 1964-1986гг., упорно проводил в жизнь линию партии и до конца своей жизни упорно верил в правоту коммунистических ценностей и идеалов. В пик периода советской эпох названного историками застоем, он построил свой – Советский Казахстан. Но все, что он и его команда сделали тогда, стало основой для строительства суверенного Казахстана. Особенно бурно развивалась черная и цветная металлургия. По уровню добычи хрома Казахстан занимал первое место в Союзе ССР. Высокими темпами развивалась добыча угля в Карагандинском и Экибастузском угольных бассейнах. Вступили в строй Ермаковский и Актюбинские ферросплавные, Павлодарский тракторный, Целиноградский сельхозмашиностроительный заводы, Карагандинская ГРЭС-2, Алмаатинский хлопчатобумажный комбинат и множество других предприятий различных отраслей экономики. Именно при Конаеве шло активное освоение нефтяных месторождений страны. В 1979 году было открыто месторождение Тенгиз, которое играет большую роль в нефтегазовой промышленности современного Казахстана. В 1959-65 годах на карте появились 20 новых городов. Весь период возглавления Конаева ознаменовался ростом жилищного строительства и благоустройства городов, включая районные и областные центры. Особенно шла интенсивно электрификация, вплоть до чабанских точек. Этот период стал также переломным в развитии духовного развития Казахстана. Увеличилось количество ВУЗов. В 1955 годах их было в республике 26, то 1980 году численность их выросла до 55 с общим количеством более 250тысяч студентов. В 1978 году функционировало 200 научных учреждений, в которых работало свыше 300 тысяч человек.

А уж развитие литературы, изобразительного и музыкального искусства, театра и кино является отдельной темой для обсуждения. Со стороны видного политика был заложен тот социальный, экономический и духовный потенциал, который стал мощным фундаментом для становления и развития суверенного Казахстана. В заслугу ему следует отнести и кадровую политику, которая позволила создать основу политико-управленческого высшего сословия независимого Казахстана.

Именно под руководством Конаева сформировалось немало тех людей, которые сыграли и продолжают играть заметную роль в строительстве Казахстана.

Находясь более 30 лет на посту председателя правительства и первого секретаря ЦК КПК, он много сделал для процветания Казахстана, развития его производительных сил, повышения благосостояния народа. Вклад Д.А. Конаева в экономику и культуру Казахстана огромен. Своим вкладом и упорным трудом он прославил страну и навеки вошел в историю страны, имя которой Казахстан.

В то время, когда в других независимых уже государствах «свергали культов личности», первый Президент Казахстана Н.А.Назарбаев издал постановление 24 февраля 1994 года об увековечивании памяти Д.А.Кунаева. Оно гласило:

«В знак признания особых заслуг Динмухамеда Ахмедовича Кунаева перед Казахстаном в целях увековечивании его памяти постановляю:

Присвоить имя Д.А.Кунаева: Институт горного дела НАН РК,

АО «Лениногорский полиметаллический комбинат(ВКО),

Переименовать ул. К.Маркса г.Алматы в ул. Д.А.Кунаева,

Учредить ежегодную премию им.Академика Д.А Кунаева в области науки о земле для молодых ученых,



Организовать в г.Алматы дом-музей Д.А Кунаева,

Установить мемориальную доску на доме №119 по улице Тулебаева, где он жил».

Великие люди не умирают. Они идут рядом с нами, участвуют в повседневных делах, если народ хранит о них память.

И как бы ни был прекрасен и величественен день суверенного Казахстана, он нуждается в опоре на материальные и духовные ценности, оставленные предшественниками. Память народная будет беречь имя Динмухамеда Ахметовича Конаева в ряд самых славных имен казахского народа. И это лучший памятник великому, мудрому человеку-созидателю.

**Литература:**

1. Абылхожин Ж. Очерки социально-экономической истории Казахстана- Алматы, 1997.
2. Арыстанбекова А.Х. Объединенные нации и Казахстан. – Дайджест – Пресс, 2002г.-432
3. Белоусов Я. Неизведанное интервью. Алматы. Континент, 2002, №1 – 30-31.
4. Борисов Ю.В. Шаль Моррис Талейран-Перигор. – Москва: Наука,1987.
5. Видова О. Нурсултан Назарбаев. Портрет человека и политика. 2000 г.



# ҒҰМЫРЫН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН ҰЛТ ПЕРЗЕНТІ

**Жанбирбаева Толқын Сабидуллиновна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Х**алқы үшін бәріне даяр шын ұлт перзенттерінің қатарында атамыз Дінмұхамед Қонаев есімін мақтанышпен айта аламыз. Өз ғұмырының саналы кезеңін ел басқару ісіне арнаған азамат туралы талай саңлақтар жүрек жарды естеліктерін арнады. Сол еңбектің бірін Серік Әбдірайымұлы «Елу жыл ел ағасы» атты жинақпен жарыққа шығарды. Осы туындыны бастан аяқ оқып шыққан оқырмандар қауымы Димаш атамыздың көрегенділігіне, ел басқару кезіндегі асқан шеберлігіне, жүрегінің кеңдігі, мейірімділігіне көз жеткізеді.

Ендігі кезекте ұлы тұлғаның «елу жыл ел ағасы» болып, республикамыздың басқарушы қызметінде көп еңбек сіңіргендігі туралы айтылған ұмытылмас естелік толғауларына тоқталсам деймін.

Қазақстанның халық жазушысы Олжас Сүлейменов жиырмасыншы ғасырда шын мәніндегі «Ұлы» деген атауға лайық жанмен қатар өмір сүру бақытын бастан кешіргенін атап өтеді. Димаш атаны жұмыс үстінде-мәжілістерде, съезд күндерінде, дала қосында комбайнерлердің ортасында, демалыс шақтарында, үй ішімен бірге дастарқан басында, аңға шыққанда, шопандардың киіз үйінде отырғанында көрдім. Сонымен бірге, өмірінің ең қиын кезеңдерінде де қасында болуыма тура келді.

Республиканы Кеңес Одағы көлеміндегі 14-ші орыннан алдыңғы үштіктің қатарына шығарды. Ол басқарған республиканың талайы тек мал шаруашылығымен ғана шектеліп қалмайтынын, Қазақстан Одақ бойынша екінші астықты алқапқа және көп салалы өнеркәсіптің зор аймағына айналатындығын дәлелдеді. Өркендеудің мұндай қарқыны басқа бірде-бір республикада болған жоқ.

Димаш Ахметұлы творчество адамдарын қатты қадірлейтін және өзі де оларға аса қадірлі болатын. «Қонаев дәуірінен» бұрын да, кейін де бірде бір артист, суретші, жазушы, архитектор өзінің халыққа қаншалық қажеттілігін, өз бағасының қадір-қасиетін сезінген емес. Бірде-бір творчество адамы мұқтаждық көрген емес. Қазақ тіліндегі, басқа да тілдегі әдебиеттер көп миллиондаған тиражбен басылып шығатын. Барлық облыстарда театрлар ашылды. Орта Азиядағы ең үлкен жаңа киностудия салынды, жаңа кітапханалар, көрме залдары, суретшілер үшін шеберханалар салынды. Көркем өнер саласында қаншама ғажап таланттар шықты! («Ұстаз туралы» Олжас Сүлейменов, Қазақстанның халық жазушысы)

Қазақстанның қазба байлықтарының арқасында республиканың деңгейі биікке көтерілетінін жақсы білді. «Республикамыз қарыштап, даму асқарынан асып, тағы да бір биік белеске



көтеріледі» деп әлденеше рет айтқан болатын. Американың, АҚШ-тың қалыптасуына Джордж Вашингтон орасан үлес қосса, Рим империясы-Юлий Цезарға, Еуропа ұлы Карл алдында көп қарыздар. Димаш Ахметұлының 1970-1985 жылдың аяқ кезеңіне дейін үкімет басшылығында көптеген өнеркәсіп объектілерінің салынуы, қалаларда, ауыл-селоларда тұрғын үйлердің салынуы, ауыл бейнесінің өзгеруі, ауыл шаруашылығының өркендеуі, еліміздің бірнеше мәрте миллиард пұт астық тапсыруы, автокөліктер жолдарының салынуы, радио-теледидар, телефон қондырғыларын орнату, әрбір облыс орталықтарында аэро ,авто, теміржол вокзалдарын салу, суармалы жерлерді игеру, канал, су қоймаларының құрылысы, дәнді дақылдар, қант қызылшасы, жем-шөп өндіру т.б.еліміздің өміріндегі қандай салаларда болса да өзі ұйымдастырған істі аяғына дейін жеткізу, мұқият тексеру, тәмамдалған іспен көрсетіліп отырды. Қазақстан Республикасының экономикалық мүмкіндігі,ғылым, мәдениеті жағынан өсімі бойынша іргелі Ресей, Украина республикаларынан кейінгі үшінші орынды иеленіп отырды. Жетістікке еңбекқорлығының,адалдығының ,халқының тұрмысын жақсартуға деген ниетінің арқасында жетті.

Орталық Комитет пен Министрлер Кеңесінің жұмысында он бес жыл қызмет еткен кезінде ұйымдасқан бірлік пен ынтымақ болды.Жұмыс жүйесін білімділікпен ұйымдастырып, халық игілігіне қажетті күрделі құрылыстар осы жылдарда салынған еді. Үлкен Алматы каналы, Республика Сарайы, 25 қабатты «Қазақстан» мейманханасы, М.Әуезов атындағы академиялық драма театры, М.Лермонтов атындағы орыс драма театры, Қазақ циркі, Жастардың неке сарайы, Ұлттық кітапхана, «Арман» кинотеатры, АХБК Мәдениет сарайы, Достық даңғылындағы көп қабатты үйлер, Көкбазар кешені, тоғыз қабатты Баспасөз үйі, «Арасан» моншасы, Көркемсурет коледжі, Бірінші және Екінші Алматы теміржол вокзалдары, Аэровокзал, жаңа аэропорт ғимараты, талай институт,санаторий,пионер лагерлерінің корпустары салынды. Мұның бәрі атамыздың басшылығымен дүниеге келген, оның талай елді, жерді аралағандағы көрген-білген тәжірибелерін елі үшін, халқы үшін пайдаланып, қолынан келген жақсылықтарын жасауы деп білемін. Шынында да, Димаш Ахметұлы асқан мәдениетті адам еді. Тек басшыларды ғана емес, барлық адамдарды , үлкен-кішілігіне, қызмет бабына қарамай, шаруа жайымен келген адамды жылы шыраймен қабылдайтын. Сүйегінен адал, парасатты ,гуманист Димекеңнің жүзінен нұры,мейірімнің балы тамып тұрушы еді.Ол кісі күлгенде тоң жібіп ,мұз еріп,әлемнің өзі түгел күлгендей болушы еді.Артық сөз айтпайтын,баппен сөйлейтін, көп тыңдайтын,төзімді,дана кісі еді. Бұл кісінің жүрегі жұмсақ,аяныш жағы басымырақ болатын,репрессия жағына бара беруді онша қаламаушы еді.

Оның осынау жемісті еңбектерін Отаны әділ әрі лайықты бағалап,үш мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын берді. Оған қоса 8 Ленин, Октябрь революциясы ордендерімен және көптеген медальдармен марапатталды. Жеті жыл зейнетте болса да, үйде босқа қарап отырған жоқ, белсенді түрде еңбек етті.

Осы жылдардың ішінде көлемді екі кітап (мемуар)жазды, біреуі «Өтті дәурен осылай» деп аталса, екіншісі « Ақиқаттан аттауға болмайды» деген атпен шықты. Кітабының тәрбиелік маңызы зор, келешектегі ұрпақтарына айтылған өсиеттер. Жұрт аса зор ынтамен сүйіспешілікпен оқуда.

Д.А.Қонаев 1993 жылы тамызда дүние салды. Қазақстан халқы өзінің ұлы перзентімен қоштасты.

«Адам артынан із қалдыру үшін, болашақ ұрпағына жер бетінде басқа адамдардың ақыл-ой дүниесінде, жүрегінде ұмытылмастай із қалдыру үшін туады» деген екен бір ғұлама. Осы сөздің



мәнін де, мағынасын да Димекең өз ісімен, халқына адал еңбегімен дәлелдей білген адам. Ал мұндай жасаған жақсылықтарды айтпау, елемеу тірі пендеге лайықты іс емес.

Қорыта айтқанда, халқымыздың данышпан ұлы Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романы арқылы феодалдық дәуірде өмір кешкен Қазақстанды ,қазақ халқын бүкіл дүние жүзіне танытып, сол арқылы өзі де бір зерек ұл ретінде танылса, Димаш Ахметұлы да Қазақстанды өркені өскен елдер қатарына қосып ,бүкіл дүние жүзіне паш етіп, сол арқылы өзін де осы заманның заңғар данышпаны ,белгілі қоғам қайраткері ретінде бүкіл дүние жүзіне танытты!

**Әдебиеттер тізімі:**

1. «Елу жыл ел ағасы» жинақты құрастырған және редакциясын басқарған Серік Әбдірайымұлы. Алматы «Санат» 2002



# ЖҰРТЫНЫҢ ЖҮРЕГІНЕН ОРЫН АЛҒАН...

**Кайбалдиева Б.Т., Таганова Г.Т.**

*Ақтөбе қаласы «Әбіш Кекілбаев атындағы  
№72 жалпы білім беретін орта ІТ мектеп-лицей» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдері*

**Т**өл тарихымызға терең бойлап отырсақ, халқының азаттығы мен бейбітшілігі үшін басын бәйгеге тіккен тау тұлғалар өте көп. Егеменді еліміздің тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол, ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас бір дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған», – деп халқы үшін қандай жағдай болмасын қасқайып қарсы алатын тұлғалардың тарихтан алар орнын ашып көрсетеді [1].

Қарапайымдылығы барша қазаққа үлгі болған, әділдігі жұртының жүрегінің төрінен орын алған тұлғалардың бірі – Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев. Ел ішінде «халықты жетелеу үшін олардың соңынан жүру керек» деген тәмсіл бар. Осы даналық Димаш атамызға арналып айтылғандай.

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда қазіргі Алматы қаласында, қарапайым қызметкердің отбасында дүниеге келген. Алматы қаласындағы №14 орта мектепті 1930 жылы бітіріп, 1931-1936 жылдары Мәскеудегі Түсті металл институтында оқыған [2. 87-б].

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев өз заманының ұлы көшбасшысы бола білген сом тұлға. Димаш атамыз басқарған уақыт күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, көреген басшы елдің экономикасы мен әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне елеулі еңбек сіңірді. Димаш атамыздың бастамасымен өнеркәсіп, түрлі-түсті металлургия саласы қарқынды дамып, қазақ даласында 68 жұмысшылар қаласы пайда болды. Рудный, Екібастұз, Ақтау (бұрынғы Шевченко), Никольский, Степногорск, Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалалары салынып, аталған қалаларда өнеркәсіптер ашылды. Дінмұхаммед Ахметұлы арқасында Қазақстанның өнеркәсіп, оның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды. Кеңес Одағы бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70%-дан, мырыштың 40%-дан астамы қазақ жерінде өндірілді. Өскемен қорғасын-мырыш және титан комбинаттары, Соколов-Сарыбай мен Лисаков кен-байыту комбинаттары, Жезқазған мен Балқаш таукен-металлургия комбинаттары, Ермаков пен Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары іске қосылды. Ақтөбе қаласындағы хром кені ашылды.





Қазақ даласында тың және тыңайған жерлер игеріліп, мал шаруашылығы қарқынды дамыды. Сонымен қатар білікті басшы елімізде металл өңдеу және көлік жасау салаларында өндіріс тиімділігін арттырып, Өскемен, Орал, Қарағанды, Петропавл, Шымкент, Алматы қалаларында көлік жасау зауыттарын салдырды. Сол кезде Алматы қаласындағы ауыр машина жасау зауыты шығарған өнімді Кеңес Одағындағы 40-тан астам мемлекет тұтынды. Жер асты байлығын игеру мақсатында Димаш атаның бастамасымен мен мұнай кен орындары ашылып, олар әлі күнге өз жұмыстарын жалғастырып келеді. Сары фосфор өндіру бойынша Тараз, Шымкент қалалары әлем бойынша бірінші орында тұрды [3.29-б]. Осылай санамалай берсек, саусақ жетпейтін ерен еңбектің көш басында Димаш атамыз тұрды.

Қазақ халқы әлімсақтан сегіз қырлы, бір сырлы екенін бойына бесіктен сіңіріп өскен атамыз ұлтымыздың өнерін жоғары бағалап, өнер жолында жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуында өзіндік қолтаңбасын қалдырған ұлтжанды азаматтардың бірі. Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың бастамасымен өнер ордалары салынып, қалаларда мәдениет үйлері бой көтерді. Әсем қала Алматының көшелерінде сән түзеп тұрған Үкімет үйі, Ұлттық Ғылым Академиясы, Оқушылар сарайы, Республика сарайы, Спорт және Мәдениет Сарайы, «Медеу» мұз айдыны, Ұлттық Кітапхана, цирк, ғимараты, әуежай, «Алматы», «Отырар», «Жетісу», «Алатау», «Достық», «Қазақстан» қонақүйлері жоғарыда айтылған сөзіміздің айқын дәлелі.

Ұлтжанды азаматтың қазақ халқының өркендеп өсуі үшін жасаған ерен еңбегін елі бағаласа да сол дәуірде жолына тосқауыл қойғысы келгендер де аз болмады. Солардың қатарында КСРО-ның бас хатшы Никита Сергеевич Хрущев та болды. Бас хатшыға жақсы көрініп жағынуға тырысқандардың бірі Павлодар қаласын Хрущевград деп атауды ұсынған. Ал бас хатшы сол кезде Қазақстанның солтүстігін Ресейге, оңтүстігіндегі бірнеше ауданды Өзбекстанға беруді жоспарлап жүрген кезі екен. Бірақ бұған Димаш атамыз қарсы болған. Әлбетте атамыздың бұл қылығы әлбетте басшылыққа ұнаған жоқ. Астыртын тартыс уақыт өте келе ашық қақтығысқа ұласып, 1962 жылы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қызметінен шеттетілді. Алайда бұл үзіліс көзді ашып-жұмғанша өте шығып, 1964 жылы қызметке қайта оралады. Бұған Никита Хрущевтің орнына Леонид Брежневтің келуі себеп еді. Леонид Брежнев пен Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев достық қарым-қатынаста болған. Бірде КСРО бас хатшысы қазақ даласынан шыққан кемеңгердің үйіне қонаққа келіп, ел басшысының шағын пәтері мен қарапайымдылығын көріп қатты таңқалған екен деседі.

Ұлт мүддесін өз мүддесінен жоғары қойған көшбасшы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев басқарған ширек ғасырға жуық ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен, танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағылымы терең, ой-өресі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де ел қамын ойлаудан бір тынбай ол білімдар білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру қажет екенін терең түсініп, қолдай білді. Ол халқы үшін бәріне даяр шын ұлт перзенті еді. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1993 жылғы тамыздың 22-сінде, 82 жасқа қараған шағында дүниеден озды.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыздың құрметіне үлкен қалаларда яғни Алматы қаласында ескерткіш, Астана және Алматы қалаларында көшелердің атауы берілген. Бүгінгі таңда Қапшағай қаласының атауын өзгертіп, Қонаевтың аты берілді. Ұзағынан сүйіндірсін дейміз!

### Әдебиеттер тізімі:

1. Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/madeniet/persona/53779/>
2. ҚазССР. Қысқаша энциклопедия, 2-том. Алматы – 1987ж.
- 3.М.Жолдасбекұлы, Қ.Салғараұлы, А.Сейдімбек «Ел тұтқа». Астана – 2001ж.



# ЕСІМІ МӘНГІ ЕСТЕ ҚАЛАР ТҰЛҒА

**Жумабаева Г.Т.**

*Ақтөбе облысы Ойыл ауданы*

*«Ш.Берсиев атындағы орта мектеп» КММ*

**Д**інмұхамед Ахметұлы Қонаев – өз халқының жарқын болашағы үшін орасан зор еңбек сіңірген адал азамат. Өз ғұмырының 50 жылға жуық уақытында республикамыздың басшылық қызметтерінде болып, еліміздің дамуына үлкен үлес қосты.

Әркімге өзінің кіндік қаны тамған жері ыстық көрінеді. Алатаудың бөктеріндегі көк желекке орнаған Алматыда туып, өмірінің қуанышты сәттерін де, ауыртпалығын да осында өткерген Дінмұхамед Ахметұлы үшін Алматы қаласы ерекше ыстық, ерекше көрікті, көркем қала болатын. Сондықтан да өзінің туып өскен қаласының көркейіп, сәулеттене түсуіне ерекше еңбек сіңіреді.

Қазақстанның астанасы болған Алматы қаласында салынған көрнекті, сәулетті құрылыс нысандары бүгінгі күні халқымыздың игілігіне айналып отыр. Онда бой көтерген әрбір ғимарат, әрбір көше – Дінмұхамед Ахметұлының еліне, жеріне деген перзенттік сүйіспеншілігінің көрінісі. Сол кездегі әр миллион сомды Мәскеуден сұрап алудың аса қиындығына қарамастан, ұлы адам өзінің зор беделінің арқасында Алматыны, тағы да басқа қалаларды көркейтуге, көріктендіруге бар күшін, қайрат-жігерін жұмсады.

1970 жылдан басталған қаланың көркін кіргізген керемет құрылыстар қанатын кеңге жайып, алып шаһардың атағын аспандата түсті. Қаладағы сәулет өнерінің ең озық үлгілерімен салынған Республика сарайы, «Қазақстан» және «Алатау» қоңақүйлері, «Мәскеу» және «Қазақстан» сауда үйлері, «Арасан» сауықтыру орны, Орталық стадион, Балуан Шолақ атындағы мәдениет және спорт сарайы, «Медеу» спорт кешенінің тамаша құрылысы, Көктөбедегі биік телемұнара – шетелден келген қонақтар тамсана да таңдана қарайтын керемет ғимараттар.

Дінмұхамед Ахметұлының басшылығымен Алматы қаласында салынған мәдениет ошақтары да аз емес. Жазушылар одағының үйі, М.Әуезов атындағы драма театры, Лермонтов атындағы орыс драма театры, Ұлттық кітапхана, Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы, Орталық Мемлекеттік мұражайы, Алматы мата-мақта комбинаты, Цирк үйі, Неке сарайы, баспалар үйі, Алматы теміржол бекеті, тағы басқа да сәулетті құрылыстар сап түзеді. Осы ғимараттардың бәрі де бұл күндері халқымыздың игілігіне айналуда.

Біздің еліміздің экономикасының қай саласын алып қарасақ та, оның өсіп-өркендеу барысында басшылығы кезіндегі өшпес іздері жатыр Дінмұхамед Ахметұлы басқарған 1964-1984 жылдары Қазақстанның 20 жылдық кезеңі еліміздің экономикасындағы күрделі өзгеріске толы және табысы мол мерзім болды. Атап айтқанда, Ертіс жағалауындағы Павлодар жылу-энергетикалық, Қарағанды-Теміртау, Повладар-Екібастұз, Шымкент-Кентау көмір металлургия, Жамбыл-Қаратау фосфор өдірісі кешендері қалыптасты.

Көріктілігімен көз тартатын қаншама ауылдар көркейіп, халқымыздың әл-ауқаты жақсара түскен болатын. Республикамыздың барлық аудан орталықтары, шалғай елді мекендері, көптеген ауыл



шаруашылығы кәсіпорындары автокөлік жолдарымен жалғастырылды. Барлық өңірде, әсіресе ауылдарда тұрғын үйлер көптеп салынды. Ауыл бейнесі мүлдем өзгерді.

Д.А.Қонаев елімізді басқарып тұрған кезде, мәселен, 1955 жылы қазақтың саны 2,7 миллион болса, бергі уақытта 7 миллионнан асты. Қойдың саны 17 миллионнан, 35 миллионға, ірі қара 4,5 миллионнан 9 миллионға өсті. Ол кезде мемлекетке жылына 7 миллион тонна астық тапсырылатын. Оны кейін 27-30 миллион тоннаға жеткізді. Мемлекет қоймасына 7 рет бір миллиард, 8 рет 900 миллион пұт астық құйған.

Республикамызда сол кезде сапалы білім беретін 6 жоғары оқу орны, 38 техникум, көптеген кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындары болған. Мектептер мен балабақшалар құрылысы көптеп салынды. Сол кезде білім алып, Д.А.Қонаевтың шапағатына бөлеген жастар бұл күндері өндірістің әр саласында еңбек етіп, еліміздің Тәуелсіздігіміздің қорғаны болуда.

КСРО жыне Қазақ КСР Жоғарғы кеңесінің депутаты, КОКП Саяси бюросының мүшесі ретінде дипломатиялық арнаулы мақсатпен Д.А.Қонаев ҚХР, АҚШ, Алжир, Уругвай, Иран, Италия, Үнді, Корея, Египет, Болгария, Жапония, сондай-ақ басқа да жақын және алыс шетелдерде болды.

Жалпы Д.А.Қонаев ел басқарған жылдары қай саладағы көрсеткішті алсақ та, Қазақстан Республикасы бұрынғы Кеңестер Одағы кезіндегі он бес республиканың ішінде Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орында болды.

Көзінің тірісінде Дінмұхамед Ахметұлы екі нәрсені армандап өтіпті. Оның бірі – Қазақстанның тәуелсіз ел болуы, ал екіншісі – ХХІ ғасырды көру екен. Өкінішке орай, тағдыр оны маңдайына жазбады. Алайда екеуін де Дінмұхамедтің өзі ерекше қадір тұтқан ел-жұрты, халқы көрді. Туған елі барда Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі мәңгі жасайтыны анық.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Д.Қонаев. «Ақиқаттан аттауға болмайды». Алматы, «Санат» баспасы, 1994ж.
2. Д.Қонаев. «Аңыз адам» журналы. №1, Алматы, 2011 жыл



# МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІКТІҢ СИМВОЛЫ

**Куракова Г.Ж.**

*Атырау қаласы*

*«Ә.Жангелдин атындағы орта мектеп» КММ  
тарих мұғалімі*

**Д**інмұхамед (Димаш) Ахметұлы Қонаев (12 қаңтар 1912 жыл – 22 тамыз 1993 жыл) — аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы.

Д.А.Қонаевтың негізгі мамандығы тау-кен инженері. 1930 жылы Алматы қаласындағы №14 мектепті аяқтап, Қазақстан Комсомол комитетінің жолдамасымен Мәскеу қаласындағы Түсті металл институтына оқуға түсіп, 1931-1936 жылдары оқиды, 1937-1939 жылдары жас маман Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне, бұрғылау станогының машинисі болып еңбек жолын бастайды. Кейін цех бастығы, рудниктің бас инженері, кейін оның директоры болып еңбек етеді. 1939 жылы ІІ дүниежүзілік соғыс кезінде тылдағы жұмысты шебер ұйымдастырып, «Алтайполиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, Риддер руднигінің Лениногор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарады.

1939 жылы КОКП мүшелігіне өтіп, саяси қызметтері басталады. 1942-1952 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары қызметіне ауысады және осы қызметте жүріп Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі және оның президенті болып сайланады, республика тау кен ғылымы саласының дамуына үлкен үлес қосады.

Д.А.Қонаев 1960-1962, 1964-1986 жылдар аралығында Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарады.

Ол КСРО-да ең биік лауазымға ие болған алғашқы қазақ!

Ол қазақтың маңдайына біткен «біртуар ғасыр адамы!

Ол халқы үшін бәріне даяр шын ұлт перзенті бола білді.

Д.А.Қонаевтың халқы үшін жасаған еңбектері ұшан-теңіз, халқы үшін, елі үшін өз өмірін, қызметін қауіпке тігіп, құрбан болудан да тайынбады. Атап айтар болсам: Хрущевке жағымпазданған азаматтар Павлодар қаласын Хрущевград деп атауды ұсынды. Ал Хрущевтің өзі Қазақстанның солтүстігін Ресейге, оңтүстігіндегі бірнеше ауданды Өзбекстанға бергісі келді. Осындай мәселеге келгендегі Дінмұхамед Қонаевтың ұлтжандылығы Хрущевке ұнамады.

Өзбекстанға өтіп кеткен жерлерді қайтарды.

Еремантау жерінен ашылуға тиіс неміс автаномиясына да кедергі жасады.

Шардара жеріне атом электр станциясын салдыруға да батыл қарсы шығып, елінің адал ұлы екендігін дәлелдеді.



Қазақ елінің тұтастығын сақтауға ол көп үлес қосты: Н.С.Хрущев сонымен бірге КСРО ішіндегі шекараны тезірек жойып жібергісі келіп, Маңғыстауды да Түркіменстанға қоспақ болған, сонда Д.Қонаев батыл қарсы шығып, Геология министрі А.Сидоренконың көмегімен Маңғыстауды алып қалған (осы әрекеті үшін Д.Қонаевты Хрущев ұнатпай, 1962 жылы қызметінен алып тастайды).

Д.Қонаев басшы болып тұрған кезде Қазақстанда 43 қала, 68 жұмысшылар кенті, 19 облыс, 64 аудан орталығы пайда болды.

Мұнай өндірісі, түсті металл өндірісі, машина жасау салалары қарқынды дамыды, нақтырақ айтсам, ол басшылыққа келген жылы елімізде алты ғана химия элементі белгілі болса, 1982 жылға қарай олардың саны 70 пайызға артты, яғни ғылым саласы жоғары дамыды .

Бұрын үйден нан пісірмеген қазақ Д.Қонаевтың тұсында үлкен астықты елге айналды, яғни бүкіл КСРО-ны астықпен қамтамасыз етіп, Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орынға шықты.

Д.А.Қонаев металл өңдеу және көлік жасау салаларында өндіріс тиімділігін арттырды.

Д.А.Қонаевтың арқасында Қазақстанның металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды.

Д.А.Қонаевтың бастамасымен Қазақ жерінің сол кездегі астанасы Алматы қаласы көркейіп, өнер ордалары, мәдениет ошақтары ашылып, әлеуметтік нысандар салынды.

Д.А.Қонаев өзін халқынан ешқашан биік қоймаған, өте қарапайым адам болған. Ол өзге басшылар сияқты жеке күзетші де ұстамаған, жұмысқа жаяу барған. Академик атағына берілетін сыйақыдан бас тартқан. Алматы қаласында (қазір мұражай) 200 ш.м үйде 24 жыл тұрған, дүниеге қызықпаған. КСРО-ның басшысы Л.И.Брежнев үйінде қонақта болғанда өте қарапайым тұратын Қонаевқа: «Бар дүниең осы ма?» деп таң қалғаны туралы да деректер бар.

Д.А.Қонаевтың адамгершілігі, қарапайымдылығы мен жанашырлығы туралы деректер жетерлік.

Жазушы, журналист Серік Әбдірайымовтың естелігінен үзінді келтірсем: «Ар ойлап, дүниеге бой алдырмаған екі адам болса, соның бірі елі еркелетіп Димаш атаған – Д.А.Қонаев. Шүкір, шыққан тауы биік болды. Бір кісідей биліктің шыңына көтерілді. Кісілігін ұлықтыққа жеңдірмеген кім десеңіз, онда да осы абзал жанның есімі еріксіз еске түседі. Димекең қанағатшыл жан еді. Газет-журналда жариялаған мақалаларын есептемегенде, қай баспадан қанша кітап шығармасын, соның барлық қаламақысын жетім балалар үйіне аударып отырған [1, 184]

Еліміздің ақыны Олжас Сүлейменов өзінің «Аз и Я» кітабын шығарғанда да, Кеңес басшылығы ақынды қудалап, кітапты жарыққа шығаруға тыйым салынғаны белгілі. Сол кезде де Димаш Ахметұлы ақынға ара түсіп, оны қуғыннан құтқарған. Бұл туралы ақынның өзі былай деп еске түсіреді: «Қонаев туралы көп нәрсе айтуға болады. «Аз и Я» кітабы шыққан кезде ол мені қорғап қалды. Брежневке бәрін түсіндіріп, енді мені қудалаудың жөнсіз екеніне көзін жеткізді».

1965 жылы «Жас тұлпар» ұйымына да араша түсіп, Ресейде оқып жатқан қазақ студенттерінің өмірлерін сақтап қалған. Бұл туралы ұйымның басшысы болған Мұрат Әуезов өз жазбаларында: «Біз «Жастұлпарлықтарға буржуазияшыл-ұлтшыл» деген айыптаулар тағылғанда, бізді құтқарған Димаш Ахметұлы болды. Оның біз туралы «Бұл еліміздегі ең үздік жоғары оқу орындарының студенттері, еліміздің ертеңгі бетке ұстар зиялылары, біздің оларды аялап, қорғай білуіміз керек» деген сөздері «шолақ белсенділердің» аузына құм құйған-ды», деп атап көрсеткен. [2, 123-124]

Д.А.Қонаевтың Асанбай Асқаровқа айтқан мына сөзінен оның еліне деген, халқына деген махаббатын анық көреміз: «Орысты ренжітсе, Мәскеуге шабады, қазақты ренжітсең қайда шабады? Өзіңнің алдыңа айналып келеді, Асанбай. Орыстың артында тұрған Мәскеуі бар. Қазақтың артында Мәскеуі жоқ, қазақтың Мәскеуі – біздерміз Асанбай, қолыңнан келгенше қазақты жылатпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық, зорлыққа да көнетін иіс алмас, ынжық болып кетеді.



Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой,... біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек»

Д.А.Қонаевтың кейінгі ұрпаққа үлгі болар нақыл сөздері де жетерлік, мысалы:

Жалада шындық болмайды.

Адам айнасы – адам.

Бітімі қисық ағаштың, көлеңкесі де өзіндей болады.

Орынды сын ойлантап қоймайды т.б.

«Мейірім шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ. Сол халық қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты. Сол перзент – Дінмұхаммед Қонаев», - деп Үнді мемлекетінің негізін қалаған Дж.Неру айтпақшы, біз, кейінгі ұрпақ, осындай данышпан ұлдарымызды ешқашан ұмытпай, есте сақтауымыз керек. Болашақта мектеп оқулығына Д.А.Қонаев туралы мәліметтер толық берілуі қажет деп ойлаймын.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. С.Әбдірайымов. «Елу жыл ел ағасы» Алматы,2002
2. Б.Тілегенов. «Тұйық өмірдің құпиясы» Алматы,1992
3. М.Әуезов. «Кемеңгер Қонаев», Алматы,2003





# Д. ҚОНАЕВ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

**Даулетова Ж.К.**

*Ақтөбе облысы Хромтау қаласы  
«№4 орта мектеп» КММ*

**Қ**азіргі уақытта Қазақстан Республикасы әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономикасы және оның дамуының негізінде жатқан демократиялық құндылықтары бар қуатты әрі тиімді мемлекет ретінде қалыптасты. Сонымен бірге, әрбір қоғамның өмірінде өткен кезеңді түсіну және қайда ары қарай жылжу керектігін анықтау қажет болатын белгілі бір тарихи сәт басталады, "қазақстандық қоғамның бүгін нені білдіретінін және оның ертең қандай болатынын анықтайтын өзін-өзі сәйкестендіру немесе өзін-өзі тану кезеңі" басталады. Мұндай өзіндік сәйкестендіру, сөзсіз, зерттеушілерден өткен және қазіргі қазақстандық басшылардың рөлін, бірінші кезекте, Қазақстанның Мемлекеттік құрылысына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті саяси қайраткер ретінде Д.А.Қонаевтың тұлғасын жүйелі және терең ұғынуды талап етеді.

Ең алдымен, Д.А. Қонаевтың бүкіл өмір жолы, оның мемлекет және қоғам қайраткері, өзінің барлық бай білімі мен тәжірибесін, республиканың игілігі үшін көрнекті ұйымдастырушылық қабілетін берген әлемге әйгілі ғалым ретіндегі жан-жақты қызметі Халыққа қызмет етудің тамаша үлгісі болып табылатынын атап өткен жөн. Өзінің барлық мемлекеттік қызметін, әрбір іс-әрекетін ол өзінің өмірлік ұстанымына сәйкес Отанның, халықтың мүдделерімен өлшеді: "Қазақстан мен оның халқының игілігі үшін жақсы жұмыс істеу керек". Біздің барлық ойларымыз бен істеріміз халықтың шабытқа толы жасампаз еңбегінен ажырағысыз болды, солай бола бермек және біздің әрқайсымыз Д.А.Қонаевтың өзі атап өткендей, өз еңбегіміздің басты мағынасын, өз өміріміздің мағынасын көруге тиіспіз.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келген. Ол тарихқа ірі мемлекет қайраткері, Қазақ КСР Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, 3 мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақстан Ғылым Академиясының президенті ретінде енді. 1936 жылы Мәскеудегі Түсті металдар және алтын институтын тау-кен инженері мамандығы бойынша бітірген. Сол жылы Конрад-Балқаш құрылыс алаңына жолдама алып, еңбек жолын бастайды. Болашақ мыс алыбының құрылысы үлкен қиындықтармен өтті. Ол кезде Балқашта және Конрадта адамдар киіз үйлерде, жер үйлерде, барақтарда паналайтын. Дегенмен, құрылысқа ауылдардан көптеген қазақтар келді. Ауыр өмір жағдайлары, құрылған күштеп ұжымдастырумен, мәжбүр етті. Содан "Прибалхашстрой" тресінде жұмыс істей бастады. Ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды басқарды, оның ішінде Алтай, Риддер, Лениногор кеніштерінде басшылық қызметтерді атқарды.



1942-1952 жылдары-ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесі, ҚазКСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары.

1952 жылдан 1955 жылға дейін Қазақстан Ғылым Академиясын басқарды. Оның басшылығымен өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамыту, Қазақстанның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану үшін ғылыми зерттеулер жүргізілді. Қонаев өзі 200-ге жуық ғылыми еңбек жариялады.

Дінмұхамед Қонаев көзі тірісінде-ақ халық махаббатына лайық болған. Өйткені, көптеген қазақстандықтар үшін ол тұтас дәуірдің бейнесі болып табылады. Оның пікірінше, тек көшбасшы жасаған Қазақстан маңызды құрамдас бөлігі экономикалық жүйені КСРО және елді мекеннің қамқоршысы мәдениет қайраткерлерінің, ғылым. Ол Қазақстанды 25 жыл бойы басқарды. Статистикаға сәйкес, осы жылдар ішінде Республиканың өндірістік әлеуеті 700%-дан астам өсті, өнеркәсіп көлемі 9 есе, ауыл шаруашылығы 6 есе, күрделі құрылыс 8 есе өсті. Қонаев Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы қызметінен 1986 жылғы 16 желтоқсанда небәрі 18 минутқа созылған рекордтық қысқа пленум барысында алынады. Қонаевтың орнына КОКП ОК Бас хатшысының ұсынысы бойынша жіберілген КОКП Ульянов обкомының бірінші хатшысы Геннадий Колбин сайланды.

Басшының мұндай күрт ауысуы қазақстандықтарға ұнамады, адамдар алаңға "желтоқсан" ретінде тарихқа енген наразылықтармен шықты. Осы оқиғалардан тура бес жыл өткен соң, 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан кеңестік республикалардың соңғысы ретінде өзінің тәуелсіздігін жариялады. Кейіннен 16 желтоқсан күні Қазақстанның Тәуелсіздік күні болып бекітілді.

1987 жылдың қаңтарында Қонаев КОКП ОК Саяси Бюросы құрамынан, ал 1987 жылдың маусымында КОКП ОК құрамынан шығарылады. Отставкаға кеткеннен кейін Қонаев Алматыда тұрады. 1993 жылы 22 тамызда Алматы облысы Алакөл ауданы Ақши ауылында жүрек ұстамасының салдарынан дүниеден өтті. 1993 жылы 25 тамызда Кенсай зиратына жерленді.

Ол туралы Олжас Сүлейменов, Бибігүл Төлегенова, Мұхтар Шаханов және басқа да көптеген адамдар ерекше жылулықпен еске алады.

Оның ішкі мәдениеті мен тектілігін оның ізбасарлары мен үлкен саясаттың бұрынғы қарсыластары мойындайды. Бірақ, Дінмұхамед Қонаевтың ерекше мақтанышы Алматы болды.

Оның тұсында Қазақ КСР астанасы еліміздің шын мәніндегі мәдени орталығына, Іле Алатауының баурайындағы бақ қалаға айналды. Бұл айтарлықтай дәрежеде дәл Қонаевқа мүмкін болды.

Қонаев атындағы дәуірдегі Алматы – қала тарихындағы ерекше кезең. Дәл сол кезде қала көптеген әдемі субұрқақтар, саябақтар және басқа да қызықты сәулет ансамбльдері орналасқан Алматының ерекше сәулетіне, жайлылығына ие болды.

Бұл кеңестік Қазақстанның бас қаласында өзінің қайталанбас нақышы мен сүйкімділігі қалыптасқан уақыт. Елорда бұрынғы Кеңес Одағының басты қалалары арасында көрнекті болып, елдің ең әдемі жерлерінің біріне айналды.

Дәл сол кезде Алматы барлық қазақстандықтардың сүйіспеншілігі мен оған деген мақтаныш сезімін жеңіп алды. Мүмкін Бүгін Алматы 70-ші және 80-ші жылдары қандай қала болғанмен бірдей емес шығар, бірақ әлі күнге дейін қазіргідей көп нәрсе бар – ол Қонаев кезінің гүлдену кезеңімен байланысты.

"Димаш Ахметұлы зор күшке ие бола отырып, талапшылдықты ешқашан дөрекілікпен алмастырған емес", - деп атап өтті бюроның бұрынғы мүшесі, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Александр Рыбников. – Ол бізді осы рухта тәрбиеледі. Ол өзін дөрекі ұстаған және адамның қадір-қасиетін қорлайтын басшыларға қатаң қарады. Ол оларды дереу жұмыстан шығарды". Ол қызметкерлерді мұқият тәрбиелеп, бағалады, әрқашан әділ болды, менмендікке, менмендікке, асығыс және формализмге шыдамады. Ол адалдықты, тиімділікті, адалдықты жоғары




бағалады. Димаш Ахмедович" әрдайым кадрларға өте мұқият болған, тіпті өзінің оппоненттеріне де тілектес болған", - деп еске алады Қазақстан Компартиясы Қарағанды обкомының бұрынғы бірінші хатшысы Александр Коркин". Ең бастысы: Д.А.Қонаев өзінің барлық қызметі үшін бағыныштылардың қадір-қасиетін қорлауға ешқашан жол берген емес, ол ешкімге айқайламады, дәрекілік танытпады, адамдарға құрметпен қарады.

1990 жылдардың басындағы жүйелі дағдарыс жағдайында, "экономикада басқарылмаушылық пен ретсіздік орнаған кезде" Д.А.Қонаев Қазақстанның тұрақты саяси дамуын толық қамтамасыз ететін, жұмысқа қабілетті, тиімді, әлеуметтік әділ болатын жаңа экономикалық жүйені қалыптастыру туралы мәселе қойды. Оның беделді пікірі бойынша, мемлекеттің жан-жақты нығаюынсыз уақыттың жаңа сын-тегеуріндеріне жауап беру мүмкін емес. Қуатты демократиялық мемлекет, "бүкіләлемдік қоғамдастық арасында тең құқықты мемлекет" ғана Отанның өркендеуі үшін жағдай жасай алады, жеке адамның бостандығын, кәсіпкерлік еркіндігін, азаматтық қоғам институттарының даму еркіндігін қорғай алады. Бірақ сонымен бірге, оның пікірінше, "біз өткеннен ештеңе жасыра алмаймыз – жаман да, жақсы да емес. Өткенді Үстірт білу бәрімізге ертеңгі тарихи жолымызда "өлімге әкелетін" қателіктерден аулақ болуға көмектеседі.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Д.А.Қонаев айтуынша, Қазақстанның болашағына сеніммен және үмітпен қарағанын атап өткен жөн. Бұл Қазақстанның өсіп келе жатқан беделіне, оның бітімгершілік күш-жігеріне, этносаралық қатынастардың берік тұрақтылығына кепілдік береді, оны біз кез келген сәттіліктің алғашқы шарты ретінде ерекше күтуіміз керек".

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Д. А. Қонаевтың жарияланбаған сұхбаты // тұлға. Д.А.Қонаев туралы естеліктер /авторлар-құрастырушылар: с. Әбдірайымұлы, А.Горайнов – Алматы: "Санат", 2007. – С. 87-91.
2. Рыбников Александр. Д.А.Қонаев – қазақ халқының мақтанышы мен ар-ожданы // тұлға. Д.А.Қонаев туралы естеліктер /авторлар-құрастырушылар: С.Әбдірайымұлы.
3. Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты: жаңа трендтер: әдістемелік құрал / Под общ. ред. е.л. Тоғжанова. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы, 2011. – 204 б.



## Д.ҚОНАЕВ – ҰЛТ ПЕРЗЕНТІ

**Зейнеш Бибарыс**

*Ақтөбе қаласы «Ф.Оңғарсынова атындағы*

*№41 мектеп-гимназия» КММ*

*9 класс оқушысы*

*Жетекшісі Аймағанбетова И.К.*

**Д**інмұхамед Ахметұлы Қонаев – өз халқының жарқын болашағы үшін орасан зор еңбек сіңірген адал азамат. Өз ғұмырының 50 жылға жуық уақытында республикамыздың басшылық қызметтерінде болып, еліміздің дамуына үлкен үлес қосты. Қазақстанның өркен жаю, жаңару жылдарында Дінмұхамед Ахметұлының елі үшін өте зор еңбек сіңіргенін мақтанышпен айтуға болады. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, академик Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың туғанына 2022 жылы 110 жыл толды. Өткен ғасырдың аумалы-төкпелі кезеңінде туған елін қызғыштай қорып, қазақ халқының өркендеп, дамуына айрықша үлес қосқан ұлы тұлғаның өмірі – жас буынға үлгі-өнеге.

Д.А.Қонаев өз естелігінде жазғандай, оның ата-бабасы мал бағып, қауға ұстаған кісілер болыпты. Жай ғана шаруа болғанымен, қара басының қасиетін қадірлей біліп, адал еңбегімен күндерін көрген. Олар осы күнгі Қапшағай өңірі мен Күрті өзенінің оң жақ жағалауын, негізінен, Іленің сол жақ жағалауынан Құйғанға дейінгі жерге қоныстаныпты. Қазір осы өңірді Алматы облысына қарасты Балқаш ауданы жайлап отыр. [1,251-б.]

Дінмұхамед Ахметұлы 1912 жылы 12 қаңтарда Верный қаласының Сарқант көшесіндегі (Үлкен станицада) үйде дүниеге келген. Ол отбасындағы он бір баланың төртіншісі болды. Үлкен әжесі қырқынан шығаруға келгенде: «Маңдайың ашық, көзің танадай екен, жанарыңнан нұр көрдім. Сірә, елге би боларсың, елдің алақанында өтерсің. Алла осы тілегімді қабыл қылсын!» - деп бата беріпті. [3,3-б.]

Дінмұхамед Ахметұлы бала кезінен-ақ өте байсалды, кішіпейіл болған. Ұстаздарын ерекше құрмет тұтқан. Әсіресе, өзінің ұстаздарының арасынан хат танытып, әліппені оқытқан, орыс тілін үйреткен алғашқы ұстазын (Анна Павловна Шурова) ерекше еске алады. 1955 жылы, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып тұрған кезінде, оны арнайы қабылдауына шақырып алып, балалық шағы, мектеп қабырғасындағы күндерін еске түсіріп, қайтар сәтінде бұйымтайын сұрайды. Ұстазы өзінің не жылуы жоқ, не ыстық суы жоқ ескі үйде тұратынын айтып, басқа үйге алмастырып беруін өтінеді. Дінмұхамед Ахметұлы ол кісінің тілегін қолма-қол орындап беріп, үлкен адамгершілік ізгі қасиет танытады.

Өмірде армансыз адам болмайды. Арманына тек қажымай-талмай ізденіп, білімнің кәусар нәрімен сусындап, ерінбей еңбектенген адам ғана жетеді. Өзінің айтуынша, Дінмұхамед Ахметұлы бала жастан-ақ тау-кен инженері болуды арман еткен. Оған, біріншіден, ол кезде біздің қазақ ұлтында тау-кен ісімен шұғылдану кәсібі өте сирек кездескен болса, екіншіден, Димаш Ахметұлының тұңғыш қазақ инженері Мұхаметжан Тынышбаевты аса құрмет тұтуы әсер еткен. 1906 жылы Санкт-



Петербургтегі жол қатынастары инженерлерін даярлайтын институтты үздік бітіріп, әрі энциклопедиялық білімге ие болған Мұхаметжан ағасының халыққа деген ізгі қасиеттерін көріп, кеудесін мақтаныш сезім кернеген ол: «Осы кісідей инженер болсам» деп армандаған. Ақыры, сол арманының жетегімен инженерлік кәсіпті таңдаған Дінмұхамед Ахметұлы 1931 жылы Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің жоламасымен Мәскеу қаласындағы Түсті металдар және алтын институтына оқуға түсіп, 1936 жылы тау-кен инженері мамандығын алды. Алдымен жас маман Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат бөлімшесіне жіберілді. Кейін Лениногор (Риддер) қорғасын-мырыш комбинаты сынды сол кездегі еліміздегі ең алып өндіріс орнында басшылық қызмет атқарды. Дінмұхамед Ахметұлы ҰОС-ның сұрапыл жылдарында Қазақ КСР Халық комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болған. 1952 жылы Қазақ КСР ғылым академиясының президенті қызметіне ауысады. Сол жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі атағына ие болады. Одан кейінгі өмірінің бәрі партия-кеңес органдарында өтті, Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінде қызметтер атқарды. 21 жыл бойы бұрынғы Кеңес үкіметі кезіндегі бүкіл Одақтың тағдырын шешетін КОКП (Кеңес Одағының Коммунистік Партиясы) Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі болған. Д. А. Қонаев 50 жылдай басшылық қызметте болды: 6 жыл Қоңырат кеніші мен Риддердегі полиметалл зауытын басқарды, 10 жыл Қазақ КСР Халық комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасары, 3 жыл Ғылым академиясының президенті, 7 жыл Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, 24 жыл бойы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болды. Белгілі қаламгерлердің естелік кітаптары мен газет-журналдарға жазылған мақалаларында айтылғандай-ақ, ұлы тұлға өте кеңпейіл, сабырлы және парасатты адам болған. Қызмет бабында, мейлі, күнделікті өмірде болсын, ашу шақырып, біреуге дауыс көтеріп, жеку ол кісіге тән болмаған. Үлкен-кішімен бірдей ашық-жарқын кейіпте сөйлесіп, ел-жұртпен емін-еркін араласқан. Д.А.Қонаевтың өте қарапайымдылығын зейнеткерлік демалысқа шыққаннан кейін өзіне жаңа «визитка» жасатқанынан байқауға болады. Сол құжатында өзінің аты-жөнінен басқа тек қана «тау-кен инженері» деген жалғыз ауыз сөз жазғызған. Оны көрген замандастары: «Димеке, мұныңыз қалай? Докторлық дәрежеңіз бен академиктік дәрежеңізді, жоғары лауазымды қызметіңізді неге қоспағансыз?» - деп таңғала сұрағанда, Димаш Ахметұлы: «Оның бәрі – өтпелі ғой, ал «тау-кен инженері» - өмірлік нәрсе» деп жауап қатқан. Осы мысалдан-ақ біз ұлы тұлғаның ең жоғары дәрежелі қызметтері мен лауазымдарынан гөрі өз мамандығына деген сүйіспеншілігін аңғарамыз. [2,11-б.]

Қазақстанның астанасы болған Алматы қаласында бой көтерген әрбір ғимарат, әрбір көше – Дінмұхамед Ахметұлының еліне, жеріне деген перзенттік сүйіспеншілігінің көрінісі. Сол кездегі әр миллион сомды Мәскеуден бөлгізудің аса қиындығына қарамастан, ұлы адам өзінің зор беделінің арқасында Алматыны, тағы басқа қалаларды көркейтуге, көріктендіруге бар күшін, қайрат-жігерін жұмсады. Қаланың сәулет өнерінің ең озық үлгілермен салынған Республика сарайы, «Қазақстан» және «Алатау» қонақүйлері, «Мәскеу» және «Қазақстан» сауда үйлері, «Арасан» сауықтыру орны, Орталық стадион, Балуан Шолақ атындағы Мәдениет және спорт сарайы, «Медеу» спорт кешенінің тамаша құрылысы, Көктөбедегі биік телемұнара – шетелден келген қонақтар тамсана қарайтын керемет ғимараттар және басқа да көптеген құрылыс нысандары, осы Дінмұхамед Ахметұлының басшылығымен салынды. Дінмұхамед Ахметұлы тек қана өзінің туып-өскен Алматы қаласының ғана емес, республикамызда өнеркәсібі дамыған көптеген көрікті қалалардың салынуына тікелей басшылық жасады. Д. А. Қонаев қызмет бабымен республиканың облыстарына да іссапарлап шығып тұрған. Оның сондай сапарларының бірін Ақтөбе облысы Шалқар ауданында туған ақсақал (қазір Ақтөбе қаласы Жарық-1 ауылының тұрғыны, менің Көбейсін жездемнің әкесі) Қорғанбаев Өмірсерік, өзінің «Талдықұм туған мекенім» атты кітабында, былай деп еске алады:



«Мен, 1937 жылы, желтоқсан айының он екісі күні өткен бірінші сайлаудан бұрын туыппын. Себебі, шешем айтуы бойынша, сайлауға дауыс беруге көп ұстап қалар деп, мені құндақтап апарыпты. Біздің үй ақ моладан 500 метрдей жерде құм жағасындағы ши ішінде. Қазір күл төбесі (астында) кесек үйдің орны жатыр. Осы үйге 1947 жылы ҚазССР министрлер кабинеті (төрағасының) орынбасары Қонаев депутат болып келгенде қонып шығып, Тұмалыға бір айғыр, бір бура жеккен шаналармен барып келіп, Шалқарға аттанды. Мен түнгі қонақасында қолдарына су құйып, Қонаевты білте шаммен далаға шығарып келгенмін. Қонаев менің кіндік қаным тамған пеш түбіне түнеп шықты. Менің нешінші класс оқитынымды сұрап, бата бергенін жақсы ырым етемін». [3,8-б.]

Дінмұхамед Ахметұлының елімізге сіңірген еңбегін бір мақала ішінде тізбектеп айтып шығу мүмкін емес.

КСРО және Қазақ КСР Жоғары Кеңесінің депутаты, КОКП Саяси Бюросының мүшесі ретінде дипломатиялық арнаулы мақсатпен Д.А.Қонаев көптеген жақын және алыс шетелдерде болды.

Д.А.Қонаевтың еңбегі келесі марапаттармен атап өтілген: Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, сегіз мәрте Ленин ордені, Еңбек Қызыл Ту ордені және көптеген медальдар.

Ол 1993 жылы 22 тамызда қайтыс болды. Оның Қазақстан алдында аса жоғары ерекше еңбегі мен қызметінің белгісі ретінде 1994 жылдың 24 ақпанында Қазақстан Респубикасы Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Д. А. Қонаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы» Қаулысына сәйкес бірнеше есте қалдыру шаралары қабылданды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Құрастырушы автор: Н.Төлепбергенұлы, Т.Жұманов. Дінмұхамед Қонаев. Алматы қаласы. 2014 жыл.
2. А.Ү.Сужикова. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Стамбул. 2022 жыл.
3. Ө.Қорғанбаев. Талдықұм туған мекенім. Ақтөбе қаласы. 2017 жыл.





# Д.А.ҚОНАЕВ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

**Нөкешова Д.Ө.**

*Ақтөбе облысы Шалқар қаласы*

*«№3 жалпы орта білім беретін мектеп» КММ*

*«Көрнекті адамдар өз елінің бағына, не сорына туады» деген ескі мақал бар, Димаш Ахметұлы болса туған елінің бағына туған адам және біздің әрқайсымыз үшін айрықша ыстық. Әсіресе, ол өмірі қауіп пен қатерде жүрген адамдарға тіптен алабөтен жақын сияқты. Оның басты қасиеттері адамсүйгіштігінде, әдептілігінде, биік адамгершілігінде, нақтылығында, істі терең білуінде. Оны өзгелерден ерекшелеп тұратын қасиет гажайып даналығы болса керек. Ол өз ісі арқылы халқының шынайы сүйіспеншілігіне ие болды, оның аты өзін шексіз құрметтейтін ұрпағының жадында мәңгі қалды»*

*Ілияс Есенберлин, жазушы.*

**Д.** А.Қонаев сынды Ұлы тұлғаның қазақ халқының тарихындағы орны қандай, неге оның есімі қазақ халқының жадынан ерекше орын алады? Ұлт үшін туған ұлы тұлғаның халқына сіңірген еңбектері қандай? Д.А.Қонаев туралы зерттеулер – бүгінгі күннің мәселелерінің бірі. Қазақ халқының бағына туған ер азаматты қадірлеу, оның халқына, еліне жасаған ерен еңбегін өскелең ұрпаққа насихаттау біздің парызымыз. Д.А.Қонаев қиын кезеңде өмір сүрді, қызмет етті. Ауыл шаруашылық өндірісі мен халық санының өсуіне байланысты тұрғын үй салу мен мәдени тұрмыс қызмет көрсету ісі айтарлықтай артта қалды. Жергілікті тұрғындар тұрғын үй кезегінде жылдап тұрды. Қазақ мектептерінің саны күрт төмендеді, тың игеру жылдарында басқа ұлт өкілдерінің көбеюімен жергілікті халықтың тілі, діні, мәдениеті, салт-дәстүріне нұсқан келді. Н.Хрущевтің естелігінде 1946-1954 жылдары Қазақстан Компартиясы ОК-нің бірінші хатшысы болған Жұмабай Шаяхметовті тың игеруге қарсы шығуына ұлтшылдық көзқарасы себеп болды деп пікір айтады. Димаш Ахметұлына ұлтшылдық деген сөз Н.С.Хрущев тарапынан да айтылған екен. Қазақ жерін бөлшектеп, біраз бөлігін көрші Өзбекстанға бөлу жоспарын айтқан уақытында Д. Қонаев «Сонда Қазақстанға шонтайы қала ма?» деген екен. Сонда Н. Хрущев орнынан атып тұрып: «Бұл қарғыс атқан ұлтшылдық қашан құриды?» деп столды қойып-қойып жібергенде, бір-екілі хрусталь фужерлер сынып қалған екен. (Х.Ерғалиев. Алаштың ардақтысы. Кемеңгер Қонаев. Алматы. 2003 ж) Осы келіспеушілікке байланысты Д.Қонаев қызметінен босап, Қазақ КСР Министрлер Кеңесін басқаруға жіберіледі. Хрущев қызметінен



босап, билікке Л.И.Брежнев келгеннен 1964 жылы Д.Қонаев Орталық Комитеттің бірінші басшылығы қызметіне қайтып оралады.

1965 жылы Д.Қонаевтың алдынан шошқа мәселесі шығады. Сол кездегі билік басындағылар қазақтарға шошқа бақтырып қойған екен. Арам малды бағу қазақтар үшін қандай қиын екені белгілі. Ауыл адамдары шошқа бақтыру үшін басқа ұлт өкілдерін іздеп әуре-сарсаңға түседі. Шошқаның жағдайын жасаймыз деп жергілікті билік өкілдері әбден сасады. Шәуілдір ауданында шошқа қора саламыз деп Отырарды бұзып, күйген кірпіштерін алғызады. Сол кезеңде көптеген ауылдар шошқа бағумен айналысқан екен. Д.Қонаевтың орнына келген И.Юсупов шошқамен шектелмей есек етін ет комбинатына өткізуді армандапты. (Ерғалиев Х. Алаштың ардақтысы // Кемеңгер Қонаев. Алматы, 2003. 36 б.). Құдай сақтап, Н.С.Хрущев пен Юсуповтардың жойқын жоспарлары іске аспай қалады.

Соғыс және еңбек ардагері Әдіһам Шілдерхановтың естелігіне назар аударсақ, 1965 жылы Алғабас ауданындағы бітік шыққан жүгеріні көруге Димекең келді. Кездесу аяғында ұжымшар басшысы Ә.Шілдерханов облыс басшыларына ұсынысың болса айт дегенде «кеңшарымызда қой өсіріледі. Қара мал мен жылқымыз да бар. Соған қоса тағы да шошқа өсіру жоспарланған. Шошқаның еті қойдың етінен 8 есе қымбатқа түседі. Осының жоспарын қой етімен өтеп, шошқа өсірмей-ақ қояйық деген өтінішіміз еш жерден қолдау таппай жүр», дейді. Әдекеңнің сипаттауынша «Димекең Ливенцовқа сұстана қарап ызғарлы үнмен: «Ей, сен қазаққа шошқа бақтырып қоймақсың ба? – дейді. «...Димеке, Димеке» деп Ливенцов кібірткітей сөйлеп, өзіміз де қазақы аудандардағы шошқаларды алсақ па деген ойда жүр едік. Қалай да орындаймыз», деп уәде береді. Избе-із кеңшарымыз шошқа өсіру тауқыметінен құтылды» деп көрсетеді соғыс және еңбек ардагері (Ә.Шілтерханов. Шығармалары, II т. Алматы, Ордабасы, 2007. 252 б.).

Сол 1965 жылы Димекең Ресейде оқитын қазақ студенттері құрған «Жас тұлпарға» да араша түсіпті. Қазақтың тілі мен басқа да рухани мәселелерін көтере бастаған «жас тұлпарлықтар» – «буржуазиялық ұлтшылдар болып құдалауға түсе бастаған екен. Ұйымның басшысы Мұрат Әуезовтың «біз, «жас тұлпарлықтар» осы айыптаулардың басты нысанасына айнала жаздадық. Бұл жолы да бізді құтқарып қалған Димаш Ахметұлы болды. Ол біз туралы: «Бұл еліміздегі ең үздік жоғары орындарының студенттері, еліміздің бетке ұстар зиялылары, біздің оларды аялап, қорғай білуіміз керек» деген сөздері «шолақ белсенділердің» аузына құм құйған-ды» (М. Әуезов. Жаратылысы ерекше жан // Кемеңгер Қонаев. Алматы. 2003 123-124бб) Д. Қонаевтың ықпалымен қазақ даласының ұлы тұлғасы, екінші ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фарабиді туған жеріне қайта таныстыру мақсатында көптеген іс-шаралар өткізді.

1970ж археолог К. Ақышевты қабылдап, Оңтүстік Қазақстандық кешенді археологиялық экспедициясының құрылуына, жыл сайын зерттеу жұмысына қомақты қаржы бөліп отырған. Негізгі зерттеу – Отырар болды. 1975 жылы Мәскеуде және Алматыда Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерекесіне арналған конференцияға өзі де қатысты. Бұл жиынның мәртебесін көтерді. Д.Қонаевтың ерекшелігі қазақтың байырғы әулие орындарын қастерлеуі. Арыстан баб, Бәйдібек ата, Домалақ ана, Төле би кесенелеріне, т.б киелі орындарды қастерлеген.


Д.Қонаев Қазақстанның дамуына зор үлес қосты. 1955-1985 жылдар аралығында ауыл шаруашылығы 6,2 есе, құрылыс 8 есе, өнеркәсіп өндірісі 8,9 есе өсті. Игерілмей жатқан елді-мекендерде 47 қала пайда болды. Республиканың халық саны 1987 жылы 16 миллион, 244 мыңға жетті. Д.Қонаевтың қазақ халқына жасаған ерен еңбегін айтып тауысу мүмкін емес. Қолындағы билікті қазақ елінің тарихын, мәдениетін, әлеуметтік-экономикалық дамуын, халыққа жағдай жасағанын, ұлттық мүддені қорғағанын қазақ халқы ұмытпайды. Нағыз ұлт жанашыры, ұлт кө-



семі ретінде танылды. Жамандыққа жаны хас ұлт көсемінің өмірін, қызметін болашақ жастарға насихаттау жұмыстары жандану қажет деп есептеймін.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Егемен Қазақстан газеті. Мұқтар Қожа . 03 ақпан 2022ж
2. М. Әуезов. Жаратылысы ерекше жан // Кемеңгер Қонаев. Алматы. 2003 123-124 бб.
3. Ә.Шілтерханов. Шығармалары, II т. Алматы, Ордабасы, 2007ж. 252 б
4. Ерғалиев Х. Алаштың ардақтысы // Кемеңгер Қонаев. Алматы, 2003. 36 б.



# Д.А.ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

**Аккожина Гулшат Сабыргалиқызы**

*Ақтөбе облысы Ойыл ауданы*

*«Саға мектеп-балабақшасы» КММ*

*аға тәлімгер*

**Д**інмұхамед Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Верный қазіргі Алматы қаласында дүниеге келген. Оның ұлты жайлы бұрынғы алып қашпа әңгімелер болған. Бірақ ол таза қазақ. Ұлы жүзді Ысты руынан шыққан. Мектеп кезінде қазақтан шыққан қазақ инженер Мұханбетжан Тынышбаев сияқты болғысы келіп инженер болуды армандайды. Орта мектепті аяқтаған соң біраз уақыт аудармашы болып жұмыс жасап, кейін Мәскеу қаласында армандаған инженер мамандығы бойынша оқуға қабылданады. Оның Мәскеудегі студенттік шағында Кеңес үкіметінің қолдан жасаған ашаршылығы қазақ ұлты ауыр күндерді бастан кешіп жатты. Ол жағдайда құр қарап отыруға шыдамаған. Мәскеудегі қазақ студенттер жиналып биліктен өзгеріс талап етеді. Бұл жағдайда ештеңені өзгертпеседе ұлт үшін билікке талап қойған қазақтардың арасында Қонаевта бар. Оқуын аяқтаған атамыз Балқаш қаласында мыс кеніне жұмысқа тұрып, сонда үш жыл қызмет атқарады. Кейін Алматыға оралып отау құрған екен.

Кейін Ұлы Отан соғысы басталып кен орындағы еркектер майдан алаңына аттанады. Сонда кен орында директор болған атамыз әйелдерді жұмысқа алып, қазақ даласындағы өнер кәсіптің тоқтаусыз жұмыс жасауына өз үлесін тигізген. Майдан алаңына атылған он оқтың тоғызы қазақ даласында жасалған болса, сол оқтарға кеткен қорғасындарға атамыздың үлесі зор болды. Соғыс кезінде Қонаев Қазақ КСРО министрінің төрағасының орынбасары болып тағайындалып, соғысқа керек заттарымен жауынгерлерді қамтамасыз ету үшін күн демей, түн демей еңбек атқарған.

1951 жылы Қонаевты Сәтбаевтың орнына Ғылыми академиясының Президенттігіне ұсынады. Бірақ атамыз бас тартқанына қарамастан, билік орны сол орынға тағайындайды. Осы уақытта Әуезов академия атағын кері қайтарып алуға сөз болып, шешім қабылдануға шақ тұрды. Бірақ Қонаев Әуезов үшін соңына дейін барып Әуезовтің академик дәрежесін сақтап қалды.

Қонаев Президенттіктен кеткеннен кейін оған президент стипендиясы беріліп тұру керек болған. Бірақ ол бас тартып, бұл қаражат өмірінің соңына дейін қайырымдылыққа кетіп отырған.

Қонаев атамыз 1960 жылдан бастап қазақ даласының президенті болып тағайындалды. Осы уақытта Кеңес үкіметінің бас кеңесшісі болған Хрущев мемлекет аралық шекараны жойып, Қазақстанның солтүстігін тың өлкесі етіп басқаруды тікелей Мәскеуде жүргізбекші болған. Қысқасы елдің батысын өздеріне қосып алғысы келген. Сол уақытта Ташенов Хрущев қарсы шығып егер солай жасайтын болсаң, оны әлемдік сотқа беретін айтып аяғына тұсау болған. Бұл жоспары жүзеге аспаған Хрущев ендігі елдің батыс бөлігін Түркіменстанға бергісі келеді. Оған себеп-олар мұнай өндіруден тәжірибе көрген. Бірақ осы уақытта мәселеге Қонаев араласып Хрущевты жер билігінен қалдыруға



көндіре алған. Бірақ Хрущев қазақтың Оңтүстігіндегі мақта өндіретін орындарды Өзбекстан еліне беріп жібереді. Бұған қарсы шығып жерді сақтап қалуды қанша тырысқанымен Хрущев айтқанынан қайтпай, жер Өзбекстанға кетеді. Алайда жердің көп бөлігін атамыз елімізге қайтарып алады. Кейін Хрушовтың жандай шаптары қазіргі Павлодар қаласының атауын Хрущевград деп өзерткісі келеді. Бұны естіген Қонаев бұныда алдын алып үлгереді. Бұл оқиға Хрущевтың құлағына жетіп, аяғына тұсау бола бергесін Қонаевты орынынан алып тастайды. 1964 жылы билікке Брежнев келіп, Қонаевты бұрынғы орнына қайтып тағайындайды.

Сол уақыттан бастап, 1986 жылға дейін қазақ даласын өзі басқарады. Осы аралықта елдің әл-ауқаты көтеріліп, қазақ ұлтының саны екі жарым есе көтеріледі. Еліміздің көптеген өндірістер бой көтеріп өндіруші потенциялық өнімдер жеті есеге дейін, өнеркәсіп 9 есеге, ауыл шаруашылығы 6 есе, капиталдық құрылымы 8 есеге дейін ұлғаяды. Қонаев қазіргі Алматының дамуына көп еңбек еткен. Медеу, Қазақстан қонақ үйі, ҚазҒу қалашығы Арасан демалыс орындарын аштырады. Бірақ Алматы үшін маңызды еңбегі бұлар емес еді. Ең маңызды атқарған ісі ол Алматы бөгеті болды. Себебі кез-келген уақытта таудан құлаған тастар қаланы басып қалар деген оймен жасатқан. Алматының тумасы ретінде жақсы білген. Кейін білікті мамандармен ақылдаса келе жасанды жарылыстар жасап бөгет тұрғызуға кірісіп кетеді. 1976 жылы Алматыда көшкін болып осы бөгет қаланы сақтап қалған. 1986 жылы өзінің зейнетке кететінін айтып биліктен кететіні мәлім дегеннен кейін орнына Кеңес Одағы Колвинді қоюға шешім шығарады. Ол шет жақтан келген қазақ даласы жайлы білімі тайыз болғасын жастар қарсы болып желтоқсан оқиғасына себепші болады. Сол уақытта тұтқынға түскен жастарға түрлі жала жабылып Қонаев бүлікті басқарушы деген айыппен де біраз уақыт ұйқамақта отырады. Кейін барлығы ақталып шығады.

Атамыз Қонаевтың халыққа жасаған ерлігімен игі істері біз білмейтін қаншама ақпараттар бар деп ойлаймын...

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Интернет көздерінен: <https://yandex.kz/video/preview/2294158016736806835>
2. Мұхиттан өткен қайық кітабы
3. Алып тұлға кітабы



# Д.ҚОНАЕВ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ

**Қаженова М., Төреғалиева Ж.**  
*Қостанай облысы Амангелді ауданы*  
*«Ы.Алтынсарин атындағы*  
*жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*

Қазірде Қазақстан Республикасы әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономикасы және демократиялық құндылықтары бар қуатты мемлекет ретінде қалыптасты. Әрбір қоғамның өмірінде өткен кезеңді түсіну және ары қарай қай бағытта жылжу керектігін анықтау қажет болатын белгілі бір тарихи сәт басталады, "қазақстандық қоғамның бүгін нені білдіретінін және оның ертең қандай болатынын анықтайтын өзін өзі сәйкестендіру немесе өзін өзі тану кезеңі" басталады. Мұндай өзіндік сәйкестендіру, сөзсіз, зерттеушілерден өткен және қазіргі қазақстандық басшылардың рөлін, бірінші кезекте, Қазақстанның Мемлекеттік құрылысына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті саяси қайраткер ретінде Д.А. Қонаевтың тұлғасын жүйелі және терең ұғыну қажет.

Ең алдымен, Д.А. Қонаевтың бүкіл өмір жолы, оның мемлекет және қоғам қайраткері, өзінің барлық бай білімі мен тәжірибесін, республиканың игілігі үшін көрнекті ұйымдастырушылық қабілетін берген әлемге әйгілі ғалым ретіндегі жан-жақты қызметі Халыққа қызмет етудің тамаша үлгісі болып табылатынын атап өткен жөн. Өзінің барлық мемлекеттік қызметін, әрбір іс-әрекетін ол өзінің өмірлік ұстанымына сәйкес Отанның, халықтың мүдделерімен өлшеді: "Қазақстан мен оның халқының игілігі үшін жақсы жұмыс істеу керек". Біздің барлық ойларымыз бен істеріміз халықтың шабытқа толы жасампаз еңбегінен ажырағысыз болды, солай бола бермек және біздің әрқайсымыз Д.А.Қонаевтың өзі атап өткендей, өз еңбегіміздің басты мағынасын, өз өміріміздің мағынасын көруге тиіспіз.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келген. Ол тарихқа ірі мемлекет қайраткері, Қазақ КСР Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақстан Ғылым Академиясының президенті ретінде енді. 1936 жылы Мәскеу Түсті металдар және алтын институтын тау-кен инженері мамандығы бойынша бітірген. Сол жылы Конрад-Балқаш құрылыс алаңына жолдама алып, еңбек жолын бастайды. Болашақ мыс алыбының құрылысы үлкен қиындықтармен өтті. Ол кезде Балқашта және Конрадта адамдар киіз үйлерде, жер үйлерде, барақтарда паналайтын. Дегенмен, құрылысқа ауылдардан көптеген қазақтар келді. Ауыр өмір жағдайлары, құрылған күштеп ұжымдастырумен, мәжбүр етті. Содан "Прибалхашстрой" тресінде жұмыс істей бастады. Ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды басқарды, оның ішінде Алтай, Риддер, Лениногор кеніштерінде басшылық қызметтерді атқарды. 1942-1952 жылдары-ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесі, ҚазКСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары.





1952 жылдан 1955 жылға дейін Қазақстан Ғылым Академиясын басқарды. Оның басшылығымен өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамыту, Қазақстанның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану үшін ғылыми зерттеулер жүргізілді. Қонаев өзі 200-ге жуық ғылыми еңбек жариялады.

Дінмұхамед Қонаев көзі тірісінде-ақ халық махаббатына лайық болған. Өйткені, көптеген қазақстандықтар үшін ол тұтас дәуірдің бейнесі болып табылады. Оның пікірінше, тек көшбасшы жасаған Қазақстан маңызды құрамдас бөлігі экономикалық жүйені КСРО және елді мекеннің қамқоршысы мәдениет қайраткерлерінің, ғылым. Ол Қазақстанды 25 жыл бойы басқарды. Статистикаға сәйкес, осы жылдар ішінде Республиканың өндірістік әлеуеті 700% - дан астам өсті, өнеркәсіп көлемі 9 есе, ауыл шаруашылығы - 6 есе, күрделі құрылыс - 8 есе өсті. Қонаев Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы қызметінен 1986 жылғы 16 желтоқсанда небәрі 18 минутқа созылған рекордтық қысқа пленум барысында алынады. Қонаевтың орнына КОКП ОК Бас хатшысының ұсынысы бойынша жіберілген КОКП Ульянов обкомының бірінші хатшысы Г.Колбин сайланды.

Басшының мұндай күрт ауысуы қазақстандықтарға ұнамады, адамдар алаңға "желтоқсан" атымен тарихқа енген наразылықтармен шықты.

Осы оқиғалардан тура бес жыл өткен соң, 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан кеңестік республикалардың соңғысы ретінде өзінің тәуелсіздігін жариялады. Кейіннен 16 желтоқсан күні Қазақстанның Тәуелсіздік күні болып бекітілді.

1987 жылдың қаңтарында Қонаев КОКП ОК Саяси Бюросы құрамынан, ал 1987 жылдың маусымында КОКП ОК құрамынан шығарылады. Отставкаға кеткеннен кейін Қонаев Алматыда тұрады. 1993 жылы 22 тамызда Алматы облысы Алакөл ауданы Ақши ауылында жүрек ұстамасының салдарынан дүниеден өтті. 1993 жылы 25 тамызда Кенсай зиратына жерленді.

Ол туралы Олжас Сүлейменов, Бибігүл Төлегенова, Мұхтар Шаханов және басқа да көптеген адамдар ерекше жылулықпен еске алады.

Оның ішкі мәдениеті мен тектілігін оның ізбасарлары мен үлкен саясаттың бұрынғы қарсыластары мойындайды. Бірақ, Дінмұхамед Қонаевтың ерекше мақтанышы Алматы болды.

Оның тұсында Қазақ КСР астанасы еліміздің шын мәніндегі мәдени орталығына, Іле Алатауының баурайындағы бақ-қалаға айналды. Бұл айтарлықтай дәрежеде дәл Қонаевқа мүмкін болды.

Қонаев атындағы дәуірдегі Алматы - қала тарихындағы ерекше кезең. Дәл сол кезде қала көптеген әдемі субұрқақтар, саябақтар және басқа да қызықты сәулет ансамбльдері орналасқан Алматының ерекше сәулетіне, жайлылығына ие болды.

Бұл кеңестік Қазақстанның бас қаласында өзінің қайталанбас нақышы мен сүйкімділігі қалыптасқан уақыт. Елорда бұрынғы Кеңес Одағының басты қалалары арасында көрнекті болып, елдің ең әдемі жерлерінің біріне айналды.

Дәл сол кезде Алматы барлық қазақстандықтардың сүйіспеншілігі мен оған деген мақтаныш сезімін жеңіп алды. Мүмкін Бүгін Алматы 70-ші және 80-ші жылдары қандай қала болғанмен бірдей емес шығар, бірақ әлі күнге дейін қазіргідей көп нәрсе бар - ол Қонаев кезінің гүлдену кезеңімен байланысты.

"Димаш Ахметұлы зор күшке ие бола отырып, талапшылдықты ешқашан дөрекілікпен алмастырған емес", - деп атап өтті бюроның бұрынғы мүшесі, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы Александр Рыбников. – Ол бізді осы рухта тәрбиеледі. Ол өзін дөрекі ұстаған және адамның қадір-қасиетін қорлайтын басшыларға қатаң қарады. Ол оларды дереу жұмыстан шығарды". Ол қызметкерлерді мұқият тәрбиелеп, бағалады, әрқашан әділ болды, менмендікке, менмендікке, асығыс және формализмге шыдамады. Ол адалдықты, тиімділікті, адалдықты жоғары бағалады. Димаш Ахмедович" әрдайым кадрларға өте мұқият болған, тіпті өзінің оппоненттеріне де



тілектес болған", - деп еске алады Қазақстан Компартиясы Қарағанды обкомының бұрынғы бірінші хатшысы Александр Коркин". Ең бастысы: Д.А. Қонаев өзінің барлық қызметі үшін бағыныштылардың қадір -қасиетін қорлауға ешқашан жол берген емес, ол ешкімге айқайламады, дәрекілік танытпады, адамдарға құрметпен қарады.

1990 жылдардың басындағы жүйелі дағдарыс жағдайында, "экономикада басқарылмаушылық пен ретсіздік орнаған кезде" Д.А.Қонаев Қазақстанның тұрақты саяси дамуын толық қамтамасыз ететін, жұмысқа қабілетті, тиімді, әлеуметтік әділ болатын жаңа экономикалық жүйені қалыптастыру туралы мәселе қойды. Оның беделді пікірі бойынша, мемлекеттің жан-жақты нығаюынсыз уақыттың жаңа сын-тегеуріндеріне жауап беру мүмкін емес. Қуатты демократиялық мемлекет, "бүкіл әлемдік қоғамдастық арасында тең құқықты мемлекет" ғана Отанның өркендеуі үшін жағдай жасай алады, жеке адамның бостандығын, кәсіпкерлік еркіндігін, азаматтық қоғам институттарының даму еркіндігін қорғай алады. Бірақ сонымен бірге, оның пікірінше, "біз өткеннен ештеңе жасыра алмаймыз – жаман да, жақсы да емес. Өткенді Үстірт білу бәрімізге ертеңгі Тарихи жолымызда "өлімге әкелетін" қателіктерден аулақ болуға көмектеседі.

Д.А.Қонаев «Қазақстанның болашағына сеніммен және үмітпен қарағанын атап өткен жөн. Бұл Қазақстанның өсіп келе жатқан беделіне, оның бітімгершілік күш-жігеріне, этносаралық қатынастардың берік тұрақтылығына кепілдік береді, оны біз кез келген сәттіліктің алғашқы шарты ретінде ерекше күтуіміз керек" деп өсиет етті.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Д.А.Қонаевтың жарияланбаған сұхбаты // тұлға. Д.А. Қонаев туралы естеліктер /авторлар-құрастырушылар: с. Әбдірайымұлы, А. Горьяинов – Алматы: "Санат", 2007. – С. 87-91.
2. Рыбников Александр. Д. А. Қонаев-қазақ халқының мақтанышы мен ар-ожданы // тұлға. Д.А. Қонаев туралы естеліктер /авторлар-құрастырушылар: С.Әбдірайымұлы.
3. Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты: жаңа трендтер: әдістемелік құрал / Под общ. ред. е.л. Тоғжанова. - Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы, 2011. – 204 б.



# ҰЛТЫНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

**Сексенбаева Н.М.**

*Ақтөбе қаласы «Илияс Есенберлин атындағы  
№15 орта мектеп» КММ*

**Д**інмұхамед Ахметұлы Қонаев – қазақ тарихындағы есімі мәңгі ел есінде қалар тұлғалар қатарында екені сөзсіз.

Иә, шынында, Қазақстан Компартиясының бірінші хатшысы қызметін атқарған жылдары ел ағасы халқы үшін аянбай еңбек етті. "Мен Тәңір сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Жақсыны да көрдім. Жан ауыртқан күндерді де бастан кешірдім. Ол – менің ғұмырым. Бірақ бұл өмірді халықтан бөле-жара қараған емеспін. Халқым ат жалын тартып мінген азамат кезден алдыма қойған бар арман, бар мақсатпен еншілес болды. Саған қалтқысыз қызмет еттім. Аманатыңа адал болдым. Соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет етуден талмаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ. Ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын. Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес, жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге қасірет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзге-ге жамандық қылма", – дейді халқының сүйікті ұлы. Неліктен сүйікті ұлы дейсіз ғой? Себебі, қазақ елі оны ұлықтап, төбесіне көтерді, оған арқа сүйеді. "Димаш аға", "Димекең" – деп еркелетулеріне қарағанда, Дінмұхамед ағаға деген зор ықыластың бар екені білінеді. "Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім" – деп жазады ағамыз.

Димаш аға өте таза, қарапайым, аса зерек, дана және де ең бастысы дара адам бола білді. Оның қарапайымдылығы ауыз аштырарлықтай еді, өте қанағатшыл кісі болды. Әрдайым шындықты қолдап, өтірік, жалған сөздерге қарсы тұрды. Өзінен үлкен кісілерден ақыл сұрауды ұят санамай, керісінше солардың сөзін мұқият тыңдап, кеңесіп, сол арқылы көп мәселелерді шешіп отырған. Замандастарының айтуынша, Димекең әрдайым есте сақтау қабілетімен, шешендігімен көзге түсетін. Тіпті, студент кезінде өлең шығаратын әдеті болыпты, яғни ақындық өнері де бар. «Сөз арасында әдемі әзіл айтып баурайтын», – дейді жолдастары. Есте сақтау қабілеті сонша оқиғалардың жыл, ай-күні, тіпті, сағат, минутына дейін есінде өле-өлгенше сақталған. Қазақстандағы мыңдаған колхоз-совхоздардың, жер-судың және озат шопан, механизаторлардың есімін өмірінде ұмытпаған. Өндіріс, экономикаға байланысты сандар мен цифрларды кез келген жағдайда жаңылмай айтып отыратыны ғалымдардың өзін қайран қалдырған. Өз естелігінде сүйген жары, өмірлік серігі Зухра Шәріпқызымен қанша жыл, қанша ай және қанша күн бірге болып, өмір сүргенін жарықтық сағатына дейін есіне сақтаған.

Димекең жарын өте құрметтеген. Арада бала болмаса да, өле-өлгенше екеуі бірге болған. Димаш аға мен Зухра апаның махаббаты қазіргі жастар үшін ұлы сезім болып табылады. Олар адалдықтың, шынайы махаббаттың символына айналды десек, қателеспейтініміз анық.

Дінмұхамед Қонаев бәрінен бұрын елінің қамын ойлады және де сол елі үшін көп жақсылық жасады. Өзі білім мен ғылымға, өнерге жаны құштар адам болды. Ғылым саласында көптеген жаңа-



лықтар ашып, талай жетістіктерге жетті. Медеу оқиғасы мен Қапшағайдың қайта өмірге келуі осы Димаш ағаның арқасында жүзеге асқан еді. Ғалымдарға жан-жақты көмек бере білді. Тіпті, өнер мен мәдениет салаларына дәл осылай жаны ашыған басшы жоқтың қасы деседі. Сонымен қатар ағамыз табиғат аясында серуендеуді, аңшылықты, әсіресе Брежневпен бірге аңшылыққа баруды ұнатқан. Екеуі ауылда емін-еркін әңгімелесіп жүре беретін көрінеді. Дінмұхамед Қонаев бұл достығын халықтың игілігіне қолдана білді.

Оның тұсында Қазақстанның экономикасы мен ауыл шаруашылығы өркендеді. Республиканың көптеген өңірінде зауыт-фабрикалар салынып, жаңа инфрақұрылымдар бой көтерді. Жарты ғасырға жуық ел тағдырына араласқан абыройлы ұл көреген саясаткер ретінде есте қалды. Ұлт мүддесін қорғап қалуға келгенде ешкімге есе жібермеуге тырысты. Өзбекстанға өтіп кеткен Қазақстан аудандарын қайтару, тың жерлерді игеру, Ерейментау топырағынан неміс автономиясын ашуға жол бермеу және Шардараға атом электр станциясын салдырмау мәселесіне келгенде асқан табандылық танытты. Осы қажырлы еңбектің арқасында Қазақстан одақ бойынша екінші астықты алқапқа және көпсалалы өнеркәсіп аймағына айналды. Алайда өтірікті жаны сүймейтін халық ұлы өмірінің соңына қарай жалған қауесеттердің астында қалды, қиын күндерді басынан өткізді. Ол туралы талай орынсыз пікірлер айтылды, талай жала жабылды. Бірақ, Дінмұхамед Қонаев бәріне төзе білді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Асқаров.А. «Ұлттың ұлы ұстазы»
2. Ахметбеков Д. «Есімі елінің жадында»
3. Ахметбеков Д. «Жиырмамыншы ғасыр адамы»
4. Әбіров Д. «Д.Қонаев – қоғам қайраткері»
5. Әбішева Г. «Алатаудай ұлы қайраткер, заңғар тұлға, кемеңгер ғалым»
6. Бекбосын А. «Елінің Алатаудай айбыны»



# ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ – ӨЗ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ КӨСЕМІ

**Досжанова Маншук Болатовна**

*Ақтөбе қаласы «№13 орта мектеп» КММ директоры,  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Қ**азіргі уақытта Қазақстан Республикасы өзін әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономикасы және оның дамуының негізінде жатқан демократиялық құндылықтары бар мықты мемлекет ретінде көрсетті. Сонымен қатар, әрбір қоғамның өмірінде өткен кезеңді түсіну және қайда өту керектігін анықтау қажет болатын белгілі бір тарихи сәт келеді, нені анықтайтын өзін-өзі анықтау немесе өзін-өзі тану кезеңі келеді. Қазақстан қоғамы бүгін және ертең қандай болады? Қазақстанның мемлекеттік құрылысына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті саяси қайраткер ретінде Д.А.Қонаевты айтпасақ айыпты боламыз деп ойлаймын.

Ең алдымен айта кететін жайт, Д.А.Қонаевтың мемлекет және қоғам қайраткері, бүкіл бай білімі мен тәжірибесін, тамаша ұйымдастырушылық қабілетін өз республикасының игілігіне жұмсаған әлемге әйгілі ғалым ретіндегі жан-жақты қызметі халыққа қызмет етудің тамаша үлгісі болып табылады. Ол өзінің барлық мемлекеттік қызметін, әрбір іс-әрекетін Отанының, халқының мүдделерімен өлшеп, «Біз Қазақстан мен оның халқының игілігі үшін жақсы жұмыс істеуіміз керек. Біздің барлық ойларымыз бен іс-әрекеттеріміз халықтың шабыттанған жасампаздығынан ажырағысыз болды, солай болып табылады және болып қала бермек және мұны әрқайсымыз көруіміз керек» - деген болатын. Оның көптеген серіктерінің айтуынша, Д.А.Қонаев тұсында өте мықты, тәжірибелі, іскер, пікірлестердің беделді корпусы құрылды. [1,15].

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде жұмыс істеген жылдары «Саяси шыңдаудың жақсы мектебінен өткен көптеген талантты жас ұйымдастырушылар алға шықты. Мыңдаған коммунистер партия, кеңес, ғылыми-шаруашылық жұмыстарға жіберілді» деп жазған Д.А.Қонаев кадрларды көбейтуге, кез келген маңызды жұмысты атқаруға қабілетті ірі басшыларды жоғарылатуға байланысты көптеген күрделі мәселелер шешуге күш салды. Сонымен қатар, тәжірибелі және жас жұмысшыларды біріктірудің айнымас ұстанымына сәйкес жастар облыстық комитеттердің, қалалық комитеттердің, райкомдардың хатшылығына, халық депутаттары Кеңестерінің төрағаларына ұсынылып, олардың орындалуын қамтамасыз етуге қабілетті ірі шаруашылық жұмыстарға жіберілді. [2,155].

Қазақстан Компартиясы Целиноград облыстық комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Николай Морозов: «Ол бізге жеке үлгі бойынша сабақ берді. Димаш Ахметұлы алға қойған мақсатқа жетудегі табандылығымен және жоғары тиімділігімен ерекшеленді. Оның барлық ой-пікірлері халық үшін, республиканың гүлденуі үшін бұдан да көп нәрсе істеу ниеті мен тілегіне бағынды» деп есіне алады.

Дінмұхамед Ахметұлы 100-ден аса ғылыми еңбектердің авторы. 1952 жылы сәуір айында Қазақ КСР-нің ғылым Академиясының жалпы жиналысында ол тау-кен саласының ірі ғалымы ретінде академик дәрежесін алды. Сонымен бір уақытта Д.А.Қонаев Қазақ КСР-нің Ғылым Академиясының президенті болып сайланып, оны үш жылдан астам уақыт басқарып, қазақстандық ғылымның дамуына үлесін қосты [4.20].



Д.А.Қонаев – үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Ленин орденімен, басқа да ордендер және медальдармен марапатталған, бірқатар шет мемлекеттердің жоғары наградаларына ие болған. Дінмұхамед Ахметұлының ғылым мен мәдениет, әлеуметтік-экономикалық салаларды өркендету ісінде көпұлтты Қазақстан халқына сіңірген еңбегі мол. СОКП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі бола жүріп, ол өз қызметін әлемдік коммунистік және жұмысшы қозғалысын дамытуға, бейбітшілік, ұлттық қауіпсіздік және халықаралық саясаттарын жүзеге асыру мақсатына арнады.

1955 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып бекітілді, 1960 жылы Компартияның бірінші хатшысы болып сайланды. 1962 жылы қайтадан республиканың Министрлер Кеңесінің төрағасы болды да, 1964 жылы екінші рет Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болды.

Д.А.Қонаев жыл сайын Қазақстанның барлық облыстарында өнеркәсіп орындарының, құрылыс мекемелерінің, совхоз бен колхоздың және ғылыми мекемелердің ұжымдарымен кездесіп тұрды. Республиканың жаңа басшысы ретінде бірінші жылдары өзінің араласуымен Қарағанды-Теміртау, Павлодар-Екібастұз, Жамбыл-Қаратау, Қостанай-Лисаковск, Маңғышылақ, Шығыс Қазақстан және басқа да өнеркәсіп орындарына бөлінген үлкен қаржыны игеруге бас көтермей жұмыс істеді.

1950-1990 жылдары өнеркәсіп, ауылшаруашылық, құрылыс, транспорт, байланыс, ғылым мен мәдениет, халыққа білім беру ісі, денсаулық сақтау ісі, сауда мен халыққа тұрмыстық қызмет көрсету салаларында едәуір жетістіктерге қол жеткізілген болатын. [3. 255].

Уақыт Д.А.Қонаевтың есімі мен атқарған істеріне үстемдік ете алмайды. Керісінше, жылдар өткен сайын, ол өмір сүрген кезең алыстай берген сайын оның қызметінің нәтижесі одан бетер айқындала түсті.

Дінмұхамед Ахметұлы – өз халқының ұлы көсемі. Партия оны қандай бір жұмысқа бағыттаса да, ол үнемі өзінің терең білімі мен тәжірибесін, ұйымдастырушылық қабілетін алға қойған мақсаттарына жұмсаған еді. Еліміздің бұрын-соңды болмаған жетістіктерге жетуінде Д.А.Қонаевтың қосқан үлесі зор. Біздің мақтан тұтарлық ата-бабамыз баршылық: халқымыздың әйгілі хандары, сұлтандары, батырлары, билері, ақын-жазушылары және басқа да тұлғалар. Алайда осы тізбекте Д.А.Қонаевтың орны ерекше. [6.2 б].

Бұл ретте Ұлттық академияның академигі Нәдір Нәдіровтің айтуынша: «Димаш Ахметұлы кең мағынада терең мәдениетке ие болды және күнделікті өмірдегі қарым-қатынастан бастап, мемлекеттік стратегияға дейін осы сирек қасиетке ие болды. Ол тіпті ең үлкен бизнестің күйреуі кішкентайдан басталатынын түсінді. Кейде өте кішкентай, сондықтан оны көру әрдайым мүмкін емес. Сондықтан ол өмірді оның барлық көріністерінен өте мұқият бақылап, бәріне терең үңілді.» [5.120 б].

Қазақ халқының біртуар перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бүкіл өмірі мен игілікті қызметі ұрпақ үшін отаншылдықтың, тектілік пен Отанға аянбай қызмет етудің сарқылмас қайнар бұлағы болатынына терең сенемін. Ал оның туған Алатаудың жарқыраған шыңдары іспетті жарқыраған мөлдір бейнесі бүгінде және әрқашан да біздің көшбасшыларымыз бен халқымыздың бірлігін нұрландыра бермек.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Елу жыл ел ағасы. – Алматы: «Санат», 2002.
2. Д.Қонаев Өтті дәурен осылай. – Алматы: «Санат», 1992.
3. Д.Қонаев Ақиқаттан аттауға болмайды. – Алматы: «Санат», 1994.
4. Р.Көмекова Ұлы адамнан ұлағат. – Алматы: «Айкос», 2000.
5. Дінмұхамед Қонаев және оның әріптестері. – Алматы, 2008.
6. Қ.Саудабаев «Дәуір адамы»-Алматы,2022.





# ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ – Д.А.ҚОНАЕВ

**Кадиркулова Ф.Н.**

*Ақтөбе облысы «№4 Қандыағаш қалалық  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*

**Қ**азақстан тарихында қазақ халқының ұлы перзенті, Отанымыздың ірі мемлекет қайраткері – Дінмұхамед Қонаев. Оның өмірі мен сан қырлы қызметі Қазақстанды құрудың ұлы дәуірінің символына айналды. Д.А.Қонаев тұлғасының тереңдігі мен ауқымын жақсырақ түсіну үшін оның еңбек өмірбаянының кейбір деректеріне тоқталайық.

Дінмұхамед Ахмедұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келген. 1936 жылы Мәскеу түсті металдар және алтын институтын бітірген. Тау-кен инженері мамандығын алып, еңбек жолын «Прибалхашстрой» тресінде бастады. Елдегі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды басқарды. Ол Коунрад және Риддер кеніштерінің директоры болды.

Д.А.Қонаев – 1952-1955 жылдары оның басшылығымен өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамыту және жақсарту, Қазақстанның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану мақсатында ғылыми зерттеулер жүргізген Қазақстан Ғылым академиясының президенті. Техника ғылымдарының докторы, академик. 200-ге жуық ғылыми еңбектері жарық көрді. 1955-1960 жылдары республика Министрлер Кеңесінің төрағасы. Д.А.Қонаев – 1960-1962 және 1964-1986 жылдары Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы. Д.А.Қонаев ұзақ жылдар КОКП ОК Саяси бюросының мүшесі, 25 жыл КСРО және республика Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Дінмұхамед Қонаевтың қалыптасуы сталиндік дәуірдің қатал жағдайында, орталықтандырылған әкімшілік-командалық жүйе аясында өтті. Оның өмірі, бір жағынан, жалпы оптимизммен, ынтамен және халықтың социализм идеалдарына деген мызғымас сенімімен, екінші жағынан, шектен шығушылық, қуғын-сүргін, тоталитарлық жүйенің адам тағдырын трагедиялық түрде бұзатын күшті әміршіл шешімдерімен өтті.

Д.Қонаев республиканың бірінші басшысы ретінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосты. Ол басқарған республиканың даму бағдарламасы өнеркәсіп өндірісін, ауыл шаруашылығын, қарқынды құрылысты дамытуға бағытталды. Қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар республиканың табысты дамуы мен әлеуетін арттыруға мүмкіндік берді. Республика басшылығының сапасын арттыру мақсатында үш жаңа облыс ұйымдастырылып, мыңдаған елді мекендер пайда болды, оның ішінде өнеркәсіптік Балқаш, Теміртау, Рудный, Кентау және Екібастұзды қосқанда 43 қала бой көтерді.

Осы орайда Д.А.Қонаев Екібастұз отын-энергетика кешенін дамытуға үлкен көңіл бөлді. Ол Екібастұз көмірінің ел экономикасындағы маңызы зор екенін жақсы түсінді. Д.А.Қонаев Екібастұз бен Павлодар облысында және Қазақстанның басқа аймақтарында талай рет болды. Екібастұзда өнеркәсіп кәсіпорындарын, көмір шахталарын, электр станцияларын аралады. Дәл Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысының белсенді және белсенді қатысуымен Екібастұз КСРО



мен республиканың отын-энергетика кешенінің ірі орталығына айналды. 1982 жылы республика партия ұйымының жетекшісі Д.А.Қонаевтың Екібастұз қаласының құрметті азаматы атағы орынды және лайықты болуы кездейсоқ емес.

Д.Қонаев тұсында республиканың ғылыми әлеуетін қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді. Мұндай тарихи деректі білетіндер аз: Дінмұхамед Қонаев 40 жасында (1952) ғылым кандидаты болып, Қазақстан Ғылым академиясының академигі, президенті болады. Ал 1968 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Д.А.Қонаев техника ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алды.

Жас инженердің кәсіби жолы 1936 жылы Мәскеудің түсті металдар және алтын институтын бітіргеннен кейін Балқаш құрылыс алаңына жолдама алған кезде басталды. Қарапайым машинисттен шахтаның бас инженеріне дейінгі еңбек жолын жүріп өткен Қонаев жоғары кәсіпқой өндіріс басшысы болды. 1938 жылы қарашада алғашқы Балқаш мысы алынды. Қонаев тұңғыш мемлекеттік награда – «Ерен еңбегі үшін» медалімен марапатталды. Д.А.Қонаевтың қызметі кезінде республика күрделі табиғи-климаттық жағдайларға қарамастан, қазақтың атақты «миллиард пұт» нанының жыл сайынғы өсуіне бірнеше рет қол жеткізген болатын. Ол кездегі Қазақстан кеңестік мегаполистің бір бөлігі бола отырып, «халықтар достығы зертханасының» жарқын үлгісі болды. Кеңес баспасөзінде республика «жүз тілдің ғаламшары» деп аталды.

Ең бастысы: Қазақстанның тағдыры қыл үстінде тұрса, Қонаев билікті мойындамай, ашық күресті. Бұл оның Қазақстанның ірі мемлекет қайраткері және патриоты ретіндегі миссиясы болды.

Дінмұхамед Қонаев өз заманының ірі мемлекет қайраткері болды. Ол билікте болған кезеңнің қиын да күрделі болғанына қарамастан, ол өзінің қыруар еңбегін экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылымды, ұлттық мәдениет пен өнерді дамытуға жұмсады. Д.Қонаев Қазақстанның жоғары мемлекеттік және партиялық қызметтерінде бола отырып, адамның, республика халқының мүддесін, оның болашағын бір сәтке де ұмытқан емес.

Көшбасшының ең маңызды қасиеті – адамды түсіне білуі. Бұл қасиет Д.А.Қонаевқа толық ие болды. Д.Қонаев мінезінің айрықша белгісі – өзіне жеке сөз айтқан адамның орнына өзін қоя білуі болды. Ол республиканың бірінші басшысы ғана емес, сонымен бірге халықтың, жастардың рухани тәлімгері болды.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Д.А.Қонаев «Өтті дәурен осылай». Алматы, «Дәуір», 1992 ж.
2. Д.А.Қонаев «Ақиқаттан атауға болмайды». Алматы, «Санат», 1994 ж.
3. С.Жиенбаев «Елін танытқан ер». Советтік Қазақстан, 2012 ж.



# ҚОНАЕВ – ҒАСЫР АДАМЫ

**Ербозымова Әсемгүл Нұрланқызы**

*Ақтөбе қаласы «№78 жалпы орта білім беретін  
мектеп-гимназия» КММ психологы*

**Б**иыл Қазақстанның ірі мемлекет және қоғам қайраткері, Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, академик Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың (1912-1993) дүниеден өткеніне 29 жыл.

Қазақстан тарихында қазақ халқының ұлы перзенті – Отанымыздың ірі мемлекет қайраткері – Дінмұхамед Қонаев. Оның өмірі мен сан қырлы қызметі Қазақстанды құрудың ұлы дәуірінің символына айналды.

Д.А.Қонаев тұлғасының тереңдігі мен ауқымын жақсырақ түсіну үшін оның еңбек жолы мен өмірбаянына тоқталайық [2, 44 б.].

Дінмұхамед Ахмедұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келген. 1936 жылы Мәскеу түсті металдар және алтын институтын бітірген. Тау-кен инженері мамандығын алып, еңбек жолын «Прибалхашстрой» тресінде бастады. Елдегі ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды басқарды. Ол Коунрад және Риддер кеніштерінің директоры болды [2, 47 б.].

Д.Қонаев республиканың бірінші басшысы ретінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосты. Ол басқарған республиканың даму бағдарламасы өнеркәсіп өндірісін, ауыл шаруашылығын, қарқынды құрылысты дамытуға бағытталды. Қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар республиканың табысты дамуы мен әлеуетін арттыруға мүмкіндік берді [7, 337 б.]. Республика басшылығының сапасын арттыру мақсатында үш жаңа облыс ұйымдастырылып, мыңдаған елді мекендер пайда болды, оның ішінде өнеркәсіптік Балқаш, Теміртау, Рудный, Кентау және Екібастұзды қосқанда 43 қала. Осыған байланысты үлкен назар аударған Д.А. Қонаев, Екібастұз отын-энергетика кешенін дамытуға арналған. Ол Екібастұз көмірінің ел экономикасындағы маңызы зор екенін жақсы түсінді [12, 41 б.].

Д.А.Қонаев Екібастұз бен Павлодар облысында және Қазақстанның басқа аймақтарында талай рет болды. Екібастұзда өнеркәсіп кәсіпорындарын, көмір шахталарын, электр станцияларын аралады. Дәл Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысының белсенді және белсенді қатысуымен Екібастұз КСРО мен республиканың Отын-энергетика кешенінің ірі орталығына айналды. 1982 жылы республика партия ұйымының жетекшісі Д.А.Қонаевтың Екібастұз қаласының құрметті азаматы атағы орынды және лайықты болуы кездейсоқ емес [10, 83 б.].

Дінмұхамед Қонаев Тау-кен ісі саласындағы ірі ғалым, дарынды ұйымдастырушы Республика Ғылым академиясының дамуына көп еңбек сіңірді. Оның басшылығымен ғылыми мекемелердің қызметін кеңейту, оларды білікті кадрлармен нығайту, ғылым мен өндіріс байланысын нығайту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетін көтеру бағытында маңызды шаралар жүзеге асырылды [5, 286 б.]. Оның еңбектері ашық әдіспен өндірудің теориясы мен практикасының маңызды мәселелеріне, социалистік құрылыстың өзекті мәселелеріне арналған. Д.Қонаевтың 200-ге жуық ғылыми еңбекте-



рі жарық көрді. Олардың ішінде – «Коунрад мыс кенін игеру» (1949), «Советтік Қазақстан» (1978-1980) және т.б.

Д.А.Қонаев – академик, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, сегіз Ленин орденімен марапатталған, КОКП Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің депутаты. КСРО-да ол осы жоғары наградаларды, атақтарды, ғылыми дәрежелерді, ғылыми регалияларды және халық сенімін толық ақтады, өзінің тынымсыз титаникалық еңбегімен өмір бойы барлық марапаттарды жасады [12, 40 б.].

Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, Д.А.Қонаев қызмет еткен жылдар ішінде республиканың өндірістік әлеуеті 700%-дан астамға өскен. Бейнелеп айтқанда, жеті Қазақстан жаңадан құрылды. Өнеркәсіп көлемі 9 есе, ауыл шаруашылығы 6 есе, күрделі құрылыс 8 есе өсті. Ол өзінің кең білімі мен бай тәжірибесін Қазақстанның экономикасын, ғылымы мен мәдениетін дамытуға жұмсады. Сол кездегі барлық саяси жетекшілер сияқты Д.А. Қонаев партиялық қызметтің барлық сатысынан өтті, бастапқыда өндірісте жұмыс істеп, кейін партиялық жұмысқа ауысты. [12, 44-45 б.].

Көшбасшының ең маңызды қасиеті – сұхбаттасушыны өзіне тарта білу. Бұл қасиет Д.А.Қонаевқа толық ие болды. Д.Қонаев мінезінің айрықша белгісі – өзіне жеке сөз айтқан адамның орнына өзін қоя білуі болды. Ол республиканың бірінші басшысы ғана емес, сонымен бірге халықтың, жастардың рухани тәлімгері болды [11]. Д.А.Қонаев та басқалар сияқты өмірден ләззат алуды білген, қиыншылықтарды абыроймен көтере білген. Ол кез келген адаммен, жалпы республика азаматтарымен қарым-қатынаста өте әдепті, нәзік болатын. Мәдениет, өнер, ғылым, әдебиет қайраткерлерімен ерекше қарым-қатынаста болды. Оларға ұдайы әкелік қамқорлық көрсетіп, мұң-мұқтаждары мен өтініштеріне өткір жауап берді. Ол республикадағы ғылым мен мәдениетті әр түрлі деңгейде дамыту мәселелерін бірнеше рет көтерді. Ол қазақ әдебиеті мен өнерін әлемдік мәдениеттің озық жетістіктерімен байыту қажеттігін бір емес, бірнеше рет айтты [6, 100 б.].

Д.Қонаев қайсар мінезді, мақсатты, жігерлі адам еді. Ол жас кезінде өзі үшін қалыптастырған өмірдің берік қағидаларын бұлжытпай орындады. «Нақты мақсат қойып, оған қол жеткізіңіз. Мақсатсыз адам болмайды» деген ұстанымда болды.

Республика басшысының сабырлы мінезі партияның Орталық Комитетінің аппаратында іскерлік, жақсы ахуал туғызды. Ол жаппай үгіт-насихатқа қарсы болды, қысымды ұйымдастырмады, басқа көзқарасты тыңдай білді. Д.Қонаев басқарған жылдары республиканың экономикалық әлеуеті 7 есеге артты. Д.Қонаев өзінің жоғары лауазымын Қазақстанның экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің прогрессивті дамуы үшін барынша пайдаланды [6, 286 б.].

Қиын-қыстау заманда халқының адал перзенті болып қала білген Қазақстанның біртуар азаматы Д.А.Қонаев 1993 жылы 22 тамызда 82 жасында дүниеден өтті. Дінмұхамед Қонаев ХХ ғасырдағы Қазақстан тарихында өзінің лайықты және құрметті орнын нық басып алғаны сөзсіз. Д.А.Қонаевтың есімі алғысқа толы халықтың жадында қалады [6, 78 б.].


Қазақ халқының біртуар перзенті Дінмұхамед Қонаевтың есімін мәңгі қалдыру мақсатында Қазақстанда көптеген жұмыстар атқарылуда [4, 8 б.].

Дінмұхамед Қонаевтың мұрасы – республиканың халық қазынасы, оның есімі Қазақстан тарихының алтын қорына лайықты түрде енді [10, 83 б.].



**Әдебиеттер тізімі:**

1. Толмачев Г. 50 встреч с Д.А. Кунаевым. – Алматы, 1996. – 159 с.
2. Кунаев Д. От Сталина до Горбачева (В аспекте истории Казахстана). – Алматы: «Санат», 1994. – 352 с.
3. Кунаев Д.А. Советский Казахстан. – М.: Политиздат, 1978. – 150 с.
4. Государственная этнополитика Казахстана: новые тренды: Методическое пособие / Под общ. ред. Е.Л. Тугжанова. – Астана: Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, 2011. – 204 с.
5. Рыбников Александр. Д.А. Кунаев – гордость и совесть казахского народа // *Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве* / Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.41-57.
6. Неопубликованное интервью Д.А. Кунаева // *Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве* / Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.87-91.
7. Малахова Ольга. Его имя хранит история // *Казахстанская правда*. – 2012. – 13 января.
8. Морозов Николай. Великий сын своего народа // *Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве* / Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.336-340.
9. Бисембаев А.А., Койшыбаев Г.Т. Основные элементы политического проектирования в Республике Казахстан: Методология казахстанских реформ. – Астана: «Издательско-полиграфический центр», 2010. – 188 с.
10. Надиров Надир. Служение народу (мои встречи с Д.А. Кунаевым) // *Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве* / Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.63-86.
11. Джиенбаев Султан. Он служил стране и народу // *Казахстанская правда*. – 2012. – 12 января.
12. Коркин Александр. Вспоминая Димеке ... // *Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве* / Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.37-41.



# ДІНМҰХАМЕД – ДӘУІР ДИХАНШЫСЫ

**Сейтова Базаргүл Мырзанқызы**  
*Ақтөбе қаласы «№55 орта мектеп-гимназия» КММ  
әлеуметтік педагог*

*«Шынайы ұлы адамдар - барлығы үшін жүрегі соғатындар...»*

*Р.Роллан*

**Р**омен Ролланның осы бір керемет сөздерінің шынайы шынары, халықтың өзі жалынды жан жылуымен, мәңгілік махаббатымен «Димаш» деп атап кеткен даламыздың дәуір диханшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың даңқты өмірі мен шығармашылық белсенділігіне арналған десек, артық болмас. Аты аңызға айналған адамның ұлағатты, жарқын, асыл өмір жолындағы берік қағида ұстанған екі жағын арнайы ашып айтуға болады: біріншісі - өз халқына деген жанқиярлық қызметі болса, екіншісі - зайыбы Зухра Шәріпқызына деген мәңгілік махаббаты. Дінмұхамед Ахметұлын жарқын, жылы жүзді және өте ашық мінезді, жан-жағына жылу шашып тұратын жылы жүзді, мейірімді, ұзын бойлы, сымбатты, білімді адам болғандығын айтпай кетуге болмайды. Осындай берік бітімі қандай болса, халқының алдында да өзін білікті басшы ретінде көрсеткен қарапайым қазақ даласының диханшысы бола білді.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев - іс жүзінде бозбала шағынан ақырғы демі үзілгенше өз қадір-қасиеті мен адалдығын мөлдір тазалығымен сақтай отырып, өз отандастарының таза махаббаты мен сыйластығын құрметтей білген, елі мен халқына жанқиярлығымен, адалдығымен қызмет еткен дәуір адамы. Д.А.Қонаевтың Қазақстанды ұзақ жылдар бойы басқаруы еліміздегі білім беру көкжиегінің кеңейіп, ғылым мен мәдениетінің дамуына, өндірістік-экономикалық кешендердің өсуіне үлкен үлес болғаны аян.

Д.А.Қонаевтың ерен еңбегінің арқасында Республикамыз Кеңестер Одағының басты астық қоймасы болғаны да белгілі. Сол кездегі әрбір кеңес бөлкесінің негізі жоғары сұрыпты қазақ бидайы болғанын да мақтанышпен айта аламыз. Дінмұхамед Ахметұлы – Қазақстанның кең байтақ жерінің егіс алқабын қолына алып, дала диханының дара жолын салып кеткен көшбасшы. Сол дәстүр бірнеше жылдарға ұласып, ұлағатты ұрпағына мұра болып қалыптасқалы қашан?! Қазіргі таңда да жалғасын табуда, еліміздің ауыл шаруашылығындағы сүбелі сала болып қалыптасқаны анық. Қаны қазақ деп тасыған басшы халқының болашағын ойлап, дастарханынан нан үзілмей беркелі болуына бастау болды. «Нан болса, ән де болады», - деген халық арасындағы сөз қанатты сөзге айналғаны мәлім.

Дінмұхамед Ахметұлының қадір-қасиетті бағалау тарихы да ұлағатты мұра болып қалды деуге болады, өйткені тәуелсіз Қазақстанның іргетасының қуатты қалануы мен табысты дамуының негізі халқымыздың қадір-қасиетіне арналғаны анық. Аллаға шүкір, қазіргідей біздің мемлекетіміздің





нақты өсуімен тұспа-тұс келген қиын сынақтары кезінде Елбасымыз Қасым-Жомарт Тоқаев саналы түрде жауапкершілікпен барлық маңызды мәселелерді толық түрде қолға алып, бұрын-соңды болмаған дағдарыс доғасынан елімізді тұрақтылық пен қарыштау жолына алып шықты. Бұл, сөзсіз, біздің мемлекетіміздің Басшысы үшін шынайылықтың тарихи сәті мен жеке ерлігінің көрінісі болды, ол әлем мен елімізге Қазақстан тәуелсіздігі үшін күрес жолында, халықтың әл-ауқатын көтеру жолында дүниеде ешкім де, ештеңе де тоқтата алмайтындығының дәлелі болды.

1985 жылдың наурыз айында КСРО басшылығына М.С.Горбачев келгеннен кейін біз, яғни қазақ халқы Кремль тарапынан республикамызға, оның ішінде Д.А.Қонаевқа қарсы салқындық туындағанын сезіндік. 1986 жылдың 16-желтоқсаны күні ұзақ жылдар бойы Қазақстанды басқарып келген ұлы көшбасшымыздың орнына ешкімге беймәлім орташа деңгейдегі партиялық қызметкер Г.Колбин тағайындалған кезде қазақстандықтар Кремльдің кезекті ойы мен ұлттық қадір-қасиетімізді кемсітуін көтере алмады. Осыған орай, Алматыда, еліміздің басқа да қалаларында жастар мен студенттердің бұқаралық наразылықтары бой көтерді. Кремльдің қатаң қысымына қарсы шыққан наразылықтар кеңестік империяға қарсы бастамалар ғана емес, сонымен қатар отандастарының көптеген жылдар бойы республикамыздың басшысы бола білген, әрбір қазақстандық үшін туғанындай жақын болып кеткен ұлы дәуір диханшысы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа деген таза махаббаты мен құрметіне деген шынайы шеруі болды.

Қазіргі таңда Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың 110 жылдығы қарсаңында Қазақстан мен қазақ халқы тарихындағы оның орны мен маңызын қайта бағалау қиын. Ол өзінің шынайы бейнесі арқылы халқымыздың ең жақсы жақтарын көрсете білді. Тарихтың өзі барлық нәрсе мен адамдарды өз орындарына қоя білетініне көзіміз жетті. Біз қашан да өткен тарихымызды, аға буынды құрмет тұтамыз, тұта да береміз. Бұл тарихтың ізімен берілген басты сабақ болып қалады. Біз мұра ретінде, тұрақты даму жолының негізі ретінде тарих іздерін ұрпақтарымызға аманат етеміз. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өнегелі өмір жолы мен даңғыл жолы - қазақ халқының дәуір диханшысы, патриоттық тәрбиенің сарқылмас қайнар көзі, болашақ ұрпақ үшін тектілік пен отанға опасыз болмаудың дархан жолы болғанына күмәнымыз жоқ. Ал оның асқар Алатау шыңдарындай ашық-жарқын, таза мөлдір бітімі бүгін де, болашақта да біздің халқымыз бен көшбасшыларымыздың бірлігін паш ететін тәуелсіз Қазақстанымыздың одан әрі өркендеуі мен өрлеуінің басты нышаны болып табылады.

Д.А.Қонаевтың білім мен тәрбиесі әу бастан-ақ қазақ-татар-ұйғыр-орыс бастамасынан құралған болуы керек. Ол осы тілдердің барлығын да меңгерген. Жас Қонаевтың этникалық бағыты татар-қазақ бағытымен бастау алып, қазақ қанымен айқындалды, одан әрі Мәскеудегі студенттік жылдарымен, қазақ жеріндегі Голощекиннің драматикалық саяси санасымен аяқталды. Алайда, Қонаев өз өмірінің соңына дейін қазақ елі, қазақ жері деген елінің патриоты. Д.А.Қонаевтың басшы ретіндегі жаңашылдық жолы қолайлы бағытта жалғасын тапты. Мәскеудегі жоғарғы оқу орнына дайындығы ғылымға деген бейімділігін арттырды, өндірістен табандылық тапты, демократизмнен қуымдастықты үйренді, ата-анадан – табиғи мейірімділікті алды, осылардың барлығы қуат-қолдау болды. Ғылым Академиясынан Қонаев талдау мен жүйелілік көзқарасын қалыптастырды, келіссөздер жүргізу, бейімділік, мінезінде қатаңдық, мемлекеттік адамға қажетті амбиция сияқты құнды қасиеттерді тапты. КСРО ОК бөлімдерінің басшыларымен, кейбір министрлермен қарым-қатынасы оның болашақтағы мансабын мәртебеледі. Әсіресе, оның мансабы үшін пайдалы болған саяси антиподтар: Пономаренко, Хрущев және Брежнев болды. Алғаш рет оны кеңес министрлігіне жетелеу, екіншісі — Қазақстан КП ОК-нің алғашқы хатшылығына жетелеу сәтті жолдарының алғашқы табалдырықтары болды. Кеңес министрлігіне төрағалығы кезеңінде Қонаев экономикалық тәсілдерді меңге-



ре отырып, кең ауқымдылыққа қол жеткізді, Қазақстан КП ОК-нен де, КСРО ОК-нен жаңа, саяси тиімді жақтастарын тапты. Партиялық, шаруашылық бөлімдердегі жетекші қызметтері оның құрылымдық, іс білімі, оңтайлы ғылыми шешімдер мен әлемдік прагматизм шешімдеріне қол жеткізуге мүмкіндік берді. Д.А.Қонаевтың басшылық ету кезеңіндегі оның экономикалық потенциалы жеті Қазақстанды құрды. Д.А.Қонаев Қазақстанның аумақтық-өңірлік біртұтастығына ерекше ықпалын тигізген дәуір диханшысы. Ол Қазақстанға Өзбекстан аумағына қосылып кеткен «жоғалған жерлерін» қайтарды, Хрущевтің Маңғыстауды Түркмен жеріне беру туралы «солақай» саясатына да жол бермеді. Д.А.Қонаев Қазақстанның солтүстігінде Неміс автономиясын құру туралы жоспарларға қарсы шығып, алдын алғаны халық үшін ерекше ерлік. Сол кездері Кремль Қазақстан үшін мұндай мәселелерге жол бермесі анық, бірақ қолынан келді. 1986 жыл келді — халқымыздың жаңару және өзін-өзі тану жылы. Қазақ тарихынан түйгенім: халқымыз драматикалық жағынан өте мықты, тіпті қайғылы кезеңде де өздерін көрсете алады. Бұл тығырықтан да шыға білдік. Бұл жолы тығырықтан шығарғандар – жастар, яғни дәуір диханшысының дәндері. Бұдан кейін қазақ элитасы үкіметті жинап, саяси тепе-теңдікті қалпына келтірді. Солай болу да керек еді...

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Д.Қонаев Өтті дәурен осылай. – Алматы: «Санат», 1994
2. Дінмұхамед Қонаев және оның әріптестері. – Алматы, 2008
3. О.Қауғабай Таңғажайып Қонаев. – Алматы: «Қазығұрт», 2008
4. Елу жыл ел ағасы. – Алматы: «Санат», 2002
5. Б.Тілегенов Тұйық өмірдің құпиясы. – Алматы: «Дәуір», 1992



# Д.А.ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ

**Бакиев Ж.Қ, Куштаева З.Е.**


*Ақтөбе облысы Темір ауданы*

*«Қона жалпы орта білім беретін мектеп» КММ  
тарих мұғалімдері*

**Т**алай ұрпақ ғасырлар бойы аңсап келген арман жүзеге асып, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізді. Бүгінде Қазақстан – өзгелермен терезесі тең егемен ел. Ең бастысы, халықаралық қатынастарда еріктілігіміз көрініс тауып, БҰҰ, ЮНЕСКО секілді қасиетті де киелі шаңырақта дауысымыз еркін шығатын болды. Сонымен бірге, еліміздегі елеулі өзгерістерге шетелдік қоғам қайраткерлері мен ғалымдары да ден қоя бастады. Мұны батыстық басылымдарда жарық көрген Қазақстан жайында келтірілген нақты деректер мен пайымдаулардан айқын аңғарамыз. Осындай еңбектің бірі – Америкадағы Колгейт университетінің докторы, саяси ғылымдардың профессоры Марта Брилл Олкоттың қазақ халқының тарихы туралы жазылған «Қазақтар» атты монографиясы. 1987 жылы Гувер институты мен Стенфорд университетінің баспаханасынан басылып шыққан аталмыш кітап Қазақстанның тарихы мен саяси даму жолдарына қатысты жайларға өзіндік топшылаулар жасайды.

«Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бұрынғы бірінші хатшысы Д.А. Қонаевтың басшылық еткен дәуіріне бір уақ америкалық ғалының көзімен қарап қойған теріс болмас» деген мақсатпен осы кітаптың 240-246 беттеріндегі баяндалған жайларды ағылшын тілінің маманы, қазақ мемлекеттік Әлем тілдері университетінің ректоры, филология ғылымдарының докторы, профессор, Халықаралық және Қазақстан Жоғары мектеп ғылым академиясының академигі Әділ Ахметтің тікелей аударуымен назарларыңызға ұсынып отырмыз. Айта кететін бір жайт, бұл аударманы кезінде Д.Қонаев ағамыздың өзі оқып, автор мен аудармашыға шын ризашылығын білдірген болатын.

Қазақстан Коммунистік партиясының соңғы 25 жылдың ішінде үлкен абройға ие болуының себебі тың және тыңайған жерлерді игерудегі және экономикалық саясаттағы атқарған рөлі ғана емес, сонымен қатар Л.И.Брежневтің республикада істеген екі жылғы қызметімен де тікелей байланысты. Л.И.Брежневтің Қазақстан партия ұйымына жасаған ықпалы айта қаларлықтай болмағанымен, көп уақыт бойы оған жанама әсер етіп келді. Себебі, ол екі жылда өзімен бірге тіл табыса қатар қызмет атқарған адамдармен қатынасын үзбей, оларды қызмет бабында одан әрі жоғарылатты. Осынау кадрлардың ішіндегі айрықша көзге түскені 1986 жылға дейін Қазақстан Коммунистікпартиясының бірінші хатшысының қызметін атқарған, Саяси Бюроның қазақ арасынан бұрын-соңды тұңғыш рет мүшесі болған Д.А.Қонаев жай ғана қатардағы қазақ болып қойған жоқ, сонымен қатар, ол республика партия ұйымының Москвадағы уәкілі және Л.И.Брежнев кезінде өз қолындағы мол билікті Қазақстанда да, Москвада да тұрақты ұйымдастырушылық база жасауға пайдаланды. Д.А.Қонаевтың ықпалының Ю.В.Андропов кезінде әлсірегені сондай, тіпті оның жақын досы К.У.Черненконың бас секретарь болып сайлануы да осы ықпалды бұрынғы қалпына қайта келтіре алмады.



М.С.Горбачев кезінде Д.А. Қонаев билігінің аясы бұрынғыдан да тарыла бастады, бірақ Москваның қолдауымен Қазақстан Компартиясын Д.А.Қонаевтың ықпалынан шығарып алу жөніндегі істеліп жатқан әрекетті іске асыру үшін әлі талай уақыт керек болатын. Тіпті, қолындағы биліктің ең мықты кезінде де, Д.А.Қонаевтың Қазақстан Коммунистік партиясын одан әрі ұлғайтуға және күшейтуге істеген әрекеттері біріңғай табысты болған жоқ. Қазақстан Коммунистік партиясы халықпен бірге жасасып, өсіп дамығанымен де ол өз қатарында бүкіл халық санының бес пайызға жуық қана мүшесі бар элиталық ұйым ғана болып қала берді.

1954-56 жылдары бастауыш партия ұйымдарындағы қазақтардың саны өте жоғары болды. Съезге қатысқан барлық делегаттардың 45%-ға жуығы қазақтар еді, ал облыстық комитеттердегі қазақтардың саны 48 пайыз болды. 1960 жылға қарай тың жерді көтеруге келген ұлты орыс партия мүшелері съезге сайланған қазақ делегаттарының санын үштен бірге азайтты және қалалық, аудандық партия комитеттерінде жұмыс істейтін қазақтардың саны 30 пайызға жуықтады.

Тың жерлерді игеру бағдарламасының жергілікті жерлердегі партия ұйымдарының құрамына еткен әсерін анықтау мүмкін болмады. Әрине, тың жерлердегі алты облыстың жетекші ұйымдарының құрамы сырттан келгені өзінен-өзі түсінікті. Сонымен қатар, әрбір құрылған жаңа совхоздың партия ұйымын да орыстар мен украиндықтар басқарды. Бұл жаңа совхоздарға басшылық ететін аудандық партия комитеттері бұрыннан келе жатқан ұлты қазақ партия басшыларын енді олардың орыс әріптестерімен алмастырыла бастады. Бұл процестің логикалық салдары. 1960 жылы белгілі болды. Сол тұста тың жерлердегі облыстар Қазақстан Коммунистік партиясына емес, негізінен, тікелей Москваға бағынатын жағдайға апарып соқтырды. Дегенмен бұл ұйымдастырушылық өзгерістер көпке созылған жоқ. Д.А. Қонаевтың басшылыққа қайта оралуына байланысты партия ұйымдарындағы қазақтардың жетекшілік рөлі мен партия қатарындағы қазақтардың саны қайта өсе бастады. 1966 жылы Қазақстан Коммунистік партиясының он екінші съезіне сайланған делегаттардың 43%-ы қазақтар болды және бастауыш партия ұйымдарындағы қазақтардың үлесі де жоғары деңгейге көтерілді. Әйткенмен сол кездегі бастауыш партия ұйымдарының кадрлары жөнінде де, облыстық, қалалық партия ұйымдарындағы қарым-қатынастар мен идеологиялық жұмыстар жөнінде де ешбір мағлұмат жоқ. Сөз жоқ, кадрлар бүгін осыдан 25 жыл бұрынғы уақытпен салыстырғанда, әлдеқайда білімді және олардың технологиялық тұрғыдан жетілген қоғам туралы және оны Қазақстан жағдайында қалай іске асыру жөнінде де түсініктері мол. 1971 жылдың қарсаңында республика Коммунистік партиясының XIII съезіне қатысқан барлық делегаттардың 50%-дан астамы жоғары білімді адамдар еді. Сонымен қатар, селолық жерлердегі кадрлардың да білім дәрежесі жақсарды, қолхоздар мен совхоздардың партия ұйымдары білім секретарьларының 40 пайызға жуығы жоғары оқу орындарын бітірген адамдар болатын.

Батыс шолушыларын көптен бері мазалап жүрген партия жұмысындағы бір мәселе-номенклатуралық жүйенің қалайша жұмыс істейтіндігі болып келді. Совхоз директорынан бастап, республика коммунистік партиясының екінші хатшысына дейінгі кадрларды кім тандайды және қандай шешім қабылданады? Бұл мәселе ұлттық республикада өте қиындай түседі, себебі мұнда сайланатын адамның ұлты, ниет-пиғылы сияқты факторлар да есепке алынады. Австралиялық Джон Клиэридің тамаша диссертациясының арқасында тұтастай болмаса да, Қазақстанға байланысты кейбір сұрақтарға жауап табуға болады. Килиэри 1955-1964 ж.ж арасындағы Бүкілодақтық және Қазақстанда шығатын баспасөз басылымдарын түгел сүзіп шыққан. Оның топшалауынша, теория жүзінде совхоз директорлары мен қолхоз бастықтарын тағайындау процесін бақылау мен аудандық партия комитеттеріндегі қызметтерге тағайындалатын номенклатуралық тізімдерді даярлау облыстық комитеттердің басты назарында болғанымен, шын мәнінде олардың ұсыныстарын қарайтын Қазақстан



Коммунистік партиясының Орталық Комитеті еді. Ал ондағы орыстардың саны басым. Облыстық комитетке тағандауға келгенде, Москва тек өз келісімін беріп қана қоймайды, негізінен, бұл мәселеде түгелдей сонда шешілді. Тың жерлердегі алты облыстық партия комитетінің бірінші хатшысын тағайындау да, дәл сонда шешілген болатын. Республика деңгейіндегі тағайындаулар, әсіресе, бірінші және екінші хатшыларды тағайындау-тек қана Москваның еншісі. Мұндайда мәселе республика коммунистік партиясының мүшелерімен азын-аулақ болса да, ақылдасу арқылы немесе мүлде ақылдаспай-ақ шешіле салады. Осылайша, тағайындалған бірінші немесе екінші хатшылардың Қазақстан емес, Москваның қамын жейтіні айтпаса да түсінікті.

Килиэри зерттеген тоғыз жыл ішінде осы қызметтерге тағайындалған он бір адамның тек екеуі ғана қазақ екен. Ал Қазақстанға тағайындалған орыстардың бірде-бірі бұрын-соңды ол республикамен мүлдем қарым-қатынаста болмаған адамдар.

Килиэри республикадағы ап-анық екі ақпаратты суреттейді: олардың бірі-партия аппараты болса, екіншісі-әкімшілік аппарат. Бірі-қазақ болса, екіншісі-орыс. Соңғы аппарат тікелей Москваға бағынады. Ондағы қазақтардың саны жоқтың қасы деуге болады. Ал бірінші аппарат экономикалық мал шаруашылық саласы мен аудан деңгейіндегі партия және әкімшілік жұмыстарды бақылайды.


Экономиканың басқа салаларын-астық өндіру, металлургия және өнеркәсіп жағын, негізінен, орыс халқының өкілдері басқарып келді. Ал көмекші қызметтегі қазақтардың саны саусақ санарлықтай. Қызмет жағынан қазақтардың еншісіне селолық жерлер тиетін болса, орыстар көбінесе бір саладан екінші салаға немесе партия жұмысынан совет жұмысына ауыстырылып отырды. Орыстар, сонымен қатар, республикалық партия және өкімет органдарын басқарып келді, министрліктегі белді портфельдердің иесі де – солар. Орталық Комитетте істейтін қазақтардың саны бірнеше пайыздан астамдығына қарамастан, бөлімдердің барлығын дерлік солар басқарып келді.

Килиэри қазақтардың өз республикасындағы жағдайын шамалай келіп, «уақыт озған сайын бұл деңгей одан әрі төмендейді» деген болжам айтады да, мынадай қорытындыға келеді: «Осы жерде қаралып отырған ұзақ жылдар бойғы демократиялық, лингвистикалық және экономикалық жағдайлардан зерттеушіге ап-айқын көрініп отырған жалғыз қорытынды мынау: орталықтандырылған бюрократиялық жүйе мен оның рухани дүниелері қазақтың ұлтжандылық күштерінен басым түсіп отыр.

1960 жылдармен тұспа-тұс келетін Килиэри жазып отырған бұл болжам, бәлкім, дұрыс та шығар. Себебі, 1954 пен 1964 жылдар арасында обкомдардың бірінші хатшылық қызметінде жүрген қазақтардың саны күрт төмен түсіп кеткен болатын. 1965 жылға қарай 15 бірінші хатшының 10-ы орыс пен украиндық еді. Бірақ эрозияға жол берілген жоқ. Бүгінде партия және үкімет жұмысының әртүрлі баспалдағында қызмет атқарып жүрген қазақтардың саны 1964 жылғыдан әлдеқайда көп.

Килиэри республикасының билік таразысының төмендейтінін тежейтін үш факторды назардан тыс қалдырған. Бұл біріншіден, славияндардың эмиграциясы тек қана тың және тыңайған жерлерді игеру программасымен байланысты уақытша құбылыс екендігі; екіншіден, қазақтардың табиғи өсімінің әсерінен болған демографиялық өзгеріс; үшіншіден, Д.А.Қонаевтың жиырма жылдан астам уақыт бойы бірінші хатшы ретінде беделді әрі мықты басшылық қызмет еткені. Д.А.Қонаевтың басшылығымен қазақтар партияның да, өкіметтің де жетекшілік қызметтеріне көптен тартыла бастады. Сол кездерде сан жағынан орыстардың жергілікті кадрлардан басымдығы бұрынғыдай емес, азая бастады. Бұл әсіресе 1971 жылдан кейін Д.А.Қонаев партияның саяси Бюросының толық мүшесі болып сайланғаннан кейін күшейе түсті. Батыста көптеген адамдар Д.А.Қонаевты «Л.И.Брежневтің қолдан қойған кісісі, өз халқымен еш байланысы жоқ, орыстанып кеткен қазақ» деп сырттан тон пішкен болатын. Алайда, нақты дәйектер бұл жаңсақ пікірді теріске шығарды. Оның Л.И.Брежневке





деген пиғылы адал бола тұрып, ол өз жағдайын да мақтау керек екендігін назардан тыс қалдырмай, өзін қолдаушыларды да бағалай білді. Еуропалық емес партия басшысының мүлде тосындау бір қасиеті сол – Д.А.Қонаев өзінің әріптестерінің ішінде қазақтармен қатар, көптеген орыстарды да қатар енгізіп отырды. Д.А.Қонаевтың атқарған қызметі мен мансабы сан-алуан. Әу баста металлург мамандығын меңгерген ол кейіннен – екінші дүниежүзілік соғыс кезінде Қазақстан индустриясының басшысы ретінде үлкен абыройға ие болды. Өкімет аппаратында қызметі өсіп, ақыры Қазақстан Компартиясының басшысы болып тағайындалды. Бірінші хатшы ретінде ол ауыл шаруашылығы саласы бойынша да мол тәжірибе жинақтады әрі экономиканың осынау ауқымды саласынан өзіне жаңа достар да тапты.

Д.А.Қонаев жұмыс барысында орыстармен тіл табыса біліп, өз лауазымы өскен сайын олардың да қызметін орынды бағалайтын. Бірақ бұл шаруаны ол ешқашанда өз отандастарының есебінен жасаған емес. Партия бюросындағы қазақтардың саны тұрақты 45 пайыз күйінде қала берсе де, 1981 жылы қазақтардың республикалық Компартиясының Орталық Комитетіндегі мөлшері 51,9 пайызға жетті. Сонымен қатар, негізгі экономикалық бөлімдер болып есептелетін ауыр өнеркәсіп, ауылшаруашылық, құрылыс және үгіт-насихат бөлімдерін бұрынғыша орыстар басқарғанымен, қазақтар Орталық Комитеттегі бөлімдердің 47 пайызға жуығына басшылық етті. 1981 жылдан бермен қарай Қазақстанда 500-ден астам жаңа адам номенклатуралық қызметке шақырылды, бірақ бұл жаңа буын партияның жоғары баспалдақтарындағы қазақтардың пайыздық есебіне пәлендей өзгеріс әкелді дейтіндей мағлұмат жоқ. Үкімет құрамындағы қазақтардың да саны өсті, 1964 жылы республикалық Министрлер Кеңесіндегі қазақтардың саны тек қана 33 пайыз болса, 1981 жылы қазақтар ондағы қызметтің 60 пайызына ие болды және министрліктер мен өкімет қызметіндегі қазақтардың мөлшері 39-дан 61 пайызға дейін көтерілді. Қазіргі таңда қазақтар ең негізгі қызметтерді де қолға ала бастады. Олар ауыр өнеркәсіп, ауылшаруашылық және құрылыс министрлері болып та қызмет атқарып жатыр. Д.А.Қонаевтың кезінде Мемлекеттік Қауіпсіздік Комитетінің басшысы да қазақтан тағайындалды. Саяси Бюроның мүшесі болғандықтан, бұрынғы бірінші хатшылардай емес, Д.А.Қонаевтың жеке мүмкіншіліктері көбірек болды. Бұл әсіресе республикалық деңгейдегі екінші хатшыны тағайындау кезінде Москва бұл қызметке бұрын республикамен еш қатысы жоқ орыс кадрларын тағайындайтын. Солай бола тұрғанмен, осы қызметке кейініректе тағайындалған екі адамның екеуі де, бірі 1976-1979 ж.ж аралығында істеген А.Г.Коркин, екіншісі, екінші хатшы О.С.Мирошхин – бұл жұмысқа келместен атқарған адамдар. Бұл екі адамның кандидатурасын Д.А.Қонаев тек қолдап қана қойған жоқ, сонымен қатар, ол өз бетімен шешім қабылдап, А.Г.Коркинді көмір өнеркәсібін көтеру мақсатымен Қарағанды облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы етіп тағайындады.

Д.А.Қонаевтың еркін қимыл естей алатын билігінің бар екені обкомдардың бірінші хатшыларын тағайындау тәрізді аса маңызды өзгерістер кезінде өте айқын байқалды. Бұрынғыға қарағанда, қазақтар көбірек тағайындала бастады. 1981 жылы республикадағы 11 облыстың бірінші хатшылары қазақтардан тағайындалып, олардың мөлшері 56,9 пайызға жетті. Оның үстіне, бұл 11 хатшының жүріп өткен жолдары осыдан жиырма жыл бұрын тағайындалған бірінші хатшылардан мүлде басқаша еді. Олар білімдірек болатын. Он бірдің бесеуі жоғарғы партия мектебін бітірген әрі әртүрлі лауазымды қызмет атқарған адам болатын; алтауы тек қана ауылшаруашылық саласында қызмет атқарып келгенімен, әртүрлі облыстарда ғана емес, сонымен қатар, партия және совет қызметтерін де қоса атқарған азамат еді, ал төртеуі ауылшаруашылық саласынан да, өнеркәсіп саласынан да бай тәжірейбе жинақтаған маман болатын. Орыс ұлтынан тағайындалған обкомдардың бірінші хатшыларының жүріп өткен жолдары қызғылықты. Әсіресе, бұл пікірді мағлұматтары қолда бар сегіз хатшының екеуі туралы анық айтуға болады. Айта кететін бір жай, бұдан былай ұлты орыс кадрлар тек





қана сырттан шақырылмайтын болды. Тек жалғыз Шығыс Қазақстан облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы ғана республиканың сыртынан тікелей тағайындалыпты және бұл орында ол 1969 жылдан бері қызмет атқарып келеді екен. Мұның сыртында Д.А.Қонаевтың ықпалын әлсірету мақсатымен 1985-1986 жылдары М.С.Горбачевтың өзі тағайындаған орыс хатшыларының бәрі дерлік республиканың өз ішінен іріктелді.

Д.А.Қонаев Қазақстан Компартиясына айқын ықпал етіп, 1960 жылдары орыс пен қазақ кадрларының арасында көпе-көрнеу байқала бастаған жікті мүлде тоқтатты. Партия аппаратына қазақтардың көптеп таратылуының бір себебі, оған қазақ басшысының қамқорлық жасауында жатыр. Ұлттық айырмашылықтар әлі де сақталып отыр, оған күмән жоқ. Орталық партия аппаратындағы басты қызметтер мен тың және тыңайған жерлердегі обкомдардың бірінші хатшылары әлі де болса, тек орыс ағайындардың сыбағасы секілді.

Л.И.Брежневтің көзі тірісінде-ақ Д.А.Қонаев Москваның толық сезіміне кірген болатын. Өйткені ол қазіргі Қазақстанның экономикасы жөнінде Бас хатшымен өз көзқарасының бір жерден шығатынына, яғни Қазақстанның Совет Одағының экономикасына үлкен үлес қосатынына совет басшыларының көзін әлдеқашан-ақ жеткізіп қойған болатын. Осы маңызды табысы үшін Д.А.Қонаев зор құрметке бөленді. Ол, ең алдымен, Саяси Бюроның мүшелігіне кандидаттыққа, содан соң оның толық мүшелігіне көтерілді. Осы сәттен бастап Д.А.Қонаев өзінің бұл лауазымын қолдайтын адамдарды Москваға тартуға жұмсады: партияның XXVI съезінде Орталық Комитетке Қазақстаннан он адам сайланды, оның ішінде алты обкомның бірінші хатшысы мен республикалық партия аппаратынан ұлты орыс, жоғары қызметтегі және екі ресми адам сайланды. Орталық Комитетте Қазақстанмен ұзақ уақыттан бері байланыс жасап келе жатқан әрі өздерінің соңыра жоғары қызметке көтерілетін ұлты орыс өкілінен тағы бес адам бар еді. Д.А.Қонаевтың қолдаушысына қайтыс болғаннан кейін оның бағы тая бастады. Д.А.Қонаев Л.И.Брежневтің саясатын жалғастыруды жақтағаны үшін Ю.В.Андроповтан да, М.С.Горбачевтен де «таяқ» жеген секілді.

1983-84 жылдары көптен бері отырған екі обкомның бірінші хатшысы орындарынан алынып, жастау адамдармен ауыстырылды. Ал 1983 жылы желтоқсанда «атқарып отырған жұмыстары Республикалық ұйым үшін үлгі боларлық іс емес» деген желумен Қазақстан комсомолы басқалардың алдында айрықша сынға алынды. Осыдан кейін аса көп уақыттан бері Қазақстан Министрлер Кеңесінің төрағасы болып келе жатқан адам орнынан алынды. Солай бола тұрса да, Ю.В.Андроповпен К.У.Черненко қайтыс болған кезде Д.А.Қонаев әлі өз орнында отырған болатын. Аса бір таңдай қақтырар жайт, Д.А.Қонаев М.С.Горбачевтің он сегіз айға созылған ұзақ шабуылына төтеп берді. КПСС XXVII съезі қарсаңындағы айларда тағыда үш обкомның бірінші хатшысы орындарынан күйе жағылып, айып тағылып алынды және олардың бірі Орталық Комитеттің мүшесі болатын. Ол аз дегендей Қазақстан Коммунистік партиясы ұйымындағы кемшіліктер «Правда» гезетінде талқыға түсті. Бірақ Д.А.Қонаев Қазақстан Коммунистік партиясының XVI съезін республика партиясы ішіндегі өзінің қарсыластарына шеберлікпен пайдалана білді әрі бірінші хатшы болып қайта сайланды. Бұл мәселе жөнінде «Правда» газеті берген есеп Москвадағы кейбір басшылардың виза емес екендігін айқын байқатты. Қазақстан Коммунистік партиясының осы съезінен кейін көп ұзамай тағы да үш обкомның бірінші хатшысы орындарынан босатылды. Қазақстанның мемлекеттік Жоспарлау мекемесінің төрағасымен Д.А.Қонаевтың інісі болып келетін Қазақ ССР Ғылым академиясының президенті де қатар орындарынан түсті. Бір айдан кейін КПСС съезінің шешімімен Д.А.Қонаев саяси Бюроға қайтып сайланды. Бірақ Орталық Комитеттегі Қазақстан обкомдарының бірінші хатшысының саны алтаудан үшеуге дейін қысқартылды және үш хатшы тек мүшелікке кандидат болып қана бекітілді. Д.А.Қонаевта Қазақстан Коммунистік партиясының басшылығында одан әрі қалдырылмады және



ол өз орнына өз адамын да сайлай алмай қалды. Ульянов облыстық комитетінің бірінші хатшысы және одан бұрын Грузин ССР-інде екінші хатшы болып қызмет атқарған Г.В.Колбин оның орнына келіп отырды. 1983 жылы ССРО Министрлер Кеңесі төрағасының бірінші орынбасарлығына Г.А.Алиев көтерілгенге дейін Д.А.Қонаевтың абырой- атағы мен Москва иерархиясындағы оның алған орны ерекше болатын. Бұл абырой атақтың әсер – ықпалы айрықша еді. Этникалық сепаратизм мен нәсілдік тұрғыдан делегат сайлау жауапкершілігі әлі де болса, советтік заң спеттес болып тұрған шақта Қазақстан бұл жағынан дін аман болатын. Мұның басты себептерінің бір ұшығы қазақтардың өз республикасында халықтың басым көпшілігі емес, тек үлкендеу бір бөлігі ғана екенінде жатса керек. Бірақ Қырғызстанның да жайы солай ғой... дегенмен олардағы көп ұлттық бедері Қазақстандағыдан өзгешелеу. Д.А.Қонаев кезіндегі Қазақстан саяси коалициялар жалғыз этникалық негізде ғана құрылмаған сияқты. Яғни бұл коалициялар Д.А.Қонаевты немесе сол кісінің ізбасарларының бірін қолдау немесе қолдамау тұрғысынан құрылған секілді және республикалық партия ұйымының ішіндегі әрбір ірі топта орыстар да, қазақтар да баршылық.

Д.А.Қонаевтың қызметтен кенеттен «алынғаны» 1986 жылғы 16 желтоқсанда жайбарақат түрде ғана хабарланды. Бірақ ол кісінің орнына «республикамен үш қайнаса сорпасы қосылмайтын орыс адамы келді» деген хабар Алматыда орын алған үлкен тоқуға түрткі болды. Бұл оқиғаның дүмпінің қатты болғандығы соншама, совет баспасөзі ол туралы құлақтандырмай тұра алмады. Батыс баспасөзі берген деректерге қарағанда, бұл тоқу кезінде екі жүз адам жараланып, мыңға жуық адам қамауға алыныпты. Қазақстанға толқуды басу мақсатымен М.С.Соломенцев бастаған арнаулы комиссия жіберілді, себебі Москва бұл оқиғаға қатты мән берді, өйткені толқуға шыққандарға Қазақ университетінің студенттері, комсомол мүшелері, тіпті өз еркімен қоғамдық тәртіп орнатушылардың ресми өкілдері де қосылатын сыңай танытқан... М.С.Горбачевтің Қазақстан Коммунистік партия ұйымын қайта құруға арналған ұзақмерзімді жоспарынан не шығарын алдағы уақыт көрсететін болады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Д.А.Қонаев «Өтті дәурен осылай». Алматы, «Дәуір», 1992 ж.
2. Д.А.Қонаев «Ақиқаттан атауға болмайды». Алматы, «Санат», 1994 ж.
3. С.Жиенбаев «Елін танытқан ер». Советтік Қазақстан, 2012 ж.
4. Д.Кунаев «От Сталина до Горбачева». Алматы «Санат», 1994 ж.



# ЕЛІНІҢ ҚАЙСАР ЕРІ ЕДІ...

**Башанова Э.К.**

*Ақтөбе облысы Алға ауданы  
«Тоқмансай орта мектебі» КММ  
география мұғалімі*

**Ү**лы тұлғаларымыздың бірегейі, халқымыздың аяулы перзенті, аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Оның республиканы басқарған жылдары айрықша айшықты, ерекше табысты тарихи кезең болып, жылнамаларда алтын әріптермен жазылып қалды.

«Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім» - деген екен.

Мансап пен байлықтан қанағат сезімін жоғары қоя білген қайраткердің барлық байлығы жеке кітапханасы еді. Үлкен кісінің басшылығы кезінде Қазақстанда жұмысшы табының келешегі үшін 47 қала бой көтеріп, экономика мен мәдени өмір қарышты қадаммен алға басты. [1, с.5].

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмірбаяндық тарихын ой зердесінен өткізіп көрсеңіз өмірінде адам баласына тән барлық ізгі қасиеттерді бойына сіңірген, туған елі мен халқының қамын ойлап өткен, достық пен махаббатқа берік жан болғанын баршаға аян. Балалық шағынан білім мен ғылымға құштар болған. [1, 176].

Тарихта Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарған көрнекті тұлға ретінде қалған Дінмұхамед Қонаев 1936 жылы Мәскеудің алтын және түсті металдар институтын тау-кен инженері мамандығы бойынша бітірді. Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат руднигіне жұмысқа орналасып, онда бұрғылау станогының машинисі, цех бастығы рудниктің бас инженері және оның директоры болып істейді. Екінші дүниежүзілік соғысының қиын күндерінде ол тылдағы жұмысты ұйымдастыруда көзге түседі. «Алтайполиметалл» комбинаты бас инженерінің орынбасары, Риддер руднигінің және КСРО қорғасын мырыш өнеркәсібінің ең ірі кәсіпорындарының бірі Ленингор кен басқармасының директоры қызметтерін атқарады. [4, с.150].

1942-1952 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары болып қызмет етеді. Осында жүргенде Қазақстан ғылымдары оған зор сенім көрсетіп, оны Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және оның президенті етіп сайлайды. Тау кен ісі саласының ірі ғалымы Қонаев республика ғылымының дамуы жолында зор еңбек сіңіреді. Ғылыми ұжымдық жұмыстарды жақсарту, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларын білікті кадрлармен нығайту шаралары оның басшылығымен жүзеге асырылады.

Тарихшылардың бағалауынша, ол қоғамдық істермен айналыспағанда дүниежүзілік аты бар ғалым болып шығатын еді. Кен ісі саласында 100-ден аса ғылыми еңбегі қалды. Мұның өзін тарихшылар үлкен жетістікке бағалайды.



Совет дәуірінде орман шаруашылығымен айналысатын министрлікті басқарған Молдан Әлдербаев Қонаевтың басқарушылық қабілеті жөнінде былай дейді:

- Димекеңнің Қазақстанға жасаған еңбегі мол. Оған меніңше, әлі тура бағасын бере алған жоқпыз. Қазір енді бірнеше кітаптар шығарып жатыр, мақалалар шығып жатыр. Онымен бір аппаратта жұмыс істеп жүрген кезде оның кемелділігіне, байсалдығына таңқалатын едік. Ол қандай қиын мәселе болсын, шешімін дәл табатын. Өкінішке қарай, ол кісімен бірге көп жылдар бойы бірге жұмыс істеген адамдар қатары сиреп бара жатыр. Димекеңе тура бағасын бере алған жоқпыз. Кейінгі жастар ол туралы көп біле бермейді. [2,с.30].

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Республика партия ұйымын басқарған ширек ғасырға жуық уақыт ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағылымы терең, ой өрісі биік жан екенін көрсетті. Партиялық басқару жұмысында адамдар тағдырына, басшылыққа ұсынылған адамның мінез-құлқына, адалдығына және әділдігіне, адамдармен сөйлеу қабілетіне, ішкі, сыртқы мәдениетіне айрықша мән беретін. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде же ол білімдар білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру қажет екенін терең сезініп, қолдай білді.[4,с.105].

Дінмұхамед Қонаев өз заманының ұлы саясаткері бола білді. Ол билік басында болған уақыт қаншалықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді. Түрлі деңгейдегі партия және кеңес қызметін атқарып жүріп, орталықтың өктем саясатының ығымен кете бермей, ел мүддесін, болашақ қамын да бір сәт естен шығарған жоқ. 1960 жылдар арасында Н.С.Хрущевтің озбырлығымен Өзбекстанға беріліп кеткен қазақ жерінің біраз бөлігін қайта қайтарып алуы соның айқын бір дәлелі еді.

Қазақтың көрнекті ақыны, қоғам қайраткері М.Шаханов:

«Қонаевтың қай қасиетін алға шығаруға болады?» сұрақтың аясында көп ойландым. Әрине, тазалығын, байлыққа құл болмауын. Бүгінгі кезең үшін бұл аса маңызды іс.

Ұлы бабамыз Әбунасыр Әл-Фараби мемлекет басшысының бойында болуға тиісті он екі мінез бен қасиетті іріктейді. Соның бірі - байлыққа рухын жыққызбау, байлыққа құл болмау. Сорымызға қарай осы қасиет қазір еліміздегі үлкен деңгейдегі көптеген басшыда жоқ. Көпшілігі рухын жыққызбау былай тұрсын, байлық үшін арын да, намысын да баяғыда – ақ сатып жіберген. Бұл салада, шырқау билік басында болғандар ішінде бір ғана адамды бөліп, даралай атай аламыз.

Ол – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. [3,с.201].

Қорыта айтқанда, халқымыздың данышпан ұлы М.Әуезов «Абай жолы» романы арқылы феодалдық дәуірде өмір кешкен Қазақстанды, қазақ халқын дүние жүзіне танытып, сол арқылы өзі де бір зерек ұл ретінде танылса, Д.М.Қонаев та Қазақстанды өркендер өскен елдер қатарына қосып, сол арқылы өзі де осы заманның заңғар данышпаны, қоғам қайраткері ретінде әлемге танылды.

Халқы үшін қажымай, ел үшін ерінбей еңбек етудің үлгісі болған Қонаев халқының ардақты ұлы саналды. Білімі арқылы қандай қызметте болса да өзінің тәжірибесінде ұзақ жыл Қазақстан Компартиясын басқарған еліміздің экономикасын, ғылымын, мәдениеті мен өнерін дамытуды қолға алды, оған өз қанаттастарын жұмылдыра білді. Өзінің саналы өмірін халқына, мемлекетіне адал етуге жұмсап, өз туған елін, республикасын жарты ғасырға жуық басқарған, қазақ халқының данасы, ақылының алыбы болған ардақты азамат.



**Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Б.С.Асанова. «Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия. «Алматы» баспасы.2011ж
- 2.Е. Сағат. «Қасиетті Қонаев». «Алматы» баспасы.2017ж
- 3.М.Шаханов. «Қонаевпен сырласу». Алматы, «Жалын» баспасы.2011ж
- 4.Н.Назарбаев. «Ғасырлар тоғысында». Алматы, «Өнер» баспасы.1996ж



# ЕЛ ПЕРЗЕНТІ

**Суханова Г.Т.**

*Ақтөбе қаласы «№13 орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Қ**онаев Дінмұхамед Ахметұлы – Кеңес дәуіріндегі Қазақстанның партия және мемлекет қайраткері. Жеке парақтарында Қонаев «Менің әкем саудагер болғанымен, алыпсатарлықпен айналыспаған», - деп атап өтті ол. «Бізде үш бөлмелі пәтерден басқа ешқандай жинақ болған жоқ», - деп жазды ол басқа сауалнамаларда.

1937-1939 жылдардағы жаппай қуғын-сүргін Қонаевтың ата-анасынан да өткен. Қонаевтың анасы Зухра Байырқызы 1888 жылы Алматы облысы Шілік ауылында дүниеге келген. Туыстарынан жас Қонаевқа Әмина Ахметқызының үлкен әпкесі күйеуі Айтжан Түркебаев материалдық және басқа да көмек көрсетті. Кеңес өкіметінің алғашқы онжылдықтарында облыстық ауқымдағы жауапты партиялық жұмыста болған Түркебаев кейіннен партияның Қазкрайкомының нұсқаушысы қызметіне дейін көтерілді. Өлкелік комсомол комитетінің билетімен Мәскеуге оқуға баруға кеңес берген ерлі-зайыпты Түркебаевтар шығар.

Димаш ағамыз 15 жастан бастап өз бетімен күн көре бастаған. Тоғыз жылдық мектептің сегіз сыныбын бітіргеннен кейін туындаған қаржылық қиындықтарға байланысты маусымдық жұмыстарда қосымша табыс таба бастады. 1929 жылдың күзінде Қонаев жоғары техникалық оқу орнына түсу үшін дайындық курстарында оқыды. Сонымен бірге Казберкасс, Казгосплан мекемелерінде қосымша табыс табуды жалғастырды. 1931-1936 жылдары Мәскеу түсті металдар және алтын институтында оқыды. Осы жылдары ол қазақ жерлестерінің ұйымдарына белсене араласты. Бұл кезеңде Жұмабай Шаяхметов Мәскеудегі Нариманов атындағы Шығыс институтында оқып, бірінші курсты бітіріп кете жаздады, бірақ сессиядан өте алмады. Аштық оны беделді университеттегі оқуын қысқартуға (1932 жылдың қыркүйегі мен 1933 жылдың наурызы аралығында) мәжбүр етті ме, әлде басқа партиялық шақыру оны партиялық майданға жұмылдырды ма, белгісіз, бірақ Шаяхметов Мәскеуді тастап, Қазақстанға оралды. Сол кезде қазақ қауымының жиналысында 30 жастағы Шаяхметовтің 20 жастағы Қонаевпен танысуы орын алуы мүмкін. Кейін бұл таныстық, дәл сол кезде орын алса, Қонаевқа пайдалы болды.

Алғаш рет 1939 жылдың күзінде Қонрат тау-кен басқармасы директорының міндетін атқарушының басына ауыртпалық түсті. Бірақ Қонаев өзінің естеліктерінде Шаяхметовті бұл уақытты атамайды, онымен алғашқы танысу фактісін 1940 жылға ауыстырады. Соған қарамастан, Скворцов пен Шаяхметовтың қатысуының арқасында 1939 жылы қарашада Қонаев Алтай полиметалл комбинатының бас инженері болып тағайындалды. Комбайн, ол жерде аз уақыт жұмыс істеді. Сол жылдың желтоқсанында Лениногорск қаласына (бұрынғы және қазіргі Риддер қаласы) ауыстырылып, тау-кен басқармасының директоры болды. Ақырында, 1942 жылы Қазақстан Компартиясы (б) Орталық Комитеті Қонаевты Қазақ КСР Халық Комиссарлар Кеңесі төрағасының орынбасары қызметіне ұсынады.





Рудный Алтайға көшу жаңа сипатқа ие болды. Дінмұхамед Ахметұлы Зухра Ялымоваға үйленіп, одан бала көрмесе де, өмірінің соңына дейін Зухра Шәріпқызына деген ыстық махаббаты мен құрметін сақтады. Ол күйеуінен алты жас кіші, 20 жасында тұрмысқа шыққан, Атбасар қаласының тумасы. 1990 жылы 20 сәуірде дүниеден өтті. Қонаевтың тәрбиесі мен білімінде қазақ-татар-ұйғыр-орыс принципі әуел бастан-ақ органикалық түрде ұштасып жатқан шығар. Ол осы тілдердің бәрінде сөйлеген. Әлбетте, жас Қонаевтың этникалық өзін-өзі анықтауы маргиналды татар-қазақтан анық қазаққа қарай жүріп, Мәскеудегі студенттік жылдары Голощекиннің қазақ қандастарындағы саясатын драмалық түрде сезіну жағдайында аяқталды. Дегенмен, Қонаев бүкіл өмірінде ұлттық бағытта болғанымен, православие большевик болды және солай болып қала берді.

Жаңа типті басшы 1942 жылдан бастап Қонаевтың қызметі саяси сипат ала бастады. 1942 жылы мамырда Қонаев Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Өндірісте өзін жақсы жағынан көрсеткен инженер енді өзін креслоның, басшылықтың директивті стилінің шебері ретінде танытуға мәжбүр болды. Қонаев өзінен бұрынғыларға ұқсамайтын басшылық стилін көрсетті, Шаяхметов сияқты қол астындағыларды болмашы елеусіздігі үшін, жиі өндірістік жиналыстарда жеткіліксіз ұқыптылығы үшін сөкпеді. Қонаевпен бірге қазақ номенклатурасында анағұрлым гуманистік, дерлік әкелік, патронаттық типтегі басшы орнықты. Оңдасыновтың Қонаевқа айтқан сындары қара сөзсіз, тағылымдырақ болды. Шаяхметов те, Оңдасынов та жас Қонаевты жазалаудан гөрі тәрбиеледі. Сондықтан, Оңдасынов орынбасарларын жинап алып: «Менде бар жаман қасиеттерді емес, жақсы қасиеттерді алыңдар» деп қайталағанды ұнататын.

Шаяхметовтың Қонаевтың бастықтың нұсқауына қарсылықтары мен келіспеушіліктеріне либералдық қатынасы фактісіне назар аударылады. Бірде Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж.Шаяхметов Орталық Комитеттің Бюросымен ақылдаса келе Қонаевқа Кеңес төрағасының орынбасары қызметінен республика министрліктерін Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті лауазымына ауысуға ұсыныс жасайтынын хабарлады. Қонаев сенім білдіргені үшін алғыс айтып, бас тартады. Осыған байланысты олар алшақтайды.

Ол өзінің естеліктерінде қуғын-сүргін Орталық Комитет басшылығының нұсқауымен жүргізіліп, идеология жөніндегі хатшы М.Сужиковтың бақылауында болғанын жазады: «Ол кездері мен академик емес едім, ағымға қарсы жүзе алмайтынмын». Қ.И.Сәтбаев, академик М.П.Русақов, А.Жұбанов, Қ.Жұмалиев және т.б. қуғын-сүргінге ұшырады. Қонаевтың бағынбауының тағы бір фактісі Шаяхметовтің биліктен кетуіне аз уақыт қалғанда орын алады. Шаяхметов осы уақытқа дейін Мәскеуге көшіп кеткен «Әуезовтің жаман мінез-құлқын» көрсетіп, Әуезовті ғылыми ұжымнан шығаруды талап етеді. «Осыдан кейін мен Әуезовті қорғау үшін бірден Мәскеуге кеттім. КОКП Орталық Комитетінің бөлімшесі арқылы мен Әуезовті үлкен қиындықпен қорғадым. Шаяхметовке бағынбаудың бұл фактісі Пономаренкоға ұнады» дейді Қонаев.

Қонаев топ-менеджер-ғалымдардың бастаушысы болды. 1948 жылы Коунрад кені басқармасының материалдары негізінде «Коунрад кеніші жағдайында бұрғылау және жару жұмыстарының тиімді әдістерін анықтау» деген тақырыпта кандидаттық диссертациясын қорғады. Ғылым академиясының президенті болғаннан кейін ол «Металл кен орындарындағы тау-кен өндірісінің даму перспективалары» тақырыбында докторлық диссертациясын жазуға кіріседі, бірнеше кітаптар шығарады.

Қонаев зардап шеккендердің қатарында болып, Шаяхметовке лайықты қарсылық көрсетті. Оған ҚазКСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметін ұсынуы ғажап емес. Бұл 1955 жылы 4 сәуірде болды. 5 жылға жетпей Қонаев Қазақстанның саяси Олимпына көтеріледі. 1960 жылы 19 қаңтарда Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің XVII пленумы Қонаевты номенклатуралық пи-



рамиданың биігіне көтерді. Ол алғаш рет Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, ең жоғары саяси тұлға болды. Қонаев қалыптасқан саясаткер болды, бірақ ол Кремльдің бақылауындағы саяси билік болды. Жалпы алғанда, Кремльге тәуелсіз бірінші басшы керек емес еді. Қазақстанды жартылай субъективті күйде ұстау маңызды болды. Қонаев бұл қызметте 1962 жылдың 25 желтоқсанына дейін жұмыс істеді. Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің IV пленумында И.Юсупов бірінші хатшы болды. Қонаевты басшының жаңашыл типі ретінде өзгерту қолайлы бағытта жалғасты. Ғылым академиясынан аналитика мен жүйелі көзқарастар әкелген Қонаев Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары бола отырып, баға жетпес қасиеттерге ие болды. Оның мінезінде мемлекет қайраткеріне қажетті келісімге бейімділік, беріктік пен талапшылдық пайда болды.

Қонаевтың есейген шағында дұшпаны болмағанына әріптестеріне деген қаталдығы емес, жұмсақтығы, адамгершілік қарым-қатынасы ықпал етті. Қонаевтың сіңірген еңбегі – ол басшылық еткен кезде экономикалық әлеуеті жағынан мықты Қазақстан құрылды. Қонаев Қазақстанның аумақтық тұтастығына үлес қосты. Ол Өзбекстанға қосылған жоғалған жерлерінің бір бөлігін Қазақстанға қайтарып берді, Хрущевке Маңғыстауды Түрікменстанға беруге рұқсат бермеді. Ол Қазақстанның солтүстігінде неміс автономиясын құру жоспарын бұзуға еңбегі сіңген.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қонаев Д. Өтті дәурен осылай. – Алматы, 1992.
2. Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды. – Алматы, 1994.
3. Атабаев Қ., Қадыртаева М. Деректанудың теориялық мәселелері: Оқу құралы.– Алматы: Қазақ университеті, 1999.
4. Мәдени мұра. №7 (40) 01.2012. 70-71-б.



# ҮМІТПЕН ӨТКЕН ҒҰМЫР

**Едигеева Г.Ж.**

*Ақтөбе облысы Ойыл ауданы*

*«Ш.Берсиев атындағы орта мектеп»*

**Д**інмұхаммед Ахметұлы Қонаев – халқымыздың аяулы перзенті, аса ірі мемлекет қайраткері, өз елінің дамуына зор үлес қосқан, болашағы үшін көп тер төккен азамат.

1936 жылы Мәскеу түсті металдар және алтын институтын қызыл дипломмен бітіріп, Қоңырат – Балқаш құрылысына жолдама алады. Осыдан бастап еліміздің дамуына өз үлесін қоса бастағандығын көре аламыз. Орталық Қазақстанда еліміздің аса қуатты мыс өнеркәсібі Алтайда қорғасын – мырыш комбинатының бой көтеріп, әрі қарай дамуына алғашқылардың бірі болып үлес қосты. Ол бұрғылау станогының машинисті, мастер, ауысымдық инженер, цех бастығы, бас инженер, директор болып қызмет етті. 1938 жылы балқаштық мырыш балқытылып, атқарған еңбегі үшін «Еңбекте үздік шыққаны үшін» мемлекеттік медальмен марапатталды.

Уақыт өте келе, Дінмұхамед Ахметұлы партия мүшелігіне де қабылданды. Кеніште бас инженер болып тағайындалып, директорлықты да қоса атқарды. 30жасында Қазақ КСР халық комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Ол саясаткер ретінде шешім қабылдап қана қоймай, оларды жүзеге асыруда тамаша ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында халықты жұмылдыра білетін.

Ұлы Отан соғысы кезінде де Лениногорскіде КСРО қорғасын-мырыш комбинаттарының бірін басуарып отырды. Сол сұрапыл соғысты атылған он оқтың тоғызы Қазақстандағы қорғасын – мырыш комбинатында балқытылғаны белгілі. Сол қиын қыстау кезеңде соғыстан әбден күйзеліп, артта қалған қазақ елін көркейтіп, дамытып, оны алдыңғы қатардағы аграрлық – индустриялы республика деңгейіне дейін жеткізген – қазақ даласының дара тұлғасы, қоғам қайраткері.

1952 жылы Д.А.Қонаев Қазақстан ғылым академиясының мүшесі және директоры болып сайланды. Тау – кен ісі саласында ірі ғалым, талантты және қайратты, ізденімпаз ұйымдастырушы ретінде көп іс атқарды. Техника ғылымдарының докторы Қонаевтың ғылыми еңбектері кен орындарын өндірудің теориялық және практикалық маңызды мәселелерді қамтиды. Ол көп жылдар бойы кенді тиімді әдістермен зерттеу және практикаға енгізумен айналысты. Бұл кен өндіру өнеркәсібінде өндірістің тиімділігін арттыруға үлкен септігін тигізді.

1955 жылы 31наурызда Дінмұхамед Ахметұлын республика Жоғары Кеңесінің сессиясында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасы қызметіне тағайындалып, 1960 жылы қаңтарда барлығы бірауыздан Қазақстан Компартиясы орталық комитетінің Бірінші хатшысы болып сайланды.

КСРО – ның құрамы он бес республикалық одақтан тұрған қиын қыстау заманда Қонаев атамыз Қазақстанды жиырма бес жыл басқарды. Турашыл, қарапайым, әділетті басшы болған. Одақтық Республикалардың көшбасшыларының ішінде оның шоқтығы биік тұрды және халықаралық қатынас және саяси мәдениет мәселелерінде теоретик ретінде мойындалды. Қазақстанды басқарып



тұрған уақытта ол екінші орында тұрды. Біріншісінде, Ресей мемлекеті болды. Осыдан кейін, Дінмұхамед Ахметұлының Қазақстан үшін қаншалықты еңбегінің сіңіргендігін көре аламыз.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ел басқарған кезде Қазақстанда қырықтан аса қала салынды. Солардың ішінде танымастай өзгергені Алматы облысы мен қаласы. Алматының көркін кіргізіп тұрған Ленин даңғылы бойындағы «Медеу» спорт кешені, Республика сарайы, 25 қабатты «Қазақстан» және «Алатау» қоңақ үйі, «Мәскеу» және «Қазақстан» сауда үйлері, «Арасан» сауықтыру орны, Орталық комитет үйі, Көкбазар, Балуан Шолақ атындағы мәдениет және спорт сарайы, Жазушылар одағының үйі, М.Әуезов атындағы драма театры, Лермонтов атындағы орыс драма театры, Ұлттық кітапхана, Ә.Қастеев атындағы өнер мұражайы, Орталық музей, Алматы мата-мақта комбинаты, Цирк үйі, Неке сарайы, баспалар үйі, ІАлматы теміржол бекеті, тағы басқа да сәулетті құрылыстар сап түзеп, ғимараттар бой көтерді. Осылардың барлығында атамыздың еңбегі айрықша болды.

Д.А.Қонаевтың Қазақстанның экономикасы мен мәдениетіне, дамуына қосқан үлесі орасан. Өзінің игі істерімен Отанның, қазақ елінің даңқын биікке асқақтатты, есімін мәңгі етті. Артында өлмейтұғын із қалдырған тұлға.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Д.Қонаев «Ақиқаттан аттауға болмайды», Алматы, «Санат» баспасы, 1994 ж
2. Д.Қонаев «Аңыз адам» журналы №1, Алматы, 2011 жыл
3. «Қазақстан тарихы» энциклопедиялық анықтама, Алматы, 2006 жыл



## ҰЛТ ПЕРЗЕНТІ – Д.А.ҚОНАЕВ

**Бидәулетова Гүлжайна**

*Ақтөбе қаласы «№5 жалпы білім беретін*

*орта мектеп» КММ*

*10 класс оқушысы*

*Жетекшісі Карабаева С.Б.*

*Өлді деуге бола ма, айтыңдаршы...*

*Өлмейтұғын артына із қалдырған.*

*Абай*

**Б**үгінде нағыз қазақ арланы, адал қызметкер, өте білімді, талантты тұлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы сөз қозғайтын боламын. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев советтік өкімет кезінде Қазақ халқына қызмет еткені көпшілікке мәлім дүние. Еңбек жолында халық жанашыры болғанын айқын дәлелдеді. Жоғары Мәскеу түсті металдар және алтын институтын бітіргеннен кейін, қолына дипломын алады. Ол Балқашқа Мысыр ордасын игеру үшін жұмысқа тұрады. Оның алған оқу білімін ескере отырып, басшылары оған аға инженер қызметін ұсынады. Дінмұхамед Қонаев өзінің көрегенділігін танытып, тәжірбиесі жоқтығын көріп ол қызметтен бас тартады. Өзінің қызмет жолын ол қара жұмыстан бастайды. Бірінші машинист, мастер кейіннен бас инженер, соңында директор қызметіне орналасады. Осының барлығы қанша жылда орындалғанын білесіздер ме? 1936-1939 жылдар аралығы, яғни небәрі 3 жылда. Менің ойымша, бұндай әрекет жиырма бірінші ғасырдың азаматтарына үлгі алатындай дүние. Жалпы әлем тарихындағы алпауыт кезеңдердің бірі Ұлы Отан соғысы басталды. Бұл соғыс басында Дінмұхамед Қонаев Руда басқармасының директоры болып жұмыс істеген. Риддерге Қонаев атамыз келми тұрып ол жақтағы шаруалар мәз емес еді. Руда қазбасын табу жоспары ойдағыдай орындалмады. Оның алдында орындалмаған жоспарлар, пайдалы қазбалармен қамтамасыз ететін фабриканы іске қосу жұмыстары күтіп тұрды. Өнеркәсіп жұмысымен тұспа тұс келе жатқан Ұлы Отан соғысында үлкен қиындықтар әкелді. Риддердің жұмысы аяқталып, жабылуына таяған еді. Бірақ, Дінмұхамед Қонаев бұл жерге жаңа леп алып келді. Ол кісінің келуімен жұмыс жанданып, өндіріс көлемі арта түсті. Соғыс уақыты көп адамдарға қиын болғаны сөзсіз. Бұл кезеңнің бір ұшыда осы өндірістің жұмысына тиген болатын. Ер азаматтар соғыста болса, жұмыс қалай жүреді? - деген сұрақ көп адамның көкейінде орын алған шығар. Бірақ, Қонаев атамыз дәл осы мәселенің шешімін тапқан болатын. Ол ер азаматтардың орнына, әйелдерді қойды. Ол кісі өз айналасындағы адамдарды топтастыра білді. Қазіргі таңда біздің лидерлерімізге жетпейтін дүниелерді жасады. Дінмұхамед Қонаев нәзік жандыларға әрдайым көмектесіп, жанашыр болған. Осы өндірістердегі ерең еңбегін көріп, оған үлкен қызметтерді ұсынады. Қонаевқа түсті металлургия кәсіпорындарының қызметін бақылау тапсырылады. Бұдан бөлек ол көмірмен мұнай саларын, автокөлік кәсіпорындарының, қорғаныс зауыттарының, теміржол тораптарының дамуына еңбек етті. 1942 жылы Қонаев Қазақ КСР министрлер кеңесінің төрағасының орынбасары қызметіне қоныстанады. Біздің кезеңмен салыстырсақ, бұл қазіргі



премьер министр лауазымымен тең. Сол кезеңдерде Сталиннің бастауымен жүрген Мемлекеттік Қорғаныс Комитеті волфрам мен молебиден санын көбейтуді сұрайды. Бұл соғыс кезеңіндегі қару жарақтарға, танкілерге қажет болды. Оның басты міндеті Қазақстанның өнеркәсіп саласын дамыту болатын. Ол бірінші вольфрам мен молебиденді өндірумен айналысады. Бұл қызмет өте ауыр және көп нәрсені талап ететін болғандықтан, Қонаев ағамыз түнгі үшке дейін қалып жұмыс істеген. Ол қысқа мерзімнің ішінде өндіріс аймағын барлап, өнімді дайындап берген. Соғыс аяқталғаннан кейінде, ол дәл осы жерде жұмыс істейді. Өнеркәсіп салаларындағы жеткен жетістіктерін көрген Қонаевқа оданда үлкен істер тапсырылады. 1951 жылдың желтоқсан айында Дінмұхамед Қонаевқа Қазақ КСР ғылым академиясының президенті қызметін ұсынады. Оның алдында бұл орында Қаныш Сәтпаев отырған болатын. Бұл қызметтен Дінмұхамед Қонаев бас тартады. Алайда екі ай өткеннен кейін Қонаевты Қазақ КСР ғылым академиясының президенті етіп тағайындайды. Бұл қызметте Қонаевқа үлкен тәжірибелер әкелді. Осы кездерде көптеген қазақ зиялыларына жалған айыптар тағылған болатын. Ахмет Жұбановтан, Жұмалиевтың және де тағы да басқа белгілі тұлғалардан академик атағы алынып қойылады. Оған Қонаев бөгет бола алған жоқ. Бірақ, уақыт өте келе оларға академик атағын қайтып алуға көмек берді. Дәл осындай мәселе Мұхар Әуезовте де орын алған. Бірақ Дінмұхамед Қонаев Мәскеудегі ғылым академиясында Мұхтар Әуезовтың сөзін сөйлеп, ел алдында оны қорғап берді. Ғылым академиясында 3 жыл жұмыс істейді. Ол қызметте ай сайын төленетін стипендия болған еді. Дінмұхамед Қонаев ол стипендиядан бас тартып, оны қайырымдылыққа жіберген. 1955 жылы Қонаев Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып тағайындалады. Қазіргі уақытта бұл Қазақстан Республикасының премьер министрінің лауазымымен тең. Қонаевтың бұл лауазымындағы басты мақсаты жерлерді игеру және де жаңа савхоздар ашу болатын. Дәл сол жылы ол жаңадан 250 савхозды ашты. Көптеген адамдарды жұмыспен қамтыды. Бұдан бөлек Қонаев өнеркәсіп саласын дамытып, студенттерге оқу орындарын салуды мақсат етті. Бұл мақсатарының барлығына жетті. Жалпы Дінмұхамед Қонаев өте зерек, көргенді, білгенді жаны сүйетін азаматтардың бірі. Оның осы күнге дейін жеткен жетістіктері осының айқын бейнесін көрсетуде. Елін жерін азат етіп, оны көркейту Дінмұхамед Қонаевтың басты мақсатына айналды. Елінің алдындағы қызмет ету жолы осымен аяқталған жоқ. 1960 жылы Қонаев Қазақстан компартиясының бірінші хатшысы болып тағайындалды. Біздің жылдарымызбен бұл президент лауазымына тең. Жиырма жылдан аса уақыт бойы КСРО секілді алып державаның мәселелерін шешуге атсалысады. Дінмұхамед Қонаевтың бірінші хатшы болғандағы басты мақсаты не болғанын білесіздер ме? Ол қазақ халқының мәдениетімен экономикасын өзінің бар білім, тәжірибесі арқылы дамытуды мақсат етті. Расыменде, Дінмұхамед Қонаев нағыз саясаткер. Оның басынан өткен соғыс, қиыншылық, бәсекелестік секілді кезеңдерден өту және де өтіп қана қоймай елінің көркеюі үшін қызмет ету, екінің бірінің қолынан келе бермейтін дүние. Жалпы сол кезеңдерде Хрущев Қазақстан аумағында тың өлкесін құрғысы келген. Ол бүкіл Қазақстанның Солтүстігін тың өлкесі деп атап, басқаруды тікелей Мәскеуге қаратқан. Сол кезеңдерде өзіне қарсы шыққан азаматтарды Хрущев өз жолынан ығыстырып отырған. Кейін Хрущев Маңғышлақ түбегін Түркменстанға бергісі келген. Ол Түркменстанның мұнайды өңдеуде тәжірибесі жоғарырақ деп ойлаған. Бірақ оның бұл ойымен Д.Қонаев келіспейді. Қонаев Хрущевқа қазақтардың мұнайды өздері ақ өңдей алатынын дәлелдейді. Қонаевқа осы кезде геология министрі Сидоренко көмекке келеді. Ол екеуі Хрущевқа қазақтардың мұнай өңдей алатынын дәлелдеп, қазақ жерін сақтап қалады. Ал еліміздің Оңтүстік өңірлерін өкінішке орай сақтап қала алмады. 1962 жылы Хрущев Қазақстанның оңтүстік бөлігін Өзбекстанға мақта игеруге береді. Қонаев ұзақ уақыт бойы бұл шешімге қарсы шықты. Соның нәтижесінде ол Өзбекстанға өткен үлкен аумақ жердің көбісін Қазақ жеріне қайтарып алған. Дәл осы секілді қазақ жеріне көз сұққандар қаншама болды. Соның өзінде Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өз күшімен қазақ жерін сақтап қалды. 1961 жылы Павло-





дардың атын Хрущевградқа ауыстырғысы келген. Бұл Қонаевқа ұнамай, түбегейлі қарсы болады. Уақыт өте келе, бұл жағдайды Хрущев ұзын құлақтан естейді. Қонаевтың әрекеттері Хрущевтың көңілінен шықпағандықтан, оны орнынан босатуға бел буады. Оның орнына Исмаил Юсуповты қояды. 1964 жылы билікке Брежнев келеді. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты еліміздің бірінші хатшысы етіп тағайындайды. Осы орынға келгеннен кейін Қазақстанның көркеюіне қарқынды жұмыс басталады. Оның билік еткен жылдары Қазақстан гүлдене түседі. Қазақтардың саны екі жарым есе, ал жалпы халық саны екі есе ұлғая түседі. Қонаев Алматы қаласын ерекше жақсы көрді. Өзіде осы қаланың тұрғыны болғандықтан, оның барлық қыр, сырын біледі. Оның дамуына үлкен еңбек қосқан. Алматыда Медеу мұз айдыны, оқу орындары, демалатын орындар, қонақүйлер, мәдениет және спорт алаңдары, әуежайлар салына бастады. «Ол кезеңдерде кеңес үкіметі Қазақстанның көркейгенін қаламаса, онда қалай біздің елімізде зәулім ғимараттар салынды?» деген сұрақ сіздіңде- меніңде көкейімде тұруда. Бұл сұрақтың жауабын Қонаевтың тапқырлығымен ұштастырғым келіп отыр. Нақты дерек келтірсем, Дінмұхамед Қонаев өзінің айла тәсілдерімен Қазақстан аумағында зәулім ғимараттарды салып отырған. Нақты деректер келтіретін болсам, Лениннің 100 жылдық мерейтойын тойлау үшін үлкен орын керектігін алдыға тартып, Республика сарайын салдырады. Сол көшені көркейтеміз деп, орыс драма театрын, М.Әуезов атындағы драма театрын, қонақүйлерді салдырады. Алматыдағы ауқымды мәселелердің бірі Алматы бөгетін салу болатын. Қонаев осы мәселені тау-кен инженерлерімен ақылдасып, бағытталған жарылыстарға қарсы бөгет салуды ұйғарады. Қонаевтың бұл шешіміне наразылықтарын білдірген адамдар өте көп болды. Соның өзінде Қонаев құрылысты бастап кетеді. 1966 жылы бағытталған жарылыстар орын алды. Дәл осы кезде бөгет Дінмұхамед Қонаев жоспарлағандай төтеп беріп, барлығы ойдағыдай өтті. Одан кейінде орын алған жарылыстарға бөгет өте жақсы төтеп берді. 1976 жылы тау тасқыны орын алды. Дәл осы кездеде қаланы бөгет құтқарды. Осымен Қонаевтың қазақ жерін сақтап қалу жұмыстары аяқталған жоқ. Сол кездерде Жамбыл өңірінде атом электростанциясын салу жоспарланған болатын. Бірақ Қонаевтың арқасында Жамбыл өңірі аман қалды. Жалпы Дінмұхамед Қонаев Қазақстанды әлеммен байланыстырған алғашқылардың бірі болды. 1960 жылдары кеңестік партия делегациясының құрамымен бірге АҚШқа аттанады. Осы Қонаевтың керемет саясаты арқылы АҚШ, Италия, Жапония, Иран, Ұлыбритания секілді алпауыт мемлекеттердің ортасына жол ашылды. Сол кісінің көрегенділігімен, білімінің арқасында Қазақстан дүниежүзіндегі үлкен мемлекеттермен достық қарым-қатынас орнатты. Бәрін айтта бірін айт, ел арасында Дінмұхамед Қонаев қазақтың біртуар көшбасшысына айналды. Елдің бағына айналған азамат деп мен осы Дінмұхамед Қонаевты айтатын едім. 1986 жылы 11 желтоқсанда Дінмұхамед Қонаев зейнетке шығуына байланысты биліктен кетеді. Сонымен қоса, Горбачев екеуі тіл табыса алмаған. Қонаевтың орнына Горбачев Колбинді қояды. Бұны естіген қазақ жастары өздерінің наразылықтарын көрсетеді. «Қазақты қазақ басқаруы керек» деген сөздермен алаңға шығады. Қонаевтың алаңға шығуын талап етеді. Бірақ бұл әрекет көптеген кеңес үкіметінің азаматтарына ұнамайды. Олар оны үй қамаққа жала жауып жібереді. Уақыт өте келе, барлығы шешіліп, Қонаев заңды түрде зейнетіне шығады. Жастардың әрекеті Дінмұхамед Қонаевтың ерең еңбегін көрсетеді. Әр ғасырдың өзіндік бейнесі болады. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев бір ғасырда бір туатын азаматтардың бірі. Бұндай азаматтардың ерең еңбегі ел есінде сақталатыны сөзсіз.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Дінмұхамед Қонаев «О моем времени. От Сталина до Горбачова», 1992 жыл
2. Дінмұхамед Қонаев «Ақиқаттан аттауға болмайды» 2022 жыл



# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМІ

**Аскарова А.Ж., Нұртайқызы Д.**  
*Ақтөбе қаласы «№52 негізгі мектеп» КММ*

**Қ**азақ даласы қай заманда да, дарынды, ақылды адамдардан құр қалған емес. Адамзат тарихының әр ғасырында да, өз дәуіріне лайықты кемеңгер адамдар өмір сүрген. Бүгінгі өскелең ұрпақтың Қазақстан мәдениеті, ғылымы, рухани өмірі мен сол мәдениетті жасаушыларға деген қызығушылықтарының күн санап арта түсуінен де ұлтымыздың ұлы тұлғаларына деген сүйіспеншілігі мен құрметі анықталады. Сондай өз ғасырының біртума перзенттерінің бірегейі ретінде тарихтың алтын парақтарында өмір жолы мен қызметі хатталып, халқының жадында мәңгілікке сақталып қалған есім – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Д.А.Қонаев тұлғасына тереңірек бойлап, ауқымын жақсырақ түсіну үшін оның еңбек өмірбаянының кейбір деректеріне тоқталайық. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келген. Жас инженердің кәсіби жолы 1936 жылы «Мәскеу түсті металдар және алтын институтын» бітіргеннен кейін басталды, ол Балқаш құрылысына жолдама алды. Қарапайым машинистен кеніштің бас инженеріне дейінгі еңбек жолын өткеннен кейін Қонаев жоғары кәсіби басшы-өнеркәсіпші болды. 1938 жылы қарашада алғашқы балқаш мыс алынды. Д. А. Қонаев алғашқы мемлекеттік награда "Ерен Еңбегі Үшін" медалімен марапатталды. 1939 жылдың қыркүйегінде Д. А. Қонаев Риддер кенішінің директоры болып тағайындалды. Қысқа мерзім ішінде кеніштің жаңа директоры оны артта қалушылардан алдыңғы қатарға шығарып, өндіріс көлемін бірнеше есе арттырды. 1942 жылы сәуірде соғыс уақытында республика Үкіметі Төрағасының орынбасары болып тағайындалды. 1949 жылы Қазақстан коммунистерінің IV Съезінде партия Орталық Комитетінің мүшесі болып сайланды. 1948 жылы Д. А. Қонаев техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін диссертация қорғайды. 1952 жылы Қазақстан Ғылым Академиясының президенті болып сайланды. 1955 жылы наурызда Д.А. Қонаев республика Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып бекітілді. Осы кезеңде түсті металлургия, құрылыс-монтаж жұмыстары, геология, энергетика және т. б. министрліктер ұйымдастырылды. [1, с.15]

Дінмұхамед Қонаевтың қалыптасуы сталиндік дәуірдің қатал жағдайында, орталықтандырылған әкімшілік-командалық жүйе аясында өтті. Оның өмірі, бір жағынан, жалпы оптимизммен, ынтамен және халықтың социализм идеалдарына деген мызғымас сенімімен, екінші жағынан, шектен шығушылық, қуғын-сүргін, тоталитарлық жүйенің адам тағдырын трагедиялық түрде бұзатын күшті әміршіл шешімдерімен қатар жүрді. Ол республиканың бірінші басшысы ретінде Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына зор үлес қосты. Ол басқарған республиканың даму бағдарламасы өнеркәсіп өндірісін, ауыл шаруашылығын, қарқынды дамытуға бағытталды. Қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар республиканың табысты дамуы мен әлеуетін арттыруға мүмкіндік берді. Республика басшылығының сапасын арттыру мақсатында үш жаңа облыс ұйымдастырылып, мыңдаған елді мекендер пайда болды, оның ішінде 43 қала, соның ішінде өнеркәсіптік Балқаш, Теміртау, Рудный, Кентау және Екібастұз қалалары болды. [2, с.49]



Дінмұхамед Қонаев өз заманының ірі мемлекет қайраткері болды. Ол билікте болған кезеңнің қиын да күрделі болғанына қарамастан, ол өзінің қыруар еңбегін экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылымды, ұлттық мәдениет пен өнерді дамытуға жұмсады. Д.Қонаев Қазақстанның жоғары мемлекеттік және партиялық қызметтерінде бола отырып, адамның, республика халқының мүддесін, оның болашағын бір сәтке де ұмытқан емес.

Статистикалық деректер бойынша, Д. А. Қонаевтың қызмет еткен жылдары республиканың өндірістік әлеуеті 700% - дан астам өсті. Бейнелеп айтқанда, жеті Қазақстан қайта құрылды. Өнеркәсіп көлемі 9 есе, ауыл шаруашылығы - 6 есе, күрделі құрылыс - 8 есе өсті. Ол өзінің кең білімін, бай тәжірибесін Қазақстанның экономикасын, ғылымы мен мәдениетін дамытуға жұмсады. Сол кездегі барлық саяси көшбасшылар сияқты Д.А. Қонаев партиялық қызметтің барлық кезеңдерінен өтті, бастапқыда өндірісте жұмыс істеді, содан кейін партиялық жұмысқа көшті. Д.А. Қонаевтың саяси ұзақ өмір сүруі мен өміршеңдігін көптеген саяси зерттеушілер оның КСРО көшбасшысы Л.И. Брежневпен жеке достығы мен жақындығымен байланыстырады. Алайда, оның мінезінің, ақыл-ойының, психологиялық қоймасының, ақылдылығының, эрудициясының, ой-өрісінің және терең білімінің айрықша қабілеттері оны сол кездегі бірқатар саяси жетекшілерден ерекшелендіреді. [3, с.150].

Дінмұхамед Қонаев өз заманының ірі мемлекет қайраткері болды. Ол билікте болған кезеңнің қиын да күрделі болғанына қарамастан, ол өзінің қыруар еңбегін экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылымды, ұлттық мәдениет пен өнерді дамытуға жұмсады. Д.Қонаев Қазақстанның жоғары мемлекеттік және партиялық қызметтерінде бола отырып, адамның, республика халқының мүддесін, оның болашағын бір сәтке де ұмытқан емес.

Көшбасшының ең маңызды қасиеті-әңгімелесушіні өзіне орналастыру мүмкіндігі. Бұл қасиетті Д. А. Қонаев толық иемденді. Д. Қонаевтың мінезінің айрықша ерекшелігі-оған жеке жүгінген адамның орнына өзін қою мүмкіндігі болды. Ол Республиканың алғашқы көшбасшысы ғана емес, сонымен бірге, халық пен жастардың рухани тәлімгері болды. Д. А. Қонаев, барлығы сияқты, өмірден ләззат ала білді, қиындықтар мен қиыншылықтарды абыроймен жеңе білді. Кез келген адаммен және жалпы республика азаматтарымен қарым-қатынаста әдептілік танытты. Ол мәдениет, өнер, ғылым және әдебиет қайраткерлеріне ерекше көзқараста болды. Ол оларға үнемі әкелік қамқорлығын көрсетті, олардың қажеттіліктері мен сұраныстарын қамтамасыз етті. Бірнеше рет ол республикада ғылым мен мәдениетті дамыту мәселелерін әртүрлі деңгейде көтерді. Қазақ әдебиеті мен өнерін әлемдік мәдениеттің үздік жетістіктерімен байыту қажеттігі туралы бірнеше рет айтқан. КСРО құрамына кірген ірі республиканың басшыларының бірі ретінде Д. А. Қонаев шетелде де кеңінен танылған болды. Үндістанның көрнекті мемлекет қайраткері Джавахарлал Неру Қонаевтың жеке басының ауқымын жоғары бағалады: «Мейірім-шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ. Сол халық — қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты. Сол перзент – Дінмұхамед Қонаев. Бізде екі ұқсастық бар екен. Бірі — қарапайымдылықтарымыз қалай аумаса; жасыл желекке оранған Алматы біздің Кашмирмен егіздің сыңарындай ма деп қалдым. Ғажап!» [4, с.87]

Д.А. Қонаевтың қолдауымен тәуелсіз Қазақстанның дамуында орасан зор еңбек сіңірген басшылар мен мамандардың тұтас бір буыны өсіп шықты. Солардың бірі – Тұңғыш Президентіміз, Елбасы, Тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы, жаңа астананың құрылысшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев еді. Д.А. Қонаевтың өмір жолы оңай болған жоқ. Биліктің биігіне жеткен ол жалпақ тілмен жұмыстан босатылды. Біраз уақыт оның есіміне баспасөз беттерінде жала жабылып жүрді. Бірақ ол барлық сынақтардан абыроймен өтті. Қонаев биліктің жұмыс істеу технологиясы мен ерекшеліктерін жақсы білген, көзі тірісінде көп нәрсені көрген. Ол Сталиндік кезеңнен аман өтті, социализм-



нің әртүрлі кезеңдерінде елдің қалыптасуына үлес қосты. Ол сондай-ақ, Кеңес Одағының күйреуін, коммунистік идеологияның құндылықтарын өз көзімен көрді. Д.А.Қонаев тәуелсіз Қазақстанның құрылуының куәсі болды, оның жетістігіне шын жүректен қуанды. Ел дамуына сіңірген еңбегі үшін үш рет Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Ол сегіз Ленин орденімен және басқа да, соның ішінде шетелдік марапаттармен марапатталған. Қазақстан халқының есінде мемлекет қайраткері ғана емес, ғылымның ірі ұйымдастырушысы, инженер-металлург ретінде де қалды. Қонаев есімі халық арасында үлкен құрметке ие. Д.Қонаев қайсар мінезді, мақсатты, жігерлі адам еді. Ол жас кезінде өзі үшін қалыптастырған өмірдің берік қағидаларын бұлжытпай орындады.

Қиын уақытта өз халқының адал ұлы болып қала алған Қазақстанның ұлы азаматы Д. А. Қонаев 1993 жылы 22 тамызда 82 жасында қайтыс болды. Дінмұхамед Қонаев XX ғасырдың Қазақстан тарихында өзінің лайықты және құрметті орнын мықтап алғаны сөзсіз. Д. А. Қонаевтың есімі ризашылық білдірген халықтың есінде мәңгі қалады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Государственная этнополитика Казахстана: новые тренды: Методическое пособие / Под общ. ред. Е.Л. Тугжанова. – Астана: Академия государственного управления при Президенте Республики Казахстан, 2011. – 204 с.

2. Рыбников Александр. Д.А. Кунаев – гордость и совесть казахского народа // Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве / Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.41-57.

3 . Кунаев Д.А. Советский Казахстан. – М.: Политиздат, 1978. – 150 с.

4 . Неопубликованное интервью Д.А. Кунаева // Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве / Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.87-91.



# XX ҒАСЫР АЛЫБЫ – ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ

**Дүйсенғалиев Т.Т.**  
*Ақтөбе облысы Ойыл ауданы*  
*«Саға мектеп-балабақшасы»*

«Дананың данасы мың жылда бір туар, Ұлының ұлысы жүз жылда бір туар» деп көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы айтуға болады. Халқы қадірлеп сыйлап өткен, еңбектерін қастарлеген пір тұтар азаматтардың бірі болды. Халқының қалаулысы, елінің елеулісі болған Қазақстан тарихындағы алып тұлғалардың бірі болып қалды.

Дінмұхамед Ахметұлы 1912 жылы 12 қаңтарда қазіргі Алматы қаласында дүниеге келген. 1930 жылы Алматы қаласындағы № 14 мектепті бітіреді. 1925-1933 жж. Голощекиндік басқару жылдарында «Қазақ даласындағы» ашаршылық пен демографиялық апатты өз көзімен көрген азамат еді. Болашақта ол қазақ ұлты және Қазақстан тұрғындары мұндай жағдайға ұшырамайтынын айтқан. Дінмұхамед Ахметұлы тау-кен инженері болуды арман еткен. Бұл мамандықты таңдаудың бірінші себебі, тау-кен ісімен шұғылдану КСРО құрамындағы Қазақ АКСР-інде өте сирек жағдай болса, екіншіден, бұған Дінмұхамед Ахметұлы тұңғыш қазақ инженері Мұхамеджан Тынышбаевты жасөспірім кезінен ерекше құрмет тұтуы себепкер болған. 1931-1936 жж. Мәскеудің Түсті металдар және алтын институтында оқыды. 1936 жылы мамандығын тамамдап, тау-кен инженері мамандығын алып, Қазақ КСР-інің Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кенішіне жұмысқа жолдамамен жіберіледі. Ол кезде Қазақ КСР-інің басшысы, БКП Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Л.И. Мирзоян болатын (1933 ж. қаңтар – 1938 ж. мамыр). Қазақ КСР-інің басшысы, БКП Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Л.И. Мирзоянның тұсында ауылдағы колхозшы шаруаларға жеке мал ұстауға рұқсат берді. Халық талаптылары мен дарындыларын қолдау, қаламгерлердің тұңғыш форумын ұйымдастыру, қазақ өнерінің КСРО-ның астанасы Мәскеудегі онкүндігін өткізу, қуғын-сүргіннен арашалау сияқты қадамдары арқылы мәдениеттің дамуына үлес қосты.

1937-1939 жж. Дінмұхамед Ахметұлы Қоңырат кенішінде бұрғылау цехының бастығы қызметін атқарды. Осы кезеңде Қазақ КСР-інің басшысы, БКП Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Л.И. Мирзоян қуғын-сүргінге ұшырап, орнына Н.А. Скворцов (1938 ж. мамыр – 1945 ж. мамыр) келіп басшылар ауысты. 1939 жыл Дінмұхамед Ахметұлы үшін өте жемісті әрі сәтті жыл болды. Біріншіден, «Алтай-полиметалл» комбинатының Риддер кеніші басқармасына директор болып тағайындалады. Екіншіден, өмірлік жары Зухра Шәріпқызымен некелеседі. Үшіншіден, КОКП (Кеңес Одағының Коммунистік Партиясы) мүшелігіне қабылданады. Алғашқы еңбек жолы Балқаш, Алтай, Риддер, Ленинагор кен орындарында басшы қызметін атқарғаннан кейін Дінмұхамед Ахметұлының қызметі одан әрі жоғарылай түседі. Еңбекқордың ерені ілгерілеп, өркені өркендеп Дінмұхамед Ахметұлы 1942-1952 жж. Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қызметін атқарады.





Н.А. Скворцовтың атқарған істеріне тоқталып өткен дұрыс деп есептейміз. Ол қолынан іс келетін, талпынған қазақ мамандарын өз уақытында көріп, тани білді. Ж.Шаяхметов, І.Омаров, Н.Оңдасынов, Ә.Қазақбаев, Д.Қонаев секілді қабілетті адамдарды жоғары қызметке қою, осы басшының тұсында жүзеге асты.

Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшысы Г.А. Борков Мәскеудің яғни, Орталықтың ұйғарымымен жіберілген бұл адамның есімі қазақстандықтарға тіптен таныс емес еді. Сондықтан да республикамызды бір-ақ жыл басқарып, басқа жаққа қызметке орналасып, оның қандай да бір қолға алған ісі жұртшылықтың есінде сақталып қалған жоқ. Оның басшылығы Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңге келіп түсті. Барлық Одақтас республикалардың халықтары қиналып жатқан кезеңде де басқару оңай емес еді. Неге Г.А. Борков жөнді басқара алмады? Себебі, ол өте ұзақ уақыт комсомол, партия жұмысында жүрген ол шаруашылық науқандарынан, өндіріс орындарының үлкен мектебінен өтпеген болатын.

Қазақ КСР-ін бір жылдам астам уақыт басқарған Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшысы Г.А.Борковтың орнына 1946 жылы маусым айында Ж.Шаяхметов келді. Бұл басшының тұсында Дінмұхамед Ахметұлының 1949 жылы «Қоңырат мыс кенішін қазу» атты ғылыми еңбегі жарыққа шықты. 1952 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі және Президенті болып сайланды. Қазақстан КП Орталық комитетінің бірінші хатшысы Ж. Шаяхметов КСРО-ның бірінші хатшысы Н.С.Хрущевтың тың және тыңайған жерлерді игеру саясатына қарсы шыққаны үшін, оны қолдамағаны үшін қызметінен 1954 жылдың ақпан айында босатылды. Оның орнына П.К. Пономаренко келді. Оның қызметі де ұзақ уақытқа жалғаспай 1955 жылдың тамыз айында орнына Л.И.Брежнев келді. Осы уақытта Д. Қонаевтың қызметі Қазақ КСР Ғылым Академиясында жалғасып жатты.

1955-1960 жж. Дінмұхамед Ахметұлы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып қызмет атқарады. Көрсетілген бес жылдың ішінде Қазақстанда үш басшы ауысып үлгерді. КСРО-ның бірінші хатшысы Н.С. Хрущевтың тұсында Қазақ КСР-і партия басшыларының ойын аймағына айналды. Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметіне кезекпен Л.И. Брежнев (1955 ж. тамыз – 1956 ж. наурыз), И.Д. Яковлев (1956 ж. наурыз – 1957 ж. желтоқсан), Н.И. Беляев (1957 ж. желтоқсан – 1960 ж. қаңтар) келді. Осыдан кейін Дінмұхамед Ахметұлы Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындалып 1960 жылдың қаңтарынан 1962 жылдың желтоқсанына дейін қызмет атқарды. Ол Өзбекстанға мақталы аудандарды қосуға қарсы болғаны үшін билік тізгінін И. Юсуповқа беріп, қайтадан Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалды. И. Юсуповтың тұсында Қазақстанның 3 миллион 500 мың гектар жері Өзбек КСР-іне өтіп кетті. Қазақ КСР-і экономика жағынан құлдырап, елде Ұлы Отан соғысынан кейін болмаған жағдай қалыптаса бастады. Сонымен қатар Қазақ КСР-інің Алматы облысы аймағында «Ұйғыр автономиясы құрылады» деген қаңқу сөздер осы И. Юсуповтың тұсында таранды. Оның үстіне ол автономияның орталығы Алматы қаласы болады деген қауесет елді дүрліктірді.

1964 жылы КСРО-ның Коммунистік партиясының бірінші хатшысы қызметінен Н.С. Хрущев босатылып, орнына Л.И. Брежнев келді. Оның келуімен Дінмұхамед Ахметұлының қызметі жоғарылап, қайтадан Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметіне тағайындалып, 1962 жылдың желтоқсан айында И. Юсупов қызметінен босатылды. 1962 жылдың желтоқсан айынан Дінмұхамед Ахметұлының елі үшін, халқы үшін нағыз еңбегі басталады. Ол Қазақстанның Кеңес Одағындағы рөлін нығайтты. Павлодар қаласын Хрущевград деп өзгертуден, Маңғыстау облысын Түркмен КСР-іне беруден сақтап қалды. Өзбек КСР-іне өтіп кеткен қазақ жерінің қомақты бөлігін қайтарып алуға қол жеткізді. Ақын О. Сүлейменовпен «диссидент» жасауға тырысқан М.





Сусловтың әрекетіне тосқауыл берді. Қазақ КСР-інің картасында Торғай, Жезқазған, Маңғыстау, Талдықорған сияқты жаңа облыстардың ашылуы осы кісінің еңбегімен тікелей байланысты. Мәдениет саласы да дамып жатты. Жаңа қазақ фильмдері түсіріліп жатты, 12 томдық энциклопедиясы жарық көрді, Алматы қаласында бірнеше жаңа архитектуралық нысандар бой көтерді, Қазақ КСР-і бойынша қырықтан астам қалалар мен қалашықтар тұрғызылды.

Д.Қонаев басқарған кезеңін тарихшылар мен саясаткерлер, философтар міндетті түрде ескеруі керек. Біріншіден, Қазақ КСР-і КСРО-ға құрамында болып, барлық саяси, экономикалық мәдени шешімдер Мәскеуден шешілетін. Ағамыз Мәскеудің тілін таба білді. Екіншіден, тың және тыңайған жерлерді игеруге шеттен көп келген мамандар жұмысшылар келген болатын. Ол кезеңде басқа басшылар болатын. Д.А.Қонаев кінәлі емес. Себебі, шеттен келген мамандар Қазақстанның солтүстік аймағын басып кетті. Әрине, олар балаларын қазақ мектептеріне бермей, орыс мектептеріне берді. Қазақ мектептері мен қазақ басылымдарының біртіндеп жабылуына Мәскеудің ұйымдастырған миграциялық саясаты себепкер. Салыстырмалы түрде алып қарасақ, бүгінгі уақытта, яғни 2014-2016 жылдардың аралығында Қазақстанды алып қарасақ, дүниеге келіп жатқан перзенттердің 73%-74% қазақ балалары, сырттан көшіп келіп жатқанның басым көпшілігі қазақ ұлты. Осының әсерінен қайта қазақ тіліндегі мектептер өсіп, орыс тілді мектептер жабылып жатыр. Оларды күштеп ешкім жапқан жоқ. Сол сияқты Д.А. Қонаевтың тұсында қазақ мектептерінің жабылуына біріншіден миграциялық және демографиялық саясат себепші. Екіншіден, Мәскеудің отарлық сұрқия саясаты болды.

1986 жылы желтоқсан айында Мәскеудің шешімімен Д. А. Қонаев қызметінен босатылып, оның орнына Г.В.Колбин тағайындалды. Жаңа басшының келуі, халық тарапынан қарсылыққа ұласты. Мәскеу мұндай оқиғаға дайын болған екен. Себебі, көтерілісті басу үшін «Бұрқасын» шұғыл операциясы әзірленген еді. Нәтижесінде халық зардап шекті.

1987 жылы 26 маусымда өткен пленумда Д.А.Қонаев «Қазақстан Компартиясы ОК-нің I хатшысы болғанда республика партия ұйымын басқарудағы жіберген қателіктері үшін» деген сылтаумен КОКП ОК-нің мүшелігінен босатылды.

1992 жылы Алматы қаласында Халықаралық Д. А. Қонаев атындағы қоры құрылды. Осы жылы Дінмұхамед Ахметұлының «О моем времени» атты кітабы жарыққа шықты. Ол қазақшаға аударылды, «Өтті дәурен осылай» деген атпен оқырман қауымға жарияланды.

1993 жылы 22 тамызда Дінмұхамед Ахметұлы дүниеден озды.

Қорытындылай келе, Дінмұхамед Ахметұлы еліне, жеріне адал қызмет еткен азамат болды. Нағыз үлгі тұтар, болашақ жастарға еңбекқор азамат ретінде танылды. Халық оны «Ғасыр алыбы», «Жарық жұлдыз», «Өз заманының арыстаны», «Бір ғасырда бір туатын дара тұлға» деген әртүрлі теңеулермен айтатын. Ол Мәскеудің әрбір қадамын алдын ала сезіп, біліп отыратын көреген кісі еді. Сонымен қатар ағамыз кітаптарды жақсы көретін, арнайы отбасылық кітапханасы болатын. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтің есімі ел аузында, халық арасында, тарих пен әдебиет беттерінде мәңгі қала берсін.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақстан тарихы» ғылыми-әдістемелік журналы 2019ж, №2
2. «Егемен Қазақстан» газеті 2022ж.
3. «Қазақ тарихы» журналы



# ҰЛТ МҮДДЕСІН ОЙЛАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

**Адаева Ақзат Нұрланқызы**

*Ақтөбе қаласы «№55 орта мектеп-гимназия» КММ*

**Б**іздің Отанымыз өзінің кең құшағында небір біртуар тұлғаларды тудырған құтты мекен. Тарихымыздағы сондай тұлғалардың бірі, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев. Еліміздің Кеңес Одағы тұсында дамуына үлес қосып, халықтың ықыласына бөлене білген азаматтың туылғанына биыл 110 жыл толған екен. Қазіргі өсіп келе жатқан кіші буын ретінде біздің міндетіміз - осындай кемел тұлғалардың ізін жалғастырып елге қызмет ету, олардың атын таныту, ғұмырын үлгі ету болып табылады.

Өзінің еңбек жолын қарапайым жұмысшы болып бастаған тұлғаның "Ұлт өзінің мүддесін қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой, біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек." деген ойларынды үлкен мағына бар. Шыныменде, тарихқа қарасақ, біздің қазақ халқы көп қиындықты жеңіп шығып, аман қалған ұлт. Ендігі біздің мақсатымыз, осы сақтап қалған мәдениетімізді, рухымызды жоғалтып алмау болып табылады. Осылай деп пікір білдірген Қонаевтың Қазақстанның қалыптасуынан бастап, өсіп-өркендеуіне дейінгі өмірін, даму жолын саралап, бағалаған "Ақиқаттан аттауға болмайды" деп аталатын естелік-эссесі бар. Автор осы еңбегінде өз өмірінің көпшілікке беймәлім тұстарын баяндайды. Басында "Өтті дәурен осылай" деп аталған Дінмұхаммед Қонаевтың бұл еңбегі қазіргі уақытта тарихтың беймәлім тұстарын ашуда таптырмас мұрағат деуге келеді. Себебі, бұл эсседе еліміздің 50 жылдық мәдени-тарихи, экономикалық тіршілігі жан-жақты әңгімеленген. Осыдан ақ оның өз еліне көрнекті басшы бола білгенін байқаймыз. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері А.Асқаров: "Қазақстанның өрлеу мен гүлденудің ең жоғарғы дәрежесіне жеткен кезеңі Қонаев билік басына келген жылдар. Қонаев өте сауатты басшы бола білді. Кез келген мәселені шешуде үнемі батылдық пен көрегендік танытып отыратын тұлға болды." деп Д.Қонаев туралы пікір айтқан.

Д.Қонаевтың бізге жеткен тағы елеулі еңбегі "От Сталина до Горбачева" деп аталды. Бұл еңбегінде ол бірнеше тарихи дәуірлердің оқиғасын қамтыған ерекше бай өмір туралы айтады. Бірінші бөлімде автор өзінің балалық шағы мен отбасы, оқу жылдары және еңбек қызметінің басталуы туралы айтады. Екінші бөлім сол жылдардағы республика өміріне арналған. Автор, сонымен қатар, Хрущев, Косыгин, Брежнев, Горбачев сияқты саяси және мемлекет қайраткерлерін еске алады. Үшінші бөлімде бүгінгі күннің проблемалары қамтылған. Бұдан бөлек, қоғам қайраткерінің «Кеңестік Қазақстан», «Таңдамалы сөздері мен мақалалары», «О моём времени» деп аталатын еңбектері бар.

Халықты қарапайымдылығымен, елді ұлтжандылығымен сүйсіндірген тұлғаның тарихымызда алатын орны өте зор. "Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім." деген сөздерінен-ақ ол кісінің өз ұлтын сүйген нағыз патриот екенін аңғаруымызға болады. Тіпті, жар ғұмырына арнап жазған еңбектерінің бірсыпырасы Қазақстанның даму тарихын бейнелейді.



Шиырып айтсақ, күрделі, тұсаулы қиын уақытта басшы болған бұл адамның қай істе де Қазақ елінің алдында сіңірген еңбегі талассыз. Оның қызметінің нәтижелері отандастарымыздың келесі ұрпағы үшін де жемісті болатыны анық.

Өте қиын заманда өмір сүрсе де, халықпен бірге ауыртпалықты көтере білген Ұлы Даланың ұлы тұлғаларының бірі Дінмұхаммед Қонаев деп сеніммен айта аламыз.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Елу жыл ел ағасы. – Алматы: «Санат», 2002.
2. Д.Қонаев Өтті дәурен осылай. – Алматы: «Санат», 1992.
3. Д.Қонаев Ақиқаттан аттауға болмайды. – Алматы: «Санат», 1994.
4. Р.Көмекова Ұлы адамнан ұлағат. – Алматы: «Айкос», 2000.
5. М.Ақуев Рядом с первым. Алматы: «Санат», 2004.
6. Б.Тілегенов Тұйық өмірдің құпиясы. – Алматы: «Дәуір», 1992.
7. Дінмұхамед Қонаев және оның әріптестері. – Алматы, 2008.
8. О.Қауғабай Таңғажайып Қонаев. – Алматы: «Қазығұрт», 2008.



III БӨЛІМ  
МҰХИТТАН ӨТКЕН ҚАЙЫҚ





# БАЛАЛЫҚ ШАҚТАН БАСТАУ АЛҒАН АСҚАҚ АРМАН

**Садыкова Бибігүл Хайруллақызы**  
*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,  
орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Д**інмұхамед Ахметұлы Қонаев - көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ғылым Академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, қазақтың маңдайына біткен адал басшы, өмірбаянына сызат түспеген аңыз Адам. Аты аңызға айналған, тарихтың жарқын беттерінен орын алған Дінмұхамед Қонаевтың ұлы тұлға болып қалыптасуына рух беріп, әсер еткен, балалық шағынан бастап, тұлға болып қалыптасуына қандай факторлар әсер еткені туралы зерттеу - кез келген елін сүйетін, батырын сыйлайтын оқырманға қызық болары сөзсіз.

1912 жылы 12 қаңтарда, қасиетті жұма күні, Верный қаласында Қонаевтар отбасында үшінші перзент дүниеге келді. Ол болашақтың кемел тұлғасы - Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев еді. Дінмұхамед Қонаевтың атасы Жұмабай Мекке мен Мединаға қажылыққа барған діндар кісі, ал әжесі Хадиша діни ұстанымы бар отбасынан шыққан. Сондықтан болар, дүние есігін ашқан нәрестеге Дінмұхамед деген есім берілген. Атасы Жұмабай көп уақыт ауырып, өмірден озады, бірақ өлер шағында Димаш немересін шақырып алып: «Сенің маңдайың кең, көзің үлкен, ашық; сен ел басқаратын тұлға боласың! Адамгершілігің мол болсын, әрқашан мейірімді бол!» - деп өсиет айтқан екен.

Д.Қонаевтың естеліктері бойынша үйлеріне жақын жерде мешіт болған, әкесі жұма күндері баласын ертіп осында келетін әдеті болған екен. Сол кезде кішкентай Димаш мешіттің биігіне шығып, қаланы биіктен қарағанды ұнататын. Ол кезде Алматы қаласы кішкентай, бірақ қала тіршілігі қазандай қайнап жататын: тау жақтан Арық көшесі (қазіргі Абай проспектісі), солтүстіктен - Алматы-2 стансасы, батыста - Көктем, шығыста - үлкен көпір, төменде өзен ағып жатыр. Олардың айналысында базарлар, сауда нүктелері, асханалар, ыстық тамақ, шелпек тасыған бір адам.... Осының барлығы бала Димашқа қызық; қаланы алыстан қарап, небір қиял армандарға берілетін.

Димаштың әкесі Мінліахмед мата сату кәсібімен айналысқан саудагер болған. Кәсібіне байланысты Петербор, Мәскеу, Тифлис, Тәшкент, Қазан, Пішкек сияқты ірі қалаларға жиі сапарларға шыққан, сондықтан болар, қазақша, орысша сауатты оқу-жазуды білетін білімді адам болған.

1918 жылы Димаш Алматыдағы №19 Чернышевский атындағы мектептің 1-сыныбына барады. Мектепте оқыған жылдары туралы оның кластасы, қазақ би өнерінің шебері, атақты Шара Жиенқұлованың естеліктері бар. Онда «Димаш ақсары, бойшаң, үнемі күлімдеп жүретін өте әдепті бала болатын» делінген.

Балалық шағын есіне алғанда Д.А.Қонаев «Алматыда адамдар көп баратын, жиі бас қосатын кинотеатрлар баршылық. Бірақ қалаға жылжымалы цирк келген күндері кинотеатрлар босап қалатын. Әсіресе, атақты



палуандардың өнерлерін тамашалауға баратынбыз. Әйгілі қазақ күш иесі Қажымұқан Мұңайтпасов келгенде жұрт бәрі «ішкен асын жерге қойып» сонда жүгіретін».

Д.Қонаевқа жақсы әсер еткен нағашы ағасы Ахметжан - Жетісу қазақтарының арасында комсомол ұйымын бастаған белсеңді тұлға болған. Сол кісінің бастауымен Д.Қонаев 1927 жылы комсомол қатарына өтеді. Өмірінің соңына дейін Қонаев нағашы ағасын ыстық ықыласпен есіне алып отыратын.

Мектепте оқыған жылдардан бастап, Д.Қонаев тау-кен инженері болуды мақсат етіп, институтқа түсу үшін жұмыстан кейін, кешкілік уақытта өтетін дайындық курстарына қатысады.

«Сталиннен Горбачевқа дейін» кітабында Дінмұхамед Қонаев мамандық таңдауында Тынышпаев Мұхамеджан деген ең алғашқы қазақ инженер-теміржолшының өмір жолы мен еңбектері қызықтырғанын баяндайды. Мұхамеджан Тынышпаев - шынында да үлгі тұтарлық тұлға. Ол - қазақ халқының тарихында ірі қайраткер, «Алаш Орда» мүшесі, Ресейде жүріп білім алған қазақтан шыққан алғаш инженер-теміржолшы. Ол кісі -Түркісіб құрылысының жетекшісі. Түркістан автономиясының Премьер-Министрі болған. Д.Қонаевтың өзі М.Тынышпаевтың ұлы Ескендірмен өмірінің соңына дейін достық қарым-қатынасын сақтаған.

1931 жылы Д.Қонаев Мәскеудегі түсті металл және алтын институтының тау факультетіне түсуге жолдама алады. Сол жылы ол үлкен қалаға келіп, сол оқудың жатақханасына орналасады.

Сол жылдары институттарда әр демалыс сайын мәдени күндер өтетін: студенттер алдында сол уақыттағы атақты тұлғалары - ақын-жазушылар, әртістер, қоғам қайраткерлері шығып сөйлейтін. Д.Қонаев достарымен бірге сол адамдарға қарап тамсанып, өзінің болашақта елінің алдындағы міндеттерін көз алдына елестететін.

Д.Қонаевқа студенттік шәкіртақы тамақ пен киімге әрең жететін. Отбасынан көмек күтуге болмайтын. Себебі, халықтың барлығы да қиын жағдайда өмір сүріп жатқан еді: ашаршылық, елден жыраққа көшіп жатқан ағайындар. Осы тәріздес жайсыз хабарлар Д.Қонаевты қатты ойландырды. Орын алған жағдайлар көптеген студенттердің ұнжырғасын түсіріп, елге қайтуға мәжбүр етті.

Алайда, Д.Қонаевтың білімге деген құштарлығы, ата-ана сенімін ақтау үміті - мақсатына жету жолында ештеңе кедергі бола алмады. 1936 жылы ол Мәскеу институтын «үздік» аяқтап, тау-кен орындарын пайдаланудың инженері болып елге оралады. Осылайша оның еңбек жолы Қоңырат-Балқаш құрылысынан бастау алады.

Аңыз адам Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың табандылығы, білімге деген құштарлығы, алдына қойған мақсатына жетелеген қайсарлығы, ата-бабасының өсиет сөздері оның еңбек жолында абырой беріп, ел алдында есімін асқақтатып, көп жылдар басшылық жұмысын мінсіз атқаруына жол ашты.

Сөз соңын алып тұлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев «Айналайын ақпейіл жұртым» кітабына өзі жазған мына сөздерімен қорытындылаймын: «Ұлылықты жердің кеңдігімен, таудың биіктігімен, теңіздің тереңдігімен өлшемеу керек. Тіпті ел байлығы, жер асты қазынасы да таразы басын тарта алмайды. Елдің елдігін танытатын, тарихын жасайтын - артына өшпес із, өлмес мұра қалдырған ұлы перзенттері». Сөзі мен ісін жұптастырған, артына өлмес мұра қалдырған, өмірі өнеге болған ұлы перзент дәл өзі - Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Ер есімі - ел есінде...

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Д.Қонаев «От Сталина до Горбачева». Алматы. «Қазақ университеті» 2012 жыл.
2. Д.Қонаев «Ақиқаттан аттауға болмайды» Алматы «Үш қиян» 2021 жыл.
3. Д.Қонаев «Айналайын ақпейіл жұртым» Алматы. «Қазақ университеті» 2012 жыл.
4. I.Есенберлин. «Мұхиттан өткен қайық» Алматы «Книжный клуб» 2021 жыл.





# ҰЛТЫ ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА

**Мураталиева Индира Сериковна**

*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,  
бастауыш класс мұғалімі*

**Т**ұңғыш елбасымыз Н.Ә.Назарбаев: “Ұлтымыздың ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол, ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас бір дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған”, – деп тұлғалардың тарихтан алар орнын ашып көрсетеді. Асылында, өткеннің ізінде қалай құрылды, яки қалай ел болғанымыздың жауабынан өзге, тағылымы бөлек тұлғалардың жүрген жолы мен өмірлік ұстанымы біздер үшін сайрап жатады. Абай «дүниеқоңыз» еткен Македонскийдің өзі Аристотель ұстазына қарыздар екенін өсиет етсе, Димекең ұлтына бас иіп, нары да, бары да халық екенін және оған өмірлік қарыз екенін баса айтқаны немен теңесер? Қаншама тарихтың парағын ақтарып, өрліні де, өршілді де көріп тамсансанып жатамыз, бірақ еміренген халқының алдында өзін бірнеше саты төмен ұстаған хан да, қара да саусақпен санарлық. Соның бірінші санында алтын қаріппен Дінмұхамед Қонаевтың тұратындығы кеудеге мақтаныш отын маздатары сөзсіз.

Адамды адам ететін – қасиет. Тарата айтсақ, қарапайымдылықтың шын символын бойға сыйғызу әсте мүмкін емес. Себебі, сәл атақ пен мансаптың буына мастанып жаңылыссаң, пендешілікке салып, өзімізді ақтауға тырысатынымыз тағы бар. Алайда, Димекеңнің өң бойынан қолдың кірі, еритін мұз деп шендестіріп жүрген мансаптың да, атақтың да исі білінбес.

Адам ұрпағымен мың жасайды. Қандай да бір ұлт өз шеңберінде болашағы мен болар шағының келешегіне алаңдаушылық білдіріп, қайтсек егемендік пен елдіктің туын жықпайтын игі ұрпақты тәрбиелеп шығарамыздың жауабымен арпалысып келеді. Оған себеп бұл – тоқтаусыз процесс болғандығында. Тұлға болып қалыптасу жақсы орта, жақсы білім, жақсы тәрбиемен қалыптаспайтыны әлімсақтан дәлелді жәйт. Сол үшін әр адам өзіндік із қалдыру үшін жүрілген із және сүрілген ғұмырдан сабақ іздейді. Бұл факт жекелей тұлға дамуында ғана емес, білім берудегі саналы ұрпақтың негізін қалауда басшылыққа алынуы тисіті негізгі фактор.

Елу жыл ел ағасы болған Дінмұхамед Қонаевтың еңсеріп өткен жылдары мен жолдары көпке насихатталудан жалықтырмайтын дүние. Қазбаланып, жаңа парақты ашқан сайын шын таңданып, шын таңырқап, шын мақтанумен боласың. Айтылған естеліктер мен жазылған өсиетнамалардың



сиясын өмірімізге азық етсек, бізге шырмауы қиын сынақтарды еңсеру әсте оңай. Адамды адам еткен – еңбек. Болашақтың тұтқасын нық ұстар жас өскелең буынды тәрбиелеуді бүтіндей тұлғаның атқарған қызметімен ғана ұштастыру негізсіз. Мектебіміздің ардақты тұлғаның есімімен аталуы да тегін емес-ті. Тәрбие мен білімнің бастауы болған мектеп деген қара шаңырақта мемлекетіміз үшін айрықша процесс жүзеге асып жатқандықтан, білім алушылардың ой-өрісі, таным-түсінігі, қабілет-пайымы қашан да бірінші орында болуы шартты. Жоғарыда аталғандай білім беру үдерісінде болашақ ту ұстарылардың жалпылама өмірін ұлты сүйген ұлы тұлғалардың өмір иірімімен ұлықтау - біз үшін басты міндет. Тұлғалардан қалған ізгі құндылық – рухани азық. Жаны мен тәні тұншыққан елге қай жағынан іс қылсаң да пайдасыз болғанындай, өскелең ұрпағымыз үшін де біз еңсерген қаншама белестердің әр тамшысы құнсызданбауы қажет. Біз өткен жолдар да келешекке тарих. Болмаса, Димекең «бүгінгі күн - кешегі күннің шәкірті» демес еді-ау. «Мен Тәңір сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Жақсыны да көрдім. Жан ауыртқан күндерді де бастан кешірдім. Ол — менің ғұмырым. Бірақ бұл өмірді халықтан бөле-жара қараған емеспін. Халқым ат жалын тартып мінген азамат кезден алдыма қойған бар арман, бар мақсатпен еншілес болды. Саған қалтқысыз қызмет еттім. Аманатыңа адал болдым. Соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет етуден талмаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ. Ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын. Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес, жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсыр ет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма», — деген ұлт алыбының қалдырған қанатты сөзі кез-келген бас көтеріп, бой түзеген тұлға үшін өмірлік ұстаным болуға міндетті. Себебі, аталмыш ұстанымды ұсынған жанның халық алдында да, ар алдында да бірде-бір жаңылғанын, жаза басып, бас шайқағанын көрмедік. Айыбы су бетіне шықса арын жанының садағасы еткен әр қазақ үшін күні бүгінге дейін есімі ұлықталмас еді. Қарапайым ғана дәлел болсын, Димекеңнің есімі жарқ етсе жүзімізге жылы шырай еніп, көзіміздің нұрланатыны неден болуы мүмкін десеңізші?

Ұлт тарихын зерделеуде кейінгі өскелең ұрпаққа ата тарихымыз бен оны жасаушы тұлғалар туралы, олардың артында қалған мұрасы мен келелі ой-тұжырымдарын зерттеп-жеткізу, ұлт перзенттерін ұлықтау — абыройлы парыз.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Д.Қонаев «Өтті дәурен осылай»
2. «Елу жыл ел ағасы»
3. Б.Тілегенов «Тұйық өмірдің құпиялары»
4. «Даңқты адамдар» Дінмұхамед Қонаев



# ҒАСЫРДА БІР ТУАТЫН ТАРИХИ ТҰЛҒА

**Калдыбаева Мереке Сыдыковна**  
*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,  
бастауыш класс мұғалімі*

**Ғ**асыр – жүз жылға тең уақыт бірлігі. Әр өткен ғасырда жүрілген жолдар, еңсерген кедергілер, жеткен жетістіктер, көтере алған сынақтар, кернеген ар, намыс, ұят сынды құндылықтарға қарай отырып, замандастар мен келер ұрпақтың берер бағасы айқындалады. Жоғарыда аталған тұжырымдамалардан аса түсіп, ел жолында күні бүгінге дейін аңыз боп айтылып жүрген бір ғана қасиетімен дараланған өршіл тұлғаның ашылмаған сыр сандығы мен қазылмаған тарихнамаларының өзі арада сан мың ғасыр өтсе де өз құндылығын жойған емес-ті.

Ширек ғасырға жуық уақыттың таразысына үңілсек, адамды адам ететін мінез бен қасиеттің туралығы. Халқымызда қаншама елінің маңдайына бітіп, ұлтының ұйытқысына айналған адуынды жандардың бар болуы еліміздің соры емес бағынан. Себебі, сол қасқайып қарсы тұрған рухтың бекемдігі арқылы дәл қазіргі сәтте олар жайында ақ парақты сиямен өрнектеп отыра алар күйдеміз. Қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек деп алпауыт империялармен теңестіре қарап, мәңгілік ел болудың стратегиясын тек қазақтың жаны мен тәніне біткен рух пен ар арқылы өлшегендегі шеберліктің нәтижесі. Сол шеберлік пен көзсіз ерліктің нәтижесінде отыз жыл көк туы жерге жығылмаған азат ел болып отырмыз. «Көп жағдай қандай бір елеусіз қылық, орнын тапқан бір ауыз сөз немесе әжуа-әзілдің өзі ... адамның мінезін айқын ашып береді», деп бекер айтылмайды. Оған дәлел Қонаевтың халық жадында мансаптағы жетістігімен емес, қарапайымдылығы мен парасат пайымының тереңдігімен есте қалуы. Сол себепті де Қонаев – ғасыр перзенті.

Адам жасаған жақсылығымен мың жасайды. Бұған дәлел Қонаевтың қазақ жастарын қалаға орналастыру, Алтын адамның әлемге таныту ісі, қаншама қазақ зиялыларының ауыр жазадан аман қалып, еңбектерінің бүгінгі күнге дейін жас буынның қолында жалғасуы сықылды тоқтамы жоқ игі бастамалардан қалған ыстық естеліктердің бірін ашсаң, мыңына малтисың. Жылдан жылға емес, ғасырдан ғасырға ізін жалғаған өр тұлғаның жалпылай өмірінен түйер ұстанымдардың бағасы еш нәрсемен салыстыруға келмейді.

«Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің кетеді» Қазақ «Сақтасаң қасиетсіздіктен сақта» деп қолын жоғары көтеріп жататыны бар. Асылында ар алдында әр адам таразысын сайлап тұруға міндетті. Қазақтың «Жаным - арымның садағасы» деуінің парқын кейде жәй топшылап жатамыз. Өткен жолға бір бұрылып қарамас бұрын хакім Абайдың сөзімен қолдағы кірпішімді дүние жолында дұрыс қаладым ба деген сауалдың жауабын іздеуге тырмысу керек. Асқан адалдық пен шексіз мәрттіктің символына айналып, қазіргі буынның ғана емес, келешек өсер ұрпақтың жадында Қонаев



есімі мәңгі ұлықталуы шартты. Қазақпын деп кеуде көтерген әрбір патриоттың санасында ғана емес, өмірлік ұстанымының бір сиясы адам болудағы басты қағидат тек қана мансап, атақ, білімнен бөлек қасиетпенде өлшенетінін ұғынуы қажет. Дінмұхамед Қонаев қолында мансап, билік, атақ, білім болмады дегенге кімді сендіресіз? Ал, аталмыш дүниелердің қолда ғана емес, тарихтада ойып орын тебуі үшін үйлесімділіктің шебері болу қажет. Адам танығың келсе, қолына билік бердің қадірі жоғалғалы қашан...

«Қонаев — ұлттың Ары мен Намысы! Қонаев — ұлттың рухы мен Иманы! Қонаев — қазақтың Қанағат мектебі, Адалдықтың өлшемі» «Халыққа бақ туған перзентінен беріледі» деген даналық бар. Оған себеп, ел билеуші мен биліктегінің халық үшін қаншалықты жаны ашитындығының дәлелі атқарылған игі бастамалардан көрініс табады.

Ғасырда бір туатын тарихи тұлғаның әр жүріп өткен тарихи тағылымы болашақ үшін өз өміршеңдігін жоғалтпайды деп сенемін.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қонаевтың Алакөлге соңғы сапары : естеліктер, күнделіктер, толғамдар / Ж. Жұманов; сый Ғ. М. Мұтановтан. - Алматы : Баянжүрек, 2011. - 222, [2] б.
2. Кемеңгер Қонаев : естеліктер, эссе, өлеңдер / құраст. Б. Әжібеков ; ред. алқасын басқ. Д. Мыңбай ; жауапты ред. А. Қылышбайұлы. - Алматы : Халықаралық «Дала» журн. кітапханасы, 2003. - 392 б.
3. Қонаевпен сырласу : «Желтоқсан эпопеясы» атты деректі кітаптан алынған бөлім / М. Шаханов. - Алматы : Жалын, 2011. - 157, [3] б.
4. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев : жинақ / ҚазССР ҒА; [бас. ред. Б. А. Төлепбаев]. - Алма-Ата : Наука, 1978. - 104, [4] б.
5. Дінмұхамед Қонаев [Мәтін] : [жинақ] / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ; [бас. ред. Ғ. М. Мұтанов ; ред. ж. т.: К. Аухадиев, К. Нәрібаев, Е. Қонаев және т.б. ; ред.: А. Ермаханова, З. Рахымбаева]. - Алматы : Қазақ ун-ті, 2017. - 403, [2] б.



# ВЕЛИКИЙ СЫН ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

**Байгутдиева Сания Амиржановна**  
*учитель русского языка и литературы*  
*КГУ «Общеобразовательная средняя школа*  
*имени Д.Конаева» г.Актобе*

**И**мя Динмухамеда Ахмедовича Конаева, человека руководивший страной на протяжении двадцати пяти лет, сегодня каждый казахстанец вспоминает с уважением и любовью. Слова Р.Роллана «Истинно велики те, чье сердце бьется для всего» является подтверждением деятельности и жизни великого сына Великой степи.

Как писал сам Д.А. Кунаев, он родился 12 января 1912 года в городе Верном Российской империи. «Я коренной житель Верного, ныне Алма-Аты. Очень люблю город моего детства и юности, имеющий свою, хоть и небольшую, но богатую историю». Эти слова он подтвердил своей деятельностью на протяжении всей жизни. Он окончил Московский институт цветных металлов и золота (1936), получив квалификацию горного инженера. По окончании института он направлен на Прибалхашстрой. В начальный период Великой Отечественной войны являлся заместителем главного инженера и начальником технического отдела комбината «Алтайполиметалл», а также директором Риддерского рудника Лениногорского рудоуправления.

При Кунаеве стремительно развивались аграрная, промышленная, градостроительная, научная, культурная сферы экономики и образования Казахстана. В годы его правления республика вошла в число трех самых крупных экономик СССР наряду с Россией и Украиной. Город Алма-Ата, превратилась тогда в современный мегаполис с узнаваемой оригинальной стилистикой. Здесь по его инициативе были сооружены и стали знаковыми такие объекты, как спортивный комплекс «Медеу», библиотека имени А.С. Пушкина, Дом политического просвещения, новые корпуса КазГУ, Центральный республиканский музей, телебашня «Коктюбе», Дом дружбы, Монумент Славы в Парке имени 28 гвардейцев-панфиловцев, гостиницы «Казахстан», «Отырар», «Алма-Ата», «Алатау» и многие другие культурные, жилые, спортивные и промышленные объекты. Переоценить его заслуги перед родиной невозможно. Но вместе с тем он и земной, такой простой Человек с большой буквы. В этом все больше убеждаешься, читая его книгу «О моем времени» и книгу И. Есенберлина «Лодка, переплывающая океан».

Свою статью я хочу закончить словами Д. А. Кунаева. Он писал: «Подводя итоги моей деятельности, можно сказать, что мне пришлось работать в разные периоды жизни страны, в чем читатели, вероятно, убедились. Каждый период имеет свои положительные и отрицательные стороны. Я правил страной 25 лет. За это время трудно было не допустить хотя бы одну ошибку в год. Получается, что за 25 лет я совершил 25 ошибок. Поэтому во время своих поездок по Казахстану я не только интересовался положением трудового народа, но про себя все время просил у него и у Всевышнего прощения за допущенные ошибки».



**Литература:**

1. Д.А.Қонаев. О моем времени.1992г
2. И. Есенберлин. Лодка переплывший океан. 2021г
3. <https://kazpravda.kz/n/chelovek-epoha-velikiy-i-zemnoy-dinmuhamed-kunaev/>
4. <https://cyberleninka.ru/article/n/velikie-imena-velikoy-stepi-dinmuhamed-kunaev>





# ҰЛТЫМЫЗДЫ БАСҚАРҒАН ҰЛЫ АДАМ

**Кужахметова Айнур Самухановна**  
*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

Әрбір елдің өзіне тән тілі мен мәдениеті, қадірі мен қасиеті, адамгершілігі мен адалдығы, ұлтына тән ұлттық құндылықтары бар. Ал осы игі қасиеттерді ел үшін сақтап, бұхараның базынасын тыңдап, елді басқарған талайды тосыннан таң қалдырған халқым деген қаһармандардың бар екендігін тарихтан білеміз. Тарих демекші қазақ жұртының егемендік алып, етек-жеңін жинауына сүбелі үлес қосқан әр заманының батырлары да бар. Ел басында күн туған шақта, халықты қаңғыртып, босқынға айналдырмаған ұлттық дәстүрімізді сақтап қалған талай хандар болған. Ерлік пен елдікті, ұлылық ұғымына шүбә келтірмеген ел басқарған азаматтар болған. Соның бірі қылышынан қан тамған Кеңес Одағының салтанат құрып шағында, тұғырлы тәуелсіздігіміз үшін жан берісіп, жан алысқан, қарапайым ғана, теңіздің тамшысындай қазақтың мәңгілік ел атануына талпынған Дінмұхаммед Қонаев атамыз болатын.

Ол табиғатынан текті әулеттен шыққанын байқатып, елдің алдында шынайы ақтарылған, әрбір қазағын жылғызым деген екен. Бұл деректерді Димаш Ахметұлы жайлы жазылған естеліктердің әрбір сөзі жан тебіренерлік және ісмерлігі жүрген жолының жайқалып тұратындығын да жазған.

Ақиқатында жұрттың еңсесін көтеріп, Кеңес Одағының кезінде Қазақстанды қуатты мемлекеттер қатарына қосқаны да шүбәсіз. Оны тарих беттерінен және көз көрген қариялардан білеміз. Ел ішіндегі халықтың жағдайы, әлеуметтік теңдіктің орнауы, әр отбасына азықтың қажетті мөлшерде табылғаны да осының айғағы. Қазақстанның экономикасының қарқынды дамығандығына мән бергенінің басты дәлелі сол кезеңдерде елімізді екі дүркін Ленин орденімен, сондай-ақ Халық достығы, Қазан революциясы ордендерімен марапатталған еді. Осының астарында қаншама еңбек және бұқараның басшыға бағынып, адал маңдай термен қызмет еткен әрбір қазақстандықтың нәтижесі. Оның еңбегі мен адалдықтың ақ туын желбіреткенін уақыт көші ілгерілеген сайын құнын жоғалтпай, одан әрі жарқырап келеді. Оның әрбір еңбегіндегі оймақтай ой, өмірлік азық болуға тұрарлық.

Дінмұхаммед Қонаевтың «Өтті дәурен осылай» атты еңбегінде былай дейді:

«Бала күнімнен атқа мінген болатынмын. Біреуден ілгері, біреуден кейін тірлік кештік. Жақсылыққа мастанбасқа, жамандыққа жасымасқа бел буып өстік. Бала күнімнен әке өсиетін бойыма сіңіріп, адалдық пен тазалықты ту еттім. Кем-кетіксіз деуден аулақпын. Барды іздегенім жоқ, қайта жоқты іздеуге талпынып өстім. Менің бағыт-бағдарым да, күш-жігерім де қарапайым халық. Олар болмаса, менде болмаймын» деп кесіп айтқаны оның талапшылдығының жоғары болғанын көрсетеді. [2] Бауыржан Момышұлы атамыздың «Тәртіпке бағынған ел, құл болмайды « деген нақылы еріксіз ойға оралады.



Димаш Ахметұлы жайлы өзінің үзеңгілес болған, жақындары да, замандастары кішіпейіл және нар тұлғалы болмысы мен адалдығында тілге тиек етеді. Оның бойынан елге деген ілтипатын, тау тұлғалы болғанмен жүрегі мейірімге толы, иісі қазаққа танымал еткен жомарттығын айтпауда сын болар еді. Қаншама адамға өзінің ағалық қамқорлығын көрсетсе, кішіге ізетін ұмытпағанын ол жайлы жазылған естеліктерді оқи отырып байқағанмын. Елу жыл ел басқарған, сол күннің батыры, аңыз адам жайлы Алакөл ауданының тумасы Жеңіс Жұмановта Қонаевтың туғанына 100 жыл толуына орай кітап жазып шыққан-ды. Соны оқып, таныса отырып мынадай керемет жазбаларды көзім шалды. Алакөлге жақындаған тұста ауылға елге танымал тұлға келетін болған соң, қаншама адам жиналыпты. Оның ішінде ақсақалдары мен ақжаулықты аналар, ерлер мен әйелдер, жөргекті баласын құшақтаған анаға дейін алдынан шығыпты. Мұны күтпеген Д.Қонаев тосырқап барып, халыққа қарай жақындайды. Осы тұста ақсақалдар жерге отыра кетеді, соншалықты сыйлылығын қарасаңызшы! Оған жанары жасаураған ағамыз «Хан – халықтан үлкен емес», дегендей ақсақалдың қолын алып, әлеуметтің жағдайын сұраса кетеді. [4]

Жанарыма жас үйіріліп, бойыма кенеттен рух пайда болды. Оның қарапайым халықты соншалықты сыйлап, құрмет тұтқаны да адамгершілігінің айқын көрінісі. Ал оқиғаны одан әрі оқығанымда келген жанның әрқайсысының көңілін сұрап, жағдай сұрасқаны қазақ даналарының «Сәлем - сөздің анасы» деп айтқаны бекер еместігін аңғартқандай. Бұл кітапта жазылған әрбір сөздерді оқи отырып, оның дидарында талапшылдық пен тәңірдің берген тазалығына да тәнті болдым.

Кеңес Одағының тергеуі қайта-қайта ушыққан тұста, Қонаевты Калининченко тергеуші миығынан күле отырып, оны орнына қоямын деп ойлайды. Ал Димаш атамыз одан міз бақпай бажырая қарап, кескін бейнесі тергеуін жалғастыруға мұршат берген екен. Бірінші және екінші тергеулерінде жеңілгенін мойындай алмаған, Калининченко үшінші тергеуде тегеуріні мықты, азаматтың адамдық болмысына тәнті болады. Оқиға былай болады. [14]

Калининченко тергеуін Димаш атамыздың үйінде жүргізіп, оның мүліктері мен табыстарына көз жүгіртіп, мысқылдап жүреді. Оның арғысы академиктерге сол кездерде ай сайын төленетін 750 сомның қайда жұмсалғанына жауап қатуын талап етеді. Оған бірде-бір сөз қатпастан, тергеушіні артынан ертіп жүре береді. Дәл осыны ер адамның ісі дерсіз?!

№3 балалар үйіне ертіп апарып, алдына есепшінің 25 жылдан бері 750 сом төленгенін дәлелдейтін түбіртекте береді. Түбіртекке телміре қараған тергеуші аң-таң қалып, атамыздан кешірім сұраған екен! Адалдық деген ардың ісі екен ғой!

Қорыта айтқанда, ғылым мен білімнің, адамгершілік пен адалдықтың, басшы мен ел арасындағы дауды шешкен, елім деп еміренген ердің елі үшін жасаған еңбегі том-том кітаптарға арқау болары анық.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Қонаев, Д. Өтті дәурен осылай : естелік-эссе / Д. Қонаев. — Алматы. Дәуір. 1992. — 448 с.
2. Жұманов, Ж. Қонаевтың алакөлге соңғы сапары : естеліктер, күнделіктер, толғамдар / Ж. Жұманов. — Алматы : Баянжүрек, 2011. — 223 б. : фот. — ISBN 978-601-7008-59-8.
3. Жарылғасынова, А. Тау тұлға, тарлан қайраткер / А. Жарылғасынова. — Текст : электронный // Орталық Қазақстан. — 2017. — 2 ақпан. — С. 5.



## АҢЫЗ АДАМ

**Мажитова Шынаркуль Умирзаковна**  
*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы*  
*жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*  
*география мұғалімі*

**Е**л есінде ерекше қалатын есімдер болады. Олар басқалардан ерекшеленіп, артында өшпес із қалдырады, халқына қызмет етеді, жасампаздықтың үлгілі өнегесін көрсетіп, ірі тұлға ретінде тарих бетінен айрықша орын алады. Ұлы Абай айтқандай ақыл, қайрат пен жылы жүрек үшеуін бірдей ұстаған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев - құрметті азамат, көрнекті қоғам қайраткері, аңыз адам, ірі тұлға. Халқымыздың аяулы перзенті Дінмұхамед Қонаев туралы айта берсе сөз, жаза берсе тарихи естеліктер ұшан-теңіз. Ең бастысы, кемеңгер тұлға халқының жүрегінде мәңгі қалды. Халқымыздың «Ұлық болсаң, кішік бол» деген қасиетті сөзі құдды ұлы тұлғаға арналғандай.

«Ғасыр саңлағы» Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1939 жылы Қоңырат кенішінде қызмет атқарып, басшылық лауазымда болған, ұзақ жылдар бойы Қазақстан Республикасы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы қызметін атқарғаны баршамызға белгілі. Жасаған еңбектерімен, өзіне тән қасиеттерімен болашақ ұрпаққа үлгі болатындай үлкен із қалдырды. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – өз елінің болашағы, дамуы үшін қалтқысыз еңбек етті. Мұндай қасиет әкесі Меңліахмедтен дарыса керек. Әкесі ұлы Дінмұхамедті жұма намаздан еш қалдырмай өзімен бірге алып жүрген. Сол себептен Алматы қаласының, яғни бұрынғы Верный қаласының мешіттерін, орналасқан орнын дәл тауып, жатқа білген. Бала кезінен әкесі Меңліахмед кішкентай Димашты имандылыққа, адамгершілік пен қарапайымдылыққа, төзімділік пен сабырлылыққа тәрбиелеген. Сол себептен барша қазақ халқы Д.А. Қонаевты үлгі тұтты.

Осындай қарапайымдылықтың, адамгершіліктің бір дәлелі Д.А.Қонаевтың өзіне шаруасымен келген адамды орнынан тұрып қарсы алып, кетерде жылы қоштасып, есікке дейін шығарып салатын өте керемет қасиеті болған.

Д.А. Қонаевтың бойындағы тағы бір ерекше қасиеті — есте сақтау қабілеті. Мысалы, студенттік шақтарын Мәскеу қаласында өткізген атамыз алып қаланың ұшы-қиыры жоқ ұзын көшелерін жаяу аралайды екен. Сондықтан болар, Мәскеу қаласында қандай мекемелер салынса, соның барлығын айна қатесіз, бес саусақтай біліп айтып отырған.

Димекең өнер саласын, әдебиетті де ынта-жігерімен жақсы көретін болған және шығармашылықпен айналысатын тұлғаларға, өнер адамдары мен қайраткерлеріне әрқашан қолдау көрсетіп, қол ұшын беріп отырған. Дінмұхамед Қонаев атамыз бұрын кездестірген бір көрген таныс адамның да аты-жөнін толық айтып беретін болған. Бір көрген адамды жадынан шығармайтын ерекше қасиеті болған.

Тағы бір ерекшелігі Д.Қонаев өзінен жасы үлкен адамға да, кішіге де бірдей қараған. Біреуді қатты жақтырып тұрғанын да, тіпті жақтырмай тұрғанын да білдірмейтін, сабырлы мінезді, салиқалы, салмақты, артық-мінез құлық көрсетпейтін бірқалыпты, біртоға адам болған екен. Өмірдің қиын-



шылығын көрген, өмірден түйгені көп, сәтті жағдайда да, сәтсіз жағдайда да сабыр сақтай білетін ерекше қасиетке ие адам болған. Тағы бір қасиеті – жауапкершілігі мен еңбек сүйгіштігі. Жалпы сол уақыттағы кез-келген саланың көрсеткіштерін сараласақ та, Қазақстан Республикасының экономикасы, шаруашылық салалары, ғылымы мен мәдениеті жағынан өсімі, ілгерілеуі бойынша Ресей, Украина республикасынан кейінгі үшінші орынды иемденіп отырған. Д.Қонаевтың арқасында, әсем қаламыз Алматының көркейіп, қанат жаюына және әдемі зәулім ғимараттардың салынуына қаншама күш-жігер, қажыр-қайрат, маңдай тер кетті десеңізші! «Адам баласы артынан ұмытылмас із қалдыру үшін, болашақ ұрпағына, жер бетіне басқа адамдардың ақыл-ой дүниесінде, жүрегінде ұмытылмастай із қалдыру үшін туады» деген екен бір ғұлама. Осы ғұлама айтқан сөздің мәнін де, мағынасын да Дінмұхамед Қонаев өз ісімен, еліне жасаған адал еңбегімен, маңдай терімен, ұлағатты сөздерімен дәлелдей білген тұлға. Ал осындай атқарылған жұмыстарды, адал еңбекті, жасалған жақсылық істерді айтпау, елемеу адам баласына лайықты іс емес, үлкен сын. Атамыздың тағы бір ерекше қасиеті – уақытпен санасуы. Уақытқа өте ұқыпты болған. Өзгенің уақытын ерекше бағалаған жан болған. Қандай кездесу болмасын белгіленген уақытынан бес-он минут ерте келіп, күтіп отыратын болған. Жұртқа өзін күттіртіп қояды жауапкершіліксіз деп санаған. Осы жағдайға байланысты мынадай бір әңгіме бар. Бір кездері әкесі Меңліахмед баласы Дінмұхамедті өзінің туған күніне шақырады. Әкесі Қонаевты кішкентайынан «Ұлы» деп атаған екен, сонда әкесі: Ана «Ұлыны» туған күніме шақыртатынымды ескертемін деген, ол шақыруына бес минут бұрын барып жеткен. Басшылық қызметте бола тұрса да, әкесі бастаған отбасылық жиындардан еш қалмауға және кешікпей уақытысынан бес минут бұрын баруға тырысқан. Бұл да Димаш атаның бойындағы өте өнегелі қасиеттердің бірі болған. [1. б.221]

Белгілі қоғам қайраткері, ұлы тұлға Димаш ата «қара сөздің қаймағы еді». Бойында ақындық қасиет болған. Студент шағында өлең шығарған. Шешендігі Төле би мен Бөлтірік шешеннің «сөз киесін» көз алдына келтіреді. Өзінің естелік кітабында ел ішінде анда-санда айтылатын мақал-мәтелдер мен қанатты сөздерді орынды жерінде қолданып отырған екен. Кемеңгер тұлғаның адам таңғалатын, үлгі тұтатын қасиеттерінің бірі «ғылым-білім мен өнерге, шығармашылыққа жаны құмартып, әр күн сайын оқып үйреніп, білуден жалықпайтын адам болғандығында» екен. Жастайынан ғылым саласы мен өнердің тұңғығын түсініп, ғылым жолында көп еңбектенген азамат болған. Атамыз ғылым саласында жаңалық ашқан және болжам жобалары нақты іске асып, өндіріске енген инженер-ғалым болған. Техника ғылымдарының докторы болған Димаш атаның бұл саладағы еңбегі ұшан-теңіз десек қателеспейміз. Қаныш Сәтбаевтан кейінгі Академия президенті болған атамыздың ғылым саласында өзіндік ізденіс жолы болды. Академияға басшылық еткен жылдары «қазақ ғылымында» ілгері даму болды. Ол кісі елуінші жылдары Қытайға барған сапарында Қазақстандағы геология ғылымы жайында баяндама жасайды. Қапшағай теңізінің өмірге келуі Қонаевтың ғылым жетістіктерін пайдаланып, ғылыми болжамдар мен жоба зерттеулерді іске қосуының нәтижесі. Өзі ғалым болып ғалымдар үшін қолдан келгеннің бәрін жасап, көмегін тигізген. Ал, өнер мен мәдениетке дәл атамыздай жаны ашитын басшы болған жоқ. Сол кезеңдерді өнер адамдары мен жазушылар қазір «алтын ғасыр» деп атап жүр. Димаш ата театрға жиі барып, ақын-жазушылардың жаңа шығармаларын оқып, авторларға өзіндік пікірін жеткізіп, олармен қоян-қолтық жақын араласыпты. Ғалымның бай кітапханасында атақты ғалымдардың құнды кітаптары толып тұр. Ғылым мен өнер саласын дамытудағы атамыздың еңбегі ерен. Өз естелігінде ғылымның «тылсым сырлары» жайында терең ойлар, құнды пікірлер айтады. [2. б. 56]

Бар болмыс-бітімімен әділдікті сүйді, өктемдік пен озбырлыққа жол берген жоқ. Өте әділ, адамгершілігі зор болған адам. Бүгінгі ғана емес, болашақ ұрпаққа да үлгі болатын кемеңгер. Өз зама-



нының ғана емес, болашақтың кемеңгері екендігін әлемге әйгілеген ұлы адам ел-жұртымен мәңгі өмір сүре бермекші. Кемеңгер азаматтың өсиеті мен өмір жолы, келер ұрпаққа берер өнегесі шамшыраққа тең екені сөзсіз. Қазақ деген ұлт барда Дінмұхамед Қонаевтың есімі ешқашан ұмытылмайтыны анық. «Панам да — ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім. Содан үйрендім» деп өзі де ағынан жарылған.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Б.С.Асанова « Мұхиттан өткен қайық» Алматы: ОҒК, 2011
- 2.С.Мәдімарұлы « Дана ғой Димекең» Алматы: Үш қиян, 2021



# ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ - КСРО ЕҢ БИІК САЯСИ ЛАУАЗЫМҒА ИЕ БОЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАК

**Искакова Күнімай Смаиловна**

*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
технология мұғалімі*

**Д**інмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда бұрынғы Верный қаласында, қазіргі Алматы қаласында дүниеге келген және орташа табысы бар отбасында өскен. Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік еңбек ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы. Оның атасы Жұмабай. Әкесі Мінліахмед (Ахмед) Жұмабайұлы 1886-1976 жылдар аралығында өмір сүрді. Сауатты, Алматы облысының Ауыл шаруашылығы және сауда ұйымдарында жұмыс істеді және орыс, қазақ тілдерінде жақсы жаза алды. Оның анасы Зәуре Байровна Қонаева 1888-1973 жылдар аралығында өмір сүрді. Алматы облысы Шелек ауылында кедей отбасында дүниеге келген. Олар 70 жыл бірге өмір сүрді. Қонаев Ұлы жүздің Ыссы тайпасының Ойық тармағынан шыққан болуы мүмкін деген пікірлер бар.

Қонаев өзінің «Сталиннен Горбачевке дейін» кітабында оның «ата-бабалары ұлы жүздің жігіті Бәйдібектен шыққан» деп айтқан. Ресми өмірбаянына сәйкес, ол этникалық қазақ және оның ата-бабалары Бақанас ауылындағы Балқаш ауданының Іле және Күрті өзендерінің жағасында өмір сүрген аңшылар болған.

1939 жылға қарай ол Балхаш шахтасының бас инженері болды және Кеңес Одағының Коммунистік партиясына (КОКП) қосылды, бұл лауазымның міндетті шарты болды. Қонаев 1942 жылдың сәуірінен 1946 жылға дейін Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болды. Бұл қызметте екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында ол КСРО-ның майдан маңындағы аудандарынан Қазақстанға эвакуацияланған кәсіпорындар мен зауыттарды өрістету және пайдалануға беру, сондай-ақ Қызыл Армия үшін республиканың адам резервтері мен сарбаздарын жұмылдыру және дайындау бойынша айтарлықтай жұмыс жүргізді. 1946-1952 жылдары Қазақ КСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болды. Мәскеу Түсті металдар және алтын институтын (1936) бітіріп, тау-кен инженері біліктілігін алды. Институтты бітіргеннен кейін ол Балқашстройға жіберілді. Ұлы Отан соғысының алғашқы кезеңінде «Алтайполиметалл» комбинатының бас инженерінің орынбасары және техникалық бөлімінің бастығы, сондай-ақ Лениногор кен басқармасының Риддер кенішінің директоры болды. Д.А.Қонаев 20 жылдан астам КОКП ОК Саяси Бюросының мүшесі, 25 жыл Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің депутаты болды. Үш рет Социалистік Еңбек Ері, 8 рет Ленин орденімен марапатталған. Қонаев тұлғасының қалыптасуы сталиндік дәуірде, қатаң орталықтандырылған әкімшілік жүйе жағдайында өтті. Оның тағдырына әлеуметтік-экономикалық процестер әсер етті, олар бір жағынан жалпыға бір-





дей оптимизммен және халықтың социализм идеалдарына деген мызғымас сенімімен, екінші жағынан қуғын-сүргінмен, жүйенің қатаң ерікті шешімдерімен, «күйіп кетумен» сипатталды.

1952 жылы Дінмұхамед Ахмедұлы ғылым академиясының президенті болып тағайындалды. 1955 жылы наурызда Қонаев республика Министрлер Кеңесінің Төрағасы болып бекітілді. Республикалық Ғылым академиясының президенті болып оның негізін қалаушы Қ. И. Сәтбаев қайта сайланды. Осы кезеңде түсті металлургия, құрылыс-монтаж жұмыстары, геология, энергетика және т.б. министрліктер ұйымдастырылды. Тың жерлерді игеру одақтас республикалардан халықтың жаппай көші-қонымен қатар жүрді. Тың игеру экономиканың құрылымын ғана емес, республиканың жалпы әлеуметтік-демографиялық көрінісін де өзгерте отырып, Қазақстанның экономикалық дамуына дәуірлік әсер етті.

1959 ж. Қазақстан үшін ең қиын кезеңдердің бірі болды. Республика мемлекетке астық сату жоспарын орындаған жоқ. Теміртауда толқулар болды: жұмысшылар ереуілге шықты, тәртіпсіздіктер басталды. 1960 жылы 19 қаңтарда ҚКП ОК Пленумында Беляев қатты сынға ұшырап, жұмыстан босатылды, Қонаев бірауыздан ҚКП ОК бірінші хатшысы болып сайланды, 1962 жылы желтоқсанда Қонаев қызметінен шеттетіліп, Қазақстан Министрлер Кеңесінің төрағасы болып тағайындалды, бұл Мәскеу басшылығымен, атап айтқанда, КОКП ОК бірінші хатшысы Никита Хрущевпен бірқатар келіспеушіліктерге байланысты болды. 1964 жылдың қазан айында Д.А.Қонаев Мәскеуге барып, КОКП Орталық Комитетінің пленумына қатысты, онда Хрущев бірінші хатшысы қызметінен босатылып, Леонид Брежневті сайланды. 1964 жылы 7 желтоқсанда Алматыда ҚКП ОК пленумы бірінші хатшы И.А. Юсуповты қызметінен босатты және екінші рет бірауыздан Қазақстан партиясының көшбасшысы болып сайланды.

Сол кездегі барлық саяси көшбасшылар сияқты, Д.А. Қонаев партиялық институттандырудың барлық кезеңдерінен өтті, бастапқыда өндірісте жұмыс істеді, содан кейін партиялық жұмысқа көшті. Д.А. Қонаевтың саяси ұзақ өмір сүруі мен өміршеңдігін көптеген саяси зерттеушілер оның Л.И.Брежневпен жеке достығымен байланыстырады. Алайда, оның мінезінің, ақыл-ойының, психологиялық қоймасының, интеллектінің және терең білімінің айрықша қабілеттері оны тоталитарлық уақыттың бірқатар саяси жетекшілерінен ерекшелендіреді. Дінмұхамед Қонаев қолдауы мен құрметіне ие болған халық арасында беделін сақтап қалды. Д.А.Қонаев мұнай және газ өнеркәсібін дамытуға көп көңіл бөлді. Мұнда геологтарға құрмет көрсету керек, олар бірқатар мұнай және газ кен орындарын анықтады, соның арқасында оларды игеру үшін ірі аймақтар анықталды. Ең алдымен - Батыс Қазақстандағы Маңғышлақ түбегі болды.

Өзен — Гурьев — Куйбышев трансконтинентальды мұнай құбыры, қарсақ, Таңатар, Прорва кен орындары пайдалануға берілді. Маңғышлақ түбегіндегі жаңа мұнай кен орындарын игеру Қазақстанның елдің мұнай балансындағы үлес салмағын едәуір арттырды. Айта кету керек, тек 1972 жылы республикада 1960-1966 жылдардағыдай мұнай өндірілді. Д.А.Қонаев жақын арада Маңғышлақ ондаған миллион тонна мұнай өндіруге болатын перспективалы мұнай аудандарының біріне айналатынына сенімді болды. Газдардың орасан зор кен орындары бұл аймақты газ өндіру өнеркәсібінің қуатты шикізат базасы және Орталық Азия — Орталық газ құбырының сенімді қуат көзі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

1986 жылдың күзінде Д.А. Қонаев жаңадан игеріліп жатқан мұнай-газ кен орындарындағы жағдаймен танысу үшін республиканың батыс облыстарына ұшып кетті. Әлемдегі ең перспективалы Теңіз кен орнымен егжей-тегжейлі танысты. Оны игеруге жүзден астам кәсіпорындар мен фирмалар, соның ішінде Экономикалық Өзара Көмек кеңесі бойынша серіктестер ниет білдірді. Содан кейін Д.А. Қонаев теңізді игеру жөніндегі негізгі тораптық пункт Құлсарыға барды. Қонаев өзінің сапарының нәтижелерін егжей-тегжейлі баяндап, кен орындарын игерудегі жұмыстарды күшейту бойынша бірқа-



тар шараларды ұсынды. Жұмысшылар мен қызметшілердің тұрмыстық мәселелерін шұғыл шешуге, құрылыс базасын құруға және Құлсары теміржол торабын дамытуға басты назар аударылды. Гурьевтен Қонаев Қарашығанаққа ұшып кетті. Мұнда қазірдің өзінде Орынбор зауытына жеткізілген газ өндірілді.

Дінмұхамед Ахметұлы арқасында Қазақстанның өнеркәсіп, оның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды. Бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70%-ынан астамы, мырыштың 40%-ынан астамы қазақ жерінде өндірілді. Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттары, Соколов-Сарыбай мен Лисаков кен-байыту комбинаттары, Жезқазған мен Балқаш тау-кен металлургия комбинаттары, Ермаков пен Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары іске қосылып, Ақтөбе қаласындағы шығарылған хром кенінің көлемі артты.

Д.А.Қонаев металл өңдеу және көлік жасау салаларында өндіріс тиімділігін арттырып, Өскемен, Орал, Қарағанды, Петропавл, Шымкент, Алматы қалаларында көлік жасау зауыттары құрылды. Алматы ауыр машина жасау зауыты шығарған өнім әлемнің 40-тан астам мемлекетіне таралды. Қазақ жерінің аумағында көмір мен мұнай кен орындары ашылып, Қазақстан отын-энергетика өнеркәсібінің ірі орталығына айналды. Тараз және Шымкент қалаларында орналасқан комбинаттар сары фосфор өндіру бойынша әлемде бірінші орында болды.

Орал облысының басшылығымен, мұнайшылармен және газшылармен бірге ол КОКП ОК мен Қарашығанақты тез игеру жөніндегі Министрлер Кеңесінің қаулысының орындалу барысын егжей-тегжейлі қарастырды, республикалық автодор есебінен мұнай аудандарын республиканың облыс орталықтарымен байланыстыру үшін жолдардың құрылысын өрістету туралы шешім қабылданды. Д.А. Қонаевтың 100-ден астам ғылыми және 400-ден астам танымал жұмыстары жарық көрді. Олардың қатарында «Қоңырат мыс кен орнын игеру» (1949), «Соколов-Сарыбай тау-кен байыту комбинатының карьерлеріндегі тау-кен жұмыстарының технологиясын жетілдіру» (1966), «Сталиннен Горбачевке дейін» (1994) және т. б.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бастамасы бойынша қазақ жерінің сол кездегі астанасы Алматы қаласында Үкімет үйі, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің ғимараты, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының ғимараты тұрғызылды. Қала көшелерінің саны артып, жаңа тұрғын үйлер салынып, 12 ықшам аудан ашылды. Мектеп пен балабақша ғимараттарының құрылысы басталып, Оқушылар сарайы жас өнерпаздарға есігін айқара ашты. Республика Сарайы, Спорт және Мәдениет Сарайы, «Медеу» спорт кешені, Ұлттық Кітапхана, цирк сынды мәдениет, білім және спорт нысандары бой көтерді. Авто, аэро және темір жол вокзалдары, әуежай, «Алматы», «Отырар», «Жетісу», «Алатау», «Достық», «Қазақстан» қонақүйлері салынып, қала көркін ашты.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Республика партия ұйымын басқарған ширек ғасырға жуық ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен, танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағылымы терең, ой-өресі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де ол білімдар білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру қажет екенін терең түсініп, қолдай білді.

### Әдебиеттер тізімі:

1. [kunaev.kz](http://kunaev.kz);
2. Вронская, Жанна (24 августа 1993) «Некролог: Динмухамед Кунаев». The Independent London, раздел Gazette, стр. 18.
3. «Кунаев Динмухамед Ахмедович». [www.warheroes.ru](http://www.warheroes.ru). Проверено 16 марта 2020 года.



# ЧЕЛОВЕК-ЭПОХА Д.А.КОНАЕВ

**Отарбаева Ботагоз Жеткербаевна**  
*учитель русского языка и литературы*  
*КГУ «Общеобразовательная средняя школа*  
*имени Д.Конаева» г.Актобе*

**И**стинно благородные люди не рождаются с великой душой, они сами себя делают таковыми своими делами. И важно не только помнить о людях, оставивших след в истории, но и просвещать их имена. Казахская история полна выдающимися личностями, которые как комета пролетели, освещая всё вокруг своим ярким светом. Жизнь и деятельность таких личностей является большим стимулом для подрастающего поколения и можно сказать, инструкцией как достичь желаемого, стать успешным и оставить после себя след.

Выдающиеся личности Казахстана — гордость народа. Это люди, деяния которых записаны в национальной истории. Их имена являются визитной карточкой Казахстана. Благодаря их усилиям прошло становление государственности и независимости страны. Каждый казахстанец должен знать и помнить достижения и имена таких личностей. Одним из таких великих людей является Динмухамед Конаев. Человек имя, которого связано с более чем сорокалетней историей развития Казахской ССР. Он происходил из семьи Менлиахмета Жумабайулы. Отец его был достаточно образованным человеком для своего времени, свободно говорил и писал на казахском и русском языках. Его дед Жумабай также был грамотным человеком и глубоко верующим. Жумабай работал у крупного купца в городе Верный, а именно у татарина по национальности Искака Габдуалиева, по совету которого родные отдали Динмухамеда обучаться в татарскую школу. Это была хорошая возможность обучить казахских детей грамоте. Д. Конаев вырос достойным сыном народа Казахстана, он был настоящим патриотом. Особенностью этого легендарного человека было то, что он никогда не делил людей на плохих и хороших по национальности. Это был скромный и толерантный человек, уважительно относившийся к людям труда. Все его коллеги, как казахи, так и русские, украинцы и многие другие вспоминают о нём с большим уважением. Но важно отметить, что тема национальности для Динмухамеда Конаева принципиальна в силу самих слов, написанных им в своей книге «О моём времени»: «Каждый человек должен знать свою родословную». Динмухамед Конаев знал и уважал свое происхождение. Он отмечал, что уникальной особенностью нашего народа является то, что наш народ и без записей знает своих предков до седьмого колена. Это очень важно, у человека с чистым генофондом, здоровы будут и тело, и язык, и религия. Каждый человек должен знать свою родословную. Это должны уважать и его земляки, соотечественники. Становление личности Д.А.Конаева как политического и государственного деятеля начиналось в сталинскую эпоху, в условиях жестко централизованной административной системы. Период его активной политической жизни пришелся на 1960-1970 гг. Характерным для этих времён являлось с одной стороны, всеобщий оптимизм и несгибаемая вера советского народа в идеалы социализма, с другой – политические репрессии и авторитарные методы управления. Эпоха Д. Конаева вобрала в себя огромное количество самых различных



событий — освоение целины, открытие первого в СССР космодрома Байконур, и строительство крупнейших промышленных предприятий союзного значения, и испытания на Семипалатинском ядерном полигоне и мн. др. Сам Д. Конаев началом своей трудовой биографии считал работу на Коунрад-Балхашской стройке: «Здесь началась моя трудовая деятельность. Новичком в этих краях я не был. С Коунрадом и его людьми был знаком, когда проходил здесь пятимесячную практику. Работал я тогда десятником только что созданного восточного отвала. Работал и копил материал для дипломной работы на тему «Определение мощностей Коунрадского карьера для производства 90 тысяч тонн черной меди в год». Диплом защитил с оценкой «отлично». Сложилось так, что мои первые шаги были связаны с развитием цветной металлургии Казахстана. И я по сей день горжусь, что я один из участников зарождения в стране мощной медной промышленности в Центральном Казахстане, а затем и свинцовоцинковой промышленности в Рудном Алтае». Благодаря своему характеру и желанию быть полезным своему отечеству, Д. Конаев уверенно шел вперёд и строил свою карьеру. В течение 22 лет он был руководителем Совмина республики и столько же работал первым секретарем ЦК советского Казахстана. Как и все политические лидеры того времени, Д. Конаев прошел все стадии партийной институционализации, первоначально проработав на производстве, затем перейдя на партийную работу. Будучи Первым секретарём ЦК Компартии Казахстана, членом Политбюро ЦК КПСС Д. Конаев придавал огромное внимание воспитанию молодёжи, их учёбе, активному участию в общественно-политической жизни республики. Регулярно встречался с молодёжью, комсомольским активом, оказывал поддержку общественно значимым инициативам комсомольцев, проявлял необходимую заботу о молодёжи. Политическое долголетие и жизнеспособность Д. Конаева многие политические исследователи связывают с отличительными способностями его характера, ума, психологического склада, интеллекта и глубокой образованности, которые выделяли его в ряду политических руководителей тоталитарного времени. Он умел не только принимать решения как политик, но и, имея великолепные организаторские способности, поднимать на их претворение в жизнь огромные массы людей. Кругозор Д. Конаева был весьма широк и оригинален, а его способности отвечали требованиям времени. Именно он стал ведущим в когорте лидеров союзных республик и получил признание как теоретик в вопросах межнациональных отношений и политической культуры. Не потеряв своего лица, за всё время своей политической деятельности Динмухамед Конаев сохранил авторитет среди народа, у которого пользовался поддержкой и уважением. Период руководства Конаева для Казахстана стал временем экономического расцвета.

**О себе он говорил так:**

Я прожил долгую жизнь, в ней было много хорошего, было и плохое. Но это моя жизнь.

И в моей жизни, как и во всякой другой, были и черные дни, но ни один из них я не вычеркнул из памяти. При этом ни о чем не жалею и обиды ни на кого не держу.

Работал честно, много: что-то сделал, что-то не успел

Признаюсь: из-за некоторой мягкости и излишней доброты я имел немало неприятностей в своей работе.

**О своем народе:**

Я всегда преданно служил своему народу и буду служить ему до последнего дня.

Безродность начинается с отсутствия языка. Ребенок без матери сирота, так же и здесь.


Масштаб личности и заслуги Д.Конаева невозможно оценить, не зная и не понимая сложных особенностей времени в котором он жил. Он был сыном своей эпохи — со всеми ее плюсами и



минусами. И мы должны помнить о заслугах таких людей, которые вписаны в историю большими буквами. Д.Конаев, как личность и деятель, достоин подражания и безмерного уважения.

**Литература, (интернет-ресурсы):**

1. <https://www.nur.kz/nezavisimost/1782903-vydausiesa-istoriceskie-licnosti-kazahstana/>;
2. <https://www.kazportal.kz/dinmuhamed-ahmedovich-kunaev-biografiya/>;
3. <https://www.nur.kz/nezavisimost/1782903-vydausiesa-istoriceskie-licnosti-kazahstana/>
4. АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ,2022,Өнегелі өмір(Аскар Кунаев, выпуск 185)



# ЕЛ ҮШІН ЕҢБЕГІ ЕСЕЛІ САЯСАТКЕР

**Нуркасова Ардак Еркингалиевна**  
*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
бастауыш класс мұғалімі*

**Қ**азақ халқының қазіргі кездегі өзінің өмір кешкен тарихи жолын танып, білуге деген құштарлығы жайдан жай емес. Көп жылдар бойы «мәңгүрттікте» ұстап келген отаршылдық, өктемдік тәртіп, содыр саясат, голощекиндік геноцид қазақ халқының есін жиып, етек жабуына мүмкіндік бермеді. Жер жылап, ел күңіреніп, біртуар азаматтарымыздың мойнына қыл арқан ілініп, рухани мұраларымызға, мәдени құндылықтарымыздың тамырына балта шабылар тұста Қазақтың аспанында Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев күн болып туды. Шеттетсе де шетқақпай көрмей, көзі тірісінде құрмет пен мадаққа, абырой мен халқының ыстық ықыласымен сүйіспеншілігіне бөленіп өткен қазақтың маңдайына біткен асылы, кемел тұлға – Дінмұхамед Қонаев. Саяси төңкеріс, азамат соғысы, жүйелер ауысуы, зорлық-зомбылық, зұлмат ашаршылық, қанды репрессия, қуғын-сүргін, қайғы-қасірет, қиямет соғыс, жойқын жер сілкінісі өрттей шарпыған ХХ ғасырмен тете туып, Тәңір ұсынған қарім-қабілетін өн бойына өршіл рухты, шуақ, қуаныш, қадір-қасиет, шаттық, бейбіт те бейқам күнмен, үйлесімді үндестікті дарыта білген қоғам қайраткері де Дінмұхамед Қонаев еді. Кеңестік дәуірдің қараңғы, қапас кеңістігінен даңқ биігіне «Қазақстан» атты тұғырлы елді тұрақтатқан да Дінмұхамед Қонаев еді. Қазақстан тарихындағы ең мықты басшылардың бірі ретінде атқарған келелі істері ауыз толтырып айталық. 1960 жылы Қазақстан Компартиясының I хатшысы болып сайланған кезден-ақ Қазақстан гүлденіп, оң өзгерістерге бетбұрыс жасалды. Жүрегі «қазақ» деп соққан ұлтжанды азамат Мемлекетаралық шекараларды жойғысы келген сол кездегі КСРО-ның бас хатшысы Хрущевке қарсы айқасты. Бүкіл Қазақстанның солтүстік өңірін «Тың өлкесі» деп атап, басқару жүйесін тікелей Мәскеуден жүргізгісі келген Хрущевтің айлалы әрекетіне Қазақ КСР Министрлер кеңесінің төрағасы Жұмабек Тәшеновпен бірге бөгет болды. Тек ол ғана емес, Каспий теңізінің солтүстік шығысында орналасқан Маңғышлақ түбегін, Қазақ елінің мұнайлы өлкесін сақтап қалды. Түркіменстанды мұнай өндіруден қабілеті жоғары деп бағалаған Хрущевтен сол уақытта жерді көрші мемлекетте беруді жоспарлаған болатын. Қазба байлықты өндіріп, мұнайды өндіруде тиісті мамандардың ел ішінде бар екендігін алға тартты. Бұл орайда Геология министрі Сидоренко қолдау білдірді. 1961 жылы Павлодар қаласын «Хрущевград» атауы туралы жарлыққа қарсы шықты. 1962 жылы бұл дүрбелең тағы бет алды. Қазақстанның оңтүстіктегі мақта өндіруші өңірлерін Хрущев Өзбекстанға беруді ұйғарды. Кейін бірнеше аумақты қазақ еліне қайта қайтарды. Хрущевпен бітпейтін кикілжіңдер соңы 1962 жылы 16 желтоқсанда Дінмұхамед Қонаевтің қызметінен кетуімен аяқталды. 1964 жылы билікке екінші рет келген Қонаев еліміздің бірінші хатшысы лауазымына қайта тағайындалды. Бұл Брежневтің тұсында еді. Үш ауданды қайтарып алған өз заманының заңғар





ұлы 1986 жылға дейін антына берік, еліне адал қызмет атқарды. Ширек ғасырдан астам ел басқарған Қонаевтың елімізді Кеңес одағы кезінде 14-ші орыннан, алдыңғы үштіктің қатарынан көрсетті. Қонаевтің кезінде Қазақ халқының саны 2,5 есе, ал жалпы халықтың саны 2 есе көбейді. Өндіруші потенциалы 7 есе, ал өнеркәсіп көлемі 9 есе ұлғаяды. Ауыл шаруашылығы 6 есе молайса, капиталды құрылыс 8 есе өсті.

Ауыл шаруашылығы өрісті, Қазақстан Одақ бойынша екінші астықты алқапқа және көп салалы өнеркәсіптің зор аумағына айналды. Барлық облыстарды жылына бір рет, үлкен аймақтырды екі-үш рет аралап, тыныс-тіршілігінен хабардар болып отыруды әдетке айналдырған. Барған жерінде кішіпейілдігі соншалық, алдымен халықтың жағдайын, әл-ауқатын сұрайтын. Осы орайда «кім болсаң да халықтан биік емессің» өзі айтып кеткен ұлағатты даналық сөздері ойға оралады. «Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім». Елі үшін шыбын жанын шүберекке түйіп, халқы үшін зор еңбек етті. Көптеген өнеркәсіп объектілерінің құрылысы басталып, қалаларда, ауыл-аймақтарда үйлердің бой көтеруі, ауыл шаруашылығының дамуы, бірнеше мәрте миллиард пұт астықтың өндірілуі, автокөліктер жолдарының салуы, радио-теледидар, телефон қондырғыдар орнату, облыс орталықтарында аэро, автожол, теміржол вокзалдарының қатынауы қарқынды жүзеге асты. Алматыда Медеу мұз айдыны, ҚазГУ қалашығы, «Қазақстан» қонақүйі, «Арасан» демалыс орны, М.Әуезов атындағы драма театры, Алматы теміржол вокзалдары, аэропорт, «Көкбазар» кешені, Қазақ циркі, М.Лермонтов атындағы орыс драма театры, Ұлттық кітапхана секілді зәулім ғимараттар салынды. Қала үшін ең маңызды нысан Алматы бөгетін салып берді. Таудан аққан тасқын кез-келген уақытта қаланы басуы мүмкін еді. 1966 жылы 21 қазан күні бағытталған жарылыстар болды. Бәрі ойдағыдай өтті. Бөгеттің толықтай дайын екендігіне көз жеткізілді. 1976 жылы 15-16 шілде күні Алматыда үлкен тау тасқыны болды. Бірақ қаланы бөгет құтқарды. Осылайша бөгет салу дұрыс екендігі дәлелденді. Тағы бір ерлігі - Жамбыл облысындағы Атом электр станциясын салғызбау еді. Қаншама қысымды көрсе де елін сақтап қалу үшін барын салды. Қазақ елінің бай-қуатты мемлекетке айналуына өнеркәсіп пен қазба байлықтардың, ауыл шаруашылығының үлес салмағы басым екендігін білікті саясаткер бірден ұқты. Еліміздің өңірлеріне техникалық жабдықтарды көптеп әкеліп, суармалы жерлерді игеру, дәнді-дақылдар, қант қызылшасын өсіріп, өнім көлемін молайтуды қамтамасыз етті. Ел билігін тізгіндеген жиырма бес жылда Қазақстан Республикасы экономикалық мүмкіндігі, мәдени өркендеуі, ғылыми өсу жағынан іргесі биік Ресей, Украина мемлекеттерінен кейінгі үздік үштіктің қатарынан көрінді. Д.Қонаев басқарған тұста халықтар достастығына, елдің татулық, бірлігіне аса мән берілді. Ең көп ұлтты мемлекет ретінде еліміз көш бастады. Қиын сәттерде Дінмұхамед Қонаевқа әділдік жолымен, азаматтықпен жәрдем қолын сұраған тұлғаларды қажет жерінде қорғап шықты. Соның бірі - Олжас Сүлейменовке көрсеткен көмегі болатын. 1975 жылы О.Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабы жарық көрді. Жоғарыдағы билік бұл кітапты ұлтшылдық қатарына жатқызды. Кейбіреулері мұнда бұрынғы «пантюркизм» идеясы бар дегенді шығарды. Патриот-ұлтшылдардың СОКП ОК-не аталмыш кітапты «дүкен сөрелерінен, кітапханалардан дереу алып тасталсын» деген ұсыныс хаттар жаңбырдай жауды. Кітапты бастан-аяқ оқып шыққан Д.Қонаев О.Сүлейменовтің жазған еңбегінен кереғар, теріс идеялар жоқ екендігін айтып, жазалаудан аман алып қалды. Расымен де Д.Қонаев айтқандай, «Тәуелсіздіктің жүгі ауыр». 1986 жылы 11 желтоқсанда зейнетке шығуының себебінен Д.Қонаев қызметінен кетеді. Шенді қызметке сырт жатқан, «қазақша» ойлау түгілі, сөйлеуді білмейтін, иісі қазақты түпкілікті танып білмейтін Г.В.Колбин тағайындалады. Мұны естіген жастар ыза болып,



алаңға шыға бастайды. Қонаев өзі айтқандай “Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын. Адамгершілік деген асыл қасиетті аласартып алмасақ екен. Өмір өзегі осы, азаматтық жол да осы” деген принциппен өмір сүрді, солай өмірден өтті. Д.Қонаев өзінің адамдық атына лайықты өмір сүрген жан. Ол бар ізгі қасиетті бойына сіңірген, адал сүт емген абыройы асқақ азамат. Бар жақсыны көкірекке жинау – ұлы өнер. Халық арасында қарапайымдықтың үлгісін анық көрсетіп кетті. Д.Қонаев атқарған жоғары луазымды қызметіне қарамай, аса кішіпейіл, мейірімді, жүзі жылы жан болатын. Оның қымбат көлігі, зәулім үйі, шетелдегі миллиондаған сақталған ақшасы да болған жоқ. Кезінде Л.Брежнев (КСРО басшысы) Алматыға бірінші рет келіп, Қонаев үйіне қонаққа келеді. Пәтерін ары аралап, бері аралап: «Бар дүниең осы ма?»- деп таңданады. Салауатты өмір салтын берік ұстанып, таза ауада серуендеп, жұмысына жаяу баратын. Төлебаев көшесі бойында қоныстанған үйі кейін мұражайы ретінде ашылды. Қазір Алматыда Қонаев көшесі бар. ҚР бірінші президенті Н.Назарбаевтің жарлығымен өзі істеген мекемеге, институтқа оның есімі берілді. Д.Қонаев қоры құрылды. Кітаптары басылып шықты. Қалаларды ескерткіштері бой көтерді. Ақтөбе қаласында №60 жалпы бірдей білім беретін орта мектепке 2022-2023 оқу жылында Дінмұхамед Қонаев атамыздың есімі берілді. Қоғамдық қызметтің, жемісті еңбектің, мемлекетке, ұлтқа сарыла қызмет етудің тарланы бейнесінде жадамызда сақталады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Д.Қонаев «Өтті дәурен осылай»
2. «Елу жыл ел ағасы»
3. Б.Тілегенов «Тұйық өмірдің құпиялары»
4. «Даңқты адамдар» Дінмұхамед Қонаев.



# Д.ҚОНАЕВТЫҢ АРТЫНДА ҚАЛҒАН МҰРАЛАРЫ

**Бозшина Айымгул Жауынбаевна**

*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Д**інмұхаммед Қонаевтың қаламынан шыққан “Өтті дәурен осылай”, “Ақиқаттан аттауға болмайды” кітаптарын оқығанда адамға ой салатын, жас ұрпаққа ұлағат болар қанатты сөздер аз кездеспейді. Айталық, “Елдің үлкен кішісі болмайды” дейтін жолдарды қайталап оқыған сайын Димаш ағаның адамдарды бөле жара қарамай, алаламай тең қарайтын қасиеті еске оралады.

Осы тұрғыда айта кететін жайт, Дінмұхаммед Қонаевтың артында қалдырған бар байлығы құнды мұрасы 3 мыңға жететін кітаптары. Кітап беттерінен оқуым бойынша, үш бөлмелі үйінің бір үлкен бөлмесі еденнен төбеге дейін тірелген кітап, төрт қабырғаны түгел алған кітап сөрелері бір ғажайып кітапхананы елестетеді екен. Тіпті, жалтыраған әйнек сөрелерінің ішіндегі кітаптарда есеп жоқ деседі.

Тау тұлға 450 аса шығармашылық мұра қалдырған. Оның басым бөлігі кен орындарын ашық әдіспен қазу теориясы мен практикасының көкейкесті буынды мәселелеріне арналған. Онда кен қопарудың тиімді әдіс-тәсілдері жан-жақты зерттелген. Өз еңбектерінің халық шаруашылығына тигізер пайдасының зор екендігін іс жүзінде дәлелдеген. Өндіріс тиімділігін арттырумен қатар, ол жас ғалымдарды қолдап, білім жүйесіне ерекше көңіл бөлді. Оған техника ғылымдары докторы, академиктің “Зырян кені жағдайында жұмыстың ашық әдісін қолдану мүмкіндіктерін зерттеу”, “Мырғалымсай қорғасын – мырыш кенінде кен асты жұмыстарын кенді ашық қазуға көшу мүмкіндіктерін зерттеу” сияқты сақтаулы еңбектерін жатқызуға болады. Қазіргі таңда бұл еңбектер Д.А.Қонаев атындағы кен ісі институтының мұрағатында сақтаулы.

Қонаев еңбектері мұнымен шектелмейді. Оның республика өмірінің қоғамдық-саяси және әлеуметтік-мәдени және ұлтаралық қатынастары байланысты жазған жұмыстары бар. Мәселен, “Шұғыл өрге жылдары”, “Советтік Қазақстан”, “Таңдамалы сөздері мен мақалалары”, “Лениндік ұлт саясаты қолданыста” тағы басқа көптеген ғылыми еңбектер.

Осы тұрғыда, Дінмұхамед Ахметұлының аталмыш еңбектеріне қысқаша шолу жасап өтейік.

Мысалы, “Өтті дәурен осылай” кітабында жер-су, атақоныс, ру атаулары аталған. Кемеңгердің бұл кітабында өз ата-тегі, арғы атасы Қонайдың өмір-тарихы кеңінен қозғалған.

Одан бөлек, “О моем времени”, “От Сталина до Горбачева”, “Өтті дәурен осылай”, “Ақиқаттан аттауға болмайды”. Бұл кітаптардың барлығы саяси өмірдің көптеген қырлары мен сырларын зерттеуге үлес қосқан.

«Адамға жазаның ең үлкені – жұмыссыз қалдыру», – деген ұлт тұлғасы елдің елдігі үшін аянбай еңбек етті. Содан болар «Орысты ренжітсең, Мәскеуге шабады, қазақты ренжітсең қайда шабады?»



Өзіңнің алдыңа айналып келеді, Асанбай. Орыстың артында тұрған Мәскеуі бар. Қазақтың артында Мәскеуі жоқ, қазақтың Мәскеуі — біздерміз, Асанбай, қолыңнан келгенше қазақты жылатпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін иісалмас, ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой... Біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек», – деген еді Асанбай Асқаровқа.

Дінмұхамед Қонаевтың нақыл сөздерінің өзі тұнып тұрған пәлсапа. Мәселен: “Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім” деп елін, халқын бәрінен жоғары қойған. Және де адалдықты ту еткен тұлға: “Елдің наласын қара басының бір күндік рахатына айырбастап кетуден асқан сатқындық болмас. Сақтансаң, осындайлардан сақтан, болашақ!” деп үн қатқан. “Жібі түзу, жаны таза адам кез келген жағдайда, қандай қызметті істемесін қашанда ар-ожданын биік ұстап қалады” деп халқына, жұртына адал қызмет етуді нұсқаған.

*Одан бөлек дүниенің өткінші екеніне налып,  
“Қазақтан сөз қалған ба!  
Ертеректе бір ақынымыз:  
«Дүние деген ұшқан құс,  
Байқай алмай қаласың,  
Басыңнан шарлап өткенін», деген екен.*

Сол айтқандай, өмір деген бес күндік екен, аққан жұлдыздай зу етіп өте шығыпты. Бұл арада басыңнан бақ ауса, алпыс күн тасыған дария алты күнге жетпей таусылады деп, өкініп отырғаным жоқ. Ел аман, жұрт тынышта, басың аман, бауырың бүтін кезде зейнеткер болу, әрине, асарын асап, жасарын жасаған адам үшін қанағат тұтқандай абырой ғой” деп өкінішін білдіреді.

Сонымен қатар, Димаш аға қыздарды, әйелдерді жоғары бағалаған. “Әйел-ана! Әйел-адал жар! Әйел-қоғам қайраткері, өнер шебері! Әйел – еңбеккер! – Осылай жалғастыра беруге бармын. Бірақ мен М.Горькийдей тауып айта алмасым анық. Шынында да: «Әкемнің мақтан тұтарының бәрі анандан туған. Күнсіз гүл шешек жармайды, махаббатсыз бақыт болмайды. Ал, әйелсіз махаббат жоқ, анасыз ақын да, батыр да болмақ емес” – деп әйелді құрмет тұтқан.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Дінмұхамед Қонаев - Алматы : Қазақ университеті, 2017. - 405 б.
2. Кемеңгер : Р. Ниязбек, - Алматы : Жалын, 2011 . - 496 б.
3. Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы = Kunsyev Dinmukhamed Akhmedovich = Кунаев Динмухамед Ахметович: Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы / 2011 . - 295 б.



# ХАЛЫҚ КӨҢІЛІНДЕГІ ҰЛЫ БЕЙНЕ

**Утениязова Гүлмира Коныскалиевна**  
*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
кітапхана меңгерушісі*

**Карабасова Асель Ертайқызы**  
*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
тарих мұғалімі*

**Қ**ылышынан қан тамған кеңес өкіметінің тұсында ел ағаларының басты арманы — ұлтын сақтап қалу болды. Олар тәуелсіздік үшін күрес жолында жан алысып, жан берісті. Дәл осындай азаматтардың бірі - Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев еді. Өткен ғасырдың ұлы оқиғасы – Қаза төңкерісімен ілесе дүниеге келген ұрпақ, сол бір аласапыран уақыттың барлық қиындықтары мен ауыртпалығын, қызығы мен қуанышын, қасіреті мен қасиетін басынан кешті, қолынан өткерді.

Кеңестік дәуірді қаншама кінәласақ та, халқымызды сілкініп ұлы күрестерге шыңдап, өзге елдермен иық теңестіретіндей алып қадамдар жасатқаны рас. КСРО-ның құрамындағы бір республика болсақ та, Қазақ елі өзінің аса бай табиғи ресурсының, ерекше талантты да қабілетті ұлттық ерекшелігінің арқасында жасампаздық танытты. Соғыстың сойқаны мен өртін, соғыс сансыратып, жадап-жүдеген ауыл-қалалардың «үйелмелі» дейтін... тың, тыңайған жерлерді игерудің айқай-сүреңін, ғасырлар бойы жайылым болып, көшпелі қалың өмір сүруінің көзіне айналған кең даланың жонын жыртқан қара тракторлардың түренін... Халқымыздың тамырына түскен жегі құрттай болған алапат ядролық сынақтардың салдарын ойы мен санасы арқылы өткізіп, жүрегімен сезіндіргендердің, сезіне тұра бармағын қарш-қарш шайнап, қамыққандар мен іштей тынғандардың, идеяға сенгендер мен көнгендердің, бәрін ақыл мен парасат тезіне салып, сеніп жүріп, көніп жүріп, ел көшін уақыт пен заманның қия бел асуларынан, «тар жол, тайғақ кешулерінен» аман алып өтуге аянбай барын салғандардың Ұлы Дәуірі алыстап барады. Дәуірмен бірге жүрегі жомарт, жаны жайсаң, табиғаты таза, жаратылысы кесек ұрпақтың маңғаз бітімді, «момақан» өкілдерінің қатары да күн санап сирей түсуде. [1.с, 146]

Сол қатары сиреген сиректеріміздің бірі, айдыны кең, айбыны мықты, Жеңіс туын желбіретіп, иығына соғыстың сұр шинелін желбегей жамылып, елге оралған ұрпақтың ұлт биігіне көтерілген ірі өкілі - Д.Қонаев.

Біріншісі – тұлғаның халық көңіліндегі бейнесін қалыптастырған қайраткерлік ірі болмыс-бітімі, ұзақ жылдық ел басқару ісіндегі қабілет-қарымы, орасан еңбегі болса; екіншісі – тұлғаның тарих айдынынан ойып тұрып өз орнын алуға барынша мүмкіндік тудырған, ойы кең, пікірі терең, филосо-



фиялық иірім-қатпарлары мол, өмірден өнеге түюге, тарихтан тағылым алуға жетелейтін қарымды, қанатты қалам иесі екенін айғақтар шығармашылық қыры.

Өмірде армансыз адам болмайды. Арманына тек қажымай-талмай ізденіп, білімнің кәусар нәрімен сусындап, ерінбей еңбектенген адам ғана жетеді. Өзінің айтуынша, Дінмұхамед Ахметұлы бала жастан-ақ тау-кен инженері болуды арман еткен. Оған, біріншіден, ол кезде біздің қазақ ұлтында тау-кен ісімен шұғылдану кәсібі өте сирек кездескені себепкер болса, екіншіден, Димекеңнің тұңғыш қазақ инженері Мұхаметжан Тынышбаевты аса құрмет тұтуы әсер еткен. 1906 жылы Санкт-Петербургтегі жол қатынастары инженерлерін даярлайтын институтты үздік бітіріп, әрі энциклопедиялық білімге ие болған Мұхаметжан ағасының халыққа деген ізгі қасиеттерін көріп, кеудесін мақтаныш сезім кернеген Димекең: «Осы кісідей инженер болсам» деп армандаған. [2, с.10 ]

Д.А.Қонаевтың өзі үшін ең қымбаты марапаты – Қоңырат кенішінде жұмыс істеп жүргенде алған алғашқы «Үздік еңбегі үшін» медалі болды. Жалпы, ол кісі үш мәрте Социалистік Еңбек Ері атағын, сегіз рет Ленин, Еңбек Қызыл Ту ордендерін алған. Мейлі қызмет бабында, мейлі күнделікті өмірде болсын, ашу шақырып, дауыс көтеру, біреуге жекіру әдетінде болмаған. Үлкен кішімен бірдей ашық-жарқын кейіпте сөйлесіп, елмен еркін араласқан.

Жалпы, Д.А.Қонаев ел басқарған жылдары қай саладағы көрсеткішті алсақ та, Қазақстан Республикасы бұрынғы Кеңестер Одағы кезіндегі он бес республиканың ішінде Ресей мен Украинадан кейінгі үшінші орында болды.

Қонаев өзінің қызмет жағдайына орай саясаттағы әдебиет пен өнердегі ұлттық және интернационалдық мәселелерге үлкен мән беріп, олармен шындап айналысып, халықтың талатты өкілдеріне қажет болғанда көмек беріп, оларды қорғап отырған. Бұған О.Сүлейменовтың «Аз и Я» кітабы үшін тағылған саяси айыптардан қорғауы дәлел.

Дінмұхамед Ахметұлы ел басқарған жылдары өнер адамдарына ерекше құрмет көрсетілді. Әлемнің талай құрлығын қазақтың күйімен тамсандырған Құрманғазы атындағы академиялық халық аспаптары оркестері, жалындаған жастардың күшімен құралған «Отырар сазы» фольклорлық-этнографиялық оркестері, қазақтың тұңғыш циркі, «Гүлдер», «Дос-Мұқасан», «Шертер», «Сазген», қыздардан құралған «Айгүл» ансамбльдерін ерекше атауға болады. Әсіресе «Дос-Мұқасан» ансамблінің орындауындағы «Той жыры» әні Димекеңе ерекше ұнады. Жастар жігерінің жанып, сол кездегі жастар сыйлығы – Ленин комсомолы сыйлығы лауреаты атағын алуын қуана құптады.

Дінмұхамед Ахметұлы жаңа гүлденіп, өсіп келе жатқан жас таланттарға -ерекше қамқорлық жасады. 70-80 жылдары Қазақстанның ондаған өнерпаз ұл – қыздары әлемдік аренаға шығып, бірінен соң бірі халықаралық конкурстарда жеңіске жетіп жатты. Мәселен, классикалық өнер саласында, оның ішінде Абай атындағы опера және балет театрының таланттары Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, ағайынды Ришад және Мүсілім Абдуллиндер, Әлібек Дінішев, Айман Мұсаходжаева, Жәния Әубәкірова, Лаки Кесоглу, эстрада өнерінде Роза Рымбаева, Нағима Есқалиева, ұлттық ән-күй өнерінде Қайрат Байбосынов, Жәнібек Кәрменов, тағы басқаларының талантын ерекше бағалды. Міне, осылардың әрбір жетістіктеріне Дінмұхамед Ахметұлы балаша қуанып, оларды жеке-жеке қабылдап, хал-жағдайларын сұрап, қажетті кезінде көмек көрсетіп, аталық қамқорлық жасап отырды. Алтынбек Қоразбаевтың Серікбай Оспановтың сөзіне жазған «Сағындым Алматымды» әндері Дінмұхамед Ахметұлына ерекше ұнаған. Талантты композиторлар Нұрғиса Тілендиевтің, Шәмші Қалдаяқовтың, Ескендір Хасанғалиевтың әндеріне ерекше сүйсініп тыңдаған. Оның орындаушыларын да құрмет тұтқан.

Қонаевтің жан-жақты, әртекті мемлекеттік және қоғамдық саяси қызмет бабын, жемісті ғылыми зерттеу және ғылымды ұйымдастырып басқаруды асқан шеберлікпен ұштастыра білді. Кен ісі са-





ласындағы ірі ғалым және ғылыми жұмыстардың шебер ұйымдастырушысы ретінде Ғылым академиясының дамуына ғылыми-зерттеу институттарының жұмысын жетілдіруге, ғылым мен өндірістің байланысын күшейтуге, ғылыми кадрлардың саны мен сапасын көтеруде еңбегі ерен.

“Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтаншы болып келген. Ол, ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас бір дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған”, – деп тұлғалардың тарихтан алар орнын ашып көрсетеді.

Көзінің тірісінде Дінмұхамед Ахметұлы екі нәрсені армандап өтіпті. Оның бірі – Қазақстанның тәуелсіз ел болуы, ал екіншісі – ХХІ ғасырды көру екен. Өкінішке орай, тағдыр оны маңдайына жазбады. Алайда екеуін де Димекеңнің өзі ерекше қадір тұтқан ел – жұрты, халқы көрді. Туған елі барда Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі мәңгі жасайтыны анық.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Асқаров А. Өнегелі өмір/ ред. басқ. Ғ.М.Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2017;
2. Дінмұхамед Қонаев. – Алматы: «Аруна», 2014;
3. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық/ Құраст.: Ә. Көпіш. - Алматы: «Өнер», 2016. 2 – кітап;
4. Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды. (естелік-эссе) Ауд.
5. С. Әбдірайымұлы – Екінші басылым. – Алматы: «Үш қиян», 2021.



# Д.ҚОНАЕВ - ТЕКТИЛІК ПЕН ТАЗАЛЫҚ ТҰҒЫРЫ

**Қожан Сәуле Жанболатқызы**

*Ақтөбе қаласы «Дінмұхамед Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
бастауыш класс мұғалімі*

*«Адамдық қалыпты ұстау-кімге де болса да сын»  
Дінмұхамед Қонаев*

«Қаратаудың басынан көш келеді-ау,

Көшкен сайын бір тайлақ бос келеді-ау...» деп талай тар жол тайғақ кешуге белшесінен батып келе жатқан қайран қазағым қанша абызынан, асылынан, саңлағынан айырылды десеңізші... Ұлы да, текті халықтың рухының биіктігі, қанының тазалығы сол ұрпағы дүниеден өткен ұлықтарын ешқашан ұмыт қалдырмайтындығы! Соңынан дұға бағыштап, әрбір атқарған ісін жарияға жар сала, жақсылығын дәріптеу арқылы әр есімді ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа аманат етіп, арқалап келеміз! Елді сүю, Отанға деген махаббатты жүрекпен сезіну бір бөлек, ал іспен дәлелдеу үлкен бір бөлек әңгіме. Екіншісінің қолынан келе бермейтін іс. Отаны үшін жанын салып, барын сарп еткен патриот азаматымыздың бірі, ғасыр саңлағы – Дінмұхаммед Қонаев!

Осынау ұлы азамат туралы деректер жинау барысында Димекеңнің соңынан бір де бір қаңқу сөздің, ғайбаттың ермей, ақ, адал күйде өмір сүргеніне тәнті болдық. Әрбір адал еңбегін, бойындағы ерекше қасиеттерін таныған сайын бейне бір қарапайым пенде емес, қиял-ғажайып ертегі кейіпкерінің бейнесі елестейтіндей. Бұндай адамдар расымен де, жер бетінде өмір сүрген бе деп таң қаласың.

Адамзат үшін ең үлкен ұлы қасиет - қолында бар бола тұра нәпсіге ерік бермеу, дүние құмау, яғни қанағатшылдық. Міне, осы қасиет Димекеңнің бойынан бірінші болып көрініс тапқан. Жазушы, журналист бір еске алу жазбасында С. Әбдірайымов: «Ар ойлап, дүниеге бой алдырмаған екі адам болса, соның бірі ел еркелетіп Димаш атаған – Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев» деген екен. [3] Ол кісі өзінің сауаттылығының арқасында, үзбей оқыған әдебиеттерінің арқасында жиі шығармалар жазып тұратын еді. Кішігірім газет, журналдарда жарияланған мақалаларының қаламақысын есептемей-ақ, қандай баспадан қанша кітап шығарса, соның әрқайсысының қаламақысын тиынына дейін қалдырмай, жетімдер үйіне аударып отыратын болған екен. Өмір бойы бала сүймей кеткен ұлы азаматымыздың балаға деген жанашырлығының, қамқорлығының, қолы ашық жомарттығының дәлелін осы жерден-ақ байқасақ болады екен.

Дінмұхаммед Қонаевтың астын сызып тұрып атап өтетін келесі қасиеті оның зеректігі. Өзіне ден қойып, мәселесін айтып тұрған әрбір жанның әңгімесін аяғына дейін сабырлылықпен тыңдап, ойша қорытып, шешімін де қарастырып тұратын болған екен. Оқыған кітабын, танысқан адамын, өзі қатысқан кез келген оқиғасын ешқашан ұмытпайтыны тағы бар. Бухгалтериялық есептерді де



алдына жан салмай шағып бергенде, мамандардың өзі таң қалады екен. Жадының есте сақтау қабілетінің жоғары болғандығы сонша, жәй, қарапайым жұмысшы, колхоздардағы шопандардың да есімін ұмытпай, атауымен атауға тырысады екен. Осы жерде зеректігімен қоса, ол кісінің өзге жанның көңіліне қатты қарап, кішіпейіл болғандығын тани аламыз.

Президент пен шопанның дәрежесін тең көретін Димекең сонымен қатар өте әділ кісі болған. Ешкімнің қақысын жемеуге тырысып, үнемі зәбір көруші, мұқтаж жанға болысып, қамқор болатын. Айналасындағы жандардың да өзгеге зиянын тимеуін қатты қадағалайтын. Қатыгездік пен әділетсіздікке, әлімжеттікке жаны қас болды. Алдына келген қаншама жанның мәселесін оңынан шешіп, өзіне төніп тұрған қауіпке де елең етпейтін. Алдымен қарапайым халықты ойлайтын осындай адал азаматтарымыздың қазіргі таңда арамызда саны азайып кеткені қандай өкінішті. Астындағы тағы мен атағына қарамастан үнемі барға қанағат етіп, қарапайым киініп, қасына оққағарды да жолатпай халықпен бірге араласып жүретін аптал азаматымыздың атқарған істері қаншама. Таң қаласың, бір адам осыншама шаруаны жалғыз өзі қалай атқарған деп.

Өзі мекен еткен Алматы облысын және қаласын өзі басшылық еткен азғантай ғана жылдар ішінде адам танымастай ажарландырып жіберген еді. Табиғатынан сұлу қала Алматы әлі күнге дейін Димекеңе басын иіп, алғысын айтып тұрғандай сезіледі. «Қазақстан», «Алматы» атты қонақүйлерді сол кездегі соңғы үлгімен салдыртып, Республика сарайын, Республика алаңын тұрғызтқан еді. Сонымен қатар, Цирк, «Неке» сарайын, «Балуан шолақ» атындағы спорт сарайын, тағы да түрлі мәдени ғимараттарды тұрғызуға басшы болған жан.[3] Ғылыми, мәдени ошақтарға үлкен көңіл бөлген себебі, өзі үнемі ізденісте, үнемі оқу үстінде жүретін мықты ғалым болған кісі еді. Өскелең ұрпақтың көзі ашық, көкірегі ояу болуына терең көңіл бөлген ерекше жанашыр жан.

Жан-жақты оқу, жан-жақты жобаларға атсалысу, мемлекеттік маңызы бар терең істермен айналыса жүріп, қаншама игі істер атқарып жүрсе де Дінмұхаммед Қонаев өзін ұмытпаған жан. Жаратылысынан ерекше сұлу да сымбатты болып жаралған ол үнемі салауатты өмір салтын ұстанатын. Мөлшермен тамақтанып және үнемі жаяу жүріп, тау мен тасты жерлерде серуендегенді жаны сүйген. Аңшылыққа да жиі шығып, көңілін тыныш жерден жайландыратын. [2]

Артық шуды, ойын-сауықты көп ұнатпайтын Димекең жақындарымен бас қоса қалса шер тарқатысып, әңгіме-дүкен құруға тырысатын. Айналасының бәрін аузына қаратып, көрген білген, оқыған оқиғаларын майын тамыза жеткізіп, асқан шеберлікпен, шешендікпен тыңдаушыларды өзіне ұйытып қоюшы еді. Ешқашан өтірік айтпайтын шыншыл жанның ержүрек батыр болғандығын да жиі естиміз. Талай үлкен басшыларға қарсы шығып, қасқайып, алған бетінен қайтпай, өзі қойған мақсатына жетуі үшін табандылық танытқан. Бір сөзділігінің, соңынан сылдыр сөз ермеуінің арқасында шығар, жоғарыдағыларға да сөзі жүріп тұратын.

Алдына нақты мақсат қойып, жүрегінің, жан қалауының не нәрсе екенін нақты анықтап алған әрбір азамат өз дегеніне жетпей қоймайды деп сенеміз. Дінмұхаммед Ахметұлының адал жүрегі тек халқы деп соқты. Тек халық мүддесі үшін әрекет жасады. Соның арқасында шығар жолы ашылып, әлі күнге дейін ел аузында желдей есіп, аңыздай ұрпақтан-ұрпаққа таралып келе жатқаны. Көп тілеуі көл демекші, қара халықтың алғысын алу көп адамға бұйырмай кеткен бақ. Дәл осы бақытқа белшесінен батқан ұлы тұлға Димекеңнің өмірі біздерге қашан да үлгі болып, адалдық пен әділдіктің символы ретінде жүрек түкпірімізде мәңгілікке қала бермек.

Таңды таңға ұрып жырласақ та, аңыз адамның жақсылығы мен қадір-қасиетін, атқарған ұлы істерін тауыса алмайтынымыз бесенеден белгілі. Осынау ұлы тұлғаның ұлы есімі өзіміз қызмет етіп жүрген алтын ұя мектебіміз - білім ошағына берілгені біз үшін үлкен мақтаныш! Атағы жер жүзіне таралған Дінмұхаммед Қонаевтың есімі ғана емес, оның әрбір бойындағы қасиеті біз өсіріп, тәрбие-



леп отырған әр оқушының бойына дарыса екен деген ниеттеміз! Алдағы уақытта мектебімізде Д. А. Қонаев атындағы мұражай ашылса деген ұсыныс-тілегіміз де жоқ емес. Келген қонақтарымыз бен оқушыларымызға аңыз адамның тарихын тереңнен танытып, патриотизмге тәрбиелеуге осындай мұражай арқылы кең жол салар ма едік деген ниет.

Қорыта айтқанда, Дінмұхаммедтің даналығын, Қонаевтың қарапайымдылығын, Ахметұлының асқақ рухын әр шәкірттің бойына сіңіруді ұстаздық борышымыз деп білеміз.

**Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Д.А. Қонаев «Таңдамалы сөздер мен мақалалар», Алматы, «Қазақстан»баспасы, 1978 жыл
2. «Қазақстан тарихы» энциклопедиялық анықтама, «Арнау», Алматы, 2006 ж
- 3.С.Әбдірайымұлы «Елу жыл ел ағасы», «Санат», Алматы, 2002 жыл
- 4..Х.Ерғалиев «Тұғыры биік тұлға» «Егемен Қазақстан»
5. «Тектілік пен тазалық тұғыры», Ана тілі газеті , №7 , ақпан, 2022 жыл



## ТОПТАН ОЗҒАН ТҰЛҒА

**Алдиярова Жаңагүл Есенгелдиевна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
бастауыш сынып мұғалімі*

**Т**арихта аты қалатындар – топтан озған тұлғалар. Міне, сондай ұлы тұлғаларымыздың бірегейі, халқымыздың аяулы перзенті, аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Оның республиканы басқарған жылдары айрықша айшықты, ерекше табысты тарихи кезең болып, жылнамаларда алтын әріптермен жазылып қалды.

Мансап пен байлықтан қанағат сезімін жоғары қоя білген қайраткердің барлық байлығы жеке кітапханасы еді. Үлкен кісінің басшылығы кезінде Қазақстанда жұмысшы табының келешегі үшін 47 қала бой көтеріп, экономика мен мәдени өмір қарышты қадаммен алға басты. Д.А. Қонаевтың мінезіне де, жұмыс бабындағы іс-әрекеттеріне де өшпес із қалдырды. Ол басшылық жасаудың саналуан қыры мен сырын үйреніп, шыңдалды. Атап айтқанда, келешекті ойлап абай болу, нақтылы жағдайды бағалау, жүктелген жауапкершілікті толық сезіну сияқты қасиеттерді игерді. Осылардың бәрі Д.А. Қонаевтың қызмет бабындағы баспалдақпен жоғары көтерілуіне жол ашады.

Д.А.Қонаев – Ұлы отан соғысынан әбден күйзеліп артта қалған Қазақстанды толассыз көркейтіп дамытқан, оны алдыңғы қатарлы индустриялы – аграрлық республика дәрежесіне жеткізген – XX ғасырдағы қазақ халқының дара перзенті, қазақ мемлекетінің ұлы қайраткері.

Дінмұхамед кісі емес жүрегі өлген.

Алатауы болатын алты алаштың,

Ғасырлардың төрінен түрегелген – демекші заманымыздың заңғар тұлғасы Димаш Ахметұлы Қонаевтың халық үшін, еліміз үшін жасаған еңбегі көзі тірісінде де жоғары бағаланды. Оған КСРО-дай алып державаның ең жоғары – Социалистік Еңбек Ері атағы үш рет берілді, ең жоғары ордені – Ленин орденімен 8 рет марапатталды. Сөйте тұра оның сіңірген еңбегін ұмытып, бір күнде бәрі теріс айналған кездері де болды. Шын мәнісінде Д.А.Қонаев еліміздің іргесін нықтап, еңсесін тіктеп, бүгінгідей қуатты мемлекетке айналдырып кеткен жан. Туған еліміздің тәуелсіздігіне бастау болған Желтоқсан оқиғасына да себепкер болғанын бәріміз де білеміз.

«Елім» дейтін ер болмаса, «Ерім» дейтін ел қайдан болсын? ! Халықтың қалауына, ығына жығылған басшының басты мақсаты да осы болуы керек. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ел үшін қызмет етіп, аянбай тер төкті. Ол адалдықты, шындықты ту еткен, халық үшін қалтқысыз қызмет еткен перзент.

Уақыт Д.А.Қонаевтың есімі мен атқарған істеріне үстемдік ете алмайды. Керісінше, жылдар өткен сайын, ол өмір сүрген кезең алыстай берген сайын оның қызметінің нәтижесі одан бетер айқындала түсті.



Халқымыздың біртуар азаматы Д. А. Қонаевтың есімі жылдар өтсе де, әр қазақтың жүрегінде мәңгі сақталады. Бұл күндері Қазақстанның әр қаласында Димекеңнің атымен аталатын көшелер, мектептер, жоғарғы оқу орындары көптеп кездеседі. Дінмұхамед атымен аталатын жас ұрпақ та желкілдеп өсіп келеді. Олар, сірә, Димаш атасын, оның ғибратты өмірін еш уақытта ұмытпайды. Иә, қазақ халқы бар жерде Димекеңнің есімі ұмытыла қоймас. Елдің мәңгі есіндесіз, қазақтың асыл перзенті, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Бүгінгі міне мына ұрпақ, келешек жастары, өз Отанының шынайы патриоты болуды осы ұлы тұлғамыздан үйреніп, елінің адал азаматтары болады деп сенемін.

Халқымыздың біртуар азаматы Д. А. Қонаевтың есімі жылдар өтсе де, әр қазақтың жүрегінде мәңгі сақталады. Бұл күндері Қазақстанның әр қаласында атамыздың атымен аталатын көшелер, мектептер, жоғарғы оқу орындары көптеп кездеседі. Дінмұхамед атымен аталатын жас ұрпақ та желкілдеп өсіп келеді. Олар, сірә, Димаш атасын, оның ғибратты өмірін ұмыта алар ма екен? Иә, қазақ халқы бар жерде атамыздың есімі ұмытыла қоймас. Елдің мәңгі есіндесіз, қазақтың асыл перзенті, Димаш ата!

**Әдебиеттер тізімі:**

1. «Ұлы тұлғалар» Дара дана тұлға. [«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия]. Орталық ғылыми кітапхана, 2011.
2. Ғ.Мәулетов «Бекзат болмыс» «Егемен Қазақстан» 25.II.2009 жыл
3. Б.Қасенов «Ел қастерлеген есім» «Егемен Қазқатан» 12.I.2000 жыл





# ҚОНАЕВ - ҒАСЫР АДАМЫ

**Казахова Гаухар Темирлановна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
бастауыш сынып мұғалімі*

*Д.А.Қонаев есімі Қазақстан халқымен бірге жасары анық, ақиқат.  
Ол кісі бәрімізге ұстаз болған ұлы адам  
Н. Ә. Назарбаев*

«**Д**інмұхамед Ахметұлы — өз заманының перзенті болған, ірі тұлға, көрнекті қайраткер. 1960 - 1962, 1964 - 1986 жылдар аралығында Қазақстан коммунистік партиясы Орталық комитетінің I хатшысы қызметін атқарды. Қонаев жоғары қызметке келген уақыттың аса күрделі, қайшылығы көп кезең болғанын білесіздер. Алайда, осындай қиындықтарға қарамастан, Қонаев елдің дамуы үшін қолынан келгенін жасады. Республикада құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы салаларының дамуы ілгерілей түсті. Елсіз жерлерде жаңа қалалар мен елді мекендер пайда болды. Ол басшылық жасаған жылдары Қазақстанда Ақтау, Текелі, Шардара, Арқалық т. б. жетпістен астам үлкенді - кішілі қала салынып, Балқаш пен Жезқазған тау - кен комбинаты, Ақтөбе химия комбинаты, Қаратау фосфор зауыты, Соколов -Сарыбай тау- кен комбинаты т. б. көптеген алып индустриялық құрылыстар жүзеге асырылды. Д. А. Қонаев 20 жыл бойы Орталық Комитеттің саяси бюросының толық мүшесі болды. Ел алдындағы оның еңбегі ерекше бағаланып, Еңбек Ері атағымен, көптеген мемлекеттік наградалармен марапатталған. Сонымен қатар, Д. А. Қонаев ғылымға да үлкен еңбек етіп, жүзден аса ғылыми еңбектері жарық көрген. Тау-кен ісі саласының ірі ғалымы Д.А.Қонаев республика ғылымының дамуы жолында зор еңбек сіңіреді. Ғылыми ұйымдық жұмыстарды жақсарту, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларын білікті кадрлармен нығайту шаралары оның басшылығымен жүзеге асырылады. Қонаевтың ғылыми еңбектері кен орындарын ашық әдіспен зерттеудің теориясы мен тәжірибесінің маңызды мәселелеріне арналған. 1948 жылы кандидаттық, ал 1968 жылы докторлық диссертация қорғады. 100- ден аса ғылыми еңбектері жарық көрді. Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, мол тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін аянбай жұмсай білді.

Ел жағдайы мен тарихы көп ретте билік басында отырғандарға байланысты. Тарихи тұлға туралы ресми құжаттардан емес, замандастарының естеліктерінен, жақын адамдарға айтқан сөздерінен талай нәрсені байқауға болады. Дінмұхамед атаның еңбегі артында қалған ұрпағы біздерге үлгі. Қонаев туралы естелік иелерінің басым бөлігі атамыздың қарапайымдылығын жиі атап өтеді. Ол жас ғалымдарды қолдап, білім жүйесіне ерекше көңіл бөлді. 1970 жылы Қазақ КСР-дегі мектептердің саны 10154-ке жетті. Онда білім алатын оқушы саны 3 млн 266 мың болды. 80 жылдардан бастап шағын аудандардың жойылуымен ондағы қазақ тілінде оқу ісін жүргізетін бірнеше мектептер жабылды. Нәтижесінде 1986 жылы республикада физика, математика пәндерін тереңдетіп оқытатын



мектептер ашылды. Бұл мектептерді Қазақ КСР Ғылым Академиясы қамқорлыққа алды. Қазақ жерінде қазақ тілді мектептердің ашылуына көп еңбегі сіңді. Халқымыздың біртуар азаматы Д. А. Қонаевтың есімі жылдар өтсе де, әр қазақтың жүрегінде мәңгі сақталады. Бұл күндері Қазақстанның әр қаласында Димекеңнің атымен аталатын көшелер, мектептер, жоғарғы оқу орындары көптеп кездеседі. Дінмұхамед атымен аталатын жас ұрпақ та желкілдеп өсіп келеді

Қорыта айтқанда, XX ғасырдың екінші жартысында қазақтың ұлттық санасының өсуіне, еңсесі көтеріліп ұлт ретінде ұйыса түсуіне Д.А.Қонаев ерекше үлес қосты. Сондықтан Димаш Ахметұлы Қонаевты тәуелсіздігіміздің іргетасын қалаушы бір саясаткер ретінде оқулықтарда лайықты орын алуға тиіс, өнегелі өмірі жастарға насихатталуы қажет-ақ.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Естеліктер бір топ авторлар «Қазақ ауыр істен емес, ауыр сөзден қорқады» «Жас Алаш» газеті № 5.12.І.2002 жыл
2. Х.Ерғалиев «Тұғыры биік тұлға» «Егемен Қазақстан» 12.І.2002 жыл
3. Ғ.Мәулетов «Бекзат болмыс» «Егемен Қазақстан» 25.ІІ.2009 жыл
4. Б.Қасенов «Ел қастерлеген есім» «Егемен Қазсқатан» 12.І.2000 жыл
5. Көпжасар Нәрібаев «Қонаевтану ілімін қалыптастыруымыз керек» «Жас Алаш» 21.08.2008 жыл
6. Мамытбек Қалдыбай «Қонаев 43 қала салдырды» «Жас Алаш» 3.07.2008 жылы



# ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТАРИХИ ТҰЛҒА...

**Абулхайрова Гульнара Едилбаевна**  
*«Өрлеу» БАҰО АҚ Кәсіби даму институты*  
*кафедрасының аға оқытушысы*

*«Туған елімнің түтіні түзу шықса, туы биіктен желбіресе, абыройы асып, адамдары бақытты ғұмыр кешсе деген тілек үстіндегі жанның бірімін»*  
**Д.А.Қонаев**

**Е**л тағдырын өз тағдырынан биік қойған, жұртының амандығын, жерінің бүтіндігін мұрат еткен қазақ тарихының тұлғалары ұлт тарихының әр белесінде тұлғалық деңгейге көтеріліп отырған

Тұлға деген ұғым - тарихи өлшем. Яғни, тарихи тұрғыдан ел, халық үшін орасан зор, тарихи мәні терең іс-әрекетке барған немесе аса жауапты тарихи сәттерде халық тағдырында айрықша орны болған адамға халықтың өзі осындай бағаны беріп отырған. Міне, қазақ тарихының белесінде осындай орасан зор халықтық мәні бар тарихи оқиғаларға араласқан немесе осы тарихи оқиғаларды басқарған ұйымдастырушы болған, әйтпесе асқан ерлік көрсеткен азаматтар - халықтың тұғырлы тұлғасына айналып отырған. Қазақ ұлтының бағына, тағдырына орай Тарих-ана әр ғасырда жаужүрек, батыр тарихи тұлғалы ұлдары мен қыздарын мол жаратқан. Қазақ жерінің бір сүйемі де осылардың арқасында жаудың қолында кетпей, асқақ тарихымызды, намысты қолдан бермей, мәдениетінде, тұғырлы тілінде қай жағынан болмасын, қазақ тарихында тұлғаларымыз мәңгі өшпей қала бермек.

Оқушылар арасында рухани тәрбиені қалыптастыруда тарихи тұлғалардың алар орны орны ерекше. «Өткенді білмей, келешекті болжау қиын»- дегендей тарихи тұлғалардың тарихтағы игі істерін, жағымды қасиеттерін өз бойына қондырып, кеткен кемшіліктерінен сабақ алу да бүгінгі ұрпақтың еншісінде. Қазіргі таңда мектеп оқушыларын тәрбиелеу мәселесінде адамның жан дүниесін, рухани әлемін танып, дамытып, жетілдіру бағытындағы ізденістер жүріп жатыр. Ондағы басты қағида адамның кісілік келбеті, соған лайықты бола білу, адамның табиғатпен, әлеммен үйлесуі, халықтық дәстүр, рухани мәдениет негізінде болашақ ұрпақтың рухани - адамгершілік тәрбиесін жаңа сатыға көтеруге негізделген.

Қазақ даласы қай заманда да дарынды, ақылды адамдардан кеңде қалған емес. Адамзат тарихының әр ғасырында өз дәуіріне лайықты кемеңгер адамдар өмір сүрген. Олар тек өзі үшін ғана емес, халқы үшін өмір кешкендіктен тарихтан еш уақытта өшпес орнын иемденген. Ұлылардың жүріп өткен жолдары, оған қоса солардың айтқан өсиеттері мен істеген істері рухани тәрбиеге толы. ХХ ғасырда Қазақстанда өмір сүрген мемлекет қайраткерлерінің ішінде Д.А.Қонаев орны ерекше бөлек. Ол қазақтың, республиканың атына көптеген игі істерімен абырой мен даңқ әкелді, дүниежүзіне танымал етті. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымының докто-



ры, КСРО, шетел ордендері мен медальдарының иегері. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Республика партия ұйымын басқарған ширек уақыттың ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен танылып, халық дәстүрін жасқы білетін, тағылымы терең, ой-өрісі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де ол білімдар білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру қажет екенін терең түсініп, қолдай білді.

Д.Қонаев өз заманының ұлы саясаткері бола білді. Д.Қонаев билік құрған жылдары Кеңестік Қазақстан тарихында елеулі өзгерістер болды. Ол билік басында болған уақыт күрделі қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кентімен 43 қала пайда болды. Оның ішінде өнеркәсіп орталығы болып саналатын Рудний, Екібастұз, Шевченко (қазіргі Ақтау), Никольский, Степногорск, Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалалары салынды. Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, тың және тыңайған жерлер игерілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар салынды. Мал саны көбейіп, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артып отырды. Дінмұхамед Қонаевтің арқасында Қазақстанның өнеркәсіп, оның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғарғы деңгейде дамыды. Бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70%-ынан астамы, мырыштың 40%-ынан астамы қазақ жерінде өндірілді. Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттары, Соколов-Сарыбай мен Лисаков кен-байыту комбинаттары, Жезқазған мен Балқаш таукен-металлургия комбинаттары Ермаков пен Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары іске қосылып, Ақтөбе қаласында шығарылған хром кенінің көлемі артты. Д.Қонаев металл өңдеу және көлік жасау салаларында өндіріс тиімділігін арттырып, Өскемен, Орал, Қарағанды, Петропавл, Шымкент, Алматы қалаларында көлік жасау зауыттары құрылды. Алматы ауыр машина жасау зауытында шығарылған өнім әлемнің 40-тан астам мемлекетіне таралды. Қазақ жерінің аумағында көмір мен мұнай кен орындары ашылып, Қазақстан отын-энергетика өнеркәсібінің ірі орталығына айналды. Тараз және Шымкент қалаларында орналасқан комбинаттар сары фосфор өндіру бойынша әлемде бірінші орында болды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ғылым саласында орасан зор қызмет етті. 100-ден аса ғылыми еңбектер мен зерттеулер жазды. Айта кетсек, 1978 жылы – «Кеңестік Қазақстан», «Таңдамалы сөздері мен мақалалары», 1992 жылы – «О моём времени», 1994 жылы – «От Сталина до Горбачёва», «Ақиқаттан аттауға болмайды». Біраз ғылыми жұмыстарын шаруашылық пен өндірістік тәжірибеден өткізді. Өз еңбектерінің халық шаруашылығына тигізер пайдасының зор екенін іс жүзінде дәлелдеген еді. Өндіріс тиімділігін арттырумен қатар, ол жас ғалымдарды қолдап, білім жүйесіне ерекше көңіл бөлді. 1970 жылы Қазақ КСР-дегі мектептердің саны 10154-ке жетті. Онда білім алатын оқушы саны 3 млн 266 мың болды. 80 жылдардан бастап шағын аудандардың жойылуымен ондағы қазақ тілінде оқу ісін жүргізетін бірнеше мектептер жабылды. Нәтижесінде 1986 жылы республикада физика, математика пәндерін тереңдетіп оқытатын мектептер ашылды. Бұл мектептерді Қазақ КСР Ғылым Академиясы қамқорлыққа алды. 1986 жылы КОКП ОК-нің орта мектеп жұмысын жақсарту шаралары туралы қаулысы шықты. 1972 жылы Қазақ КСР-де жалпыға бірдей орта білім беруге көшудің соңғы кезеңі басталды. 1970 жылдан бастап республикадағы жоғары оқу орындарында бірқатар өзгерістер болды. Республикадағы 55 жоғары оқу орнында 173,3 мың студент білім алды. Арнаулы орта оқу орындарының саны 246 болды. Бұл оқу орындарында 272,2 мың адам білім алды. Қазақ өнерін жоғары бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Өнер ордалары салынып, мәдениет үйлері өз қызметін бастады. Қазақ жерінің барлық аймақтарында дерлік білім және мәдениет ошақтары ашылып, тұрғын үйлер тұрғы-



зылып, әлеуметтік нысандар салынды. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бастамасы бойынша қазақ жерінің сол кездегі астанасы Алматы қаласында Үкімет үйі, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің ғимараты, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының ғимараты тұрғызылды. Қала көшелерінің саны артып, жаңа тұрғын үйлер салынып, 12 ықшамаудан ашылды. Мектеп пен бала-бақша ғимараттарының құрылысы басталып, Оқушылар сарайы жас өнерпаздарға есігін айқара ашты. Республика сарайы, Спорт және Мәдениет сарайы, «Медеу» спорт кешені, Ұлттық Кітапхана, цирк сынды мәдениет, білім және спорт нысандары бой көтерді. Авто, аэро және теміржол вокзалдары, әуежай, «Алматы», «Отырар», «Жетісу», «Алатау», «Достық», «Қазақстан» қонақ үйлері салынып, қала көркін ашты. 1970 жылдардан бастап Қазақстан халықаралық байланыста орны кеңейді. Әсіресе Қазақстанның сыртқы саясатында мәдени және экономикалық байланыстар ерекше орын алды. Қазақстан металл мен руданы, мұнайды экспортқа шығарса, станок пен жиһазды, киім мен электр тауарларын, тағамды сырттан импорттады. Қазақстан мамандары Египет пен Иранда, Моңғолия мен Финляндияда, Ауғанстан мен Үндістанда қызмет етті. Ғалымдар АҚШ, Франция, Италия, Болгария, Чехославакия ғалымдарымен тәжірибе алмасты. Бір ғасырда сирек туатын тұлғалардың бірі Д.А. Қонаевтың үлгі тұтарлық өмірі мен қызметі өсіп келе жатқан ұрпақты тәрбиелеу мақсатында томдық кітаптардан артық тәрбие береді. Д.А.Қонаевты Қазақстаннан немесе керісінше Қазақстанның тарихын Д.А.Қонаевтан бөліп қарастыра алмаймыз. Қазақстан мемлекетінің қалыптасуында өзіндік рөлі жоғары Д.А.Қонаевты қазіргі және болашақ ұрпақта сан ғасырлар өтсе де мәңгі жадында сақтайтын болады. келер ұрпақтың тарихи тұлғалардың жүріп өткен жолынан алар өнегесі мен рухани тәлім-тәрбиесі ұшан-теңіз, осы адамгершілік құндылықтарды оқушылардың бойына сіңіруді әр мұғалім өз тәжірибесінде тиімді орнымен пайдаланса нұр үстіне нұр болар еді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.«Ақиқаттан аттауға болмайды» Д. Қонаев. (Естелік-эссе), аударған Ғұмыр-дария. Ж.Аупбаев. Алматы.
  - 2.Қыдыр ғұмыр. Р.Ниязбек. Алматы. Жалын. 2002 ж.
  - 3.Тарихи тұлғалар. Танымдық көпшілік басылым. Құрастырған Б.Тоғысбаев, А.Сужикова.
  - 4.Тұғыры биік тұлға. Х.Ерғалиев. Егемен Қазақстан.
- Жаны таза Димекең еді. С.Аққұлұлы.
- 5.Қазақстан – Заман. Ақпарат дереккөзі: <https://massaget.kz/layfstayl/bilim/gumanitarly-ulymdar/51205/>



# ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ ҰЛЫ САЯСАТКЕРІ

**Адилханова Марал Тенелевна**

*«Өрлеу» БАҰО» АҚФ Ақтөбе облысы бойынша*

*Кәсіби даму институты*

*«Жаратылыстану және гуманитарлық пәндерді*

*оқыту әдістемесі» кафедрасының әдіскері*

Әр ғасырдың өзінің біртума перзенттері, аты аңызға айналған ғасыр саңлақтары болады. Солардың бірі де бірегейі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Заманына, заманның саясатына қызмет еткен дараның бірі – халық жадына сақталған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев — аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, КСРО шет ел ордендері мен медальдарының иегері. Қазақстанның көрнекті мемлекет және саяси қайраткері, ғалым, тау-кен инженері.

Социалистік Еңбек Ері Оразәлі Қозыбаев ұлағаты туралы ой маржандарында: «Ол кісінің ат тізгінін тартып мінген азаматтан білмейтіні кемде- кем еді. Өсіп келе жатқан жастарға айрықша назар аударатын. Сұрайтын. Біліп танитын. Соған, сосын сыртынан қамқор бола жүретін. Мен оны өз басымнан білемін. Соғыстан кейін бір көрген мені араға бірнеше жыл салып танығанда және өсу жолымды ізгі көңілмен айтқанда қайран қалмасқа, дән риза болмасқа болмады» [1] деген болатын.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қазақ халқы, Қазақстанда тұратын барлық халықтар үшін жасаған еңбегі зор. Қазақта «Жақсы ісімен жасайды» деген мақал бар. Сондай іргелі ісімен өшпес із қалдырғандардың бірі, бірі емес, бірегейі — Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Халық үшін қажымай, ел үшін еңбек еткен ірі мемлекет қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы естеліктер сақталған.

Д.А.Қонаев 1955–60 және 1962–64 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, ал 1960–1962 және 1964–1986 жылдары Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің Бірінші Хатшысы болды. Бірнеше мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. СОКП-ның ХІХ съезінен бастап кейінгі съездерінің бәріне делегат болды. Партия делегациясын басқарып, әлденеше рет шетелдерде болып қайтты. 1956 жылдан бастап СОКП Орталық Комитетінің мүшесі болды. 1966 жылы партияның ХХІІІ съезінде ол СОКП Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат, ал 1970 жылы ХХІV съезде Саяси Бюроға мүше болып сайланды. Осылай ол 20 жылдан аса уақыт бойы СОКП ОК Саяси Бюросының мүшесі болып, КСРО секілді айдарынан жел ескен алып державаның ішкі-сыртқы саясатының мәселелерін шешуге қатысқан әлемдік масштабтағы мемлекет қайраткер дәрежесіне көтерілді. Ол Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, мол тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін халқының пайдасына жұмсады. Д.А.Қонаев өз заманының ұлы саясаткері бола білді. Ол билік басында бол-





ған уақыт қаншалықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді. Түрлі деңгейдегі партия және кеңес қызметін атқара жүріп, Орталықтың өктем саясатының ығымен кете бермей, ел мүддесін, болашақ қамын да бір сәт естен шығарған жоқ. 1960-шы жылдардың басында Н.С.Хрущевтің озбырлығымен Өзбекстанға беріліп кеткен қазақ жерінің біраз бөлігін қайтадан қайтарып алуы соның айқын бір дәлелі еді. Республика партия ұйымын басқарған ширек ғасырға жуық уақыт ішінде өзінің үлкен мәдениеттілігімен, иманжүзді ізеттілігімен танылып, халық дәстүрін жақсы білетін, тағылымы терең, ой өресі биік жан екенін көрсетті. Кейін мемлекет ісінен қол үзген кезде де Қазақстанның тәуелсіздігінің алғашқы қиын жылдарында ол білімдар, білікті жан ретінде елде жүріп жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландырудың қажет екенін терең сезініп, қолдай білді [2].

Қазақстанның қуатты аграрлы-индустриалды мемлекет ретінде қалыптасуында Д.А.Қонаевтың сіңірген еңбегі ерекше. Д.А.Қонаевтың билігі кезеңінде Өскемендегі қорғасын-мырыш және титан-магний, Соколов-Сарыбай, Лисаков, Балқаш, Жезқазған тау-кен-металлургия комбинаттары құрылды және дамыды. Оның көмегімен химия, металлургия институттары ашылды. Қазақстандағы ВАСХНИЛ, Ақмоладағы Бараев институты әлеуметтік тапсырыс пакеттерін алды, ядролық физика саласындағы қарқынды жұмыстар басталды, Орта Азиялық әскери округ, әскери-инженерлік база құрылды.

Заманымыздың заңғар тұлғасы Димаш Ахметұлы Қонаевтың халық үшін, еліміз үшін жасаған еңбегі кезінде жоғары бағаланды. Оған КСРО-дай алып державаның ең жоғары — Социалистік Еңбек Ері атағы үш рет берілді, ең жоғары ордені — Ленин орденімен 8 рет марапатталды.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ғылым саласында орасан зор қызмет етті. 100-ден аса ғылыми еңбектер мен зерттеулер жазды. Біраз ғылыми жұмыстарын шаруашылық пен өндірістік тәжірибеден өткізді. Өз еңбектерінің халық шаруашылығына тигізер пайдасының зор екендігін іс жүзінде дәлелдеген еді. Өндіріс тиімділігін арттырумен қатар, ол жас ғалымдарды қолдап, білім жүйесіне ерекше көңіл бөлді.

Қазақ өнерін жоғары бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Өнер ордалары салынып, мәдениет үйлері өз қызметін бастады. Қазақ жерінің барлық аймақтарында дерлік білім және мәдени ошақтар ашылып, тұрғын үйлер тұрғызылып, әлеуметтік нысандар салынды [3].

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев жан-жақты, әртекті мемлекеттік және қоғамдық-саяси қызмет бабын, жемісті ғылыми зерттеу және ғылымды ұйымдастырып басқаруды асқан шеберлікпен ұштастыра білді.

Кен ісі саласындағы ірі ғалым және ғылыми жұмыстардың шебер ұйымдастырушысы ретінде Ғылым академиясының дамуына, ғылыми-зерттеу институттарының жұмысын жетілдіруге, ғылым мен өндірістің байланысын күшейтуге, ғылыми кадрлардың саны мен сапасын көтеруге зор үлес қосты.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев бүгінгі ұрпағының өнегелі де өнерлі, білімді де білікті, кісілікті де кішік болып өсуіне және лайықты азамат болып кемелденуіне үлкен еңбек сіңірді.

Халқымыздың біртуар перзенті, есімі дүние жүзіне мәшһүр болған аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың жарқын есімі халықтың жадында мәңгі сақталады.



**Әдебиеттер тізімі:**

1. Мұхиттан өткен қайық: [Мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналады] / Құраст. Б.С. Асанова – Алматы: ОҒК, 2011. – б., сур. [«Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия].

2. «Д.А.Қонаевтың басшылығы тұсындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси жағдайы» Н.Б.Смағұлов «Қарағанды университетінің хабаршысы» № 3(67)/2012

3. <https://kk.wikipedia.org/wiki/>



# Д.А.ҚОНАЕВ - ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДА ТӨРДЕН ОРЫН АЛАТЫН ТҰЛҒА

**Набиева Ақмарал**

*Ақтөбе қаласы «Ғ. Ақтаев атындағы*

*№6 мектеп-гимназия»*

*9 класс оқушысы*

*Жетекшісі Сералықызы Ж.*

**Т**әуелсіздік – біздің ең қымбат құндылығымыз. Тәуелсіз ел болуымызға тарихтың қосар үлесі зор. Әр ел, әр ұлт осы үшін де мақтана алады. Қазақ халқы сан ғасырлар бойы тәуелсіз ел болуға қол жеткізуге ұмтылысының арқасында, қазақ мемлекеттілігінің негізін қайта қалады. Бұл жолда еңбек еткен тарихта өз орнын алған тұлғаларымыз көп. Тәуелсіздігіміз үшін үлес қосқан аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, әлемдік деңгейде баға берілген, сирек кездесетін тұлға – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Дінмұхамед Ахметұлының балалық кезі тарихтағы 1916 жылғы ұлт-азаттық соғыс жылдары, 1917 жылғы Қазан төңкерісі кезімен тұспа-тұс келсе, студенттік жылдары ашаршылық уақытына, ал Екінші дүниежүзілік соғыс жылдары саясаткер болып қалыптасса, соғыстан кейін ғылыми қызметке бағытталса, тың игеру жылдарында қоғамдық-саяси жүйенің қыр-сырын үйреніп, кейінгі жылдары Республиканың жетекшісі ретінде қызмет етті. Осындай тарих беттеріндегі қиын кезеңдерде өзін шыңдай отыра, халқына адал қызмет еткен тұлға [1, 216].

1986 жылы 16 желтоқсанында Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің V Пленумы болып, онда бір басты мәселе – республиканы ширек ғасыр басқарып, экономикалық-әлеуметтік және де басқа салалардың гүлденуіне өзінің өлшеусіз үлесін қосқан саяси басшының орнына Колбинды сайлады. Д.А. Қонаевтың қызметтен кетуі халықтың ашуын туғызып, ең алдымен жастардың наразылығын тудырды. 1986 жылдың 17 желтоқсанда Алматыда және басқа жерлерде студенттер мен жұмысшылардың әділетсіз шешіміне қарсы бейбіт көтеріліс шеруі басталды [1, 216]. Желтоқсан оқиғасы – ұлттық рухтың жаңару, қайта түлеу кезеңінің басы, жаңа сатыға көтерілуі деп баға беруге болады. Ол бүкіл халықтың рухани өміріне әсер етіп, ұлттық сананы өсіріп, ұлттық рухты жандандырды. Бұл оқиға Одақтың құлдырауына, ыдырауына әкелген, тәуелсіздігімізге бір қадам болса да жақындай түскеніміздің көрінісі екенін ұғындырады [2,156].

1990 жылдың басына дейін үш жыл уақыттай Дінмұхамед Қонаевты және жақын туыстарын моральдық тұрғыдан қорлау, жамандау үздіксіз жүргізілген. Г.Колбин мен қасындағылар Д.А.Қонаевтың сенімді әріптестері мен ізбасарларына желтоқсан оқиғаларын ұйымдастырушылар деген «айыптар» тағып, олардың біразын қылмыстық тұрғыдан қудалаған. Мұхтар Шаханов Д.А.Қонаевпен кездескенде, онымен бірге қызмет еткен Асқаров пен Бекежановты қамауға алуының мақсаты «солар арқылы мені қолға түсіру» және үш рет жауапқа шақырғанын айтқан. Әңгіме барысында КСРО Бас прокуратурасының аса маңызды қылмыстық істермен шұғылданатын топтың басшысы



Калиниченконың ізінен қалмай, «бюро мүшелері қымбат телелдидарды Қонаевқа пара ретінде берді», - деп қылмыстық іс қозғамақ болған. Телелдидардың құны 2 мың сом болса да, оны 22 мың сомға сатып алды деп, арнайы жалған қағаз әзірлеткен. Қонаев оған жауап ретінде кезінде қызмет еткен Орталық комитеттегі кабинетіне апарып, шкафтың ішінде екенінін дәлелдеп берген. Калиниченко басын бұғып: «кешіріңіз, телелдидарды үйіңізге апармағаныңыз пара болды деген айыптаманы жоққа шығарады» - деп жауап берген. Түйіндей келе, Әл-Фараби мемлекет басшысының бойында болуға тиісті он екі мінез бен қасиетті іріктейді. Соның бірі – байлыққа рухани жыққызбау, байлыққа құл болмау. Осы тұста нағыз адалдық шыңында тұрған, халқына аянбай еңбегі сіңген тұлға ретінде Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты айтар едік [3, 56].

Қазақстанның халық жазушысы О.Сүлейменов өзінің естелігінде «Жиырмамыншы ғасырда біз шын мәніндегі «Ұлы» деген атауға лайық жандармен қатар өмір сүру бақытын бастан кешіппіз. Солардың ішінен өз басым Қонаев есімін еш күмәнсіз алар едім... Оны жұмыс үстінде – мәжілістерде, съезд күндерінде, дала қосында, комбайнерлердің ортасында, демалыс шақтарында үй-ішімен бірге дастархан басында, аңға шыққанда, шопандардың киіз үйінде отырғанын көрдім» - деп еске алады [1.106б]. Біз Д.А.Қонаевты «Ұлы тұлғалар» қатарына қосуымыздың бірден-бір себебі- өзінің заманында қарапайым тұлғалығымен ерекшеленгендігінде.

Үндістанның тәуелсіздігі жолында күрескен премьер-министрі Джавахарлал Неру Қонаев туралы естелігінде: «Мейірім шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ. Сол халық – қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты. Сол перзент - Дінмұхамед Қонаев. Бізде екі ұқсастық бар екен. Бірі – қарапайымдылықтарымыз қалай аумаса, жасыл желекке оранған Алматы біздің Кашимирмен егіздің сыңарындай ма деп қалдым. Ғажап!», - деп қазақ халқына Қонаевтай тұлғаның қалтқысыз еңбегі сіңгені туралы айтты [4,190б]. Басшы болса да өзінің қарапайымдылығымен көзге түсе білген ерекше тұлға ретінде айта аламыз.

Қорытындылай келе, Д.А.Қонаев жарқын болашақтың салтанат құруы ісіне шын берілген тарихи тұлға. Ол өз заманында биік белестерге жетіп, мемлекет үшін игілікті істер атқара отырып, қазақ халқының мүддесін бірінші орынға қойған қайраткер. Д.А.Қонаев – қазақ тарихында төрден орын алатын тұлға. «Халықтың бағы қыдыр қонған перзентіне беріледі. Елу жылдай сол бақ Димекеңде болды. Обалы не керек, барын елге төкті. Көсегеміз көгеріп, көрпеміз ұлғайды. Оның қайырымын ұрпақ бойына сіңірсек, Димекеңе деген ықыласымыз сол» - деп, Шафиқ Избасұлы айтқандай, тәуелсіздігіміздің тұғырлы болуына жас ұрпақ өз үлесін қосып, Қонаевтай тұлғаны ұмытпай, болашақта насихаттауымыз керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Б.С Асанова. Ұлы тұлғалар. Дара дана тұлға. Алматы, 2011жыл.
2. М. Шаханов. Желтоқсан эпопеясы. Алматы, 2013жыл.
3. М. Шаханов. Қонаев әлемі. Жас Алаш. №3.2008ж.
4. Д.А. Қонаев. Фотоальбом. Алматы. 2022.256 бет.



# ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ – ҒАСЫР АДАМЫ

**Алимова Гүлмира Қуандықовна**

*Ақтөбе облысы Алға ауданы  
«Үшқұдық орта мектебі» КММ  
информатика мұғалімі*

**XX** ғасыр көшбасшысы, Қазақстанның дамуына елеулі үлес қосқан басшы Д.А. Қонаевтың басшылығымен Қазақстан айтарлықтай жетістіктерге жетті. Республиканы дамыту бағдарламасы өнеркәсіптік өндірісті, ауыл шаруашылығын, қарқынды құрылысты қалыптастыруға бағытталған. 1912 жылы 12 қаңтарда Верный қаласында (қазіргі Алматы) бала Димаш дүниеге келді. Оның ата-анасы болашақта ұлдарының Қазақстан үшін көп пайдалы болады деп ойламаған шығар.

Дінмұхамед Чернышевский атындағы №19 бірінші сатыдағы мектепте оқыды. Төртінші сыныпты бітіргеннен кейін 14-ші мектепте оқыды. Димаш Ахмедович өзінің «Сталиннен Горбачевке дейін» кітабындағы мектеп жылдары туралы [10], мектепте оқыған жылдары ұзақ уақыт есте қалады: — «маған орыс тілін үйреткен алғашқы мұғалімім Анна Павловна Шурова және Букварь бойынша сауаттылық жақсы есімде. №14 мектептің сезімтал және дана мұғалімдерін ұмытпаймын: математика — Семен Иванович Соколов, физика — Андрей Алексеевич Астраханцев, Исмаил Павлович Масленников, жаратылыстану — Борис Николаевич Дублицкий, қоғамтану — Евгений Степанович Войцеховский. Мұғалім-тәлімгерлерге рухани жомарттығы, дана нұсқаулары, білімі үшін әлі де ризамын». Қонаев орыс тілі мұғалімі Любовь Александровна Федулованы ерекше жанашырлықпен еске алады, ол орыс тілін сәтті меңгеруге көп күш жұмсады.

Қазақстанның даму тарихында өшпес із қалдырғандардың арасында Дінмұхамед Қонаев ерекше тұлға. Ағымдағы жылдың он екінші қаңтарында оның туғанына 110 жыл толды. Бұл күнге Қаскелең қаласында, аудандық тарихи-өлкетану мұражайында «Ұлы даланың ұлы есімдері» жобасын іске асыру аясында өткізілген дөңгелек үстел арналды. Оны мұражай директоры, белгілі ақын Серік Қалиев жүргізді. Бұл кездесудің қатысушылары Дінмұхамед Ахметұлын білетіндер, онымен өмір жолдары қиылысқандар болды. Олар осы адам туралы естеліктерімен бөлісті. Абай атындағы мектеп-гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі Ақбопе Қожасанова Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бір кездері бірінші хатшысының өмірі туралы айтып берді. 1931 жылы жас жігіт комсомол жолдамасымен Мәскеуге барып, түсті металдар және алтын институтының тау-кен факультетіне оқуға түсті. Оны бітіріп, 1936 жылы Балқаш мыс балқыту комбинатының Қоңырат кенішіне жіберілді. 1938 жылы қарашада мұнда балқытылған мыстың алғашқы партиясы үшін ол өзінің алғашқы мемлекеттік сыйлығын – «Ерен еңбегі үшін» медалін алды.



Соғысқа дейінгі жылдары және Ұлы Отан соғысының басында Дінмұхамед Ахметұлы Лениногорск қаласына жіберілді, онда КСРО қорғасын-мырыш өнеркәсібінің ірі кәсіпорындарының бірін басқарды. 1942 жылы сәуірде ол республика Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалды; 1952 жылы сәуірде Дінмұхамед Қонаев Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті болып сайланды; 1955 жылы 31 наурызда ол Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің Төрағасы қызметіне тағайындалды, ал 1960 жылы қаңтарда бірауыздан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды.

Бұл қызметте Дінмұхамед Ахметұлы республиканың дамуына зор үлес қосты. Зейнеткерлік демалыста ол ғылыми мақалалар жазуды жалғастырды. Сонымен қатар, екі естеліктер кітабын жазды, соның ішінде «Менің уақытым туралы» және «Сталиннен Горбачевке дейін». Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткерінің өмірі 1993 жылдың 22 тамызында аяқталды.

Жамбыл ауданының Құрметті азаматы Өмірхан Әбдіхалықов бір кездері «Медеу» биік таулы мұз айдыны сияқты маңызды нысанды тұрғызуда бас инженер болып жұмыс істеген. Онымен қатар республика сарайы да салынды. Өмірхан аға есімдері мен фактілерін өте жақсы есте сақтағанын атап өткен Дінмұхамед Ахметұлын қызмет бабымен жиі кездестіруге тура келді. Сондықтан жоғарыдан қонақтар келгенде, оларға белгілі бір нысандар туралы бәрін айтып берді. ақсақал да оның үйінде болды. Дінмұхамед Ахметұлының жұбайы – Зухра Шәріпқызы қонақтарды қарсы алды, олмен бірге жарты ғасырдан астам уақыт өмір сүрді.

Аграрлық саланың ардагері, Еңбекші қазақ ауданында тұратын Алматы облысының Құрметті азаматы Елеусіз Сұлтанғазиев те осы тұлғамен бірнеше естелік кездесулер туралы айтып берді. Ол сондай-ақ Дінмұхамед Қонаевтың есімімен аталатын Бартоғай су қоймасы мен Үлкен Алматы каналының құрылысы туралы естеліктерімен бөлісті. Бір қызығы, бұл стратегиялық маңызды нысандар әлі күнге дейін халыққа қызмет етеді.

Профессор, медицина ғылымдарының докторы Сауербек Рузиддинов Дінмұхамед Ахметұлының тәртіп пен ұқыптылық, дәрігерлердің ұсыныстарына сөзсіз мойынсыну сияқты қасиеттерін атап өтті.

Бір кездері сот-медициналық сараптама институтының жұмысын басқарған құрметті ақсақал Әбдіманап Айдарқұлов Дінмұхамед Ахметұлының елімізге бірқатар жерлерді, соның ішінде, Оңтүстік Қазақстан облысындағы Жетісай мен Мақтарал сияқты жерлерді қайтару үшін көп күш жұмсағанын айтты. Оның арманы орындалмай қалды, өйткені Өзбек КСР-не кеткен Бостандық ауданын қайтару мүмкін болмады.

Серік Мақұлбекұлы атап өткендей, егер қысқа уақыт ішінде айтылғандарды тыңдай отырып, біреу осы адамның өмірінен жақсы мысалдарды бас әріппен жазса, онда дөңгелек үстел өтті, оң әсер етті, жастарды тәрбиелеуге өз үлесін қосты. Ол өз тарихын, оны жасағандарды, елдің өркендеуіне үлес қосқандарды білмесе және бағаламаса, болашаққа бару мүмкін емес екенін атап өтті. Дінмұхамед Қонаев та осындай тұлға болған.

Басқа тәуелсіз мемлекеттерде «пұттарды құлатқан» кезде [1], тұңғыш қазақстандық Президент Н.Ә.Назарбаев 1994 жылы 24 ақпанда Д.А. Қонаевты еске алу туралы [2] қаулы шығарды. Онда былай делінген: «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың Қазақстанға сіңірген ерекше еңбегін мойындау үшін оны еске алу мақсатында қаулы етемін: «Лениногор полиметалл комбинаты» АҚ (ШҚО) атауын өзгертіп, ҚР ҰҒА тау-кен институтына Д.А.Қонаевтың есімі берілсін; Д.А.Қонаева атындағы жыл сайынғы сыйлық тағайындалсын. Академик Д.А.Қонаев жас ғалымдарға арналған жер туралы ғылым саласында Алматы қаласында Д.А.Қонаев үй-





мұражайын ұйымдастырсын, өзі тұрған Төлебаев көшесіндегі №119 үйге мемориалдық тақта орнатылсын».

Қонаев тұлғасының қалыптасуы Сталиндік дәуірде, қатаң орталықтандырылған әкімшілік жүйе жағдайында болғанын атап өтуге болады [3]. Оның тағдырына әлеуметтік-экономикалық процестер әсер етті, олар бір жағынан жалпыға бірдей оптимизммен және халықтың социализм идеалдарына деген шексіз сенімімен, екінші жағынан қуғын-сүргінмен, бүкіл халықтардың тарихын, этникалық мәдениеті мен дәстүрлерін «күйдіретін» жүйенің қатаң ерікті шешімдерімен сипатталды.

Қазақстандықтарды тағы бір мәселе — атом өндірісі, оның қалдықтары толғандырады. Д.А.Қонаев республика аумағында атом қалдықтарын көму туралы бірде-бір актіге қол қоймағанын жауапкершілікпен мәлімдеді.

Арал теңізімен байланысты проблемаларға тоқтала отырып, Қонаев оның өшуі тек осы аймақтың тұрғындары үшін ғана емес, күтпеген және қорқынышты салдарларды білдіретінін түсінді. Игерілген тыңға тікелей қауіп төнеді және ел нансыз қалуы мүмкін екенін мәлімдеді.

Д.Қонаев ұзақ уақыт бойы Арал мәселесімен айналысып, оны сақтап қалу мәселесін көтерді. Ол КОКП-ның XXV съезінде сөйлеген сөзінде Арал туралы мәселені көтеріп, айтуға шешім қабылдады [4]. Бұл 1976 жылы 25 ақпанда болды.

1985 жылы Қазақстан Компариясының XVI съезі өтті — соңғысы Д.А. Қонаевтың басшылығымен өтті. 1986 жылдың күзінде Қонаев Горбачевке зейнетке шығу туралы өтініш берді. Бас хатшы оның өтінішін еш ойланбастан қолдады. Шын мәнінде, ол 1986 жылғы желтоқсандағы оқиғалардан кейін Қонаевты қудалауға рұқсат берді Саяси Бюро мүшесі, республикалық Орталық Комитеттің бірінші хатшысы, осындай жоғары деңгейдегі саяси көшбасшыға қарсы науқанды тек Бас хатшы шеше алды.

1986 жылы 11 желтоқсанда Қонаевтың қатысуынсыз оның зейнеткерлікке шығу туралы шешімін қабылдаған Саяси Бюроның отырысы өтті. 16 желтоқсан күні таңертең ҚКП ОК пленумы өтті, ол Қонаевты зейнеткерлікке шығарып, Г.В. Колбинді бірінші хатшы етіп сайлады.

Сол кездегі барлық саяси көшбасшылар сияқты, Д.А.Қонаев партиялық институттандырудың барлық кезеңдерінен өтті, бастапқыда өндірісте жұмыс істеді, содан кейін партиялық жұмысқа көшті. Д. А. Қонаевты көптеген саяси зерттеушілер оның Л.И.Брежневпен жеке достығымен байланыстырады. Брежнев, сөзсіз, Қазақстанның өндірістік күштерін көтеруге зор үлес қосты. Айқындық үшін Брежневке қатысты барлық сындар объективті және әділ болған жоқ деп айту керек. Л.Брежневтің басшылығымен Қонаев 28 жыл жұмыс істеді.

Алайда, оның мінезінің, ақыл-ойының, психологиялық қоймасының, интеллектінің және терең білімінің айрықша қабілеттері оны тоталитарлық уақыттың бірқатар саяси жетекшілерінен ерекшелендіреді. Дінмұхаммед Қонаев өзінің жүзін жоғалтпай, қолдауы мен құрметіне ие болған халық арасында беделін сақтап қалды [5].

Брежнев жанындағы КОКП идеология жөніндегі орталық комитетінің хатшысы» сұр кардинал «М.А.Суслов болды, ол шығармашылық интеллигенцияны үнемі қадағалап отырды. Олжас Сүлейменовтің «Аз и Я» кітабы жарыққа шыққаннан кейін орталық басылымдарда тарихи фактілерді бұрмалау, «Игорь полкі туралы сөз» қорлау, қазақ ұлтшылдығын қоздыру деп есептелген қазақ жазушысын қатаң, мақсатты түрде қудалау басталды [6]. Кітапты қуана оқыған Д.А.Қонаев бірден О.Сүлейменовті қорғауға келді. Өз көзқарасын өзгерткісі келмейтін Сусловпен қақтығыстан кейін Қонаев Брежневке барып, одан шығарманы оқуды өтінді.



Қонаев қай жерде болмасын, қай елде болмасын, әрқашан өз Республикасы туралы «бай және даңқты» Қазақстаннан гөрі, қазақ халқының салт-дәстүрлері, оның мәдениеті мен ғылымы туралы мүмкіндігінше егжей-тегжейлі айтып беруге тырысты. Қазақстан туралы әңгімелер үлкен ықыласпен қабылданды.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Әбілқожин Ж. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихының очерктері. - Алматы, 1997.Б.112.
2. Видова О.Нұрсұлтан Назарбаев. Адам мен саясаткердің портреті.А., 2000.
3. Д.А. Қонаевты еске алу туралы 1994 жылғы 24 ақпандағы // Казахстанская правда, 1994 жылғы 24 ақпандағы қаулы.
4. КОКП XXV съезінің материалдары. – М., 1976.
5. Қонаев Д. А. Сталиннен Горбачевке дейін (Қазақстан тарихы аспектісінде). Алматы, 1994.; Толмачев Г. Д. А. Қонаевпен 50 кездесу: естеліктер. Алматы, 1997.; Назарбаев Н.А. ХХІ ғасырдың табалдырығында. Алматы, 1996.; Әбілқожин Ж. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тарихының очерктері. Алматы, 1997.; Қазақстан Компартиясы тарихының очерктері. А-А., 1984.



# ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒА

**Доржан Тілектес Оғылбайқызы**  
*Ақтөбе облысы Ойыл ауданы*  
*«Ш.Берсиев атындағы орта мектебі» КММ*

*... Аруақты орын қашаннан, киелі қазақ,  
Бітімі бөлек, сыры ерек, сүйегі гажап,  
Айдай әлемге танылған адалдығым деп,  
Сүйеді аға өзіңді, сүйеді қазақ!, – деп ақын Темірше Сарыбаев жырлағандай,*

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – өз халқының жарқын болашағы үшін орасан еңбек сіңірген, өз ғұмырының 50 жылға жуық уақытында республикамыздың басшылық қызметтерінде болып, еліміздің дамуына үлкен үлес қосқан ұлы тұлға. Бала кезінен-ақ өте зерек, білім мен ғылымға қабілетті болған бала Димаш аса кітапқұмарлығымен қоса, өз халқына деген сүйіспеншілігі де ерекше боп өседі. Қажымай-талмай ізденіп, білімнің кәусар нәрімен сусындап, ерінбей еңбектенеді. Арманының жетегімен инженерлік кәсіпті таңдайды. Қызмет бабында болсын, күнделікті өмірде болсын өте кеңпейілді, сабырлы, парасатты адам болған. Өз дәрежесін «тау-кен инженері» деген жалғыз ауыз сөзге сыйғызып, өмірдің өтпелілігін ұғындырып, қарапайымдылық пен кішіпейілдіктің биік үлгісін көрсеткен. Өзінің туып-өскен қаласы, кезіндегі қазақ елінің астанасы болған Алматының көркейіп, сәулеттенуіне ерекше еңбек сіңірген. Өзінің зор беделінің арқасында Алматы және басқа қалаларды көріктендіруге бар күш-жігерін жұмсаған. Дінмұхамед Ахметұлының басшылығымен 1970 жылдан басталған керемет құрылыстар мен мәдениет ошақтары, өнеркәсіптер ел экономикасына әлі күнге дейін қызмет етіп келе жатыр.

Республикамызда сол кезде сапалы білім беретін 6 жоғары оқу орны, 38 техникум, көптеген кәсіптік-техникалық білім беретін оқу орындары болған. Мектептер мен балабақшалар көптеп салынған. Білім ошақтарында әсіресе, қазақ жастарының білім алуына ден қойған. Сол кезде білім алып, тау тұлғаның шапағатына бөленген жастар кейіннен өндірістің әр саласында еңбек етіп, еліміздің Тәуелсіздігінің қорғаны болды.

Алып тұлғаның ұлылық қасиетін кезекті сапары кезінде шетел журналистінің қойған «Сіз әрі тұлғалы, әрі бойыңыз да, ойыңыз да биік адамсыз. Сіздің халқыңыз да өзіңіз сияқты биік пе?» деген сауалына берген жауабынан-ақ көруге болады. «Менің туған халқым менен де тұлғалы, менен де биік», -деп жауап берген екен.

Кемеңгер басшының «Ақиқаттан аттауға болмайды» деген соңғы кітабында: «Мен әулие емеспін, сәуегейлік жасағым да келмейді. Бопсаға да жоқпын. Бірақ туған елімнің түтіні түзу шықса, туы биіктен желбіресе, абыройы асып, адамдары бақытты ғұмыр кешсе деген тілек иесінің бірімін» дейді. Бізге барлық өмірін елінің игілігіне жұмсаған аса көрнекті қайраткер Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты қалай ұлықтасақ та жарасады.

Д.А. Қонаевтың нақылға айналған сөздері:



1. Бүгінгі күн - кешегі күннің шәкірті.
2. Жалада шындық болмайды.
3. Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттама.
4. Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды.
5. Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау.
6. Ақиқаттан аттап кету – арға сын.
7. Орынды сын ойлантап қоймайды.
8. Адамға жазаның ең үлкені – жұмыссыз қалдыру.
9. Адам айнасы – адам.
10. Тәуелсіздіктің жүгі ауыр.
11. Қараң қалған билік қайтып оңалмайды.
12. Бітімі қисық ағаштың көлеңкесі де өзіндей болады.
13. «Өмірдің екі тірегі бар, үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау».
14. «Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кісіліктен де туады».
15. «Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім. Мен қанша биікке көтерілсем де, халқымнан төмен екенімді ешқашан ұмытқаным жоқ».

16. «Өмір деген осы. Бүгін бар, ертең жоқсың. Сен кетті екен деп өмір-өзен ағысын өзгертпейді». Тұлға туралы ой-маржандар.

« Мен бір жақсы адамдармен жекжат болған екенмін. Димаш бұйырса исі қазаққа ортақ ұл болғалы тұр, тіл-көзден сақтасын» М. Әуезов, жазушы.

«Көрнекті адамдар өз елінің не бағына, не сорына туады» деген ескі мақал бар. Димаш Ахметұлы болса, туған елінің бағына туған адам және біздің әрқайсымыз үшін айрықша ыстық» І. Есенберлин, жазушы.

«Дінмұхамед – нағыз дос деген сөз» Ш.Айманов, кинорежиссер.

«Мен бүгін тұлғамен қауыштым. Ол терең саясаткер, халықтар даналығын толық меңгерген адам. Ол КСРО-ның сирек кездесетін тұлғасы» Д.Эйзенхауэр, бұрынғы АҚШ президенті.

..Күнде көлеңке болмайды. Күн Жерге бұлттың көлеңкесін ғана түсіреді. Демек, бұлт Күннің көзін көлеңкелемесе, Жерге үнемі шуағын шашып тұрар еді. Ал адам да көлеңке болмайтын болса, шуақты адамның жанындағы жансыз бұлттар бүркемесе, онда ондай Күн шуақты адам Қонаев секілді көрінеді. Өзі өмір сүріп, өзі еңбек еткен заманында оның қулығы мен сұмдығына алданбай, алдында өткен қазақ көгіндегі жарық жұлдыздар секілді, Димаш ағамыз елінің өркендеп, халқының әл-ауқатының жақсаруына айрықша үлес қосты. Із қалдырды. Ұлы даладай дархан ағамыз бүгінгідей заманында да халқының шырайы, халқының қаһарманы болып келеді. Солай жасай да бермек. Оған оның бодан елді басқарған бодан басшы болса да кешкен өмірі куә, жасаған әрекеті куә, онымен бірге тіршілік еткен замандастарының бағасы айғақ.

#### Әдебиеттер тізімі:

1. Д.Қонаев «От Сталина до Горбачева». Алматы. «Қазақ университеті» 2012 жыл.
2. Д.Қонаев «Ақиқаттан аттауға болмайды» Алматы «Үш қиян» 2021 жыл.
3. Д.Қонаев «Айналайын ақпейіл жұртым» Алматы. «Қазақ университеті» 2012 жыл.
4. І.Есенберлин. «Мұхиттан өткен қайық» Алматы «Книжный клуб» 2021 жыл.




# КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒАНЫҢ КЕМЕЛ БЕЙНЕСІ

**Карабалаева Майра Хамитовна**  
*Ақтөбе облысы Әйтеке би ауданы*  
*«М.Жұмабаев атындағы*  
*жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*  
*қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі*

**Қ**азақ топырағында дүниеге келіп, ұлтының ұлы тұлғасына айналған ардақты есімнің иесі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Келбеті келіскен, көркем дидары күннің шұғыласындай шуақ шашқан абзал жан иесінің халқы үшін, елі үшін атқарған қызметі өлшеусіз. Ұлы Абайдың «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» деп армандаған толық адамының үш қасиеті бір өзінің бойынан табылған тарланбоз. Ақынның айтып отырған «Ыстық қайраты» үнемі ізденіс үстінде жүрген жасампаз адамға тән қасиет. Осы тұрғыдан алғанда қоғам қайраткері, қазақ елінің кемелденуіне зор үлесін қосқан Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Қазақстанды басқарған кезде елде өнеркәсіп саласы қарқынды дамыды. Тарих беттерін парақтасақ, сол кезеңде 68 жұмысшылар кенті, 43 қала салынған екен. Өнеркәсіп орталығына айналған қалалардың қатарында Рудный, Ақтау (Шевченко) Екібастұз, Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық қалалары бар. Ақтөбе қаласында ферроқорытпа зауыты іске қосылып, хром кенінің көлемі артты. Зауыт қазіргі таңда әлемдік нарықта өзінің үлесін қосып, ел игілігіне айналуда. Хромтау қаласындағы хром кені де нарықта өз бағасын арттырып, еліміздің қазба байлығын танытып әлемдік аренада көрінуде. Metallургия саласын дамытуда кемеңгер тұлға металл өңдеу және көлік жасау ісін де жандандырды. Алматыда ауыр машина жасау зауыты іске қосылды және әлемнің қырықтан астам еліне тарады. Қорғасын, мырыш, мыстың үштен бір бөлігі өндірілді. Бұл салада Өскемен, Жезқазған мен Балқаш қалаларын атап көрсетуге болады. Сонымен қатар Жамбыл мен Шымкентте сары фосфор өндіру ісі қолға алынды. Әлем бойынша бірінші орында болды.

Қазақтың ұлан байтақ жерінің қойнауы кенге толы болса, дархан даланың жері де шексіз бай. Ел игілігіне айналған қыруар істің атқарылуында қажырлы еңбек еткен қайратты тұлғаның тағы бір қолға алған ісі - ауыл шаруашылығы болды. Ұлтарақтай жерін ұлтының игілігі үшін ешкімге де бермеген жау жүрек бабаның аманатын адал атқара білген көреген басшы бұл салада да маңдай терін төкті. Елімізде ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамуы үшін қаншама жұмыс атқарылды. Тың игеру жылдарында тың және тыңайған жерлер игерілді. Жұмыс күші қарқынды дамыды. Жаңадан кеңшарлар мен ұжымшарлар көптеп салынды. Мал саны сол тұста көбейді. Ел ризығы жақсаруында ауыл шаруашылығының үлесі орасан екені айтпаса да белгілі. Мемлекет басшысы бұл салада халқтың әл-ауқатын жақсартуда аянбай адал қызмет етті. Қазақстанның дамуында елдің эконмикасын арттыруда, әл- ауқатын жақсартуда Д.А.Қонаевтың игі істері ел жадында мәңгі сақталады. Бойындағы бар қайратын елінің өрендеуі жолында сарп еткен қадірлі жан. Сол елінің жарқын болашағына



бастар жолда ізгілікті іс істеп, Абай айтқан «нұрлы ақылдың» басшылығымен сан алуан игіліктің бастамашысы болған. Бойындағы жақсы қасиеттерін, бар ақылы мен білімін жұмсауда ел ісінде бірлік пен игілікті, адамгершілік пен ізгілікті үндеп, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығара білген, қадірлі қызмет ете білген басшы. Адам баласына тән бойындағы табиғат берген дарынды елдің қарқынды дамуына, өркениетінің артуына арнаған басшының қай кезде де мерейі үстем болатыны ақиқат. Қайраттылығын танытқан талабы мен ерен еңбегі болса, терең ойын нұрлы ақылына бағындыра білген ұлағаттылығында жатыр. Басшылық қызметінде жүрген шақта өнеркәсіп, құрылыс, сауда және ауыл шаруашылығының бар саласына атсалысқан Дінмұхамед Ахметұлының ісі кейінгі ұрпағына қалдырған жарқын істің үздік үлгісі іспетті. Сонымен қатар ғылым, денсаулық, спорт және мәдениетті дамытуға да зор еңбек сіңірген ірі тұлға. Елге сәулесін түсіріп, ізгілігін көрсетер дарынды тұлғаның бойындағы «нұрлы ақыл» жақсылықтың жаршысындай жарқырап көрінеді. Ал енді Абай ақын айтқанындай «жылы жүрек» ұғымы дидарынан күннің шуағы көрінген тұлғаның бойындағы имандылығын, жылы жүзділігін, өзгеден оқ бойы алда тұрған даралығы мен даналығының айқын белгісін танытады. Өз халқының ұлттық құндылығын құрметтеп, жай-күйіне назар аударатырып, олардың мұң-мұқтажын түсіне білген қарапайымдылығы мен адами қасиетін көрсетеді. Ғылым мен білімнің адам өмірінде алар орны ерекше. Бұл салада да Дінмұхамед Ахметұлының сіңірген еңбегі зор. Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының академигі болған Қонаевтың ғылым саласындағы еңбегі ерекше атап өтерліктей. Ғылыми жұмыстарында елдегі ауыл шаруашылық мәселесін зерттей отырып, ғылыми тәжірибеден өткізіп, шаруашылық пен өндірістің дамуына ықпал еткен ғалым. Ғылыми-зерттеу еңбектерінің саны 100-ден асады. Жас ғалымдарға үнемі қолдау білдіріп отырған. Елдегі білім саласына назардан тыс қалдырмай, қазақ мәдениетінің дамуына көңіл бөлген. Еңбек ету жолын бұрғылау станогінің машинисті болып бастаған жастың болашағы тұла бойы тұнған талант пен табиғаттың сыйға тартқан аса дарынды қабілеті мен еңбекқорлығының арқасында осындай биіктікке ұласты. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының кандидаты атанған тарихи тұлғаның өмір жолы мен халқы үшін жасаған қызметі, саналы ғұмыры - бүгінгі күннің жастарына өнегелі де үлгілі өмір мектебі. Тарихи тұлғаның жүріп өткен жолы, салған ізі - ел қазынасы. Бұл қазына жастарды ұлтжандылыққа, Отанды сүйуге, адамгершілік асыл қасиеттерді бағалай білуге, сана-сезімді жетілдіріп, ұлттық рухты, құндылықты көтеруге баулиды. «Болашақ жастардікі, ақиқаттан аттауға болмайды» деп жастарға үлкен сенім артқан өзі де жас күнінде М.Тынышбаевты үлгі тұтып, Мағжан ақынның жырларын сүйіп оқыған екен.[3,250] Ұлттық құндылығымыздың негізі болып табылатын тарихи тұлғамыздың ғылыми мұрасының жастар тәрбиесінде алатын тәлімдік, тәрбиелік мәні зор. Мектеп бағдарламасына азаматтық тұлғасы биік, халық игілігі, ел болашағы үшін елеулі қызмет атқарған біртуар тұлғаның қоғамға, ғылымға қосқан үлесін саралап, арнайы танымдық бағдарлама етіп енгізу ісін қолға алу қажет. Д.А.Қонаевтың қазақ әдебиетінің алтын қорына қосқан еңбегі «нақыл сөздері» әрбір қазақ баласының көкейінде жатталып, көмейінен күмбірлеп тұрса сөз қадірін түсінер ұрпағының баба мұрасына құрметпен қарағаны. Жаһандану дәуірінде ұлт болашағының өркендеуіне атсалысу - әрбір жанның азаматтық парызы. Ел басқарған тарихи тұлғаның әлеуметтік рөлін таныту, қоғамдық қарым-қатынастағы жасаған ұлы істерін, мінез-құлық тәжірибесін, адамгершілік қағидасын жас ұрпақтың бойына сіңіруде мұндай танымдық сабақтардың жас ұрпақтың тәрбиесінде алар орны ерекше. «Жер бетінде мекен еткен адамзаттың бір бұтағы халықтың қандай да бір дара қасиетке ие болып, қандай бет-бейнемен көрінуі сол халықтың мектебінің бет-бейнесіне, өзіндік ерекшеліктеріне тікелей қатысты»[2.144] деген ұлы сөз тарих шежіресінде қалған ғұламалардан жеткен сөз. Өркениеттің өзегі - білім, ғылым, тәр-





бие десек, - оның баба аманатын ұрпақ зердесіне жеткізіп, көздің қарашығындай сақтай білуге үйрету, ұлт намысы, ел мүддесі деген ұғымды түсіне білуге баулуда алатын орны ерекше. Күллі адамзат баласына ортақ мүдде - ұрпақ тәрбиесі. Сол ұрпақтың азамат болып шығуында, жан-жақты білімді ой-өрісі биік, өз мақсаты айқын тұлға болып қалыптасуында кемел тұлғасымен танымал тарихи тұлғаның азаматтық ұстанымын, кісілік келбетін, өмірлік қағидасын ұрпақ санасында жаңғырту қазіргі ұрпақтың еншісінде. Білім - әлемдік ,тәрбие - ұлттық. Ұлтымыздың ұлы тұлғасы Д.А.Қонаевтың қазақ тарихындағы алар орны қашан да төр екені мәңгі жадымызда .

**Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Д.А.Қонаев. Ақиқаттан аттауға болмайды Алматы 1994 ж
- 2.Х.Ерғалиев. Алаштың ардақтысы.Кемеңгер Қонаев Алматы 2003 ж
- 3.М.Әуезов.Жаратылысы ерекше жан.Кемеңгер Қонаев Алматы 2003 ж



# Д.ҚОНАЕВ - ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ІРІ САЯСИ ҚАЙРАТКЕР

**Мерекеева Диана**

*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*

*10 класс оқушысы*

*Жетекшісі Қоныратбаева А.Ж*

*«Мейірім-шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ. Сол халық -қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты. Сол перзент -Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев.»,-деген Джавахарлал Неру.*

**Д**інмұхаммед Ахметұлы Қонаев 1912 жылдың 12 қаңтарында Верныйда, қазіргі Алматы қаласында дүниеге келді. Тарихта Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарған көрнекті тұлға ретінде қалған Дінмұхаммед Қонаев 1936 жылы Мәскеудің алтын және түсті металдар институтын тау-кен инженері мамандығы бойынша бітіреді. 1955 жылы 31 наурызда Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясында Қазақ КСР Министрлер Кеңесі Төрағасы қызметіне тағайындалды, ал 1960 жылы қаңтарда бірауыздан Қазақстан Компартиясы ОК-нің Бірінші хатшысы болып сайланды. Бірақ 1962 жылдың желтоқсанында КОКП ОК басшысы Н.С.Хрущевпен Қазақстан жерінің бір бөлігін көрші Өзбекстанға беру жөніндегі елеулі келіспеушілікке байланысты Д.А.Қонаев Қазақстан Компартиясы ОК-нің Бірінші басшылығынан босатылып, Қазақ КСР Министрлер Кеңесін басқаруға жіберілді.

С.Хрущев партиялық қызметтен босатылып, Л.И.Брежнев КОКП ОК-нің Бас хатшысы болып сайланғаннан кейін, 1964 жылдың желтоқсанында Д.А.Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің Бірінші хатшылығына қайта сайланды.

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев Қазақстанның дамуына аса зор үлес қосты. 1955-ші жылдан 1985-ші жылға дейін Республика өнеркәсіп өндірісінің көлемі 8,9 есе, ауыл шаруашылығы 6,2 есе, құрылыс 8 есе өсті. Республиканың ежелден игерілмей жатқан байтақ жерінде мыңдаған елдімекендер, 47 жаңа қала пайда болды. Қазақстанның ғылыми күш-қуатының қалыптасуына ерекше көңіл бөлінді. Халық шаруашылығында жұмыс істеу үшін адамдар саны үш есе, сонымен бірге ғылыми қызметкерлер саны сегіз есе өсті. Қазақстанда қолайлы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың орнауы демографиялық дамуға да игі әсерін тигізді. Республика халқының саны 1955 жылдан 2 есе артты, 1987 жылы 16 миллион 244 мыңға жетті. Сонымен қатар, ол Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті болып сайланғаннан кейін қазақ халқын барынша қолдап, үнемі қолпаштап жүрді. Сол жылдары қазақтың тарихшысы Ермұқан Бекмахановқа «Кенесары Қасымовтың қозғалысын дәріптеді» деген жала жабылған кезде, қазақтан шыққан аса көрнекті геолог маман Қаныш Сәт-



баевқа да жалған айыптар тағылған болатын. Сол кезде ештеңеге қарамастан Д.А.Қонаев осы қазақ халқының тұлғаларын барынша қорғап қалуда еңбегі сіңді.

1986 жылы 16 желтоқсанда ҚКП ОК-нің пленумында Д.А.Қонаевтың зейнетке шығуына байланысты ҚКП ОК-нің Бірінші хатшысы қызметінен босату туралы шешім қабылданды.

Дінмұхаммед Қонаев - әлемге әйгілі ірі саяси қайраткер. Ол саясаткер ретінде шешім қабылдап қана қоймай, оларды жүзеге асыруда тамаша ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында бұқара халықты жұмылдыра білетін. Ой-өрісі кең, басқаларға ұқсамайтын, оның қабілеті уақыт талабына сай болатын. Одақтық республикалардың көшбасшыларының ішінде оның шоқтығы биік тұрды және халықаралық қатынас және саяси мәдениет мәселелерінде теоретик ретінде мойындалды.


«Қонаев көптеген құпияны білетін, көп құпия өзімен бірге кетті, шындығында өзі де жұмбақ адам болатын. Ол айрықша тарихи тұлға еді. Оның қайратына, сұлулығы мен сүйкімділігіне кез келген голливуд кино қызығарлықтай болатын», - дейді Сейдахмет Құттықадам.

Дінмұхаммед Қонаев тоталитарлық жүйе жағдайында әлемдегі ірі державаның көп басшыларымен - Сталинмен, Хрущевпен, Брежневпен, Андроповпен, Черненкомен, Горбачевпен жұмыс істеуіне тура келді. Д.А.Қонаевтың мінез-құлқының, ақылының, зиялылығының, терең білімділігінің, жоғары парасаттылығының және сыпайылығының ерекшеліктері арқасында жиырмасыншы ғасырдағы бірқатар саяси басқарушылардың арасында айрықша көзге түсті. Металлург ретінде ол Қазақ КСР Түсті металлургиясының пайда болуы мен тың игеру жылдарында, Хрущевтың тың игеру ісіне қарсылық туғызған болатын. Ұлт перзенті ретінде қазақ халқының жас өнерпаздарының да биік шыңға өрлеуіне үлкен үлес қосты. Қазақстанның көпсалалы экономикасын, мәдениет пен ғылымын дамытуда сіңірген зор еңбегі үшін Д.А.Қонаевқа үш мәрте Социалистік Еңбек Ері жоғары атағы берілді.

Елімізге еңбегі сіңген Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың өзі Дінмұхаммед Қонаев туралы былай дейді: «Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев есімі Қазақстан халқымен бірге жасары анық, ақиқат. Ол кісі бәрімізге ұстаз болған ұлы адам». Д.Қонаевтың Қазақ халқына жасаған еңбегі зор. «Ер есімі - ел есінде» деп ата-бабаларымыздың айтқан керемет сөзі бар. Осы мақалға сай келетін бірден-бір адам - осы тұлға, Д.А.Қонаев деп нық сеніммен айта аламын. Сөз соңында айтарым - қиын-қыстау кезеңдерде халқын ойлаған, Қазақ ғылымының негізін қалаушы, мұхиттан өткен қайық, елі үшін, Атамекен жері үшін бәріне де даяр шын ұлт перзенті екенін біле отырып, біз бұл тарихта ерекше орны бар, өшпес із қалдырған тұлғаны мәңгі жадымызда сақтауымыз қажет!

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. <https://azretsultan.kz/dinm-hamed-ahmet-ly-onaev-memleket-zh-ne-o-am-ajratkeri/>
2. <https://kitap.kz/music/6/dinmuhamed-konaev>
3. Дінмұхаммед Қонаев: «Ақиқаттан аттауға болмайды» ЕСТЕЛІК-ЭССЕ 1992ж.
4. Динмухамед Кунаев: «О моем времени. От Сталина до Горбачева»



# Д. АХМЕТҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

**Новикова Авигея**

*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*

*10 сынып оқушысы*

*Жетекшісі Ербозымова М.Н.*

**Д**інмұхамед (Димаш) Ахметұлы Қонаев 1912 жыл 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында, үлгілі қызметкерлер отбасында өмірге келген. Әкесі Меңліахмет Жұмабайұлы 1886 жылы туған. Алматы облысында ауылшаруашылық, сауда мекемелерінде қызмет жасаған. Қазақ тілінде, орыс тілінде жаза, оқи білетін сауатты болған. Анасы Зәуре Баирқызы 1888 жылы Шелек ауданында дүниеге келген (қазіргі Алматы облысында) үй шаруасында бала тәрбиесімен айналысқан.

Д. Қонаев өзі өмір сүрген заманның ұлы саясаткері болды. Ол билік еткен кезең қайшылықты, қиындығы көп, күрделі болса да, елдің экономикасын, әлеуметін, ғылымын, ұлттық, рухани мәдениетін дамыту жолында аянбай еңбек етті. Қазақ өнерін ерекше бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы өнер саласындағы жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына үлес қосты. Басшының басқару кезеңдерінде өнер ордалары бой көтеріп, мәдениет үйлері салынды. Еліміздің барлық аймақтарында білім және мәдени ошақтар ашылып, тұрғын үйлер тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар салынды.

Д.Қонаевтың бастамасы бойынша елімізде қала көшелерінің саны артты, тұрғын үйлер салынып, 12 ықшам аудан ашылды. Мектеп пен балабақша ғимараттарының құрылысы жасалып, оқушылар сарайы жас таланттарға есігін айқара ашты. Ұлттық Кітапхана, цирк сынды мәдениет, білім және спорт нысандары ашылды. Авто, аэро және темір жол вокзалдары, әуежай, қонақүйлері салынып, қала ерекше дамыды.

Д.Қонаев Республика партия ұйымын басқарған уақыттың ішінде мәдениетімен, имани ізеттілігімен танылып, халықтың салт-дәстүрін жетік білетін, тағылымы терең, ой-санасы биік екенін көрсетті. Кейін саяси қызметтен қол үзген кезде де, білімдар білікті жан ретінде мемлекет ішінде жатқан реформа бағыттарын, қоғамды демократияландыру керек екенін терең түсініп, қолдай білді.

Ел қамы, тарихы көбіне билік басында отырғандарға байланысты. Тарихи тұлға туралы ресми құжаттардан емес, өз ортасының естеліктерінен, жақын адамдарға айтқан сөздерінен көп нәрсені байқауға болады. Атақты грек ғалымы, біздің дәуіріміздің 46-120 жылдары өмір сүрген, өз заманының ұлы адамдары туралы кітаптар мен жазбалар қалдырған Плутарх: «Көп жағдай қандай бір елеусіз қылық, орнын тапқан бір ауыз сөз немесе әжуа-әзілдің өзі ... адамның мінезін айқын ашып береді» деп бекер айтпаған.



Д.Қонаев ауыртпалығы көп кезеңде өмір сүрді. Совет заманында елімізді басқарған санаулы қазақтың көп бөлігі ұлтшыл деген жалаға ұшырады Ұлтшылдық деген сөз Никита Сергеевичтің таарапынан Қонаевқа да айтылған екен. Қазақтың жерін көршілерге үлестірудің жоспарын әңгімелеп берген Н.С.Хрущевқа Д.Қонаев: «Сонда Қазақстанға шонтайы қала ма?» деген екен. Осы сөздердің ауыздан шығуы мұң болып, Хрущев орнынан атып тұрып: «Бұл қарғыс атқан ұлтшылдық қашан ғана құриды?!» деп столды жұдырықпен қойып-қойып жібергенде, хрустальдар бір-біріне соқтығысып, бірді-екілі фужер сынып та кеткен»[1, 32]. Бұл келіспеушіліктің соңы Қонаевты қызметінен кетіріп, орнына И.Юсупов деген біреудің келуіне әкеліп соқтырды. Желтоқсан айында Д.А.Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып қайта сайланады.

О.Сүлейменовтің сөзімен айтқанда, Қонаев әдебиет пен өнердегі әр тұлғаны байқап отыратын. Арнайы шақырып Шәмші Қалдаяқовқа қала орталығынан үш бөлмелі пәтер бергені, баспадан әндер жинағын шығартқаны белгілі. Димекең қолдаған жандар қатарында Әбілхан Қастеевті, Молдахмет Кенбаевты, Нұрғиса Тілендиевті айтсақ та жеткілікті. Әзілхан Нұршайықовтың айтуынша, «Отырар сазының» да, оны қалыптастырған Нұрғиса Тілендиевтің өнеріне Димекең тікелей қамқорлық жасады» [2, 128].

Қонаев қазақ жастарының қалаға орналасуы, қалада қызмет жасауы, жұмыс табуы жөнінде бір-қатар мәселелерді көтергені мәлім. Ауылдан келген жастар есіктерді қағып жүреді, ал қалалықтар пара беріп, жақсы жерлерде отыратынын нық айтты. Өз талабын қоя білді[3, 32].

Тұлға туралы естеліктің басым бөлігі Димекеңнің қарапайымдылығын ерекше атап өтеді. Қонаевтар жанұясымен жақын араласқан Ізгілік Дабаевтың пікірінше, бұл қасиет әке-шешесінен дарыған. Димекең іссапарға аттанарда міндетті түрде ата-анасына соқпай жолға шықпайды екен. Қайтқанда, өз үйінен бұрын әке-шешесіне барып, сәлемдеседі екен. Бұл нағыз қазақы тәрбиенің жемісі, баланың ата-анаға деген құрмет [4, 55].

Советтік кезеңдегі өзге басшылардан тұлғаның басты ерекшелігі – қазақтың байырғы әулиелік зиярат орындарын қастерлеуі. 1961 жылдың бас кезінде Димекеңнің Түркістанда ерте кезде болғаны, тарихымен жете таныс екені байқалады [5, 113].

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі әрбір қазақ үшін қастерлі һәм қасиетті. Қылышынан қан тамған кеңес өкіметінің заманында ел азаматтарының басты арманы — ұлтын сақтау болды. Осы арман-мақсат жолында егемендік үшін жанын аямады. Ол халқы үшін аянбай еңбек етті.

Әйгілі қазақ жазушысы Мұхтар Әуезов: «Димаш, бұйырса, иісі қазаққа ортақ ұл болғалы тұр, тіл-көзден сақтасын!» деп өзінің аңғарымпаздығымен тұлғаның ерекшелігін паш еткен. Белгілі жазушы Илияс Есенберлин: «Көрнекті адамдар өз елінің не бағына, не сорына туады» деген ескі мақал бар. Димаш Ахметұлы болса туған елінің бағына туған адам және біздің әрқайсымыз үшін айрықша ыстық!» деген екен.

Қазақстанның халық әртісі, Нұрғиса Тілендіұлы: «Димаш ағаның қолдауын мен көп көрдім. Ізін басқан інісінің жақсы істеріне жаны сүйсініп, маған дем беруші еді. Еркелете жүріп өнер майданына, оның алғы шебіне жіберетін» деп Қонаевтың еңбегін бағаласа, бұрынғы АҚШ президенті, Дуайт Эйзенхауэр: «Мен бүгін зор тұлғамен қауыштым. Ол – терең саясаткер, халықтар даналығын толық меңгерген адам. Д.А. Қонаев – ССРО-ның сирек кездесетін тұлғасы!» деп ерекше бағалаған болатын. Бұнымен шектеліп қалмай, Үндістан мемлекетінің негізін қалаушы, Джавахарлал Неру: «Мейірім шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ. Сол халық – қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтқысыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты» деп Д.Қонаевты халқының маңдайына біткен асыл перзенті, қайталанбас тұлға екендігін тілге тиек еткен.



Қорыта айтқанда, XX ғасырдың екінші жартысында қазақтың ұлттық рухани санасының өсуіне, ұлт ретінде дамуына Д.А.Қонаев өлшеусіз үлес қосты. Сондықтан Димаш Ахметұлы Қонаев егемендігіміздің іргетасын қалаушы саясаткер ретінде жазылым баспаларына лайықты орын алуға тиіс, өміршең өнегелі өмірі ұрпаққа насихатталуы қажет-ақ.

Сөзімнің соңын Д. А. Қонаевтың осы бір сөзімен аяқтауды жөн көрдім.

«Баршаңызға бақыт тілеймін. Мына жүйке жұқартқандай қиын-қыстау күндерде иінді төмен салмай, еңсе көтертер күш-қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін. Бәрі бір күнгідей болмайды. Сондықтан, арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық. Ақжарылқап күндер алдымызда!»

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Ерғалиев Х. Алаштың ардақтысы//Кемеңгер Қонаев. Алматы, 2003. 32 б.
2. Әзілхан Нұршайықов. Ұлттық ұлы қазына // Есенберлин І. Ойлар, баяндамалар, күнделіктер, хаттар. Алматы, 2015. 144-145 бб.
3. Тәнекеев С. Тұлғасы ерен ер еді // Кемеңгер Қонаев. Алматы, 2003. 83 б.
4. Дабаев И. XX век. Портреты выдающихся деятелей. Алматы, 2015. 106 б.
5. Қонаев Д. Өтті дәурен осылай. Алматы, 1992. 213 б.
6. Жаппаров Ә. Арыстанбаб аман ба?//Кемеңгер Қонаев. Алматы, 2003. 318-323 б.





# АДАМ АЙНАСЫ – АДАМ

**Сейтжан Гүлжанат Бекманатовна**  
*Ақтөбе облысы «Шалқар аграрлық-техникалық  
колледж» КММ*  
*қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі*

«Тәуелсіздіктің жүгі ауыр» деп саналы ғұмырын еліне қызмет етуге арнаған Дінмұхаммед Қонаев қоғам қайраткері ғана емес, қамырдан қыл суырғандай нақыл сөздерді дөп тауып айтушы ретінде де тани аламыз.

Мемлекет пен қоғам қайраткерінің өмірі тағылымға толы. Содан болар, ол кісінің айтқан әрбір сөзі қазіргі ұрпақ үшін тәлім-тәрбие беретін нақылға айналған. «Өмір деген осы: бүгін бар, ертең жоқсың» деп өмірдің қысқалығы, қас-қағым сәтте-ақ өтіп кететіндігін, бүгін бар болып масаттанғаныңмен ертеңгі күніне дәл осы күйді кешіп жүретіңіз деп кепілдік жоқтығын түсіндіргендей «Дүние түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз болып кетуі әп-сәтте» деп ойымызды дәлелдейді.

Келер ұрпаққа «қанға сіңгенді, қасиеттемесең, қадірің болмайды» дей отырып, алдымен қанмен берілген тектілігіңді қасиетте, шыңдап адамгершілігіңнен айнымауға шақыра отырып, бір істі бастамас бұрын жеті рет өлшеп, бір кесудің үлгісін «сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттамамен» дәл сипаттайды. Бұның өзі маңызды шешімді қабылдамас бұрын «ақырын жүріп, анық басудың» маңыздылығын Абайша үлгіде жеткізудің өзі даналықтың бір белгісі болмақ.

Жастарға «Өмірдің екі тірегі бар. Үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау» керектігін тереңнен жеткізіп қана қоймай, «Сыпайлық кішіліктен ғана емес, кісіліктен де туады» деп әрқашанда «ұлық болсаң, кішік бол» деген мақалды ұмытпай, ел басқарушыға керек қасиеттердің бір екенлігін танытады.

Сонымен бірге адамды жазалаудың ең ауыры жұмыссыздықпен сынау керектігін, «жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу, жұмыс істеу үшін берілгендігін» құр босқа уақыт өткізбей, білім, ғылым жолына түсіп, алған білімді еліне, халқына адал қызмет жолында пайдаланауға шақырады.

Байқағанымыздай ұлы саясаткердің нақыл сөздері көбіне-көп ұрпаққа тәлімі мен тәрбиесі, халқына адал қызмет етіп тер төгу мағынасында айтылып, ел арасында кеңінен таралғандығына көзімізді жеткіземіз.

Мансап пен байлықтан қанағат сезімін жоғары қойған қайраткердің бар байлығы жеке кітапханасы деп аразындағы зерттеушілер көп айтып жүр. Асылында адам баласының даналығы артында қалдырған мол мұрасы айтып кеткен нақыл сөздерінде десек артық айтқанымыз болмас.

«Адамдықтық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын» деп, әрқашанда адамдық деген тұғырдан құламай, адамдық қалыпын сақтау кімге де болсын сын екенін жеткізеді



Халық ризашылығына бөленген қоғам қайраткері «Панамда ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім» деп кеткен қазақтың ардақты ұлы ел билеген тұсында аумалы-төкпелі заман қиыншылығына қарамастан, адалдықтың арынан аттамаған ел азаматын ардақтау - бүгінгі ұрпақтың парызы.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Асанбай Асқаров “Ұлы Тұранның ұлдары”, Алматы “Нұрлы Әлем”, 1998ж, 179-182 беттер
2. Егемен Қазақстан, 7 қыркүйек, 1994ж, 2 бет
3. Егемен Қазақстан, 11 қаңтар, 1997ж, 3 бет
4. Егемен Қазақстан, 25 тамыз, 2004ж, 10 бет
5. Жас Алаш газеті, (№7) 17 қаңтар, 2002ж, 3 бет



# ҰЛТЫ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ҰЛЫ ТҰЛҒА

**Наубетов Мұрат Саматұлы**  
*Ақтөбе облысы Ойыл ауданы*  
*«Қарасу негізгі мектебі» КММ*  
*тарих мұғалімі*

**Қ**азақ халқының ұлттық өзгешеліктері мен қасиеттері өте көп. Олар ең алдымен әдептілік, инабаттылық, адалдық, ақниеттілік, сый мен сымбат, сыпайылық, тағы басқа мәдениеттіліктің белгілері, адамгершіліктің нысаны. Осындай игі қасиеттердің бәрі де, менің ойымша, Дінмұхамед Ахметұлының бойынан табылатын еді.

Шынында да, Димаш Ахметұлы асқан мәдениетті адам еді. Тек басшыларды ғана емес, барлық адамдарды, үлкен-кішілігіне, қызмет бабына қарамай, өзіне шаруа жайымен келген адамды жылы шыраймен қабылдайтын. Сол жылышырайлықтың өзі-ақ ол кісіні әркімге жақындата түсетін.

Ұлы Тұран перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Алматы қаласында туған. Орта мектепті бітірген соң Мәскеудегі түсті металл және алтын институтына түседі. 1936 жылы институтты бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған соң Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кеніне жұмысқа жіберіледі. Онда бұрғылау станогы машинесінен бастап, цех бастығы, кеніштің бас инженері және оның директоры болып істеді.

Одан соңғы еңбек баспалдағы - Алтай полиметалл комбинаты бас инженерінің орынбасары, техникалық бөлімнің бастығы. Риддер кенішінің және КСРО ірі қорғасын-мырыш кәсіпорындарының бірі Лениногор кен басқармасының директоры қызметін атқарды. [1] [23-24 бет]

1942 жылы орда бұзған отыз жасында республика Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары болып тағайындалды. Бұл жауапты міндетті он жыл мінсіз атқарды. Соғыс кезінде ол майдан қажетін қамтамасыз ететін жылу және басқа өнеркәсіп салалары жөніндегі мәселелермен айналысты.

1952 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенти болып сайланды. 1955 жылы Қазақ КСР министрлер Кеңесінің төрағалығына тағайындалды. 1960 жылғы қаңтардан бастап Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болды. 1962 жылы желтоқсанда ол жоғары лауазымды қызметінен алынып, қайтадан Республика Министрлер Кеңесінің төрағалығына тағайындалды. 1964 жылы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қайтадан Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып сайланды. [2] [11 бет]

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев тарихта ұзақ жылдары бойы елдің жоғары билік тізгінін ұстаған басшы ретінде қалды. Бұл кісі өзі басшылық қызметте болған уақытта республика аумағының тұтастығының сақталуына, экономикасының, мәдениетінің дамуына ерекше көңіл бөлді.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев қазба байлықтардың арқасында республиканың деңгейі биікке көтерілетінін жақсы білді. «Республикамыз қарыштап, даму асқарынан асып, тағы да бір биік белеске көтеріледі» деп әлденеше рет айтқан болатын. Америкадан шығатын журналдардың бірінде



атақты ағылшын саясаттанушысы өзінің «Орыстар мен қазақтар» деген мақаласында Қазақстанның 1917 жылғы төңкеріске дейінгі (патшалық тәртіп кезінде) және социализм құрылысы кезеңіндегі дамуын салыстырған талдау келтіреді. Зерттеу барысында байқағанындай, Қазақстанның өрлеу мен гүлденудің ең жоғарғы дәрежесіне жеткен кезеңі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев билік басына келген жылдар екен.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өте сауатты басшы бола білді. Кез келген мәселені шешуде бағылдық пен көрегендік танытты. XX ғасырдың 60-80 жылдары аралығында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы толығымен өзгерді. 60-80 жылдар аралығындағы Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне мына дәлелдер куә. Осы кезеңдер ішінде республиканың ауыр өнеркәсібі саласындағы ірі өнеркәсіп орындары жедел қарқынмен өсті: Қарағанды-Теміртау, Павлодар-Екібастұз, Жамбыл-Қаратау және Шымкент-Кентау көмір-метталлургия кешендері құрылды. Қазақстан одаққа орасан зор мөлшерде болат, шойын, мыс, вольфрам, марганец, молибден, қорғасын, мырыш, алтын т.б байлықтарын тапсырды. Электр қуаты 78 миллиард-киловат сағатқа



өсті. Екібастұздан Орталыққа жоғары кернеулі электр жүйесі тартылды. Ауыр өндірістің шапшаң қарқынымен бірге жеңіл және тамақ өнеркәсібін де одан әрі дамытуды жеделдету мүмкіндігі туды.

Республикада 8 қант зауыты, 2 былғары комбинаты жұмыс істеді. Теміржол, әуе және автомобиль көліктері көбейді. 80-жылдардың аяғында теміржолдың ұзын ырғасы 15 мың шақырымнан асты.

Барлық аудан орталықтары мен шеткі шалғай ауыл-село мекендері, көптеген ауыл шаруашылығы кәсіпорындары автомобиль жолдарымен ұштастырылды.



Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев бірінші хатшы болған кезеңде ауыл шаруашылығында айтарлықтай оң динамика қалыптасып мал саны бірнеше есеге өсті. Аталған көрсеткіштер төмендегідей:



Жаңа қалалар бой көтеріп, көшелер асфальтталып, ауыл-село көріктендіріліп, салтанатты мәдениет сарайлары, оқу орындары салынып, ғылым, денсаулық сақтау мекемелері жаңа техникалық жабдықтармен жарақталды. [3] [12 бет]

Кеңес үкіметі басшыларының ақ дегені алғыс, қара дегені қарғыс болып тұрған кезеңде Қазақстанның оңтүстігіндегі өзбек еліне шекаралас экономикасы жағынан мықты дамыған, Қазақстан мақтасының 70-75% беретін, өте ірі мақталы аймақтар Мақтарал, Ильичовка, Киров аудандары облыс жұртшылығының және жергілікті аудан тұрғындарының пікіріне қарамастан, Өзбекстан Республикасына беріліп кеткен болатын. Сол уақытта аудан еңбеккерлері шешімге наразылық білдіріп, жоғары орындарға, Мәскеуге жазбаша және өз аяқтарымен барған уақытта да ешқандай нәтиже болмады.

Бұл аудандардың Республика құрамына кері қайтарылуына мақаламыздың негізі болып отырған ұлы тұлға- Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың еңбегі орасан зор еді. Бұл кісі сол аудандардағы сенімді адамдары арқылы тұшымды дәлелдер мен дәйектер алып, аудандардың Өзбекстан Республикасына қосылуының саяси, экономикалық, мәдени салдарын Орталық Комиттеттің Саяси бюросында дәлелдеп шықты. Осының нәтижесінде жетпісінші жылдардың басында елімізге үлкен қуаныш келді. Өзбекстан аумағындағы үш аудан 1971 жылы мамыр айында тегіс аман-сау өз елі Қазақстанға қайта қосылған болатын. [4] [51 бет]

Қонаев республика үшін игілікті мол істер мен жоралғылы ізгі жақсылықтар жасады. Қазақстан өзге республикалардан көш ілгері озып, лайықты орынға ие болды. Дінмұхамед атамиз халық сүйіктісі бола білді. Өз заманында Абылай бабамиз халқына қандай еңбек сіңірсе, Димаш атамизда өзі ел басқарған дәуірде халқының игілігі үшін сондай орасан зор еңбек сіңірді. Ұлт жанашыры болған атамиздың есімі әрқашан ұлықталып, халқының есінде мәңгілік сақталары анық.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Д.Қонаев. Өтті дәурен осылай. Алматы: «Дәуір» 1992 ж 23-24 бет.
2. С.Әбдірайымұлы. Елу жылы ел ағасы. Алматы: «Санат» 2002 ж 11 бет.
3. С.Әбдірайымұлы. Елу жылы ел ағасы. Алматы: «Санат» 2002 ж 12 бет.
4. С.Әбдірайымұлы. Елу жылы ел ағасы. Алматы: «Санат» 2002 ж 51 бет.



## АҚ ПЕЙІЛДІ, АЛЫП ЖҮРЕКТІ...

**Молдажарова Лязат Толеухановна**

*Ақтөбе қаласы «Ә.Кекілбаев атындағы  
жалпы білім беретін ІТ мектеп-лицей» КММ  
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Мукамбетказина Маншук Умергалиевна**

*Ақтөбе қаласы «Ә.Кекілбаев атындағы  
жалпы білім беретін ІТ мектеп-лицей» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

*«Көрнекті адамдар өз елінің не бағына, не сорына туады» деген ескі мақал бар. Димаш Ахметұлы болса туған елінің бағына туған адам және біздің әрқайсымыз үшін айрықша ыстық. Әсіресе, ол өмірі қауіп пен қатерде жүрген адамдарға тіптен алабөтен жақын сияқты. Оның басты қасиеттері адамсүйгіштігінде, әділеттілігінде, биік адамгершілігінде, - нақтылығында, істі терең білуінде. Оны өзгелерден ерекшеліндіріп тұратын қасиет ғажайып даналығы болса керек. Ол өз ісі арқылы халқының шынайы сүйіспеншілігіне ие болды, оның аты өзін шексіз құрметтейтін ұрпақтарының жадында мәңгі қалады».*

*Ілияс Есенберлин, жазушы*

**Қ**азақтың бір туар ұлы – Ахметұлы Қонаев қазақ елінің бағына жаралған тұлға еді. Сонау Советтің басқару кезеңінде қазақ елін қазақтың өз арасынан басқарған қазақтың арасынан «ұлтшыл» деген айыпты есітпей қызметінен босамағаны бәрімізге аян.

Бұл сөзді Қонаевқа да айтқан екен. Қазақтың кең байтақ жерін көршілерге бөлшектеп үлестіріп беру туралы жоспарын айтқан Хрущевқа Димекең: «Сонда Қазақстанға шонтайы қала ма?», деп айтуы мұң екен, Хрущев: «Қарғыс атқыр ұлтшылдық қашан тоқтайды?!», деп үстелді жұмырдығымен ұрған екен. Осы кейкілжіңнің ақыры Димекеңді қызметінен ығыстырып, орнына Юсупов дегенді келуіне себеп болған. Қызметіне қайта сайланған Димекең қазақтың арын ақтап, жоғын жоқтауды жалғастырды ма екен? – деген сауал туындауы мүмкін. Бұл сұраққа жауапты ол туралы жазған игі жақсылардың жазған естеліктерінен іздегенді жөн санадық.

1969 жылы Шымкент облыстық партия комиетінің екінші хатшысы Сасбұқаевқа өз естелігінде бірінші хатшы Ливенцов естімесін деген оймен Димекең телефон шалып: «Өзбекстанға өткен оңтүстіктегі үш ауданның мәселесі жақында Москвада саяси бюрода қаралмақ. Сол мәселе бойынша





толық ақпарат керек. Сен соны ретін тауып жинап бер» деп тапсырады. Сасбұқаев жолдағы «кедергілерге» қарамастан тиісті мәліметтерді жинап, тапсырманы орындайды.

1971 жылы Мақтаарал, Жетісай, Киров аудандарын Өзбекстаннан қайтарып алғанда қуанбаған қазақ қалмаған. Ә.Сасқұбаев өз естелігінде былай деп жазады: «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың осы үш ауданды қайтару жолында асқан табандылықпен, өзіне тән сабырмен жүргізген жұмысына мен де кішкентай болса да көмектесіп едім-ау деген ой әрдайым менің жанымды жылытады».

1965 жылдың күз мезгілінде Димекеңнің хатшы болып сайланғанына жыл толмаған кезде алдынан «шошқа» мәселесі шығыпты. «Шошқаға» Димекеңнің қандай қатысы бар деген сұрақ? туындау мүмкін.

Бүгінгі жастардың көбісі сонау Советтік басқару кезінде қазаққа шошқа бақтырып қойғанын бірі білсе, бірі біле бермейді. Мұсылманға «харам» малды ұстау қалай ауыр тигенін сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Қайткенде «шошқаның жағдайын» жақсартамыз, шошқаға жайлы қора саламыз деп көне қала-Отырарды бұзып байырғы күйген кірпіштерін алығзып, сол кездегі кейбір атқамінерлер әуре-сарсаңға түсті. Қазақ ауылы шошқа бақтыру үшін өзге ұлт адамын іздеп әлек болды. Көне көздердің айтуынша, сол кезде шошқа ұстамаған ауыл кемде-кем болған. Димекеңді «ығыстырып» орнынан келген И.Юсупов шошқамен шектелмей, есек етін де пайдаға жаратуды ұсынғандығын естігенде төбе шашың тік тұрар.

Қазақ жазушысы Х.Ерғалиевтің осы жағдайды еске түсіріп, Юсупов Исмаил ака түркімен жазушыларын қабылдай отырып: «Біз жеңсік тағам ретінде ет комбинаттарына есектің етін тапсыртамыз», дегенде қасында отырған барлық қазақтың жерге қарағаны өмірі есімнен кетпейді деп жазады. Құдай қолдап Исмаил ака мен Хрущевтің масқара жоспаарлары жүзеге аспай қалады.

1964 жылы қазан айында КСРО-дағы биліктің басына Леонид Ильич келіп, Ташкенттегі өткен кезекті бір жиналыста Юсуповты шақыртып алып: «Қазақстан ауқымды өнеркәсіп пен ауылшаруашылық өндірісі бар, зор құрылыстар салынып жатқан Ресейден кейінгі екінші орында тұрған үлкен мемлекет болғалы тұр. Ондай үлкен мемлекетті тек білімі зор, тәжірибесі мол, сауатты адам ғана басқара алады. Сіздің Талғар сельхозтехникумын бітіргеніңізді біз ескермеппіз, қателесіппіз. Сол қателікті қалай жойсақ болады?» деп сөзін аяқтағанда, Юсупов өз еркімен арыз жазып, орынды босатуға дайын екендігін айтқан екен.

Осы жылдың желтоқсан айында Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болып қайта тағайындалды. Юсуповтың қызметтен кетуімен қатар есекті ет комбинаттарына өткізу жоспары да ұмытылады. Ал «шошқа» өсіру мәселесінен қазақтар қалай құтылады? Еңбек және соғыс ардагері Әдіхам Шілдерхановтың естелігіне назар аударсақ, 1965 жылы Алғабас ауданында жүгері бітік шығып, соны көруге Қонаев келеді. «Кездесудің соңында ұсыныстарың болса айтыңдар» деген кезде Шілдерханов: «Кеңшарымызда ірі қара мен қой жылқымыз бар. Оған қоса тағы да шошқа өсіру жоспарланып отыр. Шошқаның етін қойдың етінен сегіз есе артыққа бағалап отыр. Осы жоспарды қой, етімен өтесек, шошқа өсірмей-ақ қойсақ деген өтінішіміз қолдау таппай тұр» деп өтінішін білдіргенде, Қонаев Ливенцовқа сұстанған назармен, ызғарлы үнмен: «Ей, сен қазаққа шошқа бақтырмақшысың ба?»-деген екен. Осыдан соң іле –шала кеңшарымыз шошқа өсіру тауқыметінен құтылды. Тек біздің кеңшар емес, тек қазақтар тұратын Шәуілдір, Алғабас аудандарының бәрінен де шошқаны жиып әкетті» деп жазады соғыс ардагері өз еңбегінде.

1965 жылы Ресейде оқып жүрген қазақ студенттері қазақтың тілі мен басқа да рухани мәселелерін көтеретін «Жас тұлпар» деп аталған ұйымға «буржуазиялық ұлтшылдар» деген айып тағылып, қудалауға түсе бастаған. Бұл орайда да «Жас тұлпарға» Қонаев араша түскен екен. Ұйымның басшысы Мұрат Әуезовтің жазған естеліктерінен: «біз, «жастұлпарлықтар» осы айыптаулардың басты



нысанына айналып кете жаздадық. Бізді бұл жаладан тағы да Димекең құтқарып қалды. «Бұл еліміздегі ең үздік жоғары оқу орындарының студенттері, еліміздің ертеңгі бетке ұстар зиялылары, біздің оларды аялап, қорғай білуіміз керек» деген сөздері көп адамның аузына құм құйды.

Димекең бозбала шағында М.Тынышбаевты үлгі тұтқан, М.Жұмабаевтың өлеңдерін жатқа оқыған, жазушыларға, өнер адамдарына, жалпы қарапайым халыққа жақын болған. Қазақтың рухын көтерген, саналарын өсірген, ұлттық тарихымыздың жабулы беттерін қайта ашып, қауыштырған жазушыларға қорған әрі қамқор бола білген.

Солардың ішінде М.Әуезов, І.Есенберлин, О.Сүлейменов болғанын жақсы білеміз. Ғалым, жазушы Құлбек Ергөбектің Қонаев қазақ әдебиетінің тарихын тереңдеткен профессор Бейсенбай Кенжебаевпен үнемі хабарласып отыратынын, қала ортасынан үй бергізгенін, көлік ұсынғанын, қарайласып отырғанын айтады. Айт берсек, қазақ зиялыларының ішінде Димекеңнің шапағатына бөленбегендер аз болған. І.Есенберлин: «Ол әсіресе кім жиі тұңғыыққа тірелген болса немесе кімнің өмірі біртал шашқа ілініп тұрса, соларға қымбат еді».

І.Есенберлиннің інісі, ғарышқа самғаған «Боранның» ыстыққа шыдамды сыртқы қабатындағы құпия материалын жасаған ғалым Раунақ Есенберлин былай деп сипаттайды: «Димекең менен көмегін тура да, жанай да аяған жоқ. Әсіресе екі оқиға Ілияс үшін өте мәнді еді. 1-жолы Қонаев Ілиясты өте ауыр жаладан аман алып қалды. Олжас жайлы халық біледі, ал Димекең талайды тоталитарлық жүйенің құрбаны қылмағанын тек кіші шеңбер түсінеді. 2-жолы Димаш Ахметұлы Ілияс дарынына сенім артты. Нәтижесінде, қазақ халқының бетке ұстар мақтанышына айналған «Көшпенділер», «Алтын Орда» трилогиялары жарық көрді». Олжас Сүлейменовтің сөзімен айтсақ: «Димекең әдебиет пен өнердегі әрбір жаңа тұлғаны байқап отыратын». Димекеңнің қолдауына ілінгенде саны аз болмады. Ән короліне айналған Шәмшіні арнайы шақыртып, қала орталығынан 3 бөлмелі пәтер бергізген, әуендер жинағын баспадан шығаруын міндеттегені бәрімізге аян.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қолдауына іліккендердің арасында Әбілхан Кастеев, Молдахмет Кенбаевты, Нұрғиса Тілендиевті айтсақ та жеткілікті. Жазушы Әзілхан Нұркиевтің жазуынша: «Отырар сазының» да, оны қалыптастырған Нұрғиса Тілендиевтің де өсіп, өркендеуіне Димекеңнің қолдауы көмектесті»

Қазақ даласының тағы бір Ұлы тұлғасы, Екінші Ұстаз атанған Әбу Насыр әл-Фарабиді туған жеріне қайта таныстыру мақсатындағы мәртебелі шаралардың ұйымдастырылып өткізілуі Қонаевтың ықпалымен болған болатын. Советтік дәуірде мұндай жиындар Республиканың бірінші хатшысы Қонаевтың ерекше қолдауынсыз өте ме?

1975 жылы Москвада және Алматыда Екінші Ұстаз Әбу Насыр әл-Фарабидің 1100 жылдық мерекесіне арналған халықаралық конференциялар өтті. Оңтүстік астана Алматыда өткен конференцияның дәрежесін көтеру үшін Ахметұлы Дінмұхамед Қонаев өзі қатысқан болатын. Ортағасырлық ғұламаға арналған конференцияға СОКП Орталық комитеті саяси бюросының мүшесі, Одақтық Парламент депутаты, КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының мүшесі Д.Қонаев қатысуға міндетті ме еді? Қатыспаса да ешкім ештеңе дей алмас еді. Мұндай жоғары деңгейдегі конференция Әл-Фарабиге бұрын-соңды да, кейін де өткізілген емес.

Ең таңдаулы археологиялық жәдігер-Алтын адамды әлемге танытудың басында да Димекең тұрғанын көпшілік біле бермейді.

Египетке Қазақстаннан көрмеге апаратын экспонаттарды көріп: «Бұның ішінде Алтын адам неге жоқ?» деп, Есік обасынан табылған және қалпына келтірілген сақ дәуірінің керемет жәдігерінің сапар шегуіне жол ашқан.



«Қаладағы паспорт жүйесін кім басқарады? Тұрғын үй басқармасын кім басқарып отыр? Неге пара бергендер қалаға тұрғын болып шыға келеді? Ал ауылдан келген жастар неге есіктен есікке, тесіктен тесікке қаңғып жүреді?» деп, Алматы қаласы және Алматы облысы басшыларына ауылдан келген жастарды құрылысқа, өндірістік орындарға орналастыруға жете мән берілмеді деген мәселе көтеріп, талап қойған екен.

Димекеңнің әулетімен тереңірек араласқан Ізгілік Дабаевтың айтуынша, қарапайымдылығы мен адамгершілік қасиеті оған ата-анасынан дарыған. Себебі, қандай іс-сапарға аттанарда міндетті түрде ата-анасына соқпай жолға аттнбаған екен. Қайта оралғанда да әуелі өз үйіне бармастан, ата-анасына барып, сәлемдесіп шығады екен. Қазақы тәрбиенің жемісі, ата-анаға деген перзенттің құрметін осыдан аңғаруға болады.

Советтік басқару кезіндегі басқа атқамінерлерден Димекеңнің артықшылығы – қазақтың әулие орындарын қастерлеуі.

Соғыс ардагері, отставкадағы ҰҚК полковнигі – Т. Жақыпбаевтың жазғандарына сүйенсек, Қонаев Түркістанға келгенде «бабаның құлпытасын ұстап, бетін сипап, суынан дәм татып кетуінің өзінде бір мән бар. Бәріміз де білеміз, құран, намаз, құдай дегенге «ешкікөздене» қарайтын уақыт болды емес пе? Соған қарамастан Димекең баабамыздың рухына тағзым етуін үзген емес».

1983 жылы сапарында Димекең кабірханаға кіріп, Яссаuidің моласын сипап шыққанын сол кездегі түркістандық жөндеу шеберханасының бастығы, кесененің жанашыры Жантемір Әлімов те көрген.


Советтік дәуір кезінде қолында шектеулі ғана билік бола тұра шамасы келгенінше халықтың жай-жағдайын ойлағанын, ұлттық мүддені өз биігінен жоғары бағалап, қорғанын халық білді де Қазақстанның Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы ретінде емес, нағыз ұлт көсемі, басшысы ретінді мойындады. Қасіретті «Желтоқсан көтерілісінің» 1986 жылы Димекең қызметінен босаған күнімен тұспа тұс келуі тектен тек емес.

Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні-қазақтың ұлттық санасының өсуіне, еңсесі көтеріліп, ұлт болып қалыптасуына зор үлес қосқан Ұлы перзент-Ахметұлы Дінмұхамед Қонаев.

Тәуелсіздігіміздің іргетасын қалаушылардың бірі емес бірегейі, саясаткер Ахметұлы Дінмұхамед Қонаев туралы өнегелі жастарға насихатталып, оқулықтарда лайықты орын алса деген ұсынысымыз бар.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Асқаров А. Өнегелі өмір/ ред. басқ. Ғ.М.Мұтанов. – Алматы: Қазақ университеті, 2017;
2. Дінмұхамед Қонаев. – Алматы: «Аруна», 2014;
3. Қазақ халқының тарихи тұлғалары: Қысқаша анықтамалық/ Құраст.: Ә. Көпіш. - Алматы: «Өнер», 2016. 2 – кітап;
4. Қонаев Д. Ақиқаттан аттауға болмайды. (естелік-эссе) Ауд. С. Әбдірайымұлы – Екінші басылым. – Алматы: «Үш қиян», 2021.



# ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ТҰЛҒАСЫ

**Әмірханқызы Бұлбұл**

*Ақтөбе қаласы «№36 қазақ орта мектебі» КММ  
тарих мұғалімі*

**Қ**азақта ел тағдырын өз тағдырынан биік қойған ұлы тұлғаларымыз жетерлік. Еліміздің дара, біртуар қоғам қайраткері Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев туралы қалам тартпаған жазушы, оның өр тұлғалы бейнесін жасамаған суретші, ақын жоқтың қасы. Оның өнегелі өмірі, елі үшін жасаған қызметі көпке өнеге.

Тарихта кез келген адам кездейсоқ орын алмайды. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев елі үшін қиын кезеңде ел басқару ісін өте сауатты, мінезбен жүргізген саясаткер бола білді. Кеңес Одағында орталықтың тілін тауып, өз халқының батасын алған ел басшысы кемде кем. Дінмұхамед (Димаш) Ахметұлы Қонаев өзінің 81 жыл өмірінің жарты ғасырында елі үшін талмай еңбек еткен жан.

XX ғасырдың 30-шы жылдарының соңында өзінің еңбек жолын Балқашта жас тау-кен инженері ретінде бастаған еді. 1952-1955 жылдары Қазақ КСР Ғылым Академиясының президенті болып жүрген тұста біршама жұмыстар жасады. Тау-кен ісі саласында Д.Қонаев республика ғылымының дамуы жолында зор еңбек сіңіреді. Ғылыми ұйымдастырушылық жұмыстарды жетілдіру, ғылыми зерттеулердің негізгі салаларын білікті кадрлармен толықтыру шаралары оның басшылығымен жүзеге асырылады. Қонаевтың ғылыми еңбектері кен орындарын ашық әдіспен зерттеудің теориясы мен тәжірибесінің маңызды мәселелеріне арналған. 1948 жылы кандидаттық, ал 1968 жылы докторлық диссертация қорғады. 100-ден аса ғылыми еңбектері жарық көрді. Қазақстанның экономикасы мен мәдениетін өркендету жолына өзінің білімін, мол тәжірибесін және ұйымдастырушылық қабілетін аянбай жұмсай білді. Өз кезегінде Қонаев басқарған тұста Ғылым академиясында О.Сүлейменов, Е.Бекмаханов, І.Есенберлин сынды қазақ тарихын боямасыз шындықпен көрсетуге тырысқан, бірақ орталық тарапынан қарсылық көрген жазушы, ғалымдарды ылғи да қолдап, олардың еңбектерінің қалың көпшілікке жол тартуына себепші болды. Қонаевтың: «Ғалымдардың уақытын, күші мен талантын қорғау керек, ғалым жұмыс істеген кезде тыныштық пен мүмкіндігінше алаңдаушылықтың болмауы керек» деп, ғылым жолында жүрген азаматтарға барынша қолдау көрсетіп келген. Қазақстанның ең таңдаулы археологиялық табылымы – Алтын адамды әлемге танытудың басында да Д.Қонаев тұрғанын көпшілік біле бермейді. Қазақстаннан шетелге көрмеге апаратын экспонаттарды көріп, Д.Қонаев: «Бұның ішінде «Алтын адам» неге жоқ?» деп Есік обасынан табылған және қалпына келтірілген сақ дәуірінің керемет жәдігерінің Египетте өтетін көрмеге сапар шегуіне жол ашқан.

Д.Қонаевтың саяси қызметіне объективті баға беруге талпыныс жасаған жазушылар қатары: Акуев М., Толмачев Г., Хасанаев М.Ж. және тб. Соның ішінде І.Есенберлиннің “Мұхиттан өткен қайық” көркем шығармасында Қонаевтың саяси қызметінде жүріп, ақын жазушылар, өнер адамдарын, ғалымдарды сол кездегі “орталықтың азуынан” бөлек, балағымнан тартқан өз жұртымнан қалай қорғайтыны баяндалады. “Есекті де өлтірмейтін, арбаны да сындырмайтын” ептілік пен ақыл-



дың биіктігі, мінездің өжеттігінен халықтың ұлы атанып, еркелетіп Димаш деген есімді де халық берген.

Қонаевтың жүріп өткен жолы, оның қоғам және мемлекет қайраткері ретіндегі жан-жақты қызметі, ғалым ретінде әлемге танымал есімі, өзінің бай тәжірибесі мен білімі, басқарушылық, ұйымдастырушылық қасиеттері өз елінің көркеюі үшін үлгі еді. Мемлекеттік қызметте жүрген кезінде, өзінің жасап жатқан әр қадамын елінің өркендеуі үшін жасады. Соның дәлелі ретінде ылғи да “Қазақстан және қазақстан халқы үшін жақсы жұмыс жасау керек” деп отыратын. [2, 49б].

Қонаев өмірбаяны тек өз туған халқының ғана атымен байланысты емес, әлемнің жарты бөлшегін алған Кеңестер Одағымен де байланысты. Ол Кеңес Одағының мемлекет қайраткерлері Сталин, Хрущев, Брежнев, Андропов, Черненко, Горбачевтармен иық тіресе жұмыс жасады. Әлемдік көшбасшылар: Мао-Цзе-Дун, Неру, Иран шахы Реза Пехвали, АҚШ, Франция президенттерімен кездескен. [4, 87б]. Сонымен қатар Қонаев көптеген жылдар бойы шет елдерге Коммунистік партияның беделді мүшесі ретінде партия делегацияларын басқарып барып жүрді (Ұлыбритания, Италия, Үндістан, Монғолия, ҚХДР, Уругвай тб.)

Қазақстан Компартиясының Орталық атқару комитетінде жұмыс жасап жүрген кезінде кадр тапшылығы мәселесін шешу қиындық туғызғаны туралы Д.Қонаевтың өзі де жазды. «Саяси мектептің ыстық-суығынан өтіп келген қолынан көп нәрсе келетін жас буын көп болды. Партия, кеңес, ғылым, шаруашылық жұмыстарына мыңдаған коммунист жол тартты» [6, 275б]. Қонаев еске алғандай: олар «асығыстық танытпай, у-шусыз үлкен жетістіктерге жетіп отырды. Шығармашылық орта қалыптасты. Бір-бірімізді көзбен түсінісіп, командамен жұмыс жасадық. Ешқашан ұлт мәселесі туындамады. Бір ұлтты екінші ұлттан жоғары қоймадық.» [6, 279-280б].

«Біздер барлығымыз «қонаевшылар» болатынбыз», - деп Ақмола облыстық комитетінің бірінші басшысы болып қызмет атқарған Николай Морозов еске алады. – Ол бізге үлгі болды. [5, 337б].

Жас кезінен бастап Д.А. Қонаев өзінің «өмір – ұлы тәлімгер» өмірлік қағидатын ұстана отырып, өзінің бойында мынадай мінездік қасиеттерді дамытып келеді: «Басталған істі соңына дейін жеткізу. Құзыреттілік. Ең бастысы – тыңдау қабілеті. Сөйлеу емес, тыңдау. Айта кету керек, «өзінің принципті ұстанымын қорғай білу және басталған істі соңына дейін жеткізу - қазіргі зерттеушілердің пікірінше, бұл іс жүзінде азиялық және еуропалық дәстүрлердің үйлесімі болып табылатын көшбасшылық принциптің ең жоғары көрінісі» [9, 41б].

Мемлекет қайраткері ретінде Д.А.Қонаев үшін күнделікті жұмыста ұйымшылдық пен тәртіп түбегейлі маңызды болды. Сонымен, Қазақ КСР Халық Комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары ретіндегі жұмысын еске алып, Димаш Ахметұлы былай деп жазды: «Орталық комитет бюросының басшылығымен өткен жұмыс өмірді неғұрлым өткір және көлемді көруге үйретті, ой-өрісімді кеңейтті, тапсырылған іс үшін жауапкершілікті арттырды. ХКК және СМ отырыстарында президиумда кейде даулар туындады. Бұл дұрыс шешім қабылдаудың ең оңтайлы жолдары мен жолдарын іздеумен түсіндірілді. Мұның бәрі әр басшы үшін жақсы мектеп болды және ұйымшылдық пен тәртіпті үйретті» [6.78б].

Сонымен бірге, Ұлттық Академия академигі Н.Надиловтың пікірінше: «Димаш Ахмедұлы кең мағынада терең мәдениетке ие болды және бұл сирек кездесетін қасиетті күнделікті өмірдегі қарым-қатынастан бастап, мемлекеттік стратегияға дейін көрсетті. Ол тіпті ең үлкен істің құлдырауы кішкентайдан басталатынын түсінді. Сондықтан ол өмірді оның барлық көріністерінде өте мұқият бақылап, басшылық еткен жылдары өмір сүрген барлық нәрсеге терең үңілді» [10, 83б]. «Дінмұхамед Ахметұлы үлкен ішкі мәдениетімен, кең білімімен және үлкен жеке тәжірибесімен ерекшеленді. Ол





біздің халқымыздың, сол кездегі қазақ зиялыларының ең жақсы ерекшеліктерін бейнелеген», - деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев [1].

Д.А.Қонаевтың адамдардың бет-әлпетіне, есімдеріне де керемет жады болды. Ол Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің барлық қызметкерлерін аты-жөнімен білетін. Сонымен қатар, ол қандай да бір шаруашылықты аралап жүргенде қаншалықты ренжісе де, ешқашан дауысын көтермеді. «Үлкен күшке ие болған Димаш Ахметұлы ешқашан талап қоюшылықты дөрекілікпен алмастырған емес», - деп атап өтті бюроның бұрынғы мүшесі, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің хатшысы Александр Рыбников. – Осы рухта бізді де тәрбиеледі.

1990-шы жылдардың басындағы жүйелі дағдарыс жағдайында, «экономикада басқара алмаушылық пен хаотизм басым болған кезде» Д.А.Қонаев Қазақстанның тұрақты саяси дамуын толық қамтамасыз ете отырып, жұмысқа қабілетті, тиімді, әлеуметтік әділ болатын жаңа экономикалық жүйені қалыптастыру туралы мәселені көтерді. [6, с.349].

«Әрине, одақтас республиканың басшысы ретінде Дінмұхамед Қонаев орталықтандырылған жүйенің құрсауында қалып, дербес мемлекеттік саясат жүргізе алмады»- деп атап өтті Н.Ә. Назарбаев. [5]. Сондықтан Д.А.Қонаевтың жеке басы мен еңбегінің ауқымын ол өмір сүрген уақыттың күрделі және қарама-қайшы, кейде қайғылы ерекшеліктерін түсінбей бағалау мүмкін емес. «Ол өз дәуірінің ұлы болды - оның барлық артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Ол өзі айтқандай: «коммунист болды, коммунист болып қалды!». Бұл оның ұстанымы еді және ол құрметке лайық» .

Қонаев туралы жазушы журналист С.Әбдіраймов: «Ар ойлап, дүниеге бой алдырмаған екі адам болса, соның бірі елі еркелетіп Димаш атаған – Д.А.Қонаев. Шүкір, шыққан тауы биік болды. Бір кісідей биліктің шыңына көтерілді. Кісілігін ұлықтыққа жеңдірмеген кім десеңіз, онда да осынау абзал жанның есімі еріксіз еске түседі. Димекен қанағатшыл жан еді.

Д.Қонаев өмірінде өте ұстамды, салмақты, ақылы мен парасаты ерекше, көпшілікті іске жұмылдыра білетін, қабілеті мол кемеңгер басшы болды. Оны халқы ерекше құрметтеп, қошеметтеп, «Біздің Димаш» дейтін. Д. А. Қонаев – шын мәнісінде еліміздің іргесін нықтап, еңсесін тіктеп, бүгінгідей қуатты мемлекетке айналдырып кеткен жан.

Қазіргі уақытта бүкіл әлем Димаш Ахметұлы Қонаевтың сөздерінің дұрыстығын анық көреді: Қазақстан Республикасы, көптеген көрнекті шетелдік сарапшылардың пікірінше, посткеңестік мемлекеттіліктің ең жарқын үлгісі, тиімді өңірлік көшбасшы, халықаралық қоғамдастық толық мойындаған, ішкі тұрақтылық деңгейі жоғары және қазақстандықтардың лайықты өмір сүру деңгейі бар бәсекеге қабілетті мемлекет болды [8, 179-180бб].

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Қонаев, Д. Ақиқаттан аттауға болмайды. Алматы: Санат,1994. – 29-30 Б.
2. Әбдірайымұлы, С. Дара тұлға және дарын // Егеменді Қазақстан. – 1995. – 12 қаңтар
3. Сол бір кездер сағындырды // Егеменді Қазақстан. - 1995. – 29 тамыз(№167).
4. Әлиақпаров, Ә. Қонаевтың алдында // Сырлас. – 1998. – 23 қаңтар. – 2б.
5. Мұстафин, С. Балқаш қаласының құрметті азаматтары / Мұстафин С. Балқаш,2000. – 11-14 б.
6. Есали, А. Көзден кетсе де, көңілден кетпеген бейне // Егеменді Қазақстан. – 2004. – 7 шілде.





# МОЛОДОЕ ПОКОЛЕНИЕ О Д.КОНАЕВЕ

**Жолдыбай Темирлан**

*учащийся 10 класса*

*КГУ «Общеобразовательная средняя школа*

*имени Д.Конаева» г.Актобе*

*Руководитель Садыкова Б.Х.*



**В** Казахстане, наверное, нет ни одного человека, который не слышал бы о Динмухамеде Конаеве. Еще в школе, будучи учеником, Динмухамед решает стать горным инженером и начинает готовиться к поступлению в институт. В 1929 году он посещает вечерние курсы по подготовке в вузы. Он совмещал подготовительные занятия со сбором фруктов в садах Алма-Аты, затем с работой в Казгосплане при Совете Народных Комиссаров, где работал статистиком. Летом 1931 года Кунаев получает путевку в Москву для поступления на горный факультет Московского института цветных металлов и золота.

Студенческие годы Д.Конаева в институте совпал со сложным периодом в жизни страны. В проблемах родного народа Димаш убедился и сам, когда приехал на каникулы к родителям, а также во время своей практики в 1935 году на Коунрадском руднике, где работал десятником

и готовил материалы для защиты дипломной работы.

Летом 1936 года, на ученом совете института, Динмухамед Конаев защитил на «отлично» дипломную работу и в тот же год он получил направление на Коунрад-Балхашскую стройку, где началась его трудовая деятельность. Новые методы Конаева способствовали увеличению объемов производства на рудниках, а сам он руководил Риддерским рудоуправлением, позже был директором Лениногорского горнорудного управления.

В апреле 1942 года в Алма-Ате Конаев поехал в Москву для утверждения на должность заместителя Председателя СНК Казахской ССР. В новой должности Динмухамед Ахмедович отвечал за предприятия металлургии, оборонные заводы, железную дорогу, электростанции. За достижения в области металлургии Динмухамеда Ахмедовича избрали в члены АН КазССР по специальности «горное дело», а после освобождения Сатпаева от должности члены Президиума поддержали кандидатуру Конаева. На посту Президента Академии наук КазССР Конаев участвовал в судьбе Мухтара Ауэзова. Кунаев с большим трудом, но сумел отстоял честное имя Мухтара Ауэзова.

При управлении Д.Конаева индустрия Казахстана развивалась стремительно. Страна стала крупным экономическим регионом страны, роль которого значилась с каждым годом. Борьба за урожай



хлеба все активнее разгоралась. Бывая в ряде областей в период уборки, Конаев Д. видел, как боролись трудящиеся совхозов и колхозов за сдачу большого хлеба. За успехи в производстве зерна и за другие показатели в подъеме экономики были отмечены Северо-Казахстанская, Кустанайская, Актюбинская, Алма-Атинская области. Благодаря этому, Казахстан стал сильной базой по производству технических культур: сахарной свеклы, хлопка, табака. Развивалось так же виноградарство и садоводство.

Отмечали достижения республики, указывали на недостатки и ошибки в развитии экономики. Но именно за данный период во многих областях промышленности, строительства, транспорта и связи, науки и культуры, народного образования, здравоохранения, торговли, бытового обслуживания населения успехи республики никогда не были так огромны и значительны. Программы, выработанные съездами партии, были одобрены, трамплином в подъеме экономики, культуры, науки, улучшения уровня жизни народа. Реализация разработанных программ дала конкретные результаты. Огромная территория Казахстана, за три десятилетия превратилась в край высокоразвитой промышленности, сельского хозяйства, культуры.

XVI съезд Компартии Казахстана был последним съездом, на котором Конаев выступил с отчетным докладом ЦК. В феврале-марте 1986 года Конаев по настоянию ЦК покидает пост. Смена власти в КазССР привела к недовольствам, народным митингам, которые позже в истории назовут «Желтоқсан».

Весь жизненный путь Д.А. Конаева, его плодотворная деятельность, как государственного и общественного деятеля, ученого с мировым именем, отдавшего все свои знания и опыт, блестящие организаторские способности на благо своей республики, является прекрасным образцом служения народу. Нет никакого сомнения, что в трудовой деятельности Д.А. Конаева, как выдающегося государственного деятеля, отразилась судьба не только Казахстана, но и бывшего СССР. Он работал с такими деятелями государства, как Сталин, Хрущев, Брежнев, Горбачев. Он встречался со многими руководителями зарубежных государств и политических партий: Мао-Цзе-Дуном, Неру, шахом Ирана Реза Пехвели, президентами США, Франции и других известных деятелей мирового уровня. Д.А. Конаев, в составе членов Политбюро ЦК КПСС, возглавлял правительственные делегации во многие страны (Великобританию, Италию, Индию, Монголию, КНДР, Уругвай и др.). И это еще одно доказательство того, что Д.А.Конаев - отличный дипломат, знаток человеческой души, человеческих отношений.

Молодое поколение Казахстана должно гордиться именем Динмухамеда Ахметулы Конаева. Его яркий жизненный путь и блестящая трудовая деятельность обязательно должны отражаться на страницах школьных учебников и даже ввести специальный предмет «Қонаевтану». Мы хотим больше узнать об этом человеке-легенде. Мы, учащиеся общеобразовательной средней школы имени Д.Конаева, должны достойно нести незапятнанное имя истинного сына казахского народа.

### **Литература:**

Рыбников А. Д.А. Кунаев – гордость и совесть казахского народа // Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве /Авторы-составители: Абдраимулы С., Горайнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.41-57.



# ДИНМУХАМЕД АХМЕТОВИЧ КОНАЕВ – ЧЕЛОВЕК ВЕКА

**Мухамеджанова Лилия Рафхатовна**

*Воспитатель ясли-сада «Өркен»*

*г. Кокшетау*

**Д**инмухамед Ахметович Конаев – видный общественный деятель, учёный, академик АН Казахской ССР (1952 г.), доктор технических (1969 г.), трижды Герой Социалистического Труда (1972, 1976, 1982) – родился 12 января 1912 г. В городе Верном, ныне город Алматы. Умер 22 августа 1993 г., похоронен в городе Алматы.

В автобиографической книге Д.А. Конаев пишет: «Каждый человек должен знать свою родословную. Не уходя глубоко в древность, могут только сказать, что мои предки берут своё начало от Байдыбека, джигита Старшего Жуза. Сам же Байдыбек, известный своими доблестями воин, защитник народа, был сыном Караша бия, славившегося свое мудростью и справедливостью..... Наши предки произошли от его сына (Жалмамбета) - Исты». Для Д.А. Конаева было необходимо знать своих предков, их историю, достижения, подвиги и достоинства, ведь зная прошлое можно смело строить новое будущее.

В 1931 году Д.А. Конаев поступил в Московский институт цветных металлов и золота. Обучаясь в столице, он не забывал культурно просветляться и посещал театры, музеи и дома культуры.

В июле 1936 г. после завершения института Д.А. Конаев был направлен на Коунрад-Балхашскую стройку. Это было началом его трудовой деятельности. Будучи директором рудника, он был принят заместителем Председателя Совнаркома СССР Н.А. Булганиным, а затем и Г.И. Маленковым. Здесь же состоялось его знакомство с Первым секретарем ЦК Компартии Казахстана Н.А. Скворцовым. Именно с этого момента происходило становление Д.А. Конаева. Здесь он учился организации дела, ознакомился с техникой, достигал примудрости инженерного дела.

Будучи членом ЦК КПСС и членом Политбюро ЦК КПСС, Д.А. Конаев непосредственно участвовал в принятии важных и судьбоносных решений не только для Казахстана, но и всего Советского государства. В разгар Великой Отечественной войны в 1942 г. Д.А. Конаев был назначен заместителем председателя Совнаркома Казахской республики.

В апреле 1952 году по рекомендации партийных органов он был избран Президентом Академии наук Казахской ССР.

Под руководством Д.А. Конаева были проведены меры по укреплению материально-технической базы Академии наук, по привлечению новых кадров, усилению связи науки с производством. Научные труды Д.А. Конаева: Буровзрывные работы на Коунрадском руднике (1948. – 35 с.); Казахская ССР: Краткий историко-экономический очерк.



Разработка Коунрадского месторождения медных руд Кунаев, Динмухамед Ахмедович. – Алма-Ата., 1949.–106 с. - является полезным пособием для научных работников, инженеров и техников горной промышленности и для студентов горных вузов и техникумов.

Его труды стали новым словом в раскрытии теории и практики разработки рудных месторождений открытым способом. Эти исследования способствовали значительному повышению эффективности производства в горнодобывающей промышленности. Д.А. Конаев принимал непосредственное участие в освоении цилиндрических земель.

В 1962-1964 года проработал председателем Совета Министров Казахской ССР. Так, 6-7 декабря 1964 года в Алма-Ате состоялось заседание Центрального комитета Компартии Казахстана, где участвовали все секретари обкомов. Из Москвы приехал Титов В. Н., заведующий отделом партийных органов ЦК КПСС по союзным республикам. Со стороны секретарей обкомов республики прозвучала резкая критика по работе Юсупова, а Конаев единогласно был избран первым секретарем. Спустя полгода, 5 апреля 1965 года по рекомендации ЦК КПСС, вторым секретарем стал В.Н.Титов.

В январе 1978 года Д. А. Конаев возглавил партийно-правительственную делегацию в КНДР. О высоком значении этой дипломатической миссии говорили как фамилии и должности членов советской делегации, так и само внимание, с которым провожали делегацию еще в Москве. 20 марта 1978 года участвовал на внеочередной сессии Верховного Совета.

В период с 1960 по 1986 годы был первым секретарём компартии Казахстана и фактически руководителем республики. В период с 1965-го по 1986 годы побывал в Японии, Корее, Уругвае, Италии, Индии, Великобритании и других странах. Д.А.Кунаев пишет об этом периоде: «Социально-экономические преобразования, происшедшие в республике, вызывали огромный интерес за рубежом. К нам зачастили партийно-правительственные делегации стран социалистического содружества, парламентских делегаций стран Европы, Азии, Африки, Северной и Латинской Африки. В Алма-Ате побывали первые руководители Польши, Монголии, Болгарии, Германии, Лаоса, Эфиопии и других стран. Они приезжали и воочию убеждались, как весомы успехи Казахстана».

Исследования возможности перехода с подземных работ на открытые горные работы на Миргалымсайском месторождении свинцово-цинковых руд. Развитие открытых горных работ в Казахстане. Казахская ССР: краткий историко-экономический очерк... Д.А. Кунаев впервые был удостоен государственной награды - медали «За трудовое отличие». В коммунистическую партию он вступил, работая на руднике.

Воспитательное значение, имеет одна из мотивирующих цитат Д.А. Конаева: «Я всегда преданно служил своему народу и буду служить ему до последнего дня».

За вклад в развитие страны Д.А. Конаев трижды удостоился звания Героя Социалистического Труда. Награжден восемью орденами Ленина и другими наградами, в том числе и зарубежными. Имя Д.А. Конаева пользуется огромным уважением в народе. Оно увековечено в названиях улиц, школ, университетов, предприятий. Присуждаются премия имени Д.А. Конаева в области науки о Земле для молодых ученых.

### **Литература:**

1. Кенжебаев С.Д «Политические портреты первых». – Алматы 2015. – с 480.
2. Конаев Д. «От Сталина до Горбачева» - Алматы: «Санат»,1994.- с 12.
3. Нурсултан Назарбаев. Биография. – Астана: Деловой Мир Астана, 2012. – с 304.



# Д. ҚОНАЕВ - XX ҒАСЫРДЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

**Жумабек Еркебұлан Ермекұлы**  
*Жетісу облысы Ескелді ауданы*  
*«Н.Алдабергенов атындағы орта мектеп»*  
*тарих мұғалімі*

**Қ**азіргі уақытта Қазақстан Республикасы әлеуметтік бағдарланған нарықтық экономикасы және оның дамуының негізінде демократиялық құндылықтары бар қуатты әрі тиімді мемлекет ретінде қалыптасты. Сонымен бірге, әрбір қоғамның өмірінде өткен кезеңді түсіну және ары қарай қайда жылжу керектігін анықтау қажет болатын белгілі бір тарихи сәт басталады, «Қазақстандық қоғамның бүгін нені білдіретінін және оның ертең қандай болатынын анықтайтын өзін өзі сәйкестендіру немесе өзін өзі тану кезеңі» басталады. Мұндай өзіндік сәйкестендіру, сөзсіз, зерттеушілерден өткен және қазіргі қазақстандық басшылардың рөлін, бірінші кезекте, Қазақстанның Мемлекеттік құрылысына өлшеусіз үлес қосқан көрнекті саяси қайраткер ретінде Д.А. Қонаевтың тұлғасын жүйелі және терең ұғынуды талап етеді.

Ең алдымен, Д.А. Қонаевтың бүкіл өмір жолы, оның мемлекет және қоғам қайраткері, өзінің барлық бай білімі мен тәжірибесін, республиканың игілігі үшін көрнекті ұйымдастырушылық қабілетін берген әлемге әйгілі ғалым ретіндегі жан-жақты қызметі Халыққа қызмет етудің тамаша үлгісі болып табылатынын атап өткен жөн. Өзінің барлық мемлекеттік қызметін, әрбір іс-әрекетін ол өзінің өмірлік ұстанымына сәйкес Отанның, халықтың мүдделерімен өлшеді: «Қазақстан мен оның халқының игілігі үшін жақсы жұмыс істеу керек». Біздің барлық ойларымыз бен істеріміз халықтың шабытқа толы жасампаз еңбегінен ажырағысыз болды, солай бола бермек және біздің әрқайсымыз Д.А. Қонаевтың өзі атап өткендей, өз еңбегіміздің басты мағынасын, өз өміріміздің мағынасын көруге тиіспіз.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында дүниеге келген. Ол тарихқа ірі мемлекет қайраткері, Қазақ КСР Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақстан Ғылым Академиясының президенті ретінде енді. 1936 жылы Мәскеу Түсті металдар және алтын институтын тау-кен инженері мамандығы бойынша бітірген. Сол жылы Конрад - Балқаш құрылыс алаңына жолдама алып, еңбек жолын бастайды. Болашақ мыс алыбының құрылысы үлкен қиындықтармен өтті. Ол кезде Балқашта және Конрадта адамдар киіз үйлерде, жер үйлерде, барақтарда паналайтын. Дегенмен, құрылысқа ауылдардан көптеген қазақтар келді. Ауыр өмір жағдайлары, құрылған күштеп ұжымдастырумен, мәжбүр етті. Содан «Прибалхашстрой» тресінде жұмыс істей бастады. Ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды басқарды, оның ішінде Алтай, Риддер, Лениногор кеніштерінде басшылық қызметтерді атқарды.





1942-1952 жылдары - ҚазКСР Халық Комиссарлары Кеңесі, ҚазКСР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары.

1952 жылдан 1955 жылға дейін Қазақстан Ғылым Академиясын басқарды. Оның басшылығымен өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын дамыту, Қазақстанның табиғи ресурстарын тиімді пайдалану үшін ғылыми зерттеулер жүргізілді. Қонаев өзі 200-ге жуық ғылыми еңбек жариялады.

Дінмұхамед Қонаев көзі тірісінде-ақ халық махаббатына лайық болған. Өйткені, көптеген қазақстандықтар үшін ол тұтас дәуірдің бейнесі болып табылады. Ол Қазақстанды 25 жыл бойы басқарды. Статистикаға сәйкес, осы жылдар ішінде Республиканың өндірістік әлеуеті 700% - дан астам өсті, өнеркәсіп көлемі 9 есе, ауыл шаруашылығы - 6 есе, күрделі құрылыс - 8 есе өсті. Қонаев Қазақстан КП ОК бірінші хатшысы қызметінен 1986 жылғы 16 желтоқсанда небәрі 18 минутқа созылған рекордтық қысқа пленум барысында алынады. Қонаевтың орнына КОКП ОК Бас хатшысының ұсынысы бойынша жіберілген КОКП Ульянов обкомының бірінші хатшысы Геннадий Колбин сайланды.

Басшының мұндай күрт ауысуы қазақстандықтарға ұнамады, адамдар алаңға «желтоқсан» атымен тарихқа енген наразылықтармен шықты. Осы оқиғалардан тура бес жыл өткен соң, 1991 жылғы 16 желтоқсанда Қазақстан кеңестік республикалардың соңғысы ретінде өзінің тәуелсіздігін жариялады. Кейіннен 16 желтоқсан күні Қазақстанның Тәуелсіздік күні болып бекітілді.

1987 жылдың қаңтарында Қонаев КОКП ОК Саяси Бюросы құрамынан, ал 1987 жылдың маусымында КОКП ОК құрамынан шығарылады. Отставкаға кеткеннен кейін Қонаев Алматыда тұрады. 1993 жылы 22 тамызда Алматы облысы Алакөл ауданы Ақши ауылында жүрек ұстамасының салдарынан дүниеден өтті. 1993 жылы 25 тамызда Кенсай зиратына жерленді.

Ол туралы Олжас Сүлейменов, Бибігүл Төлегенова, Мұхтар Шаханов және басқа да көптеген адамдар ерекше жылулықпен еске алады. Оның ішкі мәдениеті мен тектілігін оның ізбасарлары мен үлкен саясаттың бұрынғы қарсыластары мойындайды. Бірақ Дінмұхамед Қонаевтың ерекше мақтанышы Алматы болды.

Оның тұсында Қазақ КСР астанасы еліміздің шын мәніндегі мәдени орталығына, Іле Алатауының баурайындағы бақ-қалаға айналды. Бұл айтарлықтай дәрежеде дәл Қонаевқа мүмкін болды. Қонаев атындағы дәуірдегі Алматы - қала тарихындағы ерекше кезең. Дәл сол кезде қала көптеген әдемі субұрқақтар, саябақтар және басқа да қызықты сәулет ансамбльдері орналасқан Алматының ерекше сәулетіне, жайлылығына ие болды.

Бұл кеңестік Қазақстанның бас қаласында өзінің қайталанбас нақышы мен сүйкімділігі қалыптасқан уақыт. Елорда бұрынғы Кеңес Одағының басты қалалары арасында көрнекті болып, елдің ең әдемі жерлерінің біріне айналды.

Дәл сол кезде Алматы барлық қазақстандықтардың сүйіспеншілігі мен оған деген мақтаныш сезімін жеңіп алды. Мүмкін бүгін Алматы 70-ші және 80-ші жылдары қандай қала болғанмен бірдей емес шығар, бірақ әлі күнге дейін қазіргідей көп нәрсе бар - ол Қонаев кезінің гүлдену кезеңімен байланысты.

«Димаш Ахметұлы зор күшке ие бола отырып, талапшылдықты ешқашан дөрекілікпен алмастырған емес», - деп атап өтті бюроның бұрынғы мүшесі, Қазақстан Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің хатшысы А. Рыбников. – Ол бізді осы рухта тәрбиеледі. Ол өзін дөрекі ұстаған және адамның қадір-қасиетін қорлайтын басшыларға қатаң қарады, оларды дереу жұмыстан шығарды». Ол қызметкерлерді мұқият тәрбиелеп, бағалады, әрқашан әділ болды, менмендікке, асығыс және формализмге шыдамады. Ол адалдықты, тиімділікті жоғары бағалады. «Димаш Ахмедович әрдайым кадрларға өте мұқият болған, тіпті өзінің оппоненттеріне де тілектес болған», - деп еске алады Қазақстан Компартиясы Қарағанды обкомының бұрынғы бірінші хатшысы А.Коркин». Ең бастысы:





Д.А. Қонаев өзінің барлық қызметі үшін бағыныштылардың қадір-қасиетін қорлауға ешқашан жол берген емес, ол ешкімге айқайламады, дөрекілік танытпады, адамдарға құрметпен қарады.

1990-шы жылдардың басындағы жүйелі дағдарыс жағдайында, «экономикада басқарылмаушылық пен ретсіздік орнаған кезде» Д.А.Қонаев Қазақстанның тұрақты саяси дамуын толық қамтамасыз ететін, жұмысқа қабілетті, тиімді, әлеуметтік әділ болатын жаңа экономикалық жүйені қалыптастыру туралы мәселе қойды. Оның беделді пікірі бойынша, мемлекеттің жан-жақты нығаюынсыз уақыттың жаңа сын-тегеуріндеріне жауап беру мүмкін емес. Қуатты демократиялық мемлекет, «бүкіл әлемдік қоғамдастық арасында тең құқықты мемлекет» қана Отанның өркендеуі үшін жағдай жасай алады, жеке адамның бостандығын, кәсіпкерлік еркіндігін, азаматтық қоғам институттарының даму еркіндігін қорғай алады. Бірақ сонымен бірге, оның пікірінше, «біз өткеннен ештеңе жасыра алмаймыз – жаман да, жақсы да емес. Өткенді Үстірт білу бәрімізге ертеңгі Тарихи жолымызда «өлімге әкелетін» қателіктерден аулақ болуға көмектеседі.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, Д.А.Қонаев Қазақстанның болашағына сеніммен және үмітпен қарағанын атап өткен жөн. Бұл Қазақстанның өсіп келе жатқан беделіне, оның бітімгершілік күш-жігеріне, этносаралық қатынастардың берік тұрақтылығына кепілдік береді, оны біз кез-келген сәттіліктің алғашқы шарты ретінде ерекше күтуіміз керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Д. А. Қонаевтың жарияланбаған сұхбаты // тұлға. Д.А. Қонаев туралы естеліктер /авторлар-құрастырушылар: с. Әбдірайымұлы, А. Горьяинов – Алматы: «Санат», 2007. – С. 87-91.
2. Рыбников Александр. Д. А. Қонаев-қазақ халқының мақтанышы мен ар-ожданы // тұлға. Д.А. Қонаев туралы естеліктер /авторлар-құрастырушылар: С.Әбдірайымұлы.
3. Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты: жаңа трендтер: әдістемелік құрал / Под общ. ред. е.л. Тоғжанова. - Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы, 2011. – 204 б.



# ДӘУІР ЗАҢҒАРЫ

**Бишенова Айжан Аульбаевна**  
*Ақтөбе қаласы «№8 орта мектеп» КММ*  
*тарих және қоғамтану мұғалімі*

**Е**л тарихында 20-ғасырдың ерекше орын алатыны сөзсіз. Қазақстанның өткен тарихындағы оқиғалар мен өзгерістер, ауқымы мен әсері жағынан 20-ғасырдағы оқиғалармен салыстыруға келмейді.

Бұл Қазақстанның Ресей империясының құрамында болуының аяқталуы, азамат соғысы және елге Кеңес үкіметінің келуі, территориялардың бөлініп, қосылуы. Бұл көшпелі мәдениеттің күйреуі мен миллиондаған адамдардың өлімімен, аяусыз репрессиямен ұштасатын күштеп ұжымдастыру. Бұл кең ауқымды индустрияландыру, еліміздің энергетикалық және көлік жүйесінің, ауыл шаруашылығының дамуы, пайдалы қазбалардың игерілуі, зауыттар мен фабрикалардың салынуы, мүлдем жаңа өндірістердің пайда болуы. Бұл қазақ зиялыларының, ғалымдарының, жазушыларының, өнер қайраткерлерінің пайда болуы. Бұл көші-қонның да, табиғи өсімнің де, урбанизацияның да есебінен жаңа ірі қалалар мен ел халқының, оның ішінде қазақ халқының санының бұрын-соңды болмаған өсімі. Бұл Ұлы Отан соғысы, тың жерлерді көтеру, адамның ғарышқа ұшуы. Бұл ядролық сынақтар мен экологиялық апаттар. Бұл электрлендіру, елімізде радио мен теледидардың пайда болуы. Бұл отандық ғылымның, білім беру жүйесінің, медицинаның, спорттың, мәдениеттің дамуы. Бұл – мұнай кен орындарының игерілуі, бүкіл әлемге танымал саланың флагмандарының пайда болуы. Бұл КСРО-ның ыдырауы және Қазақстанның тәуелсіздік алуы. Бұл жеңіс пен жеңіліске, артықшылықтар мен кемшіліктерге, қуаныш пен қайғыға толы ел тұрғындарының еңбегіне, қаны мен теріне толы 100 жыл.

Осынау қиын заманда Дінмұхамед Қонаев 44 жылдан астам аса жауапты басшылық қызметтерді атқарды, оның ішінде 24 жыл Қазақстан басшысы, жеті жыл премьер-министр, 10 жыл вице-премьер, үш жыл Қазақстан Ғылым Академиясы, еліміздің алдыңғы қатарлы өндіріс орындарында алты жылдай. Оның өмір жолы сол кездегі тарихпен тығыз байланысты, тарихтың өзі сияқты қазіргі және келешек ұрпақтың бейтарап түсініп, жан-жақты зерделеуіне лайық.

Ел басына күн туған қиын-қыстау кезеңде ел есінде мәңгі қалатын нағыз ерлер, қайраткер азаматтар бой көтеретіні белгілі. Дінмұхамед Қонаевты біреулер мақтаса, біреулер даттап жатты. Мақтаушылар қазіргі басшылардың бойынан табыла қоймайтын адамгершілігін бағаласа, даттаушылар ол кісінің дәуіріндегі қызметін талдап, сынға алды. Бірақ екі топ та Қонаевтың тегін басшы болмағанын мойындады.

Кеңес дәуіріндегі саяси истеблишменттің өкілі, сол жүйенің ажырамас бөлігі болғанымен, ол кеткен соң билікке келген басқа басшылар секілді «уақытша отырғандардың», «мен кеткен соң топан су басса да, бәрібір» деген ұстанымнан аулақ болды, халқына адал қызмет етіп, ел қамын ойлаған нағыз азамат.



Бүгінде қоғамда кеңестік кезең туралы сапалы зерттеу материалдары мен шынайы деректер көздерін, сол кездегі адамдардың өмірі мен жетістіктерін көрсететін фото және бейнематериалдарды табу екіталай. Осыған орай, қазіргі таңда Дінмұхамед Қонаевтың ел дамуына қосқан үлесіне объективті және толық баға беру, сондай-ақ 20-ғасырдағы тарихи дәуірдің өзіне баға беру өте қиын.

«Мен ұзақ өмір сүрдім. Оның жақсысы да көп болды, жаманы да болды. Бірақ бұл менің өмірім. Ал жас кезімде «өмірді ойлап», алға қойған мақсатымды күш-қуатым мен мүмкіндігімше орындадым. Мен әрқашан халқыма адал қызмет еттім және ақырғы күнге дейін қызмет етемін»[1, 480]

Ғалымдардың көптеген буындары бір емес, бірнеше сапалы зерттеу жүргізіп, он мыңдаған материалдарды зерттеп, фактілерді салыстырып, қорытынды жасап, зерттеу нәтижелерін қалың жұртшылыққа жеткізуі тиіс. Бірақ соған қарамастан, Қонаев зейнеткерлікке шыққанда Қазақстанды қуатты, экономикасы дамыған, білімді және мәдени жағынан бай мемлекет ретінде белгілі, ол КСРО-ның 3 ірі экономикасының бірі болды, сонымен қатар әлемге қуатты өндірістік және адами әлеуетімен танылды. Қонаевтың көптеген замандастары атап өткендей, Димаш Ахметұлы еліміздің әлеуметтік-экономикалық және инфрақұрылымдық дамуына көңіл бөлумен қатар, шығармашылыққа, мәдениетке, ғылым мен өнерге қамқорлық жасады.

«Көрнекті адамдар өз елінің не бағына, не сорына туады» деген ескі мақал бар. Димаш Ахметұлы болса туған елінің бағына туған адам және біздің әрқайсымыз үшін айрықша ыстық. Әсіресе, ол өмірі қауіп пен қатерде жүрген адамдарға тіпті алабөтен жақын сияқты. Оның басты қасиеттері адамсүйгіштігінде, әділеттілігінде, биік адамгершілігінде, нақтылығында, істі терең білуінде. Оны өзгелерден ерекшелендіріп тұратын қасиет ғажайып даналығы болса керек. Ол өз ісі арқылы халқының шынайы сүйіспеншілігіне ие болды, оның аты өзін шексіз құрметтейтін ұрпақтарының жадында мәңгі қалады. [2, с 24]

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Дінмұхамед Қонаев. Ақиқаттан аттауға болмайды. - Алматы: Санат, 1994.
2. Илияс Есенберлин. Мұхиттан өткен қайық. – Алматы: Книжный клуб, 2021.



# ҚАЗАҚТЫҢ ДИМАШЫ

**Уликпанова Камка Кенесовна**

*Ақтөбе қаласы «№48 жалпы білім беретін*

*орта мектеп» КММ*

*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Қ**азақ халқының маңдайына біткен ұлы тұлғасы, ел іргесін қалаушы, ғасыр саңлағы - Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев бүгінгі күннің қайталанбас қайсар ел мақтаньштарының бірі. Мемлекет және қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі Д.А.Қонаев Алматы қаласында дүниеге келген. Оның еңбек жолы Балқаш қаласындағы мыс қорыту комбинатынан бастау алады. Сөйтіп өзінің алғырлығы мен біліктілігінің, мәрттігі мен жомарттығының, шыншылдығы мен қайсарлығының арқасында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы, Қазақстан коммунистік партиясының Орталық комитетінің бірінші хатшысына дейінгі қызметтерді атқарды. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өз дәуірінде партия ұйымын басқарып, халық арасында абыройлы, беделі мықты, ойы ұшқыр, ұлттың салт-дәстүрін берік сақтаған, өзінің адами қасиетімен, алғырлығымен, байсалдылығымен көзге түсе білді. Арада уақыт өтіп, мемлекеттік қызметтен кеткеннен кейін де өзінің білімді әрі парасаттылығын танытып, елде орын алып жатқан реформа бағыттарына қолдау көрсете білген еді. Д.А.Қонаевтың еңбек жолы мен жеке өміріне қатысты көптеген еңбектер жарық көріп, оның бойындағы адамгершілік қасиеттері ерекше аталып өтті. Сондай зерттеулердің легіне кезек берейік...

Д.А.Қонаев бойындағы барлық қасиеттерін саралай келе, оның еңбексүйгіштік адам екенін дәлелдейтін мына бір пікір соның айқын дәлелі іспеттес. «Қонаев өте сауатты басшы бола білді. Кезкелген мәселені шешуде батылдық пен көрегендік танытты. Біздің ғасырымыздың 60-80 жылдары аралығында Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық жағдайы толығымен өзгерді. Соғысқа дейін экономика өзінің жаңа қадамын бастады, сосын соғыс, ал соғыстан кейін барлық ресурстар КСРО-ның Батыс және Солтүстік-Батыс бөлігіндегі қираған қалалар мен өнеркәсіп орындарын қалпына келтіруге жұмсалды. Қазақстан мен Орта Азия республикалары сол бәз-баяғы қалпында қалды» - дейді, Социалистік Еңбек Ері А.Асқаров.

«Қазақ тарихында алғаш рет бірнеше жыл қатарынан билік басында отырып, абыройлы қызмет атқарған қазақтың Димашы еді. Ол кейін биліктен кетсе де, себепсіз әлі дәлелсіз жасалған «қара күйе» жалаға қарамай, өзінің абыройын, беделін сақтап қалды. Димекең қазақ халқы үшін барын салып еңбек етті. Ол әсем қаламыз Алматыны үлкен шаһарға айналдыру үшін, зәулім ғимараттар тұрғызды. Қаламыздағы кез келген құрылыстың нысаны Қонаевтың араласуынсыз шешілмеді.

«Қазақстан» қонақ үйі, «Арасан» моншасы, ҚазМУ қалашығы,

Оқушылар сарайы, Студенттер сарайы, «Медеу» мұзайдыны, оның сыртында 43 қала салдырғаны – өз алдына бөлек әңгіме. Ал бір ғана атақты «Арасан» моншасын салғанның өзінде, «Қазақтарға мұндай монша керек емес, олар жабайы халық, Қонаев оны өзі үшін салдырған» - деп зейнетке шыққан кезінде күйе жаққысы келгендер көп болды. Бірақ сол



«Арасанға» Димекең бір рет те жуынбаған» - деген қызметтес әріптесі, Д.А.Қонаев атындағы қордың құрметті президенті Сұлтан Жиенбаев. «Өмірге адам болып келген соң, адам болып кету керек» - деген қағиданы ұстанып, бойына ешқандай жамандық атаулысын жолатпаған Д.А.Қонаевтың әрбір еңбегі - бүгінгі күннің айқын көрінісі.

Ғасырдың ғаламаты - Қонаев атамызды қалай мақтасақ та жарасымды. Оның жан-жақтылығы, өмірге деген көзқарасы ерекше болған. Барлық салаға көңіл бөліп, қызметкерлердің де ризашылығын ала білген қоғам қайраткері. Бұл туралы ғалым-саясаткер Серікболсын Әбділдин былай дейді: «Ғылым, мәдениет, әдебиет салаларының өркендегені сол –

Одақ деңгейінде атақ алған әншілер мен сыйлыққа ие болған жазушылар да көптеп саналатын. Мысалы, бүгінде жазушылар кітаптарына қаламақы ала алмай жүрсе, ол кезде жазушыны былай қойғанда, ғылыммен шұғылданатын бізге де мақалаларымызға қаламақы төленетін. Біз адам басына шаққандағы өнім көрсеткіші жағынан ең бай деген АҚШ-тың өзін басып озатынбыз. Дүниежүзінің назарындағы ғарыш мәселесінде де бәріне танымал болдық. Мәселен, Ю. Гагарин қай жерден ғарышқа ұшты? Байқоңырдан. Байқоңыр қай елде? Қазақстанда. Яғни бізді білмейтін ел болмайтын».

Д.А.Қонаевты бүгінгі ұрпағы үшін жасап кеткен еңбегі орасан зор. Ол барлық істі соңына дейін жеткізіп, нәтиже шығарып, елдің құрметіне бөлене білді. Оны жас та, кәрі де ерекше қолдады. Себебі Димаш атамыздың өзі жастарға көңіл бөліп, басымдық танытты. Бұл туралы қоғам қайраткері Зақаш Қамалиденов былай деген: «Димекеңнің тамаша қасиеттерінің бірі – жастарға айрықша қамқорлықпен қарайтын, олардың өсуіне, тәрбиесіне үлкен мән беретін. Сегіз жылға жуық Димекеңнің басшылығымен Қазақстан Жастар одағын басқардым. Димекең жастарды еңбекке, оқуға, білімге, өнерге тәрбиелеу мәселесін күн тәртібінен түсірмейтін және оның орындалуын үнемі қадағалап отыратын. Димекең өзі де, өндірісте шыңдалған еңбек адамы, инженер, ғалым. Димекең өзінің айналысына тәжірибелі қызметкерлермен бірге жас кадрларды да жинай білді. Олардың қалыптасуына, әр түрлі саладан өсулеріне қамқорлық жасады. Димаш ағаның ізі сол жастарға, бүкіл халыққа үлгі болып, кең байтақ Қазақстанды табыстан табысқа жеткізіп, бүкіл жер жүзіне көрсете білді».

Д.А.Қонаевтың қолындағы билік шектеулі болса да, шама-шарқы келгенше ең алдымен халықтың қамын ойлады. Халқы оны тек биліктің адам деп емес, нағыз ұлт көсемі, ел басқарушы ретінде таныды. XX ғасырдың II жартысында қазақ халқының еңсесін тіктеп, ел болуына сүбелі үлес қосты. Сондықтан оны тәуелсіздігіміздің іргетасын қалаушы, ірі саяси тұлғаларымыздың бірегейі деп таныды.

Биыл дәуір данасы - Д.А.Қонаевтың туғанына 110 жыл. Оның әрбір еңбегі, қалдырған ізі біздер үшін ұмытылмас мұра. Оны ерен еңбегі ұрпақ жадында жаңғыра бермек. Артынан ерген қалың қазағы, ұрпағы әркез Димаш атамыздың атын асқақтатып, оның рухына тағзым етеді. Мәселен, араға қанша жыл салып Алматы облысындағы Қапшағай қаласының атын «Қонаев» деп өзгертуі - біз үшін жақсы бастама. Ел тарихын елеп, ертеңімізді өткенімізбен байланыстыра білейік. Қонаевтай тұлғанының ұрпағы болғанымызды мақтан етейік!

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Б.С.Асанова « Мұхиттан өткен қайық» Алматы: ОҒК, 2011
- 2.С.Мәдімарұлы « Дана ғой Димекең» Алматы: Үш қиян, 2021



# ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ

**Шалабаева Дания Ниязмановна**  
Ақтөбе қаласы «№57 жалпы білім беретін  
орта мектеп» КММ  
тарих мұғалімі

*«Мен Қазақстан халқына бірлік, ынтымақ,  
табысты еңбек тілеймін. Сол кезде гана біз молшылыққа кеңеліп,  
отбасымызда мәңгілік ізгілік пен қуаныш орнайды.  
Қазақстандықтар, бақытты болыңыздар!»*  
Д.А.Қонаев

2014 жылдың күзінде мен Алматы қаласына директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарларына арналған екі апталық біліктілікті арттыру курсына барған болатынымын. Курс жетекшіміз бізге Д.А.Қонаевтің мұражай-үйіне экскурсия ұйымдастырды. Сол экскурсия барысында Дінмұхамед Ахметұлының өмір сүрген ортасымен, әсіресе қолданған дүниелерімен, оқыған кітаптарын, көптеген елдерден алып келген жәдігерлерін көрген кезде, Ұлы тұлғаны жақынырақ тани бастадым. Осы экскурсиядан кейін, даламыздың Ұлы перзенті Дінмұхамед Қонаевтың тарихи тұлғасын тереңірек зерттеп, білуге мақсат қойдым.

Бәрімізге мәлім, кеңестік дәуірде өз ұлттық мүддені ұстанып, елді басқару - өте күрделі іс. Соған қарамастан, Дінмұхамед Ахметұлы 30 жылға жуық уақытта елімізді басқара отырып, экономика мен әлеуметтік саласына, ғылым мен ұлттық мәдениетіне, ауыл шаруашылығын дамыту ісіне атаулы еңбек сіңірді. Кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылыр кенті мен 42 қала салдыруға үлкен үлес қосты /1/.

Ұлт перзенті Дінмұхамед Ахметұлының қомақты істерінің кейбіреуіне тоқталып кететін болсақ, 1936 жылы шілдеде жоғары оқу орнын аяқталғаннан кейін Д.А.Қонаев Қоңырат-Балқаш құрылысына жіберілді. Бұл оның еңбек қызметінің бастауы болды. Ауыр өнеркәсіп кәсіпорындарында жұмыс істей отырып, Дінмұхамед Ахметұлы Орталық Қазақстанда мыс өнеркәсібін, содан кейін Рудный Алтайда қорғасын-мырыш өнеркәсібін қалыптастыруға қатысты /2/.

Мәселен, 1937 жылғы 5 ақпандағы «Балқаш жұмысшысы» газеті: «Тау-кен цехының қазақтары арасында инженер Қонаев техникалық оқуды жүргізеді. Жолдас Қонаев техникалық оқу сабақтарына дайындықпен келеді, қарапайым тілмен түсіндіреді. Инженердің жұмыс тәжірибесінен Қонаевқа үлгі болу керек». Жас инженердің жақсы жұмысын «Балқаш жұмысшысы» газеті атап өтеді. Жас инженер өзін сауатты және білікті маман ретінде көрсетті /3/.

Д.А.Қонаевтың қалыптасуы дәл осы ірі құрылыстарда жүзеге асырылды. Мұнда ол істі ұйымдастыруды үйренді, техникалық жаңалықтармен танысты, инженерлік даналықты түсінді. Есептерге





дайындалу кезінде ол ақылды және тәжірибелі мамандармен жұмыс істейтінін жақсы түсінді. Сол дәуірді сипаттай отырып, Д.А.Қонаев: «Атмосфера алаңдатарлық, қауіпті болды. Бірақ олар қорқыныш үшін емес, ар-ұждан үшін жұмыс істеді дейді. Жұмыс сәтсіз аяқталса - үстелге партбилет қойып, тұмандағыдай болашақ тағдырға қадам басуға мәжбүр болады» – деген /4/.

Д.А.Қонаевтың ұзақ жасампаз өмірінде Кремль басшылығы Қазақстанның мүдделеріне нақты қол сұғатын көптеген драмалық жағдайлар болды. Ақиқаттың осындай сәттерінде, туған Қазақстанның тағдыры қауіп төнген кезде, Димаш Ахметұлы ешқандай беделден және өзі үшін ең ауыр зардаптардан қорықпай, ашық және соңына дейін Мәскеудің озбырлығымен күресті. Н.С. Хрущев Қырымды Украинаға тапсырып, оны ал біздің бірқатар солтүстік облыстарын тың аймаққа біріктіру арқылы Ресейдің территориясына өтегісі келген кезде Дінмұхамед Ахметұлы тосқауыл қоя білді. Димаш Ахметұлы Қазақстанның батысы мен оңтүстігінде тағы екі өлкенің құрылуына қол жеткізді, осылайша тың өлкені ерекше мәртебеден және Мәскеуге тікелей бағынудан айырып, оны Қазақстан құрамында қалдырды. Сондай-ақ, Дінмұхамед Ахметұлының ерекше батылдығы мен даналығының арқасында Мәскеудің Қазақстанда Неміс автономиясын құруын тоқтата алды /5/. Бұл тарихи фактілер республиканы ширек ғасыр бойы басқарған Д.А.Қонаевтың Қазақстанның аумақтық тұтастығы мен біртұтастығын сақтағанының іргелі және бұлтартпас дәлелі болып табылады. Осы ең қымбат және мәңгілік құндылықтарды сақтау үшін Димаш Ахметұлы өзінің әл-ауқатын ғана емес, өмірінің өзін де құрбан етуге дайын болды.

Д.А.Қонаев өзінің қарапайымдылығымен және зиялылығымен Қазақстан ғана емес, бүкіл Кеңес Одағының халқы арасында үлкен беделге ие болды. Олар оны мақтан тұтты және жақсы көрді. КСРО құрамына кірген ірі республиканың басшыларының бірі ретінде Д.А.Қонаев шетелде де кеңінен танымал болды. Үндістанның көрнекті мемлекет қайраткері Джавахарлал Неру Д.А.Қонаевтың жеке басының ауқымын жоғары бағалады: «Мейірім-шуағы мол, пейілі кең халықтың перзенті болудан асқан бақыт жоқ. Сол халық - қазақ халқы. Елінің өткенін ұмытпай, келешегі үшін қалтықсыз еңбек еткен перзенті бар халық та бақытты. Сол перзент - Дінмұхамед Қонаев» /6/.

Д.А.Қонаевтың қолдауымен Қазақстанда тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу ісінде көп жұмыс жасаған басқарушылар мен мамандардың тұтас буыны өсті. Солардың бірі Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Д.А.Қонаев тәуелсіз Қазақстанның қалыптасуына куә болды, оның жетістіктеріне шын жүректен қуанды. Елдің дамуына қосқан үлесі үшін ол үш рет Социалистік Еңбек Ері атағына ие болды. Сегіз рет В.И.Ленин орденімен және басқа да, соның ішінде шетелдік наградалармен марапатталды. Қазақстан азаматтарының жадында Д.А.Қонаев мемлекет қайраткері ретінде ғана емес, ғылымның ірі ұйымдастырушысы, инженер-металлург ретінде де қалды/7/.

Д.А.Қонаевтың есімі халық арасында үлкен құрметке ие. Дінмұхамед Қонаевты «Алматының әкесі» деп атайды және осы қалада оның есімімен көптеген нысандар аталған – Тау-кен институты, Еуразиялық Заң Академиясы, Қонаевтың есімін Үлкен Алматы каналы (БАК) аталады. Бюсттер Алматы, Тараз және Оңтүстік Қазақстан Төрткөл ауылында орнатылды. 1992 жылдан бастап Алматыда «Қонаевтың халықаралық қоры» жұмыс істейді. Қонаевтың үй-мұражайы Алматыда 2002 жылы Төлебаев, 117 мекен-жайында ашылды, ал 2003 жылы Қонаев өмірінің соңғы кезеңін өткізген Алматы облысы Алакөл ауданы Ақши ауылындағы үйге мемориалдық тақта орнатылды /8/.

Сондай-ақ, 2022 жылдың 16 наурызында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың ұсынысымен Алматы облысында орналасан Қапшағай қаласына Қонаев атауы берілді. Бұл фактінің өзі қазақ елі Дінмұхамед ағамызға құрметтің бір көрінісі.



Сөз соңында айтарым, біз ұстаздар қауымы, өскелең ұрпаққа Дінмұхамед Қонаевтің еліміздің дамуына қосқан ерең еңбегі мен тұлғалық қасиеттерін үлгі ретінде үнемі насихаттау жұмыстарын жүргізуіміз қажет.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өмірінің тарихи тізбесі / дайынд. С.Зәкіржанқызы // Аңыз Адам, 25011.-№1.-5-9 бб.
2. Казахстан. Национальная энциклопедия. т.3/гл. ред. Б.Аяган. - Алматы: главная редакция «Казак энциклопедиясы», 2005 - 360-361 бб.
3. Әбдіров Д. Дінмұхамед Қонаев - қоғам қайраткері // Қазақ тарихы, 2010. - №4.-63-64 бб.
4. Д.Қонаев. Ақиқаттан аттауға болмайды. Алматы: «Санат», 1994
5. Аяган Б. Г Великие имена Великой степи: Динмухамед Кунаев // Эхо веков. -2020. - № 1. - 124-134 бб.
6. Қазақстан тарихы (Ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейін). 5 т.: т.4. - Алматы: «Атамұра», 2009.
7. Ергөбек Қ. Сурет сыры /Мемлекет және қоғам қайраткері Д.Қонаев туралы/ //Егемен Қазақстан, 2008. – 23 шілде
8. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Фотоальбом - Алматы: Алматыкітап, 2022



# БАР ҒҰМЫРЫН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН АДАЛ ТҰЛҒА

**Кушкарбаева Алтын Оразаевна**

*Ақтөбе қаласы «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
лингвистикалық мектеп-гимназия» КММ  
тарих мұғалімі*

**Т**арихта Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарған көрнекті тұлға ретінде қалған Дінмұхамед Қонаев мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы, КСРО шет ел ордендері мен медальдарының иегері. Қазақстанның көрнекті мемлекет және саяси қайраткері, ғалым, тау-кен инженері.

1931-1936 жылдары Мәскеудегі түрлі түсті металдар және алтын институтының тау-кен факультетін бітірген соң, Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кеніне жұмысқа жіберілді. Сонда Д.Қонаевқа мемлекеттік марапат «Ерен еңбегі үшін» медалі берілді. 1939 жылы қыркүйегінде Дінмұхамед Ахметұлы Риддер кенішінің директоры болып тағайындалды. Қысқа мерзім ішінде өндірістің көлемін көбейте отырып, алға шығарды. Сондай-ақ, 1949 жылдың ақпан айының соңында Қазақстан Коммунистерінің IV съезінде Орталық Комитеттің мүшесі болып сайланды. Ол туралы Д.Қонаев «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты естелік кітабында «Қоңыраттағы кеншілік өмір мектебі - мен үшін бір төбе. Қопару жұмыстарының сан-қилы тірлігі бастан өтті. Мен өмір мен өлім текетірескен жұмыстың бас-қасында жүріп, оған тікелей басшылық жасап қана қоймай, қолма-қол араласып атқарушысы да болдым. Белгілі мөлшерде осынау тәжірибе Алматы маңындағы Медеу шатқалынан бой көтерген ғажайып плотина жасау барысында кәдеге асты», - деп еске алады. [1]

Д.А.Қонаев 1962–1964 жылдары Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің төрағасы болып мақұлданды. Д.Қонаев алдымен елдегі кадр саясатын қолға алып, жалынды комсомол жастарды ел басқару ісіне баулиды. Партияның саясатына сәйкес сол кезеңдегі жастарға тәрбие беру, еңбекпен қамту, саяси қоғамдық істерге араластыру ісі қарқынды жүрді. Студенттік отрядтар құрылып жер-жердегі құрылыста, ауыл шаруашылығы саласында, өнеркәсіпте еңбек етті. Советтік жастар қызыл тудың астына бірігіп, екпінді ұран жолдап, елдің дамуына өз үлестерін қосты. Қаншама қалалар, зауыт, фабрикалар, өндіріс орындар салынды. Осындай қыруар шаруалардың басы-қасынан үнемі табылатын басты ұйытқы - бірінші хатшы болатын. Д.Қонаев билік басында аса күрделі кезеңде отырды. Мемлекеттік маңызы бар шешімдердің барлығы Мәскеуде қабылданатын. Кремль, тіпті, жергілікті халықтың пікірімен санаспайтын еді. Міне, осындай заманда заңғар тұлға түрлі деңгейдегі партия қызметін атқара жүріп орталықтың өктем саясатына жығыла қоймады. Есе жібермеуге, ел мүддесін, болашақ қамын бір сәт естен шығармауға тырысып бақты. [2, 29б.]

1960 жылдардың басында одақтың I хатшысы Н.Хрущев Қазақстанның солтүстігін Ресейге, оңтүстігіндегі бірнеше ауданды Өзбекстанға, батыс облыстарды Түркіменстанға беру жөнінде саясат



ұстанып жоспарлы әрекеттерге көше бастайды. Бірақ осындай мәселеде Д.Қонаевтың ұлтжандылық танытып қарсы шығуы оған ұнамады. Осыдан соң Қонаевты қызметінен шеттетіп қуғындау әрекеттері басталды. Хрущев саясаты бойынша Атырау аймағы мұнайлы аудан ретінде Түркіменстанға қосуын жүзеге асыру жоспарына кедергі болу үшін Қонаев өзі жақын араласқан Микоянды ортаға салып, қазақтың мұнайшыларының білімі өте күшті, болашағы зор өндіріс аймақ болады деп сендірген екен. Ал оңтүстік аймақтарды қосарда Қонаев өзі қарсы шыққан. Астыртын айтыс-тартыс, қақтығыстар нәтижесінде уақыт өте келе, ақыры 1962 жылы қызметтен кетті. Тек екі жылдан кейін орнына қайта оралды. Оған Л.Брежневтің келуі себеп болды. Д.А.Қонаев еліміздің экономикасының әлеуметтік саласын, ғылым-білімі мен ұлттық мәдениетін дамыту ісіне асыруға айрықша еңбек сіңірді. Республиканың Партия ұйымын басқарған ширек ғасырға жуық уақыт ішінде халыққа жоғары мәдениеті мен иман жүзді ізетімен танылып, әдет-ғұрып, салт-дәстүрді жетік білетін тағылымы терең, ой өрісі биік жан екендігін көрсете білді. Сондықтан оны халқы құрмет тұтып, қадірлеп «Димаш» деп атады. [4,126.]

Дінмұхамед Ахметұлы ел басқарған тұста экономика өркендеді. Ауыл шаруашылығы саласы қарқынды дамып, тың және тыңайған жерлер игерілді. Мал басының саны артып, астықтың көлемі ұлғайды. Кеңшарлар мен ұжымшарлар құрылды. Көптеген өңірлерде зауыт-фабрикалар жаңа инфроқұрылымдар бой көтерді. Әсіресе, өнеркәсіп саласының бойына қан жүгіріп, оның ішінде түрлі-түсті металлургия жоғары деңгейге жетті. Бүкілодақтық көлем бойынша бүкіл мыстың 1/3 бөлігі, қорғасынның 70 пайыздан астамы, мырыштың 40 пайыздан астамы қазақ жерінде өндірілді. Ол ел басқарған жылдары қазақ жерінде Теміртау, Жаңатас, Кентау, Арқалық, Рудный, Екібастұз, Ақтау, Сәтбаев, Степногор секілді 43 қала пайда болып 68 жұмысшылар кенті салынды. [2]

Димаш Ахметұлы қашан да халықпен бірге болды. Елдің ыстық ықыласына бөленді. «Панам да ел, данам да ел, соған арқа сүйедім, одан үйрендім» деп өзі де естеліктерінде ағынан жарылып ой толғады. [1] Академик Д.Қонаев ұлттық ғылымның дамуына орасан зор қызмет етті. 100ден аса ғылыми еңбек пен зерттеу жазып шықты. Бірқатар ғылыми жұмыстары шаруашылық пен сынақ тәжірибеден өткізілген және ол жобалардың халық шаруашылығына тигізер пайдасы зор екендігі іс жүзінде дәлелденген. Қонаев өндіріс тиімділігін арттырумен қатар, жас ғалымдарды қолдау және білім сапасын арттыру мәселелеріне де ұдайы көңіл бөліп отырған. Қазақ өнерін жоғары бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Өнер ордалары салынып, мәдениет үйлері өз қызметін бастады. Қазақ жерінің барлық аймағында дерлік білім және мәдениет ошақтары ашылып, тұрғын үйлер тұрғызылып, әлеуметтік нысандар салынды. [3]

1986 жыл СОКП Орталық Комитетінің Бас Хатшысы болып М.С. Горбачевтің келуіне байланысты Д.Қонаев Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшылығынан босатылды. Орталықтың жүргізіп отырған әділетсіз саясатына қарсы республика жастары өз қарсылықтарын білдіріп алаңға шықты. Бұл әйгілі Желтоқсан оқиғасына ұласты. Дінмұхамед Ахметұлы ол туралы: «Басын аша кетейін, менің сөз сөйлеуім туралы әңгіме көтерілген жоқ. Сосын Колбин Мәскеумен байланысып, әлдекіммен сөйлесе бастады. Әңгімесіне кедергі болмайық деп Мирошхиннен басқамыз сыртқы шығып кеттік. Араға аз-кем уақыт салып, Колбин барлық Бюро мүшелерін жинап, оларға қосып мені де шақырды. Кірген бойда ол маған: «Сіз боссыз, демала беріңіз. Біз өзіміз-ақ тиісті шара қолданып, тәртіпке келтіреміз», - деді. [1] Бұл уақытта Дінмұхамед Ахметұлы ұйқамақта отырды десе де болады. Колбиннің тікелей тапсырмасымен оның жүріп-тұрғаны, қайда барғаны, кіммен кездескені барлығы бақылауға алынды. Кейбір көршілері жоғарыға үнемі ақпар беріп тұрған көрінеді. Көбісі сырт айналып, сәлемдесуден қашқақтаған. Онымен байланысын үзбеген адамдар



жақын туыстары мен ақын Олжас Сүлейменов, журналист Геннадий Толмачев, жеке дәрігері Ағат Мүлікөв және жеке оққағары Амангелді Шабдарбаевтар еді.

Зейнетке шығып, мемлекет ісінен біржола қол үзсе де, Димаш Ахметұлы қоғамдық жұмыстардан тыс қалған жоқ. Қашан да сергек, жайдары қалпында жүретін ол, ақсақал ретінде саяси-әлеуметтік маңызы бар мәселелерде үн қосып, ел-жер аралап халықпен кездесіп жүрді. Д.Қонаев мәдениетке, руханиятқа, әсіресе, қаламгерлер мен өнер адамдарына жақын болған. Ұлттық санамызды сілкіп, рухымызды оятқан, ұлттық тарихымыздың жабулы беттерімен қайта қауыштырған ақын-жазушыларға қамқор, қорған бола білді. Олардың ішінде О.Сүлейменов, М.Әуезов, І.Есенберлин бар. «Көрнекті адамдар өз елінің не бағына, не сорына туады» - деген мақал бар. Димаш Ахметұлы болса туған елінің бағына туған адам және біздің әрқайсымыз үшін айрықша ыстық. Әсіресе, ол өмірі қауіп пен қатерде жүрген адамдарға тіптен алабөтен жақын сияқты. Оның басты қасиеттері адам-сүйгіштігінде, әділеттілігінде, биік адамгершілігінде, нақытылығында, істі терең білуінде. Оны өзгеден ерекшеліндіріп тұратын қасиеті ғажайып даналығы болса керек. Ол өз ісі арқылы халықтың шынайы сүйіспеншілігіне ие болып, оның аты өзін шексіз құрметтейтін ұрпақтарының жадында мәңгі қалды» - деп жазады Ілияс Есенберлин. [4]

Д.Қонаевтың қолындағы билік шектеулі болса да, шамасы келгенше халықтың қамын ойлады, ұлттық мүддені биік қойды. Халқы оны ҚазКом Партиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы ретінде ғана емес, нағыз ұлт көсемі, ел басшысы ретінде таныды. XX ғасыр II жартысында қазақ халқының еңсесін тіктеп, ұлт ретінде ұюына Қонаев сүбелі үлес қосты. Сондықтан, ол тәуелсіздігіміздің іргетасын қалаушы ірі саяси тұлғаларымыздың бірегейі. Өнегелі өмірі - жастарға үлгі.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Д.А.Қонаев Ақиқаттан аттауға болмайды.-Алматы: Санат,1994ж.
2. Б.С.Асанова Мұхиттан өткен қайық («Ұлы тұлғалар»атты ғылыми- ғұмырнамалық серия).- Алматы: ОҒК, 2011ж.
3. Н.Ә.Назарбаев. Елі барда елі елеусіз қалмайды // Егемен Қазақстан. – 13 қаңтар 2010 ж.



# БИІК ТҰЛҒАНЫҢ ПАРАСАТТЫ БЕЙНЕСІ

**Зейнуллина Жансая Серикказиевна**  
*Абай облысы Ақсуат ауданы*  
*«С.Сейфуллин атындағы орта мектеп» КММ*

**Б**ір ұлтты, бір халықты танып білу үшін кейде сол ұлттың, сол халықтың бір азаматын көріп көп нәрсе пайымдауға болады. Сондай бір халықтың өкіліндей адамның бірі — Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Д. А. Қонаев — аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, КСРО шет ел ордендері мен медальдерінің иегері.

XX ғасырда Қазақстанда өмір сүрген мемлекет қайраткерлерінің ішінде Д. А. Қонаевтың орны ерекше бөлек. Ол қазақтың, республиканың атына көптеген игі істерімен абырой мен даңқ әкелді, дүниежүзіне танымал етті.

Өткен уақыт қаншалықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, Д.А.Қонаевтың экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылымды, ұлттың мәдениетін дамыту ісінде Қазақстанның көп ұлтты халқының алдында сіңірген еңбегі зор. Сондықтан Қонаевтың өмір жолымен танысу мен үшін де маңызды да, қызықты.

Қонаевтың саяси қызметі, мемлекет басқару аясындағы жұмысы төрткүл дүниенің төрт бұрышына белгілі. Қолына қалам алған ғалым қайраткер де, кеше көзін көріп, қолын ұстаған қарапайым жанның да оның ұлылығы алдында бас иеді. Қонаевтың өмірімен терең түрде танысу кез келген зиялы, не қарапайым қазақты қызықтырады деп ойлаймын. Себебі, Қонаев көптеген тарихи оқиғаларды кешкен мемлекет қайраткері. Мәселен, Жас Алаш газетіндегі Сайлаубек Байдүйсенұлы кісінің Қонаев жайлы мақаласына кез болғанда, ол былай деген: “Мені Қонаевтың өмірін білген үстіне біле беруге ынтазарлығымды арттырған екі мәселе еді. Оның біріншісі - Қонаевтың ата-бабасының байтақ Балқаш баурайында, Іле өзенінің төменгі ағысындағы Үш Қамаудың бойын жайлаған Желтораңғы жерінде туып-өскені, адалын айтсам, жерлесімнің, өлкеден шыққан азаматтың тарихи тұлғасы қызықтырса, екіншісі:

*Адаспайсың ақылды, арлыға ерсең,*

*Жолай көрме жылмайы соны көрсең.*

*Тапқыр, адал, ақ ниет адамдардың,*

*Алданбайсың артынан ере берсең.* – деп шайыр Шәкәрім айтқандай, дара тұлғаға деген ықылас, риясыз сүйіспеншілік пен құрметтің белгісі болатын.

Бұландыған заманның сан қырлы тағдырына ілініп, өмірбаянның қияметті тұстарына қайта үңілуге итермелеген де осы сүйіспеншілік еді. Мен Димаш ағаның өшпес өмір жолын өзінің көзі тірі-





сінде қалың жұртқа айқара ашып, жазған емеспін. Мүмкін жүрексінген шығармын. Байқап қарасам, қаламының “қаны” тамған қайраткердің де кемел жанды тұлғасын келістіре жазғанын оқығаным жоқ”

Бұл кісінің көзқарасымен сыналатын болсақ, ол Қонаевты үлкен құрмет еткен, жазықсыз көркем идеал адам ретінде санап, ел ағасының ізін аңдып, іс-әрекетін, қимылына дейін бақылап отыруды үлгі еткен. Әрине, еліміздің Кеңес тұсындағы 70 жылдан аса уақытының 40 жылы Димаш аға есімімен тығыз байланысты. Тек 1920-1991 жылдар аралығында Қазақстан халқы 18 басшының басқаруымен өмір кешіпті. Мемлекет бұйдасын ұстаған әр түрлі ұлт өкілдерінің ішінде Димаш Қонаев халқының тізгінін 25 жыл ұстаған екен. Осының өзі-ақ кімнің кім екенін айқындап берсе керек-ті.

Д.А.Қонаев жарқын өмірдің салтанат құруы ісіне шын берілген табанды қайраткер болды. Ол өзінің асқақ мұратты парызын адал орындады. Димашты халқы шын жақсы көрді. Бірақ оған өзі де лайықты адам болған. Мінезі жайдарлы, өресі биік, кеңпейіл, өте қарапайым, үлкенмен үлкенше, кішілермен өзгеше тіл табыса білетін дара. Қазақ халқының ұлттық өзгешеліктері мен қасиеттері өте көп. Олар ең алдымен әдептілік, инабаттылық, адалдық, ақниеттілік, сый мен сымбат, сыпайылық, тағы басқа мәдениеттіліктің белгілері, адамгершіліктің нысаны. Жоғарыда айтылып кеткен ізгі қасиеттердің бәрі де, менің ойымша, Д.А. Қонаевтың бойынан табылады. Қонаев асқан мәдениетті адам еді. Тек басшыларды ғана емес, барлық адамдарды үлкен-кішілігіне, қызмет бабына қарамай, өзіне шаруа жайымен келген адамды жылы шыраймен қабылдайтын. Сол жылы-шырайлықтың өзі-ақ ол кісіні әркімге жақындата түседі.

Димаш аға алдағыны болжай білетін сезгіш адам болды. Осы дарандылығының арқасында күні бүгінге дейін Қазақстанның тыныштығы бұзылған жоқ. Өйткені Қазақстан – қашанда көп ұлтты мемлекет. Қазақ жерін мекендеп отырған барлық ұлт өкілдерін алаламай басқаруға да ақыл-парасат керектігін халыққа көрсетіп кетті. Біз бұл салада Қонаевтың дұрыс соқпақ салып кеткенін ұмытпайық. Ол халықтың ауызбірлігін бірінші орынға қойып, елдің берекелі болуын қалаған.

Қорыта айтқанда, халқымыздың данышпан ұлы Мұхтар Әуезов “Абай жолы” романы арқылы феодалдық дәуірде өмір кешкен Қазақстанды, қазақ халқын бүкіл дүние жүзіне танытып, сол арқылы өзі де бір зерек ұл ретінде танылса, Д.А. Қонаев та Қазақстанды өркені өскен елдер қатарына қосып, бүкіл дүние жүзіне паш етіп, сол арқылы өзін де осы заманның заңғар данышпаны, белгілі қоғам қайраткері ретінде бүкіл дүние жүзіне танытты.

Халық үшін қажымай, ел үшін ерінбей еңбек етудің үлгісі болған Қонаев – халқының адал ұлы саналады. Білім десе – білімі жетерлік. Қандай қызметке де лайық тәжірибесі бар еді. Ұзақ жыл Қазақстан Компартиясын басқарған еліміздің экономикасын, ғылымын, мәдениеті мен өнерін дамытуды қолға алды, оған өз қанаттастарын жұмылдыра білді.

Сергек жүретін, ширақ қимылдайтын, бірақ сабырмен, ақылмен, кішіпейілділікпен ел басқарған Қонаев бүкіл қазақ халқына қандай жағдайда да адал адам болудың, елге адал қызмет жасаудың үлгісін көрсетіп кеткендей. Қонаевтың үлгісі – қазақтың қасиеттілігі. Оның өмір жолы тек бір азаматтың ғана емес, күллі бір ұлттың бір ғасырлық өмірбаянына айналғанын мойындамасқа болмайтыны шындық. Қалайық, қаламайық әлденеше ондаған жылдар бойы көзқарасты дүние Қонаев аталған жерде Қазақстан, ал Қазақстан аталған жерде Қонаев бар деп ұқты.

1993 жылы күзде Қазақстан халқы өзінің ұлы перзенті Д.А. Қонаевпен қоштасты. Аса ірі саяси мемлекет қайраткері дүниеден өтті. Телегей теңіз, терең ақыл мен аса білімдарлық, көреген зердерлік бұл биік тұлғаның парасатты бейнесі еді. Димаш Ахметұлы тек саяси көсем ғана емес, ол ұлттың рухани ұстазы болды. Кіршіксіз кісілігі мол, баршаға қамқор ол күнделікті жай тірлікте жан-жүрегімен қуанып, қиянатты да сабырмен жеңіп, қайғы-мұңды да ақыл-оймен көтере білетін.



Өзінің саналы өмірін халқына, мемлекетіне адал еңбек етуге жұмсап, өз туған елін, республикасын жарты ғасырға жуық басқарған, қазақ халқының данасы, ақылының алыбы болған ардақты азамат Д.А.Қонаев бауыры суық қара жердің құшағына біржола барды. Бірақ Қонаев өлген жоқ. “Жақсының аты, білімдінің хаты өлмейді” демекші, Димаш аға да тарихқа қалдырған ізі, тындырған ұланғайыр ісі өлмек емес.

Сонымен, жұмыстың маңызды баяндамасына келетін болсам, Қонаев – қазақ тарихында бөлек дербес орын алған дара тұлға. Ол – қазақ еліне бүкіл өмірін берген халықтың қайталанбас данасы. Қазақстан тарихында Қонаев туралы әлі де болса көптеп айтылып толықтырылады деп ойлаймын. Қазіргі уақыттан бастап Қонаевты халық ұмытпас мақсатында кезекпен жыр-толғаулар шығарылып басылуда. Сондықтан мұндай кісіге біртуар дейтіні қандай жарасты!

**Әдебиеттер тізімі:**

- 1.»Д.А.Қонаев ғасыр саңлағы» Х.Е.Есдәулетқызы, Талдықорған 2013жыл
- 2.»Д.А.Қонаевтың Талдықорған облысына қосқан үлестері» Х.Есдәулетова, Талдықорған 2011ж.
3. «Таңғажайып Қонаев» роман-эссе, Ораз Қауғабай «Толғанай Т» Алматы 2012жыл
4. «Естен кетпес ұлы есім» Бақтияр Әжібеков «Өркениет» баспасы 1999 жыл
5. «Кемеңгер Қонаев» Редакция алқасы: Б.Әжібеков, Ә.Бектаев, Д.Мыңбай, А.Тшанов, А.Сыдықов, У.Бішімбаев,Ә.Мақұлбаев, Ә.Қуатбеков, О.Нұржанов, Ш.Жамалбеков, Халықаралаық «Дала» журналының кітапханасы,2003жыл



# ЖАНЫ ТАЗА, ЕЛ ЖАНАШЫРЫ - Д.ҚОНАЕВ

**Шетей Камилия Мұратқызы**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен  
тағылымдамадан өтуші*

*Шешен кісі сөз бастар,  
Адал кісі – ел бастар  
Ж.Жабаев.*

**Е**лдің жағдайы мен тарихы көбінесе басшылықта отырғандарға байланысты болады. Сол билік басына орналасқан, елін басқарған ерен тұлға туралы деректерді ресми құжаттардан емес, айналасындағы адамдардан, жақындары мен жора-жолдастарының естелігінен сұрау арқылы талай дүниені байқауға болады. Елімізді өзінің азаматтығымен адал басқара білген Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев Алматы қаласында 1912 жылы дүниеге келді [1. 8].

Ол өз заманының зұлмат сәттеріне куә болды. Талай қиындықты еңсеріп, өз алдымызға ұлт болуымыз үшін, тарихи, рухани құндылығымызды сақтап қалуымыз үшін аянбай тер төкті.

Жалпы ел басқармас бұрын, адамның әуелі ортасына ықпалын, отбасындағы орнын, бауырларының оған деген сыйластығын аңғару арқылы адамды тануға болады. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өз ортасына сыйлы, бауырларына үлгі азамат болған. Өнегелі отбасында дүниеге келіп, тәлім алып, отбасының «Отағасы» да бола білген.

Д.Қонаевтың қарындасы Роза Қонаеваның естелігінде: «Ағам Балқашта жұмыс жасап жүріп, кезекті еңбек демалысында Алматыға келеді. Оның Махмуд Бақаев деген курстасының әйелі ағам арқылы ағасының үйінде тұратын Зуһра Шәріпқызына хат жібереді. Хатты апаруға барған ағам есікті ашқан әп-әдемі қызды бірден ұнатып қалған. Зуһра Шәріпқызымен уақыт өте келе, тілдесіп, келесі жылы Алматыға қайта келгенінде қызға ұсыныс жасап, 1939 жылы үйленді» депті [2. 11].

Димаш Ахметұлы аяулы жары Зуһра Шәріпқызымен тұп-тура елу жыл алты ай екі күн отасқан. Ол жарына деген сезімі мен сүйіспеншілігін көрсетіп, онымен өмірінің соңына дейін сыйласқан. «Жұбайлар бар әңгімесі таусылған, Ал, махаббат таусылмайтын әңгіме!» деген сөз құдды осы жандарға арналғандай. Оларды танитын замандастарының айтуынша, Зуһра Шәріпқызы мүлде «басшының әйелімін» деп менмендік танытпаған. Керісінше, айналасына шуақ шашатын, ақпейіл, ортасына сыйластықпен қарайтын, жанашыр болып, қонақжайлылығымен танылған. Әркез инабатты да, ибалы қылығымен ата-енесіне, жолдастарына, халқына сыйлы келін бола білген. Қайын атасының дәрет алатын суына дейін жылытып, ерекше сыйлаған. Сонымен қатар, он саусағынан өнер тамар іскер жан болған. Ерлі-зайыптылардың үйленгендеріне жарты ғасырға шамалас уақыт өтсе де, өз



перзенттері жоқ. Бірақ ақ некенің адалдығы ешқашан бұзылған емес, не бір-бірінің көңілдеріне қаяу салған емес. Дінмұхамед Қонаев пен сүйіп қосылған жары Зуһраның қарапайымдылығы әркез көрініп тұрған. Олар перзент сүймесе де, сезімдері суымаған. Олардың махаббаттары алғашқы танысқан кездеріндегідей ыстық, сыйластығы биік, түсінігі мол ұлы тұлғалардың ұлы махаббаты еді.

«Махаббат тек дара, ұлы адамдарда болады» демекші, ұлы тұлғаның ұлы махаббаты өлшеусіз сыйластықпен құрылды [3. 16].

Димаш Ахметұлы жайлы естеліктердің бәрінде дерлік қарапайымдылығы, адамгершілігі, сабырлығы, ашуға берілмейтіндігі айтылады. Димаш Ахметұлының кісілігі мен кішілігі жайлы айтылар дүниелер көп. Қазақ деген ұлт тұрғанда, Дінмұхамед Қонаевтың есімі ешуақытта ұмытылмақ емес. «Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім. Содан үйрендім» деп өзі де еліне деген сүйіспеншілігін ісімен де, сөзімен де паш еткен еді.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ғұмырының біршама уақытын өмірін оқу-білім, ел ісіне арнағандықтан, сезім сергелдеңіне 27 жасқа дейін салынбапты. Бірақ Дінмұхамед Ахметұлы әйел затын ерекше сыйлаған азамат еді. Өміріндегі басты жауапкершілігі – жар таңдаудан қателескен жоқ. Осы жасқа дейін үйленбеу себебі де, асқан мұқияттылығымен жақсы жарды аңғара білуі. Жанында өзіне қолдау көрсететін жанашыр жұбайы бар да, ер азамат қашан да барлығын жасауға даяр тұратыны ақиқат. Отбасынан бастау алған тәлімді, өз отбасында жалғастырған, елі, халқы үшін аяулы жарымен бірге қызметтер атқарған. Халқына шын жанашыр бола білген. Нағыз тұлғалық ол отбасыдан алған өнегеден бастау алады.

Дінмұхамед Қонаев атамызға тең келетін адам жоқ. Ол ел басқару ісінде менмендік пен өз қара басын ойлаумен айналыспады, керісінше, өзінің басын елі үшін небір қиындыққа тікті. Ол даналық иесі, сананың биігінде жан, қайырымдылықтың жаршысы, әркез көңілді, жан-жағына әркез жақсылық жасауға асығатын азамат.

Бұл өмірде халықтың ықыласын бөленген, халықтың перзенті болудан артық бақыт жоқ. Ал, Қонаев сол бақытты иеленді. Өзінің адалдығымен оның еңбегі еленді. Қонаевтай адал перзенті бар халық та бақытты.

«Көрнекті тұлғалар өз халқының бағы үшін, не соры үшін туады» деген көнеден маңызын жоғалтпаған мақал бар. Димаш Ахметұлы халқының бағы болып туылған адам және біздің әрбіріміз үшін оның орны айрықша ыстық. Әсіресе, ол өз өміріндегі замандастарының қиындықта жүргенін байқай қалса, міндетті түрде көмектесетін. Жомарттықтың иесі. Оны барлық адамдардан ерекшелеп тұратын теңдессіз қасиеті – даналығы болатын. Ол өзінің шынайылығы мен халқына деген адалдығының нәтижесінде елінің ыстық ықыласына бөленді. Оның есімін шексіз құрметтейтін ұрпақтарының есінде қалды.

Дінмұхамед Қонаев өмірден ешкімге өкпелемей кетті. Өміріне әркез риза болды. Оның артынан қалған естелік жазбаларда ол туралы жаман, жаңсақ пікірлер мен жағымсыз естеліктер айтылған емес. Қонаев өмір сүрген заман қиындығымен ел есінде сақталды. Ол кезде елі үшін еңбек еткен, адал перзенттерге деген жасырын, құйтұрқы саясаттар белең алды, аяқтан шалу тіпті көбейген еді. Сол заман қиыншылығын басынан өткерсе де, ол еліне деген жанашырлықты өле-өлгенше ұстанды. Халқына қызмет етті. Тарихи оқиғаларға байланысты, тарихи тұлғаға байланысты ақиқаттар уақыт өткен шақта шығып, өз уақытында шынайы бағаға ие бола бастайды. Халықтың Қонаевқа деген махаббаты артып келе жатқаны да бізді қуантады. Себебі, ел үшін қалтқысыз еңбек еткеннің қызметі әркез көрініп-ақ тұрады.

Дінмұхамед атамызға жақсы естеліктер арнаған, тұлғаның жақсылығын паш еткен, жақсы жандар өте көп. Соның бірі - ақын Темірше Сарыбайұлы:



«Қонаев – ұлттың Ары мен Намысы! Қонаев – ұлттың рухы мен Иманы! Қонаев – қазақтың Қанағат мектебі, адалдықтың өлшемі» деген екен. Расымен, махаббатына, адал жарына, Алланың бұйыртқан тағдырына адал болды. Оқу-білім, ғылымға құштарлығы басым болғандығының нәтижесінде «қазақ» халқын сауатты, дана тұлға басқарғандығы көңілге қуаныш ұялатты. Еліне, жеріне аянбай еңбек еткен азамат екеніне көзіміз жетті.

**Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Ерғалиев Х. Алаштың ардақтысы / Кемеңгер Қонаев. Алматы, 2003. 32 б.
2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, 6-том. «Тарихи тұлғалар» кітабы.
3. «Қонаевпен сырласу». М.Шаханов. Әдебиет порталы.



# ҚҰДІРЕТТІ ҒҰМЫРДЫҢ ТОҚТАУЫ ЖОҚ

**Бегей Жанарыс**

*Ақтөбе қаласы «№2 жалпы білім беретін*

*мектеп-гимназия» КММ*

*9 класс оқушысы*

*Жетекшісі Картбаева Б.О.*

**З** аман тыныш болса, адам мұраты - өсіп-өну (Д.Қонаев) [1,282 б].

Қазақ халқының біртуар тұлғаларының бірі, еліміздің аяулы перзенті - Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың мәнді де, баянды ғұмыры баршаға үлгі. Оның адамдарға жанашыр болу, қол ұшын беру деген - ең басты мақсаты Д.Қонаевтың кім екенін анықтап береді. [1, 328 б]. «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты естелік эссе - автобиографиялық кітабындағы мәліметтерге сүйене отырып, ғасыр саңлағы атанған азаматтың жеке тұлға болып қалыптасуындағы тәрбиесіне әсер еткен жақындарына тоқталғанда ғана, Дінмұхамед Ахметұлы нағыз бейнесін аша аламыз деп ойладық. Жеті атасынан бастап, тәлім мен білім берген, өмірінде кездескен әрбір жанның қазақтың дара да, дана, көкірегі ояу Дінмұхамед Ахметұлының адам болып қалыптасуына тигізген тәрбиесіне тоқталсақ:

Мен –Үйсінмін,

Ұлы жүзбін, ұлымын,

Ұлымын деп ұлылыққа бармаған [2, 213б],-деп Мұқағали Мақатаев жырлағандай, Үйсіннен Ақсақал, одан Қараш би, одан Бәйдібек туады, одан Жалмамбет, одан Ысты, одан Жолын-Нұрмағанбет-Азынабай-Қонай, Қонай-Жұмабай-Меңліахмет-Дінмұхамед. Ата-бабасы қауға ұстаған, шаруа болғанымен, қара басының қасиетін қадірлей білген Қапшағай өңірінен Күрті өзенінің оң жақ жағалауын жайлаған. Бабасы Қонай кесек жаратылған, өр мінез, батыр шалыс кісі екен[1,13б]. Әкесі Меңліахмет 1886 жылы туған, оң жақ бетінде алақандай меңі болған, әкесі Меңліахмет өзбетінше оқып, қазақша, орысша сауатты жаза алатын, Абай өлеңдері мен Сүйінбай жырларын жатқа айтатын болған. Әкесі Меңліахмет пен анасы Зәуре70 жыл бойы тату-тәтті бірге тұрған, анасы 1973 жылы - 86 жаста, ал әкесі 1976 жылы - 90 жасында дүние салған. Д.Қонаев нағашы ағайы Ахметжан комсомол ұйымдастырушыларының бірі болғанымен, 1938 жылы заңсыз қуғынға ұшырап, 1954 жылы ақталған. Нағашы ағайының ақылымен комсомол қатарына өткен Д.Қонаевтың өмірі Алматы қаласының тарихымен байланысты. Губернатор бағындағы Қажымұқан Мұңайтпасовтың орыстың балуаны Поддубныймен күрескенде, Қажымұқанды пір тұтуы, мектеп табалдырығында алғаш орыс тілін үйреткен Анна Павловна Шурова, математик С. И Соколов, физиктер Астраханцев пен И.П. Масленников, географ Тугарин, жаратылыстанушы Б.Н. Дублицкий, қоғамтанушы Е.С. Войцеховскийді ылғи еске алып отыратын Д.Қонаев орыс тілі мұғаліміне ескі үйін жаңа үйге ауыстыруын сұраған ұстазының өтінішін де жерге қалдырмаған екен [1,19б]. Сол жылдардағы мектептің ұстаздары уақытпен санаспай, жан-тәнімен жұмыс істейтін, өз ісіне шексіз берілгендігі шәкірттерін еріксіз елі-





тетін, оқушылары да олардың алдында борышта қалмауға тырысатынын, аса құштарлықпен білімге ұмтылатынын Д.Қонаев жылы сезіммен еске алады. [1,206].

Бала жақсыны жағалайды деп, Дінмұхамед Ахметұлы өнеге алған нар тұлғалардың бірі - инженер Мұхамеджан Тынышбаев, оның Ескендір деген ұлымен жас кезден бауыр басқан дос атанады. Мектеп бітірген соң, статист болып жұмыс жасап, соң 1931 жылы Қазақстан комсомол комитетінің жолдамасымен Мәскеуге келіп, апасы Әмина мен жездесі Айтжан Түркебаев үйінде болып, кейін жатақханаға орналасады. 1936 жылы шілдеде Мәскеу түсті металдар мен алтын институтын қызыл дипломмен бітіріп, жұмыс өтілінде «Балхашский рабочий» газетінің 1937 жылығы 5 ақпандағы нөмерінде «Тау-кен цехындағы қазақтар арасындағы оқуды инженер Қонаев жүргізеді. Қонаев жолдас сабаққа тыңғылықты дайындалып, қарапайым тілмен түсіндіреді. Инженер Қонаевтың жұмыс тәжірибесінен өнеге алу керек». Сол кезде Қонаев учаскесі 10 күн ішінде 122 пайызға орындаған.

Жар таңдау, үй болу - есі дұрыс адамға бір-ақ рет берілетін бақыт екенін білген Қонаевтың аяулы жары Зүһра Шәріпқызымен бірге бақытты өміріне ризалығы ретінде естелік-эссе кітабын сол асыл жарының рухына бағыштаған. [1,6 б]. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев әлемінің қай саласына үңілсек те, үлгі мен тәлімге толы істерге бай екенін байқаймыз.

«Ақиқаттан аттауға болмайды» кітабындағы Дінмұхамед Ахметұлының әрбір сөзін зерттеп тоқталар болсақ, әр ойының өзі тау тұлға болғандығын дәлелдейді:

- Жігіттің құны жүз жылқы болса болар, бірақ ары мың жылқы екенін ұмытпасақ еді;
- Тәртіп жоқ жерде демократия болмақ емес;
- Ізгілікке іштарлық жүрмейді;
- Отан, туған жер деген ұлы сезім оған деген құрметтен басталады;
- Өмір-ақ пен қараның, қайғы мен қуаныштың, сүйініш пен күйініштің теке тіресуімен қызық, қақтығысуымен мәнді;
- «Жігіттің сөзі өлгенше өзі өлсін» дейтін дәрежеге көтерілмейінше , істе береке, сөзде пәтуа болмайды.

Өмірін мәнді де, баянды сүре білген Дінмұхамед Ахметұлы тағылымы - әр қазақ үшін үлгі-өнеге деп білеміз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Д.Қонаев. Ақиқаттан аттауға болмайды. Алматы. 2022
2. Аян Нысаналин. Отамалы. Алматы. 2014



# ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ ВРЕМЕНИ: НОВЫЙ ВЗГЛЯД В ПРОШЛОЕ И НАСТОЯЩЕЕ СТРАНЫ

**Балгазина Лаззат Матуллаевна,  
Кульгарашева Гульнар Жаманбаевна**  
*учителя русского языка и литературы  
КГУ «Средняя школа №8» г.Актобе*

**В** наши дни не только не ослабевает, но и усиливается интерес к событиям последних лет в истории потерпевшего крах и распавшегося Советского государства. Мы еще далеки от окончательного ответа на вопросы: в чем причины и истоки острейшего экономического и социально-политического кризиса, который охватил СССР в 80-е — начале 90-х годов XX века и привел к распаду этой великой державы. Несомненный интерес в связи с этим представляют мемуары бывших партийных и советских работников, ученых, принимавших непосредственное участие в формировании и реализации внешней и внутренней политики КПСС и Советского государства [1]. Мемуары содержат нередко фактический и документальный материал, которого не найдешь ни в каких других источниках.

В воспоминаниях бывшего первого секретаря ЦК Компартии Казахстана Динмухамеда Кунаева «О моем времени», вышедшая в свет в Алма-Ате в 1992 году [2] содержатся, безусловно, интересные факты и оценки индустриализации в 30-е годы, энтузиазма и самоотверженного труда строителей промышленных гигантов Казахстана, например, Балхашского медеплавильного завода [3]. С интересом читаются страницы, посвященные высшему эшелону советского руководства в 50—80-е годы, механизму принятия важнейших партийных решений и кадровых перемещений в КПСС, причинам неудач перестройки и ошибок М. С. Горбачева.

Довольно подробно в книге освещаются достижения и успехи в экономическом развитии Казахстана в 50-е — 80-е годы — строительство и освоение производственных мощностей крупных промышленных предприятий, особенно в горнодобывающей и энергетической отраслях (в том числе и разработка месторождений открытым способом), освоение целины в республике. Действительно, успехи были очевидны, и немалая заслуга в этом самого Д.А. Кунаева как Председателя Совета Министров, а затем — Первого секретаря ЦК Компартии республики. Однако автор воспоминаний умалчивает, какой ценой достигнуты эти хозяйственные успехи, какими негативными экологическими и социальными последствиями они сопровождались. А ведь налицо затопление, заболачивание, засоление почв в одних районах, опустынивание и разрушение естественного покрова — в других, рост отвалов горнорудных предприятий, развитие водной и ветровой эрозии, снеголавинных, сейсмических и иных разрушительных процессов. Вот результат преимущественно экстенсивного развития экономики Казахстана, а ведь именно такого пути развития фактически добивался Д. А. Кунаев. Обходит молчанием автор книги и такое тяжелое социальное последствие индустриализации и урбанизации Казахстана, как появление маргинальных слоев (особенно среди моло-



дежи), которые не имеют постоянной работы и опускаются до положения люмпенов. Таких к концу 80-х годов только в одной Чимкентской области насчитывалось не менее 120 тысяч человек [4].

Вызывает особое удивление категорическое отрицание Д. А. Кунаевым серьезных, глубоких причин для межнациональных конфликтов в Казахстане. Всю вину за обострение межнациональных проблем в республике он взваливает на политику М. С. Горбачева и Г. В. Колбина. Конечно, в этом есть доля истины. Но причины глубже. Д.А.Кунаев сознательно умалчивает о том, что за последние десятилетия сократился удельный вес казахов среди промышленных рабочих и выпускников ПТУ, соответственно здесь возросла доля русскоязычного населения. Одновременно создавалось все больше трудностей и препятствий для поступления в вузы Казахстана лиц неказахской национальности. Известно, например, что немалая часть русскоязычной молодежи северного и центрального Казахстана ездил поступать в вузы Южного Урала, в том числе Челябинска. Все это не могло не обострять межнациональные отношения в молодежной среде Казахстана.

Далеко не все благополучно в национально-культурном развитии национальных меньшинств Казахстана — немцев, уйгуров, корейцев [5]. Кстати, и сам Д. А. Кунаев вынужден был признать, что к 1986 году не удалось завершить строительство немецкого театра в Алма-Ате и нового здания для уйгурского и корейского театров.

Наконец, в 60-е — 80-е годы постепенно, но неуклонно обострялась языковая проблема в республике. Падала роль казахского языка в жизни нации, за 30 лет в Казахстане было закрыто около 1000 национальных школ. Слабо знало казахский язык и русскоязычное население республики. Все это и вызвало особый ажиотаж и политические эмоции в республике в ходе дискуссий о государственном языке в конце 80-х годов, немало было перекосов и при проведении Закона о государственном языке в жизнь.


Конечно, со страниц книги воспоминаний Д.А.Кунаев предстает достаточно сложной и неоднозначной политической фигурой, не просто как консерватор и ретроград. Многие его наблюдения и замечания наводят на серьезные размышления в наши дни. Например, все ли было так негативно и отрицательно в опыте политического руководства массами в СССР в прошлые десятилетия. Тот же Д.А. Кунаев, безусловно, учитывал в своей работе психологию и настроения масс, умел добиваться конечных результатов, что обеспечивало ему немалую поддержку в обществе. С этими проблемами сталкиваются в наши дни все политические лидеры стран СНГ, в том числе России.

Естественно, к личности Д. А. Кунаева можно относиться по-разному, можно спорить и не соглашаться со многими его выводами из книги воспоминаний. И все же, думается, мемуары Д. А. Кунаева представляют определенный интерес для тех, кто хочет самостоятельно, через сопоставление разных точек зрения, разобраться в непростых проблемах политической истории СССР последних десятилетий.

Книга будет полезна для тех, кого интересует история Казахстана и в целом история СССР. Также может служить прекрасным подспорьем для руководителей управленческого аппарата.

### Литература:

1. См.: Бурлацкий.Ф. М. Вожди и советники: О Хрущеве, Андропове и не только о них... — М., 1990; Арбатов Г. А. Затянувшееся выздоровление (1953— 1985гг.). Свидетельство современника.М., 1991, и др.
2. Кунаев Д. А. О моем времени: Воспоминания.Алма-Ата, 1992.
3. См.' Кунаев Д. А. О моем времени.С. 18—60 \* Кунаев Д. А. О моем времени. — С. 93. См. также. — С. 164—166.
4. См.: Кунаев Д. А. О моем времени.С. 238—241.
5. См.: Средняя Азия и Казахстан: приоритеты и альтернативы развития// Коммунист,1989, № 14. С.42.



# Д.А.ҚОНАЕВ - ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ КЕМЕҢГЕРІ

**Утигалиева Мира Мусагалиевна**  
*Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы*  
*«Шахта жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*  
*директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,*  
*тарих-құқық мұғалімі*

**Ұ**лт тарихын зерделеуде кейінгі өскелең ұрпаққа ата тарихымыз бен оны жасаушы тұлғалар туралы, олардың артында қалған мұрасы мен келелі ой-тұжырымдарын зерттеп-жеткізу, ұлт перзенттерін ұлықтау — абыройлы парыз. Қазақ зиялы қауымының өкілдері біздің қоғамымызда шоқ жұлдыздай жарық шоғырын құрайды. Үнемі үрдістік дамуға ұмтылып отыратын қоғамның тынысына өздерінің ой-интеллектісімен, нақтылы тұжырымдарымен ықпал ететін, оның алар бағытына да әсер ете алатын негізгі күш — зиялылар қауымы. Сондықтан да зиялы қауым өкілінің тарихын зерттеу, олардың ғылым мен қоғамдағы алар орны, оған қосқан үлесін саралай отырып сараптау, тағылымдық жақтарын ашып көрсету, бағалау маңызды міндеттердің бірі болып табылады деп ойлаймын.

Сондай өз ғасырының біртума перзенттерінің бірегейі ретінде тарихтың алтын парақтарында өмір жолы мен қызметі хатталып, халқының жадында мәңгілікке сақталған есім – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы (1912-1993) — аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, техника ғылымдарының докторы, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі. Алматы қаласында дүниеге келген. Қонаев ширек ғасырға жуық Қазақстанның бірінші басшысы қызметін атқарды. Ол жауапты басшылық қызметте жүріп, республикадағы тау-кен ісін дамытуға қомақты үлес қосты. Билік басында болған уақыт қаншалықты күрделі, қарама-қайшылыққа толы болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік жағдайын, ғылыми сфераларын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді. Түрлі деңгейдегі партия және кеңес қызметін атқара жүріп, Орталықтың өктем саясатының ығымен кете бермей, ел мүддесін, болашақ қамын да бір сәт естен шығарған жоқ.

Ол Қазақстанда неміс автономиясын құру, Маңғыстауды Түрікменстанға беру жөніндегі Орталықтың ұсыныс-жоспарларына қарсы шықты. Алматыны қазіргі заманғы көрікті қалаға айналдыруға көп күш жұмсады. Мұнда Республика сарайы, ҚазМУ қалашығы, Арасан сауықтыру орталығы, Медеу спорт кешені сияқты ірі ғимараттар бой көтерді. Бірнеше мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып сайланды. КОКП-ның XIX съезінен бастап кейінгі съездерінің бәріне делегат болды. Парламент пен партия делегациясын басқарып, әлденеше рет шетелдерде болып қайтты. КСРО Жоғарғы Кеңесі Төралқасының және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының мүшесі болды.

1956 жылдан бастап СОКП-ның Орталық Комитетінің мүшесі. Партияның XXIII-съезінде ол КОКП-ның Орталық Комитетінің Саяси Бюросының мүшелігіне кандидат, ал XXIV- съезде мүше болып сайланды.



Д. Қонаев өз заманының ұлы саясаткері бола білді. Ол билік басында болған уақыт қайшылықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді. Дінмұхамед Ахметұлы ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кентімен, 43 қала пайда болды. Оның ішінде өнеркәсіп орталығы болып саналған Рудный, Екібастұз, Шевченко (Ақтау қаласы қазіргі), Никольский, Степногорск, Жаңатас, Теміртау, Кентау, Арқалық қалалары салынған болатын. Ауыл шаруашылығы қарқынды дамыды, тың және тыңайған жерлер игерілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар салынды. Мал саны көбейіп, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артты.

Дінмұхамед Ахметұлының арқасында Қазақстанның өнеркәсіп, оның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды. Өткенге көз жүгіртсек, бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70 пайызынан астамы, мырыштың 40 пайызынан астамы, қазақ өлкесінде өндірілді. Өскемен қорғасын –мырыш және титан-магний комбинаттары, Соколов-Сарыбай мен Лисаков кен –байыту комбинаттары, Жезқазған мен Балқаш таукен- металлургия комбинаттары, Ермаков пен Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары іске қосылды. Ақтөбе қаласындағы шығарылған хром кенінің көлемі артты.

Уақыт Д.А. Қонаевтың есімі мен атқарған істеріне үстемдік ете алмайды. Керісінше жылдар өткен сайын, ол өмір сүрген кезең алыстай берген сайын оның қызметінің нәтижесі одан бетер айқындала түседі.

Дінмұхамед Ахметұлы – өз халқының ұлы көсемі. Партия оны қандай бір жұмысқа бағыттаса да, ол үнемі терең білімі мен тәжірибесін, ұйымдасшырушылық қабілетін алға қойған мақсаттарына жұмсаған еді. Еліміздің бұрын-соңды болмаған жетістіктерге жетуіне Д.А. Қонаевтың қосқан үлесі зор. Біздің мақтан тұтарлық ата-бабаларымыз баршылық: халқымыздың әйгілі хандары, сұлтандары, батырлары, билері, ақын-жазушылары және басқалар. Алайда осы тізбекте Д.А.Қонаевтың алатын орны ерекше.

Н.Ә.Назарбаев: “Ұлы тұлғаларын білмейінше, бірде-бір дәуірді дұрыстап тану мүмкін емес. Адам тағдырының айнасынан бір тарих көшінің жүрісін ғана аңдап қоймаймыз, оның рухын, тынысын сезінеміз. Сондықтан да халқы мен елінің алдындағы өздерінің перзенттік парызын айқын да анық түсінген, қандай қиын-қыстау жағдайда да оны адал орындаудан жалтармаған адамдар қай дәуірде өмір сүрсе де, дәйім өз жұртының нағыз азаматы болып қала берген. Тарихтың қай кезеңінде болсын, олар өз ұлтының бетке ұстар мақтанышы болып келген. Ол, ол ма, белгілі бір мағынасында олардың өздері де халық тарихының тұтас бір дәуіріне татыған, халқының бағытынан жаңылмай тәуелсіздікке бастайтын жолын нұрландырған ел тарихының шамшырақтары болған”, – деп тұлғалардың тарихтан алар орнын ашып көрсетеді.

Дара тұлға, нар тұлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың салиқалы саясаты кезінде интернационалдық қарым-қатынас орнатылып, халықтар достастығы нығая түсті. Оның даналығы мен нақыл сөздері кез-келген салада жүрген талай жастың биіктен көруіне арқау болды. Аты аңызға айналған тұлға Дінмұхамед Ахметұлы өмірден өтсе де оның еңбектері бүгінде халық игіліне қызмет етіп отыр. Қазақстан тарихында есімі Алтын әріптермен жазылған Дінмұхамед Ахметұлы қазақ елінің дамып, көркеюіне сүбелі үлес қосып, халық есінде кемеңгер тұлға ретінде мәңгілік сақталады.

### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Кенжебаев С.Д «Политические портреты первых». – Алматы 2015.
- 2.Конаев Д. «От Сталина до Горбачева» - Алматы: «Санат»,1994.
- 3.Н. Назарбаев. Астана: Деловой Мир Астана, 2012.



# АЗУЛЫ ЗАМАНДЫ АҚЫЛМЕН БАСҚАРҒАН БАСШЫ

**Калиева Кулаш Избергеновна**

*Ақтөбе қаласы «№75 жалпы білім беретін  
орта мектеп» КММ*

*директордың әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары,  
тарих мұғалімі*

*«Қонаев – ұлттың Ары мен Намысы!  
Қонаев – ұлттың рухы мен Иманы!  
Қонаев – қазақтың Қанағат мектебі,  
Адалдықтың өлшемі»  
Темірше Сарыбайұлы, ақын*

**Ә**р халықтың ұлттық мақтанышына айналған тұлғалары болады. Ал қазақ халқы үшін Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев сондай азамат еді. Қазақстанның қатерлі де, ауыр тарихында осынау едәуір бір ұзақтау дерлік мерзімді «Қонаев заманы» деуімізге әбден лайықты.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – барлық қайшылықтарымен, кемшілік және жетістіктерімен, өрлеуімен және тұйыққа тірелуімен елді басқара білген дарынды басшы.

Білімді басшы болған талантты тұлғаның ешқандай, ешкімнің жарылқауынсыз-ақ республиканың дүниежүзілік нарыққа белсене сауда жасап отырғаны, өзінің меншікті алтын және валюта қорын құрғаны Қазақстанда зор өнеркәсіп мүмкіндігінің жасалғандығының арқасы емес пе?

Өзіміздің ішкі қажеттілігімізді артығымен қамтамасыз етіп қоймай, жақын және алыс шетелдіктермен сауда-саттық жасауға мүмкіндігіміздің барлығы да Қазақстанның экономикалық «берік» қамалы астығы емес пе?

Өзіміздің ғылымымыз бар, өз технологиямыз бар, ал бастысы – көзі ашық, білімді халқымыз бар. Республика халқының білім деңгейі – Азиядағы ең биік деңгейдің бірі. Ал болашақ үшін бұл өте маңызды жағдай.

Өткен уақыт қаншалықты күрделі де, қарама-қайшылықты болғанымен, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың экономиканы, әлеуметтік саланы, ғылымды, ұлттық мәдениетті дамыту ісінде Қазақстанның көп ұлтты халқының алдында сіңірген еңбегі талассыз.

«Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев шынайы интернационалист еді. Ол үшін халықтар достығын нығайту, адамның рухани өмірі, республикада тұратын барлық ұлттардың мәдениеті мен дәстүрлерін сақтап, байыта түсу мәселелері бірінші кезектегі маңызды іс болатын. Қазақстанның Ресеймен, Орта Азияның туысқан мемлекеттерімен, басқа да Кеңес республикаларымен достық байланыстарын нығайту үшін көп жұмыстар жасаған тұлға.» {1}





Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев тағылымы терең, ой-өрісі кең білімдар жан бола тұрғанымен қатар, халық дәстүрлерін жақсы білген ақылды басшы бола білді. Ол биік мәдениеттілігімен, ізеттілігімен, иманжүзділігімен ерекшеленді. Зейнеткерлік демалысқа шығып, мемлекеттік істен қоз үзгенімен ол шынайы кемеңгерлік танытып, өткен жүйенің кемшіліктерін көп ретте сезіне отырып, реформа бағытын, қоғамды демократияландыру қажеттігін қолдады. Өзі өмір сүрген күрделі уақыттың адал перзенті, оның мұраттарына адалдығын сақтай отырып, сонымен бірге атаққұмарлықтан және қара бастың қамын күйттеуден аулақ болатын. Сол үшін міне, осы сөзім-ақ, бүгінгі күннің нағыз үлгі аларлық ақылды басшысының іргесін қалаған тұлға болып қалғандығының дәлелі.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бір қасиеті – бәрін білгісі келіп отыратыны және адамды өзіне тарта білетіндігі екен.

Оның алдында Қазақстанның ішкі: ұлтаралық, діни және басқа да тепе-теңдігін сақтау мәселесі тұрған емес. Ол өзінің бірінші мақсаты етіп, халқы үшін экономикалық мұра жасауды алға қойған еді, сол мақсатына жетті де. Бүгінде саяси және рухани қайраткерлер сол тұрақтылық пен тыныштықтың өркендеуге жол ашуы үшін әрекеттенуде.

Ақылды басшының тағы бір керемет бойдағы қасиеттерінің бірі – ол қол көтеру үшін отырар жанды қуыршаққа айналмады. Жеңіліске ұшыраған кездерінде – оны уақытша болар құбылыс деп санағандығында. Табысқа жеткенінде – даңдайсымаған. Ең бастысы – бәске Қазақстанның тағдыры түскен кезінде – ешбір бедел атаулының бет-жүзіне қарамай, ашық күреске шыққандығында. Бұл айтылған сөздеріме Асанбай Асқаров мырзаның сөздері дәлел бола түседі:

«Қонаев басшылығы туралы сөз қозғағанда, менің есіме қазақ халқының: мұхиттың қасында құндық қазуға болмайды»-дейтін мәтелі түседі. Қонаев біз үшін мұхит еді және солай болып қалады да. Табиғат – ана қазақ халқына ешуақытта ХХ ғасырдағыдай мырзалық жасап, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев сияқты таңғажайып адамды сыйлаған емес. Оның табиғаттың таңғажайып құбылыс екенін өз басым өмірімнің соңғы күніне дейін мойындаумен өтемін. Одан да гөрі басымырақ айтсам: егер жер бетінде бір қазақ қалатын болса, (құдай одан сақтасын да!) соның өзі Қонаевтың атын алғыспен еске алатын болады.» {2}

Осындай келелі кемелді сөздерден-ақ, азулы заманның ақылды басшысының бейнесі көз алдымызға келеді-ақ.

Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, тың және тыңайған жерлер игерілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар салынды. Мал саны көбейіп, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артып отырды.

Дінмұхамед Ахметұлы арқасында Қазақстанның өнеркәсіп, оның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды. Бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70%-ынан астамы, мырыштың 40%-ынан астамы қазақ жерінде өндірілді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ғылым саласында да орасан зор қызмет етті. 100-ден аса ғылыми еңбектермен зерттеулер жазды. Біраз ғылыми жұмыстарын шаруашылық пен өндірістік тәжірибеден өткізді. Өз еңбектерінің халық шаруашылығына тигізер пайдасының зор екендігін іс жүзінде дәлелдеген еді. Өндіріс тиімділігін арттырумен қатар, ол жас ғалымдарды қолдап, білім жүйесіне ерекше көңіл бөлді.

Қазақ өнерін жоғары бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Өнер ордалары салынып, мәдениет үйлері өз қызметін бастады. Қазақ жерінің барлық аймақтарында дерлік білім және мәдени ошақтар ашылып, тұрғын үйлер тұрғызылып, әлеуметтік нысандар салынды.



Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың бастамасы бойынша қазақ жерінің сол кездегі астанасы Алматы қаласында Үкімет үйі, Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің ғимараты, Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым Академиясының ғимараты тұрғызылды. Қала көшелерінің саны артып, жаңа тұрғын үйлер салынып, 12 ықшам аудан ашылып, қазақ елі аз ғана уақытта тоқырау заманынан жаңа заманға қарқынды аяқ басқандығы білімді басшының біліктілігі болатын.

Димаш Ахметұлы саяси басшы ғана емес, ұлтымыздың рухани тәлімгері болған данышпан басшы.

Уақыт әлі бәрін орын-орнына қойып, әр басшыға өзінің тарихи бағасын беретін заманға, міне, келіп жеттік. Бүгінгі бір сәттік саяси оқиғаларға кіріптар көрінетін біздің «болжаусыз» өткеніміз Димаш Қонаев атамыздың атына дақ түсіре алмас. Ол мемлекет қайраткері және қызметінің жемістері қазақ елінің келесі ұрпақтары үшін де игілікті болатыны анық.

Тәуелсіз елдің тарландарын мәңгілік ұмытпау және олардың басқан іздерін құрметтей отыра, өнеге ету – сіз бен біздің ұрпақ алдындағы басты парызымыз.

Димаш атаның қалаған діңгегі ешқашан сөнбеген, сөнбек емес. Жарқырап жанып, нұрын мәңгі шашпақ!

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Ганнадий Толмачев «Д.А.Қонаевпен кездескен 50 сәт». Аударған Сайын Мұратбеков Алматы -1998 ж {1}
- 2.Әбдірайымұлы,Серік
- 3.Самғау: Ой-толғаулар, сыр-сұхбаттар, эсселер/Әбдірайымұлы, Серік. - Алматы: Санат, 2008. – 360 б.
- 4.Елу жыл ел ағасы/Құраст.: С.Әбдірайымұлы. - Алматы: Санат, 2002. – 464 б.: 48п. ил., портр. {2}
5. Жұманов, Жеңіс. Қонаевтың Алакөлге соңғы сапары: Деректер, қолжазбалар, естеліктер/Жұманов, Жеңіс; Әдеби өңд.: С.Иманасов. - Алматы: Баянжүрек, 2011. - 224 б.: сурет



# ДАРА ЖОЛ САЛЫП ӨТКЕН ТАРИХИ ТҰЛҒА - Д.ҚОНАЕВ

**Асқарбек Нұрбол Асқарбекұлы**  
*Ақтөбе облысы Ырғыз ауданы*  
*«Қарақұдық негізгі орта мектеп» КММ*

Әлқисса, балқы Базар айтқан екен «Қарғадан қарға туар қарқылдаған, Жақсыдан жақсы туар жарқылдаған» -деп адамның түр-сипатын танумен қатар, оған берілген тәрбиемен де бағалай түседі. Жақсы болса құнын арттырып, жаман болса сын мен міннің түзелетініндей, адамды да тәрбиемен түзеуге болатындығын ескертеді. Сондай көкірегі ашық, көзі ояу Меңліахметтің отбасында 1912 жылы бала Димаш дүниеге келеді. Анасы бала тәрбиесімен айналысқан адам болған екен.

Дінмұхамед бала күнінен тауға қызығып өскен, мүмкін тауда туған бала болған соң таудай арман тілектерінен туған шығар... Қазақтан шыққан тұңғыш инженер саласының үздігі Мұхаметжан Тынышпаевты үлгі тұтқан. Уақыт өте келе оның отбасымен етене араласқан. Біз сөз етіп отырған кейіпкеріміз бала күнінен білімге құштар болса керек, мектепті үздік бітіріп, түсті металл мамандығы бойынша инженерияға бет бұрады. Еңбек жолын бұрғылау станогінің машинистінен бастап, Орталық комитеттің бірінші хатшысына дейін көтеріледі. Қайраткер тұлға өзінің даналығының арқасында билікке келеді.

Дінмұхамед ел басқарған сәттегі өзгерістерге көз жүгіртсек, тек тау-кен саласында ғана емес, жан-жақты өзгерістің, дамудың болғанын нақты байқайсыз. Саясаткерлігінің, ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында елімізде 43ке жуық қала мен 68 жұмысшылар кенті пайда болған. Соның нәтижесінде Жаркент, Рудный, Арқалық, Ақтау т.б. қалалары бой көтерді. Ауыл шаруашылығына келер болсақ, кеңшарлар мен ұжымдар ұйымдастырылып, мал басының саны көбейтілді, бос жатқан жерлерді игеру жұмыстары жүзеге асырылды. Ақылды басшы өнеркәсіп саласында біраз жетістіктерге жетті. Түрлі-түсті металлургия саласы да жоғарғы жетістіктерге қол жеткізді. Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары іске қосылып, Ақтөбе қаласындағы шығарылған хром кенінің көлемі артты.

Көлік жасау өнеркәсібі Өскемен, Орал, Алматы, Петропавл қалаларында біраз алға басты. Алматы қаласындағы ауыр машина жасау зауытының жасаған өнімдері әлемнің 40-тан астам еліне жол тартып отырса, Шымкент қаласы фосфор өндірісін жоғарылату арқылы әлем елдерімен терезесі тең дәрежеге, яғни 1-ші орынға шықты.

Ұлттық ғылым академиясының академигі Д.Қонаев ғылыми бағытта да 100-ден астам авторлық зерттеулер мен еңбектер жазды. Қонаев өзінің елге танылған атақ-даңқына қарамастан өте қарапайым, кішіпейіл жан болған екен. Оның қарапайымдылығын мына оқиғадан білуге болады.

«Дінмұхамед Қонаев ұзақ жыл қызметтен кейін зейнетке шыққан шағында визитка жасатқан екен. Осы кішкене төртбұрышты қағазға аты-жөні мен «тау-кен инженері» екенін ғана жаздырады. Сонда айналасындағылар қайраткердің қарапайымдылығына қатты таңғалған. Өзінің бұл шешімін



«Оның бәрі — өтпелі де кетпелі, ал «тау-кен инженері» деген — өмірлік нәрсе», — деп жауап берген екен»[1]

Ахметұлының елге, қазақ мәдениетіне деген жанашырлығының арқасында қазақ жерінде түрлі мәдени орталықтар, мұражайлар, білім ордалары мен әлеуметтік нысандар ашылып, қолданысқа берілді. Үйсіз-күйсіз жүрген әдебиет пен мәдениет өкілдері де кезінде Димаш Ахметұлынан көмек сұрап хат жазған, ешкімнің қолынан қақпаған, бетін қайтармаған ел басшысы, 2 бөлмелі қарапайым ғана үйде тұрған. Өте қарапайым өмір сүрген. Қонаевтың үйіне алғаш келген Брежнев бір бөлме, ас үй және жеке кабинетін көріп «Иә! Біздегі политбюроның мүшелері де бұдан жақсы тұрады!», — деп таңданысын білдіріпті. «Советский Казахстан» хабарының шығарылымы алдын ала Орталық Комитеттің бақылауынан ай сайын өтетін. Бір күні Қонаевтың өзі қоңырау шалып: «Мені осы жолғы хабарда екі рет көрсетіпті, қысқартыңыздар, бір рет көрсетсе де жетеді», — деген.[2]

Дінмұхамед Қонаев өнер мен мәдениет қызметкерлеріне қолдау көрсеткен. Мысалы, 1965 жылы жазушы Сәбит Мұқанов Дінмұхамед Ахметұлына баспана керектігі туралы хат жазып, 5 бөлмелі пәтер алады. Осы жылдары Қонаев Қазақстанның Халық суретшісі Әбілхан Қастеевке де арнайы үй салдырады. Ұлы композитор Нұрғиса Тілендиевті баспанамен қамтамасыз етеді. Айта кетейік, бүгінгі таңда 3 үй де мемориалды музей үйге айналған. Жазушы Әлжаппар Әбішев Қонаевты ең жиі сынаған адамдардың бірі. Қонаев басқа пәтерге көшкенде 3 бөлмелі пәтерін басқаға емес, сол Әбішевке қалдырған. Дінмұхамед Қонаев Нұрсұлтан Назарбаевты ерекше жақсы көрген. Тіпті, Дінмұхамед Ахметұлы 70 жылдық мерейтойында дастархан кезінде Нұрсұлтан Назарбаевты «балам» деп атап, ерекше ықыласын білдірген екен.

Димаш Ахметұлы сүйікті жұбайы Зуһра Шәріпқызымен тұп-тура 50 жыл отасқан, алайда екеуінің арасында бала болмаған. Бала болмаса да ол өзінің зайыбыны өмірден өткенше аялап, сыйлап өткен, ал ақын Мұхтар Шахановтың «Жұбайлар бар әңгімесі таусылған, ал махаббат таусылмайтын әңгіме» атты өлеңінен осы Дінмұхамед пен Зуһраның махаббаты сөз болады. «Махаббат тек ұлыларда болады» - дей отырып, автор келер ұрпаққа, жастарға олардың өмірін үлгі етеді.

Сүйіктім-ау,

Әнсіз өмір мәнді ме?

Ән түзелсе, түзейміз ғой сәнді де.

Жұбайлар бар әңгімесі таусылған,

Ал махаббат — таусылмайтын әңгіме! [3]

Өзбекстанға өтіп кеткен Қазақстан аудандарын қайтару, тың жерлерді игеру, Ерейментау топырағынан неміс автономиясын ашуға жол бермеу және Шардараға атом электр станциясын салдырмау мәселесіне келгенде асқан табандылық танытты. Осы қажырлы еңбектің арқасында Қазақстан одақ бойынша екінші астықты алқапқа және көпсалалы өнеркәсіп аймағына айналды.

Димаш Ахметұлының ұлтшылдық көзқарасы үшін оның жолын кес-кестеп қиянат жасап, жолын кеспек болғандар бар. Соның бірі - Хрущев. Оның жағымпазданған жақтастары Қазақстанның солтүстігін Ресейге, оңтүстігін Өзбекстанға бергісі келді, осы мәселеге келгенде екі басшының арасында араздық болды, себебі, Дінмұхамедтің ұлтжандылығын ұнатпады. Осы арқылы оны биліктен аластатты. Ақылды басшының орнына Кольбиннің сайлануына қазақ жастары қарсы болып, нәтижесінде «желтоқсан оқиғасы» орын алды. 1964 жылы билікке Л.Брежневтің ықпалымен қайта оралды.

«Панам да, данам да ел, Соған арқа сүйедім, содан үйрендім»-дейді өз сөзінде. Әрбір жасаған ісінде қара басының қамын емес, елдің мүддесін биік қойды. Қолында билік пен ақша бар уақытта асып-тасыған емес, бұрын қандай қарапайым болса, кейін де солай адамдарға деген ізгілігі мен ізе-




тінен, кішіпейілдігінен танбаған. Бұрынғы қазақ айтатын «Ұлық болсаң, кішік бол» деген ұстаным осы шығар.

Өмір-тұңғыық мұхит. Мұнда түрлі-түсті қайықтар бар. Бірі –үлкен, бірі-кіші, бірі - аласа, бірі - биік, бірі - бай, бірі - кедей.Мұнда кез-келген адам қалаған қайыққа отыра алмайды, себебі, әрбір жанға жазылған пешене мен бұйырым бар. Бұл мұхиттан қайық аман өту үшін қандай сынақ болса да адамгершілік ұстанымдары қатаң сақталуы тиіс. Ұстаным қатаң сақталған сайын да мұхиттағы қайықтың алға басып, өрге жүзуі де, болашағы зор бола бермек. Сондай алып теңіздегі мұхиттан қарапайым, бірақ дара жол салып өткен тарихи тұлға Дінмұхамед Қонаевтың есімі ел есінде қала бермек!....

**Әдебиеттер тізімі:**

- 1.»Дара,дана тұлға « Б.С.Асанова ( [www.Qamshy.kz](http://www.Qamshy.kz))
2. «Егемен қазақстан» 03.02..2022 ж «Қонаев жіне ұлттық құндылықтар»)
- 3.([www.Oilar.kz](http://www.Oilar.kz))
- 4.([www.Massaget.kz](http://www.Massaget.kz))



## ҒАСЫР ТҰЛҒАСЫ

**Тынышбаева Лиза Жақыпқызы**  
*Ақтөбе облысы Байганин ауданы*  
*«№3 Қарауылкелді орта мектебі»*  
*директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,*  
*тарих мұғалімі*

*«Аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері*  
*Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың да тарих төрінен орын алуы дау ту-*  
*дырмайды. Димекең өз заманының перзенті болған ірі тұлға. Қонаев есімі*  
*Қазақстан халқымен бірге жасары анық, ақиқат. Ол кісі бәрімізге Ұстаз»*  
*Н.Ә.Назарбаев*

**Х**алқына қалтқысыз қызмет еткен екі адам болса-соның бірі, біреу болса-ол Д.А.Қонаев. Көрші алпауыт мемлекеттің боданында жүріп, Қазақстанды барша әлемге танытып, республиканы экономикалық, мәдени және әлеуметтік жағынан биік дәрежеге көтеру- бұл Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтай аса нәзік саясаткер, табиғаты таза ұлтжанды, болмыс бітімі бөлек қайраткерлердің ғана қолынан келетін іргелі де игілікті іс. [1, №185 бет]

Сан ғасыр езгіге түсіп, сан ғасыр басқыншылық көріп қалған халқымыздың бас-аяғын жинап, арғы-бергіге назар аудара бастауы да сол Д.А.Қонаев билік құрған кезеңнен басталғанын 1986 жылдары біз айтпасақ та, жұрт айтты. Тіпті соңғы үш ғасыр бойына өз билігі өзінде болмаған халықтың өз тізгінін өзі алып жүре алатынына да өзге түгіл өзіміздің көзіміздің әбден жеткені сол алпысыншы-сексенінші жылдар арасы еді. Ал өз аузына қолы жетіп қалған халықтың қайтып ноқтаға түспейтінін күллі дүние көрді. Сол жылдары тек экономика ғана өркендеп қоймады, санамызда серпіліс болды. Сол серпілісті, болашаққа үмітті оятқан дара тұлға-Д.А.Қонаев болатын. [1, №73 бет]

Қонаев дәуірінің сыр-мұңы мен жай-жапсары туралы сөз қозғау біз үшін күрделі тақырып. Ол заманның бары мен жоғын бағалап, талдап, таразылау үлкен қабілет-қарымды қажет етеді. Сол үшін де ел тізгінін ұстаған абзал азаматтың қасында жүрген, көзін көрген, замандас бола білген ел ағалары Жабайхан Әбділдин, Кеңес Аухадиев, Өмірзақ Сәрсенов сынды қайраткерлер Қонаев дәуірінің қиыншылығы мен қуанышын қатарлас өткерген ел зиялылары. Ең бастысы, бұл ағайындар Қонаев сынды дәуір перзентінің Елі мен Жері үшін сіңірген теңдессіз еңбегі мен азаматтық әрі тұлғалық позициясын жан-жақты саралап, талдап бере алатын жандар...

КСРО уақытында іргелес республикаларға беріліп кеткен не берілмекші болған Қазақстанның жекелеген аудандарын қайтарып алуда, тіпті, бермей қалуда Қонаев қаншалықты ерлік жасады? Қазақстанның оңтүстік аудандарын – Өзбекстаннан, Ақмоланы – Неміс автономиясынан аман сақтап қалған Қонаев – елін, жерін сүюдің қайталанбас үлгісі ғой. Ол уақыттарда Қонаев өзін қалай ұстады? Қылышынан қан сорғалап тұрған Орталықтың дегенімен жүрмеудің соңы неге апарып соқты деген сұрақтарға Кеңес Аухадиев: «Саясаткер болу қай уақытта да оңай болған емес, ал ел тізгіні мен ел





билігі өз қолына емін-еркін тимеген Кеңестер Одағының заманында саясат тіптен сан қатпарлы, көп астарлы еді. Бұл оқиғадағы Қонаевтың қадамына келер болсақ, саясаткердің қабілеті мен ерекшелігін бағалауымыз керек. Саясаткер ең бірінші өзін емес, халқын ойлайды. Әлгіндей мәселе көтерілсе, соның оңтайлы, өз жұртының пайымына қарай шешудің жолын іздейді. Димекеңнің сабырлығы сол дәуірдің бір айласы еді. Димекеңнің үш ауданды да өзбектерге беруге болмайды, өзіміз де мақта еге аламыз деген қарсылығына қарамай, үш ауданнан айырылды. Димекеңнің екі жылға Бірінші хатшы қызметінен кететін уағы да, міне, осы кез. Хрущев кеткеннен кейін, орнын Л.И.Брежнев басты. Димаш Ахметұлы Брежневпен достығын пайдаланып, әлгі үш ауданды өзімізге қайырып алды. Ақмола оқиғасында да Д.А.Қонаев жастар манефистациясын қолдап, Мәскеуге барып бұл мәселені оңтайлы шешуге қол жеткізді»

Философ Жабайхан Мүбәрәкұлы Қонаевтың тұлғалық қа-сиеті несімен ерекшеленетінін өз естелігінде тілге тиек етті. «Әлемде әрбір тұлғаның, әрбір халықтың өзіндік орны бар. Мысалы, қазақ халқын әлемдегі басқа ұлттармен салыстырғандағы орны қандай дейтін болсақ, жалпыадамзаттық құндылықтарға бізде кім үлес қосты деген сұрақтың жауабын іздейміз. Кеңес өкіметінің кезінде, тоталитарлық режимде жетпіс жылға жуық ғұмырын өткізген ұлттан қандай мемлекет қайраткері көш бастап, қазақтар кімді кие тұтты дегенде – Қонаев тұлғасының шоқтығы биік. Ол үлкен ақыл иесі еді Ол туралы айтқанда халыққа, оның экономикасына, мәдениетіне, ғылымына, қазақ халқының жалпы ілгерілеуіне нендей еңбек сіңірді деген сұрақтың жауабын іздеу керек». [3.№ 1-2 беттер]

Д.А.Қонаев ел басқарған тұста еліміз көптеген игіліктерге қол жеткізді. Біліміміз өркендеді, халықтың тұрмыс жағдайы, әл-ауқаты артты, ауылдар көркейді, алыс ауылдарға жол салынды. Бастысы- Қазақстанда тұрақтылық орнады, адамдар бұрынғыға қарағанда оңы-солын таныды, материалдық жағдайын түзеді.

Д.А.Қонаев ел басқарған тұста Мәскеуде оқып жүрген қазақ жастары «Жас тұлпар» ұйымын құрды. Бұл, әрине Мәскеуге ұнаған жоқ. О.Сүлейменовтың «АЗиЯ» кітабы шыққанда, оны жаздан құтқарып, араша тұрған Д.А.Қонаев болатын. Қазақтың ардақты азаматтарын қорғап қалуы, қазақтың намысын қолдан бермеуі-Д.А.Қонаевтың ерен еңбегі. Жоғары билікке батыл қарсы шығуы, оның әділдік пен адалдықты ту еткені, ақиқаттан аттамағаны.

Қандай да бір тарихи тұлғаға, әсіресе саясаткерге баға бергенде, объективті көзқарас ұстанып, олардық көпшілігінің жеке тағдырларына әсер етпей қоймаған алмағайып уақытта өмір сүргенін ұмытпауымыз керек. Өз заманында Абылай хан халқына қандай еңбек сіңірсе, Д.А.Қонаев та өзі ел басқарған дәуірде халқының игілігі үшін сондай орасан еңбек сіңірді. Елді ширек ғасыр басқарған дара тұлғаның осыншама жыл бойы саясатпен айналысуының өзі оның Қазақстан тарихындағы орнын айқындап берді. Дінмұхамед Ахметұлының тарихи ролінің маңыздылығы-оның ешқашан халқына қарсы шықпағандығында. Бұл тұстағы Қазақстанның өркендеуі оның белгілі бір партиялық талаптарды ұстанғандығында ғана емес, адамдық қасиеттеріне де байланысты. Д.А.Қонаев бейнесінің әлі күнге дейін қазақстандықтардың жүрегінен орын алуы- оның қазақ тарихында кеңес дәуірінің партия өкілі ретінде емес, нағыз патриот ретінде қалғандығынан дер едім. [2,№30-32 беттер]

«Жиырмамыншы ғасырда біз шын мәніндегі «Ұлы» деген атауға лайықты жандармен қатар өмір сүру бақытын бастан кешіппіз. Солардың ішінен өз басым Қонаев есімін еш күмәнсіз ауызға алар едім. Мен оны әр қырынан-Дінмұхамед Ахметұлы ретінде де, Димаш Ахметұлы ретінде де және Димекең ретінде де білетінмін. Оны жұмыс үстінде- мәжілістерде, съезд күндерінде, дала қосында комбайнерлердің ортасында, демалыс шақтарында- үй-ішімен дастархан басында, аңға шыққанда, шопандардың киіз үйінде отырғанын да көрдім. Оның ең бақытты сәттерінде қасында болу бақыты үлесіме тиді. Күндердің күнінде, естелік кітабым шығатын болар, алла бұйырса, сонда мен өзімнің



азамат ретінде, әдебиетші ретінде қалыптасу жылдарымның Қазақстанның шарықтап өсуімен қатар келген жылдары туралы бұлжытпай жазамын. Бұл республикамызды Д.Қонаев басқарған кезең болатын» деп қоғам қайраткері, жазушы Олжас Сүлейменов өзінің Ұстаз туралы естелігінде тебірене еске алады. [1, №5 бет]

Ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фарабидің «Күннің нұрын, айдың ақ сәулесін алақанмен жабу мүмкін емес» дегеніндей ірілі-ұсақты байбалам салушылар қанша тыраштанса да, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың жарқын жүзіне көлеңке түсіре алмады. Өз заманының ғана емес, боашақтың кемеңгері екендігін әлемге паш еткен ұлы адам халқымен мәңгі өмір сүре бермек.

**Әдебиеттер тізімі:**

- 1.С Әбдірайымұлы. «Елу жыл ел ағасы». Алматы «Санат» баспасы, 2002 жылы
2. Ж.Қалыбай «Жұлдыздар отбасы» Алматы 2011 жыл №1
- 3.К.Аухадиев «Қонаев дәуірі және біз» Қазақ әдебиеті 2012 жыл





## IV БӨЛІМ

# ҚАРА СӨЗДІҢ ҚАЙМАҒЫ





# КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒАНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**Черниязова Жанна Букенбаевна**

*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары,  
информатика мұғалімі*

**Т**арихымызға үңілсек, алдымен есімізге қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібек түссе, екінші кезекте ел тұтастығын көздің қарашығындай сақтап қалуға бар күш-жігерлерін жұмсаған Абылай мен Әбілқайыр хандар ілінеді. Ал, жетпіс жылдан астам уақытқа созылған кеңес дәуіріне келсек, сол кезде Қазақстанды 19 адам басқарған екен.

Кеңес Одағы заманында республика бойынша зор атаққа қол жеткізіп, елдің құрметіне бөленген бірден-бір жан Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев еді. Тіпті, ғалымдар жұмыр жердің бетін жайлаған бүкіл елдің басшыларын компьютерге түсіріп, екшелеп, таразылағанда Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев жетінші орынды иеленіп, әлемнің жеті ұлының бірі атанғанын білеміз.

Бойына талант пен дарынды, терең ойды ұштастыра білген Дінмұхамед Ахметұлы бүкіл саналы ғұмырын халқына арнады. Академик Келдыштың сөзімен айтсақ, Димаш атамыз “саясат әлемінің озық ойлы қайраткері, тарихи тұлға, ойшыл ғалым...” еді. Қазақ даласын түлетуге, түрлендіруге, оның халқын мәдени және әлеуметтік тұрғыдан нығайтуға Д.Қонаевтың қосқан үлесі зор. Себебі, ол басшылық еткен жылдары Республикамыздың даңқы артып, Халықаралық аренада беделі асқақтады. Ғылым мен техника, өнер мен мәдениет салаларының сан жағынан да, сапа жағынан да барынша өсіп жетілгені де ол басшылық еткен жылдарда орнады. Тіпті, саяси бюро мүшесі болған тұста 17 шет мемлекеттерде аса маңызды саяси мәселелерді шешуге ат салысты.

Ішкі мәдениеті рухани бай, терең білімді болған оның нақыл сөздері күні бүгінге дейін ауыздан ауызға тарап, көпшілік жиындарда жиі айтылуда. Мәселен, “Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды”, “Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын” деген секілді қанатты сөздерін түрлі шараларда естіп жүрміз.

Осы орайда, “Панам да елім, данам да елім, Соған арқа сүйедім, содан үйрендім” деген сөзі арқылы халықтың жүрегінен орын тапқан тау тұлға нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні зор. Неге десеңіз, қазіргідей адалдықтың жібі сөгіліп, азаматтық ардан аттаған алмағайып заманда асыл азаматтың ұлағатты сөздерін ұғуымыз қажет және жас ұрпақ санасына сіңіру керек болып тұр.

Жасампаздықтың үлгісін көрсеткен Димаш атаның “Өмірдің екі тірегі бар. Үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау” [2] деген керемет сөзі бар. Қарап тұрсаңыз, оның өмір жолы да осы сатылардан тұрған. Адамды адамдыққа тәрбиелеу, адами құндылықтарға баулу оның екінші есімі десекте болады. Бізге қазір қажеті де осы аталмыш қасиеттер...



Қазақтың осындай қасиетті сөздері мен мақал-мәтелдерін есінде ұстап, ретті жерінде қолдана білген Димаш атаны “от ауызды, орақ тілді” шешеннің өзі, шежіре-даналықтың көзі деп айтпауға лажың жоқ.

Оның нақыл сөздерінің бүкіл желісінен ерекше назарға ілінетін жайт, кейбір тұрақты тіркестері өңін өзгертсе де, сол қалпын сақтаған күйде өте мол қолданылып келеді. Мәселен, “Адам айнасы – адам.”, “Ақиқаттан аттап кету — арға сын”, “Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын”, “Дүние түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз болып кетуі әп-сәтте.” т.б. толып жатқан тұрақты тіркестері ел аузында жиі айтылады.

Сондай-ақ, “Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кісіліктен де туады” деп түсінген тау тұлға басқалары жеке күзетшілерімен жүргенде жұмысына жаяу барып, шені үшін берілген 340 рубльдік төлемақыдан да бас тартқан [3]. Айналасындағы кез кезген адамды құрметтеп, кішілік мінез танытқан. Ал, біз ше? Билікке келсек, басқаларды құрметтемек түгілі, өзімізді құрметтей алмай жатамыз.

Өмірлік мәселелерді өнегелі сөзімен өрбіткен, ақиқат пен адалдықты ту еткен тау тұлғаның қарапайымдылығы мен кісілік келбеті көпке үлгі. Соңғы берген сұқбатында: “Мен өз халқыма сенемін, оның болашағы зор”, - деп айтқан екен. Ендеше, Димаш атамыздың халыққа деген өсиетін тәлім ретінде қайтаратын уақыт келді. Көзінің тірісінде әркім айбынды, әркім көпке белгілі болғанымен, шын мағынасында елге аты ту болу әркімнің маңдайына бақыт боп бітпесе керек. Ондай жандар ерлігімен, даналығымен, ісімен, дарынымен елін жақын-алысына танытады, артына аталы сөз, ұмытылмас іс қалдырады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Дінмұхамед Қонаев - Алматы : Қазақ университеті, 2017. - 405 б.
2. Кемеңгер : Р. Ниязбек, - Алматы : Жалын, 2011 . - 496 б.
3. Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы = Kunsyev Dinmukhamed Akhmedovich = Кунаев Динмухамед Ахметович: Қазақстан ғалымдарының биобиблиографиясы / 2011 . - 295 б.
4. Қонаевпен сырласу : «Желтоқсан эпопеясы» атты деректі кітаптан алынған бөлім / М. Шаханов. - Алматы : Жалын, 2011. - 157, [3] б.
5. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев : жинақ / ҚазССР ҒА; [бас. ред. Б. А. Төлепбаев]. - Алма-Ата : Наука, 1978. - 104, [4] б.
6. Дінмұхамед Қонаев [Мәтін] : [жинақ] / Әл-Фараби атын. ҚазҰУ; [бас. ред. Ғ. М. Мұтанов ; ред. ж. т.: К. Аухадиев, К. Нәрібаев, Е. Қонаев және т.б. ; ред.: А. Ермаханова, З. Рахымбаева]. - Алмат : Қазақ ун-ті, 2017. - 403, [2] б.





# ЗАҢҒАР ТҰЛҒАНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**Романова Мейрамкул Картаевна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

Өз заманының заңғар саясаткері, қазақтың кемеңгер ұлы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда көк майса жасыл желегімен, аспанмен таласқан биік тауларымен көпті өзіне еріксіз елітетін Алатаудың баурайына орналасқан ару қала Алматыда (Верный) дүниеге келген. Алаңсыз балалығын, жастық шағын, қызығынан қиындығы басым кезеңін сол қаланың ыстық естеліктерімен бірге еске алады. «Адам болатын бала алысқа қарайды» деген халық даналығы бала кезінен зерек, өте алғыр, білім мен ғылымның тереңіне ерте бас қойған аңыз адам Қонаев атамызға арналғандай. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» дегендей, әкенің қайтпас қайсарлығы мен аяулы ананың мейірімділігі кішкентай Димаштың бойына шым-шымдап сіңіп, ел азаматы болып қалыптасуына ықпалын тигізген. Білімге құштар бала Димаш қолы сәл босаса кітапты шалбарының беліне қыстырып алып оқып, үнемі ізденіс үстінде жүреді екен.

Арман - мақсатына адам ерінбей еңбектенгенде, білімнің кәусар бұлағынан сусындағанда ғана жететінін түсінген алып тұлға арман қанатына мініп, Мұхамеджан Тынышбаев ағасындай инженер болуды бала күнінен-ақ армандаған екен. Мемлекетті дұрыс басқару үшін қара қылды қақ жаратындай әділ, қарапайым болуы керек. Елге құт қонсын, бақ- дәулеті тасысын деген басшы үнемі халықтың үніне құлақ түріп, ақыл-парасатымен ерекшелене білуі тиіс. Елу жылдай басшылық қызметте болған Қонаев атамыздың бойынан осы аталған қасиеттер дараланып, адамгершілігімен де пайым-парасатымен де көпшілікке үлгі бола алды.

Туған халқын өзінен биік қоятын ойы да биік, ұлылығы да биік ұлы тұлға данышпандығы мен көрегенділігін көрсете білді. Елдің қарыштап қанат жаюына, өлшеусіз үлес қосқан көрнекті қайраткер құрылыс, өнеркәсіп, ауыл шаруашылық салаларының дамуына және елсіз жерлерден елді мекендер мен қалалар тұрғызуда қолынан келгеннің бәрін жасады.

Сонымен бірге мәдениет пен әдебиетті тең ұстаған қоғам қайраткері тәрбиелік мәні зор, келер ұрпақ үшін ғибраты мен тәлімі мол сөз мәйегін, қанатты сөздерін де артына өлмес мұра етіп табыстады. Әрбір сөздің астарына үңіліп, тереңіне бойлай білген ұрпақ үшін бұл- мәңгі өлмес мұра, қайталанбас қазына. Ендеше, парасаты мен мейірімі, көргені мен өмірден түйгені мол, қара сөздің қаймағын халқына қалдырған абыз атамыздың даналық сөздеріне тоқтала кетейік.

«Бос қиялдан гөрі еңбегіңе сен, тәуекелдің төресі – сол, тауға да шығарады, дауылдан да алып өтеді», «Бөрікті аспанға атып, көктен шұға жауатын күнді күтіп, алақан жайып отыра берсек, түптің түбінде ешкімнің ешнәрсесі кетпейді, өзіміз сорлаймыз» -деп, жалпы адам баласын еңбек етуге ша-



қырады. Адал еңбек адамды қандай да болмасын қиындықтан алып шығатынын, еңбектің наны да, дәмі де өзгеше тәтті болатынын және бойға сіңімді болатынын ескертеді.

«Бүйрегім бұрып, бұра тартсам, өзге түгілі өз қадіріме жеттім дегенім бекер» десе, кез келген тұлға бойынан қара қылды қақ жарған әділдік қасиетті көргісі келгені. Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би айтқан «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» екенін, әділ басшы туғанына да бүйрегі бұрмай қазылық етіп, шынайы шешім қабылдау керектігіне баса назар аударғысы келген.

«Біреудің айтқанымен жүріп, айдауына көнуден асқан бейшаралық бар ма?» Бұл нақыл сөзінде өзіндік пікірі мен ойы қалыптаспаған, өзгенің жетегінде жүріп, өзін де, адамдығын да жоғалтатын өзіндік мені жоқ, жалтақ, именшектіктен аулақ болуға шақырады. Келер ұрпағының батыл қадамдарға бара алатын, өзін қорғай алатын, өз ісіне есеп бере алатын саналы да салиқалы болғанын қалайды.

«Дүниені бүтіндейтін де – сөз, бүлдіретін де – сөз». Шынымен де, сөз қадіріне жету, оны бағамдай білу – қиынның қиыны. Сөз – құдіретті, жақсы сөз жан семіртетіні, адамды қуанышқа кенелтетіні секілді, қаңқу сөз адамды терең құздан құлатып, жанын күйзеліске түсіріп, мұңға да батыра алады.

«Жақсының жақсылығын айтқаннан адам аласармайды», «Жақсының сөзі де жақсы, ісі де жақсы», «Қуана білу, қуанта білу де бақыт», «Қара басының қамын күйттеген кісі басқаның бақытты болғанын қаламайды» деген нақыл сөздерінен мынаны ұғамыз: мына қысқа ғұмырда адамзат атаулы бір-бірін дос санаса, бір-бірінің қуанышына шынайы қуана білсе, одан аласармайды. Көреалмаушылық, іштарлық, әркез адамды орға жығады. Сол себепті жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын демекші, оның жақсылығын көре білу арқылы шабыттандыруға, қиялына қанат бітіруге болатынын айтқан. Ұрпағына маржан сөз, кестелі ой қалдырған ұлы тұлғаның есімі халқымен бірге жасары анық. Елінің өткенін өнеге, келешегін кемел ету жолында мүлтіксіз еңбек еткен адал перзенті бар халық қашан да бақытты.

«Мына тіршіліктің мәні болашаққа қалдырған мұраңа байланысты» деп атамыздың өзі айтқандай, артына қалдырған асыл мұрасы, жақсының аты, ғалымның хаты өлмейтінін тағы бір мәрте дәлелдегендей.

Ерлері елім десе, елі ерлерін ешқашан елеусіз қалдырмасы, ел жадында мәңгі сақталары хақ.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Д. А. Қонаевтың жарияланбаған сұхбаты // тұлға. Д. А. Қонаев туралы естеліктер /авторлар-құрастырушылар: с. Әбдірайымұлы, А.Горяйнов – Алматы: "Санат", 2007. – С. 87-91.
2. Рыбников Александр. Д. А. Қонаев – қазақ халқының мақтанышы мен ар-ожданы // тұлға. Д. А. Қонаев туралы естеліктер /авторлар-құрастырушылар: С. Әбдірайымұлы.
3. Қазақстанның мемлекеттік этносаясаты: жаңа трендтер: әдістемелік құрал / Под общ. ред. е.л. Тоғжанова. – Астана: Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясы, 2011. – 204 б.



# ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ТҰЛҒАДАҒЫ ЖАСТАР

**Канаева Базаркуль Еркиновна**

*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Канаева Бакыткуль Еркиновна**

*Ақтөбе қаласы «І.Есенберлин атындағы  
№15 орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

*«Жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес,  
ұшу, жұмыс істеу, жұмыс істеу,  
жұмыс істеу үшін берілген»  
Д.Қонаев*

**Ж**астар – ұлт үмітін арқалаған ел ертеңі. Үміт пен сенімді ақтау сол буынның парызы. Сол себептен де жастар қазіргі қоғамның жетекші күші ретінде еліміздің дамуы үшін жауапты екені мәлім. Еліміздің тарихы мен мәдениетінің тағдыры, дамуы мен модернизациялануы, жалпы бүгінгі мен ертеңі де жастарға байланысты. Жастар қай заманда, қай елде болмасын, асқақ арман мен үміт, биік ар мен өр намыстың символы болған.

Қонаев қазақ жастарының қалаға орнығуы деген күрделі мәселені де шешуге әрекет етті. Бірде Дінмұхаммед ағамыз Алматы облысы мен Алматы қаласы басшыларына: «Ауылдан келген жастарды құрылысқа, өндірістік орындарға орналастыруға жете мән берілмеді деген мәселе көтеріп жекіген екен. Сол жиында Қонаев: «Қаладағы паспорт жүйесін кім басқарады? Тұрғын үй басқармасын кім басқарып отыр? Неге пара бергендер қалаға тұрғын болып шыға келеді? Ал ауылдан келген жастар неге есіктен есікке, тесіктен тесікке қаңғып жүреді?», деп талап қойған екен. Қазірде көптеген жастарымыз ауылдан қалаға білім іздеп келіп әрі оқи жүріп, асханаларда, ресторандарда даяшы немес аспаз, ыдыс жуушы болып кешкілік мезгілдерде қызмет қылып, ата-аналарына қолғабыс жасап жүргендерін де байқап қаламыз. Олардың басым бөлігі жатақханаларда немесе жалдамалы пәтерде тұрады. Ал, жас отбасылы болған жастарымыздың пәтерден пәтерге көшіп жүргенін байқасақ, уақытша ғана қиыншылық, еңбектенсең бұл мәселені де оңай еңсеретінін айтып та жүрміз. Ел ағалары мен билік басындағы қызметкерлер арасында бұл жағдаймен барынша күресіп, Қонаев ағамыздың ізін жалғап жүргендер де жоқ емес. Осындай мәселені қиын көріп, кей жастарымыз әлеуметтік же-



лілілердегі «ақшатабушы-ақылшылардың» сөздерін өздеріне мотивация ретінде қолданатыны да іштей қынжылтады. Осы орайда Д.Қонаев атамыздың «Жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу, жұмыс істеу, жұмыс істеу үшін берілген» деген қанатты сөзі еске түседі. Жастарды қанаттандыруда, оларға қай кезде де демеушілік танытып, әр істеріне аса ынта қойып мән беруінде де үлкен адамгершіліктік тұлғасы көрінеді.

Олжас Сүлейменовтің сөзімен айтқанда, Қонаев әдебиет пен өнердегі әрбір жаңа тұлғаны, яғни, жастарды үнемі байқап отыратын. Оның қолдауына ілінгендер аз болмады. Арнайы шақырып, Шәмші Қалдаяқовқа қала орталығынан үш бөлмелі үй бергізгені, баспадан әндер жинағын шығаруды міндеттегені де тарихтан белгілі. Ұлы тұлғаның қолдағандардың ішінде Әбілхан Қастеевті, Молдахмет Кенбаевты, Нұрғиса Тілендиевті айтсақ та жеткілікті. Әзілхан Нұршайықовтың жазуынша, «Отырар сазының» да, оны қалыптастырған Нұрғиса Тілендиевтің де өсіп, өркендеуіне Димекен тікелей қамқорлық жасады» .

Қонаев туралы естелік иелерінің басым бөлігі атамыздың қарапайымдылығын жиі атап өтеді. Қонаевтар әулетімен жақынырақ араласқан Ізгілік Дабаевтың пікірінше, бұл қасиет әке-шешесінен дарыған. Ұлтының ұлы бола білген Димаш атамыз іссапарға аттанарда міндетті түрде ата-анасына соқпай жолға шықпайды екен. Мұнысы: «Маған баталарыңды беріңдер, аман-есен қайтайын» дегені. Іссапардан қайтқанда да өз үйіне бармай, әуелі әке-шешесіне барып, сәлемдеседі екен. Бұл нағыз қазақы тәрбиенің жемісі, баланың ата-анаға деген құрметінің көрінісі. Бұл да дәл қазіргі уақытта заманауиланып бара жатқан жастарға үлкен өнеге деп білеміз.

Дінмұхаммед атамыз өзінің әр істері мен сөздерін бір-біріне сәйкестендіріп, тек сөзбен ғана емес, ісімен де жастарды тәрбиелеуге ден қояды деуге болады. Айтар болсақ, Дінмұхаммед Қонаев - КСРО да ең биік саяси лауазымға ие болған алғашқы қазақ. Бұл да жастармызға, кейінгі ұрпаққа мақтанышпен айтарлықтай жұмысы. Оның көпбалалы Отбасында дүниеге келіп, 11 баланың 4-шісі болуы да демографиялық қоғамда үлкен ықпалын тигізеді. Тіпті, бойының 198 см. , 46 өлшемдегі аяқ киім кигені де ұлтымыздың алыптығын білдіріп, өскелең ұрпаққа мақтаныш сезімін ұялататыны сөзсіз. Атамыздың сүйікті ісі әрі хоббиі қару-жарақ коллекциялаған, аңшылықты ұнатқан. Қазақ жастарын осындай даралығымен де тәрбиелеп, әр ісі мен жасаған жұмысының қай-қайсысы да ұрпақ үшін, өскелең жастар үшін үлкен тағылым. Жеке күзетшілері де болмаған, яғни, басқалары жеке күзетшілерімен жүргенде Қонаев жай ғана таңертең жұмысына жаяу барып келіп жүрген. Академик шені үшін 340 рубльдік төлемақыдан бас тартқан, шағын пәтерінде (қазір мұражай) 24 жыл өмір сүрген. Кезінде Леонид Брежнев (КСРО басшысы) Алматыға бірінші рет келіп, Қонаев үйіне қонаққа келеді. Пәтерін ары аралап бері аралап: "Бар дүниең осы ма?"- деп таңданады. Міне, бұдан біз дарынды тұлғаның қарапайым әрі мансап, дүние құмай және осынысымен халықтың көңілінен шыққанын көре аламыз.

Дінмұхаммед атамыздың қолында шектеулі билік болса да шамасы келгенше халықтың жағдайын ойлағанын, жастардың ұлттық мүддесін қорғағанын халық білді де , Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы ретінде ғана емес, нағыз ұлт көсемі, басшысы әрі жалынды жастардың жетекшісі ретінде таныды. 1986 жылы қазақ жастарының жиыны нәтижесінде орын алған «Желтоқсан көтерілісінің» Қонаев атамыздың қызметінен босаған күні болуы бекер емес-ті.

Қорыта айтқанда, жастардың еңсесі көтеріліп, XX ғасырдың екінші жартысында қазақтың ұлттық санасының өсуіне, бой түзеу арқылы ұлт ретінде ұйыса түсуіне Д.А.Қонаев ерекше үлес қосты. Сондықтан Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев есімі тәуелсіздігіміздің іргетасын қалаушы саясаткер ретінде, жастарды жігерлендіруші ретінде оқулықтарда лайықты орын алуға тиіс, өнегелі өмірі кейінгі ұрпаққа насихатталуы қажет-ақ.



Ел жағдайы мен тарихы, жастардың лайықты дәрежеде өмір сүруі, олардың жұмыспен қамтылып, қылмыс жасауға жол бермеуі көп ретте ел тізгінін ұстаған тұлғаларға байланысты болып келеді. Біздің жастарымыз тарихи тұлға туралы, оның өнеге берер сөздері мен үлгі аларлық жасаған жұмыстары туралы ресми құжаттардан ғана емес, замандастарының естеліктерінен, жақын адамдарға айтқан сөздерінен оқып, өздеріне үлгі тұтар кумир жасауына әбден болады.

Қонаев – ұлтымыздың «қайталанбас қазағы»!

**Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Д.А. Қонаев«Өтті дәурен осылай», «Ақиқаттан аттауға болмайды» «Санат» Алматы, 1994 жыл
- 2.Әзілхан Нұршайықов. Ұлттық ұлы қазына // Алматы, 2015.
- 3.Есенберлин І. Ойлар, баяндамалар, күнделіктер, хаттар. Алматы, 2015.
- 4.Тәнекеев С.Тұлғасы ерен ер еді // Кемеңгер Қонаев. Алматы, 2003. 83-б..
- 5.Дабаев И. XX век. Портреты выдающихся деятелей. Алматы, 2015. 106 б.
- 6.Мұхтар ҚОЖА //Қонаев және ұлттық құндылықтар. <https://egemen.kz/article/303123-qonaev-dgane-ulttyq-qundylyqtar> Түркістан.2022.



# Д.ҚОНАЕВ – АДАМДЫҚТЫҢ ӘДЕМІ ҮЛГІСІ

**Есенғұл Мөлдір Аманбайқызы**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Т**ектілігі бір төбе, қайраткерлігі бір төбе, даналығы бойына бабасынан дарыған, адамдықтың ақ жолына шаң тигізбей, жүріп өткен өмірі өнегеге толы нар тұлғаларымыз ұлт мақтанышы, дәуірдің дарабоздары. Тарихтың тамырына бойлап, тұңғық түбіне ойша көз жүгіртсек, дара жолы, даңғыл жолы үйлесімді үлгі, ғибрат болар қайраткерлеріміз көңіл қуантады. Өз заманының ғана емес, өскелең жас ұрпақ заманына ізгіліктің іргетасын қалаушы, халық үшін тер төгіп, қалтқысыз қызмет еткендердің бірі де бірегейі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Халықтың көңіліне сенімнің сәулесін, сыйластықтың сөнбес шырағың жағып, ел жүрегінен ерекше орын алған қоғам қайраткерін қазақтай дархан жұрты «Димаш», «Димекең» деп қадір тұтты. Д.Қонаев сол бір саяси қақтығыстар тұсында, қызметтік кедергілерге қарамастан халық қамы үшін, ұрпақ болашағы деп үздіксіз еңбектенді. Тәуелсіздікке дейін, қай ғасырды алып қарасаңыз да қазақ халқына оңай болмады. Әр ғасырдың тарихта таңба боп қалған ауыр кезеңдері ұлт үшін шынайы жанашырларды іріктеп, кемеңгерлеріміздің ар алдындағы еңбекқорлығының кіршіксіз адалдығын көрсетті. Кез келген қиыншылықтан қаймықпай, күреске толы заманның ағысына қарсы жүзген, машақатқа толы мемлекет ісінде жаңылмастан, мұхиттай таусылмас қилы кезеңдердегі шиеленістердің, көрегендігімен әрдайым оң шешімін таба білген Қонаевтай қайраткеріміз қазақтың маңдайына біткен бағы, халық қалаулысы.

Дінмұхамед Ахметұлы - атына заты, сөзіне ісі сай нағыз азамат. Аузынан шыққан әрбір сөзі құнды ойлардан көрініс береді. Өз заманында айтып кеткен нақыл сөздері, бүгінге дейін өз құнын жоғалтқан емес. Соның бірі өмір туралы мына бір шынайылықтан сыр шертетін қанатты сөзінен мазмұнды мән, терең ойды табуға болады: «Өмір деген осы, бүгін бар, ертең жоқсың. Сен кетті екен деп өмір - өзен ағысын өзгертпейді». [<https://oilar.kz/quote/572>] Жаратушы Тәңірден кейінгі жанына демеу, тірегі, қолдаушысы «халықым» деп білген ұлтының сүйікті перзенті өз елі турасында жазып кеткен тамаша мына бір сөзі, Отанға деген қалтқысыз ыстық ықыласының дәлелі: «Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім». [<https://oilar.kz/quote/1515>]

Қоғам қайраткерінің әр сөзі – жүріп өткен жолында көрген-түйген, өмір тәжірибесінен туындаған түйінді ойларының айқын көрінісі. Қанатты сөздері оқыған жанның қиялына қанат, санасына сенім, жан дүниесіне жігер берері сөзсіз. Ел болашағына бей-жай қарамаған, ұлт мүддесін қастерлеу жолында баршаға үлгі Дінмұхамед атамыздай ардақты тұлғаның нақыл сөздерінен бойға қуат, ойға қайрат жиған жастың өз халқына адал қызмет етері анық. Еліміздің өркендеуі, тіліміздің, діліміздің, мәдениет, тарихымыздың, дәстүріміздің дамуымен тікелей байланысты. Аталған ұғымдар ұлт мүд-





десінің айнымас бөлшегі. Д.Қонаев– өз ұлтының адал ұлы.Қазақ тарихында ұлттық құндылықтарымыздың бабадан балаға аманат болғанындай, ұлт зиялысының ерең еңбек істері мен қасиетті қанатты сөздері бүгінгі ұрпаққа өсиет- өнеге. Жалғандыққа жаны қас, шынайылығы, қарапайымдылығы бар болмысынан байқалған байсалды қоғам қайраткерінің «Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау» деген сөзі ізденімпаздыққа, талаптануға үндейді.

Дінмұхамед Қонаев–тарих беттерінде адамдықтың әдемі үлгісін қалыптастырып кеткен тұлға. «Баршаңызға бақыт тілеймін.Мына жүйке жұқартқандай қиын-қыстау күндерде иінді төмен салмай, еңсе көтертер күш-қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін. Бәрі бір күнгідей болмайды. Сондықтан, арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық. Ақжарылқап күндер алдымызда!»-деп болашақтың арайлы таңынан, келешектің шуақты шақтарына деген үмітін, сенімін жанына медет қылған қайсар тұлғаның осы ойлары қай ғасырда да ұрпаққа үлгі. Ұрпақ тәрбиесі–ұлт болашағы. Ал болашақ бүгіннен бастау алады.Тектілігімізді сақтау тарихи тұлғаларымызды ұлықтаудан, олардың жүріп өткен жолын еске алып, ұмытпаумен байланысты.Тарихсыз-келешек жоқ.

Дінмұхамед Ахметұлының тәрбиелік мәні терең, тәлімді ой-пікірінен ой қорытып, ақ сөйлеп, адал жүруді басты мақсат еткен жанның адамдық биігінен құлдырамасы хақ. Д.Қонаев- адамдықтың, адалдықтың эталоны. Өз заманың, бүгінгі жас ұрпақтың қалыптасу жолында адаспас бағыт-берер тәрбиенің темірқазығы.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. <https://oilar.kz/quote/1515>
2. <https://oilar.kz/quote/572>,
3. [egemen.kz/article/300971-qonaevtynh-qanatty-sozderi](https://egemen.kz/article/300971-qonaevtynh-qanatty-sozderi)



# ДАНАЛЫҚ ШЫҢЫ

**Адаева Молдир Якудақызы**  
*Ақтөбе қаласы «№17 жалпы орта білім беретін  
мектеп-гимназия» КММ*


«Шынын айтайын, Қонаевқа тең келетін адамды көрмедім. Оған теңіздей сүйкімділік, жарқыраған даналық, таңқаларлық сана, шалқыған қайырымдылық, көңілді болмыс тән еді», - деді Геннадий Толмачев, 1997 жылы. Расында, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев есімі қазақ халқы үшін әрі қастерлі, әрі қадірлі екені даусыз. Қазақ өнерін жоғары бағалаған ол асқан даналығымен, көңілінің кіршіксіз тазалығымен қазақ жұртының санасын нақыл сөздерімен байытты. Қонаевтың даналық сөздеріндегі тәрбиелік мән игі істерге ынтызар болуға шақырады. Дінмұхамед Қонаев мәдениетке, руханиятқа, қаламгерлер мен өнер адамдарына жақын болған. Ұлттық санамызды сілкіп, рухымызды өзінің қанатты сөздерімен оятқан. Түпте қалған ұлттық тарихымыздың жабулы беттерін қозғаған ақын- жазушыларымызға қорған бола білді. Оның нақыл сөздері бүгінгі қара сөздің нағыз қаймағы. Халқымыздың аяулы перзенті, аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік еңбек ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1992 жылы шыққан «Өтті дәурен осылай» деп аталатын кітабына көзі тірісінде өзгерістер енгізіп, «Ақиқаттан аттауға болмайды» деп қайта шығарды. Бұл кітапта өз өмір айдынының жасырын беттерін көпке ашып қана қоймай, өз замандастарының Брежневтің, Сталиннің, Хрущевтің, Горбачевтің көптен жасырған жұмбақ сырларын ашты. Сондай-ақ, Қазақстанның елу жылдық экономикасы, мәдениеті мен әлеуметі туралы баяндады. Өзінің тіл шеберлігімен ұлттық сана, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымыз туралы ой қозғады. Қазақстан жазушылар одағының мүшесі, жазушы, публицист Ерғали Сағат ағамыз «Қасиетті Қонаев» кітабын жарыққа шығарды. Кітап Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа арналады. Оның қайреткерлік, адами қасиеттерін халыққа тарту етіп, жаңа қырынан жария етуге бағытталған. Бұл еңбекте Дінмұхамед атамыздың жайсаң мінезі, халыққа көрсеткен қарапайымдылығы, даналық сөздері мен кең пейілділігі сөз болды. Осы еңбекке Ерғали Сағат ағамыз Дінмұхамед Ахметұлымен кездесуден алған әсерін, сезімдерін арқау еткен. Сөз- қорғасыннан да ауыр. «Тау мен тасты су бұзады, адамзатты сөз бұзады» демекші, Дінмұхамед Ахметұлы ағамыз сөз қадірін біліп қана қоймай, сөз арқылы халыққа даналық дәнін сеуіп отырған дара тұлға. Жақсылықтың даналық пен білім екенін жалпақ жұртқа өз нақыл сөздерімен жеткізіп отырған. Ол өзінің даналық сөздеріне адамилық пен парасаттылықты, әділеттілік пен патриоттылықты, сыйластық пен мейірімділікті арқау етті. Қонаев атамыздың қайсыбір нақыл сөздерін, әңгімелерін оқи қалсақ, тұнған тәрбие мен өнегеге кезігеміз. Осындай бағалы жақұтқа тең келмес, алтын қазынамыздың келешек ұрпаққа мұра болып қалғаны іштей бізді қуантып, ерекше сезімге бөлейді. Алайда, осы қазынамыз игерусіз қалмай ма деген сұрақ көкейімізді мазалайтыны тағы анық. Гибраты мол ғұмырдан ұрпақ түйер ұлағат аз емес. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыздың ерекшелігі- қастерлі де қасиетті қазақ тілін жетік білетіні. Сөздің небір мәйегін тамызып, сөз қадірін халыққа ұғындырған дара тұлға. Оған дәлел оның терең мағыналы, астарлы,



ойлы нақыл сөздері. «Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кісіліктен туады», «Ақиқаттан аттап кету-арға сын», «Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттама», «Адамилық қалыпты биік ұстау-кімге де болса үлкен сый», - деп Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өз нақыл сөздерінде адамзатты адамгершіліктен аттамай, абырой мен намыстың туын биік ұстау керек екенін айтқан. Әділетсіздік пен жаланың ортасында өмір сүріп жатырған қоғамда қарапайым халықтың жүрегіне өз үндеуі арқылы жеткісі келді. Расында, Дінмұхамед Ахметұлы : «Жиырмамыншы ғасыр таңғажайып ғасыр, тарих үшін қызықты, ал замандас үшін қасірет ғасыры», - деген. Бұл сөздердің астында қаншама шырылдаған шындық, қоғамдық әділетсіздік, жазықсыз жала мен қасірет жатыр. Бүгінде оның барлығы тарих беттерінде, архивтен орын алғаны рас. Тарих беттеріне көз салсақ, аумалы-төкпелі заманда әділеттілік туын жібермей, «Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім», - деп қара халықтың сөзін сөйлеп, халықпен бірге екенін жеткізген. «Дүние түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз болып кетуі әп-сәтте», - дегендей Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың нақыл сөздерін оқыған сәтте көз алдымызға еріксіз сол заманның бейнесі елестейді. Қонаев ағамыз өз елінің патриоты, жанашыры, беделді тұлғасы. Оны біз Д.А.Қоневтың Асанбай Асқаровқа айтқан сөзінен байқаймыз. «Орысты ренжітсең Мәскеуге шабады, қазақты ренжітсең қайда шабады? Өзіңнің алдына айналып келеді, Асанбай. Орыстың артында тұрған Мәскеуі бар. Қазақтың артында Мәскеуі жоқ, қазақтың Мәскеуі – біздерміз, Асанбай, қолыңнан келгенше қазақты жылатпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін иісалмас, ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой, біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек...». Осы сөздерден-ақ Қонаев ағамыздың тек ұлт қамын ойлап, ұлт болашағының жарқын болуы үшін толассыз еңбек еткені, халықтың есінде мәңгі қалады. Осы тұста ақын Темірше Сарыбайұлының Д.А.Қонаев туралы: «Ол ұлттың намысы, рухы мен иманы қазақтың қанағат мектебі және нағыз адалдықтың өлшемі» , - деген сөздері еріксіз еске түседі. «Көрнекті адамдар өз елінің не бағына, не сорына туады» деген мақал бар. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев халқымыздың зор бағына туған адам. Д.А.Қонаев ағамыздың қолындағы билігі жетпеген тұста, халыққа өз даналық, нақыл сөздері арқылы жеткісі келді. Халық оны нағыз ұлт көсемі ретінде таныды. Өзінің ісімен де, даналық сөзімен де қазақ халқының еңсесін тіктеп, ұлт ретінде ұйыса түсуіне сүбелі үлес қосқан аңыз адам. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев-қара сөзіміздің қаймағы, ұлтымыздың әрі тіліміздің жанашыры. Оның аты өзін шексіз құрметтейтін ұрпақтарының жадында мәңгі қалады.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Ж.Малайсарин. “Қазақ мақал-мәтелдері”. Алматы. 2010 ж.
2. А.Ү.Сужикова, Л.С.Ахметова, А.Б.Баирова, Т.В.Толыбекова. “Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев”. Алматы. 2022 ж.



# СЫРЛЫ СӨЗДІҢ САҢЛАҒЫ

**Аймаханова Назерке Мұратқызы**  
*Ақтөбе қаласы «№9 орта мектеп- гимназия» КММ*  
*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Қ**ара сөздің қадірін білген дана қазақ қашанда сөз өнерін жоғары бағалаған. Түйінді сөзбен дауды шешіп, жесір иесі мен жер иесін де шегелеген. Сөздің сиқыры мен салмағын біліп, дер кезінде тоқтай да алған. Сөз құдіретімен халыққа күш беріп, тал бесіктен тәрбиенің дәнін себе білген. Қазақтың маңдайына біткен небір тау тұлғаларымыз ауыз әдебиетімен сусындап, қара сөздің майын ағызған. Қазақтың маңдайына біткен сондай тұлғалардың бірі – жүрегі «елім» деп соққан, әдебиет пен саясатты ұштасыра билеген шебер саясаткер, әдебиет әлемінде де өз таңбасын қалдыра білген Дінмұхамед Қонаев.

Асқар Тоқпанов «Көрнекті адамдар өз елінің не бағына, не сорына туады» деген ескі мақал бар. Димаш Ахметұлы болса туған елінің бағына туған және біздің әрқайсысымыз үшін айрықшы ыстық» деп бағаласа, «...Жақсы адамдармен туысқан болдым деген осы. Димаш, бұйырса, исі қазаққа ортақ ұл болғалы тұр, тіл – көзден сақтасын.» [1,б. 204] деп ұлы жазушы Мұхтар Әуезов ел басшысының көрегендігін, еңбекқорлығын алға тартқан. Шебер саясаткердің қай замандасы болмасын, ол туралы «...Димекең айтып еді» деп басталатын әдемі естеліктерден сыр шертеді. Дінмұхамед Қонаев – ел басқарған кезде де халыққа айтар батасын бағыттап, нақыл сөздерін қалдыра білген тұлға. Еңбек жолы мен өмір жолындағы тәжірибесін үндестіріп, келешек ұрпаққа жол сілтей алған. «Ғалымның хаты өлмейді» деп халқымыз айтқандай, ел азаматының айтқан нақыл сөздері – күні бүгінге дейін құнды, өз мағынасын жоғалтпаған, маржан сөздер тізбегі. Әсіресе қоғам қайраткерінің адамгершілік, ар, намыс тақырыбын толғантқан сөздері қазіргі заманда өте өзекті. «Жібі түзу, жаны таза адам кез – келген жағдайда, қандай қызметте істемесін қашан да ар-ожданын биік ұстап қалады.» деген Димекең, өз жанының айнасын ашып, адамгершіліктің туын бірінші орынға қойған. Ол қызмет пен билігің қанша жоғары болса да, адамдық қалпыңнан аттамауға насихаттайды. «Ақиқаттан аттап кету – арға сын» деп, ар- ожданды бірінші орынға қойып, адалдықтың жолына бағыттайды. Ал қой терісін жамылған қасқырларға «Елдің наласын қара басының бір күндік рахатына айырбастап кетуден асқан сатқындық болмас. Сақтансаң, осындайлардан сақтан, болашақ!» деп, қолында билігі болып, өз мүддесін ойлаған арамтамақтардан, жығылған халыққа жұдырық болған ел басшыларынан қашуға үгіттейді. Бұл сөздер – қазіргі таңда қол астында, тіпті, екі азамат жұмыс істейтін басшылардың бәріне де сабақ. Себебі адалдық, шындық жүрмеген жерде береке болмайтынын нақтылап көрсетеді. Сондықтан ел көркеюінің, халық тұрмысының жақсаруын тұсап тұрған басшыларда осы қасиеттердің болмауы өкінішті.

«Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау». [2] Расымен де жаңаны үйренудің, білудің өзі – бір бақыт. Ешнәрсеге қызықпаған, көзінің нұры жанбаған жас алдыға жүре алмайды. Осы бір екі-ақ ауыз сөзбен ел азаматы жастарды білімге, ғылымға, өнерге, жалпы еңбекке баулып тұр. Жаңалыққа жаны құмар жанның жерде қалмайтынын, өмірде өз орнын табатынын меңзейді.




Үйрену мен үйретуді өмірдің тірегіне теңейді. Жастарды сол тіректерінің мықты болуына, терең болуына шақырады. Ал тамыры тереңге жайылған бәйтерек жемісін бергендей, алған өнер- білімді халқыңа үйрету екі есе бақыт екенін шегелеп көрсетеді. Осы тұста Абайдың «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген өлең жолдарымен үндесіп тұрғандай. Халқына әрекет еткен әр адамның артында берекет тұрғанына сендіреді.

«Қазақ ауыр істен емес, ауыр сөзден қорқады» деген Дінмұхамед. [3, б. 3 ] Осы тұста дана қайраткер жастарды тәуекелшілдікке үндейді. Елдің сөзіне қарап отыра беретін адам алға жүрмейтінін айтады. Сондықтан халқын ауыр мін айтуға емес, жақсы істе қайта қолдау көрсетуге шақырады.

«Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым. Қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім.» Осы бір жолдардан ел азаматының қаншалықты биік болса, соншалықты қарапайым болғанын көруге болады. Осы қасиеті арқылы халқымен бірге жасап, бірге көрді. Артына қаншама шәкірт қалдырды. Өшпес өнеге, тағлымы мол тәрбие таратты. Қазіргі таңда адам бойынан азайып бара жатқан осы бір қарапайымдылықтың жоқтығынан абыройсыздық пен араздық көбейді. Ал Димекеннің кезеңінде өмір сүрген замандастары оны тек кәсіби саясаткерлігі үшін ғана емес, ең бірінші қарапайымдылығы мен адамгершілігі үшін сыйлады. Ол туралы профессор С. Әубәкіров «көзі тірісінде қандай абырой мен атаққа, бақ пен даңққа ие болса, дүниеден өткен соң да сондай құрметін жоғалтпаған, тарихта сирек кездесетін ұлы тұлғалардың бірі» [4, б.104] деп баға берген. Бұл билік басында отырған барлық азаматтарға үлгі. Ел ағасының қай сөзін алсақ та, даналықтың, қарапайымдылықтың, адамгершіліктің, адалдықтың лебі есіп тұратын жылулық сезіледі. Сондықтан билікке ұмтылған әр азамат кем дегенде Қонаев атамыздың өмір жолын оқып, қанатты сөздерін жадында сақтаса екен.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. С.Әбдірайымұлы «Елу жыл ел ағасы» «Санат», Алматы, 2002 жыл Естеліктер бір топ авторлар
2. <https://bilim-all.kz/figure/96> Нақыл сөздері
3. «Қазақ ауыр істен емес, ауыр сөзден қорқады» «Жас Алаш» газеті № 5.12.I.2002 жыл
4. <http://library.kz/kz/elektrondy-kitaphana/gylymi-kitaphana-zhanalyktary/onaev-dinm-khamed-akhmet-ly-sandy-kitapkhana.html> «Қонаев Дінмұхамед Ахметұлы» сандық кітапхана



## «ӨЗІ ӨНЕГЕ, СӨЗІ ҒИБРАТ»

**Есмаганбетова Айман Абдибаевна**  
*Ақтөбе қаласы «№9 орта мектеп-гимназия» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Е**лінің сүйікті перзенті Дінмұхамед Қонаевтың есімі қазақ халқының жадында қарапайымдылық пен имандылықтың, адамгершіліктің үлгісіндей болып сақталды. Оған себеп – өнегелі тұлғаның ел үшін істеген еңбегі ересең.

«Жүрегі бәрі үшін соғатындар шынымен де ұлы», - деп Ромен Роллан айтқандай, Қонаев тұлғасының бір қыры – халықшылдық, елшілдік болатын. Атақты Мұхтар Әуезов: «Димаш, бұйырса, иісі қазаққа ортақ ұл болғалы тұр, тіл-көзден сақтасын», – деп ілтипатын білдіріпті. Бұл ілтипат дегдар тұлғаның ісімен өтеліп, ұлтының сүйікті ұлына айналды. Ал АҚШ-тың 34-президенті Дуайт Эйзенхауэр: «Мен бүгін зор тұлғамен қауыштым, ол терең саясаткер, халықтар даналығын толық меңгерген адам. Ол КСРО-ның сирек кездесетін тұлғасы», – деп бағасын берген. Расымен де, ұлы тұлғаның адамдық болмысы осындай сипаттауға лайық әрі биік болатын.

Димаш Ахметұлы қарапайымдылықтың кемел үлгісін көрсеткені жайлы замандастары жарыса қалам тербеді. Қайраткердің бойында Әл-Фараби тұжырымдаған кемеңгер патшаға тән 12 асыл қасиет тоғысқан еді. Ол – ар-намысын сақтап, баласын күннен қорғаған анадай ұят-ожданын қорғай білген тұлға. «Сондықтан көзінің тірісінде «әлемге әйгілі әулие» атанды. «Оның жаны жаратылысынан пасық істердің бәрінен жоғары, игі істерге ынтызар болуға тиіс» деп оныншы қағидада айтылғандай, Қонаев игі істердің ұйытқысы, жасампаздықтың жолбасшысы атанды.

«Шынын айтайын, Қонаевқа тең келетін адамды көрмедім. Оған теңіздей сүйкімділік, жарқыраған даналық, таңқаларлық сана, шалқыған қайырымдылық, көңілді болмыс тән еді», - деп жазушы Геннадий Толмачев айтқандай, қазақ халқының сүйікті перзенті, қазақ елінің өркендеуіне жиырма бес жыл бойы үлес қосқан, халық алдында абыройлы басшы атанған Дінмұхамед Қонаевтың даналығынан үйренеріміз көп-ақ. Ширек ғасыр бойы халықтың бәрін аузына қаратқан адамның өмірі де, одан түйгені ой да біз үшін қымбат.

Ендеше, Дінмұхамед Қонаевтың өмірде түйген ойларын, нақыл сөздерін саралап көрелік... Ұлы тұлға адамгершілікті, адалдықты биік бағалаған. Өзінің кейінгі ұрпағына өсиеттеп қалдырған нақыл сөздерінде де осы адамгершілік жайына көбірек тоқталған. Мәселен, «Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын. Адамгершілік деген асыл қасиетті аласартып алмасақ екен. Өмір өзегі осы, азаматтық жол да осы», - деп адамгершілікті асыл қазынаға теңейді. Сол асыл қазынамызды биік ұстау қажеттігін, аласартып алмау керектігін айтады. Адамгершілік, адамдық қасиеттерді бойға сіңіре білуге үндейді және ондай адамдардың ақиқатты, абыройды, арды бағалай алатындығын да айтып өтеді. Оған мысал ретінде Қонаевтың келесідей сөздерін келтіруге болады: «Ақиқаттан атап кету – арға сын», «Абыройдан ақ отау тіктім деген кісінің пенделігі аз болмайды», «Жібі түзу, жаны таза адам кез келген жағдайда, қандай қызметті істемесін, қашанда ар-ожданын биік ұстап қалады».





Жақсы адам жақсы сөйлей де, жақсы ойлай да біледі. Сонымен бірге өз-өзіне сыншыл, өз ісіне сарапшы да бола алады. Жаны жақсылыққа толы Қонаев ағамыз да сын-пікірлерді қабылдай білуді, сынды санадан, ой елегінен өткізіп, өз бойыңнан табылған кемшілікті, мінді түзей білуге шақырады. Бұған ағамыздың мына бір сөздері дәлел бола алады: «Орынды сын ойлантап қоймайды», «Адам айнасы – адам».

Қазақта «Еңбекпен тапқан нан тәтті», «Еңбек түбі – береке» деген сөздер бар. Еңбекті еңбектене білетін адам дұрыс түсінеді деп ойлаймын. Қонаев ағамыз да өз сөздерінде ұрпақты еңбекке, еңбек-сүйгіштікке шақырады. Оның «Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттама» деген ой-тұжырымын қарасақ, әр адамның әуелі бір нәрсеге қол жеткізбес бұрын ол үшін еңбек ету керектігін, қалағанына, ойлағанына жету үшін әуелі соған әрекет ете білу керектігін сөз етеді. Сондай-ақ, «Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау», «Ойға тоқып, бойға сіңіруден артық байлық бар деп ойламаймын» деген сөздерінде әрдайым үйренуден жалықпау, ізденуді, оқуды тоқтатпау қажеттігін тілге тиек етеді. Жақсыдан үйренуге шақырады, үйренгенді ойға тоқып, бойға сіңіре білуді жоғары бағалайды. Өз білгенін кісіге үйретудің, бойындағы білімін бөлісуден, үйретуден аянбаудың дұрыстығын айтып, кейінгі ұрпағына өсиет етеді.

Ал енді мына сөзіне назар аударайықшы: «Өртті сөндіруден гөрі – оны тұтатпау ерлік». Бұл сөздің астарында үлкен ой мен тәрбиелік мән жатыр. Әсіресе, қазіргі біз өмір сүріп жатқан қоғамда бұл сөздің берер мәні өте зор деп есептеймін. Расымен де қазіргі сәтте бір жағдай орын алса, оны шешудің орнына одан сайын дүрліктіріп, елді шулатып жататындар аз емес. Адам кез келген жағдайда тілі мен ісіне сақ болып, жағдайдың одан әрі ушықпауына, өршімеуіне, керісінше оңтайлы шешілуіне барынша үлес қосу керек. Қазіргі жастарды осындай қанатты сөздермен тәрбиелесек, ертеңімізден қорықпауға болады. Себебі халқы сүйген Қонаев та: «Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті», - деді емес пе?! Келешектегі бүгініміз дұрыс болу үшін қазіргі күнімізді саралай білген абзал және оған бәріміз бірлесе жұмылсақ қана қол жеткізе аламыз.

Қанмен бізге не беріледі? Қанмен бізге ұлтымыз, дініміз, тіліміз беріледі. Соларды біз құрметтей, қадірлей білуіміз керек. Өз ұлтымызды, ұлтымыздың тілін қастерлеу – біздің парызымыз. Оны жасай алмасақ, біздің қадір-қасиетімізге сын. Осыны бүгінгі жас ұрпақ түсініп, ұғынып өсуі тиіс. Ағамыздың да «Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды» деген сөзі осыны меңзеп тұрғандай.

Ұлы тұлғаның айтуынша, қай нәрсенің болмасын екі ұшы бар: Жақсылық пен жамандық, қайғы мен қуаныш, ақ пен қара, адалдық пен арамдық. Бірақ солардың ішінен жақсыға қарай ұмтылып, жақсылық жасауға, жаманнан тек жақсылық жасау арқылы арылуға, өзгеге қиянат келтірмеуге шақырады. Бұл сөзімізге келесідей нақыл сөздері дәлел болмақ: «Жақсының жақсылығын көре білу бар да, оны айта жүру, үлгі ете білу бар», «Жақсылыққа мастанба, жамандыққа жасыма», «Жақсымызды қадір тұтпай, жаманнан арыла алмаймыз», «Өзіңе жақсылық тілесен, өзгеге жамандық қылма».

Д.Қонаевтай аңыз адамды аса бір тұлғаландыратын ерекшелігі – құнарлы да қасиетті қазақ тілін таза білетіні. Сөздің небір мәйегін қолданатын оның халық тарихын, ертеде өткен қазақтың небір даналарын, ақын-жырауларын, олардың нақыл сөздерін жатқа айтуы ерекше болған. Сонымен қатар ұлтымыздың тұрмыс-салтын, игі дәстүрлерін қадірлей білген. Керек жерінде түрлі қабылдауларда, іссапармен жүргенде адамдардың жас ерекшелігіне қарай мақал-мәтелдерді қолдана білген. Қара сөздің қаймағы бола білген осындай нар тұлғаның нақыл сөздерінен, ғибраты мол ғұмырынан ұрпақ түйер ұлағат аз емес.

Өзі өнеге, сөзі ғибрат Дінмұхамед Қонаев ұрпаққа өнеге боларлық өмір жолы жайында «Ақиқаттан аттауға болмайды», «Өті дәурен осылай» атты ғұмырбаяндық кітаптар жазып қалдырды. Сал-



мақты ой мен өрнекті сөз қатар өрілген бұл кітаптар даналық пен өмір-күрестің шын мәнін аша түскен. «Ақиқаттан аттауға болмайды» атты кітабында елу жыл ел ағасы болған Д.Қонаевтың көкірек көзінді нұрландыратын қанатты сөздері ерекше назар аудартады. Мәселен, «бүгінгі күн-кешегі күннің шәкірті», «Көргені жақсы көңілдегідей іс тындырады», «Рухани байлықтың анасы— еңбек», «Сөзден пәтуа болмаған жерде істен береке қашады», т.б. Ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты бұзбауға үндейтін «әруақ аттау—арға сын», «Құдайдан қорықпағанның тажалы қасында жүреді» секілді аталы сөздері адамға үлкен ой салары сөзсіз.

Билік басында жүрген жандарға сабақ болатындай өз өмір тәжірибесінен түйген ойлары аз емес. Мысалы, «Билік оңай, билік айту қиын», «Аты жүріп тұрған кісінің айбыны биік болады», «Тәуелсіздіктің жүгі ауыр», «Танауын көтерген-тасқа соғылар», «Халық тәжірибесі- барша білімнің қайнар көзі», «Орынды сын ойлантпай қоймайды», т.б.

Қорыта айтқанда, Дінмұхамед Қонаев тағылымы – болашаққа барар биік қазына, асыл құндылық. Қазақ халқы барда, Қонаев тағылымы да өшпек емес.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Мұхиттан өткен қайық: (Мемлекет және қоғам қайраткері Д.А.Қонаевқа арналады)./ Құраст.: Б.С.Асанова – Алматы: ОҒК, 2011.
2. Адырбекұлы К. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев // Адырбекұлы К. XX ғасыр: соңғы репрессия. – Алматы: Алаш, 2006. – 15-68 б.
3. Айтақұлы Ә. Ұлттың рухы, иманы, ары // Жас Алаш. – 2002. – 12 қаңтар.
4. Абдрахманов Г. Адам өлген күні өлмейді, ұмытылған күні өледі // Заң газеті. – 2007. – 16, 19 қаңтар. – 2 б.



# ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ

**Сейткалиева Амангуль**

*Ақтөбе облысы Мартөк ауданы*

*«Кеңсахара жалпы білім беретін мектеп» КММ*

«Өмір деген осы: бүгін бар, ертең жоқсың» деп өзінің өтімді нақыл сөздерімен қазіргі уақытқа дейін кез-келген адамды қанаттандырып келе жатырған, еліміздің дамуына зор үлес қосқан, бір туар азамат ол – Дінмұхаммед Қонаев еді. Қарапайым отбасында дүниеге келген Дінмұхаммед Ахметұлының (Меңліахмет) өмірі сырт көзге қызығарлықтай көрінгенімен, ішкі жан дүниесі басқаны қалаған тәрізді. Инженерлік мамандықтан бастап Қазақстан Орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметі жолында көптеген іс-әрекеттерді көрген Дінмұхаммед Ахметұлы осы қызметтер аралығында мақалалар мен кітаптар жазып, нақыл сөздер айта бастады. Әрбір айтылып, жазылған нақыл сөз Дінмұхаммед Ахметұлы үшін келер ұрпаққа өнеге болсын, қанағаттандырылсын деген ниетте боса керек. Дінмұхаммед Ахметұлының нақыл сөздері үйде не көшеде айтылмады, оның нақыл сөздері жұмыс барысында, өмірде туындаған қателіктер негізінде туып отырды. Өзінің әрбір нақыл сөзін сол қателікті туындатып отырған адам түсінсе екен, содан қорытынды шығарса екен деген ойдың болуы да ғажап емес. Біздің қазақта »Ердің құнын екі ауыз сөзбен бітіру» деген әріден келе жатқан сөз бар. Екі ауыз ұтымды, ұтқыр, қисынды айтылмаған жағдайда даулы екі руды елдің атысып, шабысып, тоз-тоз боп кететін жайлары тарихтан белгілі. Сол себепті сөз құдіретін, сөз өнерін дамытуға, сөздің күшімен құдіретін ортаға әсер, ықпалын арттыруға бүкіл халық болып, арғы замандардан бері ат салысқан. Міне, осы сөздің қасиетін ұға білген Дінмұхаммед Ахметұлы әрбір сөзін астарлап жеткізіп, қабылдаушы адамның дұрыс шешім шығаруына себепші болған деп ойлаймын.

Дінмұхаммед Қонаевтың нақыл сөздерінің қандай тәрбиелік мәні бар? «Баланы ұлша тәрбиелесең – ұл, құлша тәрбиелесең – құл болмақшы» деп Ахмет Байтұрсынұлы атамыз айтқандай тәрбиенің мәні зор. Қазақ халқы қай уақытта болмасын, ұрпақ тәрбиесін ұлттың болашағы деп білген. Сондықтан болашағымыздағы ұрпақтың мықты білімді болғаны не керек, тәрбиесіз іс-әрекетпен көрінсе. Міне, сондықтан Дінмұхаммед Ахметұлының әрбір нақыл сөзі елді тәрбиелеу, болашақ ұрпақты тәрбиелеу мақсатында айтылып, жазылған. Нақыл сөздерінен «Ақиқаттан аттап кету – арға сын» сөзінде ол жалған сөйлеп ұтқаныңмен түбінде сол жалғандығың арыңды жейді деген ойда болған. Адамзаттың ең басты және бітіспес дұшпаны – ібілістің ең бірінші және негізгі қаруы – жалғандық, яғни өтірік айтушылық екен. Қай дәуірде де адамды жарға жығатын – жауапсыздық пен жалғандық. Қанша жерден өтірік айтқаныңмен оның құйрығы бір тұтам екенін осы сөздер арқылы жеткізген. «Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау» деген нақыл сөзінде адам болып дүниеге келген соң тіршіліктегі өзің игере алатын нәрсенің бәрін үйреніп және сол білгеніңді келер ұрпаққа үйретуден жалықпау керек деп ұқтырған. «Біліп айтқан сөзге құн жетпейді, тауып айтқан сөзге



шын жетпейді. Өзің білмесең, білгендерден үйрен, үйренгеннен ештеңе кетпейді» деген сөздің өзі де өмірдің екі тірегін нақтылап тұрғандай. Шынымен өмірде басқаларды үйрете жүріп өзіміз көп нәрсені үйреніп жатырмыз. «Бітімі қисық ағаштың көлеңкесіде өзіндей болады» нақыл сөзінде оны қисық, қыңыр дегеннен түзу болмайды деген. Шынымен адам баласы жаратылысынан өз бойындағы қасиеттерді өзінің отбасы, араласатын ортасы арқылы қалыптастырады. Олармен бірге жасалған іс-әрекеттер әсерінен мінез – құлық қалыптасады. Сондықтан қыңыр адамды түзеу қиын болады.

Жақсының қасында жүргенге жақсылық жұғатыны анық қой. Қасымыздағы қыңыр адамға тек жақсы сөз айта берейік дегім келеді. Әсірінде Дінмұхамед Ахметұлынан өзімен замандас болған адамдар туралы сұрағанда: «Менімен қызметтес болған адамдардың көбі дүниеден озып, жаны жай тапқан. Әруақ аттау арға сын», - деп ешкімді жамандамауға тырысқан. «Адамға жазаның ең үлкені – жұмыссыз қалдыру» деген нақыл сөзінің де мағынасы тереңде жатыр. «Егер сіз тек ақша үшін жұмыс істесеңіз, оны ешқашан жеткілікті мөлшерде таба алмайсыз. Ал егер жұмысыңызды сүйіп істесеңіз және тұтынушыларыңызды бірінші орынға қойсаңыз, мол табысқа кенелесіз» деген екен ағылшын ғалымы Рей Крок. Жұмыс жасау уақыттың бір бөлігін өзің ұнататын іс-әрекетпен айналысу. Егер сенен оны тартып алса қандай күйде болатыныңды тек өзің ғана сезіп, түсіне аласың. Жұмыссыздық адамзатты көптеген қасіретке де әкеледі. Сондықтан болашақ ұрпақты білім алып, жұмыс жасап, сол жасаған жұмыстан рахат алуға үйрету керек. Сол кезде ғана ол табысқа кенеліп қана қоймай жұмысы арқылы сол елдің болашағына әсер етеді. Өзімізді мысалға алатын болсақ мұғалімдік мамандыққа келген маман «жақсы ұстаз боламын, керемет шәкірт тәрбиелеймін» деп келу керек. Сол кезде ғана ол өзінің мамандығынан ләззат ала алады, баланы тәрбиелеуде түрлі әдістерді іздейді, шығармашылықпен айналыса бастайды, ал мұндай мұғалімнің алдында білім алып отырған оқушыларыда білімге ұмтылып жақсы азамат болады. Сондықтан адамды өзі жаны қалап, жақсы көріп жасап отырған жұмысынан айырудан артық қасірет жоқ деп ойлаймын.

Өз ойымды қорытындылайтын болсам, сөз – құдіретті күш. Оны өз орнымен қолдану даналықты қажет етеді. Ауызым өзімдікі деп кез-келген нәрсені айтуға болмайды. Жүйелі сөз жүйесін табар, жүйесіз сөз иесін табар деген нақыл сөздің ойға көп нәрсені салады. Қара сөздің қаймағын бұзбай, болашаққа тек жақсы сөздерді жеткізейік.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Интернет көзі
2. [https://kk.wikipedia.org/wiki/Дінмұхамед\\_Ахметұлы\\_Қонаев](https://kk.wikipedia.org/wiki/Дінмұхамед_Ахметұлы_Қонаев)
3. Интернет көзі <https://surak.baribar.kz/651825/>
4. Д.Қонаевтың нақыл сөздері <https://bilim-all.kz/>



# ТҮПТІҢ ТҮБІНДЕ ОРЛАР ОРТАМ – ЕЛ ІШІ, АҒАЙЫН ОРТАСЫ

**Мустафина Айымгүл Алпысбайқызы**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
бастауыш сынып мұғалімі*

**Е**ліміздің Тәуелсіздік алғанына 31 жыл толады. Халықтың сан ғасырлар бойы армандаған тәуелсіздігі шындыққа айналды Қазақстан халқы жаңа қоғамдық жүйеге енді. Біздің жетістігіміздің әлем халқы мойындады. Тәуелсіздігіміздің ұлы нәтижесінде ұлы тарихымызға ұлт көзімен қарай алатын нәтижеге жеттік.

Қазақ елінің өткеніне көз жүгіртсек, сан алуан тарихи оқиғалардың куәсі боламыз. Тарихымыздың сан бояулы беттерін қаратар болсақ, тағдыр тауқыметі қазақ халқына аз ауыртпалығын салмағанын көреміз. Сондай зұлматты заманның зілі, кейбір іргелі деген елдердің өзін өшіріп, тарих сахнасынан біржола жоғалуына жол бергені де белгілі әр ғасырдың, әр дәуірдің өз бояуы бедері бар. Жарық сәулелі, қоңырқай – көлеңкелі тұстары да аз емес. Өткеннің және бүгіннің – бәрі тарихи сәттерге толы мидай араласып жатыр. Ол тарихтың кестелі оқиғаларына кез келген адам өз өрнегін қалауымен ойын қалдыра алмайды. Тарихта аты қалатындар – топтан озған ойы озық, елдің талғамы биік тұлғалары.

Елдік тарихымызда саналы ойымен пайымдасақ «Мың өліп, мың тірілген» ел екенімізді түсінеміз. Қазақ даласы, қазақ тарихы ұлы тұлғалардың шыққан бесігі.

Міне осындай ұлы тұлғаларымыздың бірі, халқымыздың аяулы перзенті аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Осы биік тұлғаның республиканы басқарған жылдары ерекше табыста тарихи кезең болып тарих сахнасына енді.

«Биік көтерілдім. бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым.


Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей берсем қадірімнің кетпесін білдім.

Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім»

Міне осындай нақылды сөздерімен, қазақ халқының тарихында болмысы бөлек, мінезінің байлығымен, терең білім, ақыл – парасатымен дараланған ұлы тұлға.

Иә, мен еліміздің ұлы тұлғасының бір ғана нақыл сөздерімен шектеліп отырмын, ол осы нақылдық сөз астарында қаншама, ой тереңдігі жатыр десеңізші, осындай ой үшкірлігі арқылы еліміздің жалпы құндылықтарын айшықтап, насихаттап берген.

Біздің елімізде жас ұрпақтарымыздың үйлесімді дамуы үшін барлық мүмкіндіктер жасалуда. Жастарымызды өз Отанын сүйуге, құрметтеуге, жалпы құндылықтарға тәрбиелеудің үлкен ортасы мектеп екені белгілі.



Биылғы жыл біздің мектебіміз үшін тарихта қалатын оқиға , біз үшін өте қуанышты жағдай . Бұл мектебімізге Д.А. Қонаевтың есімі берілген. Бұл тарихи маңызды шешімге , біздің мектептің лайық болғаны және де біздің үлкен биіктерден көрінуімізге деген үлкен сенімділік береді.

Осы орайда оқушыларға қазақ елінің біртуар азаматы Д.А. Қонаев туралы жан –жақты түсінік қалыптастыру ,кемеңгер тұлғаның халқына сіңірген еңбегін, қажырлығын,саясатын үлгі ету үшін, бар құндылықтарының тәрбиелік мәнін, ашу үшін, біздің мектептен орталық мұражай ашу ұсынысымызды ұсынғым келеді. Бұл жай ғана мұражай емес , біз ұлы тұлғамызды тек ғана бір қырынан танитынымыз белгілі ол – мемлекет басқарушысы ретінде. Мен мынадай ұсыныс білдіргім келеді;

Д.А.Қонаев дипломат саясаткер - бұл жөнінде кеңес дәуірінде «Қазақстан» есімін сол кездегі алып державаларға таныстырған кездегі құжаттар. 1955 ж Дж Неру , Бирма көсемі У, Ну ресми Қазақстанға келуі. Д.А. Қонаевтың Англия ханшайымы II Елизаветта қабылдауында болуы, және XX ғ атақты саясаткер Уиистан Черчилдің қабылдауында болуы, 1960 ж АҚТш- тың 34 – президенті Эизенхаурдың қабылдауында болуы және оның пікірі, тағы да басқа құжаттардың көшірмесін алу мұражайға.

Д.А. Қонаев инженер- геолог Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және президенті т.б

Д.А. Қонаевтың ұлы ұстаздың жолы.

Д.А. Қонаев – ел басшысы қызметі

Осындай нұсқада мұражай қорын ұйымдастырылса. Д.А. Қонаев туралы шетелдің тарихи тұлғаларының пікірлері көшірмесі, тарихи сынға тартылған ескерткіштер пікірлер көшірмесі әкелініп, келешекте үлкен мұражай қалыптасса дегім келеді, бұл мұражай мектебіміздің тәрбиелік мәнін , келбетін ашары сөзсіз.

Патриоттық рухты қоғамдық тәрбиелік күшке, әр отандастарымыздың мақсаттарына айналдыру ортақ міндет. Осы орайда әр сабағымда ұлттық құндылықтардың символы ретінде қолданатын «Бәйтерек « монументінің мәнін мысалға алғым келеді.

Бәйтерек тамырынан бастау алады, ал ол тамыр біздің өткен тарихымыз десек, ол тереңнен басталады. Осы тамырда терең бой алған қазақтың салт – дәстүрі , еліміздің рухы, елдікке сый ерекшелігі және де қазақтың ойшыл ерлікке толы тұлғалардың қасиеттері сақталған, содан нәр аламыз. Осы тамырдан бастау алған еліміздің құндылығы жоғары көк өскінге (жапырақтарға) яғни жас буын жастарымызға жеткізетін осы бәйтеректің өзегі – ол біздер. Қазақта мынадай бата бар «Өзегің талмасын» деген, бұл нені меңзеген? Бұл өзек біздер яғни , әр отбасы қоғамдағы тәрбие орындары. Ал өзек әлсіз болса еліміздің баға жетпес құндылықтарын , тарихи тарландарымыздың өзекті өсиеттерін жеткізе алмаймыз. Халқымыздың бәйтеректегі тарихын түсінгеніміз де осы Тәуелсіздігіміздің арқасы.

Қоғам қайраткері Қазақстанның гүлденуі мен өркендеуіне үлес қосқан Д.А. Қонаевтың өмір тарихынан сыр шертетін мағлұматтар мен сындарлы сағатта елі үшін атқарған ізгі істері туралы жаңа қоғамның инновациялық , цифрлық технологияға сай мұражай жабдықталса , Батыс өңірдегі жалпы құндылығы мол, тәрбие мұрасына айналар еді.

Бұл да әрине уақыт еншісінде және де мектеп ауласында осы тарихи тұлғаның есімімен аллея жабдықталса біздің де ұлттық құндылығымызға қосқан үлесіміз болар еді.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. «Мұхиттан өткен қайық» Алматы-2011ж. Әбіров. Д.
2. «Д. А.Қонаев-қоғам қайраткері». Қазақ тарихы-2010.





## СӨЗ - ҚҰДІРЕТТІ КҮШ

**Жақсыбай Ардақ Ермекқызы**  
*Ақтөбе облысы Ойыл ауданы*  
*«Саға мектеп-балабақшасы» мұғалімі*

**Б**ар өмірін елді тік тұрғызып басқаруға емес, елмен бірге қызмет жасауға арнаған біртуар азамат ол – Дінмұхаммед Қонаев болатын. Дінмұхаммед Қонаев халық арасында жүріп қызмет жасаған уақытта сол халыққа болсын, халықтың жағдайы жақсарсын деген ниетте болды. Бірақ онымен бірге жүрген азаматтардың әңгімелерін оқи келе халық арасында кейде жалқау, әлі ұйқысынан ояна қоймаған, өз тіршілігін біреуге жүктеп отыра беретін, өздері әрекет етудің орнына үкіметтен сұрап отыра беретін елді көргенде кейбір азамат азаматшаларға өзінің аяушылық сезімін білдіре отырып, оларды оянсын, жұмыс жасасын деген ойда қанатты сөздерді айтып кетіп отырған. Адамның іс-әрекетке ұмтылуы, еңбек етуі, шығармашылықпен айналысуы ол тәрбиеден. Тәрбие ортасы адам үшін екеу, ол – отбасы және бірге жүріп араласатын ортаң. Осы екеуі дұрыс болса сенің елге деген құрметің, еңбекке деген ыңтаң, жұмыс жасауға деген таппынысың арта бермек. Жалқаулық әлемі деген ұғым мұндай жағдайда сенде қалыптаспайды, қалыптаса алмайды себебі саған берілген тәрбие мұны қаламайтын болады. Осы тұрғыда ел үшін еңбек етіп жүрген Дінмұхаммед Қонаев атамыз елді қанатты, нақыл сөздермен қажап өзінше бір тәрбиелеуге тырысқан. Неге өзінше??? Себебі оның нақыл сөздерін оқып, түсінген адам өзінің теріс іс-әрекеттері үшін ұялу керек болатын. Мысалы «өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау» деген нақыл сөзінде Дінмұхаммед Қонаев адам болып өмірге келген соң алдыға келген қандай жағдай болмасын, қандай сабақ болмасын өміріңе керек пе үйреніп ал, ал артыңнан ертең ағайын-туыс бауырларыңды, дос-жанарларыңның өміріне сенің үйренген дүниең керек болып саналса оларға да үйретуден аянбау керек деген мақсатта жазылған. «Орынды сын ойлантпай қоймайды» деген нақыл сөзінде адам өзіне айтылған сынды жақсы қабылдап үйрену керек деген мағынада айтса керек. Көп жағдайда адамдар өзіне айтылған сынды дұрыс қабылдай бермейді. Жалпы сын шамға тию үшін немесе әділ баға беру үшін айтылуы мүмкін. Бірақ адам баласы соның бірінші нұсқасын көп жағдайда еске сақтап қалады. Ең бірінші кезекте, бізді не себепті айыптап тұрғандарын түсіну керек. Егер сын дұрыс айтылса, оны көтеру парызымыз. Мұны өзімізге сенімді, ар-ұятымыз бар адам ретінде мойындауымыз керек. Хан қызынан да қателік кететіндіктен, қателігіміз үшін жұрттан жанашырлық күтпегеніміз жөн. Сын айтылған кезде көзді жүгіртіп, кекештеніп жауап қайтару - қателік. [1] «Өмір деген осы, бүгін бар, ертең жоқсың. Сен кетті екен деп өмір-өзен ағысын өзгертпейді» деген нақыл сөзінде адам өз өмірін өзі керемет етіп өткізу керек, ол өзінің қолында деген мағынада айтылса керек. Дүниеге келген соң ендігі өмір сенікі – оны бірақ мектеп қабырғасын аттаған соң ғана сезіне аласың. Оған дейін әке мен шешенің қарамағында, солардың бар тапқанымен өмір сүресің. Мектеп қабырғасын аяқтаған соң ендігі өмір өзіңдікі. Жарқын болашаққа жол бастап өміріңді керемет етіп өткізу өзіңнің қолында. Болашақ ұрпақ сол өмірді жақсы іс-әрекеттерге толтыру керек. Білім алып, оқу оқып, шет елдерді аралап, жақсылықты көруге талпынып, айналасына жақсылықтар жасап, табиғатты



қорғауға арналған игі шаралар ұйымдастырып немесе оларға қатысып өз үлесін қосып кету керек. Міне, сол кезде адамның өмірі «жақсы өмір сүрдім» деген сөзде болады. Ал сен өмірден кеткен соң баз-біреулердің өмірі сол қалпы болады, аққан өзен өзінің арнасын оңайлықпен бұра қоймайды. Сондықтан бар уақытыңда бар жақсылыққа ұмтыл, жоқ уақытта ол да қалар дегім келеді. Жалпы Дінмұхаммед Қонаевтың нақыл сөздері адамды адам қылатын, жаманды жақсы етіп тәрбиелейтін сөздерден құралған. Ол нақыл сөздерін тек өзінің бауырына, туысына ғана арнап отырмады, елім деп соққан жүрегі еліне, халқына арнап отырды. «Баршаңызға бақыт тілеймін. Мына жүйке жұқартқандай қиын-қыстау күндерде иінді төмен салмай, еңсе көтертер күш-қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін. Бәрі бір күнгідей болмайды. Сондықтан, арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық. Ақжарылқап күндер алдымызда! Мен Тәңірі сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Жақсыны да көрдім, жан ауыртқан күндерді де бастан кештім. Ол менің ғұмырым, бірақ, бұл өмірді халықтан бөле жара қараған емеспін. Бозбала шағымда қара бастың қам-қарекеті болса болған шығар, бірақ ат жалын тартып мінген азамат кезден алдыма қойған бар арман, бар мақсат елмен еншілес болды, халқым. Саған қалтқысыз қызмет еттім, аманатыңа адал болдым, соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет етуден танбаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ, ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын. Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес. Жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсірет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма» деген сөзінің өзі бірақ адамды қанаттандырып жіберетіні анық.

Сөзімді қорытындылай келе адамның басшысы — ақыл, шолушысы — ой, жетекшісі — талап, қорғаушысы — сабыр, сынаушысы — халық, таусылмайтыны — арман, ең қымбаттысы — ар сақтау, бәрінен ардақтысы — өмір сүру, соның ішінде ең тәттісі — сыйластық деп Төле би ағамыз айтқандай адам болып дүниеге келген соң жақсы өмір сүріп, жақсы сөздер айтуымыз керекпіз. Осындай қасиеттерді өзінің бойына сіңірген Дінмұхаммед Қонаев өзінің еліне, халқына жақсы тәрбие беретін нақыл сөздер айтып, оларды еңбекке шақырып, жақсылыққа бастар жолдар айтып отырған.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Интернет желісі: <https://massaget.kz/kyizdarga/psihologiya/17314/>
2. Интернет желісі: <https://www.zharar.com/kz/quote/35546-onaev.html>
3. Интернет желісі: <https://oilar.kz/author/176/dinm-hamed-ahmet-ly-onaev>



# СОСТАВЛЕНИЕ ПРАВИЛ ЖИЗНИ В КЛАССЕ НА ОСНОВЕ ЦИТАТ Д.А.КОНАЕВА

**Пугач Владислава Геннадьевна**

*учитель начальных классов*

*КГУ «Средняя школа-гимназия № 9» города Актобе*

**Д**инмухамеду Ахмедовичу Конаеву пришлось работать в разные периоды жизни страны. Его многолетний созидательный труд не прошел даром, позитивный опыт не может быть отброшен, его нельзя терять, многими результатами можно теперь гордиться. Как подчёркивал О.Сулейменов, опыт жизни Д. Конаева, его общение с народом, подтверждает, что нужно родиться талантом и вовремя. Он внес значительный вклад в социально-экономическое и культурное развитие Казахстана. Среди различных дел, простых и сложных, есть дело самое важное. Это воспитание нравственного человека. Возможно, что Динмухамед Ахметович и сам не осознавал, какую первостепенную роль имел в воспитании людей, которые его окружали.

«Мы все были «кунаевцами», - вспоминает Николай Морозов, бывший первый секретарь Целиноградского обкома Компартии Казахстана. – Он воспитывал нас на личном примере. Димаш Ахмедович отличался обязательностью, твердостью в достижении цели и высокой работоспособностью. В любой обстановке он оставался невозмутимым. Все его помыслы были подчинены желанию и стремлению сделать еще больше для народа, для процветания республики» [1, с.337].

Уже с молодых лет Д.А. Конаев, следуя своему жизненному принципу »Жизнь – великий наставник», вырабатывал в себе, по его словам, следующие черты характера: «Доводить начатое дело до конца. Компетентность. И едва ли не главное – умение слушать. Не говорить, а слушать. Ну и, конечно, верить в свое дело, осознавая, что, если ты не сделаешь работу, никакой добрый дядя тебе не поможет. Ты и только ты в ответе за свое дело. Эти правила не я придумал. Я учился у старших товарищей и у самого мудрого наставника - жизни» [2, с.111].

В своей статье я предлагаю один из вариантов составления правил жизни в классе на основе афоризмов Д. А. Конаева. Правила возникли очень давно. А зачем они были нужны? Когда люди жили в пещерах, уже тогда существовали правила. Что-то разрешалось делать, а что-то - запрещалось. Даже в первобытном обществе правила сплочения коллектива уже существовали. Мы должны жить так, чтобы окружающим было легко и приятно находиться рядом с нами.

У каждого учителя есть своё понимание и свои правила, каким должен получиться классный коллектив. Если правильно задать ритм использования выведенных самими детьми правил, то можно избежать многих проблем. Ведь при спорных ситуациях всегда можно обратиться к совместно утверждённым правилам.

«Каждый человек должен знать свою родословную». [3]



**Правило № 1. Берегите семейные ценности.**

Не забывайте о своих предках. Интересуйтесь у родителей историей своей семьи.

«Молодость дана не для того, чтобы расправлять крылья, а для того, чтобы летать, делать чуть больше, чем тебе под силу...»

**Правило № 2. Стремитесь к трудолюбию и знанию.**

Ставьте перед собой цели, пусть пока маленькие и доступные, но достигайте их! А чтобы достичь цели, надо кропотливо учиться. Учёба – это и есть ваш труд.

«Ни телевизоров, ни кафе, ни гастролей знаменитостей — ничего этого не было. И все равно дни катились не серыми буднями, а проходили ярко, празднично»

**Правило № 3. Развивайте свои творческие способности.**

Не бойтесь нешаблонно мыслить, включать воображение, находить новые пути решения!

«Казалось бы, все резервы задействованы, напряжение в коллективах достигло наивысшей отметки, еще чуть-чуть, думалось, и туго натянутая тетива не выдержит, лопнет... Но нет. И в этом я не раз убеждался за свою долгую жизнь: резервы человеческого духа неисчерпаемы»

**Правило № 4. Относитесь позитивно к себе и другим.**

Умение видеть хорошее в себе и в других, повысят вашу самооценку. Вы станете себя чувствовать комфортно.

«Девизом и принципом в работе стало: «Надо — сделаем»».

**Правило № 5. Умейте работать в команде.**

Вместе учиться не только легче, но и эффективнее. Чем щедрее вы делитесь своими открытиями, тем быстрее получаете новые знания и возможности.

«Посты, награды, степени не вскружили мою голову и не могли изменить качества, которые я ставил выше других в своей жизни и работе — простота, честность, принципиальность».

**Правило № 6. Умейте признавать свои ошибки.**

Если что-то пошло не так, возможно надо прислушаться к другим, пересмотреть свою точку зрения. Не бойтесь произнести: «Я был(а) не прав». Признавать свои ошибки может только сильный человек.

«Крупные и сложные вопросы решать не торопился и говорил своим помощникам: «Пусть бумага полежит, завтра будет умнее».

**Правило № 7. Уважайте и доверяйте друг другу.**

От того, насколько вы уважаете и доверяете друг другу, зависит микроклимат нашего коллектива. Доброжелательность друг к другу, взаимное уважение и доверие, чувство удовлетворения и восхищения от совместной работы – это важное условие для комфортного пребывания в школе.

Академик Национальной академии Надилов Надилов говорил: «Димаш Ахмедович обладал глубочайшей культурой в самом широком смысле и проявлял это редкое качество во всем – от общения в быту до государственной стратегии. Он понимал, что развал даже самого большого дела начинается с малого. Порой такого малого, что и увидеть-то не всегда можно. Поэтому он очень пристально




наблюдал жизнь во всех ее проявлениях, глубоко вникал во все, чем жил в годы его руководства народ» [4, с.83].

Я выбрала 7 цитат, которые, по моему мнению, наиболее подходят для реализации проекта «Составление правил жизни класса на основе афоризмов Д.А. Конаева». Конечно, каждая цитата должна быть понята детьми. Для этого важно совместное обсуждение на примерах из личного опыта. Учитель должен ненавязчиво подвести детей к правильному выводу.

#### **Литература:**

1. Морозов Николай. «Великий сын своего народа. Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве. Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: «Санат», 2007. – С.337 ([http://gonzo.kz/blog/2985-10\\_motiviruyuschih\\_tsitat\\_dinmuhameda\\_kunaeva](http://gonzo.kz/blog/2985-10_motiviruyuschih_tsitat_dinmuhameda_kunaeva))
2. Толмачев Г. »50 встреч с Д.А. Кунаевым». – Алматы, 1996. – С.111 ([http://gonzo.kz/blog/2985-10\\_motiviruyuschih\\_tsitat\\_dinmuhameda\\_kunaeva](http://gonzo.kz/blog/2985-10_motiviruyuschih_tsitat_dinmuhameda_kunaeva))
3. «11 жизненных цитат Динмухамеда Кунаева»  
<https://stan.kz/11-zhiznennykh-citat-dinmukhameda-kunaeva/>
4. Надиров Надир. Служение народу (мои встречи с Д.А. Кунаевым) // Личность. Воспоминания о Д.А. Кунаеве /Авторы-составители: Абдраимулы С., Горяйнов А. – Алматы: »Санат», 2007. – С.83. ([http://gonzo.kz/blog/2985-10\\_motiviruyuschih\\_tsitat\\_dinmuhameda\\_kunaeva](http://gonzo.kz/blog/2985-10_motiviruyuschih_tsitat_dinmuhameda_kunaeva))



# СӨЗ МӘЙЕГІН АДАМ РУХАНИЯТЫМЕН ҰШТАСТЫРҒАН ТҰЛҒА

**Жайманова Ақерке Акбергеновна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп»,  
музыка мұғалімі*

**Д**інмұхамед Ахметұлы Қонаев – қазақ тарихында көрнекті мемлекет қайраткері, үш мәрте социалистік еңбек ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы ретінде ғана емес, сөз мәйегін адам руханиятымен ұштастырар тұлғалардың бірі ретінде танылды.

Қазақ халқының басына түскен қиыншылықта ұтымды шешім қабылдап, билік басында орын алған қарама-қайшылықтарды шешіп, ұлттық идеологияны сақтай білді. Академик елдің тек ішінара жұмыстарын ғана емес, ел билігінің басты тұтқасын тұтастықта сақтап, экономиканың қыр-сырын жандандырды. Металлургия саласының белестерін бағындырып, Бүкілодақтық көлем бойынша әр химиялық элементтің қайнарын өлкеде жандандыра алды. Мемлекеттің кен қорының дамуын ғана емес, асыл сөздің көркемін де жанына жақын тұтты. Ғалымды «қара сөздің қаймағына» теңесек те артық емес. Өйткені, әрбір айтқан нақыл сөзі өткен шақтың ғұламаларының сөзімен астасып, бүгінгі жастарға тәрбиелік сөздің рухани құндылығын сыйлап отыр.

Ғалымның «жиырмасыншы ғасыр таңғажайып ғасыр, тарих үшін қызықты, ал замандас үшін қасирет ғасыры» атты сөзінен – ақ өткен тарих пен бүгінгі өмірдің болмысын ұштастыруға болады. Мәселен, тарихтың ызғарлы күндері ел есінде мәңгі сақталғанмен, оқиғаның басы – қасында болмағасын, кейбір жандар бастан кешкен тарихи оқиғаның қадір қасиетіне жетпеуі мүмкін. Сол секілді, ғалымның айтқан астарлы сөзі халықтың құлағында қалған «қолда бар алтынның қадірі жоқ» секілді сөздердің астарымен мағыналас. Жиырмасыншы ғасырда өткен таңғажайып тарихи оқиғалар ақ парақ беттерінде, әрі өмір парақтарында алтын әріптермен жазылды.

Сонымен қатар, ғалымның «жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу үшін берілген» делінген. Шындығында адам арманына жетуі үшін екі тізгіннің жолынан адаспауы керек. Оның бірі – білім алуға ұмтылу болса, енді бірі – еңбек. Сонда ғана адам баласы қалаған арманын алақанына қондыра алады. Бұған дәлел дана, әрі дара ақын Абай атамыздың мына сөздері еске түседі.

«Түбінде баянды еңбек егін салған,

Жасынан оқу оқып, білім алған» деген сөзі өткен ғасырдың ақынын, XX ғасырдың ғалымын, әрі бүгінгі күннің төңірегін байланыстырып отыр. Еңбек ете отырып, өз шарқыңның деңгейін жете білуін тиіс. Бес жаман істің бірі – жалқаулықтан ада болып, өмір ағысымен талпынысың мен қара терің бір қазанда астасуы керек. Сонда ғана өміріңнің басты көкжиегі айқындалады.





Ғалымның көп нақыл сөздері еңбектің шеңберінен алыстамаған. Соған қарағанда металлургтің еңбекке деген күш – қайраты биік болса керек. Әрі, маңдай термен еңбек ете отырып, жиналған дүниенің уақытша екеніне де көз жүгірткен. Бұған ғалымның мына сөздері дәлел.

«Дүние түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз болып кетуі әп – сәтте». Шындығында бұл уақытша дүние де атақ та, билік те, дүние де әп – сәтте қолдан ғайып болып кетуі мүмкін. Әрбір адам барын бағалауы тиіс. Кейде өмірді дүниемен шатастырып, дүниеқоңыздылық танытып жататын жандар да жетеді. Бұл айтылған сөздерді Александр Македонскийдің дүниеқоңыздылық сипатымен және Жүсіп Баласағұнидің еңбегімен байланыстыруға болады. Ескендір Зұлқарнайын маңайындағы жерлерді жауыздықпен жаулап, барлық мекенді өз құзіретіне алғысы келген. Тойымсыздық танытып, жалған дүниенің арбауына түскен. Бірде кезекті жерді жаулар кезде, қақпа ашылмай, қақпаның ар жағынан қу сүйек қана беріледі. Оны түсінбеген Ескендір ақылшысы болған Аристотельден көмек сұрайды. Аристотель болса, бұл сүйектің берер мағынасы орасан зор екенін айтып, адам фәни дүниеде мәңгілік емес екенін, осы сүйек секілді сен де өмірден озып, сүйегің жер астында құрап қалатынын айтқан. Я, шындығында адам баласы бұл жалған дүниеде уақытша өмір сүреді. Дүниеқоңыздылық, мақтаншақтық, тәкаппарлық сынды жаман қасиеттерден ада болып, адал өмірдің жолымен жүруі тиіс. Дәл осы сөздерді Орта ғасырдың көрнекті ғұламасы – Жүсіп Баласағұнидің «Құтадғу білік» еңбегімен байланыстыруға болады. Дастан көне түрік тілінде жазылған, түркі тектес халықтардың ортақ қазынасы. Бұл дастан мен Дінмұхамед Ахметұлының сөзін не байланыстырады?

Ғалым өз сөзінде дүниенің уақытша екенін жеткізсе, поэмада билік басындағы патшалардың озбырлығы, тойымсыздығы мен қатар Ордгүрміштің дүниеден алыстап, өмірдің маңызы билікте емес екенін жеткізгісі келеді. Мәселен, дастан тек қана билік басындағы патшалар туралы ғана емес, сол заманның мінез – құлқын, болмысын, тарихи жолдарын аша білді. Ордгүрмішке билік басына келуін сұрағанда, ол бірден бастартып, дүниенің уақытша екенін, денсаулықтың ең бірінші орында болуы керек екенін айтады. Дана қазағымыз да «денсаулық – зор байлық» деп бекер айтпаса керекті.

Дінмұхамед Ахметұлын, Ескендірді, Ордгүрмішті байланыстырып отырған қандай мәселе?

Арадағы тарихи жылдар өз уақытын алса да, өмірдің мәні ешқашан өзгермейді. Өйткені, дүние түгілі, өмірдің өзі уақытша! Данагөйіміз айтқандай дүние қазір болғанымен ертең жоқ. Ескендірдің бейнесіндей ертең біздің бұл жалған дүниеде сүйегіміз ғана қалады. Әрі, Ордгүрміштің сөзіндей билікке қызықпай, адам әрбір жолын адал басып, денсаулығын биліктен жоғары қоюы тиіс. Сонда ғана өз өміріңнің тура жолшысы атанасың!

Ғалымның нақыл сөздерін қара өлеңнің жолдарымен де ұштастыруға болады. «Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кішіліктен туады» атты нақыл сөзі Абайдың «Жүрегім менің қырық жамау» өлеңімен мағыналас. Қазір қоғамда кішілік танытпай, адамгершіліктен ада болып, бірін – бірі ғайбаттап, жүрекке қаяу салар жағдайлар да орын алып жатыр. Ол – кішілік пен кішілікке жат қасиет.

*Жүрегім менің қырық жамау,  
Қиянатшыл дүниеден.  
Қайтып аман қалсын сау,  
Қайтқаннан соң әрнеден.  
Өлді кейі, кейі – жау,  
Кімді сүйсе бұл жүрек.  
Кімі – қастық, кімі – дау,  
Сүйенерге жоқ тірек.*



Расында, бұл өмірде кішілік қана емес, адамгершілік алаңында кісілікте қатар сипатталуы тиіс. Деседе, өмірде кім – қас, кім – жау екенін айқындай алмайтын сәттер де болады. Ең бастысы, өз өміріңнің әлегімен өмір сүрген дұрыс. Сонда ғана ғалымның нақыл сөзіндегідей еңбекке талапшыл, өмірге деген ұмтылысың жоғары, дүниеден ада, адамдарға дос, білімге құмар, жақыныңа адал бола аласың. Аталған рухани қасиеттердің қазынасын қара сөздің мәйегін тамызған, қара сөздің қаймағын жанына сіңірген ғалымның болмысынан байқауға болады.

Ғалым тек өз саласының үздігі ғана емес, «Құтты білік» дастанындағыдай билік басының адал тура жолшысы бола білді. Ел билігі жолында ұтымды шешім қабылдап, мемлекетіміздің бүгінгі тәуелсіз болмысын қалыптастыруға өз үлесін қосты. Өз заманында ғылымның қыр - сырын дамытып, басқарушылық қызметін әділ атқарып, тұлғалық болмысын үлгі болардай қалыптастырып, қара сөздің мәйегін болашақ жастар үшін айтып кетті. Ғалымның аты өлгенмен, қалдырған тарихи еңбек жолы мен жазған нақыл сөздері халық жадында өлмеді. Қара сөздің қаймағын келтірер дана, әрі дара тарихи тұлғаларымыз ел жадында мәңгі сақтаулы!

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. ҚазССР. Қысқаша энциклопедия, 2 – том. Алматы – 1987.
2. <https://bilim-all.kz>
3. <https://islam.kz>
4. «Мөлдір бұлақ» жас зиялыларға арналған танымдық журнал
5. <https://abai.kz/ақпараттық/порталы>
6. Отырар.Энциклопедия. - Алматы. «Арыс» баспасы, 2005 ISBN 9965 – 17 – 272 – 2
7. [kk.m.wikipedia.org](http://kk.m.wikipedia.org)



# «ҒАЛЫМ ӨЛСЕ АРТЫНДА ХАТЫ ҚАЛАР, ЖАҚСЫ ӨЛСЕ АРТЫНДА АТЫ ҚАЛАР»


**Жолманова Аймкуль Клышбаевна**  
*Ақтөбе қаласы «Ғ.Ақтаев атындағы  
№6 мектеп-гимназиясы»  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Қ**азақ халқының ұлттық өзгешеліктері мен өзіне тән қасиеттері өте көп. Олар ең алдымен әдептілік, қонақжайлылық, инабаттылық, адалдық, сыпайылық, тағы басқа адамгершіліктің асыл нышандары. Осындай ізгі қасиеттердің барлығы, менің ойымша, Д.Ахметұлының бойынан табылатындай. «Ғалым өлсе артында хаты қалар, жақсы өлсе артында аты қалар» деп дана халқымыз айтқандай, жақсы аты да, жазған хаты да қалған Д.А. Қонаевтың шығармаларының ішінде нақыл сөздерінің алар орны ерекше. Ол нақыл сөздері Отанды сүйеге, құрметтеуге, ел үшін еңбек етуге, адалдыққа, бірлікке, ананы құрметтеуге тәрбиелейді.

Д.Қонаевтың нақыл сөздерін талдауды мына бір сөздерінен бастағым келіп отыр: «Жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу, жұмыс істеу үшін берілген». [[https://bilim-all.kz.](https://bilim-all.kz)] Не деген ерік-жігерге толы сөздер десеңізші! Жастық шақта ел үшін еңбек етіп, күні-түні тынбаған жігерлі жас бола білген жастың сөзі бұл. Адамның сөзі мен ісі бір болу керек және бұл қағиданы Д. Қонаев ұстана білді. Жастарды да өзіндей болуға шақырды. Соғыс жылдарында қызмет жасаған жас Дінмұхамедтің екі сағат қана демалғанын, қалған уақытта үнемі жұмыс жасағанын бауырлары өз естеліктерінде баяндапты.[2. 8-б] Демек, сонау балаң шағынан бастап еңбекке ерте араласқан ол елді еңбекқор болуға шақырды.

Өле өлгенше ақ жолдан айнымай адалдықтың туын желбіреткен Д.Қонаев: «Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын. Адамгершілік деген асыл қасиетті аласартып алмасақ екен. Өмір өзегі осы, азаматтық жол да осы», - деп, өмір бойы адамгершілігі зор азамат болуды насихаттайды. [[https://bilim-all.kz.](https://bilim-all.kz)] Қандай да бір жағдай болмасын ақиқаттан аттауға болмайтындығын, әділ болу керектігін айтыпты. «Абай айтқандай, өмірдің алды - ыстық, арты - суық. Сондықтан ақиқаттан аттау келіспейді, ақ сөйлеп әділін айтқан жақсы», - дейді. [[https://oilar.kz.](https://oilar.kz)] Тіпті Д. Қонаев өзінің кітабының атауын да «Ақиқаттан аттауға болмайды» деп атапты. Адамгершіліктің ақ туына дақ түсірмей, өмірінің соңына дейін елінің барлық іс-шарасынан қалыс қалмай араласып, үн қосып отырыпты.

Д. Қонаевтың нақыл сөздерінде негізінен ел үшін адал қызмет ету жөнінде басым айтылады. Өйткені өзі де басқару қызметтерінде қырық жыл, ал бірінші хатшылықта жиырма бес жыл еңбек еткен болатын. «Ұлық болсаң кішік бол» деп бабаларымыз айтқандай, ұлық болып ел басқара жүріп, кішіпейілділігімен, бауырмалдығымен халқына жақын болған. Мысалы мына бір сөзінде: «Билікке



көтерілдім, бірақ халқымнан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам - ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім», - дейді. [2. 36-б] Қандай ойлар десенізші. Үнемі халқын өзінен биік ұстапты. Менің қуанатыным, қазір халқы да сүйікті ұлын биік ұстауда, құрметтеуде. Соның дәлелі - Қапшағай қаласына Қонаевтың есімінің берілуі, мерейтойларының атап өтілуі.

Ұлт мүддесін қорғап, намысты, рухты көтеретін, ез болмай ел болуға тәрбиелейтін нақыл сөздері де аз емес. Солардың бірі А.Асқаровқа айтқан сөздері: «... қолыңнан келгенше қазақты жылатпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой..., біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек». [<https://oilar.kz>.] Қазақтың рухын, намысын сақтау дегеніміз - қазақшылығымызды, ұлттық құндылығымызды сақтау деген сөз. Бұл ұғымдардың аясы өте кең де ауқымды. Ел басқаратын адам елді жылатпай, қорлыққа бермеу керектігін айтып отыр. Осы сөздерді өзі айтты және өзі осы сөздерін орындай да білді. Оған дәлел мыңдаған еңбекшілердің естелік әңгімелерде айтылғандай, кез келген қарапайым халықтың мүддесін қорғауы, оларға жанашыр болуы, жағдайын ойлауы.

Д.Қонаевтың нақыл сөздерінің ендігі бір саласы отбасы татулығын сақтау, әйел-ананы құрметтеуге арналыпты. «Әйел – ана! Әйел – адал жар! Әйел – қоғам қайраткері, өнер шебері! Әйел – еңбеккер!»,- дей отырып, әйел – ананың орнын биікке көтереді. [2. 35-б.] Анасыз батыр да, ақын да, махаббат та болмайтындығын айтыпты. Айтып қана қоймаған оны өз ісімен дәлелдеген. Мәселен, сол кездегі атақты механизатор әйелдері Кәмшат Дөненбаева, Наталья Геллерт, ұжымшар бастығы Зылиха Тамшыбаеваны марапаттап, қолынан келген жақсылығын жасаған. Бұдан біз Д.Ахметұлының сөзі мен ісінің арасында бірлік бар екендігін көреміз. Қазіргі заманда сөз бен істің арасында байланыс жоқ. Сөз жүзінде бөлек. Іс жүзінде бөлек. Қағаз жүзінде бөлек. Демек, бұдан шығатын қорытынды адамның сөзі мен ісінің арасында бірлік болу керек. Д. Қонаевтың әрбір нақыл сөздерін оқыған сайын өзі жасаған әрекетінен ойға түйгендерін кейінгі ұрпаққа үлгі етіп айтқан ба деген ойға қаласың. Оған тағы бір мысал елу жыл, алты ай, екі күн отасқан аяулы жары Зухра Шәріпқызының әруағына бағыштап «Өтті дәурен осылай» деп аталатын естелік-эссені жазуы. Перзенттері болмаса да сүйген жарына адал болып, елу жыл бірге сыйластықта өмір сүрулері қазіргі жастарға үлгі боларлық жай. Қолына азғантай ақша түссе немесе мансапқа ие болса қонақүй аралап қыдырып, қыз-қырқынды мазалап, бірнеше әйел алып «мас болып» жүрген жастарға, ел ағаларына үлгі боларлық әрекет.

Ал келесі бір нақыл сөзінде Қонаев атамыз жар таңдаудың үлкен бақыт екенін аңғартыпты. «Жалпы жар таңдау, үй болу – есі дұрыс адамға бір-ақ рет берілетін бақыт. Ол бақытты баянды ету біздің өзімізге байланысты. Өмірге сергек қарау осы от басынан, оның түтін түтетері – сүйген жарыңды сыйлаудан басталады», - дейді. [2. 36-б.] Үйлене салып ажырасып жүрген қазіргі жастарға үлкен ой салатын сөздер. Отбасының жақсы сыйластықта өмір сүруі екі жаққа да байланысты екендігін керемет жеткізген.

«Бұл өмірді халықтан бөле жара қараған емеспін. Бозбала шағымда қара бастың қам-қарекеті болса болған шығар, бірақ ат жалын тартып мінген азамат кезден алдыма қойған бар арман, бар мақсат елмен еншілес болды, халқым. Саған қалтқысыз қызмет еттім, аманатыңа адал болдым, соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет етуден танбаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ, ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын. Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес. Жұмыла көтерейік. Екін-




шіден, тату үйге тақсірет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесен, өзгеге жамандық қылма...», - дейді. [<https://oilar.kz>.] Үрейленбеу, сенімді жоғалтпау, ауызбіршілікте болу, біреуге жамандық жасамау. Нағыз қазіргі заман жастарына қажет өзекті ойлар. Осы нақыл сөздерді оқып, ғибрат алар оқырман жастар мол болса ғой, шіркін.

Д. Қонаевтың нақыл сөздерінің ішінде қазіргі тілмен айтқанда халыққа мотивация беретін сөздері де бар: «Баршаңызға бақыт тілеймін. Мына жүйке жұқартқандай қиын-қыстау күндерде иінді төмен салмай, еңсе көтертер күш-қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін. Бәрі бір күнгідей болмайды. Сондықтан, арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық. Ақжарылқар күндер алдымызда!», - дейді. [<https://www.zharar.com>.] Заманыңда қаншама қаралау мен жаланы көрсе де мойымайды, жасымайды. Иә, жақсылыққа толы күндер әлі алдымызда. Келер күндерден жақсылық күтейік. Дінмұхамед ата айтқандай, «Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау». [<https://bilim-all.kz>.] Үйренейік, үйретейік. Сонда ғана біз адами құндылықтарды бойына жинақтаған жаңа Қазақстанның жаңа азаматы боларымыз ақиқат.

Қазіргі уақытта атқа мініп, ел тізгініне ие болып жүрген ел басшыларына Д.А.Қонаевтай жомарт жүректі, биік парасатты, қайырымы мол, адал да іскер азамат болуды қалар едім. Ойымды заңғар жазушы І. Есенберлиннің сөзімен қорытындыламақпын. «Көрнекті адамдар елдің бағына, не сорына туады» деген ескі мақал бар. Димаш Ахметұлы болса туған елінің бағына туған адам және біздің әрқайсысымыз үшін айрықша ыстық. Әсіресе ол өмірі қауіп пен қатерде жүрген адамдарға тіпті алабөтен жақын сияқты. Оның басты қасиеттері адамсүйгіштігінде, әдептілігінде, биік адамгершілігінде, нақтылығында, істі терең білуінде. Оны өзгелерден ерекшелендіріп тұратын қасиет ғажайып даналығы болса керек. Ол өз ісі арқылы халқының шынайы сүйіспеншілігіне ие болды, оның аты өзін шексіз құрметтейтін ұрпақтарының жадында мәңгі қалады» [1.451-б]

### Әдебиеттер тізімі:

1. Серік Әбдірайымұлы құрастырған. «Елу жыл ел ағасы». Естеліктер, сыр-сұхбаттар, жыр-толғаулар, эсселер, қызықты хаттар мен тың деректер, фотошежіре. Алматы; «Санат», 2002 жыл.
2. Б.С. Асанова құрастырған. «Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия. «Мұхиттан өткен қайық» Алматы; 2011 жыл.
3. <https://bilim-all.kz>. сайты
4. <https://oilar.kz>. сайты
5. <https://www.zharar.com>. сайты



# ПАНАМ ДА – ЕЛ, ДАНАМ ДА – ЕЛ

**Тұрлан Диана**

*Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданы*

*«Мұғалжар жалпы білім беретін*

*орта мектеп» КММ*

*10 класс оқушысы*

*Жетекшісі Букенова С.С.*

**А**лдымен әңгіменің әлқиссасын мынадан бастасақ. Жасыратыны жоқ, бүгінгі таңда қазақ жастарын әлеуметтік желі тәрбиелеп жатыр. Отбасының, мектептің тарапынан беріліп жатқан тәлім-тәрбиеге қарағанда Тик-Ток пен Инстаграмның күші әлдеқайда басым болып кетті. Ал ондағы ақпараттардың ешқандай сүзгіден өтпейтіні белгілі. Нәтижесінде жастар жеңіл әрі жылтыр дүниелерге әуестене түсті. Кітап оқу, тарихпен таныс болу, мәдениетке мойын бұру сияқты рухани танымдар шетке ысырылып қалып жатыр. Шындап келгенде бұл – біздің кемшін тұсымыз. Бұл олқылықтың орнын толтыра аламыз ба? Толтыра алсақ қалай?

Тақырып Димаш атамыз туралы бола тұра әу дегенде әлеуметтік желі туралы әңгімені неге қозғады деп отырған боларсыз? Себебі бүгінгі жастарға дәл осы қазақтың кемеңгер ұлы, өз заманының заңғар саясаткері, мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхаммед Қонаев атамыздың нақыл сөздері жетпейтіндей көрінеді. Оның бізге қарапайым сүрген өмірі мен атқарған еңбегі ғана емес, әр тұста орнымен ойып тұрып айтылған сөздері де өз алдына үлгі болатыны анық. Ол кісі осы күні біздің арамызда өмір сүріп жатқан болса не дер еді? «Жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу үшін берілген» деген сөзін ауырдың үстімен, жеңілдің астымен жүретін, қара жұмысқа қауқарсыз, еңбекке ебедейсіз қыз-жігіттерге қарата айтар еді. «Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды» дегенді ана тілді шұбарлап, ала тілге айналдырып жүргендерге тікелей жеткізер еді. «Өмірдің екі тірегі бар. Үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау» деген сөзін жалқаулықты ту еткен жандарға жанашырлықпен айтқан болар еді. Осы тұста Социалистік Еңбек Ері атанған Оразәлі Қозыбаевтың «Ол кісінің білмейтіні кемде-кем еді. Өсіп келе жатқан жастарға айрықша назар аударатын. Сұрайтын. Біліп танитын. Сосын соған қамқор болып жүретін. Мен оны өз басымнан білемін» деген сөзі мұныма дәлел бола алады.

Шындығында Қонаев атамыздың әр сөзінің астарында үлкен мән-мағына жатыр. Бұл оның білімділігімен, көрегенділігімен астасады. Қайсыбір нақылын алмасақ та жастарға үлгі боларлық тұсын табу қиын емес. Мәселен, Д.Қонаев қанша жыл билік басында отырса да артық дүние жинамаған, қарапайымдылығынан танбаған кісі болғаны белгілі. Сөйте тұра ол: «Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да – ел, данаң да – ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім», – дейді бір сөзінде. Мұнысымен ол өзінің елге, жерге деген махаббатын айқын көрсете алып тұрса, енді бірде «Елдің наласын қара





басының бір күндік рахатына айырбастап кетуден асқан сатқындық болмас. Сақтансаң осындайлардан сақтан, болашақ!» дегенді айтады. Бұл ойымен ол өзінің Отанға деген адалдығын анық білдіріп тұр.

Қоғам қайраткері Асанбай Асқаровқа да: «Орысты ренжітсең Мәскеуге шабады, қазақты ренжітсең қайда шабады? Өзіңнің алдыңа айналып келеді, Асанбай. Орыстың артында тұрған Мәскеуі бар. Қазақтың артында Мәскеуі жоқ, қазақтың Мәскеуі – біздерміз, Асанбай, қолыңнан келгенше қазақты жылатпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін иісалмас, ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой, біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек», – деп айтқан жігерлі сөзі тағы бар. Мағыналы сөз бе? Мағыналы сөз. Жас буынға ғибадат бола ала ма? Бола алады. Адамға жігер бере ме? Береді. Онда неге ол кісінің айтқан ойларын жас ұрпақтың санасына барынша сіңіруге тырыспаймыз? Біз сол арқылы ұлттық сана-сезімді қалыптастыра білуіміз қажет. Ұлттық сана-сезім – бұл туған-туыстың, ағайын жұрттың жағдайын емес, ең алдымен ұлтыңның қамын ойлау деген сөз. Осылайша жастардың бойында ұлтжандылық қасиетті тәрбиелеуіміз керек деп білемін. Әрбір жас ұрпақ ұлтжанды азамат болуы тиіс. Ол ең алдымен «елім, жерім, ұлтым аман болса екен» деп ойлай алуы шарт. Ол үшін біз есімін тілге тиек етіп отырған тарихи өр тұлғаның ойлы сөздерін жадымызда сақтай алуымыз қажет.

Осы жұмысты жазу барысындағы зерттеуімнің нәтижесінде мен мынадай бір жаңалықты байқадым. Ол – Дінмұхаммед Қонаевтың әр түрлі кезеңде айтылған нақыл сөздері мен қазақ мақал-мәтелдерінің арасындағы ерекше ұқсастық. Мәселен, Қонаев «Абай айтқандай, өмірдің алды-ыстық, арты-суық. Сондықтан ақиқаттан аттау келіспейді, ақ сөйлеп, әділін айтқан жақсы» десе, қазақ халқы «Ақиқат сөзде алалық жоқ», «Әділдікке жығылмайтын адам жоқ» немесе «Әділет тілесе, атаңның да айыбын айт» деп айтады. Ол кісі «Адамға жазаның ең үлкені – жұмыссыз қалдыру» дегенді айтса, қазақта соған сәйкес «Қолыма жұмыс бергенің, жаныма тыныс бергенің», «Жақсы болар жігіттің, Жұмыссыз жүрген күні жоқ. Жаман болар жігіттің, Еш жұмысқа қыры жоқ» деген мақал бар. Қонаев атамиздың «Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кісіліктен де туады» деген сөзі қазақтың «Кішіпейілділік – кішілік емес, кісілік» деген мақалмен астасып жатыр. Сондай-ақ «Әйел – ана. Әйел – адал жар. Әйел – қоғам қайраткері, өнер шебері. Әйел – еңбеккер. Осылай жалғастыра беруге бармын. Бірақ мен М.Горькийдей тауып айта алмасым анық. Шынында да әкемнің мақтан тұтарының бәрі анадан туған. Күнсіз гүл шешек жармайды, махаббатсыз бақыт болмайды. Ал әйелсіз махаббат жоқ, анасыз ақын да, батыр да болмақ емес» деген сөзі қазақтың «Әйелі азған елдің ертеңі жоқ», «Әйелсіз үй – сусыз диірмен», «Әйел – үйдің ажары, бала – үйдің базары», «Әйел – үйдің көркі, еркек – түздің көркі» деген ойымен пара-пар. Мұның бәрі Қонаевтың бүйрегі қазаққа ғана бұрып, жүрегі қазақ деп қана соққан азамат болғанын тағы бір аңғартатындай. Ендеше жоғарыда айтып кеткен олқылықтың орнын толтыру мақсатында ол кісінің осынау мағыналы нақыл сөздерін кейінгі ұрпаққа неге насихаттамасқа?

Қорыта келгенде айтарым, осыған дейін жүргізген шағын сауалнаманың нәтижесі қатарластарымның Д.Қонаев сөздерінің мазмұны, мәні туралы аса біле бермейтінін көрсетті. Осы мақсатта Қонаев атамиздың өнегелі өмірі тұрақты түрде насихатталып, оның нақыл сөздері оқулықтарда лайықты орын алуы тиіс деген ұсыныс айтқым келеді. Осы арқылы жас ұрпаққа жаңаша насихат, жаңаша көзқарас енгіземіз. Дұрыс мінез бен әрекетке бағыт-бағдар береміз. Әдептілік, имандылық, мейірімділік, қайырымдылық, ізеттілік, қонақжайлық құндылықтарын қалыптастырамыз. Ендеше ұлтқа үлгі болған нар тұлғамыздың ісін ғана емес, ойлы сөздерін де ұлықтауды үйренейік. Себебі Жаңа Қазақстанға жол салатын тағы бір баспалдақтың осында жатқанына сенімдімін.



**Әдебиеттер тізімі:**

1. «Мұхиттан өткен қайық», Алматы, 2011. 36 бет.
2. С.Әбдірайымұлы «Самғау: ой-толғаулар, сыр-сұхбаттар, эсселер», Алматы, 2008. 360 бет.
3. Интернет сайттары



# АҚЫЛДЫДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ.....

**Ысқақ Диляра Қанатқызы**

*Ақтөбе қаласы «Жас туристер стансасы» КММ  
қосымша білім беру педагогы*

**Ө**зектілігі: «Өткеннің арбасы алысқа бармайды» ескірген, тозған дүние – уақыттың құрбаны. Бірақ ескісіз жаңа болмайды. Оның тәлімінсіз, ащы сабағынсыз ертеңгі күннің қасиеті танылмайды. Бүгінде, өз өмірін тарихи танылым қылып, халқының жанашыры болған тұлғаның тұнғыық ойын, нақыл сөзін ғұрыптау жас ұрпаққа жеткізу қоғамның қасиетін дәріптеу.

Жер бетінде қара сөз бен қара өлеңді қадірлеген қазақтай ұлт жоқ болар. Қазақта қара сөздің қаймағын сүзіп, ұлт өркениетін дәріптегендер қаншама?! Оның алдыңғы буыны дініміз бен тілімізді саралап, сүт бетіндегі қаймағын сүзгендей ең асылын келер ұрпаққа мұра қылған Шәкәрім болса, орта ғасыр ширегінде ұлт данасы болған Абайдың қара сөздері ұлт үшін, тектіліктің айнымас белгісіне айналған-тын. Сан жылдар толқынысында, ұлтымыз үшін небір қиын – қыстау кезеңдер болды, тарихымыз бен тілімізді сақтауда ұлтшыл зиялыларымыз жан кешті. Өз заманында ұлттық құндылық пен бірге ұлт бірлігін сақтаған, еліміздің тыныштығы мен даму үдерісінде үздіксіз қызмет қылған, қазақ үшін сөнбес жарық болған зиялы,

Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев.

Ұлт тарихын зерделеуде кейінгі өскелең ұрпаққа ата тарихымыз бен оны жасаушы тұлғалар туралы, олардың артында қалған мұрасы мен келелі ой-тұжырымдарын зерттеп жеткізу, ұлт перзенттерін ұлықтау – абыройлы парыз. Қазақ зиялы қауымының өкілдері біздің қоғамымызда шоқ жұлдыздың жарық шоғырын құрайды. Үнемі үрдестік дамуға ұмтылып отыратын қоғамның тынысына өздерінің ой – интеллектісімен, нақтылы тұжырымдарымен ықпал ете алатын негізгі күш – зиялылар қауымы. Осы орайда қазақ үшін сөнбес сәуле болған Дінмұхаммед Қонаевтың ұлттық құндылықта елдің бірлігі мен мәртебесін көтеріп, елі үшін қызмет қылып қана қоймай, жарық сәуледей еліміздің болашағы үшін жазып қалдырған қара сөздің қаймағы болған нақыл сөздерін кеңінен тарқатсақ. Дінмұхаммед Қонаевтың ұлттық құндылықтағы жанашыр көзқарасы, бүгінде толық жеткізілді ме? Оның ел ынтымағын сақтауда, ұлттық қазына етіп қалдырған нақыл сөздері, ұлттық мүддені иелене алды ма? (1)

Дінмұхаммед Қонаев қалдырған нақыл сөздер халықтың тіршілік болмысына, ұлттық негіз болды. Оған «аталы сөзге арсыз тоқтамас» деген сөздің өзі дәлел болар. Штернберг «қазіргі заманның бас түркологі, түркі және Орта Азия халықтарының тілі туралы ғылымның Колумбы» деп бағалаған, Василий Васильевич Радловтың өзі қазақтардың шешендігі туралы: «Қазақтар... мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Ойын дәл, айқын ұғындырады. Ауыз екі сөйлеп отырғанның өзінде сөйлеген сөздер ұйқаспен, ырғақпен келетіндігі соншалық, бейне бір өлең екен деп таң қаласын»-деп, баға берген. Бәріміз көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері



деп білетін Дінмұхаммед Қонаев атамыздың ертеде өткен қазақтың небір даналарының, ақын-жырауларының нақыл сөздерін жатқа айтқанын біреу білсе, біреу білмейді. (2)

Атамыз сол нақыл сөздерін жатқа айтып қана қоймай, ғибраты мол ғұмырдан ұрпақ түйер ұлағат аз емес нақыл сөздерді жазып та қалдырған.

Ендеше, сол сөздердің үш-төртеуіне көз жүргіртсек:

«Өмір-өзен. Асып та, тасып та жатады. Сабасына түсіп, бір қалыппен де ағады. Бірақ, онда тоқтау жоқ», -деп өмірді өзенге теңей отырып, оның кейде адамды биікке көтеріп те, төменге түсіріп те сынайтынын, кейін сол сынақтардан кейін бірқалыпты, тыныш өмір келетінін әдемі суреттейді. Бірақ, өмір деген сол өзен секілді бір орында тұрмайтынын, берілген уақытты пайдаланып қал деген ойды астарлап жеткізеді. Сондай-ақ, «өртті сөндіруге қарағанда - оны тұтатпау ерлік», ертеде әу демеитін қазақ жоғы секілді ақылды, сөздің қадірін білетін ерлер мен қыздар көп болған. Сондай ақылды жандар көптеген істердің алдын алып, бір ауыз сөзбен, ақылмен шешіп отырған. Немесе ақылды ерлер өз қателерін мойнына алып, қанша ауыр болса да жауапкершілікпен, кешірім сұрап кішірейіп, құн төлеген. Бұл сөздің астарында ашуыңды ақылыңа жеңдір деген нақыл жатқандай, ашумен бәрін бүлдіріп кейін дұрыстағаннан, алдын алып ашуыңды тізгіндей білген ерлік дейді. Атамыздың көп сөзі астарлы, мән мен мағынаға толы сол себепті де болар кейбірін бір оқығаннан түсіне қою да, қабылдап, айтар ойын тарқату да қиындау. Мысалы: «билік оңай да,біліп айту қиын», - дейді. Бұл сөздің мағынасы билікке қандай жолмен болса да, қол жеткізуге болады, бірақ оны ұстап қалу қиын деген секілді. (3)

Адамның билік басына келгеннен кейін шынайы келбеті ашылады, білімі, тәрбиесі, стратегиясы көрінеді, халықтан баға алады. Негізінде биліктің сыртынан сөз айту оңай, қолыңда билік жоқ та, билік оңай, тигенде қиын дегенде болуы мүмкін. Бұрын билік айту би-шешеннің мойнындағы іс болса, кейін әсіресе КСРО кезінде билік көрінгеннің ермегіне айналғандай. «Адам айнасы-адам» адам адамға қарап өзіне баға береді, сол арқылы өседі. Немесе бұл сөзді «сен маған досыңды көрсет, мен саған кім екеніңді айтамын» дегенге келетін секілді. Адамды адам арқылы танысың яғни, жаныңдағы жолдасың сенің - айнаң. Өзің қандай болсаң, досты да сондай етіп таңдайсың. «Бітімі қисық ағаштың көлеңкесі де өзіндей болады», - дейді. Сен қисық болсаң, сенің достарың да, сенен тараған ұрпақта сондай болады дегені ғой. Атамыздың ойы тереңде өзгені тәрбиелеместен бұрын өзінді тәрбиеле, өзін қисық болсаң балаңды түзеу етемін деп әуре болма дегенді әдемі жеткізгені ғой. (4)

«Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті», бәріміз ата-анамыз немесе ағаларымыздан не көрсек соны жасаймыз. Жақсы, тек отбасы ошақ қасымен қысқа қайырмай кең ойланып көрейікші. Өзі де биліктің дәмін тата отырып, артына ұялмастай із қалдырған атамыз өзіне дейінгілерден кешегі күннен үйренген, демек болашақта ұрпағың кері кетіп жатса, бір қателік көрсең ол қателікті өзіңнен ізде дегенді меңзеп тұрғандай. Себебі, бүгінгі олар кешегі сенің ісіңді көріп өскендер, соның жемісі деп тұрғандай.

«Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер.Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім», -дейді биліктен кетсе де, ел атамызды ерекше құрметтеген. Тіпті сонау 1986 жылғы желтоқсанда Димаш Ахметұлының қызметтен босатылуына қазақ жастарының көтеріліспен жауап беруі оның халық арасында қаншалықты беделге ие болғанын айқын көрсетті. Халқымыздың арыстай азаматын халқы шын сүйетінінің көрінісі болды. (5)




Біздің қазіргі тілегіміз Дінмұхаммед ағамыздай жастардың көбейгені. Нақыл сөздерін жаттап, оқып тәлім-тәрбие алып, өмір жолы мен биліктері істерін біліп сол кісіге ұқсасам деген ой туса екен, ұқсап бақса екен деген тілек. Ағамыздың өзі де «қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды», -дейді. Қазіргідей еліктеушілік көп заманда өзіміз ата-бабамызан келе жатқан салт-дәстүрді ғана емес, тілімізді де жоғалтып бара жатқандаймыз. Қанға сіңгенді қасиеттеп, қастерлемсек бізді өзгеден ерекшелейтін ұлтымызға тән құндылықтарымыз қалмай, тілі мен ділін жоғалтқан елге айналмауымызға кім кепіл?

Сөз соңында жастар арасында бойында ақыл мен парасатты, мол кемеңгелік пен іскерлікті, даналықты сыйдыра білген Қонаев ағамыздың нақыл сөздері көбірек насихатталса екен деймін.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Д.Қонаев Ақиқаттан аттауға болмайды. – Алматы: «Санат», 1994.
2. Р.Көмекова Ұлы адамнан ұлағат. – Алматы: «Айкос», 2000.
3. М.Ақуев Рядом с первым. Алматы: «Санат», 2004.
4. Б.Тілегенов Тұйық өмірдің құпиясы. – Алматы: «Дәуір», 1992.
5. Дінмұхамед Қонаев және оның әріптестері. – Алматы, 2008.
6. О.Қауғабай Таңғажайып Қонаев. – Алматы: «Қазығұрт», 2008.
7. Официальный сайт: <http://kunayev.kz/ru/materials/Vystupleniya%252C>



# ЕЛІН ҰЛЫҚТАҒАН, ЕЛІ ҰМЫТПАҒАН НАР ТҰЛҒА

**Бибаета Назигуль Турсынжановна**  
Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы  
«Қорам орта мектебі» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі.

*«Панаң да ел, данаң да ел.  
Соған арқа сүйедім, содан үйрендім»  
Д.А.Қонаев*

Қазақ даласы ықылым заманнан бері кемеңгер, дарынды, ақылды, батыр, сәуегей, данышпан да ғұлама адамдарға кеңде емес. Әрқайсысының өзіндік орны мен артында қалдырған жазған еңбектері кейінгі ұрпақтарына мол мұра болып, тарих беттерінде алтын әріптермен есімдері қалды. Тарих беттерінде ғана емес, жұртының жүрегінде есімі жазылған кемеңгер ұлдарының бірі - Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы естеліктер осы күнге дейін аз жазылмаса керек. Халық үшін қажымай, елі үшін ерінбей еңбек етудің үлгісі бола білген жүз жылда бір туатын, халқының қамын ойлаған, ұлы тұлға «үш дәуірді» бастан кешірген халқының адал ұлы. «Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім,»-деп сөзбен ғана емес, ісімен де үлгі бола білген Дінмұхамед Ахметұлы туралы естеліктер аз жазылмаса керек. Сондай бір естеліктің куәсі өзім болдым. Ел аузында жүрген Дінмұхамед Ахметұлының еліне жасаған игі істері, салт-дәстүрін ұстанып, білімімен ғана емес ісімен де елге өнеге болған тағы бір өнегелі ісі жөнінде айта кетпекпін.



Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы Қорам ауылының тұрғыны Қазақстан ССР жоғарғы кеңесінің депутаты, Ленин орденінің иегері Исакова Оразхан әжейді өнеге сағатымызға қонаққа шақырған едік. Оразхан әжей өткенін мысалдар келтіре отырып, оқушыларға қиын да қызықты, өнегелі өмірінен сұхбат берді. Оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойды. Кезекті сұрақ та қойылды:


Сіздің үлгі тұтатын адамыңыз бар ма? Не үшін үлгі тұттыңыз?





Оразхан әжей басына тартқан ақ жаулығын түзеп, ерекше мейіріммен былай жауап берді:


Әрине, үлгі тұтатын әр жанның бір адамы болады. Ол кіші кезде ағаң, әпке, ата-анаң, туған-туыстарың болса, ер жете келе еліне елеулі, халқына қалаулы жандардың бірі болады екен. Мен Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевты үлгі тұттым. Тіпті Ленин орденін Д.А.Қонаев өз қолымен табыстағанда менен бақытты жан болмаған шығар. Ол кісінің әрбір айтқан сөзін ұйып тыңдаушы едік. Әр сөзінен еліне деген сүйіспеншілігі, халқына деген қамқорлығы білініп тұратын. Мен сіздерге біздің өңірде тараған Димекең туралы бір оқиғаны айтып берейін. Тіпті оны мына қызыл қойындәптеріме жазып та қойдым.



Кезекті бір сапарында ол кісіні (Қонаев) қара жолдың бойында бір әйел тоқтатады да: “Димаш аға, сіз келе жатыр деген хабар құлағыма тиіп, жолыңызды әдейі тосып тұрмын. Үйімізден дәм ауыз тиіп кетіңіз,”- дейді қиылып. Димекең тілегін қабыл алып, әйелдің соңынан ереді. Үйдің босаға-сынан аттай беріп, жолға төселген бірнеше жастықты көргенде аңырап тұрып қалады. Әлгі әйел Димекеңнен сол төселген жастықтарды табанымен басып, төрге озуын өтінеді. Ұлдарына үлкен кісінің әйтеуір бір қасиеті жұғар ма екен деп, оның табанын да ырым көрген ананың ақ пейілі

еді. Димекең: “Жастықты аяқпен басуға болмайды. Біреуіне бетімді тигізейін, соны ұлдарыңа кезек жастарсың. Олардың еліміздің үлкен азаматтары болып өсуін тілеймін,”-деп батасын береді.

Тілегінің орындалғанына қуанып, толқыған ана көзіне жас алып қоштасады. Ана мен Дананың бір-бірін ардақтау өнегесі осылай болу керек шығар. Жалпы Д.А.Қонаев басқарған заманда қазақ халқының өзге елге кеткен территорияларының біразы қайтарылды. Қазақстанды басқарған азаматтар мұндай дәрежеге жеткен емес. Бұл жазба бір әженің әңгімесінен ғана қалған естелік. Елінің жүрегінен орын алған Дінмұхамед Ахметұлы туралы естеліктер жазушылардың да қаламын тербетті.



Елі еркелеткен Дінмұхамед Ахметұлы туралы қарт журналист Мадат Аққозин былай дейді: «Мен де сол кезде Алматының орталығында тұрдым, менің де жұмысқа баратын жолым Коммунистік даңғылдың бойы еді. Анда-санда алдымнан жалғыз келе жатқан ұзын бойлы Қонаевтың сымбатты тұлғасын сыртынан көретінмін. Осыны айтсам, адамдар сенбейді: қалайша ол күзетсіз жүр деп. Расында да күзет қызметінің саны көбейтіліп, кім көрінген жанына күзет қаптатып жатқан уақытта мемлекеттің бірінші адамы жұмысқа жаяу және күзетсіз барады дегенге сену өте қиын».

*Өткен-кеткен бұл фәниден сан алып,*

*Тарих үшін емес ол да жаңалық.*

*Дінмұхамед – Қонаевтың жай аты,*

*Шын аты оның Мейірім мен Даналық, – деп Н.Қашағанұлы жырға қосса,*

С.Хангелдин: «Димаш ата дүниеден өткеннен кейін қазақ бірсыдырғы мұқалып, тауы шағылған-



дай болды. Әлем әнінен жаңылғандай, табиғаттың тынысы тарылып, бойы дел-сал, бұрынғы көз тоймай қызығатындүниенің өңі солғын тартқандай көрінді. Бірақ қазақ қашандағыдай жаужүректігінен танған жоқ. Аз-кем ойсыраған көңіл мен үзілмеген үміттің етек-жеңін жиып бұрынғыдан да гөрі ширай түсіп, өршелене алға ұмтылды. Халықтың кеудесінде адал ұлының алып бейнесі еңсе көтеріп, қайта тұлғалана түсті».

Көзі тірісінде-ақ өз халқы пайғамбарындай сыйлаған Дінмұхамед Қонаев есімін әлі талай ұрпақ айта жүретініне кәміл сенеміз. «Ердің қайратынан, елдің қайраты асқан заман» деп Димаш атамыз айтқандай, осындай естелік әңгімелер әлі талай жалғасын табатыны сөзсіз.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қонаев Д.А. Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік-эссе)-Алматы: Санат1994 ж
2. Қонаев Д.А. Өтті дәурен осылай -Алматы: «Дәуір» 1992 ж



# ӨМІРДІҢ ЕКІ ТІРЕГІ БАР: ҮЙРЕНУДЕН ЖАЛЫҚПАУ, ҮЙРЕТУДЕН АЯНБАУ

**Алдиярова Акерке Кулымбетовна**  
*Ақтөбе қаласы «Ғ.Ақтаев атындағы*  
*№6 мектеп гимназия» КММ*  
*география мұғалімі*

**Д**інмұхаммед (Димаш) Ахметұлы Қонаев (1912-1993) аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік еңбек ері, Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы.

Дінмұхаммед Қонаевты біз қазақ ғылымына үлес қосқан еңбектерін, басқарушылық қызмет жолындағы саласын, тарихи тұлға ретінде қалыптасқан тұлға ретінде білеміз. Сонымен қатар

Д. Қонаев қазақ тілінің сөз шебер, тілдің қаймағын ішкен тұлға ретінде тағы да бір қыры бар екені ақиқат. Оның әрбір қанатты, нақыл сөздері Абай атамыздың қара сөздерімен пара-пар.

Д.Қонаевтың әрбір нақыл сөздерінде терең ой, мағына, адамгершілік қасиет жатыр. “Жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу, жұмыс істеу үшін берілген”. бұл адамның жастық шағы өмірінің гүлденген кезеңі деп айтуға болады. Жастық шақ - бұл арман. Сол арманға жастық шағымызда, болашағымыз жарқын болу үшін, жоспарларымыз анық, айқын болу қажет. Жастық шақта адамның денсаулығыда болады, күш-қайраты да болады сыртқы, ішкі ортаға икемді болады сол себепті мезгілінен қолымды кеш сермедім болмайтындай, еңбектің зейнетін көретіндей шаққа жетуіміз қажет деп ойлаймын. Жастықтың қалай өтіп жатқанын ешкімде аңғармайды, ал өтіп кеткенін сезгенде “Аһ” ұрады. Сол себепті жастық шақ бар күшінді аянбай еңбек етсең, еңбектің жемісін көресің дегім келеді.

Өмір бұл адамға берілген тәжірибе секілді. Өмірден адам сүрініп, жаңылып жүріп тәжірибе жинайды. Д. Қонаевтың осы нақыл сөзін өмір атты тәжірибемізде қолдансақ “Өмірдің екі тірегі бар. Үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау”. Өмір - жарық дүние, дүние , тіршілік. Тіршілік бар жерде қозғалыс, үйрену, үйрету болады. Омар бин Абдулазиз бір досына: “Балаңа ең үлкен білімді үйрет”, - деп кеңес береді. Досы: “Ең үлкен білім не?”-деп сұрағанда: “Қанағат және адам баласына зиян тигізбеу”-деді. Бұл аса маңызды Ғалымның бұл сөзінен білім аясы кең және ешқашанда үйренуден жалықпау керек екендігін көрсетеді. Әлбетте өз білгеніңді өзгеге көрсетеуден тайынбау - адам бойына қажетті іздену мен зерттеу, табанды болу қабілеттерін шыңдай түседі. Жалпы қазақ халқының мақал-мәтелдерінің астарларында осы үйрену мен үйретудің сөз шеберліктерін келтіре білген. Істегенің еліңе жақсы, Үйренгенің өзіңе жақсы. Ақылды адам ақымақтан да бірдеңе үйренеді. Көп көрген үйренеді. Көп білген сый көреді. Үйленуді үйрену керек. Ақылды кісіден кісілік үйренесің. Осы сөздерді үйренуден жалықпай, үйретуді жөн көрдім деген ойға келдім.



Адамға жазаның ең үлкені жұмыссыз қалу. Адам жақсы өмір сүрі үшін жайлы орын, жақсы тамақ, көтеріңкі көңіл-күй керек. Оның барлығы адамның еңбегімен келеді. Еңбек еткен адамға еңбегіне қарай еңбекақы төленеді. Сол еңбекақы болған жағдайда рухани-материалдық жағынан жақсы өмір сүруга болады деп айтуға болады. Ал , адам үшін жұмыссыз қалу бұл үлкен жаза екені анық. Елімізде 90 жылдардың жаппай жұмыссыздық жайлаған кезде адамдарда осындай көзқарас болды деп айтуға болады. Жұмыс арқылы өздерінің нәпақасын тауып отырған адамдарға ауыр жағдай. Қазіргі кезде заманауи көзқарасқа сәйкес адамдардың идеяларына қарай, жеке кәсіпорын ашу, жеке шаруашылық ашу осы секілді жұмыс орындары ашылды. Жалпы жұмыссыздыққа мемлекет қазіргі кезде оңтайлы шешімдер қабылдап жатыр. Тек адам бойында алғабасушылық, ұмтылу, үйрену, еңбексүйгіштік қасиет юолса болғаны. Тек жұмыс қана, сайып келгенде шын өмір дегеннің өзінде сол ғой - рахат, жан қуанышы, болмыс ляззаты.

Тәуелсіздіктің жүгі ауыр. Тәуелсіздік ата-бабамыз үш ғасыр бойы аңсаған, армандады. Тәуелсіздік үшін талай қасық қандар төгіліп, арыстай азаматтар айырылып, қазақ елі елі басында қара бұлттар үйірілді. Бірақта қайсарда, қайратты қазақ елі намысын бермей өз тәуелсіздігімізге жеттік. Ежелгі ата-бабаларымыз сан ғасыр бойы өз ұрпағын күмбңірлеген күміс күйімен, сыбызғы сырнай үнімен, ғашықтық жырымен, асқақтата салған әнімен, мақал-мәтел, шешендік сөз, жаңылтпаш, айттыс өнерлерімен тәрбиелеп келген. Өйткені, бүкіл саят-санасы, әдет-ғұрпын ертегі, аңыздар, жыр – термелері, ойын-сауығы, жұмбақтары мен жаңылтпаштары, барлығы да тәуелсіздігіміздің айғағы болары сөзсіз. “Тәуелсіздіктің жүгі ауыр” нақыл сөзі осы қазақ халқының осы қасиетін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу бұл адам бойындағы үлкен жүгі ауыр қызмет.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Омар бин Абдулазиздің мысал сөздері
2. Қазақтың мақал-мәтелдері



# ТАУ ТҰЛҒАНЫҢ ТӨЛ ТУЫНДЫЛАРЫ

**Кулынтаева Калка Мухамбетжановна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Қ**азақтай кемел елдің кемеңгерлерінің қаламынан туындаған тамаша туындыларын, кейінгі ұрпаққа мұра етіп қалдырған нақыл сөздерін оқып, талантына тәнті боласың. Кереметтілігі соншалық, оқи бергің келеді, оқи бергің келеді!.. Осындай тамаша талант иелерінің басында ел мақтанышына айналған, өзгелерге үлгі болатын тау тұлғалы тарихи тұлғалардың бірегейі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Қазақ әдебиетінің сөз зергері Мұхтар Әуезов атамыз: «Әрбір қаламгер жеке-дара адам емес:оны туғызған елі, жері, салты, дәстүрі бар. Сондықтан, оның өмірі елінің өмірімен қоса қарастырылады» - дегендей, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыз көз алдынан өткен шынайы өмірді, қазақ халқының басынан кешкен жағдайды, елде болып жатқан оқиғаларды қарапайым қара сөздерінде арқау етеді.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыздың өмірге келуінің өзі қазақ халқына бар қуатты құйып, бар шуақты шаша білген басына біткен бағы десем, әсте қателеспеспін. Қара сөздерінде тарихи оқиға, тәрбиелік мән-мағына бар. «Жүректен шыққан сөз ғана жүрекке жетеді» - демекші, тау тұлғаның төл туындылары халықтың жүрегінің төрінен орын ала білді.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атамыздың тәрбиелік таным-тағылымдық мән-мағынасы өте зор жақұт сөздері әдеп пен ибаға, шынайылыққа толы. Өмірі өнегеге толы талантты тұлғаның өн бойында жігер-қуат, шынайылық, тас жарар талант, өмірге деген сүйіспеншілік, ештеңеге айырбастай алмайтын еліне деген маздаған махаббат, сұңғыла қасиеттер бір арнаға тоғысқандай. Қаймағын қалқыған қара сөздері сөз құдіретін түсінетін жанға ерекше әсер қалдырады. Құдды бір сиқыр бардай!.. Неге дейсіз бе?!.. Өйткені, жүрек түкпірін жарып шыққан туынды кез-келген пенденің жүрегінен жол тауып, ой салары сөзсіз.

Жүректен шыққан сөзді жүрекке жылы тиетіндей ойды бейнелі, сөзді әсерлі де әдемі етіп жеткізуде қанатты сөздердің алатын орны ерекше. Қанатты сөздердің құдіреттілігі сонда - күрделі құбылыстардың мәнін тайға таңба басқандай етіп жеткізеді. Қанатты сөздер қара сөзге нәр беріп, қаймағын қалқыған, мағынасын ұғындырған ұлы тұлғаның ұлылығын ұқтыра түсетіні сөзсіз. Дінмұхамед Қонаев атамыздың әрбір саналы да даналы дара сөздерінің тереңіне үңілер болсақ, тәрбиелік мән-мағынасын оңай ұғына аламыз.

“Ақиқаттан аттап кету - арға сын”. Қазақ “Малым – жанымның садағасы, жаным –арымның садағасы”, “Шындық жоқ жерде сұмдық көп”- деп, ақиқаттың ауылынан алыстамай, шындық үшін





шырылдайтын халық. Өтірікті серік етіп, жалғандықпен дос болу - дұрыс емес. Бұл сөзде жалғандықты жақ тұту – ар-ұяттан аттап кетумен тең деген ойды айтады.

“Абыройдан ақ отау тіктім деген кісінің де пенделігі аз болмайды”. Адамға тән осалдықтардың бірі– пендешілік. Пенде болған соң пендешілікке салынып жататын жай да бар. Оны бірі байқаса, бірі байқамауы мүмкін. Кейде тіпті өздерін ақтап “періште емеспіз, пенде болған соң пендешілікке салынамыз”- дейтіндер де болады. Сол пендешілікке жөнсіз салынып жататындар да доқ емес. Мәселен, өсек, ғайбат, міншілдік пен күншілдік- бәрі-бәрі пендешілік. Ешкім өзін пендешіліктен адамын деп толық айта алмайды. Себебі, барлық жақсы қасиеттермен қатарласып жүретін жағымсыз қасиеттердің бары анық. Алайда, адамзат баласы жасаған әрбір ісіне есеп беріп, қателігін қайталамауға тырысса, өмірдің өзі сол пендені сүйетіндігінде сөз жоқ.

“Өмір деген осы, бүгін барсың, ертең жоқсың. Сен кетті екен деп өмір-өзен ағысын өзгертпейді”, - деген сөзінің расында да жаны бар. Қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырда ештеңе де, ешкім де мәңгі емес. Өмір – өзен секілді, өз арнасымен зырғып ағып, зымыран уақыт байқатпай зулап өтіп жатыр. Бүгін бар болсаң, ертеңгі күнің беймәлім. Ертеңгі күн біреу үшін тоқтап қалса да, өмір әрі қарай жалғаса береді. Тіршілік заңдылығы ешқашан тоқтаған емес. Осы тұста мынадай ой келеді: кейде біз мына өмірді мәңгі сүретіндей сезінеміз. Дегенмен, өмір заңдылығына күллі адам баласы бағынады. Сол үшін уақыттың құнын біліп, әрбір сәтті бақыт пен қуанышқа толы етіп, ұлы істерді бастауға арнау керек. Ешқандай игі іске үлгермесек, өкінуіміз әбден мүмкін. Себебі, ұлылықпен айтылған ащы сөз өмірдің тоқтаусыз өте беретінін еске салады.

Тағы бір: “Дүние түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз болып кетуі әп-сәтте”- деген сөзі де өмірмен байланысты. Бұл– өмірдің ақ пен қарадан, бақ пен наладан, қуаныш пен қайғыдан тұратындығын көрсетеді. Шәйдай ашық аспанды да әп-сәтте қою қара бұлт торлап, найзағай ойнап, қатты нөсер жауады. Кейін бұлтты түре жадыраған күн шығады. Міне, бұл сөздің мағынасы осыны меңзеп тұрғанын айқын аңғаруға болады. Адам баласы осының бәріне дайын болып, төтеп бере алуы керек. Қай кезде қандай жағдай болып, қандай бақтың келіп басыңа қонарын білмейсің. Өмір– күтпеген тосын сыйларға толы.

“Сенім– құдіретті күш: тауды да қозғайды”. Адам мен адамды, дос пен досты байланыстырушы, жақын етуші–сенім. Сенім болмаған жерде сыйластық, шынайылық көрініс таппайды. Адам баласының өзіне деген сенім-жігері мықты болса, алмайтын асу, бағындырмайтын белес болмайды. Өзіне сенімді адам қашан да толағай табысқа жетіп, жеңістің шыңынан көрінеді. Құлшынысы артады. Тіпті, үлкен аудиторияда әдемі сөйлеп, елді елең етіп, аузына қарату үшін де ішкі сенімділік керек. Бұл сөздің түпкі мағынасының мәні міне, осында.

«Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам - ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де - қара жер. Қастерлей білсем, қадірімнің кетпесін білдім. Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім» - деген сөзі даналықты, адалдықты елінен тапқан тарихи тұлғаның жүрегінен шыққан мағыналы сөз. Ел қадірін, жер қадірін түсінген адамның қашан да өз қадірі болатындығын ұғындырады.

Көкірегінен күмбірлей үні ескен Қонаев ағаның асу бермес өнегелі биікке көтерген белесі – қайталанбас нақыл сөздері. Ақынның қара сөзге деген ілтипаты мен ізгілігі өзгеше. Қара сөздің баспалдағын өзінше бір нақышпен бөлегірек қадаммен аттаған, қара сөздің асылдарын тереңірек барлаған тау тұлғалы Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев өз дарынына сол мұралардан қуат, көрік жинайды. Оның салиқалы сөздерінен шындық пен ақиқат жеңісі үшін тауға да, тасқа да жар салған нағыз патриоттың





үні естіледі. Оның нақыл сөздері талай жанам деген жүрекке от берген. Барлық жақсылыққа лайық, жүрегі таза, көңілі кең, ұрпақтары ұлықтауға лайық тарихи тұлғаны ел-жұрты ешқашан ұмытпайды.

Ең қайран қалдыратыны – Дінмұхамед Қонаевтың бойында әл-Фараби даналығы бойынша кемеңгер патшаға тән «12» қасиеттің түгел тоғысқанына көзіңіз жетеді. Айтар болсам, төртінші қасиет туралы былай делінеді. «Бірінші басшы терең ой иесі және жадына сақталғандардың бәрін айдан-анық етіп айтып бере алатын шебер әрі шешен болуы шарт». Ендеше, «Дінмұхамед Қонаев» естігендері мен көргендерін өте шебер әрі бейнелі тілмен әңгімелейтін хас шешеннің өзі еді. Сөз арасында әдемі әзіл айтып баурайтын. Белгілі қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаевты «қара сөздің қаймағы еді ғой» - деген естелік бар. Ия, Дінмұхамед Қонаевтың ел бастаған көсемдігімен қоса, сөз бастаған шешендігі Төле би мен Бөлтірік шешеннің «сөз киесін» елестетіндей.

«Жібi түзу, жаны таза адам кез келген жағдайда, қандай қызметте істемесін қашан да ар-ожданын биік ұстап қалады» - деген сөзі бейне бір кемеңгер көшбасшының өзіне арналғандай. Олай дейтiнiм-тарих тағылымына үңiлсек, Дiнмұхамед Қонаевтай iрi тұлғаның елi үшiн жасаған игi iстерi халықтың рухын асқақтатуға арналған. Өнегелi сөздерi ұрпақ үшiн тәлiм- тәрбиенiң дәнiн сеуiп, бүгiнде қауызын асқан тағылымы мол жылдардың жемiсi iспеттi.

Қазақтың қара сөзінің қаймағын қалқып, ұлы Абай атамыз айтқандай, қара шекпенін қайтып беретіндей қайыспай көтеріп жүрген, ләззаты мен мехнаты мол әдебиет әлемінің биік шыңын бағындырған ұлыларымыздың, тегеуіріні мықты тарихи тұлғаларымыздың жолын қуар жалынды жастарымыз көп болсын ! - дегім келеді. Тау тұлғалы тарихи тұлғаны танитын тұлғалар, зиялы қауымдар ұлының ұлты үшін жасаған ұлы істері мен елеулі еңбектерін ұрпақтарымыздың ұғымында ұялата түссе, нұр үстіне нұр болары сөзсіз.

### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Кемеңгер Қонаев, Алматы: Халықаралық «Дала» журналының кітапханасы, 2013. 27 б.
- 2.Жақсы адам - елдің ырысы: [Қоғ. қайраткері Д.А.Қонаев туралы], Қазақстан сарбазы, 2020, 3 қыркүйек (N 65), 8 б.
- 3.Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.
- 4.Черныш П. Ұлы да ұмытылмас тұлға: [Д.А.Қонаевтың туғанына 100 жыл толуына орай], Қостанай таңы, 2012, 11 қаңтар, 2 б.
- 5.Қазақ ССР ғылым академиясының академигі Д.А.Қонаевтың ғылыми және қоғамдық қызметіне қысқаша шолу жасалық, Аңыз адам, 2011, №1.
- 6.Асқаров А. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев, Қазақ батырлары, 2006, қазан (№10), 3 б.



# ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ ІЗІ ҚАЛҒАН БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫ

**Сарина Сауле Рзаевна**

*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
ағылшын тілі мұғалімі*

**П**анасы да, данасы да ел болып, соған арқа сүйеп, содан үйренген кемеңгер тұлға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев – қазақ халқының тарихындағы біртуар азаматтардың бірі. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың қай қыры болсын зерттеуге, зерделеуге, өскелең ұрпақтың бойына дәріптеуге әбден лайықты. Оның саяси өмірдегі сындарлы саясаты мен адамгершілігі мол парасаты елім деп туған ер екендігін дәлелдейді. Ал осы кемеңгер тұлғаның айтып кеткен нақыл сөздері қазақ халқының қара сөз қорын толықтырып қана қоймай, өміршеңдігі жоғары қанатты сөздерге айналып отыр.

Жоғары адамилық қасиеттерден туатын қазақы қара сөз бүгінгі буынның болашағына зор ықпал етері сөзсіз. Сөз құдыретін ұғынатын байырғы қазақ халқының ұрпағы, әлбетте, қара сөздің қаймағын жеп өсуі тиіс. Осы тұрғыда Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың айтқан нақыл сөздерінің көкейге түйгізер тәрбиесі мол.

Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев жас ұрпаққа өнеге қалдыру мақсатында жастық шақ туралы көп өсиеттер қалдырған. Мысалы, «Жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу, жұмыс істеу үшін берілген» деп жалындаған жастықты еңбек етуге арнау керектігін айтып кеткен. Шынында да, адамның жастық шақта күш-жігері мен қайраты тасып-төгілердей болатыны рас. Ал сол күш-жігердің қанша болғаны емес, тек оны қандай мақсатқа жұмсай алғаның маңызды болмақ. Сондықтан, зейнет көру үшін еңбектену керек.

Тұщымды сөзді терең түсінген адамға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың мына бір қанатты сөзі қамшы болары анық: «Адамға жазаның ең үлкені – жұмыссыз қалдыру». Яғни, біртуар азамат Дінмұхамед Ахметұлы жазаның ең үлкені ретінде жұмыссыз қалдыруды айтқан. Себебі, жұмыс арқылы адам шыңдалады, дамиды, еңбектенеді, тәжірибе жинайды, табыс табады, болашағын бағдарлайды, т.б. Міне, өмір мектебінің ең маңызды сабағын екі ауыз сөзге сыйғызып жеткізе білген тұлға қашан да жастардың үлгі етер ұстазына айналуы тиіс.

«Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кісіліктен де туады», «Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын», «Ақиқатты аттап өту арға сын» деген сөздерінде адам бойындағы адамгершілік деп аталатын үлкен қасиеттің маңыздылығын ашып көрсеткен болып табылады.

Дінмұхамед Ахметұлы өмірдің екі тірегі бар деп көрсетеді: бірі – үйренуден жалықпау болса, екіншісі – үйретуден аянбау. Адам баласы, Абай атамыз айтпақшы, туғаннан бастап көрсем, білсем, үйренсем деп өмір сүруі тиіс. Ал білген адамға дүниенің сан қилы есіктері ашылары сөзсіз. Білім оқу, үйрену, іздену, ерінбеу, еңбектену арқылы ғана келеді. Сондықтан Жаңа Қазақстанның жар-




қын болашағын қалыптастыратын балаларымыз, жастарымыз Дінмұхамед Ахметұлының осы бір қанатты сөзін терең ұғып, ой түйгені абзал. Кемел келешегіміздің кепілі – білімді, дарынды, адами қасиеттерді бойына жиған жалынды жастар. Ал осы жастарды тәрбиелеуде Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың нақыл сөздерін басшылыққа алу маңызды әрі нәтижелі болмақ. Өмірдің енді бір тірегі – үйретуден аянбау. Білгенінді таза көңілмен жеткізіп, үйретуден жалықпау – нағыз кемеңгерліктің белгісі. Ұрпақ тәрбиелеу жолында сапалы білім мен саналы тәрбиені шәкірт бойына сіңірту үшін аянбай еңбек етіп жүрген мен секілді ұстаздар Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев сынды Қазақстан тарихындағы ұлы тұлғаны жұмыс барысында басшылыққа алып отырса ұрпағымыз ұлыларға ұқсап ұмтылары анық.

Егемен еліміздің бүгінгі күнде түтіні түзу шығып, қарқыны қарыштап даму үстінде. Оңайлықпен келмеген тәуелсіздік турасында Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев «Тәуелсіздіктің жүгі ауыр» деп оны сақтап тұрудың қиындығын осы бір нақыл сөзге сыйғызған. Ендеше, тәуелсіздік жүгін аянбай еңбек етіп көтеретін, «панам да ел, данам да ел» дейтін Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев секілді азаматтар егемен еліміздің еңсесін биікке көтере берсін! Ұлы тұлғаның ізі қалған баға жетпес байлығы тарих бетінде ғана қалып қоймай, ұрпақ тәрбиелеу жолында қызмет ете беруі үшін әр қазақ күш салуымыз қажет.

**Әдебиеттер тізімі:**

- 1.<https://bilim-all.kz/figure/96>
- 2.Qamshy.kz
- 3.»Ақ мешіт апталығы» .Қалалық қоғамдық –саяси газет сайты
- 4.Qazaq gazetteri



# ҰЛЫ АДАМНЫҢ ҰЛАҒАТЫ

**Турекешова Венера Нагашыбаевна**  
*Ақтөбе қаласы «М.Арын атындағы*  
*Қарғалы қазақ орта мектебі» КММ*  
*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Қ**азақта ұлттың ұлы көшін бастаған ұлылар аз болмаған. Қазіргі қазақ елінің «Ұлы Даланың Ұлы елі» деп атануына да кезінде еңбек еткен ерлердің еңбегі ерен. Еліне қайтарымын күтпей еңбегі сіңген ерлердің бірі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев болатын. Жаратылыстың ерекше жаратқан қалыбына сай мінезі де сабырлы, салмақты кейпіне сай кең пейіл, үлкен-кішімен бірдей ашық-жарқын сөйлесіп, елмен еркін араласқан. Ұлы адамның ұлтқа тән ұлылығы ұлттық тәрбиені бойына мол сіңіріп, сол қалыбынан таймай, «Ұлық болсаң, кішік бол» - деген қағиданы өмірінің шамшырағы етіп, басты назарда ұстаған. Мамандығы тау-кен инженері бола тұра әу баста халық ауыз әдебиеті мен шығыс әдебиетінің жауһарларынан сусындаған Дінмұхамед Ахметұлы сөйлер сөзге келгенде айтар ойын мақал-мәтелмен айшықтап, айқын да, анық жеткізе білген.

Қазақтың заңғар жазушысы М.Әуезовпен жұмыс бабындағы бір кездесуінде:

- Мұха, «Ауыр істен қорықпа, ауыр сөзден қорық», - дегендей қара бастың бабын емес, елдің жайын ойлай келген соң, маңдайы жарылған батырдай намысқа тырысамыз,[1, 81] - деген сөздерінің өзі кемел ойдың иесі екенін аңғартқандай. Елдің басына қиын-қыстау күн туған сонау Ұлы Отан соғысы басталғанда есі шыққан елге ес болып, дүниені дүр сілкіндіріп келе жатқан жалпақ жаудан, ел ішіндегі үрейді жеңу қиын болған тұста: «Тажалдан ажалсыз ғана құтылады. Қайрақсыз пышақ өткір болмайды. Ел болған соң жүрегіне түк байлаған ер де табылады, жауын жаумай су болған ез де табылады» «Атаның ұлы ер жігітке арту-арту бел келеді, бел асам деп, білек сыбанған сын шақта оқтан қатты сөз келеді» [1,85] деген сөздерінің өзі қарабайыр сөз емес екенін көзі қарақты адам бірден ажыратады. «Түздегіні үйде болжама» деп өмірдегі өткен оқиғалардан ой қорытып, халқына тұшымды сөз қалдырған. – Мен Сүйінбай жырын бала жастан жаттап өстім. Алматыда өткен алқалы жиында аудармашының ілеспе аударма жасай алмағанына қарамастан: «Бөрі басы» - ұраным, Бөрілі менің байрағым! Бөрілі байрақ көтерсе, Қозып кетер қайдағым. Бөрілі байрақ астында, Бөгеліп көрген жан емен, Бөрідей жортып жүргенде, Бөлініп қалған жан емен! – деп аяқтай бергенімде Египеттің әйгілі жазушысы Юсуф- Сибан: - Сіз, ел басшысы ғана емес, үлкен ақынсыз ғой, деп балаша қуанып, қолымды алғаны бар. Жоқ, мен ақын емеспін – менің халқым ақын. Шығарған жырын, ән-күйін жадына тоқи білген, тоқығанын ұрпақ бойына сіңіре білген. Қанмен сіңгенді қастерлемесең, қадірің болмайды. [1,305] Мұның өзінен халық қазынасын жастайынан бойына сіңіре білген дананың бойындағы кісілік пен көрегендік, ұлтына деген сүйіспеншілік тамыры туған ұлтының тарихынан, әдебиетінен бастау алатынын байқаймыз.

Серік Әбдірайымұлымен сұхбатында: «Өмір болған соң тәтті жұтып, ащы түкірген де кез болды. Өмір үзілмей, үміт үзілмейді екен»[176,2 ] - дейді. Кеменгер тұлғаның әр сөзі жүректен шыққан, жылтырағы аз, бірақ шынайы. «Өмір үзілмей, үміт үзілмейді» деген сөзі болмаса «тәтті жұтып ,



ащы түкіру» деген тіркестер өмірдің ыстық-суығын көрген көреген адам болғанының бір айғағы. – Дара тұлға, дарынды ғалым Қ.И.Сәтбаев есімін ұмыт қалдырып, құрмет көрсетілмеді дегенде: « Ол – ақиқаттан айналып өтіп, аққа қара жағу. Ашынған тілді келеді. Дүниені бүтіндейтін де, бүлдіретін де – сөз» [129,1] - деп пікірін нақыл сөзімен тоқтам жасаса, әріптестерінің арасында «Көңілшекті қошемет қор етеді» деп тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін жасайды.

Кісілік пен кішілікті тең ұстап, әркезде көпшіліктің арасында даналығымен дараланып отырған. Әр түрлі жайтты басынан кешірген Дінмұхамед Ахметұлы: «Жалада шындық болмайды» деп кесімді ой айтады. Өмірдің түрлі өткелдерінен өткен даналықтың данышпаны «Жалғанда жалғыздық жаман» деп өз өмірінен алған сөзінің астарында қатпарлы ақиқат жатқанын аңғартады. Кеменгерден қалған қай нақыл сөзге тоқталсақ та, жайдан-жай ойдан шығарыла салған сөз емес, астарында ақиқаты бар, екшеліп, ой таразысынан өткен келелі ойдың жемісі екені хақ. «Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті» «Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттама» «Ақиқаттан аттап кету – арғасын» «Орынды сын ойлантап қоймайды» [11,3] Санамалай бастасаң, санына жеткізбес дана сөздер даналық ойдың жемісі.

«Мен бүгін зор тұлғамен қауыштым. Ол – терең саясаткер. Халқының даналығын толық меңгерген адам. Ол – КСРО-ның сирек кездесетін тұлғасы» - деп баға береді бұрынғы АҚШ президенті Дуайт Эйзенхауэр. [3,3] Әлемге танылар зор тұлға болу үшін алдымен адам бойында ұлттық құндылықтар болуы шарт екенінің бұл тағы бір айғағы. Талай уақыт өтсе де, қиын қыстау кезде ұлтын ұлықтап, елдің елдігін сақтап қалу жолында аянбай еткен еңбегі ауыздан-ауызға тарап, дархан даламызда әрқашан үлгі-өнеге болары хақ.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

- 1.Д.А.Қонаев «Өтті дәурен осылай» Алматы «Санат» 1992
- 2.С.Әбдірайымұлы «Бес мүшел белесінде» Алматы Рауан 2004
- 3.»Аңыз адам» журналы №1 2011ж



# КОНАЕВ И НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ

**Жаймаганбетова Жайнагул Тыныштыкбаевна**

*учитель русского языка и литературы  
КГУ «Общеобразовательная средняя школа  
имени Д.Конаева» г.Актобе*

**С**итуация и история страны часто зависит от тех, кто стоит у власти. Много можно наблюдать об исторической личности не из официальных документов, а из воспоминаний современников, из того, что он говорил близким людям. Плутарх, известный греческий ученый, живший около 46-120 гг. н.э. и написавший книгу о великих людях своего времени, говорил: «Во многих случаях какой-нибудь незначительный поступок, удачно подходящее слово или шутка... характер человека».

Динмухаммед Ахмедович Конаев жил в трудное время. Можно сказать, что большинство тех немногих казахов, которые правили Казахстаном в советское время, были националистами и не уходили с работы, не услышав слова национализм.

Защищал ли Конаев, переизбранный первым секретарем Компартии Казахстана с помощью Л.И. Брежнева, национальные интересы казахов? Разве его сердце не было разбито? - могут возникнуть вопросы. Прежде всего, поищем ответы на вопросы в трудах ветеранов и современников, работавших с ним.

А. Сасбукаев, который был вторым секретарем Шымкентского обкома партии, в память о нем, чтобы первый руководитель (которым был В. Ливенцов) не знал, Д. Конаев прямо позвонил ему в 1969 году и сказал: «Народ из трех южных округов, перешедших к Узбекистану, неоднократно нападали на Москву и на нас, вы прекрасно знаете, что они жалуются на воссоединение с Казахстаном. Этот вопрос скоро будет обсуждаться в Москве, в Политбюро. Для этого нужна подробная информация. Дай нам это как-нибудь». А.Сасбукаев выполняет задание тайно, несмотря на различные препятствия, собирая соответствующую информацию. Позже, в 1971 году, когда Мактааральский, Жетысайский и Кировский районы были переданы из Узбекистана в состав КазССР, не было страны, которая не была бы счастлива. По словам автора воспоминаний, «мысль о том, что я еще в детстве мог помочь Динмухаммеду Ахмедули Конаеву на пути к возвращению этих трех районов с настойчивостью и характерным терпением, всегда согревает мое сердце».

В 1965 году Димекен вмешался в «Жас тулпар», основанную казахскими студентами, обучающимися в России. «Молодых тулпарцев», поднимавших казахский язык и другие духовные вопросы, преследовали как «буржуазных националистов». Судя по писаниям руководителя организации Мурата Ауэзова: «Мы, молодежь, едва не стали главной мишенью этих обвинений». На этот раз нас спас Димаш Ахмедович. Его слова о нас: «Это студенты лучших вузов страны, интеллигенция бу-





дущего страны, мы должны суметь их спасти и защитить» засыпали песком рты «недальновидных активистов»[1, 123-124].

В детстве Мухамеджан брал пример с Тынышбаева [2, 12]. выучил наизусть стихи Магжана Жумабаева Димекен была близка писателям, художникам и вообще людям. Он смог защитить и позаботиться о писателях, которые поднимали нам настроение, возвышали наш разум, воссоединяли нас с закрытыми страницами отечественной истории[3, 123]. Известно, что среди них были М. Ауэзов, И.Есенберлин, О. Сулейменов. Известный ученый и писатель Кульбек Ергобек Димекен рассказывает, что находится в контакте с профессором Бейсенбаем Кенжебаевым, изучавшим историю казахской литературы, и что тот подарил ему дом посреди города, предложил машину. На самом деле среди казахской интеллигенции было немало тех, кто видел благословение Димаша Конаева. По словам И. Есенберлина, «Особенно дорого было тем, кто часто падал в пропасть или чья жизнь висела на волоске».

Доброту Димекен к И. Есенберлину и другим представителям интеллигенции описывает Раунак Есенберлин, брат писателя, ученый, создавший секретный материал в термостойком внешнем слое «Борана», отправившегося в космос: «Он не лишать его помощи прямо или косвенно. Для Ильяса особенно важны были два события. В первый раз Димаш Ахмедович Конаев спас Ильяса от очень серьезной клеветы. Народ знает, что Димекен не стал жертвой тоталитарной системы. Во второй раз Димаш Ахмедович поддержал творчество Ильяса. В результате были изданы трилогии «Кочевники» и «Золотая Орда», ставшие гордостью казахского народа» [4, 244].

По словам Олжаса Сулейменова, Конаев наблюдал за каждым новым человеком в литературе и искусстве. Было много людей, которые его поддержали. Известно, что он специально пригласил Шамши Калдаякова и подарил ему трехкомнатный дом в центре города и обязал издать сборник песен. Достаточно назвать среди тех, кого поддерживает «Димекен», Абильхана Кастеева, Молдахмета Кенбаева, Нургису Тилендиева. По словам Азильхана Нуршайыкова, Димекен непосредственно заботился о росте и процветании «Отырар сазы» и образовавшего его Нургиса Тилендиева» [5, 144-145].

Под влиянием Конаева были проведены самые престижные мероприятия по повторному ознакомлению Абу Насыра Аль-Фараби, прозванного Вторым Учителем, с родной землей. Могли ли в советское время состояться такие сборища без особой поддержки первого главы республики? В 1975 г. в Москве и Алма-Ате прошли международные конференции, посвященные 1100-летию Аль-Фараби. Для поднятия уровня встречи в Алматы участвовал сам Д. Конаев.

Мало кто знает, что Димекен стоял у истоков представления миру Золотого человека, самой известной археологической находки Казахстана. Димекен увидела экспонаты, которые везли из Казахстана на зарубежные выставки, и спросила: «Почему среди них нет Золотого человека?» и открыл путь великолепной реликвии сакского периода, найденной и отреставрированной в Есике, для поездки на выставку в Египет.

Конаев пытался решить сложную проблему обустройства казахской молодежи в городе. В свое время «Димекен» поднимал перед руководителями Алматинской области и города Алматы вопрос о трудоустройстве молодежи из села на строительные и производственные места. На той встрече Димекен спросил: «Кто управляет паспортной системой в городе? Кто управляет жилищным отделом? Почему те, кто давал взятки, хотят жить в городе? И почему молодежь из села бродит от двери к двери, от норы к норе?».

Большинство тех, у кого есть воспоминания о Конаеве, часто упоминают о простоте Димекен. По словам Изгилика Дабаева, тесно связанного с семьей Конаевых, это качество досталось ему от



родителей. Когда Димекен отправляется в командировку, он не уезжает, не навестив родителей. Это означает: «Дай мне свое благословение, я вернусь благополучно». Даже когда он возвращается из командировки, он не идет к себе домой, а сначала идет к родителям и здоровается с ними. Это плод настоящего казахского воспитания, проявление уважения ребенка к родителям.

Я бы сказал, что одной из главных особенностей Қонаева от других лидеров советской эпохи является его благоговение перед исконно святыми местами казахов. В мемуарах Димекена не указано, когда он впервые посетил мавзолей Ходжи Ахмеда Ясави в Туркестане. Он в начале 1961 года Н.Хрущеву рассказали о видимом издалика купольном здании при проезде Туркестанского вокзала, что это могила распространителя ислама, философа, поэта Ходжи Ахмета Ясави, что это «второй Мекка» для этого края, место паломничества, и что новый мавзолей был построен Амиром Темиром в XIV веке. Видно, что Димекен раньше бывал в Туркестане и был знаком с его историей. Он рассказывает вождю СССР, что здесь захоронены казахские ханы, что в мавзолее покоится знаменитый казахский хан Абылай, описывает его деятельность по объединению казахского народа, рассказывает, что его потомки Шокан и Кенесары[6, 213]. У кого-нибудь еще хватило бы наглости отвлечь разговор? Қонаев этого не сделал. В это время он сообщил о казахских ханах - Абылае и Кенесары.

Словом, во второй половине XX века Д. А. Қонаев внес особый вклад в рост казахского национального самосознания, в подъем и консолидацию нации. Поэтому, как политику, заложившему основу нашей независимости, Димашу Ахметовичу Қонаеву нужно отвести достойное место в учебниках, а его нравственную жизнь пропагандировать среди молодежи.

#### **Литература:**

1. Мурат Ауэзов. Уникальная душа // Кеменгер Қонаев Алматы, 2003.
2. Қонаев Д. О моем времени. Алматы, 1992.
3. Ауэзов Мурат. Уникальный человек // Кеменгер Қонаев. Алматы, 2003.
4. Есенберлин И. Мысли, отчеты, дневники, письма. Алматы, 2015.
5. Азилхан Нуршайыков. Большое национальное достояние // Есенберлин И. Мысли, отчеты, дневники, письма. Алматы, 2015 г.



# МАҚТАН ТҰТАР ҰЛЫ ТҰЛҒА

**Утаршиева Гүлзада Серикбаевна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
ағылшын тілі мұғалімі*

**С**онау ерте заманнан-ақ пәленше айтқан екен, дана адамдар былай депті, дуалы ауыздан шыққан сөз деген сөздер мен сөйлемдер, даналық сөздер айтылып та, жазылып та жүр. Күнделікті қолданылатын мақалдар мен мәтелдеріміздің өзі бағзыдан бері қолданыста. Көбінің айтқан, жазған авторлары белгісіз болып ұмытылып, жалпы халықтың меншігіне айналып кеткені қаншама. Теориядан тәжірибенің әлде қайда артықтығындай осы айтылып отырған нақыл сөздер де, мақал- мәтелдер де, күлдіргі әңгімелер де өмірлік тәжірибеден алынған. Олардың адамзат қоғамында алатын орыны ерекше, адам тәрбиесінде құны жоғары. Әрине «айқайдың бәрі ән екен» деп қарауға болмайды. Адамзат қоғамында тауып та айтатын, қауып та айтатын, айтқаны келмей сандырағы келетіндер де жетерлік. Қалай болғанда да, мазмұны мен мағынасы құнды адамды ойландыратын, парасатқа жетелейтін тәрбиелік маңызға ие сөздер көптеп кездеседі. Ол сөздердің иелері де пайымы мол, өмір көрген, айналадағы құбылыстарға сыни көзқараспен қарайтын, өзіндік қорытынды жасай білетін жандар.

Сондай жандардың бірі және бірегейі – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Қазақ елін көп жыл басқарған, халықтың құрметі мен ықыласына бөленген мемлекет қайраткері. Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы. Үш мәрте Социалистік Еңбек Ері атанған. Сонау патшалы Ресей кезінде бұратана атанған ұлттың өкіліне Кеңес елі басшыларының үш мәрте жоғары атақ беруінің өзі осы тарихи тұлғаның қандай адам екенін паш етеді. Д.А.Қонаев – ең биік саяси лауазымға ие болған алғашқы қазақ ұлтының өкілі. Артына өшпестей атын, қанатты тәрбиелік сөздерін, халық көңілінен шығатын істері мен кісілік адами дағдыларын қалдырған жан. Қарапайымдылығы мен өзін бұқарадан төмен қоюының өзі көп жәйтті аңғартады, халықтың сүйіспеншілігіне бөлейді.

Д.А.Қонаевтың артында ешқашан құнын жоймайтын, құндылығы жоғары нақыл сөздері қалды. Оларды ой жіберіп түсініп оқыр болсаң, үлкен тәрбиелік мәнге ие.

«Жастық шақ, қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу үшін берілген». Бұл сөзі адамның жас кезі еңбек етуге, жұмыс істеуге болатын нақ дер шағы екенін, жастарды еңбек етуге үндейді. «Өмірдің екі тірегі бар. Үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау». Осы сөзі арқылы жайлы өмір сүру үшін екі нәрсені ұмытпа. Оқы, үйрен және білгеніңді өзгеге үйрет деп ақыл кеңес береді. Сонда ғана адам баласы жақсы қоғамда ғұмыр кешетінін меңзейді. «Адам айнасы – адам» деген сөздің мағынасы: өзіңнің қандай адам екеніңді айнаға қарап емес, адамдардың өзіңе берген бағасымен бағала деп ескертеді. Енді мына бір нақыл сөздің астарына үңілейік. «Адамға жазаның ең үлкені – жұмыссыз қалдыру» Әрине, еңбек етпеген ішіп-жемейді, ішіп-жемеген адам өмір сүре алмайды.



Сонда адамды жұмыссыз қалдыру дегеніңіз – өмір сүру құқынан айыру ғой. Бұл нағыз ауыр жаза екені түсінікті.

Ақиқат дегеніміз – шындық. Ал шындықты жасыру, бұрмалау – бұл ар-ұяты бар адамдардың ісі емес. Олай болса, Дінмұхамед атамның «Ақиқаттан аттап кету – арға сын» деп айтуы бекер емес.

Адам өмірге адам болып келгеннен кейін, адам болып қалуы керек. Сол адам деген кіршіксіз атқа кір келтіруге болмайтынын мына сөзден ұғамыз. «Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге болса да үлкен сын». Адамдық тура жолдан ауытқып жүргендерге осы сөз үлкен сабақ.

Ұлы адам мына сөзі арқылы өзінің ұлылығын тағы көрсетеді. «Панам ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім. Менің өмірлік мектебім – ел. Мен содан бәрін үйрендім, паналайтын жерім де сол ел» деп ағынан жарылады. «Өтіріктің құйрығы бір-ақ тұтам» деген мақал бар, бірақ дана адамның мына нақылы адамдарға ескер деп тұрғаны «Жалада шындық болмайды» деген сөзі. Жала деген – күнә, оны жуып тазарту оңай емес. Жала жүрген жерге шындықтың болмайтыны өзінен өзі түсінікті.

Адамның өмірге қонақ екенін, ол өмірдің әрі қарай жалғасатынына мына сөзі айғақ: «Өмір деген осы, бүгін бар, ертең жоқсың. Сен кетті екен деп, өзен-өмір ағысын өзгертпейді».

Адамдар арасындағы қарым-қатынасты, сыйластықты, әдептілікті «Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кісіліктен де туады» деп сыпайы болу – бұл адамдық, кісілік құндылықтың жемісі екенін дәлелдейді.

Соңғы кездері әлеуметтік желілерде ұлттың болмысы, ұлттық салт-дәстүрлер туралы, әдеп-ғұрыптар туралы, біреулерінің бұрмалануы, қайсы біреулерінің жойылып кеткені, сақталмайтыны туралы әр түрлі жазбалар көбейіп жүр. Шындығында, ата-бабадан келе жатқан қазақи тәрбие, ұлттық құндылықтар кейінгі ұрпаққа қаймағы бұзылмай жетуі керек қой. Ол ұлтымыздың қанындағы бар нәрсе және ол ұлттың бойында қалуы керек. «Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды», - деп тұжырым жасайды. «Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті» деген нақыл. Болашақты өткен уақыттарға қарап, сыни қорытынды жасай отырып, жоспарлап өткен күндер қателіктеріне ұрынбауды ескертеді.

«Баршаңызға бақыт тілеймін. Мына жүйке жұқартқандай қиын-қыстау күндерде иінді төмен салмай, еңсе көтертер күш-қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін. Бәрі бір күнгідей болмайды. Сондықтан, арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық. Ақжарылқап кіндер алдымызда», деп кемеңгер адам алдымызды болжағандай өзінің ақжарма тілегін туған халқына арнаған.

Бұл 1986 жылғы тәуелсіздік алуға деген қазақ жастарының тарихи бұлқынысынан кейін елдің еңсесі түспесін деген ойдан туындаған сөз болса керек. Тәуелсіздік таңының атуына жақын қалғанын сезгеннен болар. Көпті көрген, бір туар тұлғаның тәрбиеге толы, тәлімі мол нақыл сөздері үлкен том-том кітаптарға жүк болады. Оқып, зерделеп кәдеге асыру – кейінгі ұрпақтарға міндет.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Дінмұхамед Қонаев нақыл сөздері - Bilim-all.kz <https://bilim-all.kz>
2. М.Акуев Рядом с первым. Алматы: «Санат», 2004.
3. Б.Тілегенов Тұйық өмірдің құпиясы. – Алматы: «Дәуір», 1992.



# АҚИҚАТТАН АТТАП КЕТУ - АРҒА СЫН

**Қуатбаева Саяжан Кайргалиевна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп»  
ағылшын тілі мұғалімі*

**Д**інмұхамед Ахметұлы Қонаев – аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Қазақ КСР Ғылым Академиясының академигі, техника ғылымдарының докторы.

«Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім»- деп өзі айтқандай, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ұзақ жылдар еңбек ете және басшылық қызметте жүріп, өз өмір тәжірибесінде көрген-білген, көзі жеткен ақиқат жағдайлардан ой түйіп, артына ешқашан өзгермейтін аксиомадай афоризмдер, яғни, нақыл сөздер қалдырған.

Нақыл сөздер көне заманның ойшылдары Платон, Аристотель, Гераклиттен басталады. Туған халқымыздың әдеби-көркем мұраларында, әдебиет классиктерінің туындыларында да кездеседі.

Афоризм- қысқа сөзбен түйінделген тиянақты, бейнелі ой. Мұхтар Әуезов афоризмге: « Әр түрлі жайлардан түйіп айтқан нақыл, ақыл, терең ойлар», - деп баға берген. Мұндай үлгілі, дарынды сөздердің тігісі жатық, авторы белгілі болады. Нақыл сөздер отан, халық, дәуірге, оқу-білім, ғылым-өнерге, ақыл-парасат, арман-мақсат, үміт-тілекке, адамгершілік асыл қасиеттерге, достық, махаббат, ұрпақ, өмір, уақыт, ата-ана тәрбиесі, мінез ерекшеліктеріне қатысты жасалады.

Ширек ғасырға жуық басшылық қызметте болған, зейнеткерлікке шыққаннан кейін де халқымен кездесуден, түрлі қоғамдық өзгерістерге куә боп, өз пікірін айтудан жалықпаған, басшы болған кезінде де өзін халықтан жоғары қоймаған, қызметіне жаяу барып-қайтып, ешқашан күзетші ұстамаған қарапайым адам.

«Баршаңызға бақыт тілеймін. Мына жүйке жұқартқан қиын-қыстау күндерде иінді төмен салмай, еңсе көтертер күш-қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін. Бәрі бір күнгідей болмайды. Сондықтан, арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық. Ақжарылқап күндер алдымызда! Мен тәңір сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Жақсыны да көрдім, жан ауыртқан күндерді де бастан кештім. Ол менің ғұмырым, бірақ бұл өмірді халықтан бөле-жара қараған емеспін. Бозбала шағымда қара бастың қам-қарекеті болса, болған шығар, бірақ ат жалын тартып мінген азамат кезден алдыма қойған бар арман, бар мақсат елмен еншілес болды, халқым. Саған қалтқысыз қызмет еттім, аманатыңа адал болдым, соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет етуден танбаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ, ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын.

Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес. Жұмыла көтерейік.

Екіншіден, тату үйге тақсырет жуымайды. Бірлігіңе ие бол.



Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма,-деп, қарапайым сұхбатының өзінде ең қасиетті қасиеттері-сенім, бірлік жақсылықты берік ұстағанда ғана адам өміпінің мәнді болатынын атап өтеді.

Сенім-құдіретті күш:тауды да қозғайды,-деп,қандай қиын іс болмасын,сеніммен істелгенде ғана жүзеге асатынын айқындайды.

«Жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу үшін берілген» - деген сөзі де бар күш –қуат тасып тұрған, денсаулық мықты уақытты босқа өткізбей, еңбек ету қажеттігі үшін үш қайтара жастардың есіне салады.

«Абыройдан осы отау тіктім деген кісінің де пенделігі аз боламайды «,- деген сөзі өзі қызмет биігіне көтерілген кездердегі жіберіп алған аз-мұз қателіктері мен пенделікке бой алдырған кейбір сәттеріне деген өкініші мен сол қылықтарынан алған сабағынан туындаса керек.

Талай жандар кәсіпорындарға басшылық жасай жүріп, республиканы басқару дәрежесіне дейін көтерілген Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев өмірдің сан түрлі баспалдақтарынан өтіп, түрлі ұлт мекендеген қазақ жерін ұрыс-керіс, дау-дамайсыз, ұлт араздығынсыз, тату-тәтті күйінде басқара білді. Әлденеше ұлт өкілдерімен қызметтес болып, әр ұлттың қадір-қасиетін, салт-дәстүрлерін түсіне біліп, құрметпен қарады. Ең жоғарғы лауазымда отырғанымен, өзіне бағыныштылардың да орынды сын, ұтымды уәждеріне құлақ аса білді.

«Орынды сын ойлантап қоймайды «, «Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау «, «Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттама «, «Ақиқаттан аттап кету- арға сын «, «Адам айнасы- адам «,- деген нақыл сөздері сол өмір тәжірибесінен түйген түйінді ойлар.

«Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кісіліктен де туады «,- деп, өзін халқынан биік санамаған тұлға. Мәскеу қысымымен 15 минуттық кеңеспен себепсіз орынынан босап қалған кездерде де сол кісілігінен танбады. Еңбегі мен қадір-қасиетін бұлдап, марапаттарын, атақ-дәрежесін алға тартып, ешкімнің алдына барып, алақан жаймады, арызданбады.

«Дүние түске дейін киіз, түстен кейін мүйіз боп кетуі әп-сәтте «, «Адамға жазаның ең үлкені-жұмыссыз қалдыру «, - деген қанатты сөздері өмірінің сол бір аумалы-төкпелі кезеңдерінде туды ма екен деген ой келеді.

Қазақ халқы басынан өткізген ондаған көтеріліс, аштық, репрессия, 1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының 50 миллион адамды құрбан еткен жойқын зардабы, атом бомбасынан зардап шеккен Хиросима, Нагасаки қалалары мен өзіміздің Семей өңірі қасіреті бар, 1986 жылғы қазақ жастарының Мәскеудің солақай саясатына қарсы шығып, жаланың құрбаны боп атылып, асылып, оқудан, жұмыстан шыққаны бар-барлығын көңілінде тоқып, ой елегінен өткізген Дінмұхаммед ата: «Жиырмамыншы ғасыр- таңғажайып ғасыр, тарих үшін қызықты, ал замандас үшін қасірет ғасыры», - деп анықтама берген.

«Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды» деген қағидасымен өмір сүрген Димаш Ахметұлы тек өзі қадірлеп, қорғаштап қана қоймай, қарамағындағылардан да өз ұлтымыздың салт-дәстүріне, мәдениетіне, тіпті, жеке бастарына да қамқорлық көрсетуді талап етіп отырған.

Бұған дәлел- басшыдан көрген қиянатын айтып, шағынған қазақ қызметкердің арызын тыңдағаннан кейін, сол кездегі үзеңгілес інісі Асанбай Асқаровқа: «Орысты ренжітсең, Мәскеуге шабады, қазақты ренжітсең қайда шабады? Өзіңнің алдыңа айналып келеді., Асанбай. Орыстың артында тұрған Мәскеуі бар. Қазақтың артында Мәскеуі жоқ, қазақтың Мәскеуі- біздерміз, Асанбай, қолыңнан келгенше қазақты жылатпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін иісалмас, ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой..., біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намы-





сын сақтауымыз керек»,- деген сөзінде өз ұлтына, қаймана қазағына деген қаншама мейірім, қаншама құрмет жатыр!

Сонымен қатар, он бес республиканы уысында ұстап, адымын аштырмаған орысшылдық дәуіріндегі ұлтының тәуелсіздікке жетуін көздеген арман да жатыр емес пе?

Қилы-қилы кезеңдердің куәгері, еңбекпен тапқан бақтың да, дәрежелі тақтың да, ақиқатсыз жаланың да иесі болған Дінмұхаммед Ахметұлының:

«Өзімді-өзім ақтайын деп отырған жоқпын, дұрыс та, бұрыс та шешеімдер қабылдадым, қателік те болды, жетістік те болды. Жалғыз ғана көзімнің жеткені – көп уақыт билікте болуға болмайды. Айналаңдағы адамдарды тану түйсігің жоғалады, тың ойларды түсінбейсің немесе қабылдамайсың, өзіңе өзің сын көзбен қарауды қоясың. Сосын, міндетті түрде, қателіктер жасайсың.

Негізінде, айналаңа өзіңе табынушыларды емес, идея беретін ақыл-парасат иелерін жинау керек «,- деген пікірі- қай заманның болсын басшылық қызметте отырған азамттарына көрсеткен сара жолындай.

«Ар ойлап, дүниеге бой алдырмаған екі адам болса; соның бірі елі еркелетіп Димаш атаған-Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев. Шүкір, шыққан тауы биік болды. Бір кісідей биліктің шыңына көтерілді. Кісілігін ұлылыққа жеңдірмеген кім десеңіз, онда да абзал жанның есімі еріксіз еске түседі. Димекең қанағатшыл жан еді «,- деген Серік Әбдірайымовтың пікірі «Менің халқым менен де биік»,- деп өмір сүрген бойы да, ойы да биік кішіпейіл тұлғаға берілген ақиқат анықтама

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. [kk.m.wikipedia.org/wi.fi](http://kk.m.wikipedia.org/wi.fi)
2. [qamshy.kz](http://qamshy.kz)
3. [Nttp//kk.m.wikipedia.org.wiki](http://kk.m.wikipedia.org.wiki)
4. Бірлесу тәуелсіз газеті.



# ТҰЛҒАСЫ ТӘЛІМГЕ ТОЛЫ Д.ҚОНАЕВТЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ

**Бағындық Жанаргүл Әміржанқызы**  
*Ақтөбе қаласы «№55 орта мектеп-гимназия» КММ*  
*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Қ**ызылдардың қылышы сермеліп тұрған заманда ұлты үшін жан-терін сыға жүріп қызмет еткен азаматтар шоғыры бар. Олар салған сара жол жарық жұлдыздай сәулесін мольнан шашып тұрады. Жылуы да, шуағы да мәңгілік. Қай мезгілде болмасын соларды тауып, шаң басқан бейнесін сұртсеңіз болады, күннің шуағындай жайнап, жадырап шығады. Сондай жарық нұрлы сәуленің бірегейі – Дінмұхамед Қонаев болатын. Ол аумалы-төкпелі заманда Қазақстанның гүлденуі мен халқының кемелденуі үшін үміттің атына мініп, келелі істерді тындырды. Осындай қалтқысыз еңбегін бағалаған С.Әубәкіров «Д.Қонаев – көзі тірісінде қандай атақ пен абыройға, бақ пен даңққа ие болса, дүниеден өткен соң да сондай құрметін жоғалтпаған, тарихта сирек кездесетін ұлы тұлғалардың бірі» [1, 145 б.] деген екен. Профессордың осы пікірімен дүйім қазақ елі келісетініне кәміл сенеміз. Себебі Дінмұхамед Қонаев тарихтың алтын парақтарында тау тұлғалы, ерекше мейірімді, асқан ақылды, парасатты қалпымен сақталып қалды. Ол арнасы кең, толқыны екпінді, түбі терең мұхит секілді. Халық өзінің осындай қасиеттерімен танымал кемеңгер басшымыздың ұлағаты мол, лұғаты тағылымды әр сөзін мұқият тындап, жадыларында сақтап, өмірлеріне бағыт беретін қанатты сөзге айналдырды.

Дара тұлғаның даналығы мен нақыл сөздері кез келген салада жүрген талай жастың биіктен көрінуіне арқау бола білді. Сондай қанатты сөздеріне тоқталуды жөн көрдік. «Сатыға аяқ салмай жатып, баспалдақтан аттама» деген сөзінде әр істі жүйемен, байыппен орындау туралы айтса, «Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау» [1, 143 б.] дегенде өмір ағымында үнемі ізденіс үстінде жүру керек екенін, өз үйренгенінді біреуге үйретіп отыру қажет екенін шебер жеткізеді. Шын мәнінде де, қазіргі заманда бір орында тұрып қалуға болмайды. Адам я өседі, я өшеді. Себебі ХХІ ғасырда заман ағымына қарай үйреніп, үйретіп, қозғалыста болуымыз шарт.

Жалпы, Дінмұхамед Қонаевтың даналық сөздерін бірнеше топқа бөліп қарастыруымызға болады. Ең бірінші, елдің бірлігі, татулығы турасында айтқан нақыл сөздері: «Еліме айтарым: Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиыны келмейтін іс емес жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсірет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма!» [2, 35 б.]. Мұнда кемеңгер басшы ұлт руханиятын, оның гүлденіп өсуі үшін бірлік қажет екенін баса назар қойып айтады.

Екінші топқа, «Иман жиям десең, пиғылыңды таза ұста» демекші имандылық, әдептілік, адамгершілікке байланысты айтқан сөздерін жатқызамыз.

Жібі түзу, жаны таза адам кез келген жағдайда, қандай қызметте істемесін қашан да ар-ожданым биік ұстап қалады.

Ақиқаттан аттап кету – арға сын.



Әдептілік. Осы бір сөздің тәрбиелік мәні зор, әсіресе мұның ұлттық мәні ерекше. Қазақ әдептен аспай, кішілік көрсету арқылы кісілік көрсеткен. Иман жиям десен, пиғылыңды таза ұста. Күпірліктен адасасың.

Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын. Адамгершілік деген асыл қасиетті аласартып алмасақ екен. Өмір өзегі осы, азаматтық жол да осы [2,36 б.].

Міне, Дінмұхамед Қонаевтың осы бір қанатты сөздерінен өзінің тұлғасын көре аламыз. Өзі де тура бидей әділ, иман жүзді, әдептілікті дәріптейтін, айналасына қамқор жан болған. Сондай қасиеттерді өзінен кейінгі жастарға насихаттап кеткенін байқаймыз. Оның мотивацияға толы, жол нұсқайтын темірқазық іспеттес нақыл сөздері әлі де баршылық. Барлық сөздерінің де тәрбиелік маңызы зор. Тек оны судырата оқу бір бөлек, түсініп оқу бір басқа. Сондықтан бүгінгі күннің жастарына кемеңгердің нақыл сөздері мен өмір жолын оқытудың тың жолдарын іздестіруіміз қажет. Себебі оқушыларға мектепте өткізілетін қызықсыз іс-шаралардың, ашық сабақтардың Дінмұхамед Қонаевтың нақыл сөздері мен өмірлік жолын оқытудағы тиімділігі төмен болып отыр. Оның да өзіндік себептері бар.

Біріншіден, заманауи жасөспірімдердің ғаламторды, әлеуметтік желілерді белсенді қолдануы күнделікті іске айналып кетті. Көбі оқыған әдеби шығармаларын My Book, You Tube арналарына кіріп, қысқаша мазмұнды анимация түрінде көреді. Сондай форматтағы бейнероликтер 200 мың қаралым жинайды екен. Сондықтан біздер қазіргі заманның сұранысына сай оқыту жолдарын ұсынғымыз келеді.

Кемеңгердің өмір жолына, шығармашылығына байланысты шығарылған, өзінің төл еңбектері басылған кітаптардың анимациялық бейнеролик түріндегі трейлерін шығару. Трейлер 2-3 минуттан аспауы керек, себебі статистикаға сүйенсек, көрермендердің 40 пайызы көңіл көтеруге арналмаған бейнероликті алғашқы 2-3 минутында сөндіріп тастауға бейімделген. Жаңадан шыққан кинофильмдер өздерінің қойылымдарына осындай әдісті қолданып көрермендерін тартса, біз оқырмандарымызды жұмылдырайық;

Дінмұхамед Қонаевтың қанатты сөздерін қазақ тілі сабағында грамматикалық тапсырмаларды орындату барысында алайық;

Мектептегі кәсіптік бағдар беруші мамандар өз жоспарларын кемеңгердің нақыл сөздерін кірістіріп, құрас-тырса;

Instagram әлемінде дара тұлғаның «Дінмұхамед айтқан екен» атты айдарымен нақыл сөздері басылып тұрса;

Дінмұхамед Қонаевтың жүріп өткен сара жолын шет елде шығарылатын, жеңіл оқылатын, сюжетті комикс ретінде шығарып, оқырманға ұсынсақ.

Бұл кемеңгердің өмір жолымен танысуға, қанатты сөздерін бойларына сіңіруге тиімді әдіс болады деп сенеміз. Психологиялық тұрғыда адамға күштеп жегізген астың дәмділігі иісімен баулап тартқан тағамнан әлдеқайда төмен бағаланады. Сондықтан жоғарыдағы әдістерді қолдансақ, оқушылардың қызығушылығы әлдеқайда жоғарылайды деп пайымдаймыз.

Сөзімізді қорыта келе, Дінмұхамед кеңестік заманда ұлтынан суырылып озған жүйрік бола білді. Үнемі ұлтының рухы, мүддесі, мәдениеті үшін күресіп, ізденісте жүрді. Сол ізденістері ұлтының құндылықтарын сақтап қалуға септігін тигізді. Қазіргі жастарымыз идеал адамды сырттан іздемей, өзіміздің кемеңгер басшымыздан үлгі алса дейміз. Себебі оның әрбір сөзі жастарға бағыт, мотивация сыйлайды. Ендігі кезекте біздер оның салған сара жолын, ішіндегі отын әрі қарай қар жауса да сөндірмеуге міндеттіміз.

### **Әдебиеттері тізімі:**

1. Айтбозымов С. Қазақ халқының саңлақтары: Мың жылдық саңлағы. Ізденістер, сараптаулар, ықпал ету тетіктері. – Астана, 2007 ж.

2. Асанова Б.С., Б.Т. Жұмағұлов Мұхиттан өткен қайық. – Алматы, 2011 ж.



# УНИВЕРСИТЕТЫ ҚОНАЕВА.

**Хамитова Гульшара Шамильевна**  
*учитель русского языка и литературы*  
*КГУ «Общеобразовательная средняя школа*  
*имени Д.Конаева» г.Актобе*

**С** этого года моя школа носит имя Динмухамеда Ахмедовича Конаева. Такой человек рождается один раз в тысячу лет. Личность Конаева многогранна, это был великий человек своего времени, достойно прошедший путь от рабочего до руководителя страны. Конаев написал около двухсот научных трудов, были и автобиографические книги. Мне как учителю русского языка и литературы интересны его афоризмы, цитаты и крылатые выражения.

Читая книги Конаева, зачаровываешься изобильной щедростью писателя, он подробно и четко описывает то или иное событие. Как великий человек, Конаев пропускал мир через себя, виртуозно владел художественным словом. Истинный сын казахского народа, он писал: «Каждый человек должен знать свою родословную. Не уходя в глубокую древность, могу только сказать, что мои предки берут свое начало от Байдыбека, джигита Старшего жуза». [1] Генеалогическое древо Д.А.Конаева, данное в книгах о нем, наглядно показывает, как в семье чтут память предков, знают и уважают историю своего рода.

Слова руководителя страны и академика: «Отличником я, увы, не был, но трудные науки постигал с превеликим удовольствием...» - я бы прочитала современным молодым родителям, которые буквально зациклены на оценке «отлично» и требуют от своих детей самые высокие показатели обученности. При этом родители не учитывают другие факторы, влияющие на качество знания детей, такие как возможности, желание или нежелание учиться и интересы подрастающего поколения. Также сейчас модно говорить о читательской грамотности учащихся, и все школы работают в рамках республиканского проекта «Читающая школа- читающая нация». О чтении Конаев писал: «Ничуть не опасаясь упреков в старомодности, скажу, что до сих пор предпочитаю серьезное чтение любым другим, как говорится, синтетическим видам самообразования и досуга». [1] Не согласиться с великим ученым невозможно: он прав, тысячу раз прав.

Мне как учителю XXI века было интересно читать про «бригадный метод обучения, состоявший в том, что ученики с хорошими знаниями брали на «буксир» отстающих, и, как правило, такая помощь приносила хорошие результаты». Сейчас много всевозможных методик обучения и преподавания в школе, но количество школьников с низкой мотивацией не уменьшается. Может, современные отличники и хорошисты тоже возьмут своих ровесников на «буксир»?

«Годы учебы в школе запоминаются надолго» - писал Динмухамед Конаев. Действительно, в наше время люди разных возрастов тесно общаются со своими одноклассниками, состоят в WhatsApp-группах. Причину вижу в том, что самая крепкая дружба между людьми возникает во время учебы в школе.



«В то время, когда я учился в Москве, у нас проводились так называемые университеты культуры. Каждое воскресенье перед студентами выступали известные писатели, артисты, ученые». [2] Я читаю и сравниваю с нашим временем: у нас тоже есть писатели, артисты и ученые, но встречи с такими людьми платные, а у студентов нет возможностей платить. Было бы прекрасно возобновить мудрые и так необходимые университеты культуры!

Совет Конаева подрастающему поколению: «Молодость дана не для того, чтобы расправлять крылья, а для того, чтобы летать, делать чуть больше, чем тебе под силу, работать, работать, работать» [2] - при верном и глубоком понимании слов помог бы избежать молодежи ненужных трат и времени на развлечения.

Почти 45 лет жизни Конаев провел на руководящих должностях. В чем же секрет такой продолжительной управленческой деятельности? Отвечу на вопрос словами тогда еще молодого Конаева: «Я молодой специалист и не хотел бы перешагнуть через ступени. А потому, если доверите, направьте непосредственно на производство, чтобы не сидеть в конторе». Или это: «...Не получив закалки в рабочем коллективе, большим командиром не станешь». [1] Какая мудрость заключена в его словах?! Он считал, что «главный учитель - это практика, каждодневное общение с рабочими и коллегами-инженерами». Слова о практике можно применить в любой сфере деятельности человека, в любой отрасли. Практика, опыт, трудности закаляют молодых. А может быть, секрет в другом: «Еще помню, что я не испытывал боязни перед ответственным поручением. А ведь мне было всего 30 лет. И рассуждал я так: доверяют большое дело - должен его выполнить». [3] Он как истинно великий человек не чувствовал страха перед работой, он тихо выполнял ее, несмотря ни на что.

Про мотивацию советского периода он писал: «Воодушевляли статьи в газетах, рассказывающие о работе цеха (иногда с моей фотографией), например, в республиканских газетах «Советская степь», «Энбекши казах», областной и местной печати». Читая это, представляю простого человека, умеющего радоваться, но не хвастающего своими достижениями. Много хорошего видел Динмухамед Ахмедович в советской стране, он говорил: «Всеобщее образование, культурная революция, дворцы санатории для рабочих - ведь это все было, было». [2] Так, например: «По инициативе начальника строительства В.И.Иванова было открыто 14 кружков казахского языка», благодаря которым русские учили казахский язык, а казахи-русский. Конаев Д.А. говорил о сталинских репрессиях, не понимал происходящие события того времени, но он объяснял тем, что он был человеком рабочим, ему было некогда разбираться в политике, нужно было поднимать экономику страны. Нельзя перечеркивать все, что было в Советском Союзе. В каждой стране есть и хорошее, и плохое...

Когда читаю книги Конаева, у меня невольно возникает чувство, что я общаюсь с родным человеком, отцом или дедом. Его слова - это движение мыслей. Но при этом значение слов возвышается. Нам необходимо учиться у Конаева любить свою Родину. Про каждый город, где ему пришлось работать или жить, он писал: «Я люблю этот город...», и это были города Алматы, Риддер, Балхаш. Лениногорск. Вроде всего 4 слова, но какой патриотизм слышится в них?! Еще одним признаком родства душ я считаю то, что я лет 20 прожила в шахтерском городке Хромтау, и мне знакомы слова и термины горной промышленности: взрывник, премии, на-гора, план, сдельная работа, доска почета и т.д. Или вот это: «Взрыв - огромная сила, и она используется в самых различных областях человеческой деятельности». Да, взрыв и помогает в горной промышленности добывать руду, и становится причиной гибели людей.

Конаев как внутренне, так и внешне отличался от своих современников. Он не имел собственных детей, но был добрым, всю жизнь любил одну женщину - его жену, жил скромно, хотя почти четверть века стоял у власти, поднял экономику страны на небывалую высоту, построил много городов,



делал научные открытия. Внешне он тоже был красив, отличался высоким ростом, светлой кожей и правильными чертами лица.

«Резервы человеческого духа неисчерпаемы. А, значит, и дела его не имеют предела!»- писал Конаев Динмухамед Ахмедович, здесь он имел в виду в общем человека, а получается говорил о себе. «Посты, награды, степени не вскружили мою голову и не могли изменить качества, которые я ставил выше других в своей жизни и работе — простота, честность, принципиальность» [3] - вот то, чему должны мы учиться у Конаева.

Таким образом, прочитав несколько книг Конаева и книги о нем, я собрала много афоризмов и цитат этого великого человека. Для каждого читателя в трудах Динмухамеда Ахмедовича можно найти нравственные уроки, мудрые советы или одним словом, университеты Конаева.

#### **Литература:**

1. Конаев Д.А. «От Сталина до Горбачёва»: в аспекте истории Казахстана» Алматы. Издательство «Санат». 1994 г.
2. Конаев Д.А. «Избранные речи и статьи». Москва. «Издательство политической литературы» 1978 г.
3. Конаев Д.А. «О моём времени» Алматы. Издательство «Дәуір» 1992.
4. Конаев Д.А. «Өтгі дәурен осылай» («Так прошла эпоха») Алматы, 19





# ЖАҚСЫ ІСІМЕН ЖАСАЙДЫ

**Сатыпбай Ақнәзік**

*Ақтөбе қаласы «Ғ.Ақтаев атындағы*

*№6 мектеп-гимназия» КММ*

*7 класс оқушысы*

*Жетекшісі Жолманова А.К.*

**Қ**азақта «Жақсы ісімен жасайды» деген мақал бар. Сондай жақсы ісімен өшпес із қалдырғандардың бірі – Д.А.Қонаев. Ол - ұрпақтарына үлгі болар тұлға. Ал енді оның нақыл өздерінің тәрбиелік мәніне тоқталайық. Оның әрбір нақыл сөзінің тәрбиелік мәні бар. Яғни, Д. Қонаев әрбір даналық, нақыл сөзін толғанып айтқан. Мысалы, «Өмір деген осындай: бүгін барсың, ертен жоқсың», - деген қанатты сөзінде қаншама тәрбие бар десенші. [1.384-б. ] Шынымен де, ойланып қарасаң, өмірдің заңдылығы осындай. Қайдан білесің, бүгін болып, ертең көз жұмуың мүмкін ғой. Ешкім болашағын, ертеңін білмейді. Көрдіңіз бе, бір сөзінде қаншама үлкен ой бар. Дінмұхамед Қонаевтың осындай қанатты сөздері біршама. Тағы да, оның мына сөзінде де көптеген тәлім-тәрбие жатыр: «Тәуелсіздіктің жүгі ауыр». [1.384-б.] Иә, шындық осы. Тәуелсіздік ешқашан тез болмайды. Тек үш сөзден құралған болса да, көптеген шындық жатыр. Мысалы, өзіміздің еліміз Қазақстанды айтайық. Қазақстанның 500 жылдық тарихы бар. Оның үстіне, Қазақстанның ыдырап кете жаздаған кезі де болды. Міне, осы үшін де шынымен Тәуелсіздіктің жүгі ауыр. Осы Тәуелсіздікті алу үшін шайқаста қаза тапқан адамдардың саны көп-ақ. Яғни, бір сөзбен айтсақ қолмен санауға келмейтін. Осы үш қана сөзден қаншама ащы шындық пен тәрбие шықты. Келісетін шығарсыз, бұрын ата-бабамыз қандай алғыр, зерек болған. Сондай-ақ сөздік қоры да жақсы болған. Мысал ретінде айтсақ, мен айтып жатқан Д. Қонаев, Абай Құнанбайұлы және т.б.

Сондай-ақ оның ақиқат туралы нақыл сөздері де көп-ақ. Соның біріне келіп тоқталатын болсақ, оның: «Жалада шындық болмайды», - деген нақыл сөзі. [1.384-б. ] Бұл сөздердің тәрбиелік мәні тереңде жатыр. Шынымен де, жалада ешқандай шындық болмайды. Себепсіз жала жабу, өтірік куәгер болу - үлкен күнә. Білмей жатып, ақиқатына жетпей жатып жала жабу да дұрыс емес деп ойлаймын. Біріншіден, ол түбіне бәрібір ашылады. Оған дәлел, қазақта мынадай мақал бар ғой :» Өтіріктің құйрығы-бір-ақ тұтам». Екіншіден, жаңа айтып өткендей, ол үлкен күнә. Үшіншіден, бір күні басқа адамдар да саған өтірік жала жабуы мүмкін, тағы саған сенуден қалады. Сонда, шынымен де Дінмұхамед Қонаевтың айтқан нақыл сөзінің жаны бар. Тіпті, оны дәлелдеп те бердік. Ал енді Қонаевтың еңбекке қатысты нақыл сөзін талдап, тәрбиелік мәнін де ашайық. Тағы, еңбекке қатысты мына нақыл сөзі бар:»Қазақ ауыр істен емес, ауыр сөзден қорқады». [1.384-б.] Сонда біз осы нақыл сөз арқылы бірнеше құндылықты ала аламыз, ол сол кездегі, яғни, Қонаев өмір сүрген кезде қазақтар еңбекқор, тірліктен қашпағанын көруге болады. Демек, қазақтар ешқашан жұмыстан емес, ауыр сөздің шыққанынан қорыққан. Әр сөзін ойлап сөйлеп, адал болған. Сөзге үлкен мән берген. Бір ауыз сөзге тоқтаған. Осы орайда мына бір оқиға есіме түсіп отыр. Бірде бұрынғы Семей облысына Д.А.Қонаев келетін болады. Жолда аудан басшылары күтіп алады. Жол бойына киіз үй тіктіріп, оның маңдай-



шасына: «Бұл үйде 100 биеден 102 құлын алған жылқышы тұрады», - деген сөзді жаздырып қояды. Сонда Димаш ата сол жазуды көріп, жалған ақпарат екенін біледі. Білсе де қасындағы басшыларға ештеңе демейді. Тек үйге кіріп бара жатып: «Біздің құданың аулының биелері егізден құлындайтын болған ба?», - деп жымияды. Осы бір ауыз сөзді есіткен басшылар кірерге тесік таппағандарын айтады. Айтайын дегенім, Димаш ата ешкімге ұрысқан жоқ, жекірген жоқ. Тек бір-ақ ауыз сөз айтты және солбір ауыз сөз басшыларды жерге кіргізді. Сондағы осы нақыл сөздік тәрбиелік мәні, қазіргі жастарды бір-біріне ауыр сөз айтпауды, айтса да, кешірім сұрау керек екендігін білдіреді. Сөзге тоқтай білу. Айтқан уәдені орындау, айтқан сөзден қорытынды шығара білу керек. Сонымен бірге ешқашан да жұмыстан қашпауға, еңбекқор болуға тәрбиелейді.

Ақын, педагог, академик үнемі әр сөзінің тәрбиелік мәніне зор назарын аударғаны белгілі. Үнемі бір сөзбен болсын тәрбие беруге тырысқан. Ал енді қорытындылай келе, Дінмұхамед Қонаев өзінің ғұмырында, біріншіден, қазақ еліне қызмет еткен, екіншіден, өз ұрпақтарына тәрбиелік мәні зор кітап жазып қалдырған, үшіншіден, қазақ еліне басқа да көптеген игі істер жасаған. Негізі, қазақ елі мықты ғой, өзінің мықты қолбасшылары болған, ақын-жыраулары болған, көпті көрген ақсақалдары болған. Осы қолбасшылардың мықтылығы, ақын-жыраулардың алғырлығы, ақсақалдардың даналығы әр қазақтың қанында бар. Бір сөзбен айтсақ, Д.Қонаев - қазақ елінің көрнекті тұлғасы!

Д. Қонаев-біздің Қазақстанның дамуына өз үлесін қосқан тұлғаның бірі. Біз өзіміздің осындай керемет тұлғамыздың болғанымен мақтануымыз керек.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Серік Әбдірайымұлы құрастырған. «Елу жыл ел ағасы». Естеліктер, сыр-сұхбаттар, жыр-толғаулар, эсселер, қызықты хаттар мен тың деректер, фотошежіре. Алматы; «Санат», 2002 жыл.
2. Б.С. Асанова құрастырған. «Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия. «Мұхиттан өткен қайық» Алматы; 2011 жыл.



# ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ЦИТАТ Д.КОНАЕВА

**Демеуова Айнагуль Килбаевна**

*учитель начальных классов*

*«Школы-интернатА для одаренных детей*

*«Сымбат» г. Актобе*

**Д**инмухамед Конаев родился 12 января 1912 года в городе Верный (ныне Алматы). Он является автором более 100 научных трудов.

Конаев – это человек широких взглядов и твердых принципов.

Свою народную любовь Динмухамед Конаев заслужил еще при жизни. Его считают не только лидером, сделавшим Казахстан важной составляющей экономической системы Советского Союза, но и покровителем деятелей культуры, науки, олицетворением целой эпохи.

Цитаты, афоризмы Конаева по сей день имеют воспитательное значение не только для подрастающего поколения, но и для всего человечества.

В своей статье проанализирую и постараюсь дать разъяснение некоторым цитатам Конаева:

«Каждый человек должен знать свою родословную. Не уходя в глубокую древность, могу только сказать, что мои предки берут свое начало от Байдыбека, джигита Старшего жуза. Мое ближайшее генеалогическое древо выглядит следующим образом: Жолым – Нурмамбет – Азнабай – Конай – Джетибай – Жумабай – Минлиахмед – Динмухамед...» [1, с.8].

Действительно, каждый человек должен знать откуда он родом, кто и кем были его предки, должен знать историю своего рода и передавать в дальнейшем это последующему поколению. Мы должны знать и гордиться своими предками, не забывать об этом. Как у нас говорится: «Жеті атаны білу парыз». Изучение своего родового древа – это самоопределение и самопознание, понимание своей причастности к чему-то большему, чем просто «ты». Это дает человеку силы и абсолютно новое ощущение жизни, а также дополнительную ответственность за то, что останется после нас.

«Казалось бы, все резервы задействованы, напряжение в коллективах достигло наивысшей отметки, еще чуть-чуть, думалось, и туго натянутая тетива не выдержит, лопнет... Но нет. И в этом я не раз убеждался за свою долгую жизнь: резервы человеческого духа неисчерпаемы» [1, с.43].

На самом деле, самое выносливое живое существо на Земле – это человек, как по физическим параметрам, так и по психологическим. К примеру, в беге на дальние дистанции человеку нет равных. Были зафиксированы случаи, когда человек за 5 дней преодолевал расстояние более 1000 километров. А неисчерпаемости человеческого духа могут рассказать и жизненные факты: когда люди, несмотря на усталость, голод, нищету, оказывали колоссальное сопротивление гитлеровской Германии в годы Великой отечественной войны; как наши предки, несмотря на отсутствие еды, помогали детям и женщинам, которые были эвакуированы с линий фронта, помогали голодающим репрессированным людям. Поэтому, воспитывая свою молодежь, своих детей, ссылаясь на слова Конаева, мы



должны объяснять, что нельзя опускать руки перед какими-либо проблемами, что нельзя бояться трудностей, что нельзя, увидев какое-либо препятствие, предавать свои цели и мечты.

«Был создан боевой настрой и та атмосфера, которая исключает слова «нет», «не можем». Девизом и принципом в работе стало: «Надо – сделаем!» [1, с.46]

Этот девиз, который был тогда, должен существовать и в настоящее время. У каждого человека девизом должен быть слоган: «Надо – сделаем!». Обучая своих учеников, мы стараемся донести им, что нужно всегда доводить до конца начатое дело, что нужно ставить перед собой определенные цели и двигаться к ним, несмотря ни на что: надо что-то сделать для достижения поставленных целей, то конечно, мы сделаем это! Этим самым, руководствуясь таким девизом, мы учимся сами и учим своих детей доводить начатое дело до конца.

«Посты, награды, степени не вскружили мою голову и не могли изменить качества, которые я ставил выше других в своей жизни и работе – простота, честность, принципиальность» [2, с.64].

На самом деле, даже сам Конфуций говорил: «Простота – одно из лучших качеств человека!». В простой душе – неиссякаемый источник позитива, и он щедро, безо всякого расчета, дарится ближним и дальним. Простота – сила настоящего сильного человека. Ему не нужно самоутверждаться и доказывать ее, размахивая кулаками, с которым зачем-то должно быть добро. Часто простота путается с совершенно иными качествами – от лицемерия до наивности и глупости. Но! Это уже проблемы самого путающего. Не зря ведь говорится: «Все гениальное – просто».

Одной из самых лучших человеческих добродетелей является такое качество, как честность. Оно очень ценится окружающими, помогает отразить важнейшее требование нравственности. Честного будут ценить, уважать, с ним приятно работать, ведь он не лжет, не лицемерит, не предает.

Принципиальность – это качество личности, характеризующееся стремлением поступать в строгом соответствии со своими убеждениями в любых жизненных ситуациях. Большинство принципиальных людей достаточно щепетильно и ответственно подходят к выполнению собственных обязанностей.

Поэтому все перечисленные качества очень важны для человека, и основываясь на это мы должны воспитывать свою молодежь.

Крупные и сложные вопросы решать не торопился и говорил своим помощникам: «Пусть бумага полежит, завтра будет умнее» [1, с.207].

У А.С.Пушкина в стихотворении есть фраза: «Служение муз не терпит суеты». Управление страной – это есть искусство, искусство создания великой державы. И оно должно быть несуетливым, обдуманым. Афоризм, сказанный Динмухамедом Қонаевым подходит и для нашего времени, времени скорости, когда все пытаются делать быстро, необдуманно, что впоследствии приводит к возникновению ошибок, просчетов. Поэтому прежде, чем делать что-то важное, или перед тем, как принять важное решение, нужно хорошо подумать, взвесить, и как говорится – семь раз отмерить и один раз отрезать.

«Окружать себя надо не поклонниками, а умами, трансформирующими идеи» [1, с.367].

В действительности, если человек хочет добиться в жизни успеха, научиться принимать правильные решения, то он должен окружить себя людьми, у которых более высокие стандарты, даже возможно выше его; людьми, которые умеют принимать правильные решения; людьми, у которых есть идеи и планы развития. Ведь человек – это прямое отражение тех, кто его окружает. Если у окружающих заниженные стандарты, то человек также начинает понижать свои стандарты, а если у окружающих более высокие стандарты – то человек начинает поднимать свои стандарты.



В настоящее время многие руководители, как в бизнесе, так и в политике, стараются окружить себя людьми, которые восхваляют его, смотрят на него как на идеал, что естественно – неправильно! Таким образом руководитель не сможет расти и достичь своего потенциала. Нужно научиться подбирать себе правильное окружение.

«Жизнь часто заставляла меня прикасаться к первоисточнику всех знаний – народному опыту» [2, с.371].

За время своего существования человек прошел через многие трудности, преодолев разнообразные проблемы, в результате которого у людей появились знания и опыт. Конечно, когда принимаешь очень важные решения в объеме всей страны, то нужен совет, народный опыт. Недаром во все времена у руководителей были советы старейшин, которые подсказывали на своем опыте и своими познаниями что и как сделать в том или ином случае. И это важно!

«Оправданий себе не ищу, решения принимал правильные и неправильные: были ошибки и удачи» [2, с.379].

Опираясь на данное выражение Динмухамеда Конаева, хочется сказать, что не нужно бояться ошибиться. Естественно, каждый человек может совершить ошибки, но нужно научиться принять эти ошибки и уметь их исправить. Когда мы сомневаемся, не зная, как поступить правильно, и делаем какой-либо выбор, то другие варианты, над которыми мы раздумывали, но не стали реализовывать, как бы отставляются в сторону и живут подавленной жизнью. Но при неблагоприятном исходе эти нереализованные варианты всплывают и громко напоминают о себе, заставляя нас сожалеть о неправильно сделанном выборе. В дальнейшем мы начнем избегать принятия решения, перекладывать ответственность на других людей, бесконечно размышлять, оттягивать принятие окончательного решения. В результате такого поведения вся жизнь человека превратится в страх перед ошибкой. В жизни нет ошибок, есть опыт. Но для того, чтобы опыт стал опытом, необходимо его осознать, а это значит – не делать преждевременных выводов, оставаться и проживать то, что есть, так, как есть.

Нужно научиться падать и подниматься!

#### **Литература:**

1. «О моем времени», Алматы, изд.: «Дәуір», 1992г.
2. «От Сталина до Горбачева», Алматы, изд.: «Санат», 1994г.
3. «Өтті дәурен осылай» («Так прошла эпоха»), Алматы, 1992г.



# ДІНМҰХАМЕД ДАНАЛЫҒЫ

**Дарибаева Женисгул Махамбетжановна**  
*Ақтөбе қаласы «№75 жалпы білім беретін  
орта мектеп» КММ*  
*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

«**К**өрнекті адамдар өз елінің не бағына, не сорына туады» деген ескі мақал бар. Димаш Ахметұлы болса, туған елінің бағына туған адам және біздің әрқайсысымыз үшін ыстық. Әсіресе, ол өмірі қауіп пен қатерде жүрген адамдарға тіптен алабөтен жақын сияқты. Оның басты қасиеттері- адамсүйгіштігінде, әділеттілігінде, биік адамгершілігінде, нақтылығында, істі терең білуінде. Оның өзгелерден ерекшелендіріп тұратын қасиеті – ғажайып даналығы болса керек. Ол өз ісі арқылы халқының шынайы сүйіспеншілігіне ие болды, оның аты өзін шексіз құрметтейтін ұрпақтарының жадында мәңгі қалады. Илияс Есенберлин

Димаш аға...Димаш дана... Ұлт ұлағаты...Ел мақтанышы...Қайтып келмес дара тұлға...Қазақ халқының қара жолындағы қасқалдағы... Қазақ елінің дамуы жолында дара тұлғасы бар данышпан...

Дінмұхамед есімі айтылғанда, жүрек тебіренбей, өмір жолы туралы сөз қозғалғанда, көзге жас келмей қоймайды. Елінің, «Қазақ» деген дара жолында дана жолға бастаған, әрбір қазақ үшін, ел тағдыры жолына еңбегі сіңген ұлы тұлғаға қандай теңеу айтсақ та, артық емес.

Қазақ жұрты – жаратылысынан шешендік өнерге, тілге өте бай, бейім халық . Тіліміздің қырсырын қиыннан қиыстырып, төтеннен төге сөйлейтін тапқыр да, ақылды, бейнелі де бедерлі, аталы да баталы, сөздің терең тамырына бойлап, алып ағаштай өркендетіп, қазақ халқының экономикасы, мәдениеті, салт-дәстүрі, әлемге танылуы жолында өте айтулы еңбек сіңірген ұлы қайраткері, ұлт жанашыры – Дінмұхамед Ахметұлы. «Жүзден біреу шешен, мыңнан біреу көсем» демекші, салиқалы сөзімен елге жігер беріп, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін білген, әділ іс пен сөздің төрағасы атанған, даналықтың көшбасшысы да бола білген – Дінмұхамед Ахметұлы.

«Әл Фарабидей ғұламасы, Абылайдай ханы, Абайдай ақыны, Құрманғазыдай күйшісі, Бауыржандай батыры, Мұхтардай жазушысы, Күләштай әншісі, Дінмұхамедтей елағасы болған ел – ең бай ел!» [1]-деп Иманғали Рысқалиұлының ұлылардың арасына ұлы етіп қосуы да тектен-тек айтылмағаны...

Халқын сүйген адам, салтын да сүюге тиіс. Әр халықтың өзі де, тарихы да ұлтының салт-дәстүрінің ортасы мен қызметінің орны өте жоғары. Оны ештеңемен теңеуге де айырбастауға да болмайды. «Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаныш етпеу сатқындардың белгісі» -дейді батыр Бауыржан Момышұлы. [2]. Болашақ ұрпақ өз елін, жұртын сүймесе, болашақ та жоқ деген сөз. Сондықтан жасөспірім балалардың бойында патриоттық сезім , елін , халқын сүйе білуге тәрбиелеуде, қазақ халқының әдет – ғұрыптары, салт – дәстүрлері, мақал – мәтелдері, тыйым сөздерінің мәні зор. Халықтың сан ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазыналарын ұрпақ санасына жеткізуде даналардың сөздерінің, нақылдарының мәні зор. Ал халқымыздың Дінмұхамедтей қаһарман ұлының сөздерінде тұтас халық ардақ тұтар ғибрат бар. Онда телегей теңіз тарих бар. Сол тарихтың таудай толқында-





рының үнінен көңілді тербейді: «Қалтқысыз қызмет етуге, аманатыңа адал болуға, адам баласына қиянат жасамауға, ала жіптен аттамауға тырыстым. Соңғы демім таусылғанша, алақаны аялы, жаны саялы елім, саған; алтын бесігім – жерім, саған қызмет етуден танбаймын.

Менің жан баласына өкпем жоқ. Ал, менде кеткен өкпе, реніш, наз болса – ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын!» [3]

Бұл сөздерді толқымай тыңдау, тебіренбей оқу қиын. Ел иесі бола жүріп, осынша кішірею, жер иесі бола жүріп осынша аласару – жерін де, елін де шексіз сүйген, өшпейтін жарығы, өлмейтін рухы бар кемел жанның ғана қолынан келмек.

Димаш Ахметұлының туған халқы, туған жері туралы ұғымы қаншалықты қасиетті болғанын бүгінде қанша айтсақ та, қанша толғасақ та болады. «Биікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым...Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем, қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да – ел, данаң да – ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім.» [4], - деген сөздерінде ұлылық та, даналық та бар. Бұл сөздерде сол ұлық дананың халық алдындағы баладай кішілігі де бар.

Халықты дамыту, қалай да қазақ халқына жақсы өмір, жарқын болашақ сыйлау жолына өмірінің барын арнаған тұлғаның сол кездерде Орталық Ком Партия мүшесі болған Асанбай Асқаровқа айтылған сөздері нағыз данышпанның айтқан сөздері емес немене: «Орысты ренжітсең Мәскеуге шабады, қазақты ренжітсең қайда шабады? Өзіңнің алдына айналып келеді, Асанбай. Орыстың артында тұрған Мәскеуі бар. Қазақтың артында Мәскеуі жоқ, қазақтың Мәскеуі - біздерміз Асанбай, қолыңнан келгенше қазақты жылатпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін иісалмас, ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой..., біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек». [5]

«100 жас», «100 жаса, айналайын», «100 жасаған қарияның алтын тойынан келеміз» - деген тіркестердің күнделікті өмірде қолданылып, көп айтылатыны рас. Алайда, бала мен жастың бұл сөздің астарының мағынасын зерделеп жатқаны жоқ. Үлкендер бата деп айтқан соң, жақсы сөз екеніне сенеді. Өзіміз де бала кезден ырымшыл қазақ халқының небір нақыл, мақалдарын бойымызға сіңіріп өстік қой. Одан жаман болмадық.

Ал ұлт тұлғасы Дінмұхамед Ахметұлының туғанына 110 жыл толуы – көне мен жаңаның жаршысы, жаңа өмірдің айнасы, тарихы іспетті.

Менің ойымша, Дінмұхамед Ахметұлы – дара тұлға ретінде зерттеліп бітпеген әлем. Әлі ашылмаған қыры да, сыры да көп және оны ашқан сайын ірілене түсері анық. Дана тұлғаның екінші өмірі енді басталмақ. Себебі алып таулар алыстаған сайын биіктеп, қол жетпес арманға айналады.

«Мен білетін қазақ өнбес даудан бойын аулақ салған, көпшіл болса да, кекшіл болмаған. Есеп түбі – осы екеуіне жеткендіктен, «Кең болсаң, кем болмайсың» дегенді өсиет еткен. Сондықтан, енеміз бөлек болса да, еншіміз ортақ екенімізді ұмытпайық. Бүгін тойып секірсек, ертең тоңып секіретінімізді қаперден шығармайық. Иесіз үй болмайды, оның бүтіндігін бірліктен іздесек игі. Баяғы әжелеріміз: жақыныңды жаттай сыйла, жат жанынан түңілсін деп отырушы еді. Бақсақ, өзге десең – өзіңнің қадіріңе өзің жет. Өзін қадірлей білген өзгеге де құрметпен қарайды деген сөз екен ғой», [6]- деген сөздерді оқып қараңызшы, не деген данышпандық?! Не деген көргенділік?!

Бүгінде тапшы қоғамда құрметпен қарау көнеге,

Кезеңде мынау аумалы үстемдік еткен бөдене

Тазалығы мен адалдық бойына жастай дарыған,

Имандылығы жоғары Димекең – Мәңгі өнеге! – деп данышпан дара тұлғаның даналығын таныта түскендей боламыз.



Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев ақын Фариза апамызға: «біздерді де жоқтайтын ел болса егер, шаң басқан архивтерден табылармыз» - деп жазып кеткендей, рухани жаңғыру – көнені сақтап, елдігіміздің еңсесін көтеру арқылы жаңа өзгерістерге ене білуде екендігі рас.

Соның ішінде Дінмұхамед Ахметұлының даналық, нақыл, қанатты сөздер мұрасы да – түнде адасып кеткенде, жолсілтеуші «Жетіқарақшы» жұлдызы іспеттес. Ұлы тұлғаларымыздың қадіріне жету – халқымыздың қасиетін арттыру екенін естен шығармасақ еді.

Сөзімді дана Дінмұхамед ағамыздың мына бір дара сөзімен аяқтайын: «Біріншіден, үйрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес. Жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсырет жоламайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесен, өзгеге жамандық қылма!

Баршаңызға бақыт тілеймін. Мына жүйке жұқартқандай қиын-қыстау күндерде иінді төмен салмай, еңсе көтертер күш-қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін. Бәрі бір күнгідей болмайды. Сондықтан, арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық. Ақжарылқап күлер күн әлі алдымызда, құрметті қазақстандықтар!

#### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Геннадий Томачев «Д.А. Қонаевпен кездескен 50 сәт», Алматы – 1998ж
2. Қазақ тілі мен әдебиеті журналы 1\2012ж
3. Елу жыл ел ағасы/Құраст.: С.Әбдірайымұлы. - Алматы: Санат, 2002. – 464 б.: 48п. ил., портр.
4. Қонаевтың Алакөлге соңғы сапары: Деректер, қолжазбалар, естеліктер/Жұманов, Жеңіс; Әдеби өңд.: С.Иманасов. - Алматы: Баянжүрек, 2011. - 224 б.: сурет
5. Қонаев, Дінмұхамед Ахметұлы. Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік-эссе)/Қонаев, Дінмұхамед; Орысшадан еркін аударма жасап, қазақша нұсқасын жазған С.Әбдірайымұлы. - Алматы: Санат, 1994. – 512 б.: 24 п.сурет.

#### **Сілтемелер:**

1. Батыс Қазақстан облысы инженерінің естелігінен, ғаламтор мәліметі
2. Зейнеп Ахметова «Шуақты күндер» 1984 ж. Алматы – 68 бет
3. Қонаев, Дінмұхамед Ахметұлы. Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік-эссе)/Қонаев, Дінмұхамед; Орысшадан еркін аударма жасап, қазақша нұсқасын жазған С.Әбдірайымұлы. - Алматы: Санат, 1994. – 512 б.: 24 п.сурет. 39 бет
4. Қонаев, Дінмұхамед Ахметұлы «Өтті дәурен осылай» Ақиқат, 2009ж, 94 бет
5. Қонаев, Дінмұхамед Ахметұлы «Өтті дәурен осылай» Ақиқат, 2009ж, 48 бет
6. Қонаев, Дінмұхамед Ахметұлы Ақиқаттан аттауға болмайды (Естелік-эссе)/Қонаев, Дінмұхамед; Орысшадан еркін аударма жасап, қазақша нұсқасын жазған С.Әбдірайымұлы. - Алматы: Санат, 1994. – 512 б.: 24 п.сурет. 104 бет



# «ТАРИХЫҢДЫ ТАНЫ, ТҰЛҒАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕ»

**Мақсұтбаева Қарлығаш Бекеновна**  
*Қостанай облысы Амангелді ауданы*  
*«Б.Алтынсарин атындағы*  
*жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*  
*директордың ғылыми ісі жөніндегі орынбасары,*  
*құқық мұғалімі*

**Қарабасова Қарлығаш Мәлікзадақызы**  
*Қостанай облысы Амангелді ауданы*  
*«Б.Алтынсарин атындағы*  
*жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*  
*қазақ тілі және әдебиеті мұғалімі*

**Қ**ең байтақ қазақ жерінде қанша тарих, қанша сыр, бізге бірі белгілі, бірі белгісіз аңыз-әңгімелер, оқиғалар жатыр десеңізші. Әрбір қарапайым адамның өмірінен тамаша туынды жазуға болатын болса, ел маңдайына біткен ерекше тұлғалар, ел бастаған, қол бастаған қанша азаматтар мен азаматшалар туралы сыр да кең дала қойнауында. Қазақстанның жарқын болашағының іргетасын қалайтын жастар, өскелең ұрпақ екені белгілі, және сол ұрпақтың саналы, көзі ашық, өткені мен болашағын айқын танитын болуы абзал.

Қазақтың даласы қандай кең болса, оның көсіле шапқан көшелі жүйріктері де сондай көп.

Өткенімізді ұмытсақ, болашақ бізді кешірмейді. Болашағымыздың жарқын болып, ел егемендігінің мәңгі сақталуы, ел іргесінің берік болуы осы жолда таянбай қызмет еткен аға буын өкілдерінің жемісті еңбегінің нәтежиесі. Ел басқару ісіне араласып, халық қамын ойлаған көрегенді, кемеңгер, тарихи тұлғалардың бірі де бірегейі Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев. Жарты ғасырға жуық ел тағдырына араласқан абыройлы ұл көреген саясаткер ретінде есте қалды. Ұлт мүддесін қорғап қалуға келгенде ешкімге есе жібермеуге тырысты.

Ел экономикасына, ғылым-білім саласына енгізген жаңалықтары мен ел басқарудағы ұшқыр саясатының сыртында Дінмұхаммед Қонаевтың ерекше қыры сөз өнерін айрықша бағалаған, қара сөзге дес бермеген, тілмар.

Әкесінен үлгі алып, ұлағатты сөздерін жадында сақтаған ел ағасы: Артыңнан адаспайтын жол тастап кет,

Ескеріп сөйлеп жүрер сөз тастап кет

Өзіңнен кейінгілер үлгі алатын,



Көрнекті көзге түсер жол бастап кет, [1, 376]- деп әке сөзін өмірлік ұстанымына арқау еткен.

Сөз өнері-жүректі толқытып, ақылды таразылап, тіл қисынын қиюластырып, ойды бояуын қандыра өрнектеп жеткізетін ұлы өнер. От тілді, орақ ауызды біздің данышпан бабаларымыз өнердің осы түріне ерекше ден қойып, ауыз әдебиетінің сан алуан түрлерімен келешек ұрпаққа терең тәрбие беріп, тектілік тізгінін ұстата білді. Сондықтан да біздер үшін бұл өнердің қасиеті тым ерекше. Сонау Майқы биден бастау алатын сөз өнерін Дінмұхаммед атамыз да жанына серік еткен, бүгінде біршама нақыл сөздері ел аузында айтылып жүр.

Адалдықты ту еткен Д.А.Қонаев кейінгі ұрпақты ізгілікке баулитын, құнды нақыл сөздері әлі күнге дейін маңызын жоймай келе жатыр. «Ақиқаттан аттап кету – арға сын» -деп ақиқаттың, шындықтың жалауы қашан да биік екенін тілге тиек етеді. «Өмірге, қоғамдық құбылысқа бір түспен – тек қара бояумен қарау жараспайды. Әділдік издесек, ақиқаттан аттауға болмайды» [1, 386]. Әділетсіздіктің шырмауына ілінбей, әділдік жолында шырылдап шындықты айту – нағыз ердің ісі.

Азаматтық пен адамдық Дінмұхаммед Қонаев үшін ең басты құндылық. Саналы ғұмыр кешіп, артына қалдырған мына бір даналық сөзі бүгінгі ел жастарының бойынан табылса екен дейтін қасиет. «Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын. Адамгершілік деген асыл қасиетті аласартып алмасақ екен. Өмір өзегі осы, азаматтық жол да осы». Адам болудағы ең басты қағида адамдық қасиетті сақтау. Ел билеген патша болсаң да, қарапайым халық болсаң да ең алдымен керегі адалдық. Адалдық бар жерде береке бар.

Көпті көргеннен емес, көпті білгеннен сұра демекші, ғасырға жуық өмір сүрген, бар ғұмырын халықтың қамсыз өмірі сүруі үшін сарп еткен, тарихи тұлғаның бүгінгі ұрпақ үшін айтар өсиеті мен ақылы ұшан теңіз.

Өмірдің ақ пен қарадан, жамандық пен жақсылықтан тұратынын, қуаныш бар жерде қайғы болатынын былайша тілге тиек етеді: «Қай нәрсенің болмасын екі ұшы бар. Жақсылық пен жамандық, қуаныш пен қайғы, ақ пен қара, адалдық пен арамдық». Осы бір өмір заңдылықтарын лайықты қарсы алып, өмір ағынымен жүру азаматтық міндет. Қуанышы мен қайғысы қатар келетін өмірдің қуанышынан рахат алып, қайғысында еңсе түсірмей, ағысқа қарсы жүзу, қиындықта мұқалмай қарсы тұру – ер-азамат бойындағы асыл қасиет.

Тарихыңды танып, тұлғанды құрметтеу бүгінгі ұрпақ еншісінде. Тарих сахнасында есімі алтын әріптермен жазылған ел ағасы былай дейді: «Тарих боямалауды көтермейді. Бары да, шыны да осы... Әр кездің өз әні бар ғой. Оған орындаушы кінәлі болмаса керек». Тарих-шындықтың жаршысы, тура жызылған тарих ел болашағының – іргетасы.

50 жыл ел билігіне араласқан Д.Қонаев: «Билікке көтерілдім, бірақ халықтан аласа екенімді ұмытпадым, қайтып ашар есігімді қатты жаппадым. Түптің түбінде оралар ортам – ел іші, ағайын ортасы. Басар жерім де, барар жерім де – қара жер. Қастерлей білсем қадірімнің кетпесін білдім. Панаң да ел, данаң да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім» [1, 39 б] -деп қара халықты өзіне пана етті, соған арқа сүйеді, елінің сөзіне құлақ түрді, халықпен бірге болды. Соның нәтежесінде бүгінде халық санасында қарапайымдылық пен әділдіктің, адалдықтың, жанашыр басшының қалпында мәңгі қалды.

Ел билеу, атаулы қызметте отыру әркімнің қолынан келер іс. Алайда, тура биде туған жоқ демекші, әділдікті ту ететін, билік айта білетін көрегенді басшы болу- ұлы іс. Бұл жөнінде Дінмұхаммед Ахметұлы «Билік оңай да, билік айту қиын» деп баға берген.

Жарты ғасыр еліне адал қызмет атқарған Д.Қонаев « Қиянаттан асқан қылмыс болмайды», «Мырзалар, бір ұртыңмен май шайнап, бір ұртыңмен қан жұтуға болмайды. Атқа мінген әкім үзеңгісін тең баспағанын бетіне бассаң бас, бірақ тарихқа, тарихпен тағдырлас халыққа қиянат жасама»,



«Елдің наласын қара басының бір күндік рахатына айырбастап кетуден асқан сатқындық болмас. Сақтансаң, осындайлардан сақтан, болашақ!» [1, 396] Бұл сөздер бүгінде нақыл сөзге айналып, ел ағасының ел билеу ісінде адал болғанын, халқының жағдайын жасаған тура басшы болғандығын аңғартады.

«Бүгінгі күн – кешегі күннің шәкірті» демекші, Елбасы Қасым-Жомарт Кемелұлының ұшқыр саясатының арқасында «Жаңа Қазақстанға» аяқ басып келеміз. Алайда, тарих қойнауына енген өткенімізді ұмытсақ, болашақ ұрпаққа жасаған қиянатымыз емес пе?! Қазақ: «Өткеннің арбасы алысқа бармайды» дейді. Рас, ескірген, тозған дүние – уақыттың құрбаны. Бірақ ескісіз жаңа болмайды. Оның тәлімінсіз, ащы сабағынсыз ертеңгі күннің қасиеті танылмайды» Демек, бүгінгі күн кешегі күннің шәкірті.

Қазақ халқын, елін, туған жерін бар жан-тәнімен жақсы көрген Дінмұхаммед Ахметұлы ел тағдырына қатты алаңдап өтті. Содан болар «Орысты ренжітсең Мәскеуге шабады, қазақты ренжітсең қайда шабады? Өзіңнің алдыңа айналып келеді, Асанбай. Орыстың артында тұрған Мәскеуі бар. Қазақтың артында Мәскеуі жоқ, қазақтың Мәскеуі — біздерміз, Асанбай, қолыңнан келгенше қазақты жылатпауға тырыс, қорлыққа берме. Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін иісалмас, ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой... Біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек» [2, 216] – деген еді Асанбай Асқаровқа. Осыдан – ақ халқы үшін қам жеген, нар тұлға екенін байқаймыз.

«Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау»- деп Д.Ахметұлы айтып кеткендей, бүгінде бұл сөз біздің өмірлік ұстанымымызға айналған. Қарыштап дамыған заманда күн сайын жаңа ақпараттармен, тың деректермен танысып, жаңа әдіс-тәсілдерді, технологияларды меңгеріп, оны шәкірттерімізге бар жанымызды салып, аянбай үйрету біздің басты мақсатымыз. Оқушыларымызға білім мен қоса тәрбие беруде ұлт жанашырының мына бір сөзін басшылыққа аламыз: «Еліме айтарым: біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес. Жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсирет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма!» [1, 416] осы бір үш қасиетті оқушыларымыздың бойына сіңірсек, ел болашағы жарқын болары анық. Тәрбиелеп отырған шәкірттеріміз өз ісіне сенімді, бірлігі мықты, жақсылықтың жаршысы бола білсе, үмітіміздің жанғаны емес пе?!

Дінмұхаммед Қонаев атамыз «Қазақстан – орасан зор және сан алуан мүмкіндіктер өлкесі» деп жоғары бағалап кеткен, ел ертеңіне сеніммен қараған. Осы бір сеніміне селпеу түсірмей, «Жаңа Қазақстанды» бірге құрайық! Ел ағасының үмітін ақтайтын, жолын жалғайтын, ұлтжанды азаматтарымыз көбейе берсін!

### Әдебиеттер тізімі:

1. Мұхиттан өткен қайық. Құрастырған Б.С.Асанова. Алматы: -ОҒҚ, -2011. 330 б
2. Д.А. Қонаев «Өтті дәурен осылай», «Ақиқаттан аттауға болмайды» «Санат» Алматы, 1994 жыл



# Д.ҚОНАЕВТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

**Қасымханқызы Қызғалдақ**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
10 сынып оқушысы  
Жетекшісі Сырбаева С.М.*

**Қ**еңес Одағы заманында республика бойынша зор атаққа қол жеткізіп, елдің құрметіне бөленген бірден-бір жан Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев еді. Тіпті, ғалымдар жұмыр жердің бетін жайлаған бүкіл елдің басшыларын компьютерге түсіріп, екшелеп, таразылағанда Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев жетінші орынды иеленіп, әлемнің жеті ұлының бірі атанған. Ішкі мәдениеті рухани бай, терең білімді болған оның нақыл сөздері бүгінде ауыздан-ауызға тарап, көпшілік жиындарда жиі айтылуда. Мәселен, “Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды”, “Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын” деген секілді қанатты сөздерін шараларда өзімнің де естіп қалғаным бар.

Осы орайда, “Панам да елім, данам да елім, Соған арқа сүйедім, содан үйрендім” деген сөзі арқылы халықтың жүрегінен орын тапқан таутұлға нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні зор. Неге десеңіз, қазіргідей адалдықтың жібі сөгіліп, азаматтық ардан аттаған алмағайып заманда асыл азаматтың ұлағатты сөздерін ұғуымыз қажет болып тұр.

Жасампаздықтың үлгісін көрсеткен Димаш атаның “Өмірдің екі тірегі бар. Үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау” [2] деген керемет сөзі бар. Қарап тұрсаңыз, оның өмір жолы да осы сатылардан тұрған. Адамды адамдыққа тәрбиелеу, адами құндылықтарға баулу оның екінші есімі десекте болады. Бізге қазір қажеті де осы аталмыш қасиеттер...

Сондай-ақ, “Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кісіліктен де туады” деп түсінген зау тұлға басқалары жеке күзетшілерімен жүргенде жұмысына жаяу барып, шені үшін берілген 340 рубльдік төлемақыдан да бас тартқан [3]. Айналасындағы кез кезген адамды құрметтеп, кішілік мінез танытқан. Ал, біз ше? Билікке келсек, басқаларды құрметтемек түгілі, өзімізді құрметтей алмай жатамыз.

Өмірлік мәселелерді өнегелі сөзімен өрбіткен, ақиқат пен адалдықты ту еткен зау тұлғаның қарапайымдылығы мен кісілік келбеті көпке үлгі. Соңғы берген сұқбатында: “Мен өз халқыма сенемін, оның болашағы зор” деп айтқан екен. Ендеше, Димаш атамыздың халыққа деген өсиетін тәлім ретінде қайтаратын уақыт келді.

## **Әдебиеттер тізімі:**

1. Дінмұхамед Қонаев - Алматы : Қазақ университеті, 2017. - 405 б.
- 2.Кемеңгер : Р. Ниязбек, - Алматы : Жалын, 2011 . - 496 б.





# ТӘЛІМ МЕН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ ЗОР НАҚЫЛ СӨЗДЕР

**Маханалина Бағдагүл Разакбергеновна**

*Ақтөбе облысы Хромтау ауданы*

*«Бөгетсай мектеп-гимназиясы» КММ*

*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Қ**азақтың аяулы перзенті, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Дінмұхамед Қонаев өзінің артына: «Баршаңызға бақыт тілеймін. Мына жүйке жұқартқандай қиын-қыстау күндерде иінді төмен салмай, еңсе көтертер күш-қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін. Бәрі бір күнгідей болмайды. Сондықтан, арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық. Ақжарылқап күндер алдымызда! Мен Тәңірі сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Жақсыны да көрдім, жан ауыртқан күндерді де бастан кештім. Ол менің ғұмырым, бірақ, бұл өмірді халықтан бөле жара қараған емеспін. Бозбала шағымда қара бастың қам-қарекеті болса болған шығар, бірақ ат жалын тартып мінген азамат кезден алдыма қойған бар арман, бар мақсат елмен еншілес болды, халқым. Саған қалтқысыз қызмет еттім, аманатыңа адал болдым, соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет етуден танбаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ, ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын. Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалмасын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес. Жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсірет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесең, өзгеге жамандық қылма», - деген аталы сөзін қалдырған екен. Өзінің өміріне азық болған, бізге, артындағы ұрпақтарына тәлім болар нақыл сөздері мен құнды ойларынан сусындамаған адам жоқ шығар, сірә!?

«Қара сөздің қаймағы» болған нақыл сөздерінің бірсыпырасын оқып, одан ой түйіп, өзімнің шамам келгенше, тәрбиелік мәнін ашуға тырысып көрмекшімін. Олай дейтін себебім, осындай алып тұлғалы кемел адамның айтқан сөздерінің кез келгені біз үшін, келер ұрпақ үшін тұнып тұрған тәлім-тәрбие емес пе!?

Дінмұхамед атамыз Алматыдағы №14 мектепте білім алған екен. Жоғары сыныпта оқып жүрген кезіндегі бір оқиғаны орыс тілі пәнінен берген Анна Павловна Шурова деген ұстазының естелігінде «Бір күні Димаш сабаққа екі сағат кешігіп келді. Сынып жетекшісі шыдамсыздықпен Димашты ұстаздар бөлмесіне алып келді. Димаш «Екінші қайталанбайды» деп кешірім сұрады да, кетіп қалды. Бір айдан кейін Максимилиан Крутов деген Азамат соғысының ардагері келіп: «Сіздерде Қонаев деген бала оқи ма?» - деді. «Бірдеңе бүлдіріп қойды ма?» - деп елең ете қалдық. Ана кісі болса «Сіздер жақсы азаматтар тәрбиелеп жүрсіздер. Мен сіздерге ризашылығымды білдіруге келдім. Қонаев мені ажалдан алып қалды. Талмам ұстап, өзеннің жағасында құлап жатқан жерімнен емханаға алып барды. Ол бала болмаса, мен сіздердің алдарыңызда бұлбұлша сайрап тұрмас едім. Сол баланы осында алып келсеңіздер», - деген өтінішін айтты. Келген соң Димашты құшақтап: «Құдай саған денсаулық берсін! Сен бақытты адам боласың», - деп маңдайынан сүйді. Сол кезде ол бар-жоғы 7-сынып оқу-



шысы болған екен. Бұл атамыздың бала кезінде алған алғашқы батасы екен. Бала кезінен басталған тәрбиелігі, тіпті ерлігі десек те болады бұл оқиғаны.

Дүние жүзіне өзінің ерекше талантымен, жез таңдай әншілігімен танымал болған жерлесіміз Димаш Құдайберген Instagram-дағы парақшасында Дінмұхамед Қонаевтың көзі тірісінде айтып кеткен: «Күнделікті өмірде де, жұмыста да үш қасиетке арқа сүйедім. Олар – қарапайымдылық, адалдық, табандылық. Екі нәрсені: «Ақылдан сабыр артық, теңдесі жоқ байлық – қанағат» деген шығыс даналығын жадымда ұстадым. Қандай жағдай болмасын, сабыр сақтап, мейлінше қарапайым болуға ұмтылдым», - деген Дінмұхамед атамыздың бір ауыз нақыл сөзін жариялаған. Және өзі де осы қарапайымдылықтың, адалдықтың, табандылықтың арқасында көптеген жеңіске жеткен еді Димаш. Ақылдан сабырдан артық көру, теңдесі жоқ байлықтан қанағатты медеу тұту көп адамның қолынан келе бермейтін іс.

Ғаламтор желісін қарап отырып, мынандай қызықты ақпараттар оқығанмын. Шынында қызық! Дінмұхамед отбасында он бір баланың төртіншісі болған. Бойы 198 см, ал аяқ киімінің өлшемі 46. Хоббиі қару-жарақ коллекциялаған, аңшылықты ұнатқан. Сонымен өзінің ел басқарған уақытында қасына жеке күзетшілер ұстамаған. Басқалары жеке күзетшілерімен жүргенде ол кісі жай ғана таңертең жұмысына жаяу барып, келіп жүрген. Өзінің 24 жыл өмір сүрген 200 кв.м. ауданы бар шағын пәтерде (қазір мұражай) тұрған. Кезінде Леонид Брежнев (КСРО басшысы) Алматыға бірінші рет келіп, Қонаевтың үйіне қонаққа барады. Пәтерін ары аралап, бері аралап: «Бар дүниенің осы ма?» - деп таңданады. Қызықты ақпарат деп отырған жай бір дүние сияқты көрінгенмен, осы сабақ алсақ, үлгі алсақ нұр үстіне нұр болар еді?! «Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын», «Ақиқаттан атап кету — арға сын» деген нақыл сөздері осыған дәлел.

«Түсті металдар институтында оқып жүргенімде Оралдағы шахтаға барып, Павел Савельевич деген шиеттей бала-шағасы бар кісінің үйінде жаттық. Ашаршылық жылдары болатын. Сол кісі бір бөлке нанды балаларының аузынан жырып бізге берген еді. Алғашқы еңбекақымды алсам, әлгі кісінің балаларына тамақ, киім салып жіберем деуші едім. Арада екі-үш жыл өткеннен кейін, сәлемдеме жәшігімен киімдер, тамақтар салып жібердім. Алған-алмағаны маған беймәлім, ол жаққа қайта жолым түспеді. Барып хал-ахуалын білмедім, балаларына бір шапағатым тимеді. Соған мойнымның жар бермегеніне өкінемін» - деп, «Абыройдан ақ отау тіктім деген кісінің де пенделігі аз болмайды», - деген қанатты сөзін дәлел ретінде айтып, өзегін өртеген өкініштен жүрегінің ауырғанын да тілге тиек еткен. Бұдан қандай ой түюге болады? Қандай қорытынды шығаруға болады? Әрине, пендешілікке салынбай, кісіге жақсылық жасау, қайырымдылық көрсету адамшылықтың асқан бір риясыз көрінісі екені анық.

Қазақта қарғыстың ең жаманы саналатын «Білме, білгеннің тілін алма» деген сөздің антонимі болатындай «Өмірдің екі тірегі бар. Үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау», - деген нақылын оқығанда өмірде үйрену мен үйретудің жас жалғамайтынын түсінгендеймін. Осы еңбек жолымызда үйренетініміз әлі көп екенін білеміз. Және бар білгенімізді үйретуден аянбау керек. Қолымыздан келгенше, үйреніп те, үйретіп те өз шығармашылығымызды шыңдауымыз керек.

«Жастық шақ қанаттарын жайып салу үшін емес, ұшу, жұмыс істеу, жұмыс істеу, жұмыс істеу үшін берілген» - деген екен Дінмұхамед Қонаев атамыз. Бұл қайсысымыздың ұранымыз болу керек екені айдан анық. Ал «Адамға жазаның ең үлкені - жұмыссыз қалдырудың» өзі үлкен бір қайғы-қасірет алып келетіндей көрінеді. Жұмыссыз қалу деген шынында қорқынышты. Күйзеліске түсіретін, соның кесірінен болатын түрлі жағдаяттардың осы өмірдегі кесапатты орны... Сондықтан да кім болса, ол болсын «Бүгінгі күн - кешегі күннің шәкірті» демекші бүгінгі күнмен болашағын бағдарлайтын еңбекқор болуды да назардан тыс қалдырмаған.



«Сыпайылық кішіліктен ғана емес, кісіліктен де туады», - деген даналық сөзінде сыпайы болу үшін бойыңда кішіпейілділік болу керек. Кішіпейіл адам кісіліктен де құр алақан емес. Бастысы, кісілігің адами қасиеттерге бай болу керектігін баса айтады.

«Қанмен сіңгенді қасиеттемесең, қадірің болмайды», - демекші бойымыздағы қанмен сіңген бар құндылықтарымызды адамгершіл, ізгі қасиеттермен сусындатып отырмасақ, қадіріміз түсіп, абыройдан жұрдай боларымыз хақ.

«Өмір деген осы, бүгін бар, ертең жоқсың. Сен кетті екен деп өмір-өзен ағысын өзгертпейді» деген Дінмұхамед атамыз өзі өмірден өтсе де, оның жазып қалдырған әрбір «Қара сөздің қаймағы» іспеттес болған, тұнып тұрған тәлім мен тәрбиелік мәні зор нақыл сөздері біздің санамызда қайта жаңғырмаса, өшпесі анық.

Сөзімнің соңын Дінмұхамед атамыздың мына бір дана, баталы сөздерімен қорытындыласам деймін: «Баршаңызға бақыт тілеймін. Мына жүйке жұқартқандай қиын-қыстау күндерде иінді төмен салмай, еңсе көтертер күш-қайрат, мұқалмас жігер, жақсы табыстар тілеймін. Бәрі бір күнгідей болмайды. Сондықтан, арайлап атар әр таңға сеніммен қарайық. Ақжарылқап күндер алдымызда.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. <https://bilim-all.kz/figure/96?posts=quotes#>
2. <https://oilar.kz/author/176/dinm-hamed-ahmet-ly-onaev>
3. <https://egemen.kz/article/300971-qonaevtynh-qanatty-sozderi>



# ДОСТОИН ПАМЯТИ

**Дрога Наталья Михайловна**

*учитель истории*

*КГУ «Средняя школа №19» г. Актобе*

**Д**инмухамед Ахметович был непревзойденным организатором, его отличали глубокий ум, широчайшая эрудиция, но одно из главных, характерных черт была его любовь к людям. И народ это видел, чувствовал, знал. Имя Димаша Ахмедовича Кунаева будет жить в веках. Он сохранил свой огромный авторитет среди народа, у которого всегда пользовался поддержкой, любовью и глубоким уважением. Народную любовь Динмухамед Кунаев заслужил еще при жизни. Как близкое окружение, так и в целом казахстанцы почтительно называли его Димаш Ахмедович, Димаш ага, Димеке. Ведь для многих казахстанцев он является олицетворением целой эпохи. С именем Д.Кунаева связаны светлые страницы истории Казахстана. Сама жизнь и деятельность крупного общественного деятеля – яркий пример служения своему народу, образец для подражания.

Еще при своей жизни Динмухамед Кунаев убедился, как могут меняться люди, которые клялись вечно помнить о его доброте. Испытал на себе он и соответствующее отношение народа. Цитаты его книги "О моём времени" подтверждают величие характера Д. Кунаева. В современные учебники истории Казахстана должны войти не просто даты жизни и факты политической деятельности Д.Кунаева. Обучающиеся должны иметь возможность знать его личные качества. Д.Кунаев отмечает: "Представители Запада удивляются, глядя на нас: своих руководителей мы начинаем критиковать вдоль и поперек, когда они уходят с политической арены". К сожалению, и это пришлось пережить и выстоять, чтобы история и время подтвердили справедливость многих решений руководителя Казахстана. Актуально звучит напутствие: "Что можно пожелать соотечественникам и друзьям, скажу со всей определенностью и ясностью – Сплоченности. Дружбы. Реалистичности. Миролюбия. Бескорыстия. Вдумчивой, энергичной, а главное – результативной работы".[1]. Что привлекает в этом человеке? Почему сегодняшняя молодежь всё чаще обращается к цитатам Д. Кунаева? Ответ прост: "Качества, которые я ставил выше других в своей жизни и работе — простота, честность, принципиальность. Я был безжалостен к клеветникам и кляузникам, поступал с ними довольно резко". [2]. Не забывать историю, с уважением относиться к научной и художественной литературе -такую задачу ставит общественный деятель:"Каждый человек должен знать свою родословную. Казахи говорят «Если не знает ближнего, то не знает и предков». Уникальная особенность нашего народа в том, что народ и без записей знает предков до седьмого колена. У человека с чистым генофондом, здоровы будут и тело, и язык, и религия".


Произведения Магжана, Миржакыпа мы искали, чтобы читать. Если говорить с позиции чести и достоинства нашего народа, помнить их – долг каждого". Признанный лидер ответственно заявляет, " что не подписал ни одного акта о захоронении атомных отходов на территории республики". [2].Раздираемый противоречиями современный мир призывает принимать сложные решения. И снова предостережение:" ...Давно пора кончать с радужной эйфорией насчет того, что Запад или Восток



нам помогут, и во всем полагаться сначала на собственные - а они у нас есть, и немалые". [3]. Посты, награды, степени не вскружили голову Д.Кунаеву. Он всегда сохранял спокойствие, был терпеливым и отзывчивым. Преданно служил народу до последнего дня. И он, как никто другой, достоин памяти.

**Литература:**

- 1.<http://kunayev.kz/ru/materials/Citaty>
- 2.<https://vk.com/@qazaqred-mudrye-citaty-dimasha-ahmetovicha>
- 3.<http://bibliotekar.kz/o-moem-vremeni-dinmuhamed-kunaev/chast-tretja-kazahstanskije-lidery-kto-es.html>



## АДАЛДЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

**Дуйсенкулова Мадина Кабдошовна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

**Д.** Қонаевтың нақыл сөздерінің тербиелік мәні туралы сөз қозғар болсақ алдымен тәрбие дегеніміз не? деген орынды сұрақ туындайды. Ал бұл сауалға Мағжан Жұмабаевтың нақыл сөзімен жауап бергім келеді. Ол: «тәрбие – кең мағынасымен алғанда, қандайда болса бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету» деген екен. Ал Клод Гельвеций: «Тәрбие біздің жүрегімізге ең алдымен жеке адамға да, қоғамға да пайдалы әдеттердің ұрығын себу» деген. Ендеше Д.Қонаевтың нақыл сөздері адам баласының жанына азық болатындай-я болмаса, пайдалы әдеттердің ұрығын шашардай, қандай құдіретті күші бар?

Д.Қонаевтың нақыл сөздеріне тоқталмас бұрын оның өзі жайлы қысқаша айтып кетсем деймін. Қазақ халқының сүйікті ұлы 1912 жылы 12 қаңтарда Верный қаласында дүниеге келген. Әкесі Меңліахмет Жұмабайұлы 1886 жылы туған. Алматы облысында ауылшаруашылық және сауда мекемелерінде жұмыс істеген. Қазақ және орыс тілдерінде хат таныған сауатты адам болған. Ал анасы Зәуре Баирқызы 1888 жылы Алматы облысындағы Шелек ауданында өмірге келген. Бар уақытын балалары мен үй шаруасына арнаған.

Дінмұхамед Ахметұлы 1930 жылы Алматы қаласындағы мектепті үздік бітіріп, 1931-36 жылдары аралығында Мәскеудегі түсті металл институтында білім алды. Қайраткер ұл жарты ғасыр уақытта бұрғылау станогінің машинисттерінен Қазақстан орталық комитетінің бірінші хатшысы қызметіне дейін көтерілді.

Димаш Ахметұлы сүйікті жұбайы Зуһра Шәріпқызымен тұп-тура 50 жыл 6 ай 2 күн отасқан. Ол әйеліне деген махаббатын өмір бойы жанына жалау қылып, өле-өлгенше сыйласқан. Қос жұпты таныған жандардың айтуынша, Зуһра Шәріпқызы ешуақытта "ұлықтың әйелімін" деп өзімшілдік танытпаған. Керісінше ашық-жарқын болып, айналасындағыларды қонақжайлылығымен қуантқан. Әрдайым ибалы да инабатты мінезімен ата-енесіне, еліне сыйлы келін болған. Қайын атасы Меңдіахметтің дәрет алар суына дейін жылытып беретін әдетінен ешуақытта жаңылмаған. Сондай-ақ, қолынан өнер тамған іскер жан болған. Жұбайлардың жарты ғасырға жуық уақыт отасқандарына қарамастан, туған перзенттері жоқ. Десе де, олар туысқандары мен достарының балаларын еркелетіп, бауырға басқан. Сондай-ақ, іні-қарындастарының ересек шақта білім алып, дұрыс тәрбие алуына себепші бола білген. Көріп отырғандарындай, кеменгер ағамыздың үй тұрмысындағы өмірінің өзі де ізгілік пен қарапайымдылықтың, тәрбиеліліктің үлгісі. Жалпы Д.А.Қонаев нақыл сөздері мен өмір жолдарымен танысар болсаң, оның әр нақыл сөздеріндегі тәлім тәрбие, адамгершілік қасиеттер оның өн бойынан табылғандай. Енді соларға тоқталайық. Ағамыздың бойындағы қадыр-қасиеттерге тоқтала отырып, одан туындаған нақыл сөздердің тәрбиелік мәніне көз жүгіртейік.





Әл-Фарабидің даналығында кемеңгер басшы өзінің сүйек-сыны, сыртқы тұлғасы арқылы ерекше көрінуі керек. Яғни ол адам өте сымбатты: «мінсіз, мүсіндей әдемі, иманжүзді болуға тиіс» деген. Бұл қасиет ағамыздың бойында бар. Дінмұхамед Қонаев жаратылысынан көрікті, бойшаң және жүзінен нұр төгіліп тұратын иманжүзді адам. Кеңестік дәуірдегі мемлекет қайраткерлерінің ішіндегі ең сымбатты, бой жағынан да, ой жағынан да ерекше бөлек тұлға Дінмұхамед Қонаев екені белгілі. Енді естеліктерге сүйене отырып оның нақыл сөздерінің мағынасын ашуға тырысалық.

Д.А.Қонаевтың «Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім» деген жүрекке қонымды жақсы сөзі бар. Өзі өз ойына, ісімен дәлел бола білген. Мына бір естелікке көңіл бөлейік.

«Дінмұхамед Қонаев бар болмыс-бітімімен әділдікті сүйді, өктемдік пен озбырлыққа жол берген жоқ. Мүлт кетіп, пендешілікке барған кездері болған шығар. Қатты кетіп, біреуді ренжіткен де болар. Бір қайран қалдыратын нәрсе - алық арасында Қонаев туралы бір қаңқу сөз, реніш, өкпе жоқ. Өйткені Дінмұхамед Қонаев – өте әділ болған кісі. Бұл жағынан Дінмұхамед – келер ұрпаққа да үлгі болатын кемеңгер. Осы жерде бір оқиғаны айта кету жөн болар. Димекеңнің інісінің ұлы жас бозбала бірде қызып алып, оның күзетшісінің біріне жөнсіз тиседі. Күзетші сыбағасын береді. Оның үстінен біреулер «үлкен кісінің» туысына «қол жұмсады» деп арыз жазады. Шағым Димекеңе де жетеді. Күзетшіні шақырып, шындықты білген соң: «Сенікі дұрыс. Сазайын беріпсің» деп кінәламай қайта оны қорғайды.» Бұл ретте Д.Қонаев әділдік пен халық жағында екендігі айқын көрініп тұр.

Әл-Фарабидің он бірінші «қағида-қасиетінде» кемеңгер басшы «Әділетсіздік пен озбырлықты жек көретін адам болсын» деген жолдар бар. Осы бір пікір Д.Қонаевқа арналып оның бойындағы тағы бір қасиетті айқындағандай. Ағамыздың «Ақиқаттан аттап кету – арға сын» деген нақыл сөзіне тоқталайын. Ағамыз өте әділ адам болған. Бұл нақыл сөздің мазмұнына мына бір естелік дәлел бола алады деген ойдамын. «Қызметтен қуылып, партиядан шыққан талай бастықтардың «Қонаев қабылдауында» болып, әділ шешімді сол кісіден көріп, көсем жайында тебірене айтылған әңгімелерді көп естідік. Димекең саясатқа байланысты сотталып кете жаздаған ақын Олжас Сүлейменовті арашалап алды. Мәскеуде қиянатқа қарсы ұстанымын айтты, ақынды ақтады.»

Әл-Фарабидің он екінші қағидасында, яғни басшы қасиеті жөніндегі пікірінде мынадай жолдар бар: «Өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асыруға келгенде шебер-шешімпаздық танытып, бұл шақта қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін бірбеткей, батыл, ержүрек болуы міндет» дейді. Мұнда айтылған батылдық пен ержүректік Д.А.Қонаевқа тән қасиеттер. Ағамыз: «Сенім – құдіретті күш: тауды да қозғайды» деген. Менің ойымша өзіне деген сенімі мол адам ғана батыл шешім қабылдай алады. Бұл орайда да Д.Қонаев өз нақыл сөзін ісімен дәлелдей білген тұлға. Естелікке көңіл бөлейік.

«О баста тау-кен инженері Қонаев Қоңыраттағы кеніште «қауіпті қопарылыстар» жасау жұмысына жауапты болады. Жазым, жазымыш болып тұратын жерде Димекеңнің қорықпай тәуекелге барған кездерін халық біле бермейді. Қапшағай су қоймасын салу жөніндегі Димекеңнің батыл шешімі мен іскерлігі тарихта өшпестей болып жазылып қалды. Медеу шатқалында тау жарып, қопарылыс арқылы бөгесін жасау «жоспар – шешіміне» басында кейбір ғалымдар «Алматыға қауіп төнеді» деп бұған қарсы болды. Дінмұхамед Қонаев айтқанынан қайтпады. Соңында үрей қорқынышты елестеткен «қопарылыс әрекеті» сәтті болып тауда бөгесін жасады. Медеудегі кейінгі сел-тасқын (1973 жыл) кезінде Димекең басын бәйгеге тігіп, су көкке шапшыған бөгеттің үстінде өзі жүрді. Өміріне қауіп төніп тұрғанын елемей, тасқын су бойында жұмысшылар мен мамандарға кеңес берді. Медеудегі оқиғаға байланысты Кеңес Аухадиев өз естелігінде Димекеңнің халқы үшін бәріне баруға даяр шын ұлт перзенті екеніне көзі жеткенін айтады.»

Баяндамамды Д.А.Қонаевтың өз пікірімен аяқтағым келеді. Осы бір жолдарды оқыған сәтте егде тартқан үлкендеріміздің жанарына жас, ал орта буынның көкейіне ой келері сөзсіз.



"Мен Тәңір сыйға тартқан біраз жасқа келдім. Жақсыны да көрдім. Жан ауыртқан күндерді де бастан кешірдім. Ол — менің ғұмырым. Бірақ бұл өмірді халықтан бөле-жара қараған емеспін. Халқым ат жалын тартып мінген азамат кезден алдыма қойған бар арман, бар мақсатпен еншілес болды. Саған қалтқысыз қызмет еттім. Аманатыңа адал болдым. Соңғы демім таусылғанша еліме, жеріме қызмет етуден талмаймын. Менің тірі пендеге өкпем жоқ. Ал менде кеткен өкпе-наз болса, ақ басымды иіп, мың қайтара кешірім сұраймын. Біріншіден, үрейден аулақ болайық. Сенім жоғалма-сын. Қиыншылық деген қиюы келмейтін іс емес, жұмыла көтерейік. Екіншіден, тату үйге тақсыр ет жуымайды. Бірлігіңе ие бол. Үшіншіден, өзіңе жақсылық тілесен, өзгеге жамандық қылма", — дейді Димаш Ахметұлы.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Д.А.Қонаев «Өтті дәурен осылай»
2. Әбу Насыр Әл-Фараби «Басшының 12 қасиеті»
3. Журнал. Қазақ тілі мен әдебиеті,-2012-№1
4. Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар,2013-№7
5. Газет Қостанай таңы,-217. 3 қараша
6. Д.А.Қонаев отбасы туралы естеліктер.
7. Д.А.Қонаевтың апасы Қонаева Роза Ахметовна, медбике Белгибаева Алия Қуандықовна, қызы-меткер Ромазанова Б.Р., Корнеев С.М., Гоиколов А.В. т.с.с./
8. Бейнеролик «Хроника жизни и смерти.»



# ДАНА ДА ДАРА ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ

**Мақсотова Іңкәр**


*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
10 класс оқушысы  
Жетекшісі Романова М.К.*

**О**й теңізіне сүңгітіп, арман қанатына мінгізген, әрқайсымызды ұлттық толқыныс пен тебіреніс биігіне көтерген, сан алуан ойға толғандырған қос ұғымның біріншісі – ұлт болып ұйысу, екіншісі – ұлттың ұлы перзенті бола білу. Сондай тұлғалардың бірі - тарихтың кестелі шежіресіне өз өрнегін салып, өз заманына қызмет еткен ұлы даланың біртуар перзенті Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Қонаев-қазақ халқының тарихында сипаты бөлек, мінезінің байлығымен, терең білім, ақыл-парасатымен дараланған аса білікті тұлға. Көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері халқы үшін тер төгіп, аянбай еңбек етсе, ұлты да оны дәл солай ұлықтап, биік шыңға көтерді, елеулі еңбектерін ескерді.

Қоғам қайраткері әлемдегі алпауыт мемлекет-Кеңес Одағының қол астында болған Қазақ республикасын басқарған заманда еліміз небір тар жол тайғақ кешкен қиын-қыстау кезеңдер, ауыр жылдарға тап болды. Ол жастайынан 1917-1921 жылдары 1931-1933 жылдары алапат ашаршылықтарды, 1937-1938 жылдардағы зұлматты қуғын-сүргіндерді, 1941-1945 жылдардағы екінші дүниежүзілік соғысты бастан кешті. Азап пен тозақтың, от пен шоқтың ортасында қажалып, қайралып өсті. Соғысты жеңіспен аяқтаған қаһарман халқымыз бейбітшілік өмірге үлкен құлшыныспен кірісті. 1946 жылы қазақ ғалымдары бірігіп, бас қосып тұңғыш Қазақ ұлттық ғылым акедемиясын құрды. Оның алғашқы президенті болып аса ірі ғалым, акедемик Қаныш Сәтбаев тағайындалды. Ғалымдарымыз аса ынта-жігермен, үлкен жауапкершілікпен өз міндеттерін абыройлы атқарды. Ұлы даламызда ондап, жүздеген қалалар мен қалашықтар, елдімекендер бой көтерді. Ірілі – орташа зауыттар мен фабрикалар салынды. Орта буын жұмысшылар саны ұлғайып, өсті. Халқымыздың тұрмысы күннен – күнге жақсарып, жаңарды. Жастарымыз білімге, еңбекке жаңа, тың серпінмен алға ұмтылды, армандарға құлаш ұрды, өркендеп, қанаттанды. Әдебиетіміз, мәдениетіміз дамыды. Біздің елімізге әлем халықтары қызығып көз тіге бастады, әлем картасында ойып тұрарлық орын алдық.

Елу жыл ел басқара отырып, ұлттың намысы, рухы мен иманы қазақтың қанағат мектебі және нағыз адалдықтың өлшемі бола білді. Ғибраты мол ғұмырдан келер ұрпақ түйер ұлағат аз емес. Д.Қонаевты айрықша тұлғаландыратын ерекшелігі- құнарлы да қасиетті қазақ тілін таза, жітік білетіні. Сөздің небір мәйегін қолданатын, оның халықтың сан ғасырлық тарихын, қазақтың небір даналарын, ақын-жырауларын, олардың нақыл сөздерін өз қолданысында жиі пайдалануы ерекше еді.



Өзі өнеге, сөзі тағылым Қонаев ұрпаққа өнеге, мирас боларлық өмір жолы жайында «Ақиқаттан аттауға болмайды», «Өті дәурен осылай» атты өмірбаяндық кітаптар жазып қалдырды. Бұл даналық ойға көмкерілген кітаптарда Қазақстанның елу жылдық тарихы, ел экономикасы, әлеуметтік дамуы, мәдени өсіп-өркендеуін, өз өмірінің жекеленген сәттерінен сыр шертеді. Осы тұста өзінің ағартушылық, саяси мақсатына сәйкес ұлағатты сөздер жазып, қалам тартқан. Дінмұхамед Қонаевтың танымдық мәні мол нақыл сөздері кімді де болса рухани биіктерге жетелеп, болашаққа деген құштарлыққа ұмтылдырады, саналылыққа тәрбиелейді.

*«Көп адам дүниеге бой алдырған,  
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған,  
Өлді деуге бола ма, ойлаңдаршы,  
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған»*, – деп ұлы Абай атамыз жырлағандай,

Дінмұхамед Қонаевтың ұлағатты сөздері, өр қағидалары бүкіл адамзаттың жүрегіне жол тауып, есінде мәңгі сақталатындай қалыпқа келген. Қонаевтың бұл сөздерінің мәні күні бүгінге дейін зор. Оның сөз мұрасы — Адамды адам етіп тәрбиелеудің, жан - жақты дамыған зияткер тұлға қалыптастырудың қайнары, бүгінгі таңдағы ұлттық болмысымыздың, адами мақсат - міндеттеріміздің бұл тартпас бағыт, бағдары.

Дана да дара Дінмұхамед Қонаевтың нақыл сөздеріне үңілген сайын оның қаншалықты асқақ тұлға екенін тани түсесің, жылдар өткен сайын қазақ халқына қаншалықты жақын екенін сезесің.

«Мен қанша биікке көтерілсем де өз халқымнан төмен екенімді ұмытқан емеспін!»

«Панам да ел, данам да ел. Соған арқа сүйедім, содан үйрендім», деген парасатты сөздерінен «Тау тұлғаның» бойынан халқына шексіз сүйіспеншілігі пен адамгершілік қасиетін аса байқай аламыз. «Ұлық болсаң, кішік бол» дейді дана халқымыз.

Д.Ахметұлы туралы естеліктерді шолатын болсаңыз, қай-қайсысы да оның өте кең пейілді, сабырлы да салмақты және парасатты болғанын баса айтады. Мейлі қызмет бабы, мейлі күнделікті тіршілігі болсын ашу шақырып дауыс көтеру, не біреуге жекіру әдетінде болмаған. Үлкен-кішімен бірдей араласып, ашық-жарқын кейіпте сөйлесіп, елмен еркін, тең араласқан. Мұны өзі жазған «Сталиннен Горбачевке дейін» атты мемуарында былай деп аңғартады: «Осы кезге дейін өмірімде түрлі жайттар кездесті, оның жақсысы да жаманы да бар. Бірақ, бұл менің өмірім. Басқалар сияқты менің басымда да «қаралы» күндер болды, бірақ мен олардың бірде-бірін жадымнан сызып тастамадым. Сондай-ақ ештеңеге өкінбеймін және ешкімге өкпелемеймін» дейді.» Адамгершіліктің биік танымы, тағылымдық мән қоғам қайраткерінің мына бір ойында да көмкерілген:

«Адамдық қалыпты биік ұстау – кімге де болса үлкен сын. Адамгершілік деген асыл қасиетті аласартып алмасақ екен. Өмір өзегі осы, азаматтық жолы да осы.» Бұл даналық ой арқылы тағылымдық қасиетті сіңіре отырып, адам жүрегіндегі тазалықтың сақталуын негізге алады.

Д.Қонаевтың кемеңгерлікке өрнектелген таңбасы таста, қаны қара жердің тамырында жатқан құдіретті тәуелсіздік жайлы да небір ұлағатты сөздері бар.

«Тәуелсіздіктің жүгі ауыр.»


«Қорлыққа көнген халық зорлыққа да көнетін иісалмас, ынжық болып кетеді. Ұлт өзінің мүддесін өзі қорғай алатын дәрежеге жетуі керек. Кезінде қазақтың жанын сақтап қалсақ екен дедік қой..., біз ол дәуірден өттік. Енді қазақтың рухын, намысын сақтауымыз керек.» Расымен де, арысы қазақ хандығынан бастап берісі егеменді елдің іргесіне дейінгі көшті жалғастырып келе жатқан, атадан тараған ұрпақтың парызы осы аманатты-егемендікті, елдің мызғымас тұғырын сақтау.



Бұл сөздердің өміршеңдігі – бүгінгі тіршілік мазмұнымен сабақтасып жатуында. Қонаев айтқан тағылымның заман ырғағымен сәйкестеніп, жаңа дәуір әлемінен көрініс таба бастауы оның даналық қасиетінің жарқын да айқын үлгісі демеске қақымыз жоқ.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ халқының ұлы перзенті Д.А.Қонаевтың дүниеге келгеніне 110 жыл
2. Даңқты адамдар (Дінмұхамед Қонаев)
3. Ақиқаттан аттауға болмайды. (Өмір және еңбек шежіресі)



# АДАЛДЫҚТЫҢ ӨЛШЕМІ – Д.ҚОНАЕВ

**Өтеулина Азэля – Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы жалпы  
білім беретін орта мектеп» КММ 10 класс оқушысы  
Жетекшісі Карабасова А.Е.**

Әр ғасырдың, әр дәуірдің өз бояуы бар. Жарық-сәулелі, қоңырқай көлеңкелі тұсы да аз емес. Өткенің мен бүгінің, ертеңің – бәрі мидай араласып жатыр. Алайда, тарихтың кестелі шежіресіне кез келген пенде өз өрнегін қалауымен ойып сала алмайды. Тарихта аты қалатындар – топтан озған тұлғалар. Біреулері бүкіл империяны шеңгеліне ұстап, қаталдығымен есте қалса, екіншілері ұлы қырғын соғыс ашып аты шығады. Ал, өркениет атаулыны өрлетіп, жер бетіне игілік әкелген ұлылар қаншама? Міне, сондай ұлы тұлғаларымыздың бірегейі, халқымыздың аяулы перзенті, аса ірі мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері - Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Ұлттың ары мен намысы, рухы мен иманы, қанағат мектебі, адалдықтың өлшемі бола білген Д.А. Қонаев 1912 жылы 12 қаңтарда Верный (қазіргі Алматы) қаласында Меңліахмет Жұмабайұлының отбасында дүниеге келген. [1, с. 4] Қайраткердің балалық кезі аумалы-төкпелі, ашаршылық, халықтың басына қара бұлт үйірілген 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі, 1917 жылғы Қазан төңкерісі, кейіннен ашаршылық, Голощекиннің кезіндегі жұтпен тұспа-тұс келеді. Верный қаласының Сарқант көшесінде Үлкен станцияда тұрған. Ол кезде қазақ мектебі тапшы болған соң орыс мектебінде оқыған.

Алғаш өзіне хат танытып, әліппені оқытқан, орыс тілін жетік меңгеруіне ықпал еткен алғашқы мұғалімі Анна Шурованы ерекше құрметтейтін. 1931 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін, Мәскеудегі түсті металдар және алтын институтына оқуға түседі. Тау-кен факультетінде оқып жүріп өзінің саяси және мәдени ой-өрісін толықтырумен айналысады. Сол кездегі Кеңес Одағы астанасының мәдени және саяси өмірінде болып жатқан өзгерістерге барынша зейін қояды. Д.А. Қонаевтың Мәскеудегі алғашқы оқу жылдары Кеңес Одағының және Қазақстанның адам айтқысыз қиын-қыстау кезеңіне дәл келді. Бұл кезең аты шулы ұжымдастыру және күштеп отырықшыландыру жылдары еді. Нәтижесінде барлық ел аштыққа ұшырап, жаппай қырылады. Мәскеуде оқитын еліміздің студенттерінің жиналыстарында Қазақстандағы қиын жағдайлар жөніндегі аса үрейлі хабарлар жиі талқыланады. Республикамыздағы осындай күрделі ахуал студенттердің оқу барысына, көңіл-күйлеріне барынша кері әсер етіп, олардың көбісі үйлеріне қайтуға мәжбүр болған. Дегенмен, Дінмұхамед Ахметұлы шыдамдылық көрсетіп 1936 жылы институтты бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алған соң, Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат кеніне жұмысқа жіберіледі. Онда бұрғылау станогі машинисінен бастап, цех бастығы, бас инженері оның директоры болып істейді.

Дінмұхамед Ахметұлының ғылымға деген талпынысы мен құштарлығы техника ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне диссертация қорғауына әкелді. Кандидаттық диссертацияның негі-





зінде оның бірнеше ғылыми еңбектері баспадан шығады. Олардың қатарында “Қоңырат руднигіндегі бұрғылау-жару жұмыстары” (1949), “Қоңырат мыс кенін қазу” (1949) т.б. жұмыстары бар. Үш жылдан кейін, 1952 жылы сәуірде Д.А. Қонаев Қазақ КСР Ғылым академиясының академигі және президенті болып сайланады. Дінмұхамед Ахметұлы ғылыми қызметке ауысқан кезеңде Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшелігіне сайлануы партия жүйесі жұмысының қыры мен сырын жақсы меңгеруге көмектесті. Осыған дейін Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңестерінің депутаттығына сайлануы еліміздегі заң шығару құрылымын толық білуге мүмкіндік берді. Осылардың бәрі оған биліктің сапалық жаңа сатысына көтерілуіне жол ашты. Ендігі жерде кездейсоқтықтың еркімен келген және партия құрылымының шыңында отырып, қуатты қозғаушы күшке айналған тұлғаға тікелей байланысты болды. Сөйтіп, Қонаевтың саяси басшы ретінде Республикамыздың екінші басшысының дәрежесіне көтерілуі Никита Хрущевтің тың жерді игеру бастамасына тұспа-тұс келіп, 1955 жылы Қазақ КСР министрлер Кеңесінің төрағасы қызметіне тағайындалады. Кейінгі үш онжылдықтан астам мерзім тыңға байланысты мәселелер оның іс-әрекетінің басты және өзекті буындарының біріне айналып, тұрақты көңіл аударуды және қамқорлық жасауды талап етеді.

Д.А. Қонаев өзінің соңына аса үлкен шығармашылық мұра қалдырды, оның 450-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік және публицистикалық жұмыстары жарияланды. Техника ғылымдарының докторы, академик Д.А. Қонаевтың ғылыми еңбектері кен орындарын ашық әдіспен қазу теориясы мен практикасының көкейтесті буынды мәселелеріне арналған, сонымен бірге кен қопарудың тиімді әдістерін ғылыми жан-жақты зерттеп, тікелей өндіріске енгізді. Осындай еңбектердің қатарына оның “Зырян кені жағдайында жұмыстың ашық әдісін қолдану мүмкіндіктерін зерттеу”, “Мырғалымсай қорғасын-мырыш кенінде кен асты жұмыстарын кенді ашық қазуға көшу мүмкіндіктерін зерттеу”, “Бошакөл кені жағдайында ашық кен жұмыстарын қолдану мүмкіндіктерін зерттеу” сияқты сақтаулы еңбектерін жатқызуға болады. Олар қазіргі кезде Қазақ КСР Ғылым академиясының Д.А. Қонаев атындағы кен ісі институтының мұрағатында сақтаулы.

Д.А.Қонаевтың зейнеткерлікке шыққаннан кейінгі жазған естелік кітаптары “О моем времени” (1992), “От Сталина до Горбачева” (1994), қазақша қолтумасы “Өтті дәурен осылай,” “Ақиқаттан аттауға болмайды” КСРО және Қазақстанның XX ғасырдағы саяси өмірінің көптеген қырлары мен сырларын зерттеуге айтарлықтай өшпес із қалдырған бағалы еңбектер. Д.А. Қонаев мемлекет және халық алдында сіңірген зор еңбегі үшін үш мәрте (1972, 1976, 1982 жж.) Социалистік Еңбек Ері деген жоғарғы атаққа ие болды, 6 рет Ленин орденімендо Горбачева” (1994), қазақша қолтумасы “Өтті дәурен осылай,” “Ақиқаттан аттауға болмайды” КСРО және Қазақстанның XX ғасырдағы саяси өмірінің көптеген қырлары мен сырларын зерттеуге айтарлықтай өшпес із қалдырған бағалы еңбектер. Д.А. Қонаев мемлекет және халық алдында сіңірген зор еңбегі үшін үш мәрте (1972, 1976, 1982 жж.) Социалистік Еңбек Ері деген жоғарғы атаққа ие болды, 6 рет Ленин орденімен және Октябрь революциясы орденімен, көптеген медальдармен, шетелдердің бірқатар ресми сыйлықтарымен марапатталды. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев 1993 жылы 22 шілдеде жүрек-қанжүру жетімсіздігінен дүниеден озып, оралмас сапарға аттанды. [2, с. 8]

Қортындылай келе, Д.А.Қонаев туралы естелік айтқандардың қай-қайсысы да ол кісінің өте кеңпейіл, сабырлы да салмақты, парасатты адам болғанын баса айтады. Үкімет қызметінде жүрген кезінің өзінде жұмысқа ешбір оққағарсыз, көліксіз, аяңдай басып жаяу барғанды ұнатқан. Кісі баласын жамандап, сыртынан сөз айту, ғайбаттану дегенді білмеген. Сол сияқты жақсылығын білмеген, байыбына бармай өзін күстаналаған адамдардың өзіне де кешіріммен қараған, біреумен өштесу, кек сақтау Димекеңе жат болған. Дінмұхамед Қонаев қайтыс болғаннан кейін Қазақстан Ғылым академиясының Тау-кен және түсті металлургия институтына, еліміздің бірқатар мектептері мен



көшелеріне есімі берілді. Алматы қаласында қоғам қайраткері атында университет бар. 1992 жылы 13 қарашада Алматыда "Халықаралық Қонаев қоры" құрылды. 2002 жылы 12 қаңтарда Алматы қаласында Қонаевтың мұражай үйі ашылды. Ол өмірінің соңғы сәтін өткізген Алматы облысы Алакөл ауданына қарасты Ақши ауылында 2003 жылы 15 тамызда арнайы құлпытас орнатылды. Сондай-ақ ештеңеге өкінбеймін және ешкімге өкпелемеймін де» деп сыр ақтарғаны аян. «Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді», -дегендей ел мүддесі үшін тыңбай еңбектенген біртуар тұлғамыздың есімі тарих беттерін алтын әріппен із қалдырады.

**Әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақ халқының ұлы перзенті Д.А.Қонаевтың дүниеге келгеніне 110 жыл
2. Даңқты адамдар (Дінмұхамед Қонаев)
3. Ақиқаттан аттауға болмайды. (Өмір және еңбек шежіресі)



# ҚАЗАҚТЫҢ ДАНА ТҰЛҒАСЫ – Д.А.ҚОНАЕВ

**Конарова Гульмира Сагитжановна – Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы жалпы білім беретін орта мектеп» КММ бастауыш сынып мұғалімі**

**Тақырыбы: "Қазақтың дана тұлғасы – Д.А.Қонаев"**

Сабақ мақсаттары:

Оқушыларға Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы мәлімет беру, өмірі, атқарған еңбектері туралы ақпарат беру.

Аса көрнекті қоғам қайраткері, бір туар тұлға Д.А. Қонаев туралы түсініктерін кеңейту, ел үшін еңбек етуге, халқына адал болуға, ұлы тұлға ерліктері арқылы оқушыларды ұлтжандылыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Сабақ барысы

**Ұйымдастыру кезеңі:**

Пазл құрастыру (<https://learningapps.org/>) арқылы сабақ тақырыбын анықтау: "Қазақтың дана тұлғасы – Д.А.Қонаев"

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

Әр дәуірге лайықты кемеңгер адамдар өмір сүреді. Ал қазақ халқының тарихында болмысы бөлек, мінез байлығымен, терең білім, ақыл-парасатымен дараланған ұлы адам өмір сүрді. Ол – Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев. Бабалар әруағына шынайы берілген, халқына сүйкімді, ұлтқа қадірлі, шыныдай мөлдір, аса білікті адам. Егемендікті алғанда халқының алдында балаша қуанып шығып, адал ойын білдірген «Ту жығылмасын, Туды ұстаған үл жығылмасын»-деп тәңіріне сыйынып халықпен бірге қуанып, келешекке сенген. «Болашақ жастардікі, ақиқаттан аттауға болмайды» деген ойып ашып айтты.

Оқушылар мұғалімді мұқият тыңдайды

**Негізгі бөлім:**

Димаш атамыз тірісінде «Пайғамбар» атанған ұлы тұлға. Ол кісінің бойында көп адамның бойынан көріне бермейтін рухани-адамгершілік қасиеттер көп болған. Димаш атамыздың 10 қасиеті

Бірінші қасиеті: Димаш ата, жаратылысанан көрікті, бойшаң жүзінен нұр төгіліп тұратын иман-жүзді кісі.

Екінші қасиеті: өзіне айтылған сөздің бәрін теең түсінетін және істің жай-жағдайына сәйкес жан-жақты тез ұғып алатын аса зерек жан болатын.

Үшінші қасиеті: Ол өзі жүрген, көрген, естіген нәрселердің бәрін зердесіне ұзақ сақтайтын, бұлардан еш нәрсені ұмытпайтын адам болған.



Төртінші қасиеті: Димаш ата терең ой иесі және жадына сақталғандардың бәрін айдан-анық етіп айтып бере алатын шебер әрі, шешен болған.

Бесінші қасиеті: Димаш ағамыз ғылым –білім мен өнерге жаны құштар, әр күн сайын оқып үйренуден шаршап-шалдықпайтын адам болған.

Алтыншы қасиеті: тағамға, ішімдікке, сауық-сайранға келгенде қанағатшыл болған.

Жетінші қасиеті: Димаш ата, жаратылысынан сауық, құмарлықтан аулақ болған. Демалысын таза ауада, серуендеп, аңшылық, мергендік өнермен айналысқан.

Сегізінші қасиеті: кемеңгер Қонаев шындықты сүйіп, жалғандыққа қарсы тұруды жөн көрген. Димекең ешқашан өтірік айтпаған.

Тоғызыншы қасиеті: жаны асқақ және ар-намысын аса ардақтайтын адам.

Оныншы қасиеті: өзі қажет деп тапқан істі жүзеге асыруға келгенде шебер-шешімпаздық танытып, бұл шақта қорқыныш пен жасқану дегенді білмейтін бірбеткей, батыл, ержүрек болған.


(Әр қасиетіне тоқталып өтеді. Оқушылар слайдтан тамашалайды)

### Қорытындылау бөлімі:

Д. А. Қонаевтың нақылға айналған сөздері:

1. Жалада шындық болмайды.
2. Өмірдің екі тірегі: үйренуден жалықпау, үйретуден аянбау
3. Ақиқатты аттап кету-арға сын
4. Адам айнасы-адам
5. Бітімі қисық ағаштың көлеңкесі де өзіндей болады.

(Оқушылар дәптерге жазып алады)



### Ресурстар:

<https://learningapps.org/>, Д.Қонаев суреті, бүктеме, слайд, Д.Қонаевтың нақыл сөздері



# ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ- ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ

**Абдигалилов Давранбек Эргешович**  
Түркістан облысы Сайрам ауданы  
«Д.Қонаев атындағы аграрлық-техникалық колледжі» МКҚК  
аға оқытушысы

Әр дәуірге лайықты кемеңгер адамдар өмір сүреді. Ал қазақ халқының тарихында болмысы бөлек, мінезінің байлығымен, терең білім, ақыл-парасатымен дараланған ұлы адам өмір сүрді. Ол – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Бабалар аруағына шынайы берілген, халыққа сүйкімді, ұлтқа қадірлі, шынадай мөлдір, аса білікті адам. Егемендікті алғанда халқының алдына балаша қуанып шығып, адал ойын білдірген, «Ту жығылмасын, Туды ұстаған ұл жығылмасын», — деп тәңіріне сыйынып, халықпен бірге егемендікке қуанып, келешекке сенген. «Болашақ жастардікі, ақиқаттан аттауға болмайды» деген ойын ашып айты.

Бүгінгі таңда біздің Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасына қарасты «Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледжі» МКҚК ауылшаруашылық мамандықтары бойынша бір қатар кәсіби мамандарды дайындап шығаруда. Біздің колледжден шыққан жас кәсіпкерлер ел аралап, Қазақстан Республикасының дамуына қызмет етіп, өз үлестерін қосып келуде.



«Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледжі» МКҚК тарихына тоқталатын болсақ,





Оңтүстік Қазақстан облысы кәсіптік білім басқармасының 1959 жылғы «Өндіріске арналған кәсіби білікті мамандарды даярлау бойынша кәсіптік- техникалық училищені» ұйымдастыру туралы қаулысы негізінде «№108 кәсіптік техникалық училищесі» өзінің іргетасын қалады.

Аталған мекеме ұзақ жылдық қызмет ету тарихында өзінің атауын бірнеше рет ауыстырды. Атап айтқанда:

Мемлекеттік профессиональдық білім беру мекемесінің 13 тамыз 1984 жылғы №220 бұйрығы бойынша СПТУ-108, СПТУ-32 болып қайта аталды.



Оңтүстік Қазақстан облысы Білім департаментінің 5 тамыз 1996 жылғы №474 бұйрығы негізінде №32 СПТУ жабылып, орнында №2-оқу өндірістік орталығы құрылып, оның балансына 120 орындық жатақхана, оқу шеберханасы, гараж, автодром – 2,57 га, 100 га жер және барлық техникалар берілді.

СПТУ-32-ның 480 орындық оқу ғимаратында ОҚО Білім департаментінің 16.08.1996 жылғы №495 бұйрығы бойынша №48 жалпы орта мектебі ашылды, оның балансына 480 орындық оқу ғимараты, спорт зал, 100 орындық асхана, 220 орындық мәжілістер залы берілді.

1999 жылы №48 жалпы орта мектепке Д.Қонаев есімі берілді. ОҚО Білім беру департаментінің 10 мамыр 2000 жылғы №273 бұйрығына сәйкес 10 мамыр 2000 жылдан бастап №48 Д.Қонаев атындағы орта мектебіне №48 Д.Қонаев атындағы мектеп-лицейі статусы берілді.

2005 жылы №2-оқу өндірістік орталығының 120 орындық жатақханасы және 2,57 га жерге орналасқан автодромы Д.Қонаев атындағы №48 мектеп-лицейі балансына берілді.





№48 Д.Қонаев атындағы мектеп-лицейі мемлекеттік мекемесі ОҚО әкімінің 2011 жылғы 9 тамыз №207 қаулысымен Сайрам ауданының «№25 кәсіптік лицейі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны болып ашылды.

Сайрам ауданының «№25 кәсіптік лицейі» МКҚК, ОҚО әкімінің 2011 жылғы 8 қыркүйек №223 қаулысымен Сайрам ауданының «№25 Д.Қонаев атындағы кәсіптік лицейі» МКҚК болып, ОҚО әкімінің 2012 жылғы 24 желтоқсан №394 қаулысымен ОҚО Білім басқармасының «№25 Д.Қонаев атындағы колледжі» болып, ОҚО әкімінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы №13 қаулысымен ОҚО ның Білім, жастар саясаты және тілдерді дамыту басқармасының «Д.Қонаев атындағы №25 колледжі» МКҚК болып, ОҚО әкімінің 2016 жылғы 5 сәуірдегі №99 қаулысымен ОҚО білім басқармасының «Д.Қонаев атындағы №25 колледж» МКҚК болып, ОҚО әкімінің 2018 жылғы 18 маусымдағы №174 қаулысымен ОҚО білім басқармасының «Д.Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледжі» МКҚК болып, Түркістан облысының әкімдігінің 2019 жылғы 21 қаңтардағы №11 қаулысымен Түркістан облысының адами әлеуетті дамыту басқармасының «Д.Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледжі» МКҚК болып қайта аталды.

2008 жылдың қаңтар айынан бастап, жыл сайын Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ағамыз туған күніне 1988 жылғы бітірушілерінің демеушілігімен, колледж әкімшілігінің ұйымдастыруымен Қарабұлақ ауылымыздың мектеп оқушылары арасында «Көңілді сөре» атты спорттық жарыс өткізіліп келеді.

Біздің "Д.Қонаев атындағы аграрлық техникалық колледжі" МКҚК базасында 25 қараша 2022 жылы "Ұрпағы ұлықтаған тұлға" Д.А.Қонаевтың 110 жылдығына арналған ауқымды ғылыми мәдени іс-шара болып өтті. Бұл іс-шараға қонақ ретінде қатысқан. № 1 қонаевтанушы, ҚР Мәдениет қайраткері, «Таңғажайып Қонаев» кітабының авторы Ораз Қауғабай арнайы шақыртырылды.

Іс-шараның мақсаты: Қонаевтың өмірінен оқушыларға мағлұмат беру. Қонаев ағамыз туралы жан жақты түсінік қалыптастыру, ұлы тұлғаның халқына сіңірген еңбегін ерлігін насихаттай отырып, оқушыларды имандылыққа, адамгершілікке, отансүйгіштікке тәрбиелеу.

Ораз Қауғабай Д.А.Қонаевтың өмірбаяны, еңбек жолдары игі істері мен жетістіктері, марапаттары, мақалалары мен кітаптары, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев есімі берілген жерлер, Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев туралы көптеген қызықты ақпараттар мен бөлісті. Кездесудің соңы сұрақ – жауаппен жалғасты. Студенттер өздерін қызықтырған сұрақтарын Ораз Қауғабай ағамызға қойып, әрбір сұрақтарына қанағаттанарлықтай жауаптар ала білді. Бұндай іс-шаралар өз жалғасын таба береді. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев ағамыз мәңгі біздің жадымызда.

### **Әдебиеттер тізімі:**

1. Кемеңгер Қонаев, Алматы: Халықаралық «Дала» журналының кітапханасы, 2013. 27 б.
2. Жақсы адам - елдің ырысы: [Қоғ. қайраткері Д.А.Қонаев туралы], Қазақстан сарбазы, 2020, 3 қыркүйек (N 65), 8 б.
3. Қазақстан Республикасының Президенті Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ», 17.01.2014 ж.



# Д.ҚОНАЕВ - БАР ҒҰМЫРЫН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН АДАЛ ТҰЛҒА

**Сагиндыкова Асемгүл Сабиржановна**  
*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ  
бастауыш класс мұғалімі*

**Қ**азақ даласы қай заманда да, дарынды, ақылды адамдардан құр қалған емес. Адамзат тарихының әр ғасырында да өз дәуіріне лайықты кемеңгер адамдар өмір сүрген. Бүгінгі өскелең құрпақтың Қазақстан мәдениеті, ғылымы, рухани өмірі мен сол мәдениетті жасаушыларға деген қызығушылықтарының күн санап арта түсуінен де ұлтымыздың ұлы тұлғаларына деген сүйіспеншілігі мен құрметі анықталады.

Сондай өз ғасырының біртума перзенттерінің бірегейі ретінде тарихтың алтын парақтарында өмір жолы мен қызметі хатталып, халқының жадында мәңгілікке сақталып қалған есім – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

Д.А.Қонаев 1912 жылдың 12 қаңтарында Верный (қазіргі Алматы) қаласында дүниеге келді. Д.А.Қонаевтың әкесі Меңліахмет бай көпестің қолында жалданып жұмыс істейтін, шешесі Зауре Байырқызы Шелек ауданының орталығында сіңірі шыққан кедейдің қызы. Ол үй шаруашылығымен айналысатын. Анасы сексен алты жасында дүние салды. Әкесі мен шешесі жетпіс жылдан астам уақыт бірге ғұмыр кешті. Дінмұхамед Ахметұлы нағашы ағасы А.Шымболатовтың есімін әрдайым құрметпен еске алатын. Ол кісі комсомолдың алғаш ұйымдастырушыларының бірі. Сондай-ақ Жетісу өңірінде, Верныйда Кеңес өкіметін орнату күресіне қатысқан азамат еді. Кейін Түркістан Компартиясы Алматы ояздық комитетінің хатшысы, Алматы қалалық партия комитетінің бірінші хатшысы, Жаркент ояздық комитетінің бірінші хатшысы болды.

Әкесі 1976 жылы тоқсан жасына үш ай қалғанда дүниеден озды. Д.А.Қонаев Чернышевский атындағы №19 мектептің бірінші сатысында оқыды. Мектеп Алматы көшесінің (қазіргі Емелев) бойында ескі үйде болатын, кейінірек ол мектеп таратылып, мекен-жайы бұзылды. Төртінші класты бітірген соң №14 мектепке ауысты. Бір ғажабы, мектеп қабырғасында жүріп-ақ, тау-кен инженері болуға бел байлаған болатын. Ал оған қалай қол жетті? Мектеп бітірген соң, жоспарлау органдарында статист болып жұмыс жасады, ал кешкілік институттың дайындық курсына оқыды. 1931 жылы Қазақстан өлкелік комсомол комитетінің жолдамасымен Мәскеу түсті металдар институтына түсуге Мәскеуге барды. Институтқа қабылданысымен Панкратьев жалғыз аяқ көшесіндегі Сретенкода жатақханасында тұрды. 1936 жылы шілдеде Мәскеу түсті металдар мен алтын институтын қызыл дипломмен бітіріп, Қоңырат-Балхаш құрылысына жолдама алып, сол жерден еңбек жолын бастады [3]. Мыс балқытатын комбинаттың негізгі шикізат базасы ретінде Қоңыраттық мыс-фарфор кен орны пайдаланылды, осы жерге Д.А.Қонаевқа жолдама берілді. Осы жерде Д.А.Қонаев соқпа айналымы



қопарғыш станоктың машинисі болып еңбек жолын бастайды. Көп ұзамай қопарғыш цехтың бастығы болып тағайындалды.

Д.А.Қонаев қысқа мерзім ішінде түсті металлургияның барлық мекемелерімен, Қарағанды мен Ленгердің көміршілерімен және барлық қорғаныс кәсіпорындарымен іскерлік қарым-қатынас орнатты. Соғыс жылдарында Д.А.Қонаевтың басқаруымен Қазақстанда көптеген кен орындары, шахталар, фабрикалар салынып, іске қосылды.

Д.А.Қонаев бас инженер, Қоңырат пен Риддер кен орындарының директоры, Қазақ КСР-ң Министрлер Кеңесінің төрағасының орынбасары бола тұрып, Ұлы Отан соғысы жылдарында тыл жұмыстары мен мемлекеттің күшті әскери арсеналына айналдырудың қабілетті ұйымдастырушысы болды.

Дінмұхамед Ахметұлы 100-ден аса ғылыми еңбектердің авторы. 1952 жылы сәуір айында Қазақ КСР-ң ғылым Академиясының жалпы жиналысында ол тау-кен саласының ірі ғалымы ретінде академик дәрежесін алды. Сонымен бір уақытта Д.А.Қонаев Қазақ КСР-ң Ғылым Академиясының президенті болып сайланып, оны үш жылдан астам уақыт басқарып қазақстандық ғылымның дамуына үлесін қосты [4].

Д.А.Қонаев – үш мәрте Социалистік Еңбек Ері, Ленин орденімен, басқа да ордендер және медальдармен марапатталған, бірқатар шет мемлекеттердің жоғары наградаларына ие болған. Дінмұхамед Ахметұлының ғылым мен мәдениет, әлеуметтік-экономикалық салаларды өркендету ісінде көпұлтты Қазақстан халқына сіңірген еңбегі мол. СОКП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі бола жүріп ол өз қызметін әлемдік коммунистік және жұмысшы қозғалысын дамытуға, бейбітшілік, ұлттық қауіпсіздік және халықаралық саясаттарын жүзеге асыру мақсатына арнады.

1955 жылы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы болып бекітілді, 1960 жылы Компартияның бірінші хатшысы болып сайланды. 1962 жылы қайтадан республиканың Министрлер Кеңесінің төрағасы болды да, 1964 жылы екінші рет Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетінің бірінші хатшысы болды.

Д.А.Қонаев жыл сайын Қазақстанның барлық облыстарында өнеркәсіп орындарының, құрылыс мекемелерінің, совхоз бен колхоздың және ғылыми мекемелердің ұжымдарымен кездесіп тұрды. Республиканың жаңа басшысы ретінде бірінші жылдары өзінің араласуымен Қарағанды-Теміртау, Павлодар-Екібастұз, Жамбыл-Қаратау, Қостанай-Лисаковск, Маңғышлақ, Шығыс Қазақстан және басқа да өнеркәсіп орындарына бөлінген үлкен қаржыны игеруге бас көтермей жұмыс істеді.

1950-1990 жылдары өнеркәсіп, ауылшаруашылық, құрылыс, транспорт, байланыс, ғылым мен мәдениет, халыққа білім беру ісі, денсаулық сақтау ісі, сауда мен халыққа тұрмыстық қызмет көрсету салаларын да едәуір жетістіктерге қол жеткізілген болатын.

Уақыт Д.А.Қонаевтың есімі мен атқарған істеріне үстемдік ете алмайды. Керісінше жылдар өткен сайын, ол өмір сүрген кезең алыстай берген сайын оның қызметінің нәтижесі одан бетер айқындала түсті.

Дінмұхамед Ахметұлы – өз халқының ұлы көсемі. Партия оны қандай бір жұмысқа бағыттаса да, ол үнемі өзінің терең білімі мен тәжірибесін, ұйымдастырушылық қабілетін алға қойған мақсаттарына жұмсаған еді. Еліміздің бұрын-соңды болмаған жетістіктерге жетуінде Д.А.Қонаевтың қосқан үлесі зор. Біздің мақтан тұтарлық ата-бабамыз баршылық: халқымыздың әйгілі хандары, сұлтандары, батырлары, билері, ақын-жазушылары және басқа да тұлғалар. Алайда осы тізбекте Д.А.Қонаевтың орны ерекше.



Көш бастап қазақ халқын дүниенің түкпір-түкпіріне танытқан халқымыздың адал перзенті Д.А.Қонаев ұзақ жылдар бойы елімізді басқарып, экономикамыздың өркендеуіне, мәдениетіміздің гүлденуіне, халқымыздың тұрмыс дәрежесінің жақсаруына еңбек етті.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейіне Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевқа қатысты жәдігерлерді Д.А.Қонаевтың мемориалдық пәтер-мұражайының ғылыми бөлімінің жетекшісі Жаннета Даулетқызы Серікбаева тапсырды.

Өз ғасырының біртума перзенттерінің бірегейі ретінде тарихтың алтын парақтарында өмір жолы мен қызметі хатталып, халқының жадында мәңгілікке сақталып қалған есім – Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев.

**Пайдаланған әдебиеттер:**

1. С. Әбдірайымұлы. «Өтті дәурен осылай» // «Дәуір» баспасы, Алматы, 1992 ж., 12 бет.
2. С. Әбдірайымұлы. «Өтті дәурен осылай» // «Дәуір» баспасы, Алматы, 1992 ж., 23 бет.
3. К. Аухадиев. «Өмір жолы – тар соқпақ» // Алматы, 1998 ж., 152 бет.
4. Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі қоры.
5. [https://massaget.kz/mangilik\\_el/tup\\_tamyir/asyil\\_soz/67145/](https://massaget.kz/mangilik_el/tup_tamyir/asyil_soz/67145/)



# ЗАМАННЫҢ ЗАҢҒАР ТҰЛҒАСЫ

**Төлепберген Диана**

*Ақтөбе қаласы «Д.Қонаев атындағы  
жалпы білім беретін орта мектеп» КММ*

*9 сынып оқушысы*

*Жетекшісі Сыдықова А.С.*

**Д**інмұхамед Ахметұлы 1912 жылы 12 қаңтарда Верный қаласында Сарқант көшесінде дүниеге келді. Дара тұлғаның туған жері - дүниежізіне өзінің әсемдігімен әйгілі, көк жасыл желекке оранған көріктілігімен көз тартатын Алматы қаласы. Дінмұхамед Қонаев қазақ халқының ұлы перзенті, аса көрнекті мемлекет қайраткері, саңлақ саясаткер, заманының кеменгер тұлғасы. [4]

Советтік Қазақстанды басқарған Дінмұхамед Қонаев - қарама-қайшы тұлға. Қызметінен түскенде басқалар оның атын өшіруге тырысқан болатын, ал, қазір халық оның есімін ұлықтап жүр. Өз ғұмырының 50 жылға жуық уақытында республикамыздың басшылық қызметітерінде болып, еліміздің дамуына елеулі үлес қосты. Жалпы айтқанда, 6 жыл Қоңырат кеніші мен Риддердегі полиметалл зауытын басқарды, 10 жыл Қазақ КСР Халық комиссарлары Кеңесі Төрағасының орынбасары, 3 жыл Ғылым академиясының президенті, 7 жыл Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің төрағасы, 24 жыл бойы Қазақстан Компартиясы ОК бірінші хатшысы болды.[11]

Әр атқарған игі қызметтеріне тоқталсақ, 1936 жылы Мәскеудегі Түсті металдар және алтын институтын бітіріп, тау-кен инженері мамандығын алды. Алдымен жас маман Балқаш мыс қорыту комбинатының Қоңырат бөлімшесіне жіберілді. Кейін Лениногор қорғасын-мырыш комбинаты сынды сол кездегі еліміздегі ең алып өндіріс орнында басшылық қызмет атқарды. Ал Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында Қазақ КСР Халық комиссарлары Кеңесі төрағасының орынбасары болған. 1952 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті қызметіне ауысады. Одан кейінгі өмірінің бәрі партия-кеңес органдарында өтті, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде қызмет атқарды. 21 жыл бойы бұрынғы Кеңес үкіметі кезіндегі бүкіл Одақтың тағдырын шешетін КОКП Орталық Комитеті Саяси бюросының мүшесі болған.[11] Қоңырат кенішінде Д.А.Қонаев өз маңына адамдарды топтастыра біліп, олардың күш-жігер, қайраттарын арттырып, жұмысқа шыңдала кірісулеріне ықпал жасады. Сол кездегі жағдай адам төзгісіз еді: жазда қайнаған қапырық болса, ал қыста — қақаған аязды борандар адамның үрейін алатын, азық-түлікпен қамтамасыз ету жағы да дұрыс жолға қойылмаған еді. Бітпейтін алысқа созылған ұшы-қиырсыз кең дала, жақын маңайдағы — 500 шақырым жердегі тұрғылықты жерге дейін салынған жол да жоқ. Тек ұшақпен ғана жете аласың. Ал 30-жылдардың басында қанша ұшақ болды дейсіз? Соған қарамастан, еңбекшілердің қажырлы күш-қайратының нәтижесінде Қоңырат кеніші мен Балқаштағы мыс қорыту комбинатын тұрғызуға қатысты ұйымдастыру жұмыстары, белгіленген жоспардан асып, 150–200 пайызға орындалды.

КСРО Жоғары Кеңесінің 1939 жылғы 26 наурыздағы Жарлығымен Д.А.Қонаев «Үздік еңбегі үшін» медалімен марапатталады. Бұл оның тұңғыш марапаты еді. Оның алдында тұрған негізгі міндет құрылып жатқан пайдалы қазбалармен қамтамасыз ететін фабриканы іске қосу жұмыстарын



дайындау және осы кен ошағын пайдалы рудаларға толтыру керек болды. Ал пайдалы қазбалар өте аз табылатын. Риддердің жұмысын тоқтатып, оны жабудың сәті келгендей-ақ еді. Бұл кезең 1940 жылдарға тұспа-тұс келді. Еуропа мемлекеттері соғыс құшағына оранғандықтан, еліміз де қан майданға әзірленіп жатты. Тура осы жағдайда мыс, құрыш, қалайы немесе басқа түсті металдардың қаншалықты қажеттілік пен сұраныс тудырғандығын айтпаса да болады. Д.А.Қонаев осы өлкедегі жұмысы тоқтауға жақын қалған кен ошағына 1939 жылдың қараша айында келді. Белгілі қаламгердің өзі жазып кеткен қара сөздерінде «Басшы үшін таптырмас бір қасиет бар. Ол- еңбешілердің көңіл күйін, тұрмыс жайын, тіршілік қамын тамыршыдай тап басып, біліп отыру» [71] демекші, ұлы тұлға өте кеңпейіл, сабырлы және парасатты адам болған. Қызмет бабында, мейлі, күнделікті өмірде болсын ашу шақырып, біреуге дауыс көтеріп, жеку ол кісіге тән болмаған. Үлкен –кішімен бірдей ашық-жарқын сөйлесіп, ел-жұртпен емін-еркін араласқан.

«Астана — елдің көркі, сырттан келгендер соған қарап еліңді таниды», — дейтін Димаш Ахметұлы. Осы бір өміршең идеяның бүгінде жалғасын тапқанына біз барлығымыз куә болып отырмыз. Әркімге өзінің кіндік қан тамған жері ыстық көрінеді. Алатаудың бөктерінде көк желектер оранған Алматы тұлға үшін ерекше ыстық, ерекше көрікті көркем қала болатын. Сондықтан да, өзінің туып-өскен қаласының көркейіп, сәулеттене түсуіне ерекше еңбек сіңірді. Қазақстанның астанасы болған Алматы қаласында салынған көрнекті сәулетті құрылыс нысандары бүгінгі күні халқымыздың игілігіне айналып отыр. Онда бой көтерген әрбір ғимарат, әрбір көше- Дінмұхамед Ахметұлының еліне, жеріне деген перзенттік сүйіспеншілігінің көрінісі. Сол кездегі әр миллион сомды Мәскеуден сұрап алудың аса қиындығына қарамастан, ұлы адам өзінің зор беделінің арқасында Алматыны, тағы басқа қалаларды көркейтуге, көріктендіруге бар күшін, қайрат-жігерін жұмсады. 1970 жылдан басталған қаланың көркін кіргізетін керемет құрылыстар қанатын кеңге жайып, алып шаһардың атағын аспандата түсті.

Д.А.Қонаев тек қана өзінің туып-өскен Алматы қаласын ғана емес, республикамызда өнеркәсібі дамыған көптеген көрікті қалалардың салынуына тікелей басшылық жасады.[17] Ол билік басында болған уақыт қайшылықты күрделі, қарама-қайшылықты болғанымен, елдің экономикасын, әлеуметтік саласын, ғылымын, ұлттық мәдениетін дамыту ісіне айтулы еңбек сіңірді.

Дінмұхамед Ахметұлы ел басқарған жылдары кең байтақ қазақ жерінде 68 жұмысшылар кентімен 43 қала пайда болды. Оның ішінде, өнеркәсіп орталығы болып саналған Рудный, Екібастұз, Шевченко (қазіргі Ақтау), Никольский, Степногорск, Теміртау, Жантас қалалары салынды.

Ауыл шаруашылығы қарқынды дамып, тың және тыңайған жерлер игерілді. Кеңшарлар мен ұжымшарлар салынды. Мал саны көбейіп, ауыл шаруашылығының өнімдері жыл сайын артып отырды.

Дінмұхамед Ахметұлы арқасында Қазақстанның өнеркәсіп, оның ішінде түрлі-түсті металлургия саласы жоғары деңгейде дамыды. Бүкілодақтық көлем бойынша мыстың үштен бір бөлігі, қорғасынның 70%-ынан астамы, мырыштың 40%-ынан астамы қазақ жерінде өндірілді. Өскемен қорғасын-мырыш және титан-магний комбинаттары, Соколов-Сарыбай мен Лисаков кен-байыту комбинаттары, Жезқазған мен Балқаш таукен-металлургия комбинаттары, Ермаков пен Ақтөбе ферроқорытпа зауыттары іске қосылып, Ақтөбе қаласындағы шығарылған хром кеңінің көлемі артты. Д.А.Қонаев металл өңдеу және көлік жасау салаларында өндіріс тиімділігін арттырып, Өскемен, Орал, Қарағанды, Петропавл, Шымкент, Алматы қалаларында көлік жасау зауыттары құрылды. Алматы ауыр машина жасау зауыты шығарған өнім әлемнің 40-тан астам мемлекетіне таралды. Қазақ жерінің аумағында көмір мен мұнай кен орындары ашылып, Қазақстан отын - энергетика өнеркә-





сібінің ірі орталығына айналды. Тараз және Шымкент қалаларында орналасқан комбинаттар сары фосфор өндіру бойынша әлемде бірінші орында болды.

Қазақ өнерінде жоғары бағалаған Дінмұхамед Ахметұлы өнерде жүрген жандарды жан-жақты қолдап, қазақ мәдениетінің дамуына ықпал етті. Өнер ордалары салынып, мәдениет үйлері өз қызметін бастады. Қазақ жерінің барлық аймақтарында дерлік білім және мәдени ошақтар ашылып, тұрғын үйлер тұрғызылып, әлеуметтік нысандар салынды.

Көзінің тірісінде Дінмұхамед Қонаев екі нәрсені армандап өтіпті. Оның бірі - Қазақстанның тәуелсіз ел болуы, ал екіншісі- ХХІ ғасырды көру екен. Алайда екеуін де Димаш ағамыздың өзі ерекше қадір тұтқан ел-жұрты, халқы көрді. Туған елі барда Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімі мәңгі жасайтыны анық.[22]

**Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ.- «Алматы:Аруна» баспасы. -24- бет.- Сер. : «Даңқты адамдар»
2. Қонаев Д.А. Айналайын ақпеңіл жұртым / Д.А.Қонаев – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 246 б.
3. Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев. Фотоальбом. – Алматы: АЛМАТЫКІТАП БАСПАСЫ, 2022. – 256 бет.
4. Д.А.Қонаев, Өмір және еңбек шежіресі-Алматы: «Service Press»,2022.- 304б.
5. От Сталина до Горбачева. – Алматы, «Санат» ,1994. – 352 бет



# АҚИҚАТТАН АТТАП КЕТУ - АРҒА СЫН

**Турганбаева Мирамгуль Бердибаевна**

*Алматы облысы Қонаев қаласы*

*«Орта мектеп-гимназиясы» КММ*

*директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары,*

*қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*

2022 жыл халқымыз көптен күткен Жаңа Қазақстанның ақ таңының атуымен қатар, ұлтымыздың асыл перзенті, аса ірі мемлекет қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері ДІНМҰХАММЕД АХ-МЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ ағамыздың 110 жылдығына орай ауқымды іс-шаралардың өткізіліп, ағамыздың рухының қайта жаңғыруы көңілге үлкен қуаныш ұялатып, халқымыздың сөнген үмітін жалғады.

Қазақстанның дамуына, Алматы қаласының көркеюіне, Қапшағай қаласының негізінің қалануына өлшеусіз үлес қосқан кемел тұлға, қоғам қайраткері туралы қанша айтсақ та, артық етпейді.

Ел жадында ерекше сақталып, еліне адал қызмет еткен, жасампаздық пен кісіліктің үлгісі бола білген Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың есімімен Қапшағай қаласының аталғанына жергілікті тұрғындар қалай қуанса, өзім 2016-2022 жылдар аралығында еңбек еткен Ақтөбе қаласындағы 4000-ға жуық баласы бар №60 жалпы білім беретін орта мектептің ұлы тұлғаның есімін алғанына қатты қуандым. Менің Қонаев қаласына Қонаев мектебіне қызмет бабымен ауысуымды да жай сәйкестік емес деп білемін. Себебі 2022 жылы 9 қыркүйек күні Алматы облысы Талғар қаласына бару сапарымда мектепке ресми түрде Қонаев есімі берілген сәтте маған Қонаев қаласынан түскен ұсынысқа көп ойланбай келісіп, осындай сәйкестікті жақсылықтың нышаны деп қабылдадым.

Сөзімнің басын Қапшағай қаласына неліктен Қонаев есімі берілгендігі көпшілікке беймәлім болар, сол себепті де Қапшағай қаласының тарихынан бастауды жөн көрдім.

60 жылдан астам Алматы қаласын ғана емес, Алматы облысының халқын электр энергиясымен қамтамасыз етіп келе жатқан Қапшағай қаласының маңыздылығын қала тұрғындары білгенімен, бүгінгі ұрпақ біле бермес.

1928 жылы мемлекет және қоғам қайраткері Ораз Жандосов Қапшағай су электр станциясын салу ісі жөнінде бастаманы көтеріп, оның артысол уақытта ұлт қайраткерлерін жазалау, айыптап ату, қудалау жүріп, Ораз Жандосов «халық жауы» болып тұтқындалып, бұл іс аяқсыз қалады. Арада отыз жылға жуық уақыт өткенде Қапшағай су электр станциясын салу мәселесі қайта көтерілді, бірақ бірден қолдау таппады, себебі Кеңес үкіметінің саясаты қазақ даласына мұндай үлкен игілікті жобаны қиғысы келмеді. Алматының іргесіне су электр станциясын салуға қарсы болғандардың айтар уәжі мынау еді. Іле өзенінің аңғары өте кең, суы да мол, оның үстіне су электр станциясы салынады деген жерге келгенде тіпті еңіске қарай сарқырап ағады. Бөгет жасағанмен, суға шыдамайды.

Қапшағай қаласының тарихы туралы жазған Ұшқын Сәйдірахман бұл туралы былай дейді:



«Қапшағай су электр станциясының салынуына байланысты бой көтерген қаланың өмірге келуіне Дінмұхамед Қонаевтің сіңірген еңбегі зор. Себебі биліктегі қарсы болғандардың пікірінен кейін Мәскеудегі басшылар да ықылас таныта қоймағанда Дінмұхамед ағамыз Михаил Лаврентевке барады. Академик, КСРО ғылым академиясының вице-президенті, екі мәрте Социалистік еңбек ері атанған көрнекті физик Қазақстан басшысын мұқият тыңдайды. Оның дұрыстығын, елдің дамуына серпін беретін келешегі кемел жоба екеніне көзі жетеді. Лаврентев қазақ басшысының құжаттары мен жоспарын КСРО жоғары басшылығына апарып, келісімін алады. Қонаев ағамыз еліміз үшін су электр станциясын салудың маңыздылығын әріден ойлады. Біріншіден, су электр станциясын салып, электр энергиясын өндіру ісі жылу энергиясынан әлдеқайда арзанға түседі. Екіншіден, 10 адамның қол еңбегімен атқаратын жұмысты 1 түймені басу арқылы автоматтандыру – сол уақытта ыңғайлы әрі тиімді қадам. Үшіншіден, су электр станциясы энергетиканың көзі ғана емес, су қорын ауыл шаруашылығы мақсаттарына жұмсауға, кеме қатынасын жүйелеуге ыңғайлы болды. Қапшағай су электр станциясын салған соң бөгенге жиналған суды ауыл шаруашылығы саласын өрістетуге пайдаланып, суармалы жерлерге дәнді дақылдар егіледі. Соның нәтижесінде бірнеше ауылдар салынады деген жоспар болды. Расында да Қапшағай салынса, солай боларына Қонаев сенді. Нәтижесінде Дінмұхамед Ахметұлы ағамыздың қажырлы қайраткерлігі мен талмас талапшылдығы арқасында құм далада жаңа шаһар бой көтерді.

Сол дәуірді көзі көргендердің айтуы бойынша, Қапшағай су электр станциясының алғашқы іргетасын 1969 жылдың 20 маусымында Қазақстан басшысы Дінмұхамед Қонаев ағамыз арнайы келіп құйды. Ескерткіш плитаны шұңқырға тастап, ырыммен күміс тиындар шашқан.

1970 жылдың 22 желтоқсаны қапшағайлықтар үшін ерекше күн саналады. Тек Қапшағай қаласының тұрғындары ғана емес, еліміздің тарихындағы ерекше дата, өйткені осы күні Қапшағай гидроэлектр станциясы алғашқы электр энергиясын шығарды. Қазақстанда ғана емес, Орталық Азиядағы қалған төрт мемлекеттің ішіндегі ең ірі станцияның өндірген энергиясы Қапшағайды ғана емес, Алматыны да жарқырата түсті. Өндірген электр энергиясы магистральдар арқылы өзге республикаларға да тартылды. ГЭС құрылысында ерен еңбегімен еленген 30 адам Құрмет грамотасымен, 425 жұмысшы, техник, инженер медальмен, ал Шапық Шөкин орденмен марапатталды»

Міне, мен еңбек етіп жатқан қаланың негізін қалап, ерен еңбек сіңірген Қонаев ағамыздың есімі осы қаланың атауына берілуі бірден-бір лайықты құрмет, лайықты баға деп білемін.

Туған елге барар сәтімде осы ғылыми-тәжірибелік конференцияда не тақырыпта жазсам екен деп, ойлана келе, тіл маманы ретінде көпшілікке таралмаған қанатты сөздері мен естеліктерін жинақтап беруді ойладым.

Ғаламторда тараған сондай естеліктердің бірі, қазақ даласын әнмен тербеткен вальс королі Шәмші Қалдаяқов пен Дінмұхамед Қонаев ағамыздың кездесу сәтінен 1 ауыз сөз орысша қоспай, таза сөйлеген тіл жанашырын, нағыз елжанды ұлт азаматын байқадым. Шәмші Қалдаяқов сөз арасында жақсы костюм мен жаңа аяқ киім өзіне жараспайтынын айтып, бірақ сол айтулы күні қызыл күрең голландиялық туфлин киіп, шалбарының қырын пышақтай қылып шығарып, аса жоғары дайындықпен барғанын қалжыңмен жеткізеді. Қонаев ағамыздың сондағы сөзі: «Елдің арасында жүргенде өзіңнің әндеріңді халық сүйіп орындайды, олармен қосылып, мен де шырқаймын... Шәмші арызың бар ма? Шағымың бар ма? Тілегің бар ма?... Шәмші, сен анауыңды қой», - деген сөздерінің астарында қарапайымдылық, жанашырлық жатыр десеңізші?!

Дінмұхамед ағамыздың тағы бір қасиеті, ол тапқырлығы мен сөзшешедігін үнемі әзілмен әдемі жеткізе білген. Сондай естеліктердің бірі, 1982 жылы Қонаев ағамыз жасқа толып, туған күніне



жайылған дастархан басында өзіне айтылған тілектерге алғысын айтып, сөзін былай деп жалғаған екен:

- Бүгін менің қабылдауыма бұрынғы коммунист болған ақсақал қария келді, сол маған былай деді, қазақ тілінде түсінбейтін қонақтарға орыс тілінде аударма жасаңыздар (деп жанындағыларға айтады):

*Желдіріп 70-ке келдің,  
Секіріп 80-нен өт,  
90-да тоқтама,  
100-ге барғанда ақылдасамыз.  
Сол сөзді мен сіздерге қайталап айтамын:  
Желдіріп 70-ке келіңдер,  
Секіріп 80-нен өтіңдер,  
90-да тоқтамаңдар,  
100-ге барғанда ақылдасуға жиналамыз.*

Айта берсек, Қонаев атамиздың өнеге болар істері, тәлім алар сөздері өте көп. Бүгінгі ұрпақ «білуі керек» деген нақыл сөздерін жас оқырмандарға жеткізуді мақсат ете отырып, осы ретте мен Қонаев атамиздың өз еңбектерінен және Ұлы қайртакердің ғұмыры туралы деректерді жинап жүрген Әбдірайымұлы Серік ағамиздың еңбегін оқи отырып, құлақ естімеген есті сөздерін жинап, назарларыңызға ұсынамын:

#### **Өмір туралы қанатты сөздері**

- Өмір – теңіз. Ол үнемі құлаққа ұрған танадай тып-тыныш қалыпта тұрмайды. Дауыл тұрған кезінде тап болсаң, асау толқындар түпсіз тұңғиыққа да батырады, жағалауға да лақтырып тастайды. Онда соған шыдас бергендер ғана ғұмыр кешеді.

- Өмір деген – осы. Бүгін бар, ертең жоқсың. Сен кетті екен деп өмір-өзен ағысын өзгертпейді.

#### **Еңбек, жұмыс туралы қанатты сөздері**

- Әрине жұмыстың аты - жұмыс. Ол барық уақытта майдан қыл суырғандай мінсіз бола бермейді.

- Білсем деген талап қай жастағы, қандай дәрежедегі адамға да таптырмас қасиет.

- Бос қиялдан гөрі еңбегіңе сен. Тәуекелдің төресі сол. Тауға да шығарады, дауылдан да алып өтеді.

- Әркім өзі жүрген жерінде осылай өшпес із қалдырып отырса, көктен іздеген жұмақты қолдан жасаған болар едік-ау.

- Сыншы көп те, мінін білдірмес шаруақор жан азайып барады.

#### **Адалдық, әділдік, ар-намыс туралы қанатты сөздері**

- Жігіттің құны жүз жылқы болса болар, бірақ ары мың жылқы екенін ұмытпасақ еді.

- Ақиқаттан аттауға болмайды.

- Биік мансапты жігіті көтереді. Баққа да бап керек, Тәубе керек.

- Әрбір құрылыстың, кезк елген саяси қоғамның өз дұшпаны, өз сатқыны бар.



### **Тәрбие, сенім туралы қанатты сөздері**

- Бітімі қисық ағаштың көлеңкесі де өзіндей болады.
- Одан құтылудың жолы – уақыт тынысын дұрыс сезіну, бейқамдықтан арылу. Өзге халықтың бойында жақсы қасиетті көріп қана қоймай, өз өміріңе өзек ету. Бейнет болмай, зейнет жоқ. Соны жанымен ұғыну, жас ұрпақтың тал бойына егу.

Сөзімді қорыта келе, «Балаңды Қонаевтай парасатты көшбасшы ретінде тәрбиелегің келсе, Қонаевтың ғұмырын, нақыл сөздерін оқыт, бүгінгі өмірмен байланыстырып, мысал келтіріп, түсіндіріп айт», - дер едім. Сонда ғана біз бүгінгі ұрпақтың бойында көшбасшылық-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыра аламыз. Қонаев атамыздай адалдықты, әділдікті, еңбекті, қарапайымдылықты ту етіп, басшылық қызметте жүріп, ұлттық және отбасылық құндылықтарды жоғары қоятын, өнерді сүйіп, ана тілін қастерлейтін перзенттерді тәрбиелеу – бүгінгі ұстаз бен ата-ананың ақ арманы, ұлы мақсаты. Ендеше, Ұлы даланың ұлы есімдерін кеңінен насихаттап, дәріптеп, осындай игі қадамдармен бала санасына оң ықпал ете алсақ, «Саналы ұрпақ» тәрбиелеу жолындағы асыл мұратымызға жеткеніміз деп білемін.

### **Әдебиет:**

1. Д.Қонаев «Ақиқаттан аттауға болмайды», Алматы-2022
2. Ұшқын Сейдірахман «Қонаев салған қала» Алматы-2022



# МАЗМҰНЫ

1. А.Тажимишев. ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ .....	3
--	---

## **I БӨЛІМ**

### **ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫ**

1. Т.Қаймолдин. ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВТЫҢ ҒЫЛЫМҒА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ .....	10
2. А.Мұқамбетәзиев. ТҰЛҒА ТАРИХЫН ҰЛЫҚТАУ .....	13
3. А.Отаралина. ҒАЛЫМ ҚОНАЕВТЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ .....	15
4. Г.Ажибаева. Д.А.ҚОНАЕВ - БІЛІКТІ МАМАН, ЕҢБЕКҚОР ҒАЛЫМ.....	18
5. С.Сырбаева. Д.ҚОНАЕВТЫҢ ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫН ДАМЫТУДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ.....	20
6. А.Саликова. ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ ҚАЗАҚ ҒАЛЫМЫ.....	23
7. Н.Бокаева, Ж.Тайман. ТАРИХҚА ТӨРЕЛІК АЙТУ ҚИЫН.....	26
8. Д.Мұратбекқызы. Д.ҚОНАЕВ АТАМЫЗДЫҢ ҚАЗАҚ ҒЫЛЫМЫНЫҢ БИІК БЕЛЕСТЕР МЕН АЛАР АСУЛАРЫНЫҢ БАҒЫНДЫРУЫНА СІҢІРГЕН САРА ЕҢБЕГІ .....	29
9. Ж.Адаева. НАҒЫЗ ҰЛТЫ ҮШІН ТУҒАН ПЕРЗЕНТ .....	31
10. А.Құрақбаева. ЕРЕН ЕҢБЕГІ ҮШІН.....	34
11. Г.Мусина. ӘМБЕБАП ТҰЛҒА Д.А.ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҒЫЛЫМ САЛАСЫНДАҒЫ ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚЫЗМЕТІ .....	36
12. С.Жұбаназаров, Ә.Талғат. Д.ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР: ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	39
13. А.Токсанбаева. ДІНМУХАМЕД КОНАЕВ - ЗНАЧИМАЯ ЛИЧНОСТЬ В СТАНОВЛЕНИИ КАЗАХСКОЙ НАУКИ И КУЛЬТУРНО - ПРОСВЕТИТЕЛЬСКОЙ ЖИЗНИ КАЗАХСТАНА.....	42
14. Б.Төлеубаева. ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ ТҰЛҒАСЫН ОТАНДЫҚ ҒЫЛЫМ КОНТЕКСТІНДЕ ЗЕРТТЕУДІҢ ӨЗЕКТІЛІГІ .....	45
15. Қ.Темирбаева. ДІНМҰХАМЕД-ҰЛЫ ТҰЛҒА АРДАҚТЫ.....	48
16. Ж.Балмуханбетова, Ш.Тулешова. ВО ИМЯ КАЗАХСТАНА .....	51
17. Г.Каймакбаева. ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ – ҒАСЫР АДАМЫ .....	53
18. Г.Дүйсенбина. ИСТИННЫЙ СЫН НАРОДА .....	55
19. Г.Исикенова, А.Койшибанова. ВЕЛИКИЙ СЫН КАЗАХСКОГО НАРОДА – ДІНМУХАМЕД АХМЕТОВИЧ КУНАЕВ .....	58



**II БӨЛІМ****...ХАЛҚЫ ҮШІН БӘРІНЕ ДАЯР ШЫН ҰЛТ ПЕРЗЕНТІ**

1. Б.Шамгунова. ҚОНАЕВ – ҰЛТТЫҢ АРЫ МЕН НАМЫСЫ!ҚОНАЕВ – ҰЛТТЫҢ РУХЫ МЕН ИМАНЫ! .....	62
2. М.Ербозымова. Д.А.ҚОНАЕВ – ҒАСЫРДЫҢ ДАРА ПЕРЗЕНТІ .....	66
3. Н.Давлетова. ДИНМУХАМЕД КОНАЕВ – ВЕЛИКИЙ И ЗЕМНОЙ.....	69
4. А.Ермухамбетова. ҰЛТ ПЕРЗЕНТІН ҰЛЫҚТАУ – АБЫРОЙЛЫ ПАРЫЗ.....	72
5. З.Жаркенова. ЕЛІМІЗДІҢ ТАРИХЫНА АЛТЫН ӘРІППЕН ЖАЗЫЛҒАН ТҰЛҒА .....	74
6. Р.Ералина. КІШІЛІК ПЕН КІСІЛІКТІ БОЙЫНДА ТЕҢ ҰСТАҒАН ТҰЛҒА .....	77
7. А.Коньратбаева. ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ.....	79
8. Г.Кадырова. ҚАРА СӨЗДІҢ ҚАЙМАҒЫН ҚАЛҚЫҒАН КЕМЕҢГЕР БАСШЫ .....	82
9. Ж.Сыдықова. ДАРХАН ДАЛАНЫҢ ДАРАСЫ – ДІНМУХАМЕД.....	84
10. В.Габитова, Б.Маханова. ВЫДАЮЩИЙСЯ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ .....	86
11. А.Бердигалиева, А.Байтохина. ДІНМУХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ – ТАРИХ ПЕН АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА .....	88
12. А.Сыдықова. ҰЛТ БОЛАШАҒЫН ОЙЛАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА .....	91
13. А.Кобланова. ЭКСПОНАТЫ С ОЗВУЧЕННОЙ ИСТОРИЕЙ.....	94
14. М.Альжанова. ДӘУІР ДАРАБОЗЫ.....	96
15. Б.Ержанов. ДАНА ДА, ДАРА БАСШЫ .....	98
16. Г.Садуакасова. Д.А.ҚОНАЕВ – ҰЛТЫМЫЗДЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ.....	101
17. Д.Бахитова. РОЖДЕННЫЙ ДЛЯ НАРОДА.....	104
18. С.Есенгазина. МУДРЫЙ ЧЕЛОВЕК-СОЗИДАТЕЛЬ .....	107
19. Т.Жанбирбаева. ҒҰМЫРЫН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН ҰЛТ ПЕРЗЕНТІ .....	110
20. Б.Кайбалдиева, Г.Таганова. ЖҰРТЫНЫҢ ЖҮРЕГІНЕН ОРЫН АЛҒАН.....	113
21. Г.Жумабаева. ЕСІМІ МӘҢГІ ЕСТЕ ҚАЛАР ТҰЛҒА .....	115
22. Г.Куракова. МЕЙІРІМ МЕН ІЗГІЛІКТІҢ СИМВОЛЫ .....	117
23. Ж.Даулетова. Д. ҚОНАЕВ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ .....	120
24. Б.Зейнеш. Д.ҚОНАЕВ – ҰЛТ ПЕРЗЕНТІ.....	123
25. Д.Нөкешова. Д.А.ҚОНАЕВ ТҰСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН.....	126
26. Г.Аккожина. Д.А.ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР .....	129



27. М.Қаженова, Ж.Төреғалиева. Д.ҚОНАЕВ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ МЕМЛЕКЕТ ҚАЙРАТКЕРІ .....	131
28. Н.Сексенбаева. ҰЛТЫНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ.....	134
29. М.Досжанова. ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ – ӨЗ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ КӨСЕМІ.....	136
30. Ф.Кадиркулова. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ – Д.А.ҚОНАЕВ .....	138
31. Ә.Ербозымова. ҚОНАЕВ – ҒАСЫР АДАМЫ .....	140
32. Б.Сейтова. ДІНМҰХАМЕД – ДӘУІР ДИХАНШЫСЫ .....	143
33. Ж.Бакиев, З.Куштаева. Д.А.ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫ.....	146
34. Э.Башанова. ЕЛІНІҢ ҚАЙСАР ЕРІ ЕДІ.....	152
35. Г.Суханова. ЕЛ ПЕРЗЕНТІ .....	155
36. Г.Едигеева. ҮМІТПЕН ӨТКЕН ҒҰМЫР .....	158
37. Г.Бидәулетова. ҰЛТ ПЕРЗЕНТІ – Д.А.ҚОНАЕВ.....	160
38. А.Аскарова, Д.Нұртайқызы. ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ЕСІМІ .....	163
39. Т.Дүйсенғалиев. ХХ ҒАСЫР АЛЫБЫ – ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ.....	166
40. А.Адаева. ҰЛТ МҮДДЕСІН ОЙЛАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА .....	169

### **ІІІ БӨЛІМ МҰХИТТАН ӨТКЕН ҚАЙЫҚ**

1. Б.Садькова. БАЛАЛЫҚ ШАҚТАН БАСТАУ АЛҒАН АСҚАҚ АРМАН .....	172
2. И.Мураталиева. ҰЛТЫ ҰЛЫҚТАҒАН ҰЛЫ ТҰЛҒА.....	174
3. М.Калдыбаева. ҒАСЫРДА БІР ТУАТЫН ТАРИХИ ТҰЛҒА.....	176
4. С.Байгутдиева. ВЕЛИКИЙ СЫН ВЕЛИКОЙ СТЕПИ.....	178
5. А.Кужахметова. ҰЛТЫМЫЗДЫ БАСҚАРҒАН ҰЛЫ АДАМ .....	180
6. Ш.Мажитова. АҢЫЗ АДАМ.....	182
7. К.Искакова. ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ - КСРО ЕҢ БИІК САЯСИ ЛАУАЗЫМҒА ИЕ БОЛҒАН АЛҒАШҚЫ ҚАЗАҚ .....	185
8. Б.Отарбаева. ЧЕЛОВЕК-ЭПОХА Д.А.КОНАЕВ.....	188
9. А.Нуркасова. ЕЛ ҮШІН ЕҢБЕГІ ЕСЕЛІ САЯСАТКЕР.....	191
10. А.Бозшина. Д.ҚОНАЕВТЫҢ АРТЫНДА ҚАЛҒАН МҰРАЛАРЫ .....	194
11. Г.Утениязова, А.Карабасова. ХАЛЫҚ КӨҢІЛІНДЕГІ ҰЛЫ БЕЙНЕ .....	196
12. С.Қожан. Д.ҚОНАЕВ - ТЕКТІЛІК ПЕН ТАЗАЛЫҚ ТҰҒЫРЫ.....	199



13. Ж.Алдиярова. ТОПТАН ОЗҒАН ТҰЛҒА .....	202
14. Г.Казахова. ҚОНАЕВ - ҒАСЫР АДАМЫ .....	204
15. Г.Абулхайрова. ТАҒЫЛЫМЫ МОЛ ТАРИХИ ТҰЛҒА... .....	206
16. М.Адилханова. ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ ҰЛЫ САЯСАТКЕРІ .....	209
17. А.Набиева. Д.А.ҚОНАЕВ - ҚАЗАҚ ТАРИХЫНДА ТӨРДЕН ОРЫН АЛАТЫН ТҰЛҒА	212
18. Г.Алимова. ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ – ҒАСЫР АДАМЫ.....	214
19. Т.Доржан. ТҰҒЫРЫ БИІК ТҰЛҒА.....	218
20. М.Карабалаева. КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒАНЫҢ КЕМЕЛ БЕЙНЕСІ .....	220
21. Д.Мерекеева. Д.ҚОНАЕВ - ӘЛЕМГЕ ӘЙГІЛІ ІРІ САЯСИ ҚАЙРАТКЕР .....	223
22. А.Новикова. Д. АХМЕТҰЛЫНЫҢ ТАРИХИ ТҰЛҒА РЕТІНДЕ ЗЕРТТЕЛУІ.....	225
23. Г.Сейтжан. АДАМ АЙНАСЫ – АДАМ .....	228
24. М.Наубетов. ҰЛТЫ ҮШІН ҚЫЗМЕТ ЕТКЕН ҰЛЫ ТҰЛҒА .....	230
25. Л.Молдажарова, М.Мукамбетказина. АҚ ПЕЙІЛДІ, АЛЫП ЖҮРЕКТІ... .....	233
26. Б.Әмірханқызы. ҚАЗАҚТЫҢ ҚАЙСАР ТҰЛҒАСЫ .....	237
27. Т.Жолдыбай. МОЛОДОЕ ПОКОЛЕНИЕ О Д.КОНАЕВЕ.....	240
28. Л.Мухамеджанова. ДИНМУХАМЕД АХМЕТОВИЧ КОНАЕВ – ЧЕЛОВЕК ВЕКА.....	242
29. Е.Жумабек. Д. ҚОНАЕВ - XX ҒАСЫРДЫҢ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ .....	244
30. А.Бишенова. ДӘУІР ЗАҢҒАРЫ.....	247
31. К.Уликпанова. ҚАЗАҚТЫҢ ДИМАШЫ .....	249
32. Д.Шалабаева. ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ҰЛЫ ПЕРЗЕНТІ.....	251
33. А.Кушкарбаева. БАР ҒҰМЫРЫН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН АДАЛ ТҰЛҒА.....	254
34. Ж.Зейнулина. БИІК ТҰЛҒАНЫҢ ПАРАСАТТЫ БЕЙНЕСІ .....	257
35. К.Шетей. ЖАНЫ ТАЗА, ЕЛ ЖАНАШЫРЫ - Д.ҚОНАЕВ .....	260
36. Ж.Берей. ҚҰДІРЕТТІ ҒҰМЫРДЫҢ ТОҚТАУЫ ЖОҚ.....	263
37. Л.Балгазина, Г.Кульгарашева. ЧЕРЕЗ ПРИЗМУ ВРЕМЕНИ: НОВЫЙ ВЗГЛЯД В ПРОШЛОЕ И НАСТОЯЩЕЕ СТРАНЫ .....	265
38. М.Утигалиева. Д.А.ҚОНАЕВ - ҚАЗАҚ ҰЛТЫНЫҢ КЕМЕҢГЕРІ.....	267
39. К.Калиева. АЗУЛЫ ЗАМАНДЫ АҚЫЛМЕН БАСҚАРҒАН БАСШЫ.....	269
40. Н.Асқарбек. ДАРА ЖОЛ САЛЫП ӨТКЕН ТАРИХИ ТҰЛҒА - Д.ҚОНАЕВ .....	272
41. Л.Тынышбаева. ҒАСЫР ТҰЛҒАСЫ.....	275



#### IV БӨЛІМ ҚАРА СӨЗДІҢ ҚАЙМАҒЫ

1. Ж.Черниязова. КЕМЕҢГЕР ТҰЛҒАНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	280
2. М.Романова. ЗАҢҒАР ТҰЛҒАНЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ.....	282
3. Б.Канаева, Б.Канаева. ҚОНАЕВ ЖӘНЕ ЗАМАНАУИ ТҰЛҒАДАҒЫ ЖАСТАР .....	284
4. М.Есенғұл. Д.ҚОНАЕВ – АДАМДЫҚТЫҢ ӘДЕМІ ҮЛГІСІ.....	287
5. М.Адаева. ДАНАЛЫҚ ШЫҢЫ.....	289
6. Н.Аймаханова. СЫРЛЫ СӨЗДІҢ САҢЛАҒЫ.....	291
7. А.Есмаганбетова. «ӨЗІ ӨНЕГЕ, СӨЗІ ҒИБРАТ» .....	293
8. А.Сейткалиева. ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ – ҰЛТ БОЛАШАҒЫ.....	296
9. А.Мустафина. ТҮПТІҢ ТҮБІНДЕ ОРЛАР ОРТАМ – ЕЛ ІШІ, АҒАЙЫН ОРТАСЫ .....	298
10. А.Жақсыбай. СӨЗ - ҚҰДІРЕТТІ КҮШ.....	300
11. В.Пугач. СОСТАВЛЕНИЕ ПРАВИЛ ЖИЗНИ В КЛАССЕ НА ОСНОВЕ ЦИТАТ Д.А.КОНАЕВА.....	302
12. А.Жайманова. СӨЗ МӘЙЕГІН АДАМ РУХАНИЯТЫМЕН ҰШТАСТЫРҒАН ТҰЛҒА .....	305
13. А.Жолманова. «ҒАЛЫМ ӨЛСЕ АРТЫНДА ХАТЫ ҚАЛАР, ЖАҚСЫ ӨЛСЕ АРТЫНДА АТЫ ҚАЛАР» .....	308
14. Д.Тұрлан. ПАНАМ ДА – ЕЛ, ДАНАМ ДА – ЕЛ.....	311
15. Д.Ысқақ. АҚЫЛДЫДАН ҚАЛҒАН АСЫЛ СӨЗ.....	314
16. Н.Бибаева. ЕЛІН ҰЛЫҚТАҒАН, ЕЛІ ҰМЫТПАҒАН НАР ТҰЛҒА.....	317
17. А.Алдиярова. ӨМІРДІҢ ЕКІ ТІРЕГІ БАР: ҮЙРЕНУДЕН ЖАЛЫҚПАУ, ҮЙРЕТУДЕН АЯНБАУ.....	320
18. К.Кулынтаева. ТАУ ТҰЛҒАНЫҢ ТӨЛ ТУЫНДЫЛАРЫ .....	322
19. С.Сарина. ҰЛЫ ТҰЛҒАНЫҢ ІЗІ ҚАЛҒАН БАҒА ЖЕТПЕС БАЙЛЫҒЫ .....	325
20. В.Турекешова. ҰЛЫ АДАМНЫҢ ҰЛАҒАТЫ.....	327
21. Ж.Жаймаганбетова. КОНАЕВ И НАЦИОНАЛЬНЫЕ ЦЕННОСТИ .....	329
22. Г.Утаршиева. МАҚТАН ТҰТАР ҰЛЫ ТҰЛҒА .....	332
23. С.Куатбаева. АҚИҚАТТАН АТТАП КЕТУ - АРҒА СЫН.....	334
24. Ж.Бағындық. ТҰЛҒАСЫ ТӘЛІМГЕ ТОЛЫ Д.ҚОНАЕВТЫҢ ҚАНАТТЫ СӨЗДЕРІ.....	337
25. Г.Хамитова. УНИВЕРСИТЕТЫ КОНАЕВА.....	339
26. А.Сатыпбай. ЖАҚСЫ ІСІМЕН ЖАСАЙДЫ .....	342
27. А.Демеуова. ВОСПИТАТЕЛЬНОЕ ЗНАЧЕНИЕ ЦИТАТ Д.КОНАЕВА.....	344



28. Ж.Дарибаева. ДІНМҰХАМЕД ДАНАЛЫҒЫ .....	347
29. Қ.Мақсұтбаева, Қ.Қарабасова. «ТАРИХЫҢДЫ ТАНЫ, ТҰЛҒАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕ» .....	350
30. Қ.Қасымханқызы. Д.ҚОНАЕВТЫҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ .....	353
31. Б.Маханалина. ТӘЛІМ МЕН ТӘРБИЕЛІК МӘНІ ЗОР НАҚЫЛ СӨЗДЕР .....	354
32. Н.Дрога. ДОСТОИН ПАМЯТИ.....	357
33. М.Дуйсенкулова. АДАЛДЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ.....	359
34. І.Мақсотова. ДАНА ДА ДАРА ДІНМҰХАМЕД ҚОНАЕВ .....	362
35. А.Өтеулина. АДАЛДЫҚТЫҢ ӨЛШЕМІ – Д.ҚОНАЕВ .....	365
36. Г.Конарова. ҚАЗАҚТЫҢ ДАНА ТҰЛҒАСЫ – Д.А.ҚОНАЕВ.....	368
37. Д.Абдиджалилов. ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ- ДІНМҰХАМЕД АХМЕТҰЛЫ ҚОНАЕВ .....	370
38. А.Сагиндыкова. Д.ҚОНАЕВ - БАР ҒҰМЫРЫН ХАЛҚЫНА АРНАҒАН АДАЛ ТҰЛҒА .....	373
39. Д.Төлепберген. ЗАМАНЫҢ ЗАҢҒАР ТҰЛҒАСЫ.....	376
40. М.Турганбаева. АҚИҚАТТАН АТТАП КЕТУ - АРҒА СЫН.....	379

«Хабар-Сервис» ЖШС баспаханасында басылған.  
Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы, Смағұлов көшесі, 9/2.  
Тел.: 8 (7132) 545-545, 400-400.

Басуға қол қойылған күн ....12.2022 ж.  
Офсеттік қағаз. Офсеттік басылым. Таралымы ... дана. Тапсырыс №....